

## СЫР - СҰХБАТ

### МАЗМҰНЫ

- «Жаста берген тәрбие – жас қайыңды игендей» (Қайырғали Смағұлов)  
Мыңдардың жүрегінде жүрсің, Мәншүк! (Дөңгелек үстел)  
Сахна сыртындағы сұхбат (Светлана Норбаева)  
Туған елінің тұнық әуені ( Байғали Досымжанов)  
Орманшы болу оңай ма? (Дөңгелек үстел)  
Тамырыңды терең жібер! (Мұхтар Шаханов)  
Ақ тозаңның айналасы (Талапқали Измұхамбетов)  
«Арал күндері» қалай өтті? (Мұхтар Шаханов)  
«Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе?» (Шерхан Мұртазаев)  
Дені саудың – жаны сау (Талапқали Измұхамбетов)  
Аралдан үміт үзбедер, адамдар! (Дөңгелек үстел)  
Рухани сабақтастықты ұмытпа, жас ұрпақ! (Дөңгелек үстел)  
Көкжиегі кең көркем аударма (Сәтімжан Санбаев)  
Экологияға – екі сағат («Сұхбат-телефон»)  
«Ой түбінде жатқан сөз...» (Сайын Мұратбеков)  
Сәбилер сау болса екен! (Гүлшара Үрмұрзина)  
Қоғамдық ойға қозғаушы ( Камал Смайылов)  
Денсаулық сақтаудың деңгейі (Жанғали Хамзабаев)  
Абай қоры – 1700876 (Балташ Ерсәлімов)  
«Мұхтар Шаханов әндері» (Мұхтар Шаханов)  
Өткелі қиын өтпелі кезең (Қабдеш Жұмаділов)  
«Интербук» баспалдақтары (Дөңгелек үстел)  
Тілге құрмет – елге құрмет (Ильзе Циртаутас)  
«Ынтымақ шеңбермен шектелмейді» (Иван Плюш)  
«Туысқандық тұрлаулы болсын» (Орман Шаршенов)  
Қаратау мен Қазығұрт арасында...  
«Сергек саясат– мемлекет мәртебесі» (Төлеутай Сүлейменов)  
Өтпелі кезең. Өкпек жел. Өр намыс (Сафуан Шаймерденов)  
Өзеннен өтерде өткел іздейсің... (Оразалы Сәбденов)  
Құланнан озған Құлагер (Болат Көшімбаев)  
«Өнер сахнасының өз заңы бар» (Әзірбайжан Мәмбетов)  
«Білікті маманның бірінші міндеті» (Кенжеғали Сағадиев)  
«Тіл мәртебесі жоғары» (Сұлтан Оразалинов)  
Ғылым отауы (Рымғали Нұрғалиев)  
Ауданның астанадағы күндері (Жетіскен Мәкенәлиев)  
Мүдде биігінен (Сәкен Иманасов)  
Зерде ордасы (Рахманқұл Бердібаев)  
«Мультфильм – мөлдір өнер» (Әмен Қайдаров)  
«Ассалаумағалейкум, Алмания!» (Сағынбек Тұрсынов)  
«Ақан сері» романы қалай жазылды? (Сәкен Жүнісов)  
Әуе толқынында – әділет үні (Әмірхан Меңдеке)  
«Тәжірибе жинақтау жолымен жүріп келеміз» (Өмірбек Жолдасбеков)  
Есілдің бойы қалың ел (Сафуан Шаймерденов)  
Педагогикалық жұмыстардың айнасы (Сайраш Әбішқызы)  
Тарихи таным таразысы (Дөңгелек үстел)

Билік және баспасөз қызметі (Әміржан Қосанов)  
Ұлы тойдың ұлағаты да ұланғайыр болмақ (Иманғали Тасмағамбетов)  
Қатпары қалың, қалтарысы көп (Дөңгелек үстел)  
Сындарлы кезеңдегі сыртқы саясат (Қасымжомарт Тоқаев)  
«Туған еліміздің тұлғасы да, тұғыры да биік...» (Қасымжомарт Тоқаев)  
«Мен – Қазақстан Республикасының Азаматымын» (Қазыбек Өтетілеуов)  
Тәкен мұрасы туралы сөз (Патшайым Пәрімбекова)  
Жүз жасаған жүрек сыры (Мәриям Мұқанова).....

### **«ЖАСТА БЕРГЕН ТӘРБИЕ – ЖАС ҚАЙЫҢДЫ ИГЕНДЕЙ!»**

*Совет одағының батыры Қайырғали СМАҒҰЛОВПЕН сұхбат*

– Мен – Кеңес Одағының азаматымын! Осынау сөздің мәніне, мағынасына терең үңіліп көріңізші! Бүгінгі таңда бұл сөзді қайталап айтқаныңызда Сіздің ойыңызға не оралады?

– Қазіргі таңда азамат атануды көбінесе кәмелеттік жасқа толып, онжылдықты тәмамдап, қолына кеңестік паспорт алумен байланыстыра қарайтынымыз бекер емес. Бұл кезеңде еркелік естиярлыққа, шалдуарлық шаруақорлыққа, оспадарлық ойлылыққа ойысатыны да рас. «Мен – Кеңес Одағының азаматымын!» деген қастерлі ұғымға терең мән бере үңілгенімде бүгінгі заман жастарының келбетін көз алдыма осындай сипатта елестетемін. Олардың жан-жақты дамыған жаңа қоғам адамы болып қалыптасуының ең алғы шарты бұл. Бүгінгі жастар – білімді, оң-солын айқын ажырата алады. Мұның өзі азаматтық абыролы борышты анағұрлым кең мағынасында ұғынуға жетелемек.

Азаматтық – ел, жер, Отан туралы саналы көзқарасыңның қалыптасуы. Халық алдындағы перзенттік парызыңды сезінуің.

Өткеніме көз жіберсем, өмір мені ерте есейткен сияқты. Тіршілік толқынында жағаға лақтырылған жаңқадай дәрменсіз болуым әбден мүмкін ғой, егер Кеңес өкіметі болмаса. 1930-1938 жылдары Оралдағы балалар үйінде тәрбиеленіп, алты кластық білім алуыма, аялы қамқорлыққа бөленуім – бүкіл алдағы ажарлы өмірімнің мақсатын мәнін анықтап бергендей. Панасыз, қорғансыз қалған кезімде құшағына тартып, ерекше жылылықты сезіндірген, әке қамқорлығын, шеше мейірімін жоқтатпаған да сол Орал қаласындағы балалар үйі еді. Туған жерім - Гурьев облысының Балықшы ауданындағы Қайыршақты деген село болғанмен де, ат жалын тартып мініп, адам қатарына қосылуым

Орал топырағынан басталған. Менің жүрегімдегі Отанға деген шексіз махаббат сол кездегі қамқорлықтың өтеуі болуы әбден мүмкін.

Ұлы Ленин идеяларына адалдық, коммунизмнің салтанат құратынына шексіз сенім, бейбітшілік туын мәңгі асқақ ұстау – кеңес азаматының бүгінгі таңдағы ең абзал борышы деп білемін.

– Сіз өзіңіздің жоғары азаматтық борышыңызды айқын сезінген кездеріңізді еске түсіріп, ғибратты бір үзік сыр айта аласыз ба?

– Азаматтығың ауыр, қиын шақта да, бейбіт күндерде де жиі сынға түседі. Оны өзің әр кез жүреппен ұғасың, сезінесің. Бұл жайында әңгіме қозғала қалса мен, әрине, сонау Ұлы Отан соғысының от-жалынды жылдарына ойша оралмай өте алмаймын. 1939 жылы армия қатарына алындым. Іле-шала фашистік Германиямен соғыс басталып кетті. Дондағы Ростовта, Новороссискідегі «Кіші жерде», Орджоникидзе түбінде шайқастарға қатыстым. Керчь қаласын жаудан азат ету үшін қан төктім. Қолына қару алып, Отанын қорғауға аттанған жауынгер азаматтың борышын алғашқы қадамынан бастап-ақ, кез-келген сәтте жадынан шығармайды. Өмір мен өлім тайталасқан соғыс ойранының ортасында жүргенде кімнің кім екені танылатын оқиғалар да мол болады.

1943 жылдың 1 ноябрьге қараған түні. Бірнеше топқа бөлінген десантшылар Керчь түбегіндегі жау бекінген биіктікті алуға аттандық. Катер-қайықпен су үстінде 30 километр жол жүріп, бұғазға жақындадық. Жау оғының астынан аман өтіп, жағалауға жеткеніміз – жиырма жауынгер ғана. Капитан А.Мирошник шешім қабылдады. Мен – көмекшісімін. Күшіміз аз бола тұра, сыр берместен, бекінген жауға тегеурінді соққы бердік. Үрейленген фашистер бекіністен айрылып қалды. Биіктікті алдық. Ертеңінде, біздің шағын топ екенімізді біліп қалған немістер 12 танкісін, 2 батальонға жуық жаяу әскерін көтеріп, биіктікті қайта алуға жанталасты. Біз беріспедік. Жаудың 14 шабуылын тойтарып, екі танкісін, жүздеген солдаттарын жержастандырдық. Осы ұрыста 11 десантшы, оның ішінде капитан Мирошник те ауыр жараланды. Көп ұзамай генерал В. Гладков бастаған тың күш те келіп жетті.

Міне, осынау сұрапыл шайқаста қатарымызда солқылдақтық көрсеткен бірде-бір жауынгер болған жоқ. Біз Отан алдындағы жауынгерлік, азаматтық борышымызды терең түсінген едік. Сондағы жанқиярлық ерліктері үшін жиырма десантшыға да Кеңес Одағының Батыры атағы берілгенін білесіздер.

– Жұмысыңызда, жеке және қоғамдық өмірде нені мұрат тұтасыз? Өміріңіздің темірқазығы не?

– Қазір жасым 63-те. Өмірлік мұратым – жас ұрпақ тәрбиесіне үлес қосу болды десем артық айтқандық емес. «Жаста берген тәрбие – жас қайыңды игендей» деп бекер айтылмаған. Жас жеткіншектерді ерлік, еңбек дәстүрлеріне адалдық рухында тәрбиелеуде ардагерлер, өмір тәжірибесі мол адамдар атқаратын іс ауқымды. Гурьевте тұрамын. «Әкелер даңқы жолымен» жорығы облыстық штабының төрағасымын. Жас ұрпақ ерлік істердің шежіресін оқып-үйренуде, соны жалғастыруда, жаңғыртуда. Бұл – біздің үміт-сеніміміздің де ақталғаны.

Бүгінгі жастардың бойынан адамгершілік, моральдық тазалықты көргенде қуанамын. Кеңес азаматының ең асыл қасиеті де осы болуы керек. Оларға өзіңе өзің қатал тәрбиеші бол, әрі ісіңе жауапкершілікпен қара дегің келеді. Езуінде темекі, елтең-селтең жүргендерді көрсем ренжимін. Небір қиын-қыстау шақтарды басымнан өткерсем де жігерімді жасытпадым. (Тіпті темекі шегуден де өзімді шектедім). Ерік, жігер мықты болуы керек.

– Сіздің қолыңызда тілі басқа, тілегі бір достарыңыздың көзіндей көріп сақтап жүрген ескерткіш белгі заттар бар ма?

– Тілі басқа, тілегі бір достарымның бейнелері әрдайым – көз алдымда, есімдері – жадымда, өшпес ерлік істері – жүрегімде. Кей-кейде оңаша қалып, сонау майдан жылдарынан сақталған қойын кітапшаларымды, хаттарды ақтарғанды ұнатамын. Кейбір жауынгер достарымның өздері оралмаған мекен-жайларының адресстеріне көз тоқтатамын.

Бейбіт жылдарда алған хаттарды оқып, ерекше сыр түйемін. Достарымның көзіндей көріп сақтап жүргендерім де осы – хаттар, адресстер, суреттер.

Академик-жазушы Ғ. Мүсіреповтің 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен шығып, 1950 жылы, «Қазақ солдаты» аталып, қайта жазылған романына менің өмір жолым арқау болғанын білесіздер. Осы романда сержант Толстов пен старшина Поправколардың да есімдері аталады. Керчьтегі кескілескен айқаста бірге болған қандыкөйлек достарым, Кеңес Одағының Батырлары Василий Толстов пен Павел Поправколарға араға 25-30 жыл салып кездестім. Бірге суретке түстік. Мен үшін ең қымбат ескерткіш әзірге – осы.

– Кең-байтақ еліміздің картасындағы қай нүкте сізге тыс ыстық, айрықша бөлек, аса қымбат? Неге?

– Мәскеу. Оның себебі айтпасақ та түсінікті.

«Лениншіл жас»,  
1982 ж.

## **МЫҢДАРДЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ЖҮРСІҢ, МӘНШҮК!**

*Мәншүк жайлы жазылған жыр-дастандар қаншама! Сонау сұрапыл соғыс жеңіспен аяқталатын 1945 жылы жарық көрген, батыр қыздың өміріне арналған поэмасы туралы ақын Мәриям Хәкімжанова толғаған ой:*

– Мен Мәншүкті екінші класқа барғаннан бастап білетін едім. Мәншүктің анасы Әмина Сүлейменқызы Мәметовамен дос-жар болғандықтан, Мәншүк менің де бауырымда өсті. Олардың отбасымен сонау отызыншы жылдардан басталған қарым-қатынас Мәншүкті майданға шығарып салғаннан кейін маған басқаша мән алып кеткен сияқты көрінген. Ұрыс даласының бір шебінде аяулы Мәншүктің жүргенін ойлағанда бауыр етім езіліп кететіндей күй кешуші едім. Әминамен қосылып мен де оның айнымас тілеуқорына айналдым.

Мәншүктің асқан ерлікпен қаза тапты деген хабары әуелі қабырғамызды қаусатып кеткені рас. Анасымен қосылып егіліп жылаған кездеріміз көп болды. Қанша айтқанмен болған іске болаттай берік бол деп басу айтып, жұбату қасындағы құрбының парызы. Жиырмасыншы жылдары Саратов университетін бітірген, сол кездің атауы бойынша Халық ағарту комиссариатында методист боп еңбек ететін білімдар да зейінді Әмина Сүлейменқызы Мәншүктің ерлік ісіне қайраттанып, бекінгенін де көрдім.

Мен ол кезде «Әйел теңдігі» деп аталатын (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналында қызмет істеуші едім. Мәншүктің майдандағы ерлігін естіген шақта оның көз алдымда өткен бүлдіршін, бойжеткен кезеңі тіріліп елестеді. Тәрбиелі ортадан шыққан қыз сегіз қырлы, бір сырлы еді. Әнші, спортшы, оқуға зейіні күшті болатын. Сол жылдары астанамыз Москвада бір үлкен спорттық жарыс өтпекші болып, соған біздің Мәншүк те қатысуға жиналып жатқанда соғыс басталып кетті. Мәншүктің қагілез, жинақы кейпі ойыма түскен сайын оның өміріндегі көптеген қуаныштарына ортақтасқанымды сезінемін. Ол 1939 жылы ВЛКСМ қатарына өтті. Сол жылдары «Ақсай» атты демалыс үйінде Мәншүк бәріміздің бірге тыныққанымыз есіме жиі-жиі орала береді. Ойлап отырсам, осының бәрі жүрегіме тым жақын, ыстық, аяулы көріністер екен.

Менің Мәншүк ерлігін жырлауымның басты себебі жоғарыдағы айтып өткен жағдайлар болса керек. Егер соғыс басталмаса ұядай жылы өміріміздің іргесі шайқалмайтыны қақ.

Мәншүк сынды боздақтар қыршынынан қиылмайтындай еді. Бұл менің поэмаға келердегі толғанысымның бастапқы нышаны. Жаныма бір сәт тыншу бермейтін шымырлаған ой-сезім әуелі кішкене өлең шумақтарынан басталып, поэмаға осылай ұласты. Көз алдымда өткен Мәншүктің бүкіл өмірі эпикалық жанрға құлаш ұрмасыма мүмкіндік бермеді. Көркемдік қиялымда оның майданда ерлік көрсетудегі жанды бейнесі айқын көрінді. Сөйтіп 1945 жылы поэма жарық көрді. Қазақ поэзиясында Шығыс жұлдызы жөнінде көлемді туынды жазушылардың бірі екенімді мақтан тұта отырып, ұзын арқаулы творчествомда Мәншүк менің әрқашан жүрек үнім екенін баса айтқым келеді.

*Ұлы Отан соғысы жылдарында республикамызда басшы қызметтерде болған қарт коммунист Мұхамеджан Әбдіхалықов шерткен сыр:*

– Ол кезде мен (ол кез деп отырғаным 1941 жылы) Қазақ КСР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары едім. Мәншүк бізде секретарьша болатын. Бәрі де күні бүгінгідей көз алдымда. Он сегіз-он тоғыздардағы қағілез қыз күндіз Қазақ КСР Халық Комиссарлары Советінде жоғарыда аталған қызметін істеп, кешке астанадағы медицина институтының жанындағы рабфакта оқитын.

Осы жұмыста болған тоғыз ай ішінде мен байқаған Мәншүктің бойындағы бір ерекше қасиет – оның сынық мінезді кішіпейілділігі еді. Мұны еске алып отырған себебім – республика Халық Комиссарлары Советіне қызмет бабымен телефон соққан жандар, түрлі шаруалармен келген адамдар бәрі-бәрі де қабылдау бөлмесіндегі ізетті жасқа өздерінің ризашылық сезімдерін білдірмей кеткен емес. Кімге жолығарын білмей қиналып тұрған ауыл адамдарына жөн сілтеу, қажетті документтерін реттей алмай жүрген қарттарға ерінбей-жалықпай көмектесу, олармен сыпайы сөйлесу Мәншүк бойындағы бірінші кезектегі абзал қасиет еді.

1941 жылдың ноябрінде мен Алматы қалалық атқару комитетіне, одан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне ауысып жұмыс істесем де Мәншүк үнемі хабарласып, ақыл-кеңес алып тұрды. Осы байланыс 1942 жылдың жазына дейін үзілген жоқ. Бір күні:

– Аға, бір іске тәуекел деп шешім қабылдап отырмын. Соны сізге барып айтсам қайтеді? – деді телефон арқылы.

– Кел, келе ғой, қалқам, – дедім мен.

Республика Халық Комиссарлары Советіндегі жұмысынан он-он бес минутқа сұранып шыққан Мәншүк бізге келісімен мәселені төтесінен қойды.

– Майданға барамын, сізбен ақылдасуға келдім.

– Қарағым-ау, бұл ойыңды анаң біле ме?

Біздің бұл кездесуімізде майданға қажет адамдардың тылға да керек екені, әскери комиссариаттың қыз балаларды соғысқа көп ала бермейтіні, әлі де күте тұрып радистер курсына оқуға түскен соң ақылдасайық деген сөздер айтылмай қалған жоқ. Мәншүк өз шешімінен қайтпады.

– Сізбен ақылдасуға келгенде мен осы қиындықтардан жол табады деп келдім. Көмектесіңіз, – деді.

Амал жоқ, қайсар қыздың өтінішін орындауға тура келді. Өзінің көзінше Қазақ ССР Әскери комиссариатына телефон соғып, олардан Алматыда 100-ші атқыштар бригадасының жасақталып жатқанын білдім де шаруамды айттым. Көп кешікпей бригада комиссары Сақтаған Бәйішев Мәншүкті штаб жұмысына алатынын хабарлады. Бір айдан кейін олар майданға аттанды.

Содан бір жыл өткен соң, ұмытпасам 1943 жылдың октябрі болуы керек Москвадағы біздің республиканың тұрақты өкілі И.Шөріпов Қазақстан компартиясы Орталық комитетіне телефон соқты. Өз сөзінде ол біздің 100-ші бригаданың Небель түбіндегі ауыр шайқасты бастарынан өткергенін, пулеметші Мәншүк Мәметова деген қазақ қызының үлкен ерлік көрсетіп қаза тапқанын хабарлады. Мұны естігенде мен: «Мәншүк, Мәншүк... Қалқам-ау кеше ғана емес пе еді, жер басып жүргенің? Өмірден сен қалай тез өте шықтың?» – дей бердім ішімнен күбірлеп

*Майданда жауға қарсы соғысқан, Мәншүкпен бірге 100-ші дербес атқыштар бригадасы қатарында болған Ұлы Отан соғысының ардагері Мәуітхан Сыдықов айтқан естелік:*

– Алматыда жасақталған 100-ші дербес атқыштар бригадасы майданға жіберілмес бұрын 1942 жылдың күзінде Москва түбіндегі Бабушкино деревнясына тоқтаған еді. Мені, байланысшылар взводының қатардағы жауынгерін бір күні батальон командирі шақырып алды да арнаулы тапсырмамен бригада штабына жіберді. Штаб орналасқан үйді тауып, жүрексіне есік қақтым.

– Кіре беріңіз,– деген нәзік дауыс естілді. Есікті ашсам, қарсы алдымда әскерше киінген ботакөз, қараторы қазақ қызы отыр. Сасқанымнан штапта тұрғаным есімнен шығып: «Қарындасым, сіздерге пакет әкеліп едім» – депмін. Бар болмысым бейбіт кездегі қалпын тапса керек, сол сәтте «қарындасымның» әскер тіртібін есіме түсіріп бергені:

– Стой, смирно! Кругом!

Бетімнен отым шықты. Кешірім сұрауға тағы да болмайды. «Қазақ қызы емес екен ғой» – деп ойлап, қалшыып тұрып қалыппын. Қатты абыржыдым. Кенет ол күліп жіберді.

– Қыздардың әзілін түсінбейтін қандай сужүрек едіңіз.

Өзіме-өзім әзер келіп, ол ұсынған орындыққа отыра кеттім. Есімін сұрауға да бата алмаппын. Менің зәремді алған «әзілқой» қыздың кейін туған халқын дүр сілкіндірген Мәншүк екенін соңынан білдім.

Бригада құрамында Москва консерваториясының түлегі Смағұл Көшекбаевтың үгіт тобы ұйымдастырылған болатын. Осы топта мен де бармын. Ұрыстың толас тапқан кездерінде жауынгерлерге концерт қойып, көңілдерін көтеріп жүрдік.

1943 жылдың жазында Невель қаласы маңында алдыңғы шептен бірнеше адам бригада штабына үгітшілер семинарына шақырылды. Семинардан соң, ұмытпасам, 15 июльде бригада комиссары Сақтаған Бәйішев партия қатарына қабылданған бір топ жауынгерлерге мүшелікке кандидаттық билетін тапсырды. Осы салтанатты жиын үстінде Мәншүкпен бірге мен де Коммунистік партия қатарына қабылданғанымды әлі күнге мақтанышпен еске аламын.

Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметовамен майдан шебінде кездескен жоғарыдағы екі-үш сәт осындай еді. Оны өмірі ұмытпаймын.

*Мәншүк туралы фильмнің қалай экранға шыққандығы, қиындықтар мен ізденіс соқпақтары жөнінде кино маманы, белгілі журналист Камал Смайылов білдірген пікір:*

– Әдетте, өнебойы ойда жүрген нәрсе бір қатты әсер болған сәтте қозғалып, оянып шыға келеді ғой. Бұрыннан-ақ қазақтың батыр қыздары Мәншүк пен Әлия туралы фильм жасалса деген пікір айтылып жүретін. Белгілі кинодокументалист Александр Медведкин бір кезде «Қазақфильмде» істеп жүргенде Мәншүк туралы әдеби сценарий жазыпты. Көркемдік дәрежесі төмен болғандықтан ол қабылданбай қалған.

Сценарий Мәншүктің өміріндегі ең қысқа күнін, қаза табатын соңғы күнін алады да сол күнгі оқиғаларды көрсетіп өтеді. Әуелі диктордың «Бүгін Мәншүк қаза табады, бұл оның соңғы күні» деген сөзімен басталады да әрі қарай сағат сайын титрден уақыт көрсетіліп отырады. Адамдар әр сағатты көрген сайын Мәншүктің өмірі бір сағатқа қысқарғанын, оның ажалының бір сағат жақындай түскенін сезіп, бойы түршігіп отырады. Бұл әдіс – сеанстың басынан-аяғына дейін жұртты үйіріп ұстап отыру үшін табылмайтын айла еді. Бірақ, алдын-ала өлімді мойындап, тағдырға бас иіп отырған батыр қыздың өмірі сүйініш, мақтаныш орнына күйініш-аяныш тудырар еді. Сондықтан, бірден-ақ автор бұл ұсынған формасынан бас тартуға тура келді. Автор іздеп-іздеп драматургиялық түйінді Мәншүктің өзі сұранып, майданға аттану себебінен алмақ болды.

Содан бұл сценарийді лирикалық поэтикалық сарында жазу керек деген ұйғарымға келді автор. Әрине, оны бұрынғыдай «Мәншүктің соңғы күні» деп атамай «Мәншүктің бір күні» деп атайтын болды.

Автор айтылған мерзімде сценарийді жазып тапсырды. Сценарийді талқылап, көркемдік совет бір ауыздан қабылдады. Дегенмен, талқылау кезінде драматургиялық желінің

босандығын ескеріп, оның есесін оқиғалармен толтырып, қойылу қажет екендігі айтылды. Болашақ фильмді қою режиссер Мәжит Бегалинге тапсырылды.

Сценарийдің редакторы, студияның бас редакторы Олжас Сүлейменовке Мәжит Бегалинмен бірлесе отырып, сюжетін ширата, оқиғаларын қоюлата түсу, сөйтіп Мәншүктің ерекше де сүйкімді, нәзік те қайратты бейнесін жетілдіре шығару тапсырылды. Олар ойланып, толғанып фильмді Мәншүк қана емес, Әлияға да арнасақ деген ұсыныс айтты. Екеуінің өмірі де, тағдыры да ұқсас. Сондықтан екеуінің де өміріндегі болған оқиғаларды алып пайдалануға болады ғой.

Ақыры екі айдан соң сценарий толық әзір болды да фильмінің дайындық жұмыстары басталып кетті. Басты рольде – Мәншүк ролінде Наталья Арынбасарова бірден белгіленді. Басқа рольдерге Никита Михалков, Нұржұман Ықтымбаев, Фарида Шәріпова, Кәукен Кенжетаяв, Юрий Саранцев секілді белгілі актерлер бекітілді.

Фильм сонау Белоруссия жерінде, Слоним қаласы маңында түсірілді. Егер нақтылы деректер тұрғысынан келсе, Мәншүктің соңғы соғысқан, ерлікпен қаза тапқан жері – орыстың ежелгі қаласы Невель. Дегенмен, орталық Белоруссияның табиғаты да, күн райы да Солтүстік Россияға өте ұқсас. Фильмді түсіру кезінде де біраз көріністер мен оқиғалар жолдан қосылды.

«Мәншүк туралы жыр» фильмі: «Осы жаз қыз неге өзі тіленіп соғысқа кетті? Қайтіп ерлік көрсетті? Оның ерлігінің себебі, тамыры неде? Қайда жатыр?» – деген сұраққа жауап іздеген әрекет еді ғой. Мәншүкті тәрбиелеген совет мектебі, Ленин комсомолы, біздің өміріміз, демек, оған халықтың тарихы мен өткен тағдыры да, қасиетті, қастерлі дәстүрлері де кірмей ме, қосылмай ма? Мәжит осылай фильм ауқымын кеңіткен, ұлғайтқан.

Орал қаласында Мәншүктің мемориалдық музей-үйі ашылғандығы жөнінде газетіміздің арнаулы тілшісі Ә.Қайырбеков әзірлеген хабар:

– Шығыстың батыр қызы Мәншүк Мәметованың есімі сұрапыл жылдардың жаңғырығы естілген сайын бейбітшілік сүйгіш адамзат жүрегінде ерекше құрмет сезіміне бөленіп аталады. Ол сүйікті Отанын фашизмнің қанды тырнағынан қорғау жолында от-жалынның ортасында ғажайып ерлік үлгісін көрсетті. Бүгінгі таңда Мәншүк есімін мың-мыңдаған жас ұрпақ ардақ тұтып, өлмес рухына тәжім жасайды.

Биыл Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың туғанына 60 жыл толуына орай Орал қаласында оның мемориалдық музей-үйі ашылды. Нариманов көшесіндегі 51-ші үй – Оралдағы көп тарихи орындардың бірі ретінде көзге ыстық-тұғын. 5 жасында әкешесінен айрылған Мәншүк әкесінің ағасы Ахмет Мәметовтың семьясында қамқорлық пен өнегелі тәрбиенің шуағын бойына сіңіріп өседі. Бұл үйде Мәметовтер семьясы 1932-1934 жылдары тұрған.

Мемориалдық музей-үйге қойылған экспонаттар батыр қыздың совет жастарының барлығына тән оқу-білімге құштарлықпен, өз жеке басының мүддесін халықтың мүддемен ұштастырумен, ізгілік пен адалдықты бойына дарытумен өмір сүргенін айғақтайды.

Музей экспозициясы «Мәншүктің балалық шағы», «Мемориалдық бөлме», «Мәншүктің жастық жылдары», «Жер бетіндегі өмір үшін», «Мәншүк атымен» деп аталатын бес бөлімнен тұрады.

Орал қаласындағы ол оқыған №4 мектеп туралы, 1940 жылы табалдырығын аттаған Алматы медицина институты жөнінде, республика Халық Комиссарлары Советіндегі жұмысы жайлы қысқа, нақты деректер келушілерін қызықтыратыны анық.

Ұлы Отан соғысының батыр қыздың өміріне қатысты кезеңінен сыр шертетін документтер, материалдар, суреттер мен заттар баршылық.

1943 жылдың 15 октябрінде Невель түбінде Мәншүкпен бірге неміс фашистеріне қарсы жанқиярлықпен шайқасқан орыс Г.Никулин, қазақ Қ.Сүлейменов, өзбек Х.Тұрышевтардың да есімдерін бүгінгі ұрпақ жадында сақтайды. Музейде 100-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері туралы да біршама деректер жинақталған.

Мәншүк Маметованың мемориалдық музей-үйі – қазақ халқының даңқты қызына көрсетілген зор құрмет.

«Лениншіл жас»,  
1982 ж.

## САХНА СЫРТЫНДАҒЫ СҰХБАТ

*Жаздың жайсаң шағында, июнь айында, астанамыз Алматыда Хамза атындағы Ленин орденді Өзбек мемлекеттік академиялық драма театрының гастролі өткен болатын. Осыған орай, Өзбек КСР-інің халық артисі, Өзбекстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Светлана НОРБАЕВАҒА жолығып, бірнеше сауалдар қойып, өмір мен өнер арақатынасы жөніндегі ой-пікірлерін бөліскен едік.*

– Гастрольдік сапарларыңыздың алғашқы күнінде-ақ, Алматыдағы Баспасөз үйінде өткен пресс-конференция кезінде Сіз: «Хамза атындағы театр – менің балалық шақтан бергі өз үйім» -дедіңіз. Мұны «әу бастан-ақ театр үшін туғанмын» деген ойды аңғарту үшін айттыңыз ба?

– Жоқ. Олай емес. Жеке актердың «мен» дегенінен көрермен қауымның «ол» деген сөзі әрдайым басым. «Хамза театры – өз үйім» деу себебім – өнердегі жолым содан басталғандықтан. Әкем де, шешем де осы театрда қызмет істеді де мен кішкентай күнімнен-ақ ондағы әрбір актердің жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін, киім киісін, бетіне жаққан грим-бояуын – бәрі-бәрісін қадағалап өсіппін. Жеті жасымда тұңғыш рет «Ульяновтар семьясы» спектакліне қатысып, Володаның қарындасының рөлінде ойнағаным есімде. «Сен – театрдың қызысың» дейтін маған артистер. Ал, бұл сөздің үлкен мағынасында айтылуын ақтау – өмірлік мұратым.

– Басты рольде ойнауды да ертерек армандаған боларсыз?

– Иә, Ташкент театр институтының 4-курсанда жүргенімде С. Азимовтың «Қан тозаң» пьесасындағы басты кейіпкер Ақиқа образын мүсіндедім. Бұл – менің театрдағы жауапкершілікті алғаш сезінген рөлім. Оның себебі – диплом жұмысым, дебютім болғандығынан ғана емес еді...

– Актердің образды жан-жақты ашуына, жетілдіруіне сол рөлден ұзақ жылдар бойы қол үзбей келуінің ықпалы бола ма?

– Неге болмасын. Болады ғой. К. Яшеннің «Революция шапағы» атты драмасындағы Шадия рөлінде мен осыдан тура 12 жыл бұрын, спектакльдің алғашқы қойылымында ойнаған едім. Содан бергі аралықта мен бір ғана нәрседен ұтылуым мүмкін. – 12-ден гөрі + 12-нің жөні бөлек, әрине. Сахнада Шәдия болып өмір сүрудің қалтарыс-құпиясын меңгеруіме жылдар бойы там-тұмдап жинақталған тәжірибе көп көмектескені сөзсіз. Бірақ, бұл театр сахнасында өмір бойы ойнап өтетін бір-ақ рөлдің болсын деген сөз емес. Кейінгі кезде мені рөлдер әр түрлі мінез-характерлерімен қызықтырады.

– «Абай» спектакліндегі Қарлығаш рөлін сахнаға шығару арқылы өз репертуарыңызға жаңа, тың, тосын кейіпкер қостым деп ойлайсыз ба?

– Әуелде бұл рөлді жатырқай қабылдағанымды жасырмаймын. Өйткені, бұрынғы рөлдерімді өз табиғатыма жақын сезінетінмін де, тым тез «тіл табысып» кетуші едім. Ал, Қарлығаштың жүріс-тұрысы (ер бала сияқты киінеді), сөйлеген сөзі (өткір, батыл, тура), ерке-шолжаң іс-әрекеттері алғашқыда шартты, жеңілтек көрсетілген тәрізді болып көрінген. Қарлығашқа деген махаббатым бірте-бірте оянды.

– «Ойнау» деген ұғым төңірегінде ой тарқатып көрсеңіз?

– «Рольдерде ойнап жүрмін». Осы сөз актер үшін – «Өмір сүріп жүрмін» деумен бірдей. Ақын Андрей Вознесенскийдің «Чувствую – стало быть, существую» дегені де осыған үндес. «Ойнау» сөзі «ойлау» сөзіне мүлде қарама-қарсы сияқты. Ал, актер ретінде мен бұл сөздерді бір-біріне теңгеремін: нағыз актер ойнап жүріп-ақ ойлайды, ойлап жүріп-ақ ойнайды.



– Қазіргі театр көрермендерінің талғамы туралы, жалпы театрға жұртшылықтың қалай баратындығы туралы пікіріңіз?

– Көрермендер талғамы олардың ой-өресіне, білім өрісіне байланысты болған, қазір де солай. Қай дәуірде болмасын театр уақыт талабына, заман рухына сай қойылымдарымен көпшілікті баураған, қазір де солай. Мезгіл межесінен әрі аса алмайтын спектакльдерге өнер сүйер қауым бұрын да аз баратын, қазір де солай. Театрға құштарлықты тәрбиелейтін – театрдың өзі.

– Ұнатпайтын рольдеріңіз бар ма?

– Көбінесе ұнататын рольдерімізді атауға үйреніп қалғандықтан ғой деймін, ол сауалға сәл ойланайық. Иә.. Шынымды айтсам, алғашқыда маған бәрі ұнамайды. Рольдерді айтамын. Әуелде «Революция шапағындағы» Шадия да ұнамаған. Көңілімнің ортайып жүргенін байқап қалған режиссеріміз А. Гинзбургтің: «Света, жасыма, біз бұдан қандай роль шығарғанымызды көргенде таң қалатын боласың», – деген сөзі әлі құлағымда. Ал, кейбір рольдер тартпайды, қызықтырмайды. Байқасақ, рухани жағынан өскен сайын актер әрбір рольге сын көзбен қарауды үйренеді.

– Өнер адамы өмірде өзін қалай ұстағаны жөн деп ойлайсыз?

– Өмірде өзі қалай болса – солай көрінуі керек. Әртүрлі ортада әрдайым өз ролін жоғары қоюшылықты құптамаймын. Жақында мен Душанбе қаласында болғанымда көгілдір экраннан атақты итальяндық актриса Анна Маньяни туралы телехабар көрдім. Міне, жүздесу! Дүние жүзіндегі тұңғыш космонавт Юрий Гагарин ғарыш төрінен Жерге сәлем жолдағанда осы Анна Маньяни есімін атағаны естеріңізде болар. Талантқа тағзым. Анна Маньяни – өнер көгіндегі менің ең жарық жұлдызым. Ал, телеэкраннан оның әжімді жүзін, ақ күміс самайын көріп отырып, қатты толқыдым. Ол маған өмірде өте мейірбан, қамқор, қарапайым ана бейнесінде көрінді. Басқаша көрінуін қаламас та едім.

– Гастроль күндерінде алған әсерлеріңіз?

– Алматы – Алатау – Медеу – Сұлулық. Соңғысы – туысқан қазақ халқының рухани жан-дүниесіне де қатысты.

«Қазақстан әйелдері»,  
1983 ж.

## ТУҒАН ЕЛІНІҢ ТҰНЫҚ ӘУЕНІ

*Қазақтың көрнекті композиторы, КСРО халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебаевтің туғанына 70 жыл толуы қарсаңында әйгілі композитордың өмірі мен өнердегі орыны жайлы КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның халық артисі Байғали Досымжановпен сұхбат.*

– Мұқан Төлебаев! Бұл есім қазақтың ұлттық музыкасы, опера әуені, профессионалды шеберлік мәселелері сөз болғанда әрдайым алдымен аталады. Кейінгі тұрпаққа Төлебаев тәлімін жеткізуде ең маңызды рөлді оның ғұмырлы туындылары атқарары сөзсіз. Сондай-ақ ол туралы білетін жолдас-жораларының, дос-жарандарының пікірлерінен де композитор келбеті жаңа бір қырынан көрінбек. Байғали Досымжанұлы, әңгімеңізді Мұқан Төлебаевпен Мәскеу консерваториясында бірге оқыған жылдардан бастасаңыз...

– Мұқанмен сол Мәскеу консерваториясында оқып жүргенде таныстым. Ол 1933 жылдан Алматыда тұрып, Алматы педагогикалық училищесінде оқып, әжептәуір әншілігімен ілтипатқа іліге бастағанын сырттай естігенім болмаса, тым жақсы білмейтінмін. Консерватория қабырғасында соғыс басталар алдындағы жылдарда оқыған Рамазан Елебаев, Әли Базанов, Құдыс Қожамьяров, Қапан Мусин, Шабал Бейсекова, Ермек Серкебаев тәрізді ұлттық өнеріміздің ертеңіне үлкен сеніммен қарайтын талантты

жастар тобында Мұқан Төлебаевтың айрықша есте қаларлықтай іс-әрекетімен көзге түспегені анық. Музыкалық білімге сәл кешеуілдеп келіп бас қойғандықтан болар, ол барлық уақытын оқуға жұмсады. Бос уақытым жоқ деп сырғақсып тұратынының себебін де кейінірек түсіндік. Сәл нәрсеге балаша қуанып, мәз болып күлетін де, лезде ойға шомып кетіп отыратын оның мінезін бәріміз де ұнатушы едік.

– Ұлы Отан соғысы кезінде Мұқан Төлебаев денсаулығына байланысты Совет қатарынан Алматыға қайтып оралып, 1942 – 44 жылдары Қазақтың халық аспаптары оркестрінде дирижерлік қызмет атқарған екен. Сұрапыл соғыстың алғашқы жылында сіз де майданнан елге қайтыпсыз. Оның творчествосының нағыз қалыптасу кезеңі осы тұс қой.

– Иә, сол тұс. Ол әуелде ән-романстар жазуға ерекше ден қойды. Әсіресе, асыл азаматтарын қан майданға аттандырып, зарыға хабар күтіп, тылда тыным көрмей, «Бәрі де майдан үшін!» деп еңбек етіп жатқан халықтың тілегімен, арман-мүддесімен үндесетін туындылар жазуды парыз тұтты. «Соқ барабан», «Жорық», Совет Одағының батыры Зоя Космодемьянскаяға арналған «Таня туралы ән» атты ән-романстарын, «Аманкелді» операсын (Е.Г.Брусиловскиймен бірігіп) жазды. Професионал қазақ музыкасына соны леп, тың тыныс әкелген «Кестелі орамал», «Тос, мені тос», «Көп жүрдім» сияқты ән-романстарын жазу арқылы жанрлық ізденістің жаңа парақтарын ашты. Бұл кезде біз өзара тығыз достық қарым-қатынаста болдық. Фурманов пен Гоголь көшелерінің қиылысындағы музыкалық училищенің жатақханасындағы оның бөлмесіне жиі баратынымын. Әр жолығысуымыз кішігірім музыка сабағындай еді десем артық айтпаймын. «Кестелі орамал» мен «Тос, мені тос» әндерін жазғанда ол менің дауысыма лайықтап, қайта-қайта орындатып көріп, әнші психологиясы, әнші даусының деңгейі жөнінде қызықты ойларын айтатын. Мұның өзі композитордың жазған шығармасын халық жүрегіне қалтқысыз жеткізу барысында іздейтін кілті іспетті екен-ау. Шығармаларының ішкі қиналыстан туатындығы, Чайковский туындыларына тән, адам өмірінің күйзелістерінен серпін алатындығы оның сирек жазған симфониялық шығармаларынан да байқалатын.

– М.Төлебаев творчествосындағы айтулы шың – 1946 жылы дүниеге келген «Біржан – Сара» операсы ғой. «Бұл шығарма өзінің идеялық мазмұн-мағынасының тереңдігімен, музыкалық құрылысының өзіндік сонылығымен советтік және дүние жүзілік музыка өнерінің ең тамаша туындыларының қатарынан орын алады». (Қазақ ССР-нің тарихы, 5-том, Алматы, 1981). Ал, осы операда Біржан ролін сіз орындадыңыз. Осы жөнінде...

– Бұл біздің өнеріміздің тарихында қазақ композиторының жеке жазған тұңғыш операсы еді. Ал, оның музыка мамандары тарапынан, халық талғамынан, уақыт сынынан өтіп, әділ бағасын алуы тек тұңғыш болғандығынан ғана емес. Бұл өзі итальяндық опералардың үлгісінде жазылған дүние. Яғни, ұлттық бояу қанық шығарма. Алғашқы қойылымынан бастап-ақ «Біржан – Сара» операсы өзінің өміршеңдік сипатын танытты. 1949 жылы операның авторы М.Төлебаевқа, қоюшы-режиссеры Қ.Жандарбековке, Біржан роліндегі – Ә.Үмбетбаев пен маған, Сара бейнесін сомдаған – К.Байсейітова мен Ш.Бейсековаға, суретшісі А.Ненашевқа Мемлекеттік сыйлық берілді. Опера қазақ совет өнерінің зор табысы ретінде бағаланды. 1958 жылы Москвадағы қазақ совет әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде «Біржан – Сара» операсы Үлкен театр сахнасында қойылды. Өмір бойы көз алдыңнан кетпейтін сәттер болады. Мұқанның сол күнгі қуанышы, сахна сыртында өзіме-өзім келе алмай отырғанымда іздеп келіп айтқан ризашылық лебізі әлі жадымда. Ал, осы операға дайындық күндерінің бірінде мынадай оқиға болған-тын: оркестрдің сүйемелдеуімен репетиция өткізіп жатқан дирижер менің екінші актінің соңын қайталауымды өтінген еді. Қапелімде сөзін ұмытып қалдым да, оны ешкімге білдіреспін деп, даусымды соза әуенге ілестім. Менің қулығымды байқап қалған Мұқан: «Әй, ұялмайсың ба?», деп әзілдеген болатын сонда сыбырлап. Осыдан кейін бұл қылығымнан арылғаным мен де қуандым. «Правда» газеті онкүндік кезінде СССР Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты, СССР халық артисі Отар Тактакишвилидің «Біржан – Сара» операсы жөнінде мақаласын жариялады. 1974 жылы мен бұл операны театр сахнасында қайта қойып шықтым. Бұрын төрт актілі еді, кейіннен екі бөлімді операға айналды. СССР-дің 50 жылдығына орай «Біржан – Сараны» башқұрт тілінде сахнаға шығардым.

– Биылғы 50 жылдық мерекелі маусымын Абай атындағы мемлекеттік Ленин орденді академиялық опера және балет театры «Біржан – Сара» операсының алғашқы нұсқасымен ашуы М.Төлебаев қолтаңбасын бастапқы күйінде жұртшылық назарына қайтадан аңғартуды дйттегеннен ғой. Қырық жылға жуық мерзім бұл операның құндылығын бұрынғыдан да арттыра түскендей. Ал, Мұқан Төлебаевтың осы жанрдағы бұдан кейінгі ізденістері туралы не айтуға болар еді?

– Ол, әрине, «Біржан – Сараның» деңгейіндегі, бәлкім одан да жоғары өредегі опера жазуды армандап өтті. Өнердің қадір-қасиетін терең ұғынатын дарын ретінде ол өзі алған биіктен төмендегісі келген жоқ. Ұзақ ойланып, көп толғанып жүріп F.Мүсіреповтың либреттосына «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсын жазуды қолға алып, аяқтай алмады. Оны бастаған кезде, алғашқы екі картинасын дайындаған соң мені шақырып алып, Қозының ариясын айтқызып тыңдаған еді. Сонда оның қатты қиналыс үстінде жүргенін байқадым.

– Әдетте, бір-бірін жақсы білетін, жиі қарым-қатынаста жүретін адамдардың арасында басқа жұртқа белгісіздеу құпия сырлары, қатты қалжыңдасатын сәттері, кейін қимастықпен еске алатын жайттар болып жатады ғой. Оның кез-келгенін жария жасаудың жөні жоқ та шығар. Дегенмен, белгілі бір пікір төңірегінде сол адамның мінез қырларын аша түсетін мысалдар болса оған оқырман қауым да ынта қоятыны күмәнсіз.

– Бұған не айтуға болады... Біз білетін Мұқан үнемі ойшыл кейіпте жүретін, әзіл-қалжыңға өзі де құмар болғанмен, басқалардың сөзіне сенгіш, кейде, тіпті, ақкөңіл аңқаулықтан да ада емес жан еді. Бірде мен оның сенгіш көңіліне сызат түсіріп алдым ба деп қатты қысылғаным бар. Араға сәл уақыт салып жолығысып қалдық та, амандық-саулық сұрасып, әрненің басын шалып әңгімелесіп тұрғанда маған кенет бір ой келді: «Осы, Мұқан кейінгі кезде өз жұмысымен ғана болып, сырт жаңалықтардың көбісінен шеттеп қалған-ау сыңайы, сынап көрейінші» – Мұқа, – дедім оған кәдімгідей ренжіп, – неге құттықтамайсың?

– Үй алдың ба? Алғалы жүргеніңді естігем, – деді ол абдырап.

– Міне, дос деген! Бір апта болды емес пе, көшіп те алдық жаңа пәтерге, – дедім миығымнан күліп. – Байғали ренжіме. Ертең күт. Барамыз. Адресіңді айтшы...

Мұқан мені жан алқымға алып қояр емес. Өтірігіме өзім де сене бастадым. Жаңадан пайдалануға берілмекші еңселі үйдің бірін, қай көшеде, нешінші нөмірлі екенін бір парақ қағазға жаздым да пәтер санын 2000-шы деп көрсетіп, әлгі парақты қолына ұстата салдым. – Күтеміз, келіңдер, – дедім сенімді түрде. Ертеңінде бір шаруалармен үйге кешірек оралғанымда апам маған дүрсе қоя берді:

– Осы сендердің ойындарың-ай, қалмайтын. Мұқан әйелімен келіп кетті. Бір құшақ гүлдері бар екен қолдарында, қалдырып кетті. Сен пәтер алдым деп алдапсың ғой. Оның не? – дейді.

Мұқанды жұмысына іздеп барғанымда ол маған өкпелі екенін бірден байқадым.

– Оу, Мұқа, – дедім бір ретін тауып, – өзің-ақ ақылға салып көрші, 2000-шы пәтері бар үй бұл қалада жоқ қой. Соны аңғармай, бала болып кеттің бе? – дедім кінәлай. Ол мырс етті. Иығы бүлкілдеп күліп тұр. – Расында солай екен-ау! – дейді маған бұрылып. Мұны мен көпке дейін дос-жарандар ортасында Мұқанға өзімсіне қалжыңдап айтып жүруші ем...

Жақында «Өнер» баспасы Мұқан Төлебаевтың 70 жылдығына орай «Нұрлы жүрек» атты естеліктер кітабын шығарды. Композитордың өмірдегі, өнердегі сан қырлы характерінің сырлары бар ол жинақта.

«Лениншіл жас»,  
1983 ж.

## ОРМАНШЫ БОЛУ ОҢАЙ МА?

Қазақ КСР Орман шаруашылығы министрлігіндегі пікір алысуда қозғалған ойлар

*Орман – планетаның өкпесі. Бұл тек орман қызметкерлерінің ғана ойы емес. Табиғат, қоршаған орта, экология проблемасы қазір адамзаттың үлкен алаңдаушылығын туғызып отыр. Жасыл желектің жайқалып тұрғанына не жетсін. Жыл сайын ағаштар сиреп барады, өзендер тартылуда, орман байлығы орынсыз рәсуа болуда. Осылай деп жиі дабыл қағамыз. Нәтиже қандай? Нендей шаралар қолданылуда? Орман, шын мәнінде, еліміздің байлығы ма? Оны қорғау, сақтау шаралары республикамызда қалай жүзеге асуда? Міне, сауалдан сауал туындайды...*

Қазақ КСР Орман шаруашылығы министрінің орынбасары Ә.И.Исабеков: – Қазақстан орман қорының көлемі жөнінен РСФСР-дан кейінгі екінші орында. 21 миллионнан астам гектарды алып жатқан ұлан-байтақ орман қорымыз бар. Оның 9,5 миллион гектары – жасыл орманды алқап. Ағаштың қарағай, қайың, шырша, самырсын, терек, сексеуіл сияқты түр-түрі өседі. Республика бойынша алғанда, әсіресе, орманға бай өлке – Шығыс Қазақстан облысы. Пайдалануға қажетті ағаштардың 80 проценті сонда.

Ең үлкен міндетіміз – табиғат байлығына қамқорлық жасау, орман қорын төмендетпеу. Өткен бесжылдықта орман қоры 600 мың гектарға ұлғайды. Жыл сайын 80 мың гектар алқапқа жас көшеттер отырғызылады. Егер соның бәрін баптап өсіре білсек – 1 миллион 200 мың текше метр ағаш өнімін көбейтеміз. Қарапайым көрсеткіштердің астарында халық тұтынатын қаншама қажетті бұйымдар тұрғанын бағамдауға болады.

– Әбдімір Исабекұлы, зерттеушілердің дерегіне қарағанда, жыл сайын елімізде 15 миллион текше метр ағаш мебель жасауға, 10–12 миллион текше метр – шпал жасауға, 25 миллион текше метр – көмір және басқа кен өндіру саласына, 50 миллион текше метр – түрлі қораптар мен жәшіктер жасауға жұмсалады екен. Халық игілігі үшін болса да бұдан орман байлығына елеулі нұқсан келетін болар?

– Игілікке жұмсалатын шығынның орнын толтыруға тырысамыз. Ағаш көрсе қолы балтаға жүгіретіндерге тосқауыл қою, ағаштардың жасын анықтап, іріктеп пайдалану, жас көшеттер отырғызылатын алқаптардың көлемін ұлғайту, орманды өрттен, әртүрлі «дерттен» қорғау, сақтау сияқты жұмыстар комплексті жүргізілуі керек.

– Республика бойынша, орманшылардың саны қанша?

– 3700-ден асады.

– Орман көлеміне шаққанда олардың саны тым аз емес пе?

– Әрине, аз. Бұл проблеманың бір қыры. Екіншіден, «орманшы» деген ұғымның өзін кез-келген адам ерекше құрмет тұтқанмен, терең түсіне бермейді. «...Қайта тусам, болар едім орманшы!» деп ақын Қадыр Мырзалиев бекер жазбаған болар. Бірақ, орманшылардың сапалық құрамы жөнінде мақтанышпен айту қиын. Кейбір орманшылардың сегіз кластық білімі де жоқ. Шал-шауқандар. 80 сомдық жалақыны қанағат тұтқандар. Ал ұшы-қиырына көз жетпейтін алқаптарды күн сайын аралап шығу, қадағалау, бақылау оңай жұмыс емес. Қайрат, күш-жігер қажет. Салалық кәсіптен білімдар болуы шарт. Осы орайда, орманшыларды арнайы дайындайтын республикамызда бірде-бір оқу орнының жоқтығы өкінішті.

– Бәлкім, кәсіптік-техникалық училищелерде арнайы орманшы мамандығына даярлауды қолға алу керек шығар?

– Бұл әзірге шешімін күтіп тұрған шаруа. Осы уақытқа дейін орманшы қызметінің қыр-сырына терең үңілмей келгендігіміздің салдары. Уақыт талабы бұл мәселеге атүсті қарамауды күн тәртібіне қоюда.

Министрліктің орман қорғау және сақтау бөлімінің меңгерушісі Алдаберген Кесімбаев: – Орман шаруашылығында 14 жыл жұмыс істедім. Алматының сыртындағы орман шаруашылығының барлық жәй-күйі маған жақын таныс. Шынында да орманшылардың аяқ артары әлі күнге – ат қана. Әр орманшыға бір-бір вертолет беру қиын шығар. Ал ең қолайлы көлік – мотоцикл емес пе? Осыған қол жеткізе алмай келеміз. Орманшы болуға жастар құлшынбайды деуге болмас. Бірақ, кездейсоқ адамдардың, тамыр-таныстық арқылы орналасатындардың басым көпшілігінің орман туралы түсінігі жоққа тән. Жан тыныштығын, шеткері түкпірде өзінің қой-ешкісін жайып, семіртуді ғана ойлайтындардың сана-сезіміне үлкен сілкініс қажет.

– В.И.Лениннің 1918 жылы «Орман туралы негізгі заңға» қол қоюы – бұған жоғары мемлекеттік мән бергендігінің айғағы. Орман қорғау – бүкілхалықтық міндет. Ал бұл жолда орман шаруашылығы қызметкерлеріне не қажет?

– Әрине, орман қорғаудың барлық іс-шараларына тоқталу қиын. Үлкен жауапкершілік орманшыларға, орманшы-техниктерге жүктеледі. Қырағылық, байқағыштық қасиеттерді бойына дарытқан орманшыларға зәруміз. Орман қорғаудың ережесін жетік меңгеруіміз қажет. Жан-жақты дайындық, бұқаралық насихаттың пәрменділігі қажет. Орман тәртібін бұзушылар көзі ашық, сауатты, тіпті білімді адамдар болуы мүмкін. Олармен ымыраға келуге болмайды. Орман қызметкерлері қоғамдық байлықты қорғауда аса сергек болғанда ғана іс ілгері баспақ.

– Орман қорғауда өрт қауіпсіздігін сақтауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Сонда да болса, бұған салғырт қараушылықтың мысалдары жиі ұшырасады. Мәселен, биылғы жылы, 1 май күні, Қостанай ормандарында әлдекімнің бейқам күйде лақтыра салған темекі тұқылынан өрт шығып, 1 мың гектар алқаптың ағашы отқа оранғанын, елеулі шығын болғанын естідік. Мұндай келеңсіз оқиға жөнінде не деуге болады?

– Бұл – біреулердің бейқамдылығы қаншалықты зардап шектіретініне дәлел. Ормандағы өрт кейде жай отының түсуінен, кейде тынығушылардың жаққан алауынан, кейде жаңағыдай темекі тұқылынан шығып жатады. Биылғы 8 айдың ішінде 489 өрт ұшқыны болды. 2 мың гектардан аса жер күйіп кетті. Ал Қостанай ормандарындағы оқиға – өкінішті сабақ. Бізге қазір 175 өрт сөндіру станциялары көмекке келе алады. 21 вертолет орман алқаптарының үстінде қырағы күзетте. Ол вертолеттер рация арқылы әрбір орманшымен байланыс ұстайды. Қашанда қауіптің алдын алу – қымбат. Адам аяғы баспайтын қия-шатқалдарда, ну қарағай-қайың өскен жерлерде найзағай ұшқынынан пайда болатын өрттерді бірден байқау да қиын. Байқаған күнде, оған жедел жетудің жолдары орманшылардан да, өрт сөндірушілерден де ұшқырлықты, жинақылықты, жер жағдайын, орман жолдарын жетік білуді талап етеді.

Министрліктің орман қорғау және сақтау бөлімінің бас инженері В.Г.Куцов.

– Орман шаруашылығында жиырма жылға жуық қызмет істедім. Менімше, орманшы-техниктердің жұмысына айрықша көңіл бөлу қажет. Оларды «орман шебері» деп бекерден-бекерге атамайтын болсақ керек. Ал шебер – шын мәнінде шеберлікті меңгергенде ғана құрметке лайық. Ағаштың өсуін, түрін, сақталуын білетін адамдар керек. Орман шаруашылықтары облыстық орман шаруашылығы басқармаларына қарайтыны белгілі. Облыстық басқармалардың кейбірінде 3-4 орман шаруашылығы ғана болса, Торғай облысында – 14, Шығыс Қазақстанда – 17 орман шаруашылығы біріккен. Бұл құрылымдық жағынан әр облыстың орман көлеміне байланысты.

– Әрбір орманшыға бекітілетін жер көлемі де әртүрлі шығар?

– Әлбетте. Бұл орманшылардың жұмысына елеулі қиындықтар да туғызады. Мәселен, республикадағы орманды алқаптың 53 процентінде сексеуіл өседі. Ал 50 мың гектар сексеуіл өскен алқапқа – жалғыз орманшы жауапты. Сексеуілді жергілікті тұрғындар кез-келген уақытта сұраусыз, рұқсатсыз-ақ отынға жарата беруінің бір сыры осында. Жалғыз ағаш – орман емес демекші, жалғыз орманшы – қорған емес. Анадая үлкен алқаптың қай нүктесінде не болып жатқанын қадағалауға мүмкіндігі де жоқ қой.

– Қалай дегенмен, бүкіл ғұмырын орман қорғауға арнаған, еңбегімен қадірлі болған, өз істеріне адал орманшылар туралы да айтқанымыз жөн болар?

– Ондай орманшылар бар. Әттең, солардың өмірлік іс-тәжірибесін тарату, насихаттау жағы кемшін. Орманшы болып еңбек еткендеріне отыз жыл толған Ұйғыр орман шаруашылығының орманшысы Қ.Молутовты, Қ.Сұлтанқұловты, Қаскелеңде – А.Цепковскийді, Индерде – К.Ізғалиевті, Бұландыда – Х.Шайкеновті, Отрадныйда – П.Немыкинді, Бадамда – З.Садықовты, т.б. атауға болады. Бұлар нағыз орманшылық іс-тәжірибелерімен танылғандар.

– Владимир Георгиевич, жасыл шырша – орман көркі ғой. Қысы-жазы өңін бермейтін ағаштың бұл түріне қызыға қараушылықтан, ақыр-соңы, 1 Петрдің заманынан бері, оны жаңажылдық елкаға пайдаланамыз. Шыршалар қыршынынан қиылатын болды. Осы жасыл шыршаға жаудай тиуіміздің соңы не болар екен?

– Жаңа Жылды елкасыз қарсы алу – дәстүрге жат. Ал елка керек деп жасыл шыршаны баудай түсіре беру – табиғатқа қиянат. Біздің Іле Алатауының баурайында Тянь-Шань шыршасы өседі. Өсуі өте баяу. Бір жылда 10 сантиметрге ғана бой ұзартады. Отыз жылда 1,5 метрге әзер жетеді екен. Елка жасауға қызыққан кейбіреулер оның отыз жылдық ғұмырын қайтсін. Осындай қауіптен шығар жол іздестіргенде, жаңажылдық елкаларды арнаулы плантацияларда өсіру тәжірибесі қуантады. Бұған суармалы жерде жылдам өсетін Сібір шыршалары тиімді. Осындайда ойға оралатын бір ұсыныс, мұнымен тек орман шаруашылығы ғана айналыспай, әрбір, колхоз, совхоз өз жерінде жаңажылдық елкалар өсіруді қолға алса, қанеки. Мәселен, астана іргесіндегі «Таугүл» совхозында осы істі неге өркендетпеске? Гүл – қымбат, ал шырша арзан болып па? Ленинград облысының бұл бағыттағы жанды жұмыстары назар аударарлық. Бізде бұл проблема да әзірге қозғаусыз күйде.

– Осы жазда Солтүстік Қазақстан облысының ормандарындағы ақ қайыңдардың жапырақтары мезгілінен ерте сарғайып, әлдебір жәндіктің түрінен қатты зардап шеккенін, жергілікті тұрғындар мұндай көріністі бұрын байқамағандықтарын, қалай жоруға білмей, дал болғандықтарын айтып, редакцияға хат жолдаған еді?

– Ондай оқиға болғаны рас. Солтүстіктің әдемі аққайыңдары жапырақтарынан айрылып, жаз ортасында сыйдйып тұрғанын көру аянышты-ақ. Шегірткедей қаптаған жібек құртының бір түрі күрт көбейіп кетті. Ал оны көбейтпей, дер кезінде алдын-ала шара қолданғанда аталмыш жағдай әңгімеге тиек болмас еді. Орманшы қырағылығы қалғығанда, осындай халге ұрындырады. Министрлік бұл мәселені шұғыл қолға алды. Вирус жоятын және биологиялық жаңа дәрі-дәрмек «ВИРШНШ»-нің әсерімен жаңағы жапырақ жалмағыш жәндіктер құртылды.

Қазіргі уақыт талабы «жауырды жаба тоқымай», шындықтың бетіне тура қарауға діттеуде. «Орманшы болсам!» деген арман көкірегіне ұялаған жас талапкерлер де осыны ұғынуға тиіс. Орманшылық кәсіп – еріккеннің ермегі емес. Өз қиындықтары, проблемалары, міндеттері бар. Оны білмейінше, орманға жақындамау керек. «1 гектар жердегі жүз жылдық емен орманы көктем-жазда 1200 тоннаға дейін суды буландырады екен. Ғалымдар 1 гектар самырсын орманы 32 тоннадай түрлі шаң-тозаңдарды тұтып қалатынын анықтаған...». Орманшы жазбаларында осындай анықтама-деректер кездеседі. Орман...

«Лениншіл жас»,  
1986 ж.

**ТАМЫРЫҢДЫ ТЕРЕҢ ЖІБЕР!**

*«Лениншіл жастың» қонақжай шаңырағындағы «Сұхбатқа» ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов қатысып, оқырмандардың көптеген сауалдарына жауап қайтарды. Сұхбатты хатқа түсіргендер Өтеген Оралбаев пен Әділғазы Қайырбеков.*

– «Сұхбат» өткізілген күні телефон арқылы байланысқа шыққандардан басқа редакция поштасына келіп түскен хаттар да біршама. Сұрыптай келгенде, тек қана Арал мен Балқашты құтқару проблемасын қозғайтын хаттардың өзі отыз шақты болды. Оған телефон арқылы осы тақырыпта қойылған көптеген сауалдарды қоссақ, қазіргі таңда бұл мәселе қалың көпшілікті қатты толғандыратынын байқаймыз. Арал мен Балқаш тағдыры республикамыздың түкпір-түкпірінде тұратын барлық саналы азаматтарды алаңдататыны анық. Б. Сартаев (Солтүстік Қазақстан облысы), А. Жаңабаев (Арал қаласы), Р.Шамғонов (Ақтөбе), Қ. Малдыбаев (Семей), В.Пашинин (Гурьев облысы), Б. Жанкеев (Алматы), А. Жақыпов (Шымкент), П. Дүйсенбин (Жамбыл), Ә. Дауылбаев (Шымкент), А. Рүстемов (Павлодар) және басқа да оқырмандар өз хаттарында, «сұхбатқа» жолдаған сауалдарында Арал мен Балқашқа байланысты жан-жақты мағлұмат беруді сұрайды.

– Біз соңғы жиырма жылды тоқыру кезеңі деп атап жүрміз. Шынында да бұл кезеңнің еліміздің шаруашылығына, экономикасына, бүкіл мәдени өміріне тигізген зияны орасан. Көптеген пробемалар туындады. Сол проблемалардың бастысы – экологиялық проблема. Экологиялық теріс көзқарастың пайда болуын Сталин заманынан іздеу керек. Н.И.Вавилов, С.С.Четвериков негізін қалаған қарапайым генетика ілімін жоққа шығарумен айналысқан академик П.И.Лысенко бастаған әпербақан топтың белең алып кетуінен іздеу керек. Кейіннен табиғатқа солақай көзқарас салтанат құрды. Адам баласы – құдірет, барлығы оған қызмет етуі керек, қаласақ өзендерді оңға да, солға да бұрамыз, табиғатқа не істесек те еркіміз деген қате пікір үстемдік алды. Табиғатты бағындыру модаға айналды. Нәтижесінде не болды? Нәтижесінде – міне, алысқа бармай-ақ Қазақстанды алайықшы. Көкшетауда қырықтан астам көл суалып қалды. Жайық суын қазір ішуге де болмайды. Оның құрамында мыс он есе көбейіп кеткен. Заводтарды ойластырмай төпеп сала беруден (әсіресе Шымкент, Жамбыл, Өскемен сияқты қалаларда) қаланың үстін қара түтін тұмшалап тұратын болды. Басқаны былай қойғанда, Алматы аспаны дабыл қағарлық күйде. Жыл сайын мұнда 72 мың тонна түтін, күл, зиянды газдар ауаға көтеріледі екен. Біз соны жұтып, тыныстап жүрміз.

Енді Қазақстан сияқты алып республиканың қос өкпесі тәрізді, осы елдің ырысына біткен екі көл Арал мен Балқашты алайық. Арал – Бельгия, Голландия, Люксембург сияқты мемлекеттер сиып кететіндей көлемді алып жатты. Ал Жетісудың өзендері жамырап барып құятын Балқаштың бұрынғы келбеті қандай еді. Енді осы екеуінен де айрылып қалу қаупі туды. Арал теңізінің кейбір тұстары бұрынғы жағалаудан 112 шақырым қашықтап кетті. Кезінде мынандай пендешілік ой ұялады: Арал кетсе кетсін, ол тек біздің республиканың ғана қайғысы деп есептеледі. Мұның Одақтық, әлемдік экологиялық апатқа апарып соғатыны ескерілмеді. Кейбір басшылар сол ойдан әлі күнге дейін арыла алмай келеді. Әйтпесе, СССР мелиорация және су шаруашылығы министрі Н.Ф.Васильевтің, оның бірінші орынбасары П.А.Полад-задениң Аралдың атына жауапсыз сөз («Арал должен красиво умереть!») айтуы өкінішті-ақ. Ал, түптеп келгенде, мәселен, Қызылорда облысында 1975 жылы 13 күнге созылған 9 құмды дауыл тіркелсе, 1985 жылы 15 күнге ұласқан 32 құмды дауыл тіркелген. Сол жерден жыл сайын ауаға 75 миллион тонна тұз көтеріледі екен. Американың ғалымдары мұның Мұзды мұхитқа дейін жеткенін анықтап отыр.

Ғалымдардың есептеуінше, мемлекетке Арал теңізінің құрғауына түскен зиян жылына 1,5-2 миллиард сомға дейін жетіп отыр. Бұл жерлерді мекендейтін 57 түрлі аң-құстың тек 13-і ғана қалды. Ал тіпті Сыр бойындағы сау жерлердің өзі бүлінді. Сырдария суында улы химикаттар шектеулі мөлшерден 10 есе асып кетті. Шардара су қоймасында балықтардың жаппай қырылған кезі де болды. Ал балықты өлтіріп жатқан суды өзеннің төменгі сағасындағылар қаннен-қаперсіз ішіп отырғанына кім жауапты? Эпидемиялық іш аурулары, асқазан ауруы күрт өсіп кетті. Арал бойындағы балалар өлімі Одақ бойынша

алғанда бірінші орынға шықты. Қазір жариялылық, қайта құру кезеңі, сондықтан мұндай фактілерді жұрттан жасыруға болмайды. Біз енді бұдан да ауыр зардаптарға ұшырауымыз мүмкін.

Көптеген хаттар комитет жұмысына байланысты екен. Біріншіден, Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі комитет қоғамдық негізде құрылғанын еске саламын. Оның құрамында ғалымдар, жазушылар, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері бар. Комитеттің басты мақсатының бірі – жұртшылықтың экологиялық сана сезімін ояту, яғни табиғатты қорғау – Отанды қорғау дәрежесіндегі құрметті іс екендігін түсіндіру. Яғни, табиғатты қорғауға немқұрайды қараған адамнан ештеңе де күтуге болмайды.

Комитет ешкімнің де бет-жүзіне қарамай, кейбір министрліктердің басшыларын, жобалау қызметкерлерін сынға алып жатыр. Тұйықтан шығудың жолын іздестірудеміз. Әрине, бұл бір адамның, тіпті бір республиканың шешетін шаруасы емес, бұған бүкіл Орта Азия республикалары қатыстырыла отырып, Одақ көлемінде шешілетін шаруа. Қаншама академиктердің, ғалымдардың бас сындырып ойлануын қажет етеді.

Апрель-май айларында Совет Одағындағы бірнеше талантты публицистерді Алматыға шақырмақпыз. Бұл жөнінде Қазақстан Жазушылар одағының СССР Жазушылар одағымен келісімі бар. «Литературная газета» да арнайы экспедиция шығармақшы. Сосын, март айын «Арал мен Балқашты құтқару айы» деп жарияламақшымыз. Біздің бұл ұсынысымызды Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті қызу қолдады. Жастар арасында түрлі сенбіліктер, жексенбіліктер ұйымдастырылады.

Алматыдағы В.И.Ленин атындағы Сарайда Арал мен Балқаш қорына арнап кеш өткіземіз. Арал мен Балқаш маңында ана мен балаға арналған сауықтыру орындарын салдырамыз. Жақында ғана Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы республикалық студенттік отряд штабы командирінің орынбасары Ғ.Манинов жазғы семестрде студенттік құрылыс отрядтарының жұмысынан түскен қаржыны Арал мен Балқаш қорына аударатындықтарын айтты.

Редакцияға келген хаттардан да аңғарылады, коллектив болып, жеке өздері азды-көпті мөлшерде Арал мен Балқаш қорына қаржы аударып жатқандар баршылық. Жалпы, бұл – бүкіл халық болып қолға алатын шаруа.

– Өз елінің арғы-бергі тарихын терең білмейтін адамнан ештеңе де күтуге болмайтыны сияқты, оған салғырт қарайтындар бүгінгі күнге дейін ортамызда жүргенін жасыруға болмайды. Сіздің тарих пен бүгінгі күннің арасындағы байланыс, интернационалдық өнеге, жастарға коммунистік тәрбие беру мәселелері туралы ойларыңызды білгіміз келеді: К.Мироманова, К.Молдабекова, А.Әлиева (Шымкент қаласы), Р.Дәрменқұлова, Н.Асқаров (Қызылорда облысы), Р.Райымова (Алматы қаласы).

– Қазір жасыратыны жоқ өз тарихымыздан гөрі, шет ел тарихын жақсы білеміз. Ал өз тарихымызға келгенде кежегіміз кейін тартады. Бұл, менің ұғымымша, біздің қоғамда осы уақытқа шейін еленбей келген кемшіліктердің бірі. Мен «Ұлт мәселесі немесе төрт ана» деген өлең жаздым. Әрбір адамның өзінің туған әке-шешесінен басқа міндетті түрде төрт анасы болуы керек. Бірінші – туған жері, екінші – туған тілі, үшінші – туған мәдениеті мен дәстүрі, төртінші – туған тарихы. Міне, осы төрт анаға тамыр жіберу арқылы, соларды сүю, қадірлеу, қастерлеу арқылы ғана әр адам өзге ұлттардың тіліне, мәдениетіне, тарихына құрметпен қарай алады. Ал бірден бүкіл адамзатты сүю, құшағына сыйдыру – мүмкін емес. Олай ету нигилизмге соқтырады. Осы бір қарапайым шындықты біз осы күнге дейін бұрмалап келеміз.

Тек өз ұлтын, туған мәдениетін, әдебиеті мен тарихын жан-тәнімен сүйген адам ғана шын мәнінде интернационалист бола алады.

Қазақ республикасы өзінің даму барысында тек өз ішінен шыққан ингилистерден азап шегіп келді. Елуінші жылдардың басында үш жүзге тарта халық эпостары, атап айтқанда, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», тағы да басқа толып жатқан халықтық мұралар мен көптеген



халық әндерінің қара тізімге іліккенін осы күнгі жастардың көбі біле бермеуі мүмкін. Ол кезде бұлардың орыс тілінде аударылмаған кезі. Халықтық эпостың өн-бойынан ұлтшылдық, байшылдық сарындар іздеп, қара күйе жаққан өз ішіміздегі «саққұлақтар», әрине, солар. Ал осыларды қорғап, «саққұлақтардың» әрекетіне қарсы шыққан адамдардың өзінің басына қауіп төнді. Мәселен, басқасын былай қойғанда, Әуезов сынды үлкен дарынды қудалауға ұшыратқан да солар. Әуезовтің орыстардың арасындағы саналы азаматтарды сағалаған кезі де осы тұс емес пе? Одан кейін де, сорымызға қарай, нигилистер аз кездескен жоқ. «Қазаққа домбыраның не керегі бар?» деген Н.Жанділдин кезінде республика идеологиясын басқарды. Одан берірек келетін болсақ, Қазақ ССР Ғылым академиясында өткен беделді бір жиында Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Р.Сүлейменовтің декабрьдегі оқиғалар қазақтың орыс тілін жөнді білмеуінен болды дегенін қалай түсінеміз? Байыпсыз, дәлелсіз, аргументсіз осылай сөйлеудің өзі жұрт арасына жік салады.

Шын мәніндегі интернационализм үлгісін орыстың үлкен азаматтарынан үйрену керек. Жастарға коммунистік тәрбие беру деген сөз – олардың бойында берік интернационалдық көзқарасты қалыптасыру. Ал бұл үшін әрбір адамның бойында ұлттық ерекшеліктің дәні болуы керек. Әйтпесе, интернационализм жай ғана сөз болып қалмақ.

Жастар – біздің болашағымыз. Олар екі тілді қатар меңгерсе дейміз. Басты мәселе – осы. (Ә.Сұлтанбеков, Алғабас ауданы Шымкент облысы), «Екібастұзда еңбек ететін қазақ жұмысшы жастарының ана тіліне немқұрайды қарауы ойлантады. (М.Көлбаев, жұмысшы, Екібастұз қаласы), Ана тілімізбен қатар орыс тілін еркін меңгеру – өте қажет. (С.Жүзімхан, Алматы).

– Республикамызда интернационалдық тәлім-тәрбие беруде қос тілді меңгеруге байланысты біраз жұмыстар жүргізілді. Бұл арада өзінің азаматтық және интернационалдық тұлғасын танытқан. Г.В.Колбин жолдастың үлкен еңбегін ерекше атап өткен жөн. Жылдар бойы кептеліп келген сең бұзылды. Қос тілді үйрену ең алдымен өзіміздің тілді білмейтін, өз тілін білмейтін, екі сөздің басын қосып айта алмайтын, тіл шұбарлайтын, әр салада басшылық қызметтер атқарып жүрген дүмшелерге шаншудай қадалды. Мұның қажеті не деп ашық байбаламға көшпегенімен, іштей қырын қабақ қарайтындар да солар. Бұлардың санасында үлкен өзгерістер болмайынша – көздеген мақсатқа қол жеткізу оңай емес. Басқаны былай қойғанда, облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитетіндегі жігіттер мен қыздардың көпшілігі қазақша шығатын басылымдарды оқымақ түгілі, атын да білмейді. Оны өзіміз күнделікті өмірде көріп те жүрміз. Мәселені балабақшадан бастау керек. Үкіметіміз ұлттық балалар бақшасына көп көңіл бөліп отыр. Әрине, оқулықтар, методикалық құрал-жабдықтар жетіспей жатқандығы белгілі. Бірақ бұл ең басты кедергі болмауға тиіс. Тәрбиешілердің тіл шұбарлауына жол бермеу керек. Олардың жұмысқа талғамсыз алына салуына абай болу керек.

– Мен мектепте үшінші класқа дейін қазақша оқыдым, қалғанын орысша бітірдім. Ақталудың қажеті жоқ, қазір бәрімізге мәлім, көп жылдар бойы мектептерде қазақ тілі, әдебиеті, тарихы сапалы түрде өткізілмей келді. Мұны өз басымнан кешкендіктен де батыл айта аламын. Ол жағдай әлі де көп мектептерде өзгерген жоқ. Неліктен? (К.Көлбаева, «Садовый» совхозы Атбасар ауданы Целиноград облысы).

Бұл рас, жуырда мынадай бір келеңсіз оқиғаға тап болдым. Ахмет Жұбанов атындағы республикалық Қазақ музыка мектебінің ата-аналар жиналысына қатысуыма тура келді. Жиналысты басқарған ата-аналар комитеті председателінің сөзіне түсіну қиын болды. Тіл шұбарлаудың «тамаша» үлгісі дерсің. Одан кейін сөз алған мектеп директоры Эмиль Жолымбетов ана тілінде дұрыс сөйлей алмағандықтан ата-аналар алдында күлкіге ұшырады. Мектепте негізгі сабақтардың мұғалімдері орыс тілінде сөйлейтін болғандықтан балалардың көбісі қазақ тіліне өте шорқақ. Шөре-шөре. Сонда бұл қалай? Соңғы кездері бір топ жас музыканттар бой көрсетті. Ана тілінде сөйлей алмайтын, өз ұлтының тарихынан, мәдениетінен, дәстүрінен бейхабар, дүбәра музыканттар шыға

бастады. Олардың әндерінің түсініксіз болуының сырына үңілейікші. Ең алдымен ұлттық өнер бойына дарымай қалған. Яғни тамыр жоқ. Ал тамырсыз өнер – өнер емес.

– Мұхтар аға, сіздің орыстың белгілі ақыны Евгений Евтушенкомен достық қарым-қатынасыңыз жайлы білгіміз келеді? Евтушенко сіздің алғаш рет орыс тілінде шыққан «Лики времени» кітабыңызға алғысөз жазды. Біраз өлеңдеріңізді аударды. Орталық телевизия арқылы берілген творчестволық кешіңізді жүргізді. Осыған қысқаша тоқталсаңыз. (Х.Сағынов, дәрігер, Гурьев қаласы).

– Етене араласып жүрген досым Евгений Евтушенконың интернационалдық тұлғасын ерекше атар едім. Қай ұлтың адамының тағдыры сөз болмасын, ол үлкен азаматтық жүреппен үн қатады. Мәселен, менің кешімді өткізу үшін ол Бразилияға жүретін сапарын кейінге қалдырды. Барлық шаруама көмектесіп жүреді. Өлеңдерімді аударды, әр жерде қорғау, қолдау сөздер айтты. Ал мен өз басым оның бірде-бір өлеңін аударған емеспін. Бар болғаны, қайбір жылы қазақша шыққан кітабына алғысөз ғана жаздым. Осынша дос болып жүріп бір өлеңімді аудармағаның қалай деп ол да айтқан емес. Өйткені, Евтушенко ұсақ пендешіліктен қашанда биік тұратын адам. Өз басым әдебиетіміздегі кейбір қаламдастарымнан көрмеген жақсылықты содан көрдім, тіпті, шет елдерде жүргенде де оның сәулесі алдымнан шығып отырады. Мальтада болғанымда, Мальта Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары тек Евтушенкомен дос болғаным үшін ғана құрметтеп, қонаққа шақырды. Испанияда, Грецияда жүргенімде де Евтушенконың жанкүйерлері алдымнан шығып, құрмет көрсетті. Евтушенко менің творчествомды орыс оқырмандарына, сол арқылы шет ел оқырмандарына таныстыруда да зор роль атқарды. Әлемнің кейбір атышулы азаматтарына да қолымнан жетектеп апарып таныстырған сол. Шыңғыс Айтматовқа да мені алғаш жолықтырған, өлеңдерімді оқып шығуға өтініш жасаған да өзі. Түптеп келгенде, мен орыстың осы үлкен интернационалист ақынынан, шын мәніндегі орыстың үлкен адамынан бір таңда айтып бітпейтін жақсылық көрдім.

Бірде Евтушенконың үйінде қонақта болып, таңертең тұрсам, есік алдында жиналып қалған он бес шақты адамды көрдім. Грузия, Азербайжан, Башқұртстаннан екен. Москвалықтар бар ішінде. Әр жерден әділдік іздеп келіп отырғандар екен. Біреу отқа, біреу сотқа түскен. Соларға қол ұшын бергенін көрдім. Жаны ауыра отырып, ақыл-кеңес айтқанын тыңдадым. Сол жолы мен ақын мен қоғам қайраткерінің арасын бөліп қарауға болмайды екен-ау деп пікір түйдім.

– Қазақ әдебиетінде жақсы шығармалардың кейде тасада қалып, нашар дүниенің жақсы аталып жүруі неден деп ойлайсыз? (О.Сәрсекұлов, Б.Мәдиев, Жамбыл облысы, Т.Жүсіпов, О.Дүйсембеков, Шымкент).

– Менің ұғымымша, қазақ әдебиеті тек Одақ қана емес, әлемдік аренаға шыққан әдебиет. Біздің көптеген жазушылардың есімін шет ел біледі. Бірақ кейде үлкен қаламгерлеріміздің өзі, өкінішке орай, ел мүддесінен өз мүддесін жоғары қойып алады. Сөйтіп ұсақ пендешіліктің жетегінде кетіп қалады. Кейде әділ сынға төзбеушілік, яғни, сынды қабылдау мәдениетінің орнықтағандығынан ғой деп ойлаймын.

Киіз кітабы бар біреулерді білемін. Мәселен, пәленше мені пәлен уақытта сынады деп жіпке тізіп отыратындар бар. Халтуршикті сынасаң да – дұрыс сынады деп айта қоймас.

Мәселен, мен – журналдың бас редакторымын. Бірде-бір жазушы маған сын матетиял беріп едім, баспадың деп айта алмас. Белсенді, сыншыл көзқарас жетіспейтіндігіне бұл да бір дәлел десек ше?!

Жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деп айтпасақ, арасына шекара қойылмаса – әдебиет өспейді. Қазір бес жүзден астам Жазушылар одағының мүшесі бар. Бәрінің де правосы бірдей. Ал, бірақ, оларды даралап отыруға сынымыздың мүмкіндігі жетпей жатыр. Баяғыда «Лениншіл жаста» бір жақсы дәстүр болушы еді. Бір-бірін ашық жиналыста аяусыз сынайтын, шыққаннан кейін, ештеңе болмағандай, қол ұстасып кете беретін. Осындай мінезді мен өз коллективімде кіргізуге күш салып келемін.

– Өткен жылы Қазақ телевизиясында журнал редакциясымен болған кездесуде Сіз «1937 жылдың ақтаңдақ беттерін ашамыз, Голощекиннің жеке басына тән кейбір мәселелерге назар аударамыз» деп едіңіз. Осы жөнінде білсек. (Қ.Ахметов, Қазақстан ЛКСМ Ырғыз аудандық комитетінің қызметкері Ақтөбе облысы, Е.Байбосынов, мәдениет қызметкері, Жамбыл ауданы Жамбыл облысы, Ф.Асанов, Созақ ауданы Шымкент облысы).

– Жеке басқа табыну жылдарының зардабын республикамыздың ең ойлы азаматтары шекті. Оған қазақ интеллигенциясының таңдаулы өкілдері ұшырады. Әдебиет тарихының осы жылдардағы орны бос. Оған кезінде рұқсат болмады. Қазір оны ашық айтуға мүмкіндік туды. Біз «Жалынның» биылғы номерлерінде Х.Есенжановтың, З.Шашкиннің жұртқа белгісіз, сол кездегі ащы, ауыр шындықты суреттейтін шығармаларын, олар туралы естеліктер жариялаймыз. Сәкен Сейфуллиннің тағдырына байланысты Ж.Бектұровтың шығармасын, М.Хакімжанованың сол ауыр жылдар туралы естелігін беріп жатырмыз.

Ал, Голощекин жайына келетін болсақ, бұны әлі де зерттеп, бет-пердесін ашу керек. Оның кесірінен қаншама адамдар тағдыр тәлкегіне ұшырады. Бұл жабулы күйінде қалуға тиіс емес. Голощекин жөнінде мен кезінде Ғ.Мүсіреповтен көп сыр тыңдағанмын. Ғ.Мүсірепов бірнеше адаммен бірлесіп, оның үстінен Сталинге хат жазған. Бірақ Сталин хатқа бұрыштама қойып, Голощекиннің өзіне қайтарыпты. Содан соң Голощекин Мүсіреповті шақырып алып, бюро мүшелерін жинап, олардың алдында жазушыны мақтаған болып, шындықты айтқанын жақтаған болып, алты айға алыс командировкаға жіберген. Көп ұзамай, бір айдан кейін, Голощекиннің өзі орнынан түсіп қалған. Әйтпесе кекшіл, кешірмейтін адамның Мүсіреповке де зияны тиюі мүмкін еді. Голощекиннің кезінде еліміздің шаруашылығына қаншама нұқсан келді, ел аштыққа ұшырады. Бұл ұмытылмақ емес. Бұдан басқа да жеке басқа табыну кезеңінің жазылуға тиіс жағдайлары бар. Ол алдағы уақытта журналда көрініс табады. Кезінде оқырсыздар.

– Мұха, менің көкейімде бір ой жүр еді. Сіз өзіңіз де Шымкент өңірінің тарихын жақсы білесіз. Көптеген жер атауларына неге көңіл аударылмай келеді? Мәселен, Ванновка, Черняевка, т.б. (М.Серікбаев, Алматы). Кейбір жер-су аттарын бұрынғы қалпына келтіруге болмас па екен? (Р.Әбілханов, Қарағанды).

– Бұл өте орынды талап. Мәселен, Түлкібас ауданының орталығы – Ванновка селосы. Бұл 1891 жылы Николай патшаның оң қолы, монархияшыл генерал П.С.Ванновскийдің Россия империясының Соғыс министрі болып тағайындалу құрметіне орай қойылған. Әлі күнге дейін бұған назар аудармай келуіміз түсініксіз. Бұл мәселеге таптық және партиялық принцип тұрғысынан қарайтын кез жетті. П.С.Ванновскийдің шын бет-бейнесі туралы В.И.Лениннің «Банкроттықтың белгілері» дейтін еңбегінде (Полн. собр. Сочин., 6 том, 299-300 стр. М., 1967 г.) және Үлкен Совет Энциклопедиясында (БСЭ. 3-изд. 1971 г. М, т. 4 стр. 291) нақты жазылған. Сондай-ақ Жайық өзенінің осы уақытқа дейін Урал деп аталып келуіне де үңілейікші. 1775 жылы 10 январьда Емельян Пугачев өлім жазасына кесілген. Содан бес күннен кейін Екатерина II-нің бұйрығы бойынша Жайық өзенінің аты өзгертілген. Өйткені патша Жайық деген атау Пугачев көтерілісін еске салады деп қорыққан. Ал содан бері екі ғасырдан астам уақыт өтті. Патшаның бұйрығын өзгертетін кез әлдеқашан жеткен сияқты.

Біздің республикамызда жер-су аттарын қайта қарайтын арнаулы комиссия құрылуы қажет деп есептеймін.

Бекболат Бәйтіков, Алматы облысының Қаскелең ауданындағы Жандосов атындағы орта мектептің тарихшы мұғалімі: – Мәдени мұраға, халықтың қымбат қазыналарына салғырт қарайтын сияқтымыз. Бұл жөнінде Сіздің ойыңыз қандай?

– Жақында мен бір хат алдым. Онда Семей облысындағы халқымыздың көне де қадірлі мұраларының бірі «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» бейітін қамқорлыққа алу туралы жазылыпты. Махаббат символы аталған мавзолейдің бүгінгі хал-жағдайы көңіл құлазытарлық. Қабырғалары толған шимайланған жазу, тіпті, олардың арасында

облыстық театрдың артистері мен жауапты орындарда істейтін адамдардың да есімдері бар көрінеді. Міне, біздің мәдени-тарихи мұраларға, халықтың қымбат қазыналарына деген көзқарасымыздың сиқы.

Бақытгүл Жандарбекова, Талдықорған облыстық ауруханасының дәрігері: – Орыстың ұлы ақын-жазушылары Толстойдың, Блоктың, Есениннің, тағы басқалардың туған, өмір сүрген, ұлы шығармалар тудырған жерлері халықтық құрметке бөленіп, қорыққа, музейге, мәдениет ошағына айналып жатыр. Бұл өте құптарлық және адам қызығарлық дәстүр. Осы тұрғыдан ойланғанда бізде де халықтың ардагер ұл-қыздары туған, өмір сүрген жерлер баршылық екені еске түседі. Мысалы, ұлы Абай мен Мұхтардың елі, әйгілі Шыңғыстау. Соларды жұртшылық жиі келетін орынға айналдыруға неге болмасқа?

– Сіз әр кезеңде айтылып, бірақ шешімін таппай келе жатқан проблеманы қозғап отырсыз. Бұл арада Ғ.Мүсіреповтың «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы» деген өсиеті қашанда жадымызда болуға керек. Өкінішке орай, бізде әлі күнге дейін ұлы адамдарымыздың өмір сүрген, өскен өлкесін қадірлеу жағы кемшін. Немесе, ұлы Абай, Мұхтар, Шоқан, Махамбет т.б. өскен жерлерді қорыққа айналдыруға неге болмасын. Бұл – алдағы кезде Жазушылар одағының, жергілікті партия, совет органдарының бел шешіп кірісетін шаруасы.

Қондыбай Тасқынбаев, Арыс қаласындағы балалар үйінің директоры: – Менің сізге қояр екі сұрағым бар: біріншісі – қалалар мен жергілікті жерлердегі балалар үйіне комсомолдық қамқорлық жайы мүлде қанағаттандырмайды. Екіншісі – мысалы біздің балалар үйінде 12 ұлттың перзенті тәрбиеленуде. Бұлардың ішіндегі көбірегі – орыс және қазақ балалары. Мектеп бітірер кезде сол балалар «Неге бізді ана тілінде оқытпадыңыздар, біз өз тілімізді білмей қалдық» деп өтініш-өкініш білдіреді. Сіз осы мәселеге қалай қарайсыз?

– Жетім балалар тағдыры біздің елімізде үлкен проблемаға айналғаны қашан. Осы проблеманы шешуге қазір жақсы бетбұрыс бар. Бұл – әр азамат қол ұшын беруге тиіс шаруа. Мәселен, біз «Жалынның» І-ші санында «Ананың көңілі – далада» деген мақала жариялап жатырмыз.

Жергілікті комсомол ұйымдарының, басқа да қоғамдық ұйымдардың бұл мәселеден алыстап кеткені рас. Ал біздің редакция коллективі өзара ақылдасып, қаладағы №1 балалар үйін қамқорлыққа алды. Оларға арнап кітапхана жинақтаймыз. Басқа да түрлі жағдайларда жәрдем береміз. Ал тілге келетін болсақ, бірде-бір жетімдер үйінде жергілікті ұлт тілінде сабақ оқытылмайды. Бұл арада олардың талабы өте орынды деп есептеймін.

Қазір қайта құру кезеңінде Қазақ ССР Оқу министрлігінде де елеулі өзгерістер болуға тиіс. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары жүздеген қазақ мектептері жабылып қалды. Оған кім кінәлі? Әрине, Қазақ ССР Оқу министрлігі.

Соның бәрі біреу-міреу ұлтшыл деп кінә тағып жүрмесін деген асыра сақтықтан, таяз ойлаудан, пендешіліктен туған. Қазір жаңа министр бұл мәселені шешуге батыл атсалысады ғой деп сенемін.

Гаухар Татаева, ҚазПИ-дің жаратылыстану және география факультетінің студенті: – Қазіргі қайта құру кезеңіндегі дәстүр, этика, сондай-ақ жастар тәрбиесі туралы ойларыңызды білгіміз келеді?

– Әр ұлттың өзіне тән жақсы ғажайып дәстүрлері болады. Мысалы, грузин халқында бой жетіп, ұзатылатын қыздың ең басты жасауы деп Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты ұлы туындысын есептейді екен. Тамаша дәстүр емес пе?!

Бұдан бірнеше жыл бұрын қазақ әдебиетінің Эстониядағы күндері өтті. Сонда қазақ жазушылары Қадыр Мырзалиев, Шерхан Мұртазаев, Сейдахмет Бердіқұлов, Дулат Исабеков, Тұманбай Молдағалиев, т.б. бір жақсы жағдайдың куәсі болдық. Муху аралының Когута деревнясында болғанымызда, көшелерде бұдан жүз, жүз елу, екі жүз

жыл бұрынғы ескі қайықтардың жатқанын көрдік. Мұның себебін сұрағанымызда эстондықтар: «Бұлар кезінде адамға адал қызмет етті. Сондықтан да жақсылық ұмытылмауға тиіс», деп жауап берді. Қандай жарасымды!

Осындай жақсы дәстүрлер бізде жоқ па еді? Бұрын біздің ауылда «Наурыз мерекесі» өтуші еді. Жұрт бұған нақ бір тойға дайындалғандай әзірленетін, ауыл азаматтары кетпен-күректерін алып, үлкен-кіші арықтарды тазалауға шығар еді, ал қыз-келіншектер, жүгері көже, тары көже, бидай көже пісіріп алып келер еді. Тәтті тоқаштың түр-түрін әзірлейтін. Бұл өзі, бір жағынан, тағамдар көрмесі тәрізді, екінші жағынан, жаңағы жиналған жұрт ән-жырға кезек беріп, соңы көңілді демалысқа ұласар еді. Қазір осы бір жақсы дәстүрден көз жазып қалдық. Бірақ туысқан Азербайжанда осы көктем мерекесі жақсы жолға қойылған. Бұл орайда мен республика жастарына, жастарға ғана емес, аға буын өкілдеріне, ауыл ақсақалдарына, жергілікті партия, совет, шаруашылық басшыларына мынадай ұсынысым бар: жыл сайын март айында «Наурыз мерекесін» өткізіп отырсақ. Туған жердің экологиясына назар аударсақ. Сол күні бәріміз өзіміз тұратын елді мекендерде, қалаларда, ауылдарда ағаш отырғызсақ. Сол күні әрбір адам көктемдегі көңіл күймен жаңару, жасару лебін сезінсе. Міне, бұл өте пайдалы іс болар еді. Әрі дәстүрдің жаңаруы, қайтадан өмірге келуі тәрізді ғой бұл. Бұған қосарым, біздің мектептерде этикалық тәрбие сабағы жүргізілмейді. Осының көп қырсығы бар. Ұят мәселесінің бетімен кетуі үлкен қауіп тудырады. Бірде Ғабиден Мұстафин екеуміз Ғабит Мүсіреповтің үйіне бара жатқан жолда жас қыз бен жігіттің тапа-тал түсте сүйісіп тұрғанын көрдік. Алдынан үлкен қария, бүкіл еліміздің рухани байлығын арқалаған адамның біреуі өтіп бара жатыр-ау деп қымсынған да жоқ. Ғабен сонда: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді. Осының бәрі бізде этикалық мәдениеттің жоқтығынан» деп қатты ренжіді. Сол кезде Ғабене өтініш жасадым. Осы ойларын қағазға түсіріп беруін сұрадым. Кейін ол «Жауқазын буынға хат» деген атпен журналымызда жарық көрді.

Қалай десек те, бала бақшаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында еліміздің жақсы дәстүрлерінен жинақталған этикалық сабақ өтілуі керек. Мұндай оқулықты жасауға жазушылар, ғалымдар, педагогтар белсене атсалысуы қажет деп есептеймін.

«Лениншіл жас» газетіндегі оқырмандармен сұхбатыма байланысты маған телефон арқылы, хат арқылы екі жүзден астам сұрақ қойылды, әрине, ол сұрақтардың көбі бірін-бірі қайталайтын болғандықтан, басты-бастыларына топтап жауап бердім.

«Лениншіл жас»,  
1987 ж.

## АҚ ТОЗАҢНЫҢ АЙНАЛАСЫ

*Арал теңізінің тартыла бастауы қалың жұртшылықтың қатты алаңдаушылығын туғызуда. Өйткені бұл адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуын аңғартады. Осы орайда республика денсаулық сақтау министрі Талапқали Әбішұлы ІЗМҰХАМБЕТОВКЕ газетіміздің тілшісі жолығып, бірнеше сауал қойған еді.*

*Экологиялық апат аймағы... арал теңізінің деңгейі 13 метр төмендеп, оның суы бұрынғы жағалаудан кей тұстарда 70-80, кей тұстарда 112 шақырымға дейін қашықтаған. Теңіз тіршілігінің тірегі болған қос қолы – қос өзеннен (Сырдария, Әмудария) қуат кеткелі жағдай тіпті қиындап кетті. Қазіргі таңда Арал теңізінің деңгейін көтеру емес, тек осы қалпында сақтап қалу үшін ғана жыл бойы оған 45 текше километр су құйылуы керек. 1956 жылы Әмудария мен Сырдария Аралға жылына 56-58 текше километр су берген екен. айналасы 30 жылдың ішінде Сырдария теңізге нәр тамызбай, ал Әмудария бар болғаны жылына 5-ақ текше километр су құятын халге жеткен. Сонда әлгі 45 текше километр суды аспаннан аламыз ба деген сауал мазалайды. Әзірге нақты жауап, батыл болжам бола қойған жоқ. Әлі де болса қоғамдық пікірдің мемлекеттік шешімге ұласуына қанша уақыт кетері белгісіз. Арал проблемалары жөнінде Өзбекстанда, Түркменстанда және Қазақстанда құрылған қоғамдық*

комитеттердің жұмысына халық қызу қолдау білдіруде. Бұл қоғамдық комитеттердің мүшелері күн тәртібіне қоятын актуальды мәселелердің оң шешімін табуы ғана апаттың алдын алдын алуға апарары сөзсіз. «Ақ алтын» деп мақтаны, «ақ маржан» деп күрішті айрықша әспеттеп, тым қымбатқа бағалап келдік. Ал табиғаттың төл перзенті Арал теңізінің тағдыры одан да қымбат екенін ескермеген едік. Енді, міне, Аралдан айырылсақ алда не күтіп тұрғанын болжаудың өзі қиын. Шұғыл шара қолданылмаса – 1990 жылға дейін Арал теңізінің суы 63 процентке азаяды екен де, одан көтерілген тұз тозаңы 500 шаршы шақырым аумақты тұтас жабатын көрінеді. Экологиялық зардаптың алдын алу мақсатында әртүрлі жоба-ұсыныстардың өмірге келе бастауы заңды. Соның бірі – Арал теңізін үшке бөліп, «Үлкен Арал», «Кіші Арал», «Батыс Арал» деп сақтау жөніндегі пікір. Бұл теңіздің деңгейін қазіргі қалпынан да көп төмендетеді деген сөз. Оның қаншалықты тиімді болатынына әзір көз жеткізу қиын. Егер Қызылқұм мен Қарақұм бірігіп кетсе – құмды дауыл ойнақ салған ұланғайыр шөл дала пайда болмақ. Арал тағдырына алаңдаушылық дабылы күшейе түскен сайын бір нәрсеге айқын көз жете бастады. Ол – табиғат пен адамның кіндіктес екендігі, бірінен бірін үстем қоюға болмайтындығы, біріне-бірі тәуелді екендігі.

Шыны керек, осы уақытқа дейін Қазақстанның 19 облысына деген көзқарас бірдей болып келді. Қызылорда оюлысының экологиялық ерекше қауіпті аймақта екендігі ескерілмеді. Тоқырау кезеңіндегі сыңаржақ көзқарастың салқыны енді білінуде. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңға дейін Қызылорда облысынан 42 мың адам қоныс аударды. Бұл экономикадағы, шаруашылықтағы шарасыздықтардың әлеуметтік салада орын алған қиындықтармен сабақтасып жатқанын аңғартса керек.

Арнасы кеуіп қалған өзендердің сағасында, күннен-күнге жағалаудан алыстап бара жатқан Аралдың айналасында әлдебір көмек боларына сеніп, атақоныстан үдере көшпей, жанкешілікпен еңбек етіп жүрген жергілікті тұрғындар қанишама. Адам тағдырына немқұрайды қарамау жөнінде бұған дейін әдемі сөздер аз айтылған жоқ, енді мұндағы жағдайға жан-жақты, терең, ғылыми нақты талдаулар жасалып, қамқорлық күшейтілуге тиіс.

– Талапқали Әбішұлы, Арал проблемасы қозғалған кезде міндетті түрде осы аймақты мекендейтін тұрғын халықтың денсаулығына, Аралмен тағдыры бір адамдардың бүгінгі мен болашағына алаңдаушылық білдірілуі орынды. Ауа райының өте қиын жағдайында: жазы – ыстық, аңызак, аптап, қысы – суық, құм бораны, жауын-шашын мөлшері өте төмен, оның үстіне ауыз судың тапшылығы тағы бар – адамдар қалай өмір сүруде? Әлде, мұндай жағдайға да бейімделуге бола ма?

– Арал теңізінен айырылуымыз мүмкін, бірақ адамдар қазіргі табиғи ортаға бейімделуі керек деген мүлде қате пікір. Аралды сақтап қалу жолындағы күрес тек бірер министрліктің немесе бір-екі республиканың ғана шешетін шаруасы емес, бұл – Одақтық көлемде шешімін табатын мемлекеттік іс. Ал Қос өзен алқабында тұратын адамдардың денсаулығы бізді қатты алаңдатады.

Сырдария өзенінің суын әртүрлі шаруашылық мақсатына пайдаланып, оның бойында 16 су қоймаларын салу сағадағы елдің жағдайын күрт нашарлатып жіберді. Өзен суының құрамындағы әртүрлі улы химикаттар 10 есе көбейген. Қызылорда, Қазалы, Арал қалаларының тұсында судың тұздылығы нормадағыдан 1,77 – 3 есе асып кеткен. Сонымен қоса өзен суынан әртүрлі іш ауруларының, іш сүзегінің, тырысқақтың, басқа да жұқпалы аурулардың қоздырғыштары бөлінетіні анықталды.

Міне, осылайша, Сырдария суының ағысына қойылған тосқауылдар оны тұрғын халықты сумен қамтамасыз етуге пайдалануға мүлде жарамсыз етті. Қазіргі тазарту әдістері Сырдария суын нормадағы деңгейде тұтынуға кепілдік бере алмайды. Сөйте тұра, облыстың көптеген елді мекендері, соның ішінде Қызылорда қаласы өзен суын шаруашылық-тұрмыстық мақсатта, тіпті ауыз су ретінде пайдалануды тоқтатқан жоқ. Су құбырлары қуатының 40 проценті Сырдария өзенінің суымен қамтамасыз етілген (мәселен, Қызылорда қаласындағы, Ленинск поселкесіндегі, Қазалы, Жаңа Қазалы,

Жосалы, Тасбөгет, Қаратерең су құбырлары). Ал облыс тұрғындарының тұтастай алғанда орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілуі 65-ақ процент. Сонда халықтың қалған бөлігі құдық суын (оның да сапасы нашарлап кетті), тазартылмаған өзен суын ішеді. Тұрғындардың 3 проценті өздері мекендейтін жерде сукөздерінің болмауы себепті (Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында) тасымалданып апаратын суға қарап қалған.

Жергілікті тұрғындардың, су құбырлары бола тұра, ауыз суға зәрулігі гигиеналық талаптан көп төмен. Мәселен, Жаңа Қазалы, Шиелі, Жаңақорған, Арал тұрғындарының тәуліктік тұтынатын су мөлшері 15 – 20 литрден аспайды, бұл нормадағыдан 10 есе аз.

Ал облыста ішуге болатын сапалы жер асты суларының қоры жетерлік, бірақ соны игеру жұмыстарының қарқыны тым баяу. Бұл – әлеуметтік және коммуналдық-тұрмыстық салалардың объектілерін жетілдірудің бәріне тән жағдай.

Су құбырлары жүйесінің жұмыстары да, каналдандыру жүйесінің дамытылу жоспары да, ет-сүт, тамақ, балық өнеркәсібі, сауда, қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің санитарлық жағдайын жақсарту да көрсетілген деңгейден көрінбеді. Аталған шараның аяқсыз қалуына ең алдымен республика агроөнеркәсіптік комитеті, Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық, Мелиорация және су шаруашылығы, Құрылыс, Сауда министрліктері және басқа да бірқатар мекемелер кінәлі.

Осының салдарынан жергілікті тұрғындар арасында әртүрлі жұқпалы аурулар көбейіп кетті. (Іш сүзегі, бауыр, бүйрек, асқазан аурулары, дизентерия, т. б.) Бұл жұқпалы аурулардың тигізген экономикалық зияны – 43,5 миллион сом. 1974 жылдан бері аталған ауру түрлері облыстың барлық елді мекендеріне тіркелген.

Арал аймағы бойынша алғанда (Арал және Қазалы аудандары) іш сүзегінің 100 мың адамға шаққандағы көрсеткіші облыстық көрсеткіштен 4,5 есе артық, ал республикалық көрсеткіштен 37 есе асып түседі. Ал салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, облыстың басқа аймақтарында (Жаңақорған, Шиелі аудандарында) жаңағы көрсеткіш облыстық деңгейден 17 есе төмен, бірақ, республикалықтан 5 есе жоғары.

Арал және Қазалы аудандарында ауыр ішек инфекциясының елдің экономикасына зияны әлі де жоғары деңгейден түспей тұр. Мәселен, 1977 жылы ол 355618 сом мөлшерінде болса, 1987 жылы – 317906 сом. Яғни, шамалы ғана айырмашылық байқалады. Осы 10 жыл аралығында Жаңақорған және Шиелі аудандарында аталған аурудың экономикаға тигізетін зиян мөлшері 80 мың сомнан аса кеміді. Бұл жоғарыда аталған екі ауданмен салыстырғанда, әрине, тәуір.

– Талапқалы Әбішұлы, халық денсаулығының басты бір өлшемі ретінде балалардың амандығын, ауру-сырқауға ұшырамауын алуға болатын сияқты. Өйткені, балалар – біздің болашағымыз, қоғамымыздың ертеңгі құрылысшылары, сенімді ізбасарларымыз болуға тиіс. Ал Қызылорда облысында балалардың әртүрлі жұқпалы ауруларға ұшырауы қатты күйзелтетін жағдайда екен. Арал аймағы балалардың өлімі жөнінен Одақта бірінші орынға шығып кетіпті. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Бұл – өте төзгісіз жағдай, 14 жасқа дейінгі балалардың соңғы бес жыл ішінде жұқпалы ауруларға шалдығу көрсеткіші төмендегідей: іш сүзегі – 34,5-тен 43,9 процентке дейін, паратиф-қылау – 29,1 - 62 процентке, сальмонеллез 70,5 - 73,1 процентке, жұқпалы іш аурулары – 72,8 - 82,1 процентке, бауыр ауруы – 69,6 – 81,3 процентке дейін өскен.

Ауыр ішек инфекциясының 90 процентке жуығы лабораториялық тексеруден өткізілмейді, мұның бірден-бір себебі, аталған аймақта вирусологиялық лабораторияның болмауынан.

Ауыр ішек инфекциясына шалдығатын балалардың 75 проценті бір-екі жастағылар екені байқалады. Балалар өлімінің 30 проценті тек осы ауру салдарынан болып отыр. Сүт тағамдарымен қамтамасыз ету деңгейі де облыс көлемінде талапқа сай емес. Әртүрлі жеміс-өсімдік түрлері жетіспейді. Балалар тағамына олардың денсаулығына аса қажетті әртүрлі витаминдердің болмауы мешел ауруына жиі ұрындырады. Осының салдарынан, балалардың 70 проценті қосымша тамақтандыруды, ал, 30 проценті емдеу-сауықтыруды қажет етеді.

Облыс тұрғындарына сапалы дәрігерлік қызмет көрсету үшін және ауру түрлерін азайту үшін ең алдымен денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық базасын жақсарту қажет. Облыстағы 75 аурухананың тек 10-ы ғана арнайы үлгідегі үйлерге орналасқан. Ал көптеген ауруханаларда бір адамға нормадағы 9-11 шаршы метр орнына 3 шаршы метр ғана жер бөлінген. Ауруханаларда орынның жетіспеушілігі ондағы санитарлық-гигиеналық ереженің бұзылуына, ал емдік-диагностикалық бөлімдер мен кабинеттердің аздығы аурудың алдын алуға мүмкіндік әпермейтіні түсінікті. Тіпті жұқпалы ауруға шалдыққандардың бәрін дерлік ауруханаға жатқызып, қажетті ем қолдануға мүмкіндіктің жоқтығынан асқан қолбайлау болуы мүмкін бе? Емханаларда екі-үш маман дәрігердің сырқаттарды бір кабинетте отырып қабылдауы да жұмысқа кері әсерін тигізбек.

Облыста балалардың тууы да, өлімі де жоғары болып отырғанына қарамастан, әйелдер босанатын, балаларды емдейтін, сауықтыратын мекемелердің материалдық-техникалық базасы өте нашар.

Қызылорда қаласында бірде-бір жаңа үлгідегі балалар емханасы жоқ. Облыстық балалар ауруханасын салу жоспарланбаған. Бұл мәселелер алдағы уақытта шешімін табады деп есептейміз.

– Талапқали Әбішұлы, өзен суларының ішуге жарамсыздығынан, тұздылығы көбейіп кетуінен, оған қоса әртүрлі зиянды заттардың су құрамына қосылуынан Қос өзен алқабында ауру-сырқау көбейіп кеткені анық болды. Ал жер асты тұщы суларының мол қорын пайдалануға қашан қол жеткізетіні әзірге белгісіз. Қазір бізді қоршаған ортада табиғатқа жат 50 мыңға жуық химиялық түзілістер бар көрінеді. Американың Флорида және Калифорния штаттарында улы химикаттардың түсіп кетуі салдарынан жер асты суларының 30 процентке жуығын жауып тастаған. Ал швед ғалымдары жуырда Балтық теңізінен ұстаған балықтың бойынан диоксин дейтін қауіпті улы зат тапқан. Бұлардың бәрі адам мен табиғат арасындағы арасалмақтың бұзылуынан төнген қатерді аңғартса керек. Арал өмір сүруге тиіс. Аралмен бірге, атақоныстарына көшпеген азаматтардың да денсаулығын сақтау керек. Осы бағытта Денсаулық сақтау министрлігі қандай нақты шаралар қолдануда және нендей мәселелерге айрықша назар аударады?

– Қазіргі таңда Арал трагедиясына ана министрлік, мына министрлік кінәлі, ғалымдар, дәрігерлер, шаруашылық басшылары жауапты деген әңгіме көбірек. Дұрыс. Бұған бәріміз де кінәліміз. Енді жауапкершілікті шын сезінген адам, мейлі ол кім болса да, сөзден іске көшуі керек. Апатты болдырмауға титтей деболса үлесін қоссын, жаны ауырып тұйықтан шығар жол іздесін, біз осы бағытта жұмыс жүргізбекпіз.

Нақты шараларға келетін болсақ, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі 1987 жылдың ноябрь айында Қызылорда облысы тұрғындарына дәрігерлік-санитарлық көмектің жағдайы және оны жақсарту шаралары жөнінде кеңейтілген коллегия мәжілісін өткізген. Практикалық көмек көрсету шаралары белгіленді. Туберкулез, Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институттарының мамандарынан құрылған бригада шығару жоспарланды. Қазақтың туберкулез ғылыми-зерттеу институтынан барған мамандар Қызылорда облысының барлық аудандарында болып, жергілікті тұрғындарға практикалық және ұйымдастыру-методикалық көмектер көрсетті. Дәрігер фтизиатрлармен семинар-кеңес өткізілді.

«Казглавмедтехника» бірлестігі Қызылорда облысының медициналық құралдарға сұранымын 1987 жылы 120 процент орындады (сұраныс 803 мың сом болса, 964 мың сом бөлініп, игерілді). Бұған қосымша, 124 мың сомның 60 түрлі медициналық техникасы берілді, оның 9-ы шетелдік.

Дәрі-дәрмектерді бөлу коэффициенті ұлғайтылды, әсіресе антибиотиктер көп мөлшерде бөлінетін болды.

Аналар мен балаларға көмекті күшейту бағытында бұл облысты Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институты шефтік қамқорлыққа алды. Дәрігерлік «десанттар» арқылы облыстың елді мекендерінде практикалық жәрдем беру жүзеге асырылды. Дәрігерлік



«десант» облыста бір айдың ішінде 2770 адамға (оның 1112-сі әйелдер, 1658-і балалар) қызмет көрсетті.

Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бас басқармасы, Қазақтың эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар институты облыстық санэпидстанциямен бірлесе отырып, ауыр ішек инфекциясы кең таралған елді мекендерде мемлекеттік санитарлық бақылауды күшейту шараларының жоспарын жасады. Облысқа 12 санитарлық дәрігер жолдамамен жіберілді. Екі жабдықталған лаборатория бөлінді.

Жуырда республикалық «Денсаулық» орталығы құрылды. Бұл экологиялық проблемаларға, оның ішінде тікелей Аралға байланысты жұмысымыздың жаңа деңгейде ұйымдастырылуының дәлелі болмақ. Ғылыми-өндірістік бірлестік ретінде оған жүктелетін міндет ауқымды, бір орталықтан басқарылатын ғылыми-зерттеу, профилактикалық жұмыстардың жоспары жасалуда. Біз осы уақытқа дейін дертке шалдығып, дәрігерге өздері келіп көмек сұрайтындарды ғана біліп келдік, енді «Денсаулық» орталығы белгілі бір қауіпті аймақта тұратындарды түгел назарда ұстайтын болады.

Қызылорда облысындағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды реттеу мақсатында, ауыр ішек инфекциясымен ауыратындардың санын азайту үшін төмендегідей мәселелерге айрықша назар аудару қажет деп санаймыз. Біріншіден, облыстағы елді мекендерді ішуге жарамды жер асты суларын пайдалануға көшіру керек. Арал-Сарбұлақ, Қызылорданың оң жағыдағы Айдарлы су құбырларының құрылысын тездету қажет; тұрғын халықтың орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілуіне қол жеткізу арқылы көптеген шараларды дұрыс шешуге болады, сондай-ақ, суды пайдаланудың белгіленген мөлшерін қалада да, село да да сақтау қажет; су құбырлары жүйесі мен құрылысының іске қосылу сапасына айрықша мән бермесе болмайды.

Осы аталған мәселелердің дұрыс жүзеге асуы үшін республика Агроөнеркәсіптік комитетіне, Коммуналдық шаруашылық, Мелиорация және су шаруашылығы министрліктеріне, «Қазгеология» өндірістік бірлестігіне ерекше жауапкершілік жүктеу керек.

Сондай-ақ, Шардара су қоймасына 12 текше километр су құйылуының орташа көп жылдық белгіленген лимитін қамтамасыз ету, мақта мен күріш өсіруге пайдаланылатын суармалы жер көлемін қайта қарау, суармалы жерлерге бөлінетін судың мөлшерін қайта белгілеу сияқты күрделі мәселелер мемлекеттік шешімін күтеді.

Жуырда орталық баспасөз бетінде балықшылар Аралдан мұхиттарды мекендейтін қамбала-глосс дейтін балық түрін ұстап алғаны жазылды. 1982 жылдан бері Ақантай айлағының, Барсакелместің маңында осы балық түрі теңізге жіберілген екен. қамбала балық Аралда өмір сүре бастағаны қуантады. Бірақ оның да ертеңгі тағдыры Аралдың тағдырымен бірге шешіледі.

«Лениншіл жас»,  
1988 ж.

## «АРАЛ КҮНДЕРІ» ҚАЛАЙ ӨТТІ?

*Еліміздегі экологияның ең бір шиеленіскен түйіні Арал теңізінің тағдырына байланысты. Ащы шындық бүгінгі таңда ғана ашық айтыла бастады. Адам қолымен жасалған қиянаттан азап шеккен теңіздің арашашысы болу әрбір саналы азаматтың борышына айналуға алайда, алаңдатарлық ахуалдық ақ тұманы әлі де сейілер емес. Мемлекеттік шұғыл шаралардың белгіленуі көңілге үлкен медеу. Ал «Арал бұрынғы қалпына келе ме? Табиғи тепе-теңдік сақтала ма?» деген сауалдар күн тәртібіне өткір қойылуда. Москвада 21-25 ноябрь күндері Аралды құтқару жөніндегі өзбектің қоғамдық комитеті, Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі қазақтың қоғамдық комитеті және ақындардың «XX ғасыр. Бейбітшілік және экология» халықаралық Арал қозғалысы*

ұйымдастыруымен «Арал күндері» өткізілген еді. Баспасөзде хабарланғанындай, астана жұртшылығын да Арал трагедиясы бей-жай қалдырмағаны байқалады. Арал апатының алдын алу – бүкіл еліміздің мүддесімен сабақтас. Міне, сондықтан да Мәскеудегі «Арал күндерінде» қозғалған мәселелерге байланысты пікірін білдіруді өтініп, А.А.Фадеев атындағы Әдебиетшілерінің орталық үйінде өткен мәжілісте «Арал және адамгершілік» деген тақырыпта баяндама жасаған Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитеттің председателі, ақындардың «XX ғасыр. Бейбітшілік және экология» халықаралық Арал қозғалысының президенті, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, «Жалын» журналының бас редакторы Мұхтар Шахановқа жолыққан едік.

– Мұха, Москвадағы «Арал күндері» актуальды экологиялық мәселелерді күн тәртібіне тағы да өткір қойды деп ойлаймыз. Үміт оянғандай. Ал, ең алдымен, Арал аймағын мекендейтін адамдардың денсаулығын жақсарту жөніндегі жұмыстарға тоқталсаңыз...

– Москвада өткен кездесу өте пайдалы болды. Арал жөнінде мемлекеттік қаулы қабылданғанынан жұрт хабардар. Шынында да бұл қаулының Арал проблемасын шешуде елеулі маңызы бар екені белгілі, осы қаулыны негізге ала отырып, біраз шаруа тындыруға мүмкіндік туды. Ал енді, осыған орай, біз КСРО денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары, КСРО-ның бас санитарлық дәрігері А.И.Кондрусовтың алдына мынадай фактілерді қойдық; қос өзеннің сағасында отырып, суын пайдаланатын жергілікті тұрғындар түрлі аурулардан қатты зардап шегуде. Өзендерге құйылатын судың 35-40 проценті өндірістік қалдықтармен, кәріз (дренаж) суларымен ластанған. Егіс алқаптарында пайдаланылатын әртүрлі химикаттардың шайындысы да өзен суларын улайды. Содан келіп әртүрлі іш ауруларын, өкпе-бауыр, бүйрек, асқазан, т.б. ауруларын тудыратын микробтардың саны 104 есе көбейген.

Қызылорда облысында 500 мыңға жуық адам тұрады. Ал соңғы 15 жылда олардың 65 мыңы бауыр ауруына ұшыраған. Бұл республика көлеміне шаққанда 40 пайызы, іш ауруларына шалдыққандардың саны 70 мыңға жеткен. Мұнда туберкулез бен бруцеллез Одақ көлемінде ең жоғарғы деңгейде. Сырдарияның суында адам денсаулығына өте қауіпті ДДТ, гексахлоран препараттары бар. ДДТ-ның мөлшері белгіленген дозасынан 50 есе көп! Біздің білуімізше ДДТ-ны мүлде қолдауға жөнінде бұдан 23 жыл бұрын Халықаралық конвенцияда келісілген. Ал КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 17 қаңтар 1979 жылы «Дезинфекция ісін одан әрі нығайту және дамыту шаралары жөнінде» шығарған бұйрығын қалай түсінеміз? ДДТ мен гексахлоран қалаларға, кеңшарлар мен ұжымшарларға тонналап тасылуда. Мәселен, бір ғана Алматы облысына биылғы жылы 19 тонна ДДТ, 600 кг. гексахлоран әкелінген, ал 1989 жылы 27 тонна ДДТ, 240 тонна гексахлоран жеткізілмек. Сонда бұл да жоспарлы тапсырма болғаны ғой. Басқаша түсіну қиын.

А.И.Кондрусов жолдас келесі жылдан бастап бұған жол берілмейтінін, мәселе орынды, дұрыс көтеріліп отыр деп жауап қайтарды. «Бұл іс кешеуілдетілмей, неге биыл қолға алынбады?» деген сауалды біз оған қайта қойдық. Міне, Москвадағы «Арал күндерінде» осындай ашық, өткір әңгімелер қозғалды.

– «Арал күндеріне» қатысушылардың принципті көзқарастары айқын байқалды ма?

– «Арал күндері» шын мәнінде интернационалдық сипат алды. Одақтас республикалардың, Москваның өкілдері Аралға шын мәнінде жанашырлық көрсетті. Олар, бізбен бірге, әлі де болса сақталып отырған бюрократтық ұйғарымдарға қарсы шықты. КСРО Жазушылар одағының хатшысы, «Новый мир» журналының бас редакторы С.П.Залыгин, академик Г.Н.Сидоренко, қырғыз жазушысы Ш.Айтматов, «Арал-88» экспедициясының жетекшісі Г.Резниченко, Қарақалпақ АКСР-і Ғылым академиясының президенті С.Камалов және басқа да жолдастар экологиялық проблеманың адамзат тағдырымен тікелей байланысты екендігіне екпін түсіре назар аудартты. Москваға

Қазақстаннан барған қоғамдық комитет мүшелері, ғалымдар, мамандар арасында академик Т.Шарманов, КСРО халық артисі Р.Бағланова, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші секретары С.Мұратбеков, профессор А.Тұрсынов, Қызылорда облыстық табиғат қорғау комитетінің председателі Е.Тыныштықбаев, Қызылорда облыстық газетінің редакторы Н.Уәлиев, Кеңес Одағының Батыры Ж.Қизатов, Қазақстан Компартиясы Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші секретары Е.Көшербаев және басқа да жолдастар А.Фадеев атындағы Әдебиетшілер үйінде, Останкинода, «Новый мир» журналының, «Литературная газетаның» редакцияларында болған кездесулерде ашық пікір алысуларға қатысты.

– Ақындардың «XX ғасыр. Бейбітшілік және экология» халықаралық Арал қозғалысының мүшелері алдағы уақытта қай жерде бас қоспақ?

– Келесі жылы біз Арал қозғалысының жиынын Монғолияда өткізуді жоспарлап отырмыз.

– Ал Аралдан ұшатын тұздың таралу аумағы кеңейіп бара жатқанына ғалымдар қалай назар аударуда?

– Жыл сайын Аралдан 75-80 миллион тонна тұздың ұшатыны белгілі ғой. Бұрын осы тұздардың таралу аймағы 400-500 километрге дейін жетеді деп келдік. Ал ғалымдардың соңғы мәліметіне қарағанда, бұл тұздар 5-7 мың километрге дейін кетеді екен. Сонда бұл бірнеше мемлекеттің территориясын қамтиды деген сөз. Теңіз табанынан ұшқан тұз Памир, Тянь-Шань, Алтай тауларындағы мұзаттарға қонып, еріту қаупін тудыруы мүмкін. Енді бұл әлемдік проблемаға айналмағанда қайтеді? Қазіргі таңда Арал үшін терең ғылыми сараптаулар қажет.

– Қоғамдық комитеттің қазіргі ықпалы жөнінде не айтасыз?

– Комитет жұмысы өте күрделіленіп кетті. Тұс-тұстан қарша бораған хаттарға жауап жазудың өзі күшке түсуде. Москвадан, Ленинградтан, Новосибирскіден, Ташкенттен, Душанбеден, Отанымыздың басқа да қалаларынан ғалымдар, мамандар, кейде тіпті қарапайым еңбек адамдары, студенттер келіп, Аралды құтқару жөніндегі өздерінің ұсыныстарын беруде.

Бір пікірің негізсіз болса, бір цифрды қате айтсаң – бар істеген ісің зая. Өзің білесің, мен су маманы емеспін. Көпке дейін бұл проблемаға тіс батыра алмай жүрдім. Творчествомен шұғылдануға мүлде уақыт қалмай бара жатыр. Қазір қабылдау бөлмесінде кемінде 7-8 адам күтіп отырған шығар. Кешке дейін әлі сонша, тіпті одан да көп адам келуі мүмкін. Сенің алдыңда кірген ғалым Новосибирск қаласынан екен. Профессор А.Мейрманов. Ұлты – қазақ. Қасындағы Қазақ КСР Ғылым академиясының қызметкері. Аралдың математикалық моделін жасау керек деген ұсыныс айтады. Комитеттің алдағы бір жиынында мәселе етіп қоюға тұрарлық пікір.

«Арал-88» экспедициясының құрамында ғылыми-зерттеу жүргізетін, қазіргі техниканың озық жетістіктерімен қаруланған арнайы самолет болды. Олар Әмудария мен Қарақұм каналы бойын суретке түсірді. Қай жер сорлануға жақын, қай жердің суы қанша тереңдікте, су көздері қай жерде ысырап болып жатыр, жалпы қай жерге қандай дақыл еккен тиімді – міне, осы сұрақтарға ғылыми-зерттеу самолеті жауап бере алады екен. Экспедиция жетекшісі, менің өтінішім бойынша, Арал теңізінің Қазақстан жағы мен Сырдария бойын толық зерттеуден өткізу үшін шамамен жарты миллион сом қаржы керек екенін есептеп шығарды. Бұл пәлендей көп қаржы емес. Арал теңізінің құрғауынан тек Қызылорда облысы 1,5 миллиард сом зиян шегіп отырған жоқ па?!

Осыдан үш ай бұрын қоғамдық комитет атынан Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Ө. Сұлтанғазин жолдасқа әзірге қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланып, Арал теңізінің құрғауынан туындайтын зардаптар мен қиыншылықтарды бақылайтын және зерттейтін арнайы ғылыми комиссия құру қажеттігі туралы хат жазып едім. Президент бұл ұсынысты қолдады, мамандарға тапсырды.

– Оқырмандарымыз Арал мен Балқашты қорғау қорына қанша қаржы аударылғанын да, оның неге жұмсалатынын да білгісі келеді.

– Қазір Арал мен Балқаш қорына 173 мың сомнан астам қаржы түсті. Қазақстан комсомолы арнайы сенбілік ұйымдастырып, оның төрттен бірін аударуға уәде еткен. Бұл шамамен 250 мың сомдай. Бірақ бұл түрлі себептермен әлі түспей жатыр. Соны қосқанда 400 мың сомнан асады. Бұл да пәлендей үлкен қаржы емес. Ал біз экологиялық апат аймағындағы аналар мен балаларға арнап 200-250 орындық санаторий салдыруды жоспарлап отырмыз. Жуырда ғана мен бір топ архитекторлармен әңгімелестім. Олармен Арал маңындағы тұрғындарға арнап салынатын мекен-жайлардың жобасына конкурс жариялауға келістік. Бір шешімге толық келгеннен кейін бұл баспасөзде жарияланды. Бұл – бір. Жалпы жұртшылық бұл қорға азды-көпті қаржы аударып жатыр. Оған рахмет. Жазушылар да бұған үлес қосуда. Жақында Алмаитыда Ленин атындағы сарайда үш күн концерт қойған әнші-композитор А.Қоразбаев бір күнгі концертінен түскен қаржыны осы қорға аударды. Февраль айында осы Ленин атындағы сарайда КСРО халық артисі Роза Бағланова өз концертінен түскен қаржыны аталған қорға аудармақ. Жастар арасында да Арал тағдырына тікелей материалдық көмек көрсетіп жатқандар бар. Бұл орайда, Ә. Қашаубаев атындағы конкурстың лауреаты Бекболат Тілеуханов, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының биылғы жылғы лауреаттары Бексейіт Түлкиев, Байбота Серікбаевтарды атауға болады.

– Келер жылда комитет жұмысында қандай өзгешеліктер болады?

– Алдағы уақытта комитет құрамына елеулі өзгерістер енгіземіз. Кейбір атағы бар болғанымен, қоғамдық жұмыста белсенділік көрсете алмай жүрген жігіттердің орнына шын жаны ауыратындарды аламыз. Іскер адамдарды іріктеп, бірнеше секция ашамыз. Студенттердің өтініші бойынша, студенттер секциясы да ашылады. Секцияларды белді-белді ғалымдар, мамандар басқарады.

– Әңгімеңізге рахмет.

«Лениншіл жас»,  
1988 жыл.

## «ЖАСТЫҚ ШАҚ КӨК СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІ ЕМЕС ПЕ?!»

*Газет тілшісінің сұрақтарына белгілі жазушы-драматург Шерхан МҰРТАЗАЕВ жауап береді*

– Шерхан Мұртазаұлы, алпысыншы-жетпісінші жылдардың бас кездері аралығында республикалық жастар газетін басқарған едіңіз. Одан бері де қаншама жыл өтіп кетті. Сол шақта дүниеге келген сәбилердің өзі бұл күнде «Лениншіл жасты» жаздырып алып оқитын негізгі оқырмандарымызға айналды. Әлдеқалай жасарып, газеттің тізгінін қайтадан қолыңызға ұстай қалсаңыз, қазіргі көзбен қарағанда, не істер едіңіз, нендей мәселелерге айрықша көңіл бөлер едіңіз?

– Алпысыншы жылдары газет басқарып отырып, айта алмаған талай ақиқаттар мен армандар бар. Заман солай болды...

Әлдеқандай ғажайыптың күшімен мен дәл қазір отызға жаңа толған жас жігіт болсам, «Лениншіл жасқа» редактор болып отырсам, редакцияның қабырғасына:

«Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе,

Қайрап ап қалың жауға сермегендей»

деген Мәдидің өлең жолдарын ірі әріптермен жаздырып қояр едім.

Жастық шақ – көк семсер болғанда, «қалың жау» кім бұл заманда? «Қалың жау» – тоқырау дәуірін туғызған безбүйрек бюрократизм, лениндік адалдықтан аттап кеткен мансапқорлар мен наградақұмарлар, екі ауыз сөздің басын құрай білмесе де, қағаздан көз алмай, не айтып тұрғанын өзі де жете түсінбей, көмекшілердің жазып бергенін сыдыртып оқып шығатын «көсемдер». (Ондай «көсемдер» әлі де бар. тележурналист сұрақ қойса,

жасырын «шпаргалканы» оқып беретіндер көрермендерді, миллиондарды алдамақ болады. Масқара!). Олар – арам өлген қойдың өкпесіндей дарынсыздарды дабырайтып, қолынан іс келмесе де, қоқырайтып атқа мінгізіп қойғандар. Тамыр-таныстық, рушылдық, жерлестік, протекционизм – қиянаттың ең сорақысы. Кадрды біліміне, адамгершілігіне, адалдығына, іскерлігіне, парасаттылығына қарап таңдамай, тамыр-таныстықпен танығандар қоғамға, социализмге орасан зиян келтірді. «Көк семсер» көрінгеннің басын шауып тастай беретін есердің құралы емес, бүгінгі таңда, журналистің абыройы артып отырған таңда журналиске, ең алдымен, табиғи талант, Держинскийдің сөзімен айтқанда: «Сабырлы ақыл, ыстық жүрек, тап-таза қол» керек.

– Сіз сол кезде өзіңізбен бірге қызмет істеген журналистердің еңбегіне қалай қарайсыз?

– Мен өзім «Лениншіл жаста» жүргенде Тельман Жанұзақов, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Фариза Оңғарсынова, Қалдарбек Найманбаев, Ахат Жақсыбаев, Кәрібай Ахметбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Жарасқан Әбдірашев, Қуанышбай Құрманғалиев, Мұхтар Шаханов сияқты дарынды журналистердің жанымда болғаны үшін тағдырыма ризамын. Бұлардың көбі кейін көрнекті ақын-жазушыларға айналды.

– Қазіргі таңда жастар газеті көтеретін проблемалардың басты-бастыларына тоқталсаңыз?

– Газет көтеретін мәселе ұлан-ғайыр. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесі. Түрмеде қазір жасы кәмелетке толмаған балалар аз емес. Ең сорақысы: велосипед ұрлаған бала мен адам өлтірген қанышер бір камерада бірге отырады. Түрме – тек жазалау орны ғана емес, тәрбие мектебі болуға тиіс. Кісі өлтірген адам қасындағы балаға қандай тәрбие бермек? Міне, газет араласатын мәселе!

Қалаға ауылдан «ауған» жастар тым көбейіп кетті. Оның әлеуметтік астарын іздеп, дәлелдеп, бұл процеске белсене араласатын, ең алдымен, жастар газеті болар. Неге десеңіз, біріншіден, ауылға да азамат керек. Ақсақалдар азайды, ересектер ертең қартаяды. «Қара шаңырақ» – ауылдың тұтқасын сонда кім ұстайды? Екіншіден, сабылып оқу іздеп келгендердің көбісі институтқа түсе алмай, елге қайтайын десе, намыс жібермей, оның үстіне ауыл да қызықтырмай, қалада қалып қояды. Көбісі қыздар. Үй жоқ, фабрикаға немесе әйтеуір бір табылған жұмысқа орналасып, жатаханаларды жағалайды. «Бұйырса» – тұрмыс құрады. Бұйырмаса «жолдан» бала тауып алады. Балалы болғысы келмей, кейбірі қылмысқа барады немесе жеңілтек жолға түседі.

Бұрын жастар арасындағы нашақорлық, зинақорлық туралы жұмған аузымызды ашпай келдік. Не ұттық? Ауруды жасырып келдік. Ал ауруын жасырған – арам өледі. Осының бәрі – жастар газетінің тақырыбы.

– Қазіргі таңда газет беттерінде сын материалдар көбірек жарық көретін болды. Бұған көзқарас та әртүрлі сияқты. Сіз не айтасыз?

– Жалпы сынның маркстік-лениндік критерийлерін сақтау керек. Сынның дәмі ащы болады. Ол – дәрі сияқты. Емдеудің құралы, кемшілікті жоюдың құралы болуға тиіс. Нағыз шипалы дәрі берудің орнына, ауруды асқындырып алудан жаман не бар. сынағанда қиянатқа, қаскөйлік ниетке бой алдырмау керек. Сырқаттың диагнозын дәл таппасаң – ең алдымен қоғам үшін зиян. Мәселен, әдебиет сынын алайық, кейде артық, кейде кем түсіп жатады. Бұның екеуі де дұрыс емес. Ал сондай-ақ әділ сынның өзін дұрыс қабылдамайтын объектілер бар. Шағым, арыз жазып, арсыл-күрсіл болатындар бар. жоғары жақты да мазалайды, қаншама адамды негізгі жұмысынан алаң етеді. Асылы, сын мәдениетін, сынды қабылдау мәдениетін игермей болмайды. Бұған дағдылануымыз керек. Психологиямызды үйретуіміз керек. Жақында Москвадағы Қоғамдық ғылымдар академиясында оқуда болып қайттым. Сонда мынадай бір әңгіменің куәсі болдық. Темір жол бойындағы кемшілікті сынаған бір газеттің сол күнгі санын таратпау жөнінде министрдің өзі бұйрық берген. Нағыз топастық деген осы. Сынға доқ көрсететін кері көзқарастың кесірінің қалдығы бұл. Мұндайға қазіргі жариялылық кезеңі батыл тойтарыс

беруде. Бұл мерзімдік баспасөздің көсегесін көгертеді, сонымен бірге еселенген жауапкершілік жүктейді.

– Журналист кадрларын даярлауға байланысты көп жылдық тәжірибеңізден түйген ойларыңызды білсек?

– ҚазГУ-дің журналистика факультетінде кешегі тоқырау кезеңінде конкурс абитуриенттер арасында емес, ата-аналар арасында болып келді. Ал баспасөзде тек талантты журналистер ғана жұмыс істеуге тиіс. Жақсы журналист қайдан шығады? Ол да дарын. Кез келген кісі бухгалтер, аграром, механизатор бола беруі мүмкін. Ал кез келген адам журналист бола алмайды. Ол мектеп қабырғасынан дайындалып шықса керек. Мен өз басым мектептегі қабырға газетінен шықтым. Ал қазір қабырға газеттері бар ма? Осыдан келіп тіл, әдебиет мәселесі туады. Тіл туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жақсы қаулылар шығарып берді. Оның орындалуын, іс жүзіне асырылуын қадағалап отыруға керек. Бұл жұмыстың жаршысы жастар газеті де екені даусыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

«Лениншіл жас»,  
1988 ж.

## ДЕНИ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

*Газетімізде хабарланғанындай, 13-май күні, «Лениншіл жастың» қонақжай шаңырағында өткізілген «Сұхбат» арқылы оқырмандар қауымы Қазақ КСР денсаулық сақтау министрі Талапқали Әбішұлы Измұхамбетов жолдасқа өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелер төңірегінде сауалдар қойып, тиянақты жауаптар алды. Алдын-ала редакцияға хат жолдап, көкейкесті ой-пікірлерін бөліскен азаматтарға да рахмет айтамыз. Хат арқылы қозғалған әртүрлі мәселелерге де назар аударылды. Бір тақырып аясында бірін-бірі толықтырған, қайталаған ұсыныс, пікір, тілектерді топтастырып, біріктіріп қарауға тура келді. Телефон шалып, өздерінің денсаулығына байланысты көмек сұраған жекелеген азаматтарға нақты ақыл-кеңестер берілді, емдеу мекемелерінің адрестері айтылды. Негізінен, газет оқырмандарын қазіргі кезеңдегі денсаулық сақтау ісін қайта құруға байланысты атқарылып жатқан жұмыстардың жайы көбірек толғандыратынын байқаймыз. Ашық пікір алысу, жетістіктер мен кемшіліктерді ортақ талқылау – жариялылық жағдайында түпкі нәтижеге қол жеткізуге сенімді тиетін бірден-бір шара екендігіне қалың жұртшылық ден қойғандай. Сонымен, «Сұхбатта» қозғалған әңгімені жариялап отырмыз.*

– Талапқали Әбішұлы, сәлеметсіз бе?

– Есенсіз бе? Сізді тыңдап тұрмын.

– Аты-жөнім – Орынбасар Доғанбақов. Журналиспін. Жуырда Алматы облысының Шеңгелді ауылында болған едім. Бір қария аяқ астынан ауырып, дәрігерден көмек сұраған екен. Олар ол кісіні Қапшағай қаласына барып қаралыңыз деп, шығарып салыпты. Жол қиындығын көріп, төрт-бес сағат жүріп, қалаға жеткен. Ондағы дәрігерлер сырқаты соқырішек екенін анықтаған. Жергілікті дәрігердің қойған диагнозы мүлде басқа. Осындай қателіктер болып тұрады. Бұған не айтар едіңіз?

– Әрине, дәрігерге қателесуге болмайды. Оның сәл жаңылысуының өзі өте қымбатқа түседі. Айталық, жаңағы қария аман-есен қалалық ауруханаға жеткен. Жете алмаса ше? «Соқырішек» жедел көмек көрсетілмесе, өте қауіпті екені белгілі. Ауыл-село адамдарына дәрігерлік қызмет көрсету ісінде айрықша көңіл бөлетін тұстар көп. Алматы облысының проблемаларын жақсы білемін. Өзім бұрын сонда қызмет істегем. Ал Талғар ауданының

қалаға жақын селоларын Қапшағайға бекіту жөніндегі мәселені қараймыз. Өйткені, қала іргесіндегі ауылдардың тұрғындары үшін алыс аудан орталығына жетудің өзі қиямет. Қала емханалары ауылдан келгендерді қабылдамай қайтарады екен. Бұл мәселе алдағы уақытта бір шешімін табады.

– Министрге сұрағым бар.

– Құлағым сізде. Айта беріңіз.

– Қарапайым жұмысшымын. Жасарал Бәтиев. Қазіргі қайта құру кезінде басшы адамдардың кабинеттік жұмыс стиліне көп өзгеріс керек деп ойлаймын. Мәселен, Сіз министр болғалы қанша облысқа барып қайттыңыз?

– Бұл қызметке келгеніме тоғыз ай болыпты. Содан бері республикамыздың он төрт облысында болдым. Шығыс облыстарды бұрыннан білемін. Алматы облысының жағдайы көз алдымда. Сонда енді үш облыс қалып тұр. Әрине адамдардың арасында көбірек болу, жүздесу, пікірлесіп тұру кез-келген басшыға өте қажет, пайдалы.

– Талдықорған облысының Үшарал қаласынан сурет пәнінің мұғалімі Кәрім Құндақбаевпын. Менің білгім келетін бір жәйт: қыздардың трактор жүргізуі – олардың денсаулығына кері әсер етеді деген пікір бар. Бұған қалай қарайсыз?

– Жалпы, дәрігерлер қыз-келіншектердің жаппай трактор рулін иемденуіне қарсы. Әйелдерге 30 килограмнан артық ауыр жүк көтеруге, тербеліске түсіретін жұмыстар істеуге, сондай-ақ трактор-машиналарда еңбек етуге болмайды дер едім. Бұл мәселеге байланысты Чехославакияда арнаулы заң қабылданған. Онда қыз-келіншектердің трактор руліне отыруына рұқсат жоқ.

– Арал тағдыры алаңдатады. Сол аймақта тұратын адамдардың денсаулығын сақтау ісінде ілгері басушылық бар ма? Денсаулық сақтау министрлігі нендей шараларға айрықша көңіл бөледі. (Осындай мазмұнда сауал қойып, хат жазған, телефон шалған азаматтар: А.Бектуғанов – Алматы облысының «Сөгеті» совхозынан, Қ.Қонысбаев, К.Әбдіхалықов – Қызылорда облысының Қазалы ауданынан, М.Дәдікбаев – Целиноград қаласынан, В.Батулин – Алматы қаласынан, т.б.).

– Арал проблемаларына байланысты Денсаулық сақтау министрлігінің алдында тұрған міндеттер, атқаратын және қолға алған нақты іс-шаралар жөнінде «Медицинская газетада» (18 март 1988 ж.), «Лениншіл жаста» (25 февраль 1988 ж.), «Труд» газетінде (13 май 1988 ж.) жарияланған мақалаларымда кеңірек тоқталғанмын. Оның бәрін қайталап жатпаймын. Қосымша айтарым: Аралға ең алдымен су керек! 50 текше километр су қажет! Ал қазіргі құйылатын судың көлемі 6-7 текше километрден аспайды (жыл бойына). Бұл теңізге тамған тамшы іспеттес. Қазір ең алдымен судың мөлшерін көбейту жолдары іздестірілуде. Қазақ КСР Ғылым академиясының институттары жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізуде. 5-6 июнь күндері Қызылорда қаласында үлкен жиналыс өткізбекшіміз. Оған Одақ көлемінде беделі бар ғалымдар, жазушылар шақырылып отыр. Көптеген министрліктер мен ведомстволардың жауапты қызметкерлері қатысады. Кең көлемде ашық пікіралысу, талқылау болмақшы. Қазақ КСР Ғылым академиясының ғалымдары Сырдария мен Әмудария бойында күріш, мақта өсірудің көлемін азайту жөнінде Орталық Комитетке хат дайындап жатыр. Бұл мәселе мемлекеттік шешімді қажет етеді. 1990 жылға дейін шұғыл қолға алынбаса, Аралдың жағдайы өте қиын. Қызылорда өңірінде тұратын адамдардың денсаулығын қорғауға байланысты біздің министрлік қолдан келгенше тиімді шаралар атқаруда. Дәрі-дәрмек, медициналық техникалар бөлдік, дәрігерлердің білімін жетілдіру институтынан «десанттар» жасақталып, тікелей көмек көрсетілуде. Әртүрлі ауру түрлерінің – туберкулез, асқазан рагі, іш сүзегі, өкпе, бауыр, бүйрек аурулары, т.б. – таралмауын, алдын алу жолдарын, емдеп-жазу әдістерін жан-жақты іздестіреміз. Осы бағытта жұмыстар жүргізе бермекпіз.

– Сәлеметсіз бе, Талапқали Әбішұлы, сізге телефон шалып тұрған Көкшетау қаласындағы облыстық балалар ауруханасының экономисі Байчук Анна Степановна. Менің білгім келетіні: дәрігерлердің жалақысын өсіруге байланысты жаңалық бар ма?

– Анна Степановна, экономист ретінде бұл шаруаның қалай жүзеге асатынынан хабардар боларсыз. Біз қазір көптеген медициналық мекемелердің шаруашылық есепке көшуіне, дәрігерлердің бригадалық мердігерлік әдіспен еңбек ете бастауына байланысты қажет қаржыны есептеп, КСРО Қаржы министрлігіне еңбекақы қорына қосымша қаржы бөлуді сұрап қатынас жазғанбыз. Республикада дәрігерлердің жалақысын көбейту үшін 120 миллион сом қаржы бөлінуі керек. Ал, қазіргі бізге бөлінгені – 9-ақ миллион сом. Әрине, сұраныс жасаумен ғана шектеліп қалуға болмайды. Медициналық мекемелердің белгілі бір шаруашылық орындарымен келісім-шартқа отыруы арқылы да дәрігерлердің жалақысын өсіруіне болады. Бұған Қарағанды облыстық денсаулық сақтау бөлімінің жұмысы дәлел. Сондай-ақ, Қостанай облысының Жітіқара ауданында да осындай тәжірибе қолға алынбақшы.

– Алматыдағы «Эталон» заводының технолога Сәду Мәнкеевпін. Менің жолдасым аптекада істейді. Кейде бір-екі адам жетіспеген кезде қосымша жұмыстарды да атқарады. Ал осыған байланысты қосымша еңбекақы төлеудің жағдайы қалай?

– Егер жолдасыңыз қызмет істейтін аптека коллективі шаруашылық есепке көшетін болса, кімге қалай еңбекақы төлеуді өздері шешетін болады.

– Тәуекелов Елікбай. Мұғаліммін. Шымкент облысының Сарыағаш ауданында тұрамын. Талапқали Әбішұлы, біздің ауылдық жерлердегі аптекаларда пенициллин, новокаин, алоэ дәрілері (укол үшін) табылмайды. Бірақ дәрігерлер осы уколдарға рецепт жазудан жалықпайды. Әрине, іздеген адамдар әркімдерден сатып алады. Пенициллиннің әр данасын екі сомнан, ал алоэні бес сомнан сатады. Сонда мұндай алып-сатарларға қолданылатын жаза жоқ па? Селолық мекендердегі медицина мекемелері өстіп шарасыз халде қала бермек пе?

– Жалпы ауру адамның диагнозы қойылғаннан кейін, емделетін дәрілерді дәрігер өзі тауып беруі керек. «Өзің тауып ал» деп рецепт жазу – мүлде дұрыс емес. Кейбір дәрілерді қолдағы бар басқа түрімен алмастырып отыруға да болады. Пенициллин сияқты дәрілерді негізінен, балаларды емдеуге бөлеміз. Жетіспей жатуы сондықтан. Ал, осыны пайдаланып, сауда-саттық жасайтындар – алып-сатарлар – заң жүзінде жауапқа тарылуы керек. Атын атап, заң орындарына беріңіз. Сондай-ақ дәрі ішуге тым әуес болуға да болмайды. Шек-шамасы бар.

– Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының студенті – Сәкен Жауғашаров. Қазіргі кезде Семей облысында жер асты ядролық жарылыстары жасалып жатады. 150 килотоннаға дейін! Ал осының адамдардың денсаулығына зияны қаншалықты екендігі зерттелді ме? Радиация дозасы тым жоғары емес пе?

– Мұндай сауал бізге жиі қойылады. Республикалық санитарлық эпидемиологиялық станцияның радиология бөлімінің қызметкерлері арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Радиация деңгейі белгілі мөлшерде, адамдардың денсаулығына зияны соншалықты қауіпті емес деп санаймыз. Арнайы құрылған комиссия әлі де жұмыс істеуде.

– Мен өткен жылы Жаңаөзен медицина училищесін бітіріп едім. Аты-жөнім – Света Сүйіндікова. Жолдаманы Бейнеу ауданына берді. Бірақ, отбасылық жағдайыма байланысты онда бара алмайтын болдым. Енді, міне, жылға жуық уақыт бойы жұмыссыз отырмын. Нендей ақыл-кеңес бересіз?

– Света, шырағым, жалпы, жолдама берген жерге бару – жас мамандардың міндеті. Жолдама алмас бұрын, отбасылық жағдайыңызды айтып түсіндіруіңіз керек еді. Ендігі айтар кеңесім: осы өтінішіңді облыстық денсаулық сақтау бөліміне барып айт. Солар шешеді. Оларға қазіргі кезде бұл мәселені өздері шешуге құқық берілген. Бір ғана ескертерім, сіздер, қазіргі жастар, кейде қиындықтарды жеңуге келгенде дәрменсіздік байқатып алатын сияқтысыздар. Аға ұрпақтың от пен судың ортасында жүріп шыңдалғанын, күрескенін, жеңістерге жеткенін ұмытпауға тиіссіздер. Бұл, әсіресе, қазіргі қайта құру кезеңінде айрықша мәні бар мәселе.

– Аты-жөнім – Әбдіманап Ақатаев, Қызылорда облысынанмын. Темекінің зияны жөнінде аз жазылмайды. Дегенмен, бұл бағытта оң өзгерістер байқалған жоқ. Осыған



байланысты Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі нендей шаралар қарастыруда? Арнайы қаулы қабылдана ма?

– Темекінің зиянын айтып түсіндірумен ғана іс бітпейді. Саналы түрде жағымсыз әдеттен арылуға көптеген шылымқорлардың ерік-күші жетпей жүр. Жалпы шылымға құмарлықты емдеуге болады. Қазір Алматы қаласының Октябрь ауданында К.Бекмұхамедов инемен емдеу арқылы жасөспірімдердің темекіні тастап кетуіне болатынына көз жеткізуде. Басқа да осындай тәжірибелер бар. Ал, дәрігерлердің темекі тартуы деген тіпті ақылға сыйымсыз. Сондықтан біздің министрлік барлық медицина мекемелерінде темекі шегуге тыйым салған қаулы шығарды. Егер белгілі бір емхананың, ауруханасының бас дәрігері өзі шылым шексе немесе коллективте соған жол берсе – қызметінен алуға дейін қатаң шара қолданамыз. Москвада темекімен күрестің мемлекеттік комплексті программасы дайындалып, осыған байланысты үкімет қаулысының жобасы әзірленген. Ол жарияланғаннан кейін – оны орындау ортақ міндетіміз болмақ.

– Сайлау Тілепов, Қызылорда облысы Арал аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерімін. Бірінші сауалым: Сіз Қызылорда облысында болдыңыз ба?

– Екі рет болдым. Жуырда тағы да барғалы жатырмыз. Арал проблемасына байланысты.

– Екінші сұрағым: Менің қарындасым Алматы қалалық медицина училищесінде оқиды. Оқу ғимараты өте ескі. Училищенің жаңа үйін салу қашан қолға алынады?

– Алдағы бесжылдықта Қалқаманда училищенің жаңа ғимараты, сонымен бірге алты жүз орындық жатақханасы пайдалануға берілмекші.

– Қасымбаев Әбілғазы. Алматыдағы Комсомол көшесінің бойында, 102 үйде тұрамыз. Бір топ тұрғындар сізге хат жолдадық. 15-пәтердегі жалғыз басты бір адам қайтыс болып, екі аптадан аса уақыт бойы жабық үйде жатып қалған. Ешкім білмеген. Кейіннен Совет аудандық санитарлық эпидемиологиялық станцияның дәрігерлеріне шағым жасадық. Дезинфекция жасалған жоқ. Сол пәтердің терезесі бір ай болды ашық тұр. Ал, төменгі қабатта азық-түлік дүкені бар. Жаз шықты. Шыбын көбейді. Сонда мұны қалай түсінуге болады?

– Бұл өте төзгісіз жағдай. Салғырттық қана емес, өз жұмыстарына жауапсыздық салдары. Шұғыл комиссия жібереміз. Тексереміз. Хатыңызға жауап береміз.

– Талапқали Әбішұлы, сәлеметсіз бе, сізге бір сауалым бар.

– Айта беріңіз. Сауалдарыңызға жауап беру үшін отырмыз. Өзіңізді таныстыра кетіңіз алдымен.

– Нәйлә Мұқанова. Сәбит Мұқанов музей-үйінің директорымын. Жас баласы ауырған кезде анасынан айырмай, бірге жатқызып емдеуге қашан қол жеткізіледі? Бұл шешімін табатын шаруа ма?

– Қазір бұл мәселе күн тәртібінде тұр. Мүмкіндігінше, анасының жас баласымен бірге болғаны дұрыс, әрине. Бұған, көбінесе, ауруханада орынның жетісе бермейтіндігі кедергі келтіруде. Соның өзінде Алматыда бұл мәселе 60 процент көлемінде шешілген. Ал, жекелеген дәрігерлердің жүрек жылуының жетіспеуінен жас баласы бар аналарға жағдай жасалмай жатса, әрине, өкінішті. Сондықтан, алдағы уақытта балалар ауруханасын салған кезде аталған жағдай есептеліп, ескеріледі. Сондай-ақ, қазірдің өзінде нәресте ауырған жағдайда анасының қасында болуына рұқсат беріледі. Алдағы уақытта баласы ауырған ананың еңбекке жарамсыздығы жөнінде анықтама алуына да мүмкіндік берілмек. Бұл шешімін табады.

– Бақытжан Үсейінов. Алматы облысының Кеген ауданынанмын. Меніңше, республикалық медициналық бір газет, бір журнал керек сияқты. Бұған қалай қарайсыз? (Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысының Айтуар селосынан Б.Сартаев та осындай сауал қояды).

– Журнал бар. Орыс тілінде шығады. Газет шығару жөнінде министрлік тарапынан өтініш жасалған. Бірақ, нәтижені уақыт көрсетеді. Республикада 60 мың дәрігер, 190 мың

орта медицина қызметкерлері бар. Осының өзі газет шығару үшін аз деп есептелінетін көрінеді.

– Дәуренбай Әлібаев, республикалық халық творчествосы мен мәдени-ағарту жұмыстары ғылыми-методикалық орталығының қызметкерімін. Шымкент облысының Созақ ауданында еңбекшілерге дәрігерлік қызмет көрсету ісі өз дәрежесінде емес. Оған дәлел – жана жобамен салынған аудандық емхана жоқ. Ескі емхананың өзі жұқпалы ауруларды емдейтін ауруханамен бір аулада орналасқан. Қашық елді мекендерде медпункттер тұрақты жұмыс істемейді. Медицина мамандары жетіспейді. Сіз министр болғалы біздің ауданға қатынамаған сияқтысыз. Осыған байланысты пікіріңізді білдірсеңіз?

– Шымкент облысында болдым. Бірақ Созақ ауданына әзірге жолым түсе қойған жоқ. Айтып отырған проблемаларыңыз орынды. Шымкент облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы А.Қ.Құлмаханов жолдасқа тапсырамын. Әлі күнге дейін бұл облыстың көптеген елді мекендерінде дәрігерлік пункттер жетіспейді екен. Қолынан келгенше кейбір мәселелерді облыстық денсаулық сақтау бөлімі шешуге тиіс. Өз күштері жетпей жатса көмек береміз. Республикамызда 222 аудан бар, соның 29-ында орталық аурухана жоқ. Алдағы он үшінші бесжылдықта сол аудандарда ауруханалар салуға қаржы бөлмекпіз. Соның ішінде Созақ ауданы да болар деп ойлаймын.

«Құрметті Талапқали Әбішұлы! Сізбен телефон арқылы байланыс жасауға ауылдық жерде тұратындықтан (Н.Есболатов селосы Талдықорған облысы) мүмкіндік жоқ. 1948 жылдан үзбей жаздырып алып оқитын «Лениншіл жастан» сұхбат болатынын біліп, хат жолдадым. Қайта құруға байланысты сала-сала бойынша үлкен өзгерістер болып жатқаны белгілі. Медицина саласында қандай өзгерістер бар? Мәселен, тоқырау кезеңінде медицинаға жалған диплом алғандардың да келгені жасырын емес қой. Осыған байланысты, ондайлардан арылуға бола ма? Коммунистік сәлеммен, Байғызай Мейрамбаев».

– Сұрағыңыз орынды екен. Кезінде, әйтеуір жоғары білім алса болды деп, балаларын жетектеп, медицина институттарын жағалайтын ата-аналардың да болғанын жасырмаймыз. Өз жүрек қалауымен келіп білім қумаған ондай жастардың алғашқы курстарда-ақ оқудан шығып қалатыны да, ілініп-салынып жүріп диплом алып шығатындары да болған. Қазір талап күшейді. Оның үстіне барлық медицина мекемелерінде дәрігерлердің өз орнына қаншалықты лайықты екендігін анықтайтын аттестациялар өтуде. Жалған диплом алғандар болса, жасырынып қалмайды. Арылудың бір жолы – осы.

«Маскүнемдікпен күрес жүріп жатыр ғой. Бірақ, меніңше, қолданылатын шаралар әлі де тым қатаң емес. Мәселен, мас күйінде транспорт жүргізгендер айып төлеп, бір-үш жыл өткеннен кейін қайтадан рульге жармасады. Оларға ешқандай кешірім болмауға тиіс қой. Сіз қалай ойлайсыз? К.Селбаев, Жаңаөзен қаласы».

– Біздің қоғамда жүріп жатқан қайта құрудың ең басты мәні – сана тәрбиесі екенін ұмытпайық. Мәселе санаға әсер ете білуде!

– Нұрахан Жадыраев, Алматы облысының Балқаш ауданынанмын. Жасым 56-да. Дәрігерлер «демікпе» деген диагноз қойған еді. Курортқа барып емделейін десем, кімнен көмек сұрарымды білмеймін.

– Дәрігерден анықтама қағаз алып, кәсіподақ комитетінен жолдама сұраңыз. Көмектеседі.

– Толымбек Әбдірайымов, Алматы облысындағы Талғар аудандық газетінің қызметкерімін, республикамызда балалардың өлімі одақтық деңгейден жоғары болуының себебі неде? Педиатриялық көмектің жағдайы қалай?

– Республика көлемінде балалардың әртүрлі сырқаттарға ұшырап, шетінеуі алаңдатарлық жағдайда екені рас. Әсіресе, Қызылорда, Гурьев, Шымкент облыстарында бұл көрсеткіш жоғары. Қазіргі таңда республикамызда 5 миллиондай бала бар. Олар – өміріміздің жалғасы, болашағымыз. Олардың денсаулығын қорғау ісіне қазір айрықша көңіл бөлудеміз. Баланың өмірге сау келуі, ауырмауы, ең алдымен, анасының денінің сау

болуына тікелей байланысты. Сондықтан, сәбилерді өмірге әкелетін аналардың денсаулығына көбірек назар аудармаса болмайды. Сәбилердің ауру-сырқауға ұшырамауы үшін тағам түрлерін жақсартудың маңызы зор. Бала тағамында әртүрлі витаминдер мол болуы керек. Педиатриялық көмек беру ісі әлі де түбегейлі өзгерістерді қажет етеді.

– Масат Жүнісов, Целиноград қаласының тұрғынымын. Дәрігерге қаралу үшін кезек күту, регистратурадан карточканды іздеп тауып алу өзі сырқат адамның жүйкесін тоздырып бітетін шаруа. Осы орайда, «Денсаулық паспорты» жөнінде әңгіме болып қалады. Бұл тәжірибе жүзінде қолданыла бастады ма?

– Иә, бұл жөніндегі ұсыныстар нақты шешімін таба бастады. Регистратураның керегі жоқ екендігіне көз жеткізгендейміз. Балалардың карточкасын ата-аналарының қолына беруге көше бастады. Республикалық стоматологиялық емханада, өзіңіз айтқандай, «Денсаулық паспорты» беріледі. Бұрынғыдай дәрігерге қаралу үшін кезекте тұрушылардың саны азайды. Осы тәжірибенің таралуы медициналық қызмет көрсету жұмысына да жеңілдік беретінін байқаймыз.

– Құрметті Талапқали Әбішұлы! Мен Ақтөбе қаласында оқитын студентпін. Айсұлу Оразалиева. Бір ғана сұрағым бар. Ол – қазіргі кезде күн тәртібінде тұрған қос тіл білуге байланысты. Дәрігерге қаралуға барған жасы үлкен қариялар, орысша жақсы сөйлей алмайтындар сырқатының нақты белгілерін айтып түсіндіре алмай қиналатынына жиі куә боламыз. Дәрігерлердің қос тілді қатар білуі өте қажет қой. Бұл орайда, қазақша, орысша медициналық сөйлесу сөздігін неге шығармасақ?

– Бұл өте орынды сауал. Ауырған адамның сырқатын дәл анықтау үшін, дұрыс диагноз қою үшін оның өз аузынан мағлұмат алу – дәрігерге бірінші қажеттілік. «Егер ауру мен емделуші бір жақ болса – дәрігер жеңе алмайды, ал емделуші мен дәрігер бір жақ болса – ауру жеңіледі» деген қисынды қағида бар. Ол деген сөз – сырқат сырын дәл анықтап, одан жазылатынына сенім ояту деген сөз. Бұл қос тіл білуді қажет етеді. «Медициналық сөздіктер» әр жылдарда шығарылып келген. Ал қазір, орысша-қазақша және қазақша-орысша сөйлесу сөздіктері де, шығып жатыр. Бірақ оларда медициналық мекемелерге бас сұққан кезде қойылатын сұрақ-жауаптар тым аз. Сондықтан қазақша-орысша медициналық сөйлесу сөздігін шығару жөніндегі ұсынысты баспа орындарынан өтініп көреміз.

«Лениншіл жас»,  
1988 ж.

## АРАЛДАН ҮМІТ ҮЗБЕНДЕР, АДАМДАР!

*6–7 маусым күндері «Арал кездесуінде» бас қосқан Мәскеудің, Орта Азия республикаларының өкілдері – ғалымдар, журналистер, бірнеше министрліктер мен ведомстволардың жауапты қызметкерлері, партия, кеңес және шаруашылық органдарының басшылары – экологиялық апаттың ошағын өз көздерімен көріп, тұрғын халықтың тұрмыс-жағдайларымен танысып, ой-пікір алмасып, шұғыл қолға алуды қажет ететін өткір мәселелерді қозғады; осы аймақты мекендейтін адамдардың үміті мен сенімін оятып, күрделі экологиялық проблеманың оң шешім табуының жолдарын талқыға салып, күн тәртібіне кезек күттірмейтін міндеттер қойды.*

Арал проблемасы. Бұл жөнінде аз айтылып, аз жазылып жатқан жоқ. Айналасы 25-30 жылдың көлемінде Арал теңізінің қандай күйге душар болғаны санасында саңлауы бар жанға беймәлім емес. Енді «Қайтсек құтқарамыз? Нендей шара қолдану керек? Нақты шешім қайсы?» дейтін сауалдар күн сайын үдей түсуде. Таяуда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XII пленумында жасаған баяндамасында Г.В.Колбин жолдас «Бұл проблема әсте де аймақтық сипатта емес екенін, оны шешу бүкіл еліміздің ғалымдары мен мамандарының бірлесіп күш-жігер жұмсауын талап ететінін айта кеткен жөн. Нақ

сондықтан да Аралды құтқару жөнінде қажетті шараларды талдап жасау қазір КСРО Министрлер Кеңесінің басшылығымен жүргізілуде. Таяудағы уақытта біз сенімді, терең салмақталған ұсыныстар аламыз, оның көмегімен бірегей табиғи су қоймасына төнген қатерді жоя аламыз деп ойлаймыз» деген болатын. Терең ғылыми зерттеулерге сүйенген мемлекеттік шешімді қалың жұртшылық асыға күтуде. «Арал кездесуі» бұл мемлекеттік шешімнің ең дұрыс бағытты айқындауы үшін қоғамдық пікірлерге де кең өріс ашылуы қажет деп санайды. Әсіресе, Арал бойының байырғы тұрғындарын қатты толғандыратын теңіз тағдыры бұл күнде бірте-бірте бүкіл адамзаттық алаңдаушылыққа ойысып бара жатқанын аңғармау мүмкін емес. Арал теңізі өзінің бұрынғы орналасу көлемі жағынан (667400 шаршы километр). Жер шарындағы көлдердің ішінде 4-ші орынды иемденеді екен. Ал оның жер бетінен мүлде жойылып кетуін көзге елестетудің өзі қиын.

Дегенмен, Аралдың қазіргі жағдайы дабыл үстіне дабыл қағарлық күйде. «Арал кездесуіне» қатысушылар бірнеше топқа бөлініп, самолетпен Барсакелмес, Қаратерең, Бөген бағыттарында ақ тозаңға бөккен ұланғайыр алқаптың үстімен ұшты. Теңіз деңгейінің 13 метрге төмен түсуі, оның бұрынғы жағалаудан 50-100 шақырым шегініп кетуі (оңтүстік бөлігінде) салдарынан пайда болған құм бұйраттары жел соқса жөңкіле көшіп жөнелетіні анық. Жүгірген аң, ұшқан құс көзге шалынбайды. Меңіреу тыныштықты бұзған самолет моторының үнін алысқа жібермей – ауа ма, құм ба, әйтеуір, құмыға жұтып жатыр.

Міне – Қаратерең селосы. Сырдарияның теңізге құяр сағасына жақын орналасқан балықшылар ауылы. Бұдан 15–20 жыл бұрын 500 түтіні бар іргелі мекен болған. Қазір 287 үй қалған. Осыдан 15 жыл бұрын теңіз дәл іргеде болған. Ол кезде Қуандария балық заводы барлық қуатымен жұмыс істейтін. Ал 1978 жылдан бері балық аулау мүлде тоқталды. Теңізден күдер үзгендер – көше бастады, үмітін үзбегендер әлі де елеңдеумен күн кешуде. Біз ең алдымен Қуандария балық заводының директоры Толыбай Ұйқасовты тыңдадық:

– Ауылымыз осы, – деді ол кісі, – сырт көзге құмның ішіндегі бұл да бір арал сияқты. Тіршілік аралы. Халық әлі де болса теңіз қайтадан толқыны тулап, іргеде келеді деп үміттенеді. Қолдан жасаған қиянатты түзеуге адамның қауқар-күші жетеді деп есептейді. Байырғы балықшылардың көбісі табан аудармай отырғаны сондықтан. Балық заводы 1986 жылы 1032 тонна, 1987 жылы 900 тонна өнім шығарды. Аралдан қол үзгелі көп болды. Көлдердің де суы тартылып барады. Сондықтан балықшыларымызды командировкамен кезекпе-кезек Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Ақтөбедегі көлдерден балық аулауға жібереміз. Зайсан көлі бұл жерден 4 мың шақырым. Сексен балықшымыздың 20-сы сонда жүр. Бұл қиын кезеңде қарап отырмаудан туған шара ғой. Әйтпесе тығырықтан шығар тиімді жол емес.

Аудан орталығына дейінгі қашықтық – 110 шақырым. Балық заводының өнімдерін жеткізудің өзі қиямет. Жол өте нашар. Сырдың арғы бетіндегі Бөгенмен тура байланыс жасай алмай (30 шақырым), айналма жолмен (90 шақырым) эзер жалғасамыз. 132 адам жұмыссыз отыр. Олардың 82-сі әйелдер. Жаз айларында кірпіш құю, шөп шабу сияқты жұмыстар болады. Бірақ онымен де бәрін бірдей қамтамасыз ету қиын.

Балық заводы Арал қаласынан мұхит балықтарын алып, оны қайтадан дайындап, ары-бері 220 шақырым жерге тасымалдайды екен. Мұның пайдасынан шығыны басым шаруа екенін басшылар білмейді емес. Тұрғындардың жыл сайынға отын-көмірге сұранымының өзі 1600 тонна көрінеді. 5 тонналық жүк машинасының қанша рет қатынауы керектігін есептеп шығара беріңіз.

Жүзбе-жүз пікірлесіп, әңгімесін тыңдаған ауыл қариялары, еңбек ардагерлері Шарапат Орынбаев, Тәуке Өтеулиев, бригадир Кәдірбай Беркінбаев, көл қорықшысы Серғазы Мұқанов, «Тастақ» балық өсіру учаскесінің бастығы Иманғали Дүйсенғалиев, комсомолец Айнабай Аманов сияқты азаматтардың қай-қайсысы да ең алдымен елдің, жердің жағдайына жандары ауыратынын, қайткенде ата мекеннің ажарын кіргізуге болады деп қиналатынын байқадық. «Көз алдымызда жыл сайын он-он бес үй көшеді. Бұл

бізге де оңай тимейді, – дейді 55 жылдық еңбек стажы бар қария Ш.Орынбаев, – бірақ кіндік қаны тамған жерін кім оңайлықпен қиып кете алады, артымызға қарайлай береміз. Су келсе – Арал тіріледі. Өмір өз арнасына түседі. Біз сол күнді күтумен жүрміз». «Жыланды» шабындығынан 1 мың тонна шөп дайындап отырмыз. Ал ауданның совхоздары қиян шеттен, басқа облыстың жерінен шөп дайындағанша, бізден неге шөп сатып алмайды? Шаруашылықтың өзін-өзі қаржыландыруы зиян емес қой» деп ой бөліседі бригадир Қ.Беркінбаев. «Біз – завод жанындағы әйнек-пластина цехының 24 жұмысшысы – әртүрлі қайықтар жасап, шығарып жүрміз. Жылым қайық, ау салатын, қабадан салатын, тағы да басқа түрлерінің сапалы, жеңіл, қолайлы екендігіне дау жоқ. Сұраныс көп болса, бұл жұмысымызды жалғастыра бермекпіз» дейді А.Аманов. «Семьямда он екі адам бар. Жалғыз өзім жұмыс істеймін. 26 жастағы ұлым Аралбек денсаулығына байланысты 40 сом жәрдем ақша алады. Оның да өз семьясы бар. Үлкен семьялардың қажеті де үлкен. Сондықтан жұмыс бөлген кезде осы жағы ескерілсе дейміз». Бұл – Серғазы Мұқановтың өтініш-тілегі. Әрине, бұл тек бір ғана адамның мұңы емес...

Еңбек бар жерде – өмір бар, тіршілік бар. Табиғаттың қатал мінезінен қаймықпай, жанкештілікпен күресіп жатқан осы бір кішкентай ауыл адамдарының бойындағы қайрат-жігер түгесілмесе екен деп тілейсіз. Күрделі мәселенің күрмеуін тауып, оны тез арада шешу сондықтан да қымбат. Әйтсе де шағын елді мекендегі 17 төсектік аурухана таршылық көрсете бастағанына қалайша көз жұмып қарарсыз. 104 бала, 143 ересек адам диспансерлік есепте тұрады. Жоғары білімді жалғыз дәрігердің түрлі инфекциялық, қауіпті ауруларды емдеуге күші де жетпейтіні түсінікті. Дәрігерлік «десанттардың» келуін қажетсінетін ең шалғайдағы ауылдардың бірі – осы Қатерең, екіншісі – Бөген.

Арал аудандық Мәдениет үйінде жергілікті тұрғындармен ашық пікірлесу өткізілді. Халық өте көп жиналды. Әрбір сөзге айрықша мән беріп, зейін аудара тыңдаған көпшіліктің көксейіндегі алуан сауалдар қозғалды. Өзбек КСР Ғылым академиясының вице-президенті Е.Юсупов, партия және еңбек ардагері Қ.Керімбетов, Қазақ КСР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі А.Коротков, халық жазушысы Т.Қайыпбергенов, Арал қаласындағы №14 орта мектептің мұғалимасы Л.Сапожникова, Алматы қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары Ж.Әмірханова, ВЛКСМ Орталық Комитетінің секретары В.Денисов, Қазақ КСР мелиорация және су шаруашылығы министрі Н.Қыпшақбаев, Өзбекстанның Аралды құтқару жөніндегі қоғамдық комитетінің председателі П.Шермұхамедов, Қазалы аудандық газетінің редакторы Ә.Әлішев, КСРО халық артисі Р.Бағланова және басқа да жолдастардың талап-тілектері, ұсыныс-пікірлері бірін-бірі толықтырып, бір арнаға құйып жатты.

Соңғы жиырма бес жыл көлемінде суармалы егістік алқабының көлемі өсуіне, үлкенді-кішілі каналдардың көбеюіне, ондаған су қоймаларының салынуына байланысты, өзен суларын қалай болса солай ысырап жасаудың нәтижесінде Әмудария мен Сырдарияның Аралға жетпей, арнасы кебе бастағаны белгілі. Былтырғы жылдың октябрь айынан бері Сырдарияның сағасында аз да болса су пайда болды. Көктемгі өзен суының тасуы да аздап көмектескендей. Қазір Сырдың жылап ағып, теңізге құйып жатқан аз мөлшерінің өзі дәтке қуат тәрізді. Бірақ бұған малдануға бомайды. Арал теңізі аталған мерзім аралығында 800 текше километр өзен суын алмаған, бұл қос өзеннің құятын суының 14 жылдық көлеміне тең! Сібір өзендерін бұру арқылы Аралды құтқарып қалуға болады деген пікір әлі де төбе көрсетіп қалатынын байқаймыз. КПСС Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1986 жылдың август айында «Солтүстік және Сібір өзендері суының бір бөлігін бұру жөніндегі жұмыстарды тоқтату туралы» арнайы қаулысы бар. Ғалымдар мен мамандар бұған дұрыс шешім деп ден қояды. Берекесіздіктен басқа берері жоқ Сібір өзендерін бұру жөніндегі ұсынысты қайта қозғаудың қажеті шамалы. Қазіргі кезде қос өзеннің суын үнемдеу, қашыртқы-дренаж жүйесіндегі кемшіліктерді реттеу, барлық мүмкіндіктерді есептеп, мақта мен күріш өсіруге артығымен аударып келген суды қайтарып алу, қайтарма сулардың минералдануын кемітіп, тұздан

арылту, т.б. ішкі резервтерді пайдалану басты назарда болуға тиіс. Өзбекстанның, Қазақстанның, Қарақалпақстанның ғалымдары бір-біріне сілтеп, кінәні басқаға аударып, өздерінің үлесін кемітіп көрсетуден арыла бастаған тәрізді. Ақиқатқа жүгініп, бірігіп жұмыс істеуге бетбұрыс байқалады. Ал енді осыған совет және шаруашылық басшылары практикалық көмек көрсетуі керек. Бірақ бұл ғылымның белсенділігі жоғарылап кетті деген сөз емес. Әлі күнге Аралға байланысты ғылыми негізделген кең көлемді жұмыс жоспарының болмауы, бұған Қазақстан мен Орта Азия ғалымдарының ортақ үлесі көрінбеуі, қалай болғанда да түсініксіз. Халық жазушысы Төлепберген Қайыпбергеновтің «Монаққа барсам, айтатын сөздерім көп, беретін бір тамшы суларың жоқ деседі жергілікті тұрғындар» деп ақ жарыла айтуы сондықтан.

Жергілікті тұрғындардың қатты алаңдаушылық туғызған бір мәселесі – теңізді екіге бөлу (Үлкен Арал, Кіші Арал), кіші көлдерді көбейту жөніндегі пікір төңірегінде. Бұл, әрине, әзірге біржола негізделген, құпталған ұсыныс емес. Бірақ, Аралды құтқарудың әртүрлі жолдарын қарастырған кезде осындай ұсыныстың да төбе көрсетіп отырғаны рас. Сондықтан жергілікті тұрғындардың бұл шешімге жабық түрде қол қойылмаса, екен, бәлкім, бұқаралық талқылауға салынса, ғалымдар, мамандар ашық пікірлерін білдірсе деген өтініштері орынды деп ойлаймыз.

Арал тағдырына территориясының теңізбен 460 шақырымы шектесетін Қазалы ауданының халқы да қатты мазасызданатынын аудандық газеттің редакторы Ә.Әлішев ашына айтты: – Арал мен Қазалыны бөліп алып қарауға болмайды, – деді ол. – Арал ауданын 74 мың 500 адам мекен етсе, Қазалы ауданында – 90 мың. Екі ауданның бастан кешіп отырған ауыр халі ортақ. Тұзданбаған тоқымдай жер қалмады. Соның өзінде Арал халқы Аманөткелден тартылған су құбырын пайдаланады, Белікөл тұщы суын ішеді. Ал Қазалы тек Сырдарияның суына қарап қалған. Белікөл суын Аралдан Қазалыға тарту жұмысы (екі аралық 132 шақырым) 9-10 жылдан кейін ғана жүзеге аспақ. Осыны тездетудің жолы неге қарастырылмайды? Бар мәселе қаржыға тіреліп тұрса, СССР-дің бауырлас республикалары неліктен қол ұшын созбайды? Қазалы ауданында қазір сары аурумен екі семьяның біреуі ауырады. Іш сүзегі 14 есе өскен! Балалар өлімі, туберкулез, бруцеллез көбейіп кетті. Соның бәрінің себебі – Сырдың төменгі ағысында отырып, тұщы суға зар болудан. Іргеміздегі Ленинск қаласына 40 процент аудандық коэффициент берілді. Ал бізде бұл неге жоқ? Адам тағдырына ала-құла қарауға болмайды ғой! Біз Аралға да, Қазалыға да аудандық коэффициент берілуін талап етеміз.

Жариялылық кезеңі «жауырды жаба токуды» көтермейді. Ақиқатын айтқан адамдарды тек қана қолдау керек, көмек беру керек. Балалардың өлімі жөнінен Қызылорда облысы мен Қарақалпақстандағы жағдай өте ауыр екендігін біле тұра, нақты шара қолданбауды қалай түсінеміз? Балалар емханаларын, ауруханаларын, емдеу-сауықтыру орындарын, пионер лагерьлерін ашу жөнінде жоспарланған жұмыстармен шектелу – ештеңе де бермейтінін, ең алдымен балалар өмірге келетін табиғи ортаны тазарту, «сауықтыру» керектігін ең бірінші ескеру керек. Бұл – Арал тағдырымен байланысты.

Өзбекстанның Аралды құтқару жөніндегі қоғамдық комитетінің председателі П. Шермұхамедов те балалардың тағдырын ойлау бүгінгі күннің басты мәселесі болуы керектігіне тоқталды. Ол өзінің Қазалыда тұратын Асқар деген оқушыдан хат алғанын, теңізбен тағдырлары бір жас жеткіншіктердің ертеңі үшін жауапты екендігіміз жөнінде тебірене толғанды. Асқар хатында «Аралды құтқарсаңыздар – мен оқимын, әйтпесе – оқымаймын!» деп жазыпты. Осы хатты қолына ұстап П.Шермұхамедов Орталық Комитетке барғанын, «Жұлдызды қалашықта» болып, космонавтарға таныстырғанын, содан соң «Асқар бауырым, сен оқисың!» деп жауап хат жазғанын баяндады. Бұл бір мысал үшін ғана келтірілген әңгіме еместігіне жиналған көпшілік ден қойғандай.

Ал Арал қаласындағы № 14 орта мектептің мұғалимасы Л. Сапожникова теңіз тағдырына оқушылардың да, оқытушылардың да жаны ауыратынын, өткен жазда бір топ шәкірттерімен Изенді Арал мүйісінде болып, теңіз толқындарымен «тілдескендерін»,

Арал теңізінде балықтың 18 түрі кездеседі деп оқытқан шәкірттеріне екі күн бойына балықтың бір де түрін көрсете алмағанын, тіпті топ-тобымен жағалауға жақын жүзетін майшабақтардың да көзге шалынбағанын қинала жеткізген еді. Оқушылар сол жолы «Тақия тастан» москвалық саяхатшылардың қалдырған хатын тауып алыпты. Олар бұл жазбаны тауып алғандықтан адаммен танысқысы келетендерін жазған екен. Күзде Орталық телевидениенің «Саяхатшылар» клубы Аралдың батыс жағалауында болған төрт саяхатшының қатысуымен хабар ұйымдастырған. Содан кейін көп уақыт өтпей-ақ оқушы Жанар Бохаеваға москвалық Дмитрий Певцовтан хат келіпті: «Құрметті Жанар! Хатыңды алып, қуанып қалдым. Әсіресе, жасөспірімдердің туған өлкесін тануға деген қызығушылығы тәнті етеді. Шынымызды айтсақ, біз жазбамыз оқушылардың қолына тиеді деп күтпеген едік. Біз бұл бір бүйірде жатқан жерге кездейсоқ саяхатшылар мен жергілікті малшылардан басқа кім келер деп ойлағанбыз. Дегенмен, Россияның орталық өңірінің тұрғындарына осы мекен өзінше жұмбақ та өзгеше сыр бүгіп жатқандай көрінетінін байқадық. Бұл жерде бәрі де басқаша, біздің көзіміз көріп жүргеннен бөлек болуы мені де, менің жолдастарымды да ойға қалдырды... Мен Аралды 1979 жылы кездейсоқ сапармен Мойнақта болғанымда алғаш рет көргенмін. Жақындап келе жатқан апаттың белгілері сол кездің өзінде байқалатын: теңіз деңгейі жағалаудан 8-9 метр төмен түсе бастаған еді. Бірақ, бұл ол кезде қалың жұртшылыққа жария болған жоқ, жасырын еді. Менің таныстарымның бір де біреуі бұл жөнінде білмейтін...».

«Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деген Қ. Данабаевтың теңіз туралы термесіндегі жолдарда да шындық бар. ВЛКСМ Орталық Комитетінің секретары В.Денисовтың «Адамдар, бұл жерде өмір сүруде және еңбек етуде, еңбек етуде және өмір сүруде» деуі де ақиқат. Ал, Алматы қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары Ж. Әмірханованың жергілікті қарияның аузынан естіген «Аралдың суі кетіп, сазы қалды, Өмірдің көбі кетіп, азы қалды» деген сөзі жүректі дір еткізеді. Бірақ, бұл да түңілу емес. Әлі де болса, әділетті шешімнің болатынына халық сенімді. Ата жұртта ауа көшуді ар санайтын қариялар ел ішіндегі алтын дінгектер іспетті. Ал жастар жағы ше? Онжылдықты бітірген соң, ауылда қалғанмен, екі қолға жұмыс жоқ. Сондықтан олардың қолайлы жұмыс іздеп, білімін жетілдіруді ойлап, қалаларға қарай ағылуы, одан кейін қайтпай қалуы, әзірге белең алып тұрғаны рас. Егер еңбекке қолайлы жағдайлар туғызылса, комсомол комитеттері де шарасыздықтан шығудың жолдарын партия, совет, шаруашылық басшыларымен бірігіп қарастырса – бұл проблема да шешімін табар еді.

Аралдың жағдайын ұзынқұлақ хабарлардан ғана естумен шектелмей, көзбен көру, жергілікті тұрғындармен жақын диалог «Кездесуге» қатысушылардың ойына ой қосқаны анық. Тіпті, кейбір үстірт пікір айтып, сырттай тон пішуге ыңғай танытатындар Барсакелмес аралына бармай-ақ қойсын, Бөген мен Қаратерең сияқты құм қойнауында қалған ауылдардың бірінде болып қайтса да біраз жайтты бағамдар еді. Әсіресе, теңіз бен оның жағалауындағы тіршілік туралы сөз қозғайтын, мәселе көтеретін ғалымдар мен мамандар үшін бұл аса қажет екендігі даусыз.

«Арал кездесуіне» қатысушылар Орталық телевидениенің ұйымдастыруымен өткізілген «Дөңгелек стол» басында сұхбат құрды. Оны Қазақ КСР Телевизия және радиохабарлары жөнінде мемлекеттік комитеттің председателі Ғ.Шалахметов жүргізді. Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші секретары Е.Әуелбеков Сыр өңірінде, Арал бойында қалыптасқан экологиялық проблемалардың еңбекшілердің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылықтардың жұмысына тигізетін әсер-ықпалы, одан туындайтын проблемалар, атқарылып жатқан іс-шаралар төңірегінде кеңірек тоқталып, баяндады. Бұдан соң сөз алған Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті Е. Гвоздев, Өзбек КСР Ғылым академиясының вице-президенті Е. Юсупов, ВЛКСМ Орталық Комитетінің секретары В. Денисов, Алматы қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары Ж.Әмірханова, Қазақ КСР Ғылым академиясы География институтының аға ғылыми қызметкері Д. Орешкин, халық жазушысы Т.Қайыпбергенов, профессор Ғ.Рахимов, Қазақ

КСР мелиорация және су шаруашылығы министрі Н.Қыпшақбаев, академик Ж.Сыдықов, республикалық «Денсаулық» орталығының бас директоры М.Құлманов, Өзбекстан мен Қазақстанда құрылған Арал проблемалары жөніндегі қоғамдық комитеттердің председателдері П. Шермұхамедов пен М. Шаханов және басқа да жолдастар актуалды мәселеге байланысты өз пікір-көзқарастарын білдірді, нақты ұсыныстарын ортаға салды. Нақты ұсыныстар дегенде, өнбейтін дау-дамайдың азайып, қоғамдық ойдың белгілі бір арнаға ойыса бастағандығы назар аудартады. Адам факторы мен шаруашылық мүддесін бір-біріне кереғар қойып қараудың күні келмесе кетіп барады. Әрине, мұны әлі де болса түсінбейтін немесе түсінгісі келмейтін басшылар болса, ертеңгі күні, келер ұрпақтың алдында тұнжырап төмен қарары хақ.

Енді «Дөңгелек үстел» кезінде қозғалған түйінді ойлардың кейбіріне қысқаша тоқталып өтейік:

Е. Гвоздев: – Теңіз табанынан ұшатын тұздың мөлшері 50 миллион тоннаға жуықтайтыны анықталып отыр. Жайылымдар тарылып барады. Мұның келешектегі кесірі тіпті қиын болмақ. Сондықтан, Аралға жылына 30 текше километр су құюға алдағы екі-үш жылда қол жеткізілмесе – теңізді құтқару жөніндегі әңгіме бос сөз болып қалады. Күріш пен мақта өсірілетін алқаптарды күрт азайту керек. Сырдария бойында мыңға жуық әртүрлі бөгендер бар. Суды теңіз үшін үнемдеу керек.

В. Денисов: – КСРО Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті қорынан, В.И.Ленин атындағы Советтік балалар қорынан Аралға көмек беру қажет. Балалар тағдырын ең алдымен ойламаса болмайды. 4 июльде Бүкілодақтық сенбілік өткізбекшіміз. Қазіргі таңда, Арал бойына студенттік отрядтардың келуін құптаймыз. Бүкілодақтық студенттік отрядтар көмегін беруді ұйымдастырамыз.

М. Құлманов: – Қызылордада бір адамға бөлінетін судың мөлшері 40 литрден аспайды. Әйелдердің 58 проценті бүйрек, жүрек, т.б. ауру түрлеріне шалдыққан. Балалар өлімінің республикалық көрсеткіші 29 процент болса, бұл Арал өңірінде – 35 процент! Республикалық «Денсаулық» орталығы қолдан келген шараларды атқаруда. Бірақ, дәрігердің көмегі 10-ақ процент мөлшерінде, ал қалғаны айнала қоршаған ортаның тазалығына байланысты болатынын ұмытпайық. Сондықтан, Одақтық директивалық органдарға нақты ұсыныстармен шығу керек.

Ж. Әмірханова: – Қоғамдық комитет жұмысын құптаймыз. Алматы қалалық атқару комитеті Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігімен, оның ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп, солардың көмегімен Арал аймағын қамқорлыққа алады.

Д. Орешкин: – Арал тек гидрологиялық проблема емес. Оған Орта Азияны көктей өтіп ағатын өзендердің суы құйылады. Ал, ол сулардың пестицидтермен, әртүрлі улы химикаттармен ластануы алаңдатады. Осы өзендердің бойында дүниеге келген он баланың біреуі шетінейтін нүктелер бар екенін жасырмаймыз. Жариялылық әлі де жетіспей жатқан сияқты. Арал бойы өлі аймаққа айналып барады. Теңіздің қайта тууы жөнінде асқақ сөздің қажеті шамалы. 800 мың текше километр су керек. География институтының көптеген ұсыныстары бар. Бірақ, тек онымен Арал проблемасы шешілмейді. Сондықтан, бүкіл Орта Азияда суармалы жер көлемін күрт азайту керек. Республикалардың министрліктеріне бақылаушы орган болсын, сонда ғана 20 текше километр су үнемдеуге болады. Мақта өсіруді азайтып, машина жасау, кен қазу т. б. өндіріс ошақтарын көбірек ашсақ, үнемделген судың есебінен 10 – 15 жыл көлемінде Арал теңізінің деңгейі аздап өсетін болар, әрине, бұрынғы арнасына толмаса да.

Т. Қайыпбергенов: – Арал проблемасы – өмір проблемасы. Су шаруашылығы министрліктерінің өкілдеріне ғана өкпелеуге болмас. Нүкісте бірнеше рет мемлекеттік комиссия жұмыс жүргізді. Алайда, нәтижесін әлі күнге көре алмадық. Қайтарма сулардың құрамындағы пестицидтерді жою керек. Аралға араша түсуге Хорезм, Ташауыз, Қызылорда облыстарының тұрғындары ғана мүдделі емес, бұған алаңдаушылық аясы барлық жерлерге жайылып барады.



Ғ. Рахимов: – Менімше, екі мәселе күн тәртібіне өткір қойылып отыр: біріншіден, Арал теңізінің деңгейін тұрақтандыру, екіншіден, әлеуметтік-экономикалық проблемалар. Суды көп қажетсінетін дақылдарды суды аз қажетсінетін дақылдармен алмастыру керек. Аудандық коэффициент шешімін табуға тиіс. Бұл мәселе Қарақалпақстанда да шешілген жоқ. Бұл да Одақтық деңгейде шешетін проблема. КСРО Ғылым академиясынан арнаулы комиссия құрылса дейміз. Академик И. Герасимов кезінде көп жұмыстар жүргізді. Сол жалғасын тапса. Аралға жылына 30 текше километр су беруге тоқталған дұрыс.

Ж. Сыдықов: – Теңіз деңгейін қай мөлшерде сақтау керек? Егер жылына Аралға 20 текше километр су құйылатын болса – оның деңгейін әлі де 4 метр төмендетеді екенбіз. Сондықтан, 30 текше километр су құйып, 1990 жылғы деңгейін тұрақтандыру жөнінде нақты келісейік. Бұл қазіргі Балқаштың деңгейімен бірдей. Шегінерге жол жоқ. Ендігі бір мәселе, Қарақалпақстанда жер асты тұщы сулары жоқ. Қызылорда облысында бұл мүмкіндік бар.

Е. Әуелбеков: – Жер асты тұщы суларын құбырмен тартып, тың игеру кезіндегі Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесін қолдану керек.

Ж. Сыдықов: – Дұрыс айтасыз, Қызылорда облысында бар мүмкіндікті жүзеге асырған жөн.

П. Шермұхамедов: – Өзбекстан мақта өсірудің, Қазақстан күріш өсірудің жоспарын қайта қарамаса болмайды. Еркін Нұржанұлының ойын құптаймын. Ауыз су проблемасы кешеуілдетуді күтпейді. Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қазақстан әрқайсысы өзінше жұмыс жүргізе бермей, үйлестіру советін құрғанда болар еді. Өзбекстанда Зеил су қоймасының құрылысы қызу жүріп жатыр. Ташауыз каналы 8 текше километр суды Аралдың аузынан жырып алып қалады. Каналды жабу керек. Үндеу қабылданса, осы ойларымды енгізуді өтінемін.

Ә. Бақтыбаев (Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жауапты қызметкері): – Осыдан аз уақыт бұрын Өзбекстан мен Қазақстан екеуі екі түрлі жобаны қолдаған болатын. Бүгінгі әңгіме басқаша. Сондықтан «Арал кездесуіне» қатысушылардың Үндеуі Орта Азия республикаларында талқылануы керек деп ойлаймын.

М. Шаханов: – Таяуда Мойнақта болдық. Сарықамысты көрдік. Ташауыз каналының жағдайы жаңағыдай. Мақта өсірудің көлемі орасан. Мәселен, Қытайда жан басына шаққанда өсірілген мақта 4 килограмнан келсе, КСРО-да 20 килограмнан. Өзбекстанның жылдық жоспары – 5 миллион 200 мың тонна екен. Олар 150 мың тонна артық беру жөнінде міндеттеме қабылдапты. Осы мәселені ойланатын кез жетті. ДДТ-ны қолданбау жөніндегі конвенсиялық шешім де ескерілмей келеді. Овоц, бақша өнімдерін улы химикаттарды қолданбай өсіру жөніндегі мәселе де айырықшы назар аудартады. Жариялылық көбірек болсын.

Сонымен, «Арал кездесуіне» қатысушылар Аралды құтқару жұмыстары үш кезеңге бөлініп жүргізілуге тиіс деген байламға тоқталды:

I. Теңіз деңгейінің төмендеуін 1990 жылғы күтілген көрсеткішке тұрақтандыру. Ол үшін Әмудария мен Сырдарияның 1990 жылдан бастап Аралға 29-30 текше километр су құйып тұруын қамтамасыз ету. Мұны жүзеге асырудың нақты жолдарын зерттеп, көрсету.

II. Суды үнемдеудің ішкі резервтерін жан-жақты есептеу және оны ұзақ уақыт бойына сақтайтындай қатаң шараларға көшу.

III. Су көздерін табудың болашақ жоспарлары.

Осы негізде «Арал кездесуіне» қатысушылардың қоғамдық пікірлерін жинақтап, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Үндеу жариялау қажет деп табылды. Оның тексті әзірлену үстінде.

«Кездесуден» кейін біз «Аралтұз» комбинатының байырғы жұмысшысы, Социалистік Еңбек Ері Ә. Сарымсақовтың осы екі күнгі әңгімеден алған әсерін білгіміз келіп, бір ауыз пікірін сұрадық:

«Үміт оянды!» деді ол кісі ойланған қалпы.

«Лениншіл жас»,

## РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚТЫ ҰМЫТПА, ЖАС ҰРПАҚ!

*Кешеден бүгінге жеткен, көненің көзіндей, халқымыздың көптеген жасырларға созылған қалыптасу жолындағы тарихи, мәдени, рухани ескерткіштеріне сергек қарауы, қастерлеу, қорғау, сақтау және қалпына келтіру жұмыстары күн тәртібіне өткіз қойылуда. Рухани сабақтастыққа салғырт қараудың кесірінен көне мұраларға ескіліктің сарқыншағы деп үрке қарауымыздың салдарынан жоғалтқандарымыз аз емес, ал өткенімізге үңілгенде, бүгінгі қолда барымыздың қадірін білгенде, халықтық мұра ретінде көздің қарашығындай қорғайтын дүниелер жетерлік. Енді, тек соған енжар көзқарастан арылуымыз қажет.*

*Редакцияның Қазақ КСР Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамымен бірлесіп өткізген "Дөңгелек үтелінде" осы үлкен тақырыптың кейбір проблемаларына назар аударылды. Оған Қазақ КСР Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесі президиумының төрағасы Әбіш Кекілбаев, қоғамның мүшелері: жазушылар Қалмұқан Исабаев, Бексұлтан Нұржекеев, Акселеу Сейдімбеков, ақын Темірхан Медетбеков қатысты.*

**Тілші:** – Қозғалатын әңгіменің арнасы ауқымды екені түсінікті. Өйткені, халықтық мұраларымыздың тағдыры жөнінде сөз болғанда, елеусіз ештеңе болмауға тиіс. Тарихи оқиғалар өткен жерде қалған бір белгі, тарихи тұлғалар туралы жеткен бір дерек, танымға таңба түсірер асылдың сынығы, тіпті тот басқан шегеге дейін қымбат. Ал, осы орайда, бұларды білудің, танудың жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орны қандай?

**Ә. Кекілбаев:** – Қазіргі қайта құру кезеңінің бір ғибраты – ел болып ес жию, істі түзету. Бұл ретте, ең алдымен, ел болып қолға алған істің ертеңін ойламауға болмайды. Ертең дегеніміз, әр уақытта, жастарға байланысты. Өйткені, мәдени, тарихи мұраларымыздың тағдырын ертең солардың қолына тапсырамыз. Ендеше, өзімізден кейінгілерге өнеге көрсетіп, олардың санасын оятып, дұрыс бағыттарды айқындап, тәлім-тәрбие беруіміз керек. Қоғамдағы жүріп жатқан үлкен өзгерістердің, халық болып қозғау салған ауқымды жұмыстардың аяқсыз қалмауы жас ұрпақтың да мойнында тұрған парыз екендігін ұмытпайық. Бұл орайда, алдымен, тарихи тәрбиені қалай алып жатырмыз? Жастар өздерінің рухани тегін біле ме? Ұлттық сана, патриоттық сезімнің қалыптасуына қандай ықпал жасалуда? Міне, тәрбие процесінде бұл мәселелерге айрықша көңіл бөлінуі керек.

**А.Сейдімбеков:** – Ілгергі буынның тарихымыздың қатпар-қатпарларына үнілуде әрекетсіз қалған кезі жоқ. Ал кейінгі буынға жүктелер міндет тіптен жауапты болмақ. Тарихи мұраларға, меніңше, мына үш аспектіден ден қою керек сияқты. Біріншіден, тарихи мұраларды табу, тану, тіркеу; екіншіден, қалпына келтіру; үшіншіден, тарихи, мәдени, саяси, эстетикалық мәндерін ашып насихаттау. Мәселен, республика территориясынан тысқары жерлердегі ескерткіштеріміз жайында жастар біле ме? Қостанай, Челябинск, Троицк территорияларының түйіскен жеріндегі Кесенені россиялық реставраторлар қалпына келтірді. Төле би бейіті – Ташкентте, Құрманғазы музейі Астраханьда. Білмеуіміз соншалық, Челябинскідегі Кесенені Темірлан мұнарасы, оны Ақсақ Темір салдырды деген жаңсақ пікір шықты. Бұл Батыйдың /халық жырында – Ер Сайын/ қызына қойылған белгі. Ал Эрмитажда көшпенділердің 5 мыңға тарта мұралары бар. Тарихымызға қатысты мұралар біздің рухани айналымымызға түсуі керек қой. Мәдени, тарихи құнды ескерткіштерді сыртқы жерлерден де қарастырсақ, зерттесек ұтылмаймыз. Осы ретте, екі нәрсеге баса назар аудартқым келеді: біреуі – Ұлытау

басынан ойып алынған тас, екіншісі -Яссауи мавзолейінен алынған қазан. Екеуі де Ленинградтағы Эрмитаждың мүлкі болып тұр. Ұлытаудың тасында мынандай жазу бар: "Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы. Жаздың ара /июль/айы. Тұранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгілі болсын дел осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп бер-сін. Үншалла тәңірі бұл кісіге рахым қылып, барша адам есіне алып жүрсін".

Менде осы тасты хабарлаған Тай Тілегенов ақсақалдың хаты бар». 30-40-шы жылдары ол кісіге 47 сом ақша беріп / тасты көрсеткені үшін/ осы тасты Ленинградтан арнайы адам келіп, алып кеткен. Алсын. Бірақ орнын үңірейтіп қалдыруға бола ма?

Ал Эрмитаждағы қазан қайтадан орнына қойылмаса -Яссауи ғимаратын толық регставрациядан өтті деп айта алмаймыз. Академик Орбели 1939 жылы бір айға көрмеге қоюға алып еді. Содан қайтарылмады.

Бұл екеуінің де Эрмитажға, көшірмесін қойса, тарихи құнды мүлік өз орнында тұрса болмас па? Бұлай болмағанда халық жадында ұлы тарих қалай сақталмақ?

**Ә. Кекілбаев:** – Жаңағы идея – өте дұрыс. Белгілі бір территорияны мекендеген кез-келген нәсіл, ұлт, халық жерге, суға, табиғат байлықтарына ғана иелік етіп қоймайды, сонымен бірге мәдени, тарихи мұраларын да малдығады. Кейінгі ұрпақ сол мұралардың әрбір бөлшегін, барлық жұрнағын жинастыруы керек. Тек бір ұлтқа ғана қатысты деп бөле – жармай, сол кезеңнің жәдігері ретінде, мәдени дамудан бөліп алып қарауға болмайтын құнды ескерткіштер ретінде иелік жасауы керек. Сол арқылы мәдениет сабақтастығын жастарға түсіндіруімізге болады.

Мәселен, оңтүстік өлкесінде қаншама ескерткіштер бар. Оларды тек қазақтардың, немесе одан бұрынғы көшпелі мемлекеттердің тұсында ғана қалыптасты деп айта алмаймыз. Былтыр ғана біз Сайраннан будда ғи-маратының орнын таптық. Немесе, Маңғыстаудағы атақты Қошқар-Атаны алыңыз, Күнге табынғандардан жеткен сәулет ескерткіштері емес пе. Ал сол өлкедегі 360 әулиенің қорымы да мұсылман дінінен бұрынғылар мінәжат еткен орындар ғой. Бұлар да Меккедегі Қағба, Дамаскідегі мешіт немесе Иерусалимдегі Омар мешіті сияқты. Ал мәдени сабақтастық жөнінде жастар білсін десек, бұлардың мәнін түсіндіруіміз керек. Бұл – бір. Ал бұл орайдағы біздің ең үлкен кемшілігіміз – осындай ескерткіштерімізді қалпына келтірудің өз алдына методолошысын жасаған жоқпыз, өзіндік технологиясын жасаған жоқпыз. Ғылыми сұрыптау жолы белгіленген жоқ. Бұл тек біздің қоғамның ғана мойнындағы жүк емес. Қоғам тиісті ғылыми орталықтарға осы істі қолға алуға түрткі болады.

**Тілші:** – Жастардың таным-түсінігін байытар өлшеусіз бай мұралардың бірі – еліміздің архивтеріндегі сақталған дүниелер ғой. Ал архив ақтаруға келгенде кездесетін қиындықтар да аз емес...

**Б. Нұржекеев :** – Архивтік материалдарды жастарға жеткізудің жолдарын ойластыру керек. Бірен-саран тарихшылар болмаса, архивтің материалдарына кез-келген жастардың, тіпті, тарихпен айналысатындарының да қолы жете бермейді. Оның үстіне кейбір тиым салынған қорлар да бар ғой. Коллективтендірукезіндегі материалдарды оқығанда өз басым көрдім, ол кездегі біздің интеллигенцияның жазып қалдырған дүниелері, тіпті шаруашылық іс қағаздары А. Байтұрсынов альфавитімен тасқа түскен немесе қолжазба күйінде қалған. Араб әрпімен. Ол кезде архивтің үстінен қарайтын мекемелер де көп болған. Өздері танымайтын, «түсініксіз» қолжазбаларды сұраусыз күйінде құртып жіберген, сөйтіп селдір-селдір дүниелер бізге жетіп отыр. Ал енді аудандық, облыстық, республикалық архивтерде шаң басып жатқан сол қазыналарды жастардың рухани айналымына түсіру керек емес пе? Кейде әлгіндей материалдарға жүгініп, бір-екі тарихшы қайшы пікірлер айтып жатса да кімдікі жөн екенін ажырату қиынға соғады. Себебі, түпнұсқаға талдау жасауға, соған сүйенуге екіншісі бірі бара алмайды. Шұғыл түрде ескі басылымдарды қазіргі алфавитке көшіріп аудармасақ – жас ұрпақ одан мүлде қол үзіп қалмасына кім кепіл?

**А.Сейдімбеков:** – Тарих ескерткіштері тек архитектура емес. Ол: салт, дәстүр, мораль, этика, ән, күй, қол өнері, қолжазба... Осының ішінде қолжазбалардың да халі аянышты. Әдебиет институтында 5 ғасырлық мұра күйіп барады. Жадымыздан өшуге жақын. Бүкіл халықтың рухани тағдыры қыл үстінде тұрғаны алаңдатады. Көмек керек. Жолы бар! Қоғам ақша бөлсін. Қолжазбаларды қазіргі әріпке түсіріп, көбейткенде ғана бұл тұйықтан шығуға болады.

**Ә. Кекілбаев:** – Бұл мәселеге байланысты біз Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумымен кеңестік, Бастама дұрыс деді. Бірақ олардың бюджетінде бұған бөлінетін қаржы белгіленбеген болып шықты. Соңдықтан олар бізге хат жазды. Ескілікті қолжазбаларды, басылымдарды жаңа шрифтіге көшіруге біз қаржы бөлетін болып шештік. Екінші бір мәселе, Қытайдан көшіп келген ағайындардың ішінде көзқарақты азаматтар бар. Осы іске соларды жұмылдыруымыз керек. Өзіміздің тілімізде жазылып, өзімізге түсініксіз болған қолжазбалар Қап тауындай. Ал тек біздің қоғамның бөлетін 10-20 мың сом қаржысымен ол тауды қопарып тастау қиын. Соңдықтан, Ғылым академиясы, архивтік бас басқарма, біздің қоғам болып бұл шаруаны мемлекеттік шешімін табатын деңгейге көтеруіміз керек. Онсыз болмайды. Мемлекеттік тұрғыда шешілетін мәселе. Ал, тағы да архив туралы айтар болсақ: халқымыздың тарихына қатысты деректер түгел емес. Орынбордағы архив бір кезде Қызылордаға, одан Алматыға көшіп келді. Оның үстіне сыртқы жерлердегі – Орынбор, Астархань, Тбилисидегі деректер, Армениядағы қыпшақ қолжазбалары, Москваның, Ленинградтың архивтеріндегі мұраларымыз. Бас штабтың, СССР Сыртқы істер министрлігінің архивтерінде басқа да көптеген қалалардың архивтерінде шашылып жатқан ұшан-теңіз байлығымыздың жоқтаушысы болуымыз керек қой, Ал бұларды былай қойғанда күні бүгінге дейінгі тарихи, мәдени байланысымыз үзілмеген Ташкенттегі архивтермен толық таныса алған жоқпыз.

**Қ. Исабаев:** – Жуырда телевизия хабарларынан естідім: Абайдың 1895 жылы шыққан бір кітабы Ташкенттегі бір кітапхана қорында сақтаулы көрінеді. Ал біз Абайдың тірі кезінде кітабы шыққан жоқ дейміз...

**Ә. Кекілбаев:** – 1850 жылдары, қандай жолмен түскені белгісіз, Абылайға орыс патшасының сыйлаған қылышының сынығы Ташкенттен табылып отыр. Бізде суреті, материалы бар, альманахқа берейік деп отырмыз.

Ал енді осы архивтермен жұмысқа байланысты біздің қоғам не істемек деген сауал туындайды ғой. Жақында Қазақ ССР архив бас басқармасымен ақылдастық. Олар экспедициялар ұйымдастырмақшы. Қаржыны біз бөлеміз. Бізге керек документтер микрофильмге түсіріледі. Оны қалай пайдалану – алдағы уақыттағы шаруа. Сосын өзіміздің көне жазуларға байланысты секциядан археографиялық экспедициялар шығарамыз. Туысқан республикалардағы қалаларға, Монғолияға, Қытайға сапар шегеміз. Тарихи деректер, ел аузындағы мәліметтер, қолжазбалар, көне кітаптар, т. б. жинаймыз. Үшіншіден, «Өнер» баспасымен бірігіп, қағаз мәселесі қинайды, дегенмен, Эрмитаждағы коллекциялардың альбомын жасау ойымызда.

Бірте-бірте Орынбор, Астрахань, Ташкент, т. б. қалалардағы музейлердің коллекциясынан альбомдар жасамақпыз. Бұл орайда тек бір ғана қоғамның игі ниет білдіруімен іс бітпейтіні белгілі. Ғылым академиясы, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет белсенділікпен қолдаса ғана жүзеге асады. Біз ұсыныс жасаймыз, ол ұсынысты ешкім жоққа шығармайды. Бірақ, қоғамдық ұйымдардың жұмысына, әлі де болса жойылмаған әкімшілік-бюрократтық көзқарас көп кедергі келтіруде. Бұрын сөз тыңдамайтын, енді сөзді тыңдайды да, осыны өзің жаса деп иыққа арта салады. Осыны демократия деп ұғатындар бар. Қоғамдық пікірді ескергендік деп ұғады. Меніңше, қоғамдық пікірді мемлекетке өткізу үшін қоғамдық ұйымдар өмір сүруге тиіс. Ал жастар ұйымдары – комсомол комитеттері де бұл істен тысқары қалмауы керек қой деп ойлаймын.

**Қ. Исабаев:** – Комсомол – жастардың мәдени, тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау ісіне белсенді түрде араласуы керек қой. Жастарымыз әлі де болса өтпелі

қызықтарға еліктегіш. Өткенге үңіліп, тамырын тануға енжар. Ал, осы ретте, комсомол комитеттері жергілікті жердегі шаруашылық басшыларына сөзін өткізе алатындай, халықтық мұраға қиянат жасалып жатқанын көрсе – шырылдай ара түсетіндей болса, шіркін. Содан соң, осы қоғам жұмысына Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің де жауапты қызметкерлері бетбұрыс жасаса. Бірігіп өткізілетін шаралар белгіленсе оңды болар еді.

**Тілші:** – Жастардың қоғам алдындағы, халық алдындағы жауапкершілігін сезіну жөнінде өте орынды айттыңыздар. Ескерткішті көру, тану аздық етеді, оның тірихи мәнін сағалап түсіндіре алатындай деңгейде білім, оянған сана болуы керек қой. Жастардың сана тәрбиесіне сара бағыт ұстану қажет.

**Т. Медетбеков:** – Тарихи сананы тарих оқулықтары ғана жасамайды. Маңғыстаудағы мұралар 1960 жылдарға дейін қалай сақталғанын көрсеңіз. Ашық аспан астындағы музей бертінде бұзылды, талауға түсті. Көне ескерткіштерге кез-келген жүргінші таңба түсіріп, атын жазып шимайлайды. Бұл – өз ата-бабаңның, әке-шешеннің бетін тырнаумен бірдей жат қылық екендігін түсінбейтіндерге не шара! Оңтүстік облыстардың бірінде ауыл шетіндегі қорымды айналып өтпей, тура жол салғандарды да көзімізбен көрдік. Меніңше, тарихи сананы этникалық, эстетикалық мәдениет арқылы ғана оятуға болады.

**Ә. Кекілбаев:** – Тарихи сананы әуелі семья қалыптастырады. Әр үйде бір-бір ата, әже бар. Нағыз шежіре солар болуға тиіс. Ал кейбір ата-аналар тарихы түгіл, тілін ұмытқанын көріп жүрміз. Мұндайда бізге коллективтік әже, коллективтік ата – шежіреші керек. Ол – телевидение, радио, баспасөз. Осы бұқаралық информация құралдарының жұмысы ықпалды екені даусыз.

Осы уақытқа дейін мектепте тарихты оқытуда стандартқа ұрындық. Халық тарихын емес, мемлекет тарихын оқытып келдік. Қоғам тарихы, мемлекет тарихы, мәдениет тарихы бар. Ескі үрдіспен оқытуға енді болмайды. Кенеттен керемет тарих оқулығы ту қойылады деп айту қиын. Жастарды рухани жатыпшыерге айналдырмауымыз керек. Жастар тарихи мұраларды жинастырумен шұғылданбайды, тек егделердің еншісіндегі шаруа сияқты. Мәселен, колхоздастыру кезеңінің куәсі атасының, әкесінің сөзін неге жазып алмасқа? Ауылдағы тарихи орындарды салысқан адамдардың сөзін неге жазып алмасқа?

**Қ. Исабаев:** – Ескерткіштерді халық жасайды. Ал соны жастарға насихаттағанда неге өз тілінде түсіндірмейміз? Мәселен, «Памятники истории и культуры Казахстана» деген журналдарыңызды неге қазақ тілінде де шығармайсыздар?

**Т. Медетбеков:** – «Мирас» сериясымен «Жазушы» және «Жалын» баспаларынан «Атамекен» және «мирас» атты көркем-публицистикалық жинақтар шығармақпыз. 1990 жылға оларды тапсырып қойдық. Бұлар материалдық, монументальдық және рухани мәдениетімізге қатысты көп-теген материалдарды қамтиды. "Мирас" сериясымен бұл жинақтар одан әрі де жалғаса бермек. Жинақтардың тақырыптық аясында, көтерер проблемаларының шеңберін де кеңейтпекпіз. Оған жергілікті авторларды да көбірек тарту ойымызда. Бұл, сөз жоқ, ескерткіштерді қорғаудың бұқаралығына ықпал жасайды. Баспаға тапсырылған алғашқы жинақтарда зергерлік, қол өнері, архиеология туралы ойлар тапшылау болды. Келешекте бұл олқы тұстардың да орнын толтырамыз.

**А.Сейдімбеков:** – Жастардың тарихи санасын ояту деген мәселеге байланысты сөз қозғағанда, менің есіме Лениннің Луначарскиймен әңгімесі түседі. В.И.Ленин "Күн қала" үлгісіндегі көрнекі иасихатты армандаған ғой. Жас ұрпақ көшеге шықса-ақ тәрбие алатын болса деп армандады. Осы орайда, белгілі тарихи адамдарға ескерткіш-белгі қоюдың мәні өте зор. Бұқар, Едіге, Тоқтамыс, Тана /Асанқайғының бәйбішесі/, Абылай, Бөгенбей, Қазыбек, Әйтеке, Әбілқайыр,.. осылардың бірде-бірінің басында белгі жоқ. Бұқар Далба тауында деседі. Ал, Далба тауының сілемі Францияның жер көлеміндей. Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мағжан, Ахмет, Жүсіпбектердің басына гүл қоя алмаймыз. Осыларға ескерткіш керек. Әдеби-мәдени қорық ұйымдастырылса дейміз. Оған қолайлы

орын: Алматыдағы Абай-Төлебаев, Құрманғазы-Фурманов көшелерінің ортасындағы жер. Бұл тарихи орын. Мұхтар Әуезов музейі тұр. Резиденция үйіне бір кездері Сәбит, Ғабит, Ғабиден қызықты. Музейге айналдыруға болмас па? Қонақ үй бос қалды. Себебі, Орталық Комитет жаңа қонақ үй салды. Демек бұрынғы қонақ үйді мәдениет қайраткерлері тоқтайтын мекен-жайға айналдыруға болады. Бұл кварталда орыстың Заводский, Пудовкин бастаған қайраткерлері тұрған. Осы квартал қаланың ашық мәдени музейі болуға сұранып-ақ тұр. Оның ішінде 1932-37 жыл құрбандарына ескерткіш орнатылсын.

Ендігі бір мәселе, біздің орыстармен қосылуымыздың тарихи айғағы керек. Демек, екі белгі қажет.

Бірінші – Әбілқайыр басына. Торғай, Қабырға өзенінің бойы. Әбілқайыр тарихи себепші ретінде әбден лайық адам. Екінші – жаңа алаңға белгі қойылса. Алаң – жалаңаш. Оның жуан ортасына ұлы монумент сұранып тұр. Ол монумент "Кесе ұстайған қыз" үлгісінде емес, тұтас гранит түрінде қойылса. Ленинградтағыдай.

**Тілші:** – Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының он үш мың бастауыш ұйымы екі миллион төрт жүз мыңдай адамды топтастырады екен. Егер, қоғамның әрбір мүшесі, олардың ішінде комсомол-жастар да бар ғой, өз міндетін, халықтық мүддені қорғайтын қызметін терең түсінетін болса – қыруар жұмыс тындыруға болатындай. Архивтердің, музейлердің, ғылыми-зерттеу мекемелерінің жас күштері қоғамның мүшелігіне алынғанда арнайы дайындық курстарынан өтіп тұрса, бағыт-бағдар алып тұрса болмас па? Осы уақытқа дейін тарихпен айналысушылардың өздері оң-солын тани алмай, тұйыққа тіреліп келсе, басқа мамандың иелерінің таным-түсінігі жөнінде не айтуға болады?

**Қ. Исабаев:** – Міне, осы орайда, мен кадр мәселесі туралы айтқым келеді. Жалпы ескерткіштер деген ұғымды, өз басым, жеке ескерткіштердің жиынтығы деп түсінемін. Егер осы жиынтықтан тарих құралады десек, әрбір ескерткіш қоғамдағы белгілі бір адамның өмірімен байланысты болатыны белгілі. Ендеше, тарихыңды тану кезінде белгілі бір ескерткіштердің бой көтеруіне себеп болған оқиға мен адамның өмірін білу міндет екен. Ал біз жалпы тарих, жалпы ескерткіш деген кезде оның негізі, түп іргесі болып саналатын осындай жайларды түсіндіре алып жүрміз бе? Әр нәрсенің, түпкі туу себебін, тарихтың егжей-тегжейін білу оған деген көзқарасты белгілейтін болса керек. Әр ескерткішті долбарлай білу бар да, дұрыс тани білу бар. Бұл екеуі екі түрлі көзқарасты туғызуы да мүмкін. Әсіресе алғашқы көзқарастағы адамның кез-келген мәдени, тарихи мұнара енжарлығында шек жоқ. Біздің осы ескерткіштерді қорғау саласында, әсіресе, облыстық, аудандық ұйымдарда ана тілін білмейтіндер аз кездеспейді. Қазақша амандаса білетіндер жөнінде айтып отырғаным жоқ. Қазақша шығатын газет-журналдарды оқи білмейтіндер, оған көз жүгірте алмайтындар жөнінде айтып отырмын. Ескерткіштерді халық жасайды екен. Ал оны насихаттау, бүгінгі халіне жанашырлық білдіре жұртқа түсіндіру де жергілікті жерде тілін білетін адамдардың тізгіні болу керек емес пе? Жергілікті жердегі жолдас ескерткіштердің тағдырына қатысты мерзімдік баспасөзде шыққан хабарларды оқи алмайды екен, сонда ол халықтық мұраның қамы үшін қалай мазасыздананды деген сауал туады. Республикамызда бүгінгі таңда музейлер баршылық. Ал музей қызметкерлерінің қос тілді білмеуі дейтін ақылға сыймайтын шаруа. Әсіресе солтүстіктегі облыстарға жолымыз түскенде мұны қатты сезінеміз. Мұны астанамыздағы кейбір музей қызметкерлері жөнінде де айтуға болады. Ескерткіштерді насихаттаудың әліппесі – музей-лердегі экспонаттарды егжей-тегжейлі білу ғой. Оның түп-тегін білмеген адам нені насихаттайды?

Сайып келгенде, айтайын дегенім, ескерткіштер төңірегінде істейтін адам екі тілді де жетік білуі керек. Ескерткіштерді қорғау жұмыстарына да халықтың мұраға сергек қарайтын азаматтар алынуы тиіс.

**Ә. Кекілбаев:** – Қай уақытта болмасын кадрлар жергілікті жерден өсіп шығады. Тәрбие бастауы мектепте "Өлкетану" дейтін сабақтан алу керек. Халықтың өз ортасынан шыққан, Біржан, Ақан, Махамбет, т.б. ардақты ұлдары туып-өскен елді-мекендерде халық

отыр. Эстетикалық тәрбие, интернационалдық тәрбие жүргізетін ұйымдар бар. Өртүрлі мәдени-спорттық шаралар өткізіледі. Ал сондай жағдайда тарихи орындарды, тарихи тұлғаларды жадымыздан шығармай, әлгіндей шараларды тікелей солардың есімдерімен байланыстыра, сол жерлерде өткізуге неге болмасын. Комсомолдың қазіргі жұмысында мода психологиясы басым. Спортomanия, экологomanия біржақты белең алып кетіп отырады. Қоршаған ортаны қорғау деген сөз – тек табиғатты қорғау деген сөз емес қой. Бұл аяда тарихи, табиғи, мәдени ескерткіштер бөліп-жармай қарастырылуы керек. Ал біз бөліп алып дабыра жасауға әуеспіз. Ең алдымен осындай біржақты көзқарастан арылу қажет.

**Б. Нұржекеев:** – Комсомолдың бұдан біраз жылдар бұрын «Қызылшілдер», «Ешкім де, ештеңе де ұмыт болмайды» дейтін жақсы акциялары кең қанат жайған еді. Осыны қайта жаңғыртудан ұтылмас еді. Коллективтендіру тарихын алайықшы. Колхоздардың аты қаншама рет өзгеріске ұшырады. Көптеген жерлердің бұрынғы атаулары мүлде ұмытылды. Жастар ұйымдары осыны анықтауға неге мұрындық болмасқа, жаңаша іс-қимыл дегеніміздің өзін кейбір жалт-жұлт науқандық шаралардың ізімен ғана кету деп түсінбеген жөн.

**Т. Медетбеков:** – Игі салт-дәстүрлерімізге де сергек көзқарас, қамқор пейіл қажет. Сол арқылы да жастардың бойында жанашырлық қасиетті қалыптастырамыз. Халықтық дәстүрлердің қай-қайсысы да қадірлі, қай-қайсысы да қастерлі. Оларды алалауға да, бөлектеуге де болмас. Өйткені, олар халықтың атын қалыптастаруда, мәдениетін, мінезін, психологиясын түзеуде ғаламат роль атқарған. Мәселен, тұрмыстық дәстүрлерден үш мысал айтқым келеді. Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданындағы "Қараш" деген жерде қазақтар бие саууды, қымыз дайындауды білмейді. Жылықылы ауыл "саба" деген сөзді тілдік қолданыстан мүлде шығарып тастаған. Шымкент облысының "Ленинизм" колхозындағы ағайындар жүн сабау, киіз басудан махрум. Маңқыстауда түйе жүнінен шекпен тоқуға мән берілмейді. Зергерлік өнер зердеден өше бастаған деуге болады. Бұлар елеусіз мысалдар емес республикамыздың түкпір-түкпіріндегі кез келген ауылдарға ат басын бұра қалсаңыз осындай олқылықтар алдыңыздан андыздап шыға келетініне күмәніңіз болмасын. Ал халықтық дәстүрлерді ертеңгі ұрпақ кітаптан оқып түсінеді ғой десек, қатты қателесеміз.

**А. Сейдімбеков:** – Қазір қалалардың өзі интвнсивті өзгеруде. Көне мұралардың күйреуі оп-оңай. Бір мысал келтірейін. Қарағандыны алайық. Доскей Әлімбаевқа кезінде халық ақыны атағы берілді, үкімет наградаларына ие болды, республика сессияларын өлеңмен ашты, Министрлер Советінің қаулысымен оған 8 бөлмелі үй салынды, Қарағанды театрының аты берілді, колхоз аты, көше аты берілді. Нансаңыз, қазір осының өзі аңыз сияқты. Көшесі Қарағандының ескі жұртында қалды, үйін күреп тастады, театрын С.Сейфуллин атымен өзгертті, колхозы "Победа" совхозы болып өзгерді. Сонда не ұттық? Тарихи тұлғалардың есімдеріне де қиянат осыған ұқсас. Бұл біздің жетесіздігіміз. Осындай сорақылық әрбір қаладан ұшырасады.

Тағы бір тоқталайын деген мәселем: ескерткіштерді өңдеу, жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары яғни реставрация. Менімше, реставрацияда бірінші кезектегі мұраларға мән беру ескерілмеуде. Мәселен, зор мәні бар шаруа – Сырымбеттегі Айғаным усадыбасын қалпына келтіру. Мұнымен біз XIX ғасырдағы қазақтың отырықшы мәдениетін комплексті көрсете алар едік: тұрғын үй, қонақ үй, диірмен, медресе, монша, күтушілер үйі, т.б.

Реставрация ғылыми негізге қойылған жоқ. Мұның сорақы үлгісін Үстірт үстіндегі мұралардың тоз-тозы шығуынан көреміз. Үстірт үсті архитектурасының дүние жүзінде аналогы жоқ. Онда соңғы 10 мың жыл бойы үзілмей кісі жерленген пантеондар /қорымдар/ бар. Адамзаттың он мың жылдық тарихы! Шумерге 6-ақ мың жыл...

**Б. Нұржекеев:** – Жастардың бойында тарихи мұраға жанашырлықты тәрбиелемейінше әлі де көп нәрсе жоғалтарымыз анық. Жаркентте Ақ күмбез бар еді. Отызыншы жылдары алтын айшықтары құртылып, қиратылған. Халықтық дүниелердің

мәнін түсінбей, діни мұра деп шошына қараудың салқыны әлі де болса жойылған жоқ. Жаркент қаласының өзін-ақ алайықшы. Бартольд еңбектерінде Жаркент, Көктал, Қорғас, Құлжа атаулары кездеседі, Ал оның іргетасы 1882 жылы қаланған деп 100 жылдығын тойладық?! Бұл жөнінде мен айтып та, жазып та көрдім. Құлақ асқан ешкім жоқ.

**Ә. Кекілбаев:** – Терминкомның қызметін өздеріңіз білесіздер. Күн өткен сайыи топонимикалық комиссияның қажеттігі сезіле түсуде. Қалаларға, көшелерге ат қоюдың проблемалары реттелмейінше жоғарыда айтылған мәселелердің бірқатары оң шешімін табуы қиын. Қарап отырсақ, тарихымыз бар да, тұлғаларымыз жоқ сияқты. Тарихи қайраткерлер дегеннен, хан, сұлтан, би дегеннен әлі күнге қорқамыз. Вашингтондағы Капитолийде жүзден астам президенттің бюсті қойылған екен. Әл Фараби, Қорқыттардан бастап, кешегі Аманкелді сияқты халық ұлдарына бір музей арнасақ артық болмас еді-ау. Бонопарттың, Спартактың, Суворовтың мүсіншілер кескіндеген бейнесі көз алдымызға келе қалады, ал Төле бидің елесі де жоқ.

Айта берсек, әңгіме көп. Мұның бәрі жасы бар, жасамысы бар халықтың бір бөлшегі саналатын әрбір адамға қатысты мәселелер.

ЮНЕСКО-ның "Жібек жолы" деп аталатын үлкен экспедициясы 1990 жылы он күндік сапарын Қазақстан арқылы өтеді. Оған да үлкен дайындық жұмыстарын ойластырудамыз. Қысқасы шаруа көп. Оны тек күллі қауымның ынтымақты ыждаһаты ғана жүзеге асыра алады.

«Лениншіл жас»,  
1989 ж.

## КӨКЖИЕГІ КЕҢ КӨРКЕМ АУДАРМА

*Халықтар арасында әдеби, мәдени-тарихи байланыстардың терең тамыр жаюына көркем аударманың тигізер ықпалы өлшеусіз зор екендігін уақыт дәлелдеді. Іргелі қазақ әдебиетінің даму тарихына үңілер болсақ, әр кезеңде өзге тілдерден танымдық, тәрбиелік мәні күшті, адамзаттық ортақ ойдың жемісіне айналған туындыларды тәржіма жасауда тәжірибе жинақтағанын байқаймыз. Бірақ, бұл игілікті істің проблемалары да баршылық еді. Ең алдымен, жүйелі түрде жұмыс істейтін аударма орталығының қажеттілігі айқын сезіле бастады. Нәтижесінде, республика Министрлер Советінің қаулысымен Қазақстан Жазушылар одағының жанынан Көркем аударма және әдеби байланыстар жөніндегі Бас редакциялық коллегия құрылды. Оқырмандарымызға осы жөнінде біршама мағлұмат беруді жөн санап, Бас редакциялық коллегия председателінің орынбасары Сәтімжан САНБАЕВПЕН сұхбат жүргізген едік.*

– Сәтімжан Хамзаұлы, ең алдымен, Бас редакциялық коллегияның алдында тұрған негізгі міндеттер, қызмет өрісі, құрылымы туралы хабардар болсақ?

– Коллегия өзінің басты міндетін көркем аударма сапасын жақсарту мен әдеби байланыстарды нығайтудан іздейді. Бұл түсінікті болса керек. Ұлттық мәдениеттердің бірін-бірі байытуы, тығыз қарым-қатынаста дамуы – жалпыадамзаттық ортақ мүддеге қызмет етеді. Әрбір жеке ұлт мәдениеті мен әдебиетінің жетістіктері, рухани табыстары тар шеңберде қалып қоймай, әлемдік мәдени қорды байытатын, соның құрамдас бөлігі болуы керек. Осы ретте, біздің коллегия өзінің творчестволық, ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарының ұзақ мерзімдік программасын жасады. 2000 жылға дейінгі жүргізілетін жұмыстардың негізгі бағыттары белгіленді.

Мәселен, әлем және совет әдебиеті озық туындыларының қазақ тіліндегі және Қазақстанда тұратын аз ұлттар тілдеріндегі жолма-жол аудармасын даярлау, сондай-ақ қазақ әдебиетінің және Қазақстан территориясындағы басқа ұлттар әдебиетінің елеулі шығармаларының орыс тіліндегі, совет халықтары және шет ел тілдеріндегі жолма-жол



тәржімасын жасауды бірінші кезекте жүзеге асырмақпыз. Осы арқылы жолма-жол аудармалардың бізде үлкен қоры пайда болады. Бірте-бірте игерілген өнімдерімізді насихаттау және тарату үшін одақтық және халықаралық жәрмеңкелерге қатысуымызға да мүмкіндік туады деп ойлаймыз. Шетелдік және одақтық орталық, республикалық баспалармен байланысты нығайтып, ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынасына ықпалы тиетін шығармаларға кепілдеме беріп, ұсынатын боламыз. Бас редакциялық коллегияның қызмет өрісі осылай кеңейе бермек. Ал қазіргі құрылымына келер болсақ, төмендегідей редакциялар бар: көркем аударма және әдеби байланыстарды үйлестіру, қазақ тіліне аудару, орыс тіліне аудару, шет ел тілдеріне аудару, «Әлем» альманағы. «Әлем» қазақ және орыс тілдерінде, әрқайсысы 30 баспа табақ көлеммен, жылына бір рет жарық көріп тұрмақ.

– Бізде орыс тілінен, сол арқылы басқа тілдерден көркем шығармаларды аударудың тәжірибесі бар ғой...

– Әрине. Абай, Ыбырай, Шәкәрім аудармалары белгілі. М. Әуезовтің аудармашылық мектебінен үйренеріміз көп. Сондай-ақ, С. Талжанов, Ғ. Ахмедов, Х. Өзденбаев, І. Жарылғапов, Ә. Жұмабаев, Н. Сыздықов, Ж. Ысмағұлов және басқа да көптеген аудармашылардың тәжірибелері жан-жақты зерттелуі қажет. Олардың тәржіма жасаудағы озық өнегелерінен үйренуіміз керек.

Осы орайда, орыс классиктерінің туындыларын аудару барысында атқаратын жұмыстарымыз әлі де ауқымды. Сондай-ақ, Абай, Махамбеттен бастап, қазақтың ірі ақындарының басқа тілдерде сөйлеуі көңіл көншітпейді. Оған енді Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтардың әдеби мұралары ұзақ жылдардан кейін халық игілігіне айналғанын қоссақ, қыруар жұмыс күтіп тұр.

– Аударма мектебінің осы уақытқа қалыптасқан өз ішкі заңдылықтары бар сияқты. Аударма – өнер. Бұған да талант табиғатының туыстығы, айрықша шеберлік, творчестволық қолтаңба керек. Яғни, аудармашыға қойылатын талап өте жоғары, ал одан аудармашы жауапкершілігі сәл кем болмауға тиіс...

– Әр ұрпақтың, әр халықтың топырағында туған көркем туындыларын аударған кезде қандай да бір сабақтастық табуымыз керек. Мәселен, жалпы адамзаттық проблемалар ортақ қой: соғыс пен бейбітшілік, экология, әлеуметтік-экономикалық байланыстар, мемлекет пен жеке адам арасындағы қарым-қатынастар, тарихи сабақтар, т. б.

Әдеби шығармалар – халық жадындағы өмір шындығы болуға тиіс. Ал, аудармашы парызы – сол шындықтың әрін қашырмай, бояуын жоғалтпай, әсер-ықпалын солғындатпай бір тілден екінші тілге жеткізу. Осы уақытқа дейін аудармамен тұрақты айналысатындардың қатары ала-құла болып келсе, енді талантты аудармашыларға мол мүмкіндіктер туады. Қазірдің өзінде көптеген шет ел тілдерінен тікелей қазақшаға тәржіма жасайтын азаматтар қатарымызға қосылуда. Әрине, сан емес, сапа – әдебиетте де басты көрсеткіш.

– Қазақ тіліне әлемдік, одақтық, туысқан республикалар халықтары әдебиеттерінің озық үлгілі туындылары бұған дейін де ішінара аударылып келгендігі белгілі. Енді ұзақ жылдарға белгіленген программа, жоспар бар екен. Сонда бұл қалай жүзеге аспақ? Қазақ тіліне аударылатын шығармаларға тоқталсаңыз.

– Аударылатын әдебиеттердің тізімі жасалды. Жүйе-жүйеге бөлінді. Асыл қазына. Мол байлық. Оның ішінде көне түркі жазба ескерткіштері, әлем халықтарының эпосы, шығыстың ұлы ойшылдарының еңбектері, классикалық қытай поэзиясы мен прозасы, орта ғасырлардағы, өркендеу дәуіріндегі, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдебиеттер, ХІХ-ХХ ғасырдағы туындылар, СССР халықтарының әдеби мұралары бар.

Гомердің «Одиссейі» мен «Қорқыт ата» кітабында қиысатын сюжеттер кездеседі. Бұл кездейсоқтық болуы мүмкін емес. Платонның «Лахесінде» ішінара скифтердің ұрыс тәсілі сөз болуы да назар аудартады. Кушан дәуіріндегі будда текстері, Атилла жайындағы европалық деректерде ғұндардың суреттелуі, таң дәуірінің ақыны Б. Цзийдің киіз үй

туралы гимні, тасқа жазылған көне түркі поэзиясының көптеген үлгілері – бұлардың бәрі де біздің тарихымызға тікелей қатысы бар, қазақ оқырмандарына ана тілінде жеткізілуі қажет туындылар екендігі даусыз. Ж. Баласағұн аударылды. Ал М. Қашқаридың «Түркі тілдер жинағы» әлі күнге дейін аударылған жоқ. Әл Фараби (кейбір еңбектері аударылған), Ибн Сина, Ибн Рушт, Жалаири, А. Иүгінеки, А. Яссауи, Лао-Цзы, Конфуций мұралары қазақша сөйлейтін уақыт жетті. Аударатын дүниелеріміздің үзілмейтін арқауы болып біздің халқымыздың басқа елдердің тарихымен терең байланыстары жатуға тиіс. Тарих сабақтастығын ұмытпауымыз керек. Бұл ретте М. Поло, Рубрук, А. Никитин, А. Вамбери, Н. Рычков және басқа да саяхатшылардың жазбалары, В. В. Бартольдтің, Л. Н. Гумилевтің, сондай-ақ, Н. Тольдің, Савицкийдің құнды зерттеулері назарда болады.

XX ғасыр әдебиетіндегі әртүрлі көркемдік ізденістердің атышулы өкілдері Марсель Пруст, Дж. Джойс, Ф. Кафка, Альбер Камю, У. Фолкнер, Ж. П. Сартр, Г. Грин, Ремарк, Гарсиа Лорка, Б. Брехт, Габриэль Маркес туындыларының да кейбір нұсқалары қазақ оқырмандарының қолына тимек.

Қазақ оқырмандары Бейбарыс сұлтан туралы араб романы бар екендігінен де хабарсыз. Өткен тарихымыздың ұмыт қалған тарауларынан дерек беретін шығармалар, мейлі ол роман болсын, мейлі жолжазба, очерк, әңгіме болсын, қазіргі таным тұрғысынан бағаланатыны сөзсіз.

– Көп ұлтты республикамыздың жағдайында неміс, корей, ұйғыр тілдеріндегі әдебиеттердің де аударма арқылы жаңа өріс ашуы, бірінен екіншісіне аударылып, байи түсетіндігі анық қой.

– Әрине. Бұл орайда, қазақстандық неміс жазушыларының неміс философиясы мен әдебиеті игерген рухани қазынаны біздің мәдени даму процесімізге әкелуде еңбегі зор болмақ. Сондай-ақ, Кореямен, Қытаймен, Жапониямен тарихи-генетикалық байланысы бар корей әдебиетшілері де, түркі жазба мәдениетінің көптеген туындылары көне ұйғыр тілінде сақталғандықтан, ұйғыр жазушылары да аударма ісіне белсене атсалысады деп ойлаймыз. Ортақ, бірлесіп атқаратын шаруаның республикамыздағы қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, корей әдебиеттері үшін әкелер абыройы ортақ.

– Аудармаларды жарыққа шығаруға байланысты жұмыстар қалай жоспарлануда?

– Бұл орайда Бас редакциялық коллегияның жұмысына Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитеттің ерекше ықылас білдіріп отырғанын айтуымыз керек. Күшімізді біріктіре білсек, әлем әдебиетінің маңдайалды шығармаларын қазақ оқырмандарының игілігіне жарата аламыз, қазақ сөз өнерінің шоктықты дүниелерін шырайын бұзбай басқа жұрттарға жеткізерміз деген ойдамыз. Әзірге «Әлем» альманағы арқылы негізгі аударған, аударатын туындыларымыз екі тілде насихатталады. Әдеби байланыстарды нығайтуды көздегендіктен, халықаралық, одақтық және республикалық тиісті ұйымдармен тығыз қарым-қатынасқа шығамыз. Конференциялар, кездесулер, аударма проблемаларын талқылайтын жиындар өткізу жоспарлануда. Аудармашылардың тәжірибе алмасулары үшін командировкаларға шығамыз. Сондай-ақ, аудармашы мамандарды шет елдерден де шақырып, кеңес өткіземіз.

Негізінен, Бас редакциялық коллегияның қызметі көркем аударма мен әдеби байланыстарды жетілдіруге бағыттталып, экономикалық принциптерге сүйенеді, бірте-бірте толық шаруашылық есепке көшу көзделмек.

Оқырман сұранымы – сапалы аударма екендігі түсінікті.

«Лениншіл жас»,  
1989 ж.

## ЭКОЛОГИЯҒА – ЕКІ САҒАТ

22 тамыз күні Қазақ КСР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінде газет оқырмандарымен «Сұхбат-телефон» өткізілген еді. Әрине, экологиялық

*проблемаларға қатысты сауалдардың көптігі соншалық, екі сағат аясында бәрін толық қамту да, бәрін газет бетіне жариялау да мүмкін емес. Дегенмен, осы сауалдар ойға қозғау салып, мамандар пікірі ой тудырып, күрделі проблеманың оң шешімін табуға септігі тиері сөзсіз.*

Сонымен... алдымен алматылық оқытушы Бұланбаев телефон шалды:

– Алло, «Сұхбат-телефон»?

– Иә. Сізді тыңдап тұрған жерді пайдалану және қорғау, жалпы таралған пайдалы қазбалар және қалдықтарды көмуге мемлекеттік бақылау бөлімінің жетекші маманы Омарбек Есенұлы Күлтеміров.

– Өте жақсы. Мен бірден әрі сұрақ, әрі ұсыныс, әрі ескертпе айтайын деп едім. Бұл республикалық «Экология» комплексті программасының жобасына қатысты. Программа өте қажет әрі пайдалы. Оның әрбір бөлімін үлкен ықыласпен оқып шықтым. Ендігі мәселе – оның жүзеге асырылуы. Менің түсінуімше, оған Қазақ КСР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті бақылау жасайды. Солай ма?

– Иә.

– Олай болса, бұған міндетті түрде бұқара қосылуы керек. Бұл үшін, әрине, экология саласына жариялылық қажет. Ешқандай шектеусіз. Бұл әрбір газетте арнайы бет бөлу, оның жүйелі жарық көруі деген сөз. Программаның орындалу барысындағы әрбір жағдай баспасөзде жарияланып тұруы керек. Тағы да бір айта кететін жайт: программада 1989 жылдан бастап әрбір кәсіпорында экологиялық паспорт болады делінген. Оны да баспасөзде мерзім сайын жариялап отыруды ұсынамын. Айтпақшы «Табиғат» журналы қашан шықпақшы?

– Келесі жылдың бас кезінде, егер тиісті орындарға байланысты мәселелер дұрыс шешілсе...

– Рахмет. Сау болыңыз.

– Сау болыңыз. Идеяларыңыз болса – алдағы уақытта да телефон соғыңыз, келіңіз.

– Алло, бұл Бағаев Жұмаш Сыдықұлы, «Каздорпроектіден».

– Мұқият тыңдап тұрмын. Информациялық-талдау бөлімінің бас маманы Қайрат Насиұлы Насиев.

– Менің сұрағым мынадай еді. Біздің қазақстандық ғалымдардың экологияға байланысты қандай еңбектерімен танысуға кеңес берер едіңіз?

– Мәселен, В. Фурсовтың еңбектері. Ол ҚазМУ-де қызмет істейді. Сондай-ақ, биолог, профессор П. И. Мариковскийдің еңбектерін де назарда ұстаңыз.

– Үлкен рахмет.

Мына сауал жиі қайталанғанын байқадық. Бұлай болуы заңды да. Арал проблемасы бүгінгі таңда әлемді толғандырады. Көбінесе әңгіме өткір пікірталасқа көшіп жатады. Су ресурстарын пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау бөлімінің жетекші маманы Анар Иманғазикызы Тілеулесова әрбір телефон шалған адаммен ұзақ әңгімелесіп, қайта-қайта түсіндірумен болды. Телефон сәл саябыр тапқан кезде де ол бұл тақырыпқа қайта айналып соғып отырды:

– Қазір Сырдария өзені Арал теңізіне әрбір секунд сайын 80 текше метр су құюда. Бұл Қазалыдағы соңғы гидростының мәліметі. Ал 1989 жылы біз Аралға 6-8 текше километр су құйылуына қол жеткізуіміз керек. Ал осының өзі тіптен аз. Одақтық, республикалық Жоспарлау комитеттері саусақтарының ұшын қимылдатар емес. Оның үстіне биылғы жыл құрғақшылығымен ерекшеленді. Біз өзіміз тарапымыздан қолдан келгеннің бәрін істеудеміз. Сондай-ақ, облыстың өзі де бұл проблеманың шешілуі үшін барлық күшін жұмылдыруда. Жақында Арал қаласында табиғат қорғау жөніндегі аудандық комитет құрылды. Аралмен қатар, оның айналасындағы тұщы сулы көлдерді де құтқару қажет. Әрине, адамдарды да! Басқа республикалардағы жағдай қандай? Бұл біздің территориямыз емес. Оны үйлестіру жұмыстарымен Аралды құтқару жөніндегі республикааралық комитет және КСРО Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті айналысады. Біз өзімізге тиесілі жерге жауап береміз. Биыл суармалы жердің көлемін 12

мың гектарға азайту көзделген. Суды көп қажет ететін дақылдарды суды аз қажет ететіндермен алмастыратын боламыз. Егер бізге табиғаттың өзі көмекке келетін болса – суы көп жылдар болса – біз бұл процесті тоқтатамыз және Аралдың деңгейін қазіргі мөлшерінде ұстап тұрар едік. Алдағы уақытта бәрімізді де қауырт жұмыстар күтуде.

Телефон шалғандардың ішінде жеке ұсыныс-пікірлерін айтқандар да болды. Мәселен, алматылық Х.А.Алдабергенов пен Б.Дәукенов ұлттық экологиялық сенбілік өткізудің іске көмегі тиер еді деп санайды. Сенбіліктен түскен қаржыны түгелдей Арал қорына аударғанды жөн санайды. Біз бұл ұсынысты жұртшылықтың талқысына қалдырдық. Арал қорының есебі – 1700979. Ал «Сұхбат-телефон» жалғасуда. Сауалдар бірінен соң бірі келіп түсуде.

– Алло, сіздерге жұмысқа қалай орналасуға болады? Менің мамандығым – географ. Рельефпен айналысамын.

– Кешіріңіз, дәл бүгінгі таңда бізде географтар жеткілікті. Осыдан аз уақыт бұрын ғана біз мамандарды конкурстық негізде іріктедік. Ал экономистер бізге өте қажет.

– Рахмет, сау болыңыз.

– Сәлеметсіз бе? Николай Афанасьевич Светлов. Осыдан екі ай бұрын баспасөзде республикалық жан-жануарларды қорғау қоғамының құрылтай конференциясы шақырылады деген хабар болған еді. Ал одан бері – ұзақ үнсіздік. Тым болмаса айтыңызшы: конференция қалай өтті? Қоғамның қазіргі жағдайын білсек?

– Иә, шынында да, июльдің соңында Ғалымдар үйінде құрылтай конференциясы болып, қоғамның құрамы сайланды. Председателі болып вице-президент Евгений Васильевич Гвоздев бекітілді. Көрнекті ғалымдар, бірқатар министрліктер мен ведомстволардың, оның ішінде Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілдері – қоғамның мүшелері. Қазіргі таңда мұндай қоғамдар облыстарда да құрыла бастады.

– «Сұхбат-телефон»? «Огни Алатау» газетінің тілшісі Анатолий Тышлер. Тазарту қондырғыларының жұмысын жақсартуға байланысты көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Бұл мәселе бойынша кіммен хабарласуға болады?

– «Минжилводхозға» және республиканың салалық министрліктері мен ведомстволарына.

– Үлкен рахмет.

– Алло, Табиғат қорғау жөніндегі комитет пе?

– Иә, сізді экологиялық білімді насихаттау және ішкі байланыстар басқармасының бастығы Мәди Әбдешұлы Киреев мұқият тыңдап тұр.

– Өте жақсы. Бұл Жәніс Қадырұлы Рахимов, инженер-механик, КПСС мүшесі. Мен Қарағанды облысының Қарағайлы поселкесінде тұрамын. Менің сұрайын дегенім: неліктен біздің жергілікті жерде табиғат қорғау жөніндегі аудандық комитет ұйымдастырылған жоқ? Жұмысты қоян-қолтық жүріп жүргізу тиімді ғой. Тіпті мен өзімнің кандидатурамды ұсынар едім, егер, ондай комитет құрылатын болса.

– Несі бар, ескертуіңіз, әрине, дұрыс. Ақиқатында, жаңа табиғат қорғау саясатының бастау нүктесі аудандық және қалалық комитеттер болуы керек. Қазақ КСР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің бүкіл жұмыстарының жүйесі табиғат қорғау органдары құрылып және тиімді жұмыс істей бастаған кезде арнаға түседі. Қазір бұл мәселе қаралуда. Болашақ комитеттердің құрамы, әрине, шағын болады. Негізінен жұмысқа қалың көпшілік тартылады. Тек осындай жағдайда ғана қандай да бір нәтижелерге жетуге болады. Ал комитетке нағыз энтузиастар, осы жұмысты өмірінің мәні деп түсінетін жандар, өзінің қаласының, ауданының, облысының проблемаларын жақсы білетіндер алынуға тиіс.

– Жауабыңызға рахмет. Қалғанын уақыт көрсетеді. Асыға күтетін боламыз. Сау болыңыз.

– Сау болыңыз.

Қызықты сауалдардың бірінде Қаскелең шатқалында Франциямен бірігіп туристік комплекс салу жайы қозғалды. Комплекс экологиялық жағынан таза бола ма? Ол таулы өлке табиғатын бұзуға әсер етпей ме?

Бұл сауалдарға өсімдік әлемін қорғауға және пайдалануға мемлекеттік бақылау бөлімінің жетекші маманы Валерий Васильевич Мешков жауап берді:

– Қазір бұл мәселе мұқият зерттелуде. Қолайлы орынды ұзақ уақыт іздедік. Ақыры Түрген шатқалына тоқталдық. Бұл табиғаты өте сұлу жер. Кейіннен өкініп жүрмес үшін, кәсіпорынды құруға байланысты барлық материалдарды біз экологиялық сараптан өткізуге сұратып алдық. Сонымен соңғы сөз – Қазақ КСР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінде.

– Жаңа тас поселкесінің тұрғыны Қойшыбаев, «Лазурь» кооперативі. Ядролық қалдықтарды біздің поселкенің территориясында көмеді деген сөз бар. Осы рас па?

О.Е.Күлтеміров: – Қазір біз сіздің сауалыңызға жауап бере алмаймыз. Комитет өндірістік қалдықтарға байланысты бақылау жұмыстарымен айналысады ғой. Ал ядролық қалдықтар Қазақ ауа райын бақылау орталығының және республика Денсаулық сақтау министрлігінің еншісінде. Бірақ біз сізді толғандырған мәселенің жауабын міндетті түрде сұраймыз. Жауапты баспасөз бетінен күтіңіз.

– Алло, «Сұхбат-телефон» ба?

– Иә. Телефонда Анар Иманғазықызы Тілеулесова. Кіммен сөйлесіп отырмын?

– Галина Максимовна Басаргина. Менің білейін дегенім: «Сайран» көліне суға түсуге бола ма?

– Болады.

– Онда неге суға түсуге тыйым салынды?

– Бұл жайында біз естіген жоқпыз. Біздегі мәліметтерге қарағанда, алаңдайтын фактілер кездескен жоқ. Көл табаны жыл сайын тазаланып тұрады. Ағын су. Сондықтан бұған алаң болмаңыз.

– Ой, рахмет. Сау болыңыз.

«Сұхбат-телефонға» «іскер» қоңырау шалғандар да болды. Мәселен Қостанай ауыл шаруашылығы институтының лаборатория қызметкері С.Ф.Андреев табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің қызметкерлерімен сөйлесуге бірнеше рет ұмтылыс жасады. Өкініштісі, байланыс қайта-қайта үзіліп кете бергендіктен, лабораторияның ұсынысын толық естуге әзер дегенде мүмкін болды. Сергей Федорович облыстың су қоймаларына экологиялық паспорт жасауға көмек беретіндігі жөнінде ұсыныс айтты. Тағы да өкініштісі – бұған «іскер» қолдау болмағаны. Мәселе қаражатқа келіп тірелгенде, «аяққа тұсау» түсе берді. Жасыратын несі бар, табиғат қорғау жөніндегі комитет бүгінгі таңда еліміздегі ең «кедей» ұйымдардың бірі. Енді республикалық «Экология» программасының іс жүзіне асуын күтуден басқа жол жоқ.

Қалалардың атмосферасы, ауа тазалығы өте алаңдатарлық жағдайда екендігі жөнінде шағымдар өте көп түсті. Бұл орайда табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетке троллейбус жүргізушісі Ю.В.Кобаленко, С.В.Мясоедова, алматылық 10 класс оқушысы Алена Фармин және басқалар шағым жасады.

Атмосферадағы ауаны тиімді пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау бөлімінің бастығы В.А.Медведев:

– Дәл бүгінгі таңда қаладағы экологиялық жағдай қолайлы деуге болмайды. Алматының өзі еліміздегі ең «қолайсыз» қалалардың қатарына кіреді. Бірқатар улы заттардың ауаны ластауы белгіленген мөлшерден бірнеше есе асып кетеді. Астананың ауа бассейнін тазартуға байланысты бірқатар кәсіпорындар нақты шаралар белгілеуде. Бұған қоса автотранспорттың ауа тазалығына тигізетін зиянын төмендету шаралары да көзделуде. Бұл 1988 жылы республика бойынша алғанда 2,9 миллион тоннаға жеткен еді. 1995 жылы осы көрсеткішті 25 процент төмендету көзделінді. Бұл үшін автомобильдердің техникалық жағдайы жүйелі түрде тексерілетін болады, олардың экологиялық біршама залалсыз жанармайларға көшуі қолға алынады. Сондай-ақ жағдайды Алматы метросының

іске қосылуы да жақсартады деп ойлаймыз. Кейінгі кезде этилдендірілген бензинді пайдалану азайды, яғни ауаны қорғасынмен улау азайды деген сөз. Маңызды шаралар қолға алынып отырғанын байқауға болады. Енді соны іс жүзіне асырайық.

– Қайырлы күн. Мазалап тұрған Владимир Васильевич Щетинин. Мынадай жағдай, Бірінші Май поселкесіндегі №80 мектептің подвалында люминисцент лампысының қоймасы бар. Мұны қайта жасаудың және пайдаланудың шаралары көзделуде ме?

– Сізге Омарбек Есенұлы Күлтеміров жауап береді. Адрес бізге белгілі. Бұл мәселе талқылануда. Меніңше, жақын арада проблема шешімін табады. Ал сіздің сауалыңыздың екінші жартысына келсек, қазір Алматыда люминисцент лампысын қайта жасаумен және пайдаланумен бірнеше кооператив айналыспақшы.

– Рахмет.

– Бәрі де жақсы болсын.

– «Сұхбат-телефон»? Гурьевтен мазалап тұр. Дәурен Қардалаев. Неліктен осы уақытқа дейін экологиялық проблемаларды шешуге арналған қаржы түсетін қордың есебі ашылмай отыр?

– Неге бұлай үзілді-кесілді? Біріншіден, Аралды құтқарудың есебі бар. Сондай-ақ, таяу арада біздің қалалық тұрғын үй әлеуметтік банкісінің қалалық бөлімінде арнайы №140 есебі ашылады. Оған түскен қаржы атмосферадағы, судағы, топырақтағы әртүрлі заттардың құрамын анықтау үшін құрылатын лабораторияны салуға кетеді, оған құрал-жабдықтар алуға жұмсалады. Өйткені ескі қондырғылар химиялық заттардың сегізден артық түрін анықтай алмайды.

– Рахмет. Сау болыңыз.

Қазақ КСР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті мамандарымен «Сұхбат-телефонға» бөлінген екі сағат өте шықты. Телефондар үнсіз қалды. Әрине, мұндайда өзіңнің сұрағыңды қойып, тиісті жауапты адамдардан қолма-қол жауап алудың мәні зор. Бірақ, біздің Табиғат-Анаға, қоршаған ортаға деген жанашырлығымыз осымен бітпесе екен. Телефон арқылы мәлімделген цифрлар мен фактілері (мәліметтер аландатарлықтай) нақтылық пен іскерлікті оятсын деңіз. Сонда ғана бұл сұхбаттың пайдалы болғаны.

«Лениншіл жас»,  
1989 ж.

## ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ...

*Қай кезеңде де қоғам өміріндегі елеулі өзгерістердің мәнін ашуға, халыққа ақиқатты түсіндіруге қаламгерлер алдымен атсалысқан. Қайта құрудың күрделі де қиын даму жолы шығармашылық одақтардың алдына қыруар жауапты міндеттер жүктейді. Осы орайда, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, белгілі жазушы Сайын Мұратбековке арнайы жолығып, әңгіме өрбіткен едік.*

– Қоғамдық ой-сананың өзгеруі өткенге де, бүгінге де, болашаққа да жаңаша көзқарасты қалыптастыруда. Жаңаша ойлау жүйесі орнығуда. Осы рухани сілкініс біздің халқымызға не беруде деп ойлайсыз?

– Қайта құру, ең алдымен, біздің рухымызға еркіндік берді. Рухы бұғауда болса, жеке адам да, тіпті тұтас халық та құрдымға құлайтынын ұқтық. Ұлттық сана-сезімнің күрт оянуы осы еркіндіктің арқасы. Халықтың өткен өміріндегі құпия болып келген жайттардың ақиқатын айта алатын халге жеттік. Ақтаңдақтар деп жүрміз ғой, мен мұны қара дақтар дер едім. Бұған дейін қоғамда әлеуметтік әділетсіздік бар еді. Соның түп-тамырына балта шаптық. Ел тағдырына қатысты өзекті мәселелер күн тәртібіне өткір қойылатын болды. Оң шешімдерін де табуда. Бір кезде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген ұғымның шылауында жүріп, ұлтсыздыққа, ұлтсыз қасиетсіздікке ұрына жаздадық. Содан құтылуға жол енді ашылған сияқты. Бажайлап қарап, барымыз

бен жоғымызды түгендей бастадық. Әр халықтың тек өзіне ғана тән мәдениеті, тарихы, қасиеттері бар десек, енді соларды бар дауыспен айтып, қалпына келтіруге мүмкіндік алдық. Бұл ретте, біздің қазақ халқының жағдайы тым қиын екен. Іргедегі өзбектермен, қырғыздармен-ақ салыстырып көрші, бұл туыстарымызда ұлттық дәстүр, салт-сана бізге қарағанда берік сақталған. Ал, Балтық бойындағы, Кавказдағы елдер туралы айтпай-ақ қояйын. Біз сорлаппыз. Сорлаған емей немене, көшіп-қонып, жер аударылып келгендерді төрімізге шығарып алып, енді, бүгін солардан: «жерлерінді біз көгертіп отырмыз», «мәдениетке біз үйреттік», «мына жер біздікі...» деген сөз еститін халге жетсек! Мұндай қорлық тарихта өте сирек шығар. «Дала – біздікі!» деп айтуға жасқанатын халге жетіппіз. Әлі күнге дейін «Біз – азбыз, басқалар – көп» деген именшек ұғымның шырмауына шырматылып жүргендер қаншама. Айналамызға анықтап қарап, етек-жеңімізді жинап, іргелі ел екенімізді жиірек еске алып отыруымыз керек тәрізді. Жаңаша ойлау, жаңаша көзқарас егеменді республика, еркін ел болуға ерік беретінін түсінуіміз және айналамызға күнделікті түсіндіріп отыруымыз керек.

– Күрделі түйіндер, күрмеулі мәселелер қоғамдық өмірімізде көп екендігін байқаймыз. Солардың кейбірін бөле-жарып қарауға мәжбүрміз. Мәселен, тіл тағдыры, жер тағдыры...

– Өзіміздікін – өзіміздікі деп айта алмасак, несі тірлік?!. Әсіресе, ана тіліміздің қатты қысымға түскенін кеш аңғардық. Тіл тағдырына байланысты көкейтесті мәселелер баспасөзде жеріне жеткізіле айтылды, жазылды деп ойлаймын. Қазақ тілі көрген теперішті сөз жүзінде әжептәуір-ақ қозғадық, бірақ іс жүзінде олқылықтардың орнын толтыруға әлі де шама жетпей жатыр. Жалпы, мен – оптимист адаммын. Халқымыздың болашағына үлкен сеніммен қараймын. Тіліміздің, діліміздің келешекте шын халықтық рухымызды көтеретініне де сенемін. Дегенмен, соған жету үшін қаншама қиындықтар мен кедергілер, қауіп-қатерлі өткелдер барын да іштей сеземін. Сондықтан, ана тіліміздің қадір-қасиетін жас ұрпаққа күнбе-күн жүз қайталап, мың қайталап айтып, түсіндіріп отыруымыз қажет, қажет қана емес, міндетіміз дер едім. Соңғы кездерде күнделікті баспасөз, радио, теледидардан ана тілімізді сүйеге, құрметтеуге арналған хабарлар, өлең-жырлар, әндер жиі айтылатын, тіпті кейде бірін-бірі қайталай беретіндей және кейде еш жаңалығы жоқ қайталау сияқты көрінетін де болар. Алайда, өз басым сол қайталауларды еш көпсінбеймін. Қайталана берсе екен деймін. әрбір қазақ ақтық демі біткенше «Ана тілім» деп қайталап, келер ұрпағына аманат артып, парыз жүктеп кетсе деп ойлаймын.

Екінші бір шеккен жәбір-жапамыз – жеріміздің кеңдігінен. Ата-бабамыз сойылмен-ақ қорғап, қыс-қыстауына, жаз-жайлауына, күз-күздеуіне пайдаланған ұлан-байтақ атамекеніміздің табиғаты жұтап, бауыры тілініп, басынан бағы ұшуда. Кең даламызды баса-көктеп, ойқастап, Орталық ойына келген жерден полигон ашып, кен қазып, өзен-көлдерімізді ластап, тау-тасымызды бүлдіріп, орман-тоғайымызды отап жатса – бұған қалай қиналмай қарарсыз. Осындайда халқымыздың Қорқыт туралы аңызы еске түседі. Аңыздың тууына ата мекеніміздің тағдыры қыл тұзаққа түсіп, әр тұсынан қорқынышты, қауіп-қатерлі жағдайлар туатынын болжау себеп болғандай. Шынында да «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі». Қазақ даласының қазіргі келбетіне көз тоқтатып қарау қиын. Полигон, космодром, химия ошақтары, арнасы қаңсыған өзендер, табанынан тұз ұшқан қайран көк теңіз, тіршілік белгісі жоқ қоршаулы сұр дала, т.б. Барар жер, басар тауымыз қалмағандай. Экологиялық зардаптарды дәл қазақ даласындай ауыр да, қиын да жағдайда бастан кешіп жатқан жер жоқ шығар. Қайта құрудың заманында мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, ендігі жерде табиғатымыздың аман қалған азын-аулақ пұшпақтарын сақтап қалу – бүгінгі ұрпақ борышы. Бұл қазақстандық әрбір азаматтың, орыс, ұйғыр, неміс, украин, т.б. – барлығының да адамдық борышы деп білемін. Біздің мекендестеріміз өздері өмір сүріп отырған ортаның зілзаладан аман сақталуын ендігі жерде бірлесіп мықтап қолға алулары қажет. Жалпы, біздің қазақ жерінің кені көп, байлығы ұшан-теңіз. Бірақ соны ұқыпты пайдалана алмай, төгіп-шашып, рәсуа қып жұмсап жүрген өзіміз. Қазба байлықтарымыз бізді дүние жүзіндегі ең бай, ең алдыңғы қатардағы елдермен тереземізді тең ұстауға қол жеткізетіні анық. Тіпті, оны былай қойғанда қазақ халқының ата кәсібі –

мал шаруашылығының өзі-ақ дұрыс ұйымдастыра білсек, ырысқа кенелтіп, ұшпаққа шығарар еді ғой. Жер анамыздың денесіне жарақат түсіре бермей, аялап, қамқорлықпен қарасақ – республиканы мекендеген барлық ұлт өкілдері тамырымыздың бір екендігін, тағдырымыздың да бір екендігін бағамдасақ деймін.

– Қазіргі жағдайда қаламгер белсенділігінің мәні айырықша сияқты. Бұл қалай көрінуде ?

– Өділін айту керек, біздің қаламгерлеріміз қайта құрудың алғашқы күндерінен бастап-ақ ең белсенді қоғамдық ойдың қозғаушылары болды. 1985 жылдан бері шығып жатқан қаншама газет-журналдарды парақтаған адам бұған көз жеткізе алады. Қазақ қаламгерлері күнделікті өмірде болып жатқан өзгерістерге, әлеуметтік жағдайларға, ел тағдырына қатысты елеулі мәселелердің кез-келгеніне дер кезінде үн қатып келеді. Мәселен, экологияға байланысты қаншама пікір алысулар немесе тіл жөніндегі үлкен әңгіме кезінде қазақ қаламгерлері өте ауызбіршілік танытқаны анық. Мәселеге батыл араласып, кейбір үлкен басшыларымыздың мемлекеттік тіл екі тіл болуы керек деген көзқарасына үзілді-кесілді қарсы шыққаны, Қазақстанда қазақ тілі ғана мемлекеттік тіл болуы керек дегенді алғаш дауыс көтере айтып, оны ақырына дейін қорғағандардың, халықтың шынайы ықыласы мен қолдауларына ие болғандардың алғашқы легінде қазақ жазушылары болды дер едім.

Тарихи қара дақтарды ашуда да қазақ қаламгерлерінің еңбегі үлкен. Сонау жылдары аттарын атауға тиым салынған ардагер-азаматтарымыз өлмейтін мұралары арқылы халқымен қайта қауышуда. Ақталған бес арысымыз – Шәкерім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып – қазақ қаламгерлерінің ақталған арман-мұратындай. Жиырмамыншы, отызыншы жылдары халық басынан өткен нәубет кезеңдер, ашаршылықтар туралы, сталиндік репрессияға ұшыраған боздақтар туралы қаншама жақсы мақалалар жазылды. Бұл ретте жазушылар, бәлкім, маман ғалымдар сияқты егжей-тегжейлі сараптан өткізіп, болған уақиғалардың бүге-шігесіне дейін ақтарып, берік тұжырым-бағасын тереңдеп бере қоймаған шығар, алайда, алғашқы батыл пікір, өткір сөзді солар айтты.

Жазушылар ұйымының қоғамдық белсенділігіне де тоқтала кеткім келеді. Рас, соңғы кездерде Жазушылар одағында шығармашылық мәселеден гөрі әлгіндегідей күн тәртібінде тұрған қоғамдық, әлеуметтік толғақты мәселелер жиі қозғалады. Бұл қазіргі уақыттың, заманның талабы дер едім. Жалғыз біз емес, бүкіл Одақ бойынша жазушы қауымы бұл жылдарда әдебиеттен гөрі саясатқа, қоғамдық құбылыстарға белсене бет бұрғаны анық. Ендеше кейбір жолдастардың жұмыс бұрынғыдай тек творчество мәселелері төңірегінде ғана болса екен дегендеріне қосылу қиын. Ондай жолдастарды мен кешегіні аңсап, кешегіше өмір сүре бергісі келетіндер дер едім. Жазушылар одағы қазір дүние жүзіне белгілі болып отырған, әлем халықтарының қолдауына ие болып отырған «Невада – Семей» қозғалысының өмірге келуіне тікелей ұйытқы болды. Бұл қозғалыс кейбір шолақ ойлайтын басшылардың, жалтақтаудан арыла алмай жүрген интеллигенттеріміздің күмәнданғанына қарамастан, халқымыз зардап шегіп отырған ауыр тағдырлы толғақты мәселені батыл қолға алды. Бұған КСРО халық депутаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, халқымыздың сүйікті ақыны Олжас Сүлейменовтің сіңіріп отырған еңбегі зор. Міне, бір жылдан асты Семей полигонында ядролық сынақ тоқтап тұр. Бұл – қозғалыстың алғашқы жеңісі деуге болады. Өткен жылы ядролық қаруға қарсы әлем сайлаушыларының халықаралық форумы Алматыда өтті. Қазақстандықтар биыл «Бейбітшілік шеруіне» қатысты. Жақын арада Қазақстаннан үлкен топ, жүзге жуық адам, Америка Құрама Штаттарына бармақшы. «Бейбітшілік шеруі» сонда жалғаспақ. Залал зардабы жағынан Чернобыль қасіретінен әлдеқайда ауыр да қиын Семей полигонын жойып алсақ, бұл – бүгінгі ұрпақ пен халқымыздың алдындағы үлкен бір парыздың орындалғаны болар еді деймін. Сондай-ақ Жазушылар одағы жанынан құрылған «Қазақстан экологиясы және Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитет» те қыруар жұмыстар жүргізіп келеді. Оған КСРО халық депутаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, белгілі ақын Мұхтар



Шаханов жетекшілік етеді. Комитет осы үш жыл ішінде Арал теңізі төңірегіне бірнеше экспедиция шығарды, телемарафон, «дөңгелек столдар» өткізді. Бұл қоғамдық қозғалысқа тек ақын-жазушылар ғана емес, әртүрлі мамандық иелері, ғалымдар, министрліктер мен ведомствоның басшылары да қатыстырылып отырғанын айта кеткен жөн. Міне, Жазушылар одағының екі бірдей хатшысы екі үлкен қоғамдық қозғалыстың жұмысына белсенді басшылық жасауда. Кейбір басылымдар қазіргідей халық тағдыры сынға түсіп тұрған кезде Жазушылар одағы қайда қарап отыр десе, бұл айтқандарым соларға жауап.

– Алдағы уақытта нарықты экономикаға көшуге байланысты Қазақстан Жазушылар одағының алдында да шешімін табу оңайға түспейтін түйінді проблемалар туындайтын болар?

– Әрине, қазірдің өзінде бірқатар мәселелер кесе-көлденең тұр. «Ертең Жазушылар одағы қалай өмір сүреді?» дейтін сауал қабырғадан қойылуда. Қағаз он есеге дейін, полиграфия қызметі екі есе, байланыс, тасымал, кітап саудасы қызметтері өлшеусіз қымбаттап жатқан кезде Жазушылар одағының органдарын – газет-журналдарын сақтап қалу, жазушылардың хал-тұрмысын төмендетпеу, олардың шығармаларын уақтылы шығарып тұру, материалдық, моральдық көмек, т.б. шешімін күтетін шаруалар баршылық. Осы орайда Одақ құрылымын осы қалпында қалдыру керек пе, жоқ па, қайта құрсақ қалай – мұның бәрі жан-жақты ойластыруды талап етеді. Бұл күрделі жағдайдан шығатын ең дұрыс жолды табуға Одақтың әрбір мүшесі де мүдделі болуға тиіс деп ойлаймын. Алғашқы ұсыныс-пікірлер мерзімді баспасөзде жариялана да бастады. Қаламгерлер мүддесі қорғалады деп ойлаймын.

– Қазақстан Жазушылар одағының шет ел жазушыларымен байланысы қалай?

– Бұрын қазақ қаламгерлерінің социалистік елдермен барыс-келісі жиірек болушы еді. ГДР, Чехословакия, Болгария, Венгрия, т.б. Капиталистік елдермен жазушыларымыздың байланысы некен-саяқ болатын. Соңғы жылдарда керісінше бола бастады. Германияның, Францияның, Американың, Жапонияның жазушыларымен байланыстарымыз бар. Былтыр Жазушылар одағының жанынан Аударма бас редакциясы құрылды. Алғашқы халықаралық мәжілісіне оншақты шетелдердің жазушылары қатысты. «Невада-Семей» қозғалысы арқылы Жапон жазушыларымен жақсы қарым-қатынастар жасалуда. Себебі, бұл қозғалысқа жапондық жазушылар алғашқы болып үн қосты. Корея жазушыларымен де сондай байланыстар орнығуда. Былтыр Моңғолия және Марокко жазушыларымен өзара байланыс жөніндегі шартқа қол қойылды. Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі, Моңғолияның Байөлке аймағындағы қазақ жазушыларымен шығармашылық қарым-қатынастар орнатудамыз.

– Одақтың жас ақын-жазушыларға қамқорлығы қалай?

– Менің ұғымымда жас деп жиырма мен отыздың аралығындағыларды атасақ керек-ті. Бірақ олай болмай жүр. Жиырманың ішіндегі буырқанған таланттар аз. Әлде қазіргі жастар кештеу есейе ме, әлде ана тіліміздің қағажу көріп, жергілікті жерлердегі қазақ мектептерінің жабылып қалуы кесірін тигізді ме, әйтеуір бұрынғыдай легімен келген жастар көзге түспейді. Рас, жазатындар баршылық, бірақ, ұйқастырып өлең жазғанның бәрі талант емес қой. Жас жазушы немесе ақын деп Жазушылар одағына қабылдап жүрген қаламгерлеріміздің өзі отыз бен қырықтың аралығындағылар. Жазушылар одағында жастардың өз тілектерімен сайланған хатшысы бар. Жастар шығармаларын қабылдап, ақыл-кеңес беріп отыратын арнайы кеңесі де бар. Екі жыл болды әдеби қордан сегіз жас жазушыға айына 200 сомнан стипендия береміз. Екі баспа бар. Жастарға жол кең ашылған сияқты. Тек қорқатыным «жастарға қамқорлық» деген желеумен жасық дүниелерге де жол ашып алдық па деймін.

– Кейінгі кезде қағаздың тапшылығын алға тартып, кітаптардың таралымын азайту белең алып бара жатқандай. Жыр жинақтары 1 мың ғана данамен шыға бастапты. Ал республикада 10 мыңнан астам кітапханалар бар, мектептердегі кітапханаларды қоспағанда. Сонда бұл...

– Түсініп отырмын. Нарықтық тәртіпке көшуге байланысты бұл жағдай алдағы кезде тіпті өткір байқалуы мүмкін. Әсіресе, поэзия, сын кітаптарына сұраным төмендеп кетті. Жергілікті жерлерде кітап насихаты өте нашар деуге болады. Бұл ретте, әдебиетке жанашыр қауымның, кітап саудасын қолға алған жолдастардың көмегі ауадай қажет. Қазақ – ақын халық дейміз. Ал поэзия кітаптарын оқуға ықылас шынымен төмен бе? Өз басым төмен емес, қайта қазақ өлең кітапты жақсы алады деп едім. Бұл тұстағы олқылық кітап саудасы төңірегіндегілерде деп ойлаймын.

– Сонау алпысыншы жылдары ақын-жазушылар журналистермен жарыса очерктер жазатын еді. Уақыт тынысына жедел үн қатудың жолдарын іздейтін. Қазір қаламгерлер өткір публицистикалық шығармаларға ерекше ден қоюда. Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

– Қайта құрудың қым-қуыт оқиғаларын эпикалық жанрға арқау етіп отыруға уақыт көтермейді. Публицистика – ең жауынгер жанр. Бүгінгі ойды бүгін, ізін суытпай, жылдам жеткізудің мәні зор. Көп мәселелер жедел шешілуде. Мынадай уақытта, әр адам өз еркінен тыс саясаткер болып жатқан шақта, қаламгерлер қалай шет қалады. Әрине, алдыңғы шепте жүреді.

– Сіз әдебиетке лирикалық прозаның өкілі ретінде келдіңіз. Әңгімелеріңіздегі нәзік лиризм, кейіпкердің мінез-құлқындағы, көңіл-күйіндегі әр түрлі иірімдерді дәп басып суреттеуіңіз қалың оқырмандарыңызға қазір де ұнайтынын байқаймыз. Мәселен, «Күсен-Күсеке», «Отау үй», «Басында Үшқараның», «Кәментоғай», т.б. көптеген әңгімелеріңіз осы сөзіміздің дәлелі. Лирикалық прозаның қазіргі, болашақтағы ахуалы жөнінде не айтасыз?

– Әдебиетке мен алпысыншы жылдардың бас кезінде келдім. Жетпісінші жылдардың орта тұсында қол үзіп кеттім. Әрине, бірді-екілі жазылған дүниелер бар. «Жабайы алма» повесімнің жалғасы, «Қалың қар» шықты. Әлі де соны жалғастырып жатырмын.

Жалпы, әр кезеңде жазушының ішкі ойы, көңіл-күйі, әртүрлі өмір құбылыстарынан әсерленуі өзгеріп отыратын тәрізді. Мандайға жазылып қойған тұрақты стиль жоқ ғой. Ендеше, менің де стилім өзгеріп отыруға тиіс. Абай заманындағы аяққа оралғы болатын адам бойындағы жаман қылықтар біздің буынның да соры болды. Талай рет тығырыққа тіреді. Ұрлық жасау, пәре алу, қоғамның мал-мүлкін жеу, даңғойлық, мақтанқұмарлық, көрсеқызарлық, т.б. толып жатқан іріп-шіруге тосқауыл қою қиынның қиыны еді. Өйткені біз өмір сүрген қоғамның өзі іштей жидіп жатыпты ғой. Кеш те болса, соны ұғып отырмыз. Жазушыға тақырыпты өмірдің өзі ұсынады. Ал оның қай стильде жазылатыны басқа әңгіме. Қаламгердің көңіл-күйіне, көзқарасына көп тәуелді дер едім. Соңғы кезде Алматы өмірінен екі-үш әңгіме жаздым. Ал қалғанын уақыт көрсетер.

– Соңғы кезде кейбір қаламгерлердің пасық ниеттері белгілі болып, халықтың ашу-ызасын туғызуда. А.Солженицин мен В.Курдаковтың мақалаларына байланысты не айтасыз?

– Қазақ – кең халық, арамдығы жоқ халықпыз. Қонақжайлылығымыз, жайбарақаттығымыз үшін кінәлі болсақ, білмеймін. Соны біреулер пайдаланғысы келеді екен. Солженициннің бір жылдарда қазақ жеріне айдалып келгеніне, қамауда жүргеніне қазақтар кінәлі емес. Ал сыртымыздан сөз айтып, алыстан кесіп-пішуі – бізді қорлауы. Оны ұлы жазушы, ұлы гуманист деп жүруші едік. Бұл бекер екен. Бүкіл халыққа күл шашу – гуманистік емес. Мүмкін, ол тек орыстардың ғана, бір халықтың ғана көсегесін көгертуді ойлайтын біреу шығар. Бұрын мен оның сотталғанына, қуылғанына, КСРО-дан жер аударылғанына біртүрлі жанашырлықпен қарайтын едім. Оның мадақталып жүрген «ГУЛАГ Архипелагында» да қазақтар туралы оң көзқарасы байқалмайды. Осыдан-ақ, іш тартуға болатын. Енді «Комсомольская правда» мен «Литературная газетадағы» мақаласын оқып шығып, жер аударса – аударғандай, қуса – қуғандай, аластаса – аластағандай біреу ме деген ойға тоқтадым. Меніңше, мұндай адам егер Сталиннің сеніміне кіріп, сөзін өткізе алатындай халге жетсе, репрессияның көкесін көрсететіннің нағыз өзі болар еді деймін. Ал В.Курдаковтың «Книжное обозрениедегі» мақаласы –

күтпеген көргенсіздік болды. Мақала шығысымен сол редакцияға Қазақстан Жазушылар одағы секретариаты атынан, бір топ халық жазушыларының атынан қарсылық білдірген телеграмма-хат жолдадық. Бірақ, өкінішке орай «Книжное обозрение» хаттарымызды әлі күнге дейін жауапсыз қалдырып отыр. Республикалық баспасөзде қазақ жазушыларының мақалалары жарияланды. Бұл мәселе Жазушылар одағының партия жиналысында, пленумында талқыланып, қатты сөз болды. Өз өмірінде Абай елінде болмаған, Абай төңірегін білмейтін адамның бұлайша жазуы – адамгершілікке де, ақындыққа да жатпайды. Әрине, Курдаков мұны өзі ойлап шығарған жоқ, оған Абай сөйтіпті-міс деп сүйрендеп, білгірсініп айтқан өзіміздің қазақтар деп ойлаймын.

Айдаладағы біреудің аузына сөз салғаны үшін алдымен солар кінәлі. Өсекті жеткізушіні де, оны өз сөзі ғып жариялаушыны да аруақ атса керек. Басқа не дейсің.

– Осы күнде көптеген биресми ұйымдар, партиялар көбеюде. Бірқатары біздің республикада да төбе көрсетуде. Бұлар туралы көзқарасыңыз қалай?

– РСФСР-да, Украинада, Грузияда, Өзбекстанда бірнеше партиялардың құрылғандығы белгілі болып отыр. Біздегілер – ұйымдық дәрежеде ғана деп ойлаймын. Партияның соңынан халық еруі керек, айқын бағдарламасы болуы қажет. Уақыт көрсетер. Меніңше, заманның толғағы жеткен талаптарына дұрыс қарауымыз керек.

– Келесі жылы наурызда шыға бастағанына 70 жыл толатын біздің «Лениншіл жас» туралы пікіріңізді білгіміз келеді.

– «Лениншіл жас» газетін мен сонау ауылда, мектепте жүрген кезімізде жаздырып алып оқитынмын. Соғыс аяқталған жылы осы газетте «Ақмоншақ» деген бір әңгіме басылды. Мұқан Иманжановтың әңгімесі екен. Сірә, алғаш оқыған үлкен, көркем шығармам сол болса керек. Әр санын асыға күтіп жүріп оқитынмын. Жалпы, республика өмірін, жастар тынысын қалт жібермей қадағалап жазатыны ұнайды. Қолыма алған сайын жастық шағым көз алдыма келеді. Біз әдебиетке келген кезде «Лениншіл жаста» бір жақсы дәстүр бар еді. Айына бір-екі рет жас ақын-жазушыларға сәт сапар тілеп, шығарып тұратын. Біздің ұрпақтың тұсаукесері болған басылым ғой. Тек сол дәстүрді бүгін де жалғастырса, үзіп алмаса деп тілек қосамын. Газет-журналдар көбейген кезде де жас таланттар «Лениншіл жаста» тұсау кесіп жатқаны жарасатын сияқты. Соңғы кезде көптеген мәселелер қозғалуда. Тілге, экологияға, Желтоқсан оқиғасына байланысты жазылған мақалаларды батыл құптаймын. Осы бағытынан қайтпаса екен деп тілек қосамын.

– Рахмет.

«Лениншіл жас»,  
1990 ж.

## **«СӘБИЛЕР САУ БОЛСА ЕКЕН!..»**

**\* ҚАН АЗДЫҒЫНАН ЗАРДАП ШЕГЕТІН АЯҒЫ АУЫР АНАЛАРДЫҢ 80 ПРОЦЕНТІ АУЫЛДА ТҰРАДЫ.**

**\* ӘРБІР ШЕТІНЕГЕН 5 БАЛАНЫҢ ЕКЕУІ СЫРҚАТ ШЕШЕЛЕРДЕН ТУАДЫ.**

**\* ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ «РЕКОРДТЫҚ» КӨРСЕТКІШІ ШОПАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІНДЕ.**

**\* ТҮНГІ СМЕНДЕРДЕ ЖҰМЫС АТҚАРЫП ЖҮРГЕН 141 МЫҢ ӘЙЕЛ-ЕҢБЕККЕРДІҢ ДЕ ӨМІРГЕ СӘБИ ӘКЕЛЕТІНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ.**

**\* РЕСПУБЛИКАДА ЖЫЛ САЙЫН 400 МЫҢ БАЛА ДҮНИЕГЕ КЕЛСЕ, СОНЫМЕН ҚАТАР 309 МЫҢ АБОРТ ЖАСАЛАДЫ!**

**\* ЖЫЛ САЙЫН 18-ГЕ ТОЛМАҒАН БІР МЫҢНАН АСТАМ ҚЫЗ ЖАСАНДЫ ТҮСІК ТАСТАЙДЫ.**

*Міне, осынау деректерден туындайтын проблемалар Қазақ КСР денсаулық сақтау министрінің орынбасары Г. Ф. ҰРМҰРЗИНАМЕН болған әңгіменің арқауына айналды.*

– Гүлшара Ғазизқызы, қай қоғамда болмасын, ұрпақ тағдырын ұмытқандарды тарих кешірмейді. «Балалар – біздің болашағымыз» деп айтып қою аз, өміріміздің жалғасы болатындарды аман-есен өсіру, тәрбиелеу, лайықты өнеге көрсету – баршамыздың борышымыз, бұл орайда, ең алдымен, денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне жүктелер міндет елеулі екендігі белгілі. Дүниеге жаңа келген сәбиі қаттырақ түшкірсе де дәрігер шақыртатын ата-аналар баршылық. Себебі, дәрігерге сенеді, үміт артады. Ал кейінгі кезде республикамызда балалар өлімінің өте жоғары деңгейде екендігі жария бола бастағалы қатты алаңдаушылық тууда. «Дәрігерлер – дәрменсіз» деп ашына хат жолдайтын оқырмандарымыз да кездеседі. Шын мәнінде, балалар денсаулығының өте алаңдатарлық халде болуына не себеп?

– Ең алдымен, еліміздегі экономикалық, экологиялық, әлеуметтік күрделі жағдайлардың адамдар денсаулығына да қолайсыз әсері тигендігін айтуымыз керек. Ұзақ жылдар бойы өндірістегі, шаруашылықтардағы жоспарлы тапсырмаларды жүзеге асыру кезінде атқарылатын шаралар адамдар денсаулығына тигізетін әсері терең зерттелместен орындалып келді. Табиғат пен адам арақатынасындағы үйлесім сақталмады. Медициналық мекемелердің қуатын уақыт талабына сай күшейтуге мән берілмеді. Балалардың сау өсуі – ең алдымен, анасының денсаулығына тікелей байланысты. Соңғы деректерге сүйенсек, республикамыздағы бала көтеретін әйелдердің 70 процентінің әртүрлі ауруларға ұшырағандығы анықталып отыр. Әсіресе, жүрек, бүйрек, бауыр ауруларына әйелдердің жиі шалдығатындығы байқалады. Гинекологиялық аурулардың зардабынан әйелдердің бала көтермеуі, түсік тастауы, тіпті босану кезінде өліп кету фактілері қатты алаңдатады. Аяғы ауыр әйелдердің ауылда – 80 проценті, қалада – 60 проценті қан азаюдың (анемия) тақсиретін тартуда. Осының салдарынан дүниеге келген әрбір үшінші нәресте әлжуаз, әлсіз, өмір сүруге қабілетсіз болып туады..

Күні кешеге дейін акушер-гинекологтардың, балалар дәрігерлерінің қызметіне жеткілікті көңіл бөлінбей келгендігін несіне жасырамыз. Балалар мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нашар болды. Балалар дәрігерлерінің, орта буын медицина қызметкерлерінің кәсіби шеберліктері, білім деңгейлері ұдайы жетілдіріліп отырмады. Қазір бұл мәселеге қатты көңіл бөлінуде, бірақ оң өзгерістер алдағы күндердің еншісінде. Өткен жылдың аяғында болып өткен республика балалар дәрігерлерінің кезекті съезінде бұл проблемалар күн тәртібіне өткір қойылды. Бір ескеретін жәйт: сәбилердің саулығы үшін тек дәрігерлер ғана жауапты емес, экономикалық, әлеуметтік дамуды, экологиялық жағдайды сауықтыруға бәріміз мүдделіміз.

– ВОЗ-дың мәліметіне қарағанда, балалар өлімі жөнінен Қазақстан 74-ші орында көрінеді. Одақта – 10-шы орында. Дүниеге келген 1 мың нәрестеге шаққандағы балалар өлімінің одақтық орташа көрсеткіші 24,0 болса, біздің республикамызда – 29,2. Мына сандық көрсеткіш демографиялық өсім деңгейіміз тәп-тәуір деп медет тұтып жүргенімізді жоққа шығаратындай. Егер, балалар өлімінің алдын алудың жолдары қарастырылмайтын болса, енді біраз жылдар өткеннен кейінгі жағдайымыз тіпті мүшкіл болуы мүмкін ғой. Бұл орайда, республикамыздың әсіресе қай аймақтарында балалар өлімі дабыл қағарлық жағдайда?

– Бұл аймақтар – Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Гурьев облыстары. Негізінен, шалғай аудандарында түгел дерлік жергілікті ұлт өкілдері тұрады. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары сын көтермейтін шеткері ауылдарда шетінейтін сәбилердің саны өсе түсуде. Сондай-ақ, ауылдардағы келеңсіз жағдайдың қалаларда да етек жайып бара жатқандығы байқалады. Шымкент және Жамбыл облыстарында республика тұрғындарының 17,2 проценті тұрады екен. ал республика бойынша 1 жасқа дейінгі нәрестелердің шетінеуі

жөнінен бұл екі облыстағы көрсеткіш – 27 процент! Балалардың өліміне байланысты жүргізілген зерттеулер оңтүстік пен солтүстік облыстар арасындағы, қала мен ауыл арасындағы кереғар айырмашылықтарды көрсетуде. Мәселен, оңтүстік және батыс облыстарда, ауылды жерлерде 1 жастан асқан балалар көбірек шетінейді, ал солтүстік облыстар мен қалаларда 1 жасқа дейінгі, жаңа туған нәрестелердің шетінеуі басым. Туу көрсеткіштеріне үңілсеңіз: 1 мың адамға шаққанда, Шымкент облысында – 32,3, Солтүстік Қазақстанда – 20,5.

– Балалардың бір жасқа дейін немесе бір жастан кейін шетінеуінің айырмашылығы неде?

– Бір жасқа дейін шетінейтін балалардың организмі іштен дертке шалдыққан болуы мүмкін. Яғни, шешесі тууға қабілетін ескермей, екіқабат кезінде денсаулығын күтуге мән бермей, ертең жарық дүниеге келетін баланың болашағын ойламай, жүріс-тұрысына салдыр-салақ қарайды. Анасының тәніндегі кінәрат сәбиіне сөзсіз әсерін тигізеді. Әрбір шетінеген 5 баланың 2-еуі сырқат шешеден туған. Бір жасқа дейін бала ана сүтімен қоректенеді. Омыраудан ажырағаннан кейін сырқатқа ұшырайтын сәбилерге сыртқы ортаның қолайсыз әсері болған деп ұғуға дәлелдер жеткілікті. Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарында балалардың іш ауруларына шалдығуының зардабы өкінішті. Финляндиядан алатын регидрон дейтін дәрінің пайдалы әсері байқалуда. Барлық жерге таратып бергенбіз. Бірақ, тек дәріге сүйенбей, ауаның, судың, тағамның құрамындағы зиянды заттардан арылуды ойластырсақ қой. Аталған облыстарда ауызсуды улы химикаттармен уланған өзендерден алатын ауылдар қаншама. Сонда сәбилерге судың орнына у ұсынғанымыз ғой. Дүниеде нәрестенің денсаулығынан осал не бар дейсіз!

– Байқап отырсақ, оңтүстік және батыс облыстарда адам денсаулығы үшін күрес әлсіреп кеткен сияқты. Бәлкім, жағдайдың бұлай боларын алдын ала ескеріп, бұдан 20-30 жыл бұрын шұғыл шаралар қолға алынғанда бұлай болмас па еді. арал трагедиясының ащы сабағынан да дұрыс қорытынды шыға қоймаған тәрізді. Медицина саласында онсыз да баяу жүріп жатқан қайта құру бұл аймақтарға сонда қашан жетеді?

– Бұдан біраз жылдар бұрын біз өзімізді орташа көрсеткіштермен қанағаттандырып келдік. Ал, көбіне орта есеппен қарау теңгермешілдікке орын береді. Мәселен, 10 мың адамға есептегендегі балалар дәрігерлері мен акушер-гинекологтардың саны Қазақстанда орташа одақтық деңгейде болды. Ал егер жағдайды балалар көп туатын аймақтарға қарап бағалайтын болсақ, мәселе мүлде басқаша болар еді. Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарында балалар дәрігерлерімен қамтылу деңгейі 3 есе, акушер-гинекологтармен қамтылу – 2,5 есе төмен болып шығады. Шымкент облысында әрбір акушер-гинекологқа жыл ішінде 208 босандыру тиесілі болса, Солтүстік Қазақстан облысында – 88,3, ал Балтық бойы елдерінде – 60-70 екен. Үлкен проблеманың шұғыл шешуді қажет ететіндігін осы сандық көрсеткіштерге қарап-ақ байқауға болады.

Әсіресе, шілде, тамыз, қыркүйек айларында балалар өлімінің көбейіп кететіндігі анықталғаннан кейін, үш жылдан бері Балалар қорының қаржысымен дәрігерлік десанттар түсіруді қолға алдық. Ауруханаларда интенсивті терапия бөлімдерін ашуды жеделдетуге күш жұмсаудамыз. Балалар тағамдарын шығаратын цехтардың құрылысын қолға алу керектігі жөнінде соңғы жылдарда үш рет қаулы қабылданды (біреуі одақтық деңгейде), бірақ бәрі нәтижесіз. «Құлын» қоғамы қазір бұл проблеманы өткір қозғауда. Шындығын айтсақ, балалар тағамына қажет шикізат қоры бізде баршылық. Ет, сүт, көкөніс өнімдерін біз сырттан алмаймыз ғой. Қолда барды ұқсата алмай жүрген өзіміздің оралымсыздығымызға күйінбеске шара жоқ. Дәрігерлердің міндеті – аурудың алдын алу, сырқаттарды емдеп, сауықтыру. Ал балалардың ана сүтінен шыққаннан кейін қажет ететін тағамдарын медицина мекемелері дайындай алмайтыны түсінікті. Бұл орайда, республика агроөнеркәсіптік комитетінің қол ұшын беруі ауадай қажет. Балалар өлімінің көбеюіне түрлі тағам түрлерінің жетіспеуі де тікелей әсер етіп отырғандығын, әсіресе, жоғарыда аталған облыстарда түсінетін кез жеткен сияқты. Бұл аймақтарға қажетті дәрі-

дәрмектердің түрлері қазір бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп бөлінетін болды. медициналық құрал-жабдықтармен жеткілікті қамтамасыз ету жолдары іздестірілуде.

– Мәселен, бір-ақ рет пайдаланатын шприцтермен қамтамасыз етудің жайы қалай?

– Бұл проблема әлі де өткір күйінде қалуда. Әртүрлі медициналық құрал-жабдықтарға сұраным өсіп отырған кезде қарапайым шприцтерге бөлінетін қаржы шектеулі жағдайды қиындата түсуде. Өткен жылы 2,5 миллион дана бір-ақ рет пайдаланылатын шприцтер бөлінді. Арғы жылмен салыстырғанда әлдеқайда көп, бірақ қазіргі сұранымды қанағаттандырмайды. ФРГ-нің «Вернер-Каммон» фирмасымен шарт жасастық. Алғашқы партиясы үстіміздегі жылдың шілде айында қолымызға тимекші. Жалпы құны – 7,0 миллион сом. 1991 жылы 80 миллион дана шприц шығаратын заводты іске қосу жоспарланды. Сондай-ақ, Алматыда америкалық «Эй-Ди-Пи» фирмасының технологиясы бойынша тағы да бір заводтың құрылысы қолға алынбақшы. Қазір бұл фирмамен келісім жүргізілуде. Келісім киіктердің мүйізін саудаға салу арқылы жүргізілмекші.

– Қазіргі кезде жас босанған әйелдерге бала күтімімен үш жылға дейін айналысуға мүмкіндік берілуде ғой. Анаға қамқорлық – балаға қамқорлықтың айғағы. Бұл жеңілдіктің балалар өлімін азайтуға ықпалы байқала ма?

– Әйел организмі баланы жиі көтеруден де шаршайды. Денсаулығы әлсіз әйелдің баласы да әлжуаз болып туады. Мұны ескермесе болмайды. Босанатын әйелдерге кемінде 2 жыл демалыс қажет. Көбінесе ауылды жерлерде бұл ескерілмейді. Тіпті жылына екі рет бала көтеретін әйелдерді де кездестіреміз. Өткен екі жылда оңтүстік облыстарды көп араладым. Шымкент облысында болғанымда жасы қырыққа енді толған оныншы баласын босанған бір әйелмен әңгімелестім. Өңі жүдеу. Омырауында сүт жоқ. Ал ертеңгі күні баласының ауырмай-сырқамай өсуіне кім кепіл. Бала – өмір қуанышы. Мейлі он емес, он бес бала тапсын. Бірақ, өз денсаулығын да ойлауы керек қой. Бала көтеретін көптеген әйелдер әлі күнге дейін ауыр қол еңбегімен айналысады, түнгі смендерде жұмыс істейді. Талапқа сай келмейтін, қолайсыз жағдайда 260 мың әйел еңбек етеді. Агроөнеркәсіп кәсіпорындарында, жеңіл өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін әйелдердің арасында ауыр қол еңбегімен айналысатындары аз емес. Гинекологиялық аурулардың ең жоғары көрсеткіші – шопан әйелдерде. Қолдарына күрек пен аша ұстап, қақаған қыста малға жем-шөп тасып жүрген әйелдерді кезкелген малды ауылға бара қалсаңыз көресіз. Түнгі смендерде ауыр жұмыстарды атқаратын 141 мың әйел-еңбеккердің де өмірге сәби әкелетінін ұмытпайық. Міне, мұндай проблемаларды күн тәртібінен алып тастауға хақымыз жоқ. Ауылды жерлерде акушер-гинекологтардың жетіспейтіндігін жоғарыда айттық. Бірнеше шағын елді-мекендерге бір ғана медпункт қалай талапқа сай қызмет көрсетсін. Тіпті, арасы қашық ауылдарды аралап шығудың өзі акушер-гинекологқа оңай соқпасы анық. Арнайы бөлінген көліктің жоқтығынан да ауыл медицинасының адымы қысқа. Ауыл фельдшерлерінің жұмысын түбірімен қайта құру қажет.

Осыдан екі жыл бұрын Алматы қаласында арнайы әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Оның себебі, барлық жағдай жасалған, керекті медициналық жәрдемді уақтылы алуына мүмкіндігі бар қалада тұратын әйелдердің балалары шетінеп кетуінің себебін анықтау еді. Сонда байқағанымыз, құрылыста ауыр қол еңбегімен айналысатын әйелдердің, темір-бетон бұйымдары заводы сияқты кәсіпорындарда жұмыс істейтін әйелдердің баланы туу, түсік тастау фактілері көзге ұрады. Мұндай жағдайда, әрине, босанғаннан кейін берілетін еңбек демалысының өзі керексіз болып қала берері сөзсіз. Яғни, ең бастысы – әйелдердің жұмысы оның денсаулығына зиянын тигізбейтіндей болуын ойластыру. Кезінде «Тракторшы қыз-келіншектер» жөнінде баспасөзде небір әдемі очерктер жазылып жататын, осыған байланысты шақыртуларға үн қосқандарды мақтап ала жөнелетін. Ал, шынында, трактор руліне қыз-келіншектердің ұмтылысы медициналық тұрғыдан құптау туғызбайды. Мұны біз кейін ғана мойындай бастадық.

Аяғы ауыр немесе жас босанған әйелдерге демалыс пен күтім сөзсіз қажет. Оларға арнайы сұраным столдарын бекіту керектігі жөнінде 1987 жылдан бері мәселе көтерілуде.

Мәселен, ардагерлерге берілетін жеңілдіктерді (ет, сүт, май, т. б. алуға) неліктен өмірге сәби әкелетін аналарға жасамасқа. Бұл ұсыныс та әлі жүзеге асқан жоқ. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында, ең қиын кезеңде өкімет пен партия мұны ескерген болатын. Арнайы талон шығарылған болатын. Одан бері 45 жылға жуық уақыт өтті, ал біз бұрынғы жетістігімізден айырылып қалып отырмыз. Әлі күнге дейін соған қайта оралуға қол жеткізе алмай келеміз.

– Орталық Азия мен Қазақстанда балалар өлімінің күрт өсуіне Арал трагедиясының да зардапты ықпалы болғанына көз жете түсуде. Оның үстіне республикамыздың көптеген ірі өндіріс орындары шоғырланған қалаларының атмосфераға шығаратын улы газдары, гербицидтер мен пестицидтер құрамын бұзған су көздері, өзендер мен көлдер, Семей полигоны мен Ақтөбе полигондарының халық тағдырымен санаспайтын жарылыстары – себеп-салдарды тізе берсек таусылмас, ең бірінші кезекте ана мен баланың денсаулығына жасалған қастандық екендігі анық. «Қазақстан» информациялық программасы арқылы өткен жылдың 28 желтоқсанында берілген хабарда күтпеген бір мәселе қозғалды. Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан «Семьяны жоспарлау» дейтін мәселенің сөз бола бастауы қалай? Бұл жөнінде «Социалистік Қазақстан» газетінде жазушы Дулат Исабековтің, Ардақты ана, Социалистік Еңбек Ері Ұлбала Алтайбаеваның өзекжарды ой айтқан мақалалары жарияланды. Қоғамдық пікір туа бастады. «Жел соқпаса – шөп басы қимылдамайды» дегенге жүгінсек, әр себептің салдары болады ғой. Сонда, республикамызда бала өлімін азайтудың басқа жолы қалмай, шынымен осыған келіп тірелгеніміз бе?

– Ең алдымен «Семьяны жоспарлау» дейтін термин жөнінде тоқталайын. Бұл – ВОЗ-дың қолданған термині. Африка сияқты туу мен өлу көрсеткіштері өте жоғары елдерде «семьяны жоспарлау» іс жүзінде бар. Ал біздің елімізге келетін болсақ, бәлкім, бұл терминді «Семья және денсаулық» деп өзгертіп қолданған дұрыс шығар. Өйткені, «жоспарлау» бала туу, өсіру – халқымыздың ұғым-түсінігінде де, салт-дәстүрінде де жоқ нәрсе екендігін білеміз. Мәселе атында ғана емес, мәнінде болып тұр. Қалай түсіндірсем екен. республикамызда жыл сайын 400 мың бала дүниеге келсе, сонымен қатар 390 мың аборт жасалады! Бұл деген сөз, 390 мың сәби жарық дүниеге келместен қош айтысады. Бәлкім, естір құлаққа ерсі шығар, сонда да айтайын, жыл сайын 18-ге толмаған 1 мыңнан астам қыз аборт жасатады. Сұмдық қой. Міне, біз осы аборт жасатуды азайту үшін күресуіміз керек. Жуырда ғана менің кабинетіме 9-класта оқитын қызын ертіп бір әйел келді. Қызының жүкті болып қалғанын жылап-еңіреп отырып түсіндірді. 4 айдан асқан. Қалайда көмек көрсетуді жалбарынып сұрайды. Мұндай мысалдар аз емес. Өмір сүруге қабілетсіз бала туу және аборт жасату әсіресе маскүнемдікке, нашақорлыққа салынған, ақыл-есі ауысып ауыратын әйелдер арасында да жиі кездеседі. Осылардың кесірінен жыл сайын 1 мыңнан астам ақыл-есі кем балалар өмірге келіп, оларды бағуға мемлекет тарапынан 1,6 миллион сом қаржы жұмсалады. Ал іштен туа мүгедек балалардың проблемасы да өте ауыр күйде қалып отыр.

Оңтүстік және батыс облыстарда туудың жоғары екендігі белгілі. Сонымен бірге балалар өлімі де осы облыстарда республика бойынша алғанда 50 проценттен асып түседі. Республикадағы балалар үйлерінде жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі – 55 процент! Бұған қабырғаңыз қайтіп қайыспайды. Балалар үйлерін тірі жетімдерге толтырып қойып, қарап отырмыз!..

Семьяны сақтау, аналардың өлімінің алдын алу шаралары қалайда ойластырылуы керек. Бірақ, әрине, бала көтергісі келетін әйелдерге «Сіз бала тууды тоқтатыңыз» деп айтуға біздің правомыз жоқ.

Бұл – балалар өлімін азайтудың төте жолы болмауға тиіс.

«Лениншіл жас»,  
1990 ж.

## ҚОҒАМДЫҚ ОЙҒА ҚОЗҒАУШЫ

*Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы, «Қазақстан коммунисті» журналының Бас редакторы, Қазақ КСР халық депутатына кандидат Камал СМАЙЫЛОВПЕН сұхбат.*

– Камал Сейітжанұлы, әңгімені әуелі өз платформаңыздағы өзекті мәселелермен таныстырудан бастасаңыз...

– Ең алдымен, мені Журналистер одағының беделі, абыройы қайткенде артады деген сауал толғандырады. Одақ, шын мәнінде, журналистердің қамқоршысы болуға тиіс. Жекелеген журналистердің жетістіктеріне қолдау жасап, кемшіліктерін өткір сын тезіне салып, бағыт-бағдар беріп отыруға керек. Газет-журналдардың редакторларын тағайындар кезде Одақтың пікіріне де құлақ асқан жөн. Мәселен, бірнеше адамды редакторлыққа қатар ұсынып, бір газеттің 2-3 санын жоспарлатып, творчестволық бәсеке үстінде іріктеу тиімді.

Коллектив пікірі мен творчестволық ұйымның ұсынысы тоғысса, тіпті жақсы. Сондай-ақ, газет-журнал редакторларын орнынан босану кезінде де Журналистер одағының даусы ескерілмей қалмасын. Одақтық баспасөзде В. Старков сияқты беделді редактор әуелде орнынан алынған кезде СССР Журналистер одағы үнсіз қалды деген сын айтылды. Бұл Одақтың беделіне сын екендігін алдағы уақытта біз де жадымыздан шығармауға тиіспіз. Журналистердің сөз бостандығын, өз еркіндігін, ақиқатқа адалдығын қорғауға мүдделіміз.

Келесі бір мәселе – журналистердің білімін жетілдіру, творчестволық шеберлігін шыңдау. Бұл орайда, әртүрлі секциялар, клубтар құруды қолға алмақшымыз. Негізінен, творчестволық бағыттар бойынша жұмыс жүргізу тиімді болмақ. Экономика, экология, эстетикалық тәрбие, т. б. мәселелерге байланысты секциялар ашудың қажеттігі тууда. Творчестволық сұхбат, кездесулердің жиі өткізілуінің жас журналистерге берері мол. Белгілі бір тақырыптар бойынша семинарлар өткізуді жоспарлап отырмыз. Мәселен, маусым айында Өскеменде экономика мәселелерін қозғайтын семинар өткізу ойымызда. Оған Москваның белгілі экономистерін арнайы шақырмақшымыз.

Баспасөз қызметкерлерінің жалақысы, қаламақысы жөніндегі түйінді проблемалар да күн тәртібіне қойылуда. «Новый мир» журналының редакторы, белгілі жазушы С. Залыгин 30 миллион сом пайда келтіретін журналдың қызметкерлері айына 200-250 сом жалақы алатындығын ашына айтты. Бұл жағдай бізге де тән. Рас, журналистерге сыйлық, қаламақы беру мәселесін тек республика көлемінде шешу мүмкін емес. СССР Журналистер одағының кезекті пленумында бұл жөнінде өткір әңгіме қозғалуға тиіс.

Газет-журнал редакцияларының, ондағы журналистердің материалдық-техникалық, тұрмыстық жағдайлары түбірінен жақсартуды қажет етеді. Облыстық, аудандық газеттердің полиграфиясы талаптан көп төмен, облыс орталықтарынан қайта басылып шығатын республикалық газеттердің сапасы нашар. Өйткені техника ескі, қуат әлсіз. Журналистер одағы тікелей материалдық көмек бере алмаса да, бұл проблемаларды саралап, зерттеп, нақты шаралар қолданатын тиісті орындардың назарына ұдайы ұсынатын болады. Журналистердің ондаған жылдар бойы пәтер ала алмай, таршылық көріп жүргендері қаншама. Демалыс орындарына арнайы жолдама беру жөнінде жүйелі жұмыс жоқ. Міне мұның бәріне қозғау салуға тиіспіз. кейінге қалдыра беруге болмайды.

– Мәдениет салаларының жай-күйі жөніндегі ойыңызды білсек. Депутат болып сайлана қалсаңыз бұған қалай көңіл бөлесіз? Осы орайда, депутат беделі жөніндегі өзіңіздің көзқарасыңыз қалай?

– Мәдениет салаларының қай-қайсысына да қазіргі кезде рухани сұраным өте жоғары. Қоғамдық сананың оянуы бұған ерекше сипат беруде. Қазіргі таңда тіл проблемалары қатты толғандыра бастады. Ал тілсіз – ұлттық мәдениеттің болуы мүмкін емес. Кезінде бұған мән берілмеді. Республикада шығатын газет-журналдардың 30



проценті ғана, телевизия хабарларының 25-30 проценті ғана, радио хабарлардың барлығы 19,5 сағат болса, соның 4,5 сағаты ғана қазақ тілінде екен. тіпті баспалардан шығатын кітаптарымыздың 30-31 проценті ғана қазақ тілінде екендігін көбіміз білмейміз. Соған қарамастан, «Қазақ кітаптары өтпей жатыр» деп дабыл қақтырамыз. Бұл орайда, кітап саудасын шұғыл реттемесе болмайды. Кітап саудасын бір қолға – Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетке тапсыратын кез жетті. Егер сайлана қалсам, депутат ретінде де, басқарма председателі ретінде де ұштастыра жүргізетін жұмыстарымның ауқымы үлкен. Оған барлық қажыр-қайратымды жұмсайтын боламын.

Депутат беделі күрес үстінде өседі деп ойлаймын. Сессияда сөйлейтін сөздерінің салмағы болуы керек. Әр мәселеге байланысты өзінің көзқарасын ашық айтуы керек. Өзінің жұмысына, негізгі мамандығына адал адамдар ғана депутат болып сайлануға праволы. Олар күрделі мәселелердің күрмеуін шешер кезде көп жалтақтамайды. Өзгенің ырқында кетіп қалмай, өзінің пікірін қорғайды. Жоғары Советтің сессияларынан көп нәрсе үйренді халық. Демократиялық, парламенттік тәртіп, мәдениет қалыптасуда. Депутат, ең алдымен, қоғамдық күрескер, саяси күрескер. Оған халық сенімі аманат. Мейлі мұғалім, жұмысшы, сауыншы, шопан болсын, депутаттыққа жоғары, орта білімі барларды тарту керек. Экономика, экология туралы көп мәселелер қозғаймыз. Ал, бір ғана химия өндірісіне 20 миллиард сом қаржы қажет. Мұның байыбына барып, халыққа түсіндіретін кім – депутат. Халықтың атынан сессияларда мәселе қоятын кім – депутат. Таразының екі басы да ауыр.

– Жуырда «Полиграфист» үйінде өткен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары, Бөлім меңгерушілері, жауапты қызметкерлері қатысқан кездесуде республикалық газет-журналдардың редакторлары көбіне «өз шаңырақтарының» ішкі проблемаларын қозғаумен шектелді. Сол кездесуде бірқатар газет-журналдардың жыл бойы шығынның шырмауынан шыға алмайтыны аталды. Осыған орай бір сұрақ туады. Не себепті осы күнге дейін «шығында» отырған және «пайдамен» шығатын газет-журналдарға бірдей, теңгермешілдік көзқарас қалыптасқан? Тіпті, алдыңғылары әжептәуір артықшылықтарға да ие болып келді. Мәселен, пәтер, жолдама... деген секілді. Меніңше, керісінше болуы керек еді. Әлеуметтік әділеттілік жөнінде баспасөз бетінде жақсы жазамыз, ал, мынау..?

– Орынды реніш. Журналистердің әлеуметтік жағынан әділетсіздікке ұрынып келгені де шындық. Өйткені, редакциялар тек творчестволық жұмыстармен ғана айналысады. Ал кешегі күнге дейін творчествосына қарап бағалау – екінші кезектегі шаруа болғаны жасырын емес. Жаңағы «шығында» отырған газет-журналдарың – партиялық органдар. Ал осы уақытқа дейін партиялық органдарға белгілі бір ерекшеліктер болғаны рас. Кездесу өте пайдалы болды деп ойлаймын. Барлық жағдай айтылды. Енді нақты нәтижелер күтеміз. Бір жол айқын сияқты, ол – көп пайда табатын газет-журналдарды шаруашылық есепке көшіру. Мәселен, «Московские новости» өз алдына шаруашылық есепке көшкен екен. мұндайда пайда шаш- етекпен. Бірте-бірте редакциялардың бар шаруаны өз қолдарына алуы дұрыс шығар. Бейнетінен зейнеті, зиянынан пайдасы көп болады сонда. Баспахана мен редакциялардың арасында, редакциялардың өзара үлес салмағында әділетсіздіктерге орын бермес үшін кәсіподақтардың біріккен советін құру қолға алынбақшы.

– Журналистер одағының өзге творчестволық одақтарға (Жазушылар, Композиторлар, Суретшілер, т. б.) қарағанда, жастарға қамқорлығы кемшін. Бұл неліктен?

– Жуналистер одағының Москвада да, өзімізде де беделі, қуаты кемдеу екендігі рас. Журналистер барлық мәселелерді өздерінің редакцияларында шешеді. Одаққа қарайламайды. Басқа одақтарда, мәселен, әдебиет қоры, музыка қоры, т. б. бар. Композиторлар одағында бірде-бір пәтерсіз адам жоқ екен. Творчестволық одақтардың әрқайсысында жастар жөніндегі сектетарьлар жұмыс істейді. Журналистер одағында осы жағдайды енді қолға алсақ дейміз. Жас журналистердің республикалық кеңесін өткізбекшіміз. Жас журналистердің творчестволық клубын құруды ойластырамыз.

Баспасөздің жас күштеріне ынта-ықыласты арттыру – қажеттілік. Мықты кадрлар даярлау – ертеңгі күні атқарылатын шаруа емес, бүгін қолға алатын іс. Сондықтан бұған салғырт қарамауымыз керек.

– Республикалық газет-журналдардың қайсысында мықты журналистер көбірек топтасқан деп ойлайсыз? Талантты журналистерді топтастыру дегенге қалай қарайсыз?

– Бөле-жара атаудың қажеті бола қояр ма екен. Біреулерінің көңіліне келуі мүмкін. Жалпы, ойы да, қаламы да жүйрік жекелеген журналистер «Социалистік Қазақстанда» да, «Лениншіл жаста» да, тіпті облыстық газеттердің редакцияларында да бар. Бір ескеретін жәйт: журналистерге редакцияның қызметкері деп емес, творчестволық қайраткер деп қарағанымыз дұрыс. Жұмысқа қабылдаған кезде де таланты, қабілеті ескерілетін болсын. бұл жөнінде Баспасөз және басқа бұқаралық информация құралдары туралы заң жобасында әділ айтылған. Бізде қалтасында дипломы бар журналистер қаншама. Ал олардың творчестволық қабілеті жөніндегі әңгіме бөлек. Бұған тіпті журналистика факультетінің өзінде көңіл бөлінбеді. Жыл сайын Жоғары партия мектебін бітіріп жатқан журналистер де аз емес. Жуырда Семей облыстық газетінің редакциясында бірнеше орын бос тұрғандығын білдік. Кадр тапшылығы ма? Қайдам? Жақын арада Орталық Комитетте журналист кадрларды даярлауға байланысты мәселе қаралмақшы. Біраз проблемалар шешімін табуға тиіс деп ойлаймын. Ал кілең талантты журналистерді бір редакцияға топтастыру қолдан келетін шаруа болса қанеки. Әңгіме жоқ.

– Кейде «Бәрі де редакторға байланысты» деген пікірлер естіліп қалады. Бұған қалай қарайсыз?

– Шынында да әр коллективтегі жетістіктер мен кемшіліктер жеке басшыға көп байланысты. Жаңа редактор келгенде газеттің, яки журналдың келбеті өзгеріп сала береді. В. Коротич «Огонекке» келгенде тиражы 0,5 миллионнан 4,5 миллионға дейін өсті. Бас-аяғы үш-төрт жылда байқалған өзгеріс. С. Залыгин «Новый мир» журналына серпіліс әкелді. И. Фролов «Правда» газетінің адамгершілік мәселелерді терең қозғауына ықпал жасауда. Республикамызда «Социалистік Қазақстан» Ш. Мұртазаев келгелі оқырмандар ықыласы өзгере бастағаны байқалады. Рас, әр редактор жұмысты өзінше жүргізеді. Редактордың жеке қабілеті мен заман лебі үйлесім табуы керек. Заман лебі жақсы, ойлы редакторға дәл бүгінгі таңда көп мүмкіндіктер ашуда. Уақыт желі тынбай соғады. Кім желкенін биік көтерсе – діттеген межесіне бұрын жетеді, кім желкенін төмендетіп алса – өзіне өкпелесін. Желкенін жел кернеген кемешіге оң сапар!

– Газет-журнал қызметкерлерінің бір бөлімде ұзақ уақыт тапжылмай отыруының, немесе жиі орын ауыстыруының оның творчествосына қандай ықпалы болады деп ойлайсыз?

– Бір бөлімде ұзақ отырып қалатын журналистің пайдасынан зияны көп деп ойлаймын. Журналистің өмірді тануы, бағалауы өзгеріп отырғаны пайдалы. Редакцияларда бөлім деп шектегеннен ғөрі, тақырыптық бағыттар бойынша мамандануға назар аударған дұрыс. Мәселен, әлеуметтік мәселелер, экономикалық мәселелер, т. б. Әр творчестволық қызметкер белгілі бір саланы игерген маман болуы керек. Сонымен қатар, журналист кез-келген тақырыпқа жатырқай қарамағаны жөн. Сахнада актерге әртүрлі рольдерді ойнауға тура келеді. Талант қыры жан-жақты ашылуына бұл себепкер. Журналист те кейде актер сияқты. Өмірдің әр қырынан келуге дайын болуы қажет.

Журналист жауапкершілігі ойландырады. Творчестволық қызметкердің дайындаған материалдарын сүзгіден өткізудің қажеті бар ма? Жауапкершілікті өз мойнына жүктеп, бірден баспаханаға жіберу керек қой. Сонда журналистің де мерейі өседі. Ескі тәжірибеде еңбекші хаттарын түзеп, күзеуге де талай уақыт кететін. Бұдан да арылу керек. Материалдарды дайындауға, өңдеуге жұмсайтын уақытын творчестволық қызметкер жаңа идеялар табуға арнасын. Сол тиімді.

– «Мәдениет және тұрмыс» журналының «Парасат» болып өзгеруіне не себеп? Қазіргі кезде өзіңіз басқарып отырған «Қазақстан коммунисті» жөніндегі пікіріңіз қандай?

– «Мәдениет және тұрмыс» журналында бір жыл редактор болып істедім. «Парасат» – журналдың мазмұнын, бағытын өзгертуден келіп туған атау. Бұдан 30 жыл бұрын «Мәдениет және тұрмыс» деу өте орынды еді. Халық көп оқитын журнал болды. Тиражы 400 мыңға жетті. «Парасат» – қазіргі уақыт талабымен үндескен атауы. Енді мазмұны соған сай болсын. Қазіргі редакторы Б. Нұржекеев – талантты жазушы. Редактор ретінде журналға әкелетін жаңалығын өзі біледі.

«Қазақстан коммунисті» – республикадағы беделді журнал. Тиражы – 50 мың. Салыстырмалы түрде жаман емес. Былтырдан бері журналдың мазмұнын байытуға күш салып жатқан сияқтымыз. Тарихи оқиғалардан терең тамыр тартуға ден қоюдамыз. «Қазақстан коммунисті» тек коммунистерге арналған журнал болмауы керек деп ойлаймын. Ол әрі саяси, әрі әлеуметтік, әрі ғылыми, рухани мәселелерді қозғайтын журналға айналуы керек. Соған ұмтыламыз.

– Қазіргі журналистикада публицистік пайымдау ең алдыңғы орынға шықты. Сіздің творчествоңызда да бұл негізгі арна болып келеді. Не себепті? Басқа жанрларға көзқарасыңыз қалай?

– Әрине, қоғамда қозғалыс болған кезде публицистикаға сөзсіз алға шығады. Қайта құру кезеңінің де әсері бар. 60-тан астам журналистердің халық депутаттары болып сайлануында да мән бар. Публицистика – қоғамдық ойды жеткізуге ең оңтайлы жанр. Бірер жылдың ішінде оннан астам мақала жарияладым мерзімді баспасөзде. «Қазақ әдебиетінде» «Қолдағы бар қазынаны қадірлейік, ағайын» деп, тіл проблемаларын қозғадым. Бір жыл зерттеген тақырыбым. «Қазыналы Қазақстан қаржыға неге қарыз?» деп мәселе көтердім. «Социалистік Қазақстан» газетінде Семей полигонына байланысты «Араша ма, ажал ма?» деген мақалам шықты. Адам тағдыры – ел тағдыры. Бір кездері 30-50 мегатонналық ашық жарылыстардың болғандығы сұмдық қой. Американың атомға сеніп, 100-120 қаламызды нысанада ұстап отырғанына қалай көз жұмып қарауға болады? Жарылыстарды тоқтату жөнінде дабыл қағылуда. Ал американдықтар әлі тоқтатқан жоқ. Міне, мәселенің шиеленісе түсуінің бір себебі осында. «Лениншіл жаста» жарияланған «Адам қабілеті-күдіреті» дейтін мақаламда да өзекжарды ойларым айтылған сияқты. Жалпы, кез келген уақытта цифрлар мен фактілерге жіті назар аударып жүремін. Егер аяқ астынан іздесең, керек фактіңді табудың өзі қиямет қой. Жақында «Сельская жизнь» газетінен селоны қалаға теңестіру үшін 1 триллион сом қаржы керектігін оқып қалдым. Керегі бар ма? Бар керегі.

А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың өз заманының үні болған мақалаларынан журналистер көбірек үйренсе дер едім.

Кейінгі кезде фельетондар, очерктер азайып бара жатыр. Бұған алаңдамай-ақ қоюға болады. Әр кезеңнің, уақыттың қалаулы жанрлары бар. Сөз кезегі – публицистикада.

– Біздің журналистердің техникалық «қарулануы» өте төмен деңгейде екендігін білесіз. Шұғыл хабарларды дайындаған кезде мұның мехнатын аз тартып жүрген жоқпыз. Қолымыз қашан жеңілдейді?

– Рас, жеке журналист түгіл, бүкіл редакцияның маңдайына жазылған бір диктофон болмауын немен түсіндіреміз. Артур Кларк «Машинкамен жазу – тасқа қашап жазумен бірдей» деген екен. Сонда біз тас ғасырында жүргендейміз. Америкада болғанымда, журналистердің техникалық мүмкіндіктеріне қызыға қарағанымды жасырмаймын. Әрбір газет қызметкерінде жеке компьютер, дисплей. Қаланың түкпір-түкпіріндегі оқиғалар жөнінде ақпарлар келіп түсіп жатады. Олар онымен де қанағаттанбайды. Оқиғаның ортасында болып, әр газеттің қызметкері оқиғаға өзіндік бағасын беруге тырысады. Біз көбіне бір фактінің төңірегінен шықпаймыз. Әр газет өз бағасын бере алмай жатады бізде. Диктофондар, дербес компьютерлер, видеомагнитофондар болса жақсы болар еді.

– Жазушылар одағының деректі проза советі арқылы журналистердің СССР Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып жататыны белгілі. Бұл ретте Журналистер одағы тарапынан да кепілдеме берілуі керек деп ойлайсыз ба?

– Өзім Жазушылар одағына деректі проза арқылы өттім. Ө. Нұрпейісов, С. Бердіқұлов, Ш. Елеуеновтердің кепілдемесімен. Негізінен публицистикалық шығармаларым арқылы. СССР Жазушылар одағында Ю. Черниченко басқаратын деректі проза және публицистика бөлімі бар. Жазушылық қабілетін танытқан журналистерге жол ашық. Ал Журналистер одағының кепілдемесі қажеті жоқ деп ойлаймын. Тең провалы творчестволық ұйымдар ғой бұлар.

– Еңбек жолыңызды «Лениншіл жастан» бастаған екенсіз. Өткенге үңілгенде, көңіліңізге ыстық елеулі бекеттер туралы еске ала кетсеңіз.

– Журналистік сапарым 1954 жылы «Лениншіл жастан» басталды. Қарағанды облысындағы тілшісі болдым. А. Бейсенбаев, С. Бөлдекбаев, С. Байжанов, Қ. Қазыбаев, Ш. Мұртазаев, С. Бердіқұлов, Х. Тілемісов, Б. Тоғысбаев – бәріміз де осы ұяның түлектеріміз. «Лениншіл жас» жаққан жалын жүрегімізде әлі өшкен жоқ. Соған рахмет. «Қазақфильм» киностудиясында өткізген жылдарым да жадымда жатталып қалды. О. Сүлейменов, Ө. Әлімжанов, Ә. Тарази, Ә. Кекілбаев, т. б. қаламгерлермен бірге қызмет істедім. Қазақ киносы көп сыналды. Сол бір кезеңде экранға «Қилы кезең», «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Шоқ пен шер» фильмдері, Ө. Қайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмі шыққан еді. Әлі күнге дейін көз алдымда, Ғабен – Ғабит Мүсірепов «Қыз Жібектің» сценарийін араб әрпімен жазып әкеліп, сценарийді «Лениншіл жаста» менің алғысөзіммен жариялаған едік. Ол да бір дәурен екен демекші. Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетте өткізген жылдарым да өмірімнің мағыналы кезеңі болды. «Тамаша», «Алматы достарын қарсы алады», т. б. сол жылдардың жемісі. «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» деп аталатын 40 сериялы телетуынды көгілдір экранға шықты. Қазір архивте жатыр. Тележурналистика қызық та қиын сала. Бұған да батыл, талантты журналистер барғаны жөн.

– Қазақ баспасөзі 2000 –шы жылдары қандай деңгейде болады деп ойлайсыз?

– Ведомстволық газет-журналдардың орнына әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған апталықтар шығатын болады. «Семья», «Ветеран» апталықтары сияқты. Өзіміздің студенттерге арналған «Өркен», «Горизонт» апталығы тәрізді. Күн сайын шығатын газеттердің орнын да апталықтар алмастыра ма деген ой бар. Мәселен, «Советская культура» солай шыға бастады. Аудандық газеттер ауданаралық немесе апталық болып шығуы әбден мүмкін. Баспасөз туралы заңда жаңа газет шығаруға кез келген қаржысы бар мекемеге право берілсе, «Кооперативные новости» сияқты газеттер көбейеді. Қаржыға бай, қаламақысы көп газеттерге өріс ашылар, бәлкім. Болашақта журналист кадрларына сұраныс жоғарылайды деп шамалаймын. Уақыт көрсетер.

«Лениншіл жас»,  
1990 ж.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ ДЕҢГЕЙІ

*Денсаулық сақтау саласындағы қайта құру бүгінгі таңда қоғамымыздағы қайта құру процесінің аясында түбегейлі шешімдерін күтуде. Бұл орайда, республикамыздағы медицина қызметкерлерінің алдында үлкен де жауапты міндеттер тұр. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің ғылыми-техникалық басқармасының бастығы, ғылыми-медициналық советтің председатели, профессор Ж. Х. ХАМЗАБАЕВПЕН болған әңгіменің арқауы қалың жұртшылықты толғандыратын мәселелермен сабақтас.*

– Жанғали Хамзабайұлы, министрліктің өзіңіз басқаратын ғылыми-техникалық басқармасының жұмысы уақыт талабына қалай жауап береді? Республикадағы денсаулық сақтау ісін жақсарту бағытында ғылым мен техника жетістіктерін практикада қолдану, тікелей адам мүддесіне бағындыру орайындағы ізденістерге тоқталсаңыз.

– Министрліктің бұл басқармасы 1988 жылдың бас кезінде құрылды. Медицина – ғылым саласы. Бірақ, ол өмірдегі нақты іс-әрекеттен, практикадан қол үзсе, дамымайды.

Әсіресе, адам денсаулығын сақтау ісінде ғылым мен практиканың ұштасуы, өзара тығыз байланыста дамуы ғана оң нәтижелер бермек. Қазіргі кезеңде әлеуметтік, экономикалық, профилактикалық, медициналық шаралар комплексінің тұтастығы, бірлігі арқылы ғана денсаулық сақтау ісіндегі қордаланған проблемаларды шешуге болады. Бұл ретте, сөз жоқ, ғылымның роліне айрықша назар аударылуы түсінікті.

Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесінде 10 ғылыми-зерттеу институттары мен 5 жоғары оқу орындары бар. бұларда балалардың денсаулық проблемаларына, акушерлік пен гинекологиялық, қауіпті, созылмалы, жұқпалы және жұқпалы емес ауру түрлеріне, мүгедектікке және де басқа көптеген сырқаттарды емдеудің жолдарын зерттеп, қарастыруға арналған СССР Ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитетінің 10 программасы, Бүкілодақтық 18 программа бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Медицина ғылымының зерттейтін проблемалары сан салалы, көп тармақты. Дегенмен, дәл бүгінгі таңда біз өзіміздің бар күш-жігерімізді балалар өлімінің, жұқпалы аурулардың, әсіресе туберкулез бен бруцеллездің, онкологияның, жүрек-қан тамырлары жүйесіндегі физиологиялық аурулардың проблемаларын зерттеуге арнауымыз керек. Бұл мәселелер кешегі СССР Халық депутаттарының съезінде де күн тәртібіне өткір қойылды.

Қазір ғылыми-техникалық басқарманың дәрігерлік-инженерлік орталықтары, Ғылым академиясының мекемелерімен біріккен уақытша ғылыми коллективтері (екеу), 9 ғылыми- оқу-практикалық бірлестіктері құрылып, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлерімен негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұған дейін студенттерді оқыту программасы клиникалық жұмыс принциптерімен сәйкеспейтіндігі анықталған еді. бұл орайда, біздің ұстанған бағытымыз уақыт талабына жауап беретіндігіне көзіміз жете бастады.

– Медицинада ғылыми ізденістердің қолдау тауып, нақты нәтижелер беруі үшін, қамқорлықтар жасалуда ма?

– Әрине, бұл ретте ең алдымен материалдық-техникалық базаны нығайту қажет. Ғылыми-зерттеу институттарының жүйесі мен құрылымын қалыпқа келтіргенде осыны ескердік. Мәселен, еңбекақы төлеуде хирургия, гигиена және аурулар институтын I категорияға, көз аурулары институтын II категорияға көшірудің сыры осында. Егер бұл коллективтер ғылыми ізденістердің тиімділігін арттыратынына сенім артпаған болсақ, мұндай қамқорлық өзін-өзі ақтамауы да мүмкін ғой. Талап күшейді. Қазір министрліктің жанында әрбір ғылыми жұмыстың теориялық әрі практикалық тиімділігіне алдын-ала баға беретін комиссия жұмыс істейді. Мұның өзі іргелі зерттеулерді конкурстық негізде анықтап, ең қажеттісіне ғана қаржы бөлуге мүмкіндік әпереді. Сондай-ақ ғылыми жұмыстардың құндылығы түпкі нәтижеге тәуелді бола бастады. Республика ғалымдары 1987-1988 жылдары жалпыодақтық өндіріске енгізу жоспарына – 7 ұсыныс, Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарына – 11, республикалық жоспарға – 79, «Интенсификация - 90» комплексті ғылыми-техникалық программасына – 7 ұсыныс енгізген болатын. Жапония, ФРГ, АҚШ, басқа да бірқатар шет ел фирмалары біздің кейбір жұмыстарымызға сұраныс жасады.

Мәселен, лазерлі стоматологиялық қондырғының технологиясы, «Антикам» препараты, екіқабат әйелдерге арналған «Жігер» қоспасы, т. б. жұмыстарымыздың сапасы жөнінде қысылмай айтуымызға болады. Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар институтының бірқатар зерттеулері халықаралық маңызға ие болғанын да айта кетсек, артық емес. «Эзофагит» комплексті программасы сәтті жүзеге асты. Асқазан рагіне шалдыққандарға қолданылған ем Гурьев облысында оң нәтижесін беруде.

– Кейінгі кезде біздің республикамызда балалар өлімінің одақтық деңгейден жоғары болуы қатты алаңдатады. Қазіргі медицинаның балалар денсаулығын сақтауға бағытталған шараларында оң өзгерістер байқала ма?

– Бұл ең бір қиын түйін болып отыр, 1987-1988 жылдары Денсаулық сақтау министрлігінің мамандары балалар өлімі жоғары болып отырған аймақтарға – Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Гурьев, Шымкент, Целиноград, Қостанай облыстарына шығып,

жергілікті жерде медициналық мекемелерге, тұрғындарға комплексті, ұйымдастырушылық және практикалық көмектер көрсетті. Ауылды жерлерде балалар дәрігерлерінің, акушер-гинекологтардың жетіспеушілігі байқалатындықтан, республикамыздың медициналық жоғары оқу орындарында бұл мамандықтар бойынша дәрігерлер даярлауға айрықша көңіл бөлінуде.

Рас, балалар мен аналар денсаулығын қорғаудың деңгейі талаптан көп төмен. 1986 жылы балалар өлімі 1000 адамға шаққанда – 28,8, ал 1987 жылы – 29,4 болды. ал аналардың өлімі өсе түсті. Әсіресе, Шымкент, Гурьев, Қызылорда, Жамбыл және Семей облыстарында бұл республикалық орта көрсеткіштен жоғары.

Балалар өлімі Шымкент және Жамбыл облыстарында жоғары күйінде қалуда. Бұл екі облыс халқының саны республикаға шаққанда 17 процент болса, балалар өлімі жөнінен үлес салмағы 27 процентке шыққан. Міне, екі жылдан бері Денсаулық сақтау министрлігі аталған екі облыста көптеген жұмыстар атқаруда. Маман дәрігерлер бригадалары ұйымдастырылған. Бұрын жыл сайын 100 – 150 медицина мамандары дәрігерлік көмек көрсетсе, биыл 400 – 450 медицина қызметкерлері бөлінген. Дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етудің көлемі екі есеге жуық артты. Жаз айларында РСФСР-дің Челябині, Пермь, Свердловск облыстарының уақытша (80 күнге) жұмысқа дәрігерлер келіп, бірлесіп медициналық жәрдем көрсетілуде. Балалардың жұқпалы ауруларының алдын алуда Финляндиядан валютамен сатып алынатын «Регидрон» ұнтағының пайдалы әсері байқалуда.

Баланың денсаулығы – анасының денсаулығына тікелей тәуелді. Түрлі тағам түрлерін молайту, экологиялық жағдайды жақсарту, әлеуметтік- тұрмыстық жетілдіру шараларын жүзеге асыру, қысқасы, тек медициналық жәрдем арқылы ғана емес, комплексті шараларды қолға алу арқылы ғана болашақ ұрпақты аман сақтап қала аламыз.

– «Денсаулық» комплексті программасы жасалғанынан хабардармыз. Микрохирургия, реаниматология, пульмонология, офтальмология, нейрохирургия орталықтары құрылды. Алматыда жақсы жабдықталған консультациялық-диагностикалық орталық жұмыс істеуде. Мұндай орталықты Семей қаласында да ашу жоспарда бар көрінеді. ал кейінгі кезде көршілес республикалардың денсаулық сақтау мекемелерімен де байланыс орнаған сияқты. Осыған қысқаша тоқталып өтсеңіз.

– Орта Азия мен Қазақстанның медицина мекемелері арасында жанды байланыс орнату мәселесі шешімін көптен күткен болатын. Жуырда Алматыда осыған орай үлкен мәжіліс өтті. Оған Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан республикаларынан медицина мамандары келіп қатысты. Аса маңызды аймақтық проблемаларды бірігіп шешуге Орта Азия республикаларының маман дәрігерлері де мүдделі. Ана мен баланың денсаулығын қорғау, экологиялық тепе-теңдікті сақтау, адам организмінің әртүрлі экстремальді жағдайлардағы күйін зерттеу мәселелері жұмысты үйлестіре жүргізу барысында терең зерттелмек. Ғылыми жаңалықтар алмасу, озық тәжірибелерді кең тарату, ғылыми ізденістердің экономикалық, әлеуметтік және медициналық тиімділігін арттыру, шекаралық аудандардың тұрғындарына медициналық жәрдем берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру сияқты бір-бірімен ұштасып жатқан шаралар орталық шешімін табатын болады. Көптеген мәселелер талқыланып, бірігіп жұмыс істеуге ден қоюдамыз. Бұл орайда айта кеткен орынды шығар, біздің бірқатар институттарымыз ғылыми-техникалық жұмыстарын Экономикалық өзара көмек советі елдерімен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Европа аймақтық бюросымен бірлескен ынтымақтастықта жүргізуде. Бұл орайда, мәселен, алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем мәселелерін шешуге, сондай-ақ, медсестраларды даярлауды жетілдіру ісіне баса назар аударылуда.

– Енді медицина кадрларының қазіргі деңгейі жөнінде, біздің республикамыздағы дәрігерлерге деген көзқарас туралы ойыңызды білсек?

– Дәрігердің шипалы алақанын сезініп, алғыс арнайтындар азайған жоқ. Десек те, медицина кадрларын даярлауда талапты бұрынғыдан да күшейту қажет. Жоғары білімді дәрігер ғылыми ойлау жүйесіндегі алғырлығымен көрінуі тиіс. Бұл үшін дәрігерлердің

ғылым мен техника саласындағы үлес салмағын жеңілдетпеуді ойлаған абзал. Қазір бірқатар ғылыми-зерттеу институттарымызда ғылым докторлары санаулы ғана. Мәселен, акушерлік институтта – 3, педиатрияда – 4, туберкулез институтында – 6 ғылым докторы ғана болса, тері-қан тамырлары аурулары институтында – біреу де жоқ. Ғылыми-зерттеу институттарындағы 68 ғылым докторының 35-і пенсия жасындағылар, жоғары оқу орындарындағы 127 ғылым докторының 71-і сондай. Қазіргі кезде докторлық диссертация – кең көлемді әрі тиімді өндіріске енгізілетін жаңалық болуымен құнды. Ал осы талап деңгейінен ғылым кандидаттары көріне алмай жатса, бұған, әрине, қынжыласыз.

Совет медицинасына деген көзқарастың сенімге сүйенетініне күмәнім жоқ. Сол сенімді ақтау – ең абыройлы борышымыз.

«Лениншіл жас»,  
1990 ж.

## АБАЙ ҚОРЫ – 1700876

*Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына дайындыққа байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі үстіміздегі жылы арнайы қаулы қабылдағанынан, сондай-ақ Семей облыстық құрылтай конференциясында Абай қоры құрылғанынан оқырмандарымыз хабардар. Енді осы Абай қорының директоры Балташ ЕРСӘЛІМОВКЕ бірнеше сауал қойып, ой сабақтауды жөн көрдік.*

– Балташ Ерсәлімұлы, ең алдымен, Абай қорының құрылуының негізгі мақсаты, міндеті, алғышарттары жөнінде не айтасыз?

– Абайдың 150 жылдық тойын ЮНЕСКО шеңберінде өткізуге талпыныс бар. республикалық деңгейде қаулы қабылданды. Қыруар іс-шаралар жүзеге асырылмақ. Осы орайда, Абай қоры қаулыда көзделген шараларды іс жүзінде асыруға өзіндік көмегін, септігін тигізбек. Бұл ерікті, өзін-өзі басқаратын, шығармашылық, өндірістік, ғылыми-техникалық коллективтерді біріктіретін қоғамдық қайырымдылық ұйым. Ұйымның жарғысы үстіміздегі жылдың маусым айында Семей қалалық Советі атқару комитетінде тіркелді. Ұйым өзінің барлық қызметін реттеп отыратын негізгі құжаты – жарғысы тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі. Қазіргі кезде ұйымның материалдық және қаржы қорын молайту, сондай-ақ Абай мұраларын оқу, зерттеу, насихаттауға атсалысу – басты назарда. Ол өз қызметіне қатысты құтқар мен міндеттерді, қоғамдық меншіктің қажетті түрлерін заңды түрде пайдаланады, оның өз балансы, аты жазылған дөңгелек мөрі, бұрышты штамп, бланкалары және басқа қажетті бұйымдары болады. Абай қорының қызметі тек семейліктердің немесе қазақстандықтардың көмегімен ғана шектелмейді. Одақтас республикалардың шығармашылық, ғылыми одақтарымен, кез-келген кәсіпорындармен, бірлестіктермен, кооперативтермен немесе жеке азаматтармен екі жақты келісім-шарт жасау арқылы жұмыс жүргізуді көздейді. Абай қоры уақытша немесе тұрақты шығармашылық коллективтерді, концерттік бригадаларды, өндірістік және басқа да коллективтерді қалыптастыра алады. Осының бәрі ұлы ақынымыздың елінде өтетін тойға жоғары жауапкершілікпен қараудан туындайды. Өйткені, Абай – қазақ халқының тағдырында ерекше орын алатын тұлға, ақыл-ойының тұнбасы, болашағының бағдарламашысы, данышпаны ғой.

– Қордың жұмысына тікелей басшылық жасайтын кімдер?

– Қордың президенті – Қазақ ССР халық депутаты, Семей облыстық советі атқару комитеті төрағасының орынбасары М. Ж. Шайжүнісов. Кеңес құрамы бес адам. М. Орынбаев – ескерткіштер қорғау қоғамы төрағасының орынбасары, М. Масалимов – облыстық мәдениетжөніндегі комитет төрағасы, К. Мұхаметқанов – абайтанушы ғалым, Т. Ибрагимов – Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің директоры және мен.

– Абай қорының тікелей қамқоршылары туралы да білсек?

– Қордың қамқоршылары – облыстық атқару комитеті, кәсіподақтардың облыстық советі, Абай аудандық атқару комитеті, облыстық мәдениет жөніндегі комитет, облыстық комсомол комитеті, Жазушылар және Композиторлар одақтарының облысаралық бөлімшелері, Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейі, облыстық «Семей таңы» және «Иртыш» газеттерінің редакциялары, облыстық телевизия және радиохабарлары жөніндегі комитеті, «Қазақ тілі» қоғамы.

– Ал, Абай қорына алғашқылардың қатарында өз үлесін қосып, қаржы аударғандарды білуге бола ма?

– Неге болмасын. Мәселен, белгілі қоғам қайраткері, ССРО халық депутаты, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы, «Семей – Невада» қозғалысының президенті Олжас Сүлейменов тұңғыш демеуші болып, қорға 50 мың сом аударды. Абай ауданындағы Шәкерім атындағы З. Белібаев атындағы және «Құндызды» совхоздары – 50 мың сомнан, М. Әуезов атындағы совхоз 30 мың сом, Семейдегі «Газ аппаратуралары» заводы, керамзит заводы, облыстық «Білім» қоғамы – 10 мың сомнан қаржы бөлді. Сондай-ақ «Құндызды» совхозының шопаны Рамбай Бодаубаев – 200 сом, Әуезов атындағы совхоздың шопаны, комсомол-жастар бригадасының жетекші-тәлімгері Амангелді Жікенов – 150 сом, аудандық наубайхананың нан пісірушісі Секен Арашов – 100 сом мөлшерінде жекелеген үлестерін қосып отыр. Қазіргі кезде Зайсан зілзаласы халқымыздың қабырғасына қатты батып тұрғанын түсінеміз. Табиғат апатына ұшыраған адамдарға жедел көмек беруге ақ ниетті жандар бір кісідей жұмылуда. Ал Абай қорына сол зайсандықтардың да атынан қаржы бөлінгенін білгенде, ұлы бабамыздың аруағына бас игендік деп қабылдадық. Мәселен, Зайсандағы аудандық аурухана, аудандық дайындау мекемесі коллективтерінің бөлген қаржысы сөзімізге дәлел. Осы орайда айта кеткен орынды болар, Абайды бәріміз де пір тұтамыз, бір шумақ өлеңін жатқа білмейтін қазақ жоқ деп жар саламыз. Бұл – дұрыс. Ал Абайдың сүйегі жатқан Жидебайдың жай-күйі көбімізді толғандырмайтыны неліктен. Абай аулына одақтас республикалардан ғана емес, шет елдерден де қонақтар келгенде қысылмай-қымтырылмай аралата аламыз ба? Өткендегі кемшіліктерді түзеудің реті енді келіп тұр. Ұлы ақынның 150 жылдық тойына дайындық – баршамызға сын. Осыны терең ұғынсақ екен.

Содан соң, республикалық шығармашылық одақтар, жекелеген ақындар, жазушылар, суретшілер, композиторлар, сәулетшілер, журналистер ең алдыңғы кезекте өз үлестерін қосулары керек қой. Іргелі шаруашылықтар, қабырғалы өнеркәсіп орындары, еңселі мәдениет мекемелері, министрліктер мен ведомстволар, жоғары оқу орындары, білім ошақтары – қысқасы Қазақстанның барлық халқы тамшыдан теңіз құралатынын ескерсе дейміз.

– Бәке, айтқандарыңыздың бәрі орынды. Енді Абай қорының құқы жөнінде тоқтала кетсеңіз.

– Абай қоры өзінің материалдық және финанстық қайнарларын өз қалауынша пайдалануға, банк мекемелерінде советтік сом және валюта түрінде есеп ашуға, банк құзырын пайдалануға, көрсетілген тәртіп бойынша бөлшек сауда, кооператив кәсіпорындарынан қажетті материалдар мен бұйымдар, өндірістік және техникалық саладағы өнімдер алуға, материалдық-техникалық жабдықтау ұйымдарымен, кәсіпорындарымен, бірлестіктерімен келісім-шарт жасауға құқылы.

– Қорға түскен қаржының қазіргі мөлшері қанша және оны пайдаланыла басталды ма?

– Қазір қаржының жалпы көлемі 200 мың сомның үстінде. Жуырда Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейінің құрылғанына 50 жыл толды. Соған осы қордан аздаған қаржы бөлінді. Алдағы уақытта жұмсалатын қаржы тікелей 150 жылдық тойға арналмақ.

– Сөз соңында Абай қорының есебін қалың жұртшылыққа жариялап, демеушілердің қатарында 70 жылдық тарихы бар «Лениншіл жастың» оқырмандары да



жүздеп-мыңдап саналатынына сенімдіміз. Абай қорының есебі – 1700876, Әлеуметтік-тұрмыс банкісінің Семей облыстық басқармасы. № МФО 615213, «Абай қоры».

«Лениншіл жас»,  
1990 ж.

## «МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ӘНДЕРІ»

*Алматыдағы Спорт сарайында 12 маусым күні кешкі сағат 19-да осындай тақырыппен шығармашылық өнер кеші өтеді. Осыған орай, белгілі ақын әрі композитор, КСРО халық депутаты, Қазақстан экологиясы және Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі халықаралық қоғамдық комитеттің президенті, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, «Жалын» журналының бас редакторы Мұхтар ШАХАНОВҚА жолығып, оқырмандар көкейінде жүрген бірнеше сауалдарды қойған едік.*

– Мұха, Сіздің әндеріңіз өнер сүйер жұртшылыққа бұрыннан-ақ танымал. Өткізілмекші ән кешіңіз туралы хабарға көпшілік елеңдеулі. Одан түскен қаржы Арал қорына аударылады деп естідік. Енді әңгімені ән әлеміне қалай қадам басқаныңыздан бастасаңыз...

– Бұл өзі... Ән – менің өмірімдегі құпия қалтарыстардың бірі. Шынымды айтсам, алғашқы әнімді 13 жасымда шығарғанмын. Бірақ, сол кезде біздің ауылда, сірә, көркемөнерпаздар үйірмесі болған жоқ. Оған көңіл бөлінбейтін, ықылас төмен еді. Оқушыларды сабақтан тыс уақыттарында науқандық жұмыстарға қуалайтын. Әйтеуір, осы бір ерте бұршік жарған қабілетім назардан тыс, елеусіз қалды. Қазір ойлаймын, егер менің ақындығым өз арнасын тауып кетпегенде, композитор болуым әбден мүмкін еді.

Жалпы, менің әнге ешқандай икемім жоқ сияқты. Бірде-бір музыкалық аспапта ойнай алмаймын. Әкем бала кезімде өрік ағашынан домбыра жасатып беріп, оны басыма жастанып та жаттым. Сол домбыраға қызығып жүретін Ыпкемнің баласы Аманбай домбырашы болып кетті. Ал мен әлі күнге дейін он саусағы жорғалағандардың тілекшісі ғанамын. Тамсана тыңдауды қанағат тұтудан басқа шара жоқ. Дегенмен, кейбір өлеңдеріме ыңылдап әуен іздеп жүретінмін. Оған кейін мән бердім. Барлық әндерімді сол ыңылдап жүріп дүниеге әкелдім. Әндері де негізінен көркемөнерпаздардың орындауымен ел ішіне тарады. Әр шығармамды радиоға жаздырамын деп соңынан жүтірген емеспін. «Жұбайлар жыры», «Туған күн кешінде», «Гүлдәурен», «Мен саған ғашық едім», тағы да басқа әндерім жұртшылыққа жақсы таныс, бірақ соның өзінде мен бұларға соншалықты мән берген емеспін. Бір кезде «Өз өлеңіне өзі ән шығарып, жеңіл атақ іздеп жүр» деген сияқты сөздер құлағыма шалынғаннан кейін мен бұл өнерімді доғарып қойдым. Бірақ, жасырын, іштей өзім айтып жүрдім. Кейінгі кезде соным бекер болған екен деп ойлаймын.

– Ән кешіңізді бұдан бірнеше жыл бұрын да өткізуіңізге болатын еді ғой. Бұл жолы кімдердің ықпалы болды?

– Рас, Қазақ телевизиясы бұдан бірнеше жыл бұрын ұсыныс жасаған болатын. Өртүрлі себептермен кешеуілдеп келді. Бұл жолы тікелей «Жұлдыздар» әдебиет пен өнер бірлестігінің және Қазақстанның халық артисі Нұрғали Нүсіпжановтың ықпалы болғаны анық. Нұрғали – Шәмші Қалдаяқовпен бірігіп жазған әндерімнің алғашқы орындаушысы.

– Кеште орындалатын әндеріңіз туралы да білсек. Ол әндеріңіздің орындаушылары кімдер екен деген сауал да тіл ұшында тұр...

– Кеште орындалатын 5-6 әннен басқасы түгелдей жаңа туындылар. Осы уақытқа дейін 30-40 ән шығарыппын. Бірақ, солардың басын қосып жүйелеуге құнт болмады ғой. Нота білмегендіктен, кейбір әндерім дер кезінде қағазға түспей, жоғалып та кетті. Бұдан 10-15 жыл бұрын жазылған кейбір әндерімнің тұңғыш рет тұсауы кесілмекші. Осы кеште «Желтоқсан тағылымы» деген әнім орындалуы керек. Өлеңі өткен жылы 17 желтоқсанда Республика алаңында желтоқсандық құрбандарға ескерткіш-

тақта қойылған кезде оқылған. Бұл өлеңіме басқа бірнеше композитор ән шығарып үлгеріпті. Алғаш рет бұл әнді менің талдықорғандықтармен кездесуім кезінде Айткүл және Қанат Құдайбергеновтер орындаған еді. «Арал қасіреті» дейтін жаңа әнім де тұңғыш рет орындалмақ. Бұған қоса, «Туған жерге оралу», «Құпия арман», «Махаббаттың жазылмаған заңы», «Танакөзбен қоштасу», «Қалғымасын ерлігің», «Қазақ дастарханы» және басқа да әндерім алғаш рет тыңдаушыларын іздейді. Бұл әндерді жұртшылық Нұрғали Нүсіпжановтың, Нұрлан Өнербаевтың, Гүлмира Ақүрпекованың, Гүлнәр Сикымбаеваның, ерлі-зайыпты Құдайбергеновтердің, т.б. әншілердің орындауында тыңдайды.

– Сіздің көптеген өлеңдеріңізге басқа композиторлар да ән шығарды ғой. Бұл кеште ол әндер орындалмай ма?

– Бұл кеш тек өзімнің әндеріме ғана арналып отыр. Өзгешелігі де осында шығар. Кешті кейбір шет елдік ағайындар жазып алуға ниет білдіруде.

– Осы уақытқа дейін талай кештер өткізіп, одан түскен қаржыны Арал қорына аударып келдіңіз ғой. Жұртшылықтың ықыласы әрдайым жоғары болды деп ойлайсыз ба? Әлде қатты қысылған немесе ыңғайсызданған сәттер де кездесті ме?

– Мынадай бір жағдайды айтпай кетпесем болмас. Өткен жылы Американың бүгінгі таңдағы дүлдүл ақыны Джон Ешприді атақты ақын Андрей Вознесенский Алматыға маған қонаққа алып келді. Мәскеуде өткен олардың поэзия кештерінде 30 мың орындық Сарайда ине шаншар орын болмайды. Ал Алматыдағы Ленин атындағы сарайдың 3 мың адам ғана сиятын залында сол күнгі кездесуде 700-дей ғана жан отырғанын көргенде – өз көзіме өзім сенбедім. Мәселенің мәнісін кейін түсіндім. Алдынала біреулер билеттің бәрін таратамыз деп алып кетіп, кеш басталуға бір сағат қалғанда кассаға қайта әкеліп өткізген. Сөйтсек, бұл – ақындар желтоқсан оқиғасын қозғайды деп «сақтанғандардың» әрекеті екен. Тіпті, біреулер қаладағы институттарды аралап, бұл кешке бармандар деп «талап» та қойған көрінеді... Залдағы көрініс – тастақ жерге шыққан бидайық сияқты. Кеш телевизияға да түсірілмеді. Ұялғаннан жерге кіріп кете жаздадым. Бетімнен отым шықты сол жолы...

– Жақында газетімізде Адам хұқы жөніндегі «Алматы – Хельсинки – Париж» демократиялық комитетінің Мәлімдемесін жарияладыңыз. Соңғы кездері, Қазақстан жерінің аяусыз талапайға түскені аз айтылып жүрген жоқ. Мәлімдемеде республикамыздың территориясында Семей полигонынан басқа 34 жерде сынақ өткізіліп, жарылыстар болғаны, көне қазақ даласының экологиялық зардаптар құрсауында қалғандығы айтылды. Осыған қысқаша тоқтала кетсеңіз.

– Иә, осыдан екі-үш ай бұрын, біздің Қазақстан экологиясы және Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі комитетте бұл мәселе арнайы қаралды. Мәселен, Маңғыстау облысында және Шымкент облысының Қызылқұм және Созақ аудандарында ядролық жарылыстар болғандығы арнайы талқыланды. Аталған аймақтарда уран өндірілетінін де біреу біліп, біреу білмейді. Жарылыстың зардабынан ба, әлде, уранның зиянынан ба әйтеуір, 1973 жылдан бері Қызылқұм ауданында 530 адам рактан, 157 адам бауыр ісігінен өлген. Ал Созақ ауданында тек 1986 жылдан бері 364 адам қатерлі ісіктен қайтыс болып, 89 бала кеміс туған. Қазір бұл жерлерді арнайы құрылған комиссия тексеріп жатыр. Бұл жөнінде мен КСРО қорғаныс министрі Д.Т.Язовқа, КСРО Атом ынеркәсібі министрі Коноваловқа арнайы хат жолдағанмын. Олардан жауап хат алдым. Жарылыстарды негізінен мойындайды, бірақ ешқандай залалы жоқ дейді. Бұл қалай сонда? Балалар қан ауруына көп шалдығуда. Олардың біреуін ғана емдетуге 1 миллион сомға жуық қаржы керек. Оны біз қайдан аламыз?

– Арал қорына түскен қаржыдан көмек күтетіндер бар шығар?

– Жуырда бір әйел бөлме келіп, бірден жағамнан алды. «Сендер, депутаттар, маңқиып-маңқиып отырсыңдар. Ал балалардың өлімі жыл сайын өсе түсуде. Соны сендер тиісті жеріне неге айтпайсыңдар?» дейді. Түсінісуіміз қиынға соқты. «Апай, сіздің сөзіңіз маған арналмаған шығар...» деп көріп едім, тіпті өршеленіп кетті. Соңында «Сенің

балаң да менің баламдай болсын» деп есігімді тарс жауып, шығып кетті. Мен, әрине, ол әйелдің қатты ашынғанын түсінемін. Ашынған адамды ақылға шақыру қиын. Ал Арал қорындағы 300 мың сомның мөлшеріндегі қаржы тым аз. Кейінгі кезде әртүрлі қорлардың көптеп ашылуы да қаржының өсуіне кері әсер еткендей.

– Телекомментатор Ғ.Алтынғалиева өткен жылғы телемарафоннан 40 миллион сом ақша түсті деп еді ғой?

– Ол ақшаның бір тиыны комитет қорына түскен жоқ. Қаржы түгелдей Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қазанына құйылған болатын. Соның 4 миллион сомы Арал қаласына бөлінгенін ғана білемін.

Қазіргі кезеңде, коммерциялық негізде құрылған Аралдың «жанашырлары» көбейіп кетті. Олар халықтың үлесінен өз қолдарын майламақшы. Кейде, тіпті қоғамдық комитеттің өзін елегісі келмейді. Ал кейде жоғары орындардағы басшылармен тіл табысып, өздеріне түрлі қолдау тауып тұр. Тіпті, олар «қоғамдық комитет керек пе?» деп байбалам сала бастады. Ал соларға түрлі жағдай жасап жүрген кейбір басшылардың біздің комитетке назары түспей-ақ қойды. Мәселен, күні бүгінге дейін халық қолдаған комитетке баспана да бөлінген жоқ. «Жалынның» қызметкерлерін ығыстырған кішкене бөлмеде, негізінен, менің кабинетімде ғана бас қосамыз. Ал әлгілерге барлық жағдай жасалған. Мұны қалай түсінуге болады? Бұлардың кейбірі кілең басқа ұлт өкілдерінен құрылған телевизия компаниясын ұйымдастырып, бүкіл Арал тағдырын қолына алмақшы. Бірақ, олардың көкейін тескен мәселе – Аралдың қайғылы тағдырын пайдаланып, жұрттың аянышын оятып, қайткенде ақша табу! Соған кейбір басшылардың бас шұлғып отырғаны түсініксіз. Комитет мұндай елдің қасіретіне жасырынып, өзінің жеке мүддесін ғана көздеген жолбикелерге қарсы батыл күрес ашатын болады. Бұл істе де халық мені қолдайды ғой деп сенемін.

Осы кештен түсетін қаржының бір бөлігін, сондай-ақ, демеушілер табылып жатса тіпті жақсы, Арал қорына аударып, балалараға көмек берсек дейміз...

– Мұхтар аға, Сіздің қоғамдық қызметіңізге, жан аямай атқарып жүрген үлкен істеріңізге халқыңыз риза деп ойлаймыз. Осы кеште орындалатын әндеріңіз арқылы да қазіргі қиын кезеңде адамдарға рухани демеу болып, рухын көтеретініңізге сенімдіміз. Оқырмандарымыздың назарына «Арал қасіреті» атты жаңа әніңізді ұсына отырып, әңгімеңізге рахмет айтамыз.

«Лениншіл жас»,  
1991 ж.

## ӨТКЕЛІ ҚИЫН ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Қабдеш ЖҰМАДІЛОВПЕН сұхбат.*

– Қабдеш аға, қазіргі күрделі де қиын кезеңде адамдарға оң-солын дұрыс бағдарлаудың өзі оңайға түспейтін сияқты. Кейде тығырыққа тірелгендей күйінген, кейде кең өріске шығатын жолды тапқандай қуанған, ал кейде үміт шамы бір өшіп, бір жанып әрі-сәрі күй кешкен жұрт. Базар нарқы күйіп тұр, баға өсу үстінде, әлі де өспек көрінеді. Алыпсатарлардың асығы алшысынан тұруда. Ал қатардағы қарапайым еңбеккердің күні ертең не болмақ? Осы бір көкейкесті сауал, жазушы ретінде, Сізді де толғандыратын болар?

– Бұл бір өтпелі кезең деп ойлаймын. Күлбілтесіз айтсақ, социализмнің дағдарысқа ұшырағаны анық. Жетпіс жылдық “даңғыл жолымыз” тұйыққа келіп тіреді. Социалистік құрылыс өзін-өзі ақтамады. Енді қайтадан құрылу қажет болды. Ең алдымен нарықтық экономикаға көшуіміз керек деп отырмыз. Шектен тыс орталықтандырылған мемлекет мүліктері жеке қожалықтарға берілмек. Әкімшілік-әміршілдік басқару жүйесі күйреме.

Жаңа бағыт бел ала бастады. Дамудың бұрынғыдан өзгеше жолына қадам бастық. Ал мұндай өтпелі кезеңде қиыншылықтар болмай тұрмайды. Бүгінгі көзқараспен қараған кезде кешегі қателіктеріміз шаш-етектен. Дамудың табиғи жолынан ауытқыдық. Экономика өз заңымен жүруі керек екен. Жердің, кәсіпорынның, шаруашылықтың, қылаяғы әр заттың өз иесі, қожасы болуы керек екен. Осыған енді ғана ден қоя бастадық.

Бір ұлттың екі түрлі даму жолына түсіп (мәселен, екі Германия, екі Корея), екі түрлі деңгейден көрінгені де тарихи сабақ болса керек. Жуырда “Литературная газетадан” Кубаның қазіргі ұлттық табысынан Майамаға босып барғандардың табысы екі есе артып түсетінін оқыдым. Мұндай фактілерді мойындауымыз керек.

Нарықтық жағдайға көшудің Одақтағы әр республикаға әртүрлі әсері болды деп ойлаймын. Қазақстанда бұл процесс қиындықтар мен ауыртпалықтар арқылы өтеді. Оның екі түрлі себебі бар: біріншіден, Қазақстанда күні кешеге дейін империялық отаршылдық саясаттың ықпалы күшті болды. Республиканың өз игіліктерін өзі пайдалана алмауы, экономикалық дербестіктен айырылуы, тағы да басқа көптеген әділетсіздіктердің орын алуы – тізгінін басқаға беріп қоюдың салдары. Осы қамсыздық бізге өтпелі кезеңде өте ауыр тиюі, қиын тиюі мүмкін. Екіншіден, біздің қазақ халқы бір кезде капиталистік дамудың жолынан өтпеген, дәмін татпаған ел. Оны біз үнемі мақтан тұтып, жетістігіміз санап келдік. Ал, шындығында, бұл біздің кемістігіміз болып шықты. Мәселе, біздің саясат пен экономикаға деген көзқарасымызда ғана емес, психологиямыздың қалыптасу жүйесінде жатыр. Нарық дегеніміз – базар. Базар дегеніміз – сауда. Оған біздің халықтың қыры жоқ. Әлбетте, төлден төл алу оңай, ал товарды товарға айырбастау, тиыннан тиын тудыру қиын. Қаласаң да, қаламасаң да – нарықтың қатал заңы осыған негізделген. Қазақ халқы осы жағдаймен бетпе-бет келгелі отыр. Меніңше, ертеден отырықшы елдер, өзбектер, тәжіктер немесе Кавказ халықтары, Балтық бойындағы елдер бізге қарағанда бұл кезеңнен жеңіл өтеді. Өйткені олар нарықтық экономикаға базар арқылы біртабан жақын тұрғанын байқаймыз. Енді бірте-бірте жеке меншік күш алғаннан кейін “социалистік меншік” деген атаудың өзі ұмытылады.

Бағдар айқын. Нарық жағдайына көшуіміз керек, көшеміз де. Бірақ, өтпелі кезеңде бағаның күрт өсуі халыққа күтпеген соққы болып тиіп отыр. Базар бағасы табиғи жолмен өсуі керек еді. Бірте-бірте, сатылап дегендей. Мемлекеттік бөлшек сауда бағасын әкімшілік бұйрықпен күрт өсіру және базар бағасының әлденеше еселеп көтерілуі – елді есеңгіреткен ауыр қос соққы болды. Бағаны өсіруді күнделікті тұтынылатын товарлардың көбеюімен, өнеркәсіптің дамуымен сәйкестендіре жүргізгенде мұншалықты қиындықтарға ұрындырмас еді. Біз, жалпы, бір ұшқарылықтан екінші ұшқарылыққа оңай жол береміз. Қос қоржынымызды тең ұстай алмаймыз. Ылғи бір жағына ауып, қисайып жүргені. Бұл жолы да солай болғаны ғой...

– Бұл ауыртпалықтардың барлық шығармашылық одақтарға да қиын тиіп отырғаны байқалады емес пе?

– Әсіресе, аз халықтардың әдебиеті мен мәдениетінің, өнері мен баспасөзінің дамуына үлкен сын болмақ. Бұрын бұған мемлекет арнайы қаржы бөлетін. Мемлекеттік қордан көмек берілетін. Енді өз күніңді өзің көр демек. Қағаз тапшылығы мен қымбатшылығы, экономикалық пайда түсірмейтін басылымдардың бәрін шектеу, шығармау, т.б. – қайшылықты дағдарысқа тірейтіні сөзсіз. Өнеркәсіп пен шаруашылықты нарық жағдайына көшіру кезінде мәдени-әлеуметтік салаларға қамқорлық жасау керек еді. Осы мәселеге Қазақстан Үкіметі, Парламентіміз көп көңіл бөлуі керек. Егемендік, тәуелсіздік, дербестік деп құлшынған кезде мәдениетіміздің, әдебиетіміздің, өнеріміздің еркін дамуы үшін күрескен едік ғой. Керісінше болып шықса – төккен тердің, еңбектің зая кеткені. Ұлттық рухани мұралардың құнын нарық заңына бағындырып өлшеуге болмайды. Пайда түсетін рухани қазына, пайда түспейтін рухани қазына деу – ақылға сиымсыз.

– Одақ жазушыларының да, Қазақстан жазушыларының да съездері күз айларына шегерілді ғой. “Жазушылар одағы қажет пе?” деген сауал да естіліп қалады. Сол сауалдың төңірегінде дау-дамай да жоқ емес. Бұл жөнінде сіз қалай ойлайсыз?

– Құрылтай алдында неше түрлі пікірлер айтылуда. Бірден Батыстағы елдердің үлгісін алға тартушылар да бар. Германияда, Францияда, Америкада жазушылардың одағы жоқ деген пікірлерді де естиміз. Меніңше, бір нәрсені шатастырмау керек сияқты. Америка, Франция, Германия сияқты елдер дамудың демократиялық жолына баяғыда-ақ түскен, экономикасы жоғары деңгейге жеткен, заңдары мүлтіксіз жұмыс істейтін дәрежеде. Ал олардың 200-300 жылдық тарихы бар іс-тәжірибесін біз табан астында игермек боламыз. Абай айтқан ғой:

“Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бірақ секіріп түсем деп,  
Мертігеді, жатады” – деп.

Көп тірлігіміз әлі күнге дейін осыған ұқсас. Сондықтан, менің ойымша, шығармашылық одақтар ең алдымен халық үшін қажет. Қазақ халқының негізгі мүддесін қорғайтындар зиялы қауым өкілдері. Ендеше, олардың өзін-өзі қорғайтын ұйымы неге болмауы керек? Қарап тұрсақ, қазір сапырылысқан қозғалыс, басқалар өз ұйымын, ассоциациясын, бірлестіктерін құрып жанталасып жатқан кезде, неге жазушылар өз ұйымын таратуы керек? Бәлкім, Жазушылар одағының құрылымына, басқару жүйесіне көптеген өзгерістер енгізу қажет шығар? Міне, әңгіме осы тәңіректе болса құба-құп. Басымызды қосып ойласайық, ақылдасайық, шешімін табайық. Әкімшілік-әміршілдік сырқаттан арылып, қаламгерлерді талантына қарап бағалайтын нағыз шығармашылық одақ құруды жақтаймын.

– Баспалардан ықылас болмағаннан кейін, қаламгерлер қазір кейбір шағын кәсіпорындардың қызметіне елеңдей бастағандай ма, қалай?

– Шағын кәсіпорындардың құрылуына өз басым қарсы емеспін. Оларға өріс ашылса, өзара бәсекеге түседі де, дұрыс бағыт ұстағандары қалады. Табиғи сұрыптауға ұшырайды. Бірақ, қазіргі кейбір шағын кәсіпорындардың бағытына қарап отырсақ, олардың көбісінің басы-қасында игі мұрат ұстанғандар емес, мал табу, пайда табуды көздейтіндер көбейіп барады. Бәсекелесіп құран шығару, өтімді кітаптарды қайталап басу, т.б. қарекеттері ұлт әдебиетінің көсегесін көгертетін тірлік емес. Кітап шығару ісін тұтастай коммерсанттардың талғамы мен таңдауына беріп қоймай, жүйелі басқаратын арнайы комитет ұйымдастырылса деймін. Танылған таланттардың кітаптарын шығарар, ал танылмағандар ше? Кітаптары шықпаса, олар қайтіп танылмақ? Әдебиетіміздің болашағы солар емес пе? Осыны ойласа шіркіндер..

– Қоғамдағы өзгерістер өткен жолымызға қайта үңілуге, тарихымыздың тұтас тарауларын қайта жазуға, таным-түсінігімізді оятуға ықпал жасауда. Сіздің Қытайдағы қазақтардың өмір тарихын жан-жақты зерттеп жазған «Соңғы көш» роман-дилогияңыз, «Тағдыр» романыңыз осы олқылықтарымыздың орнын толтыруға қосылған сүбелі үлес екені даусыз. Халқымыздың өткен өмір жолын танып-білуге бұған дейінгі енжарлықтың сыры неде деп ойлайсыз?

– Тарихқа қайта үңілу – қажеттіліктен туып отыр. Бұрын тарихқа сыңаржақ көзқарас қалыптасқан еді. Тек бір ғана идеологияның мүддесіне бағындық. Коммунистік идеология барлық ұттарды бір тудың астына тоғыстыруды насихаттады. Ұлттардың өзара жақындасуы, сіңісуі дейтін теория ашық айтылатын. Ал империялық саясаттың аз ұлттарды үлкен ұлттар жұтып қоюын құптайтынын қалай естен шығардық? Қоғам тану, тарих тану мәселесінде, өз тарихымызды бағалауда, зерттеуде бұл бізге көп бөгет жасап келді. Қазақ халқы осы ғасырдың өзінде талай нәубетті басынан өткерді. Бірнеше рет қырғынға ұшырады, босып, бытырап, басы ауған жаққа кетті. Әлі толық қоныстанып бола алмай, әлі бір шаңырақтың астына топтаса алмай жүрген халықпыз. Қытайдағы, Монғолиядағы, Ирандағы, Ауғанстандағы, Түркиядағы, тағы басқа елдердегі қазақтардың

өмірлері жайында не білеміз? Әдебиеттің бір асыл мұраты – халықтың, ұлттың өзін-өзі тануына ығпал етуі болса керек. Жоғарыда өзің атаған романдарымды жазуыма осы себеп.

– Түркиядағы қазақтар жөнінде не білесіз?

– Қазіргі Түркиядағы қазақтар бір кезде Алтайдан ауып, Шыңжаң арқылы Үндістанға, одан Түркияға өткен ғой. Еренқабырғадан Европаға жеткен көш – қазақтардың көші. Қазақтар 1952-1953 жылдары Үндістанға барып топтасқан кезде қайтадан Қазақстанға келсек деп талпынған. Көш басшылары марқұм Қалибек, Халифа Алтай (бұл кісі қазір Стамбулда тұрады) ең алдымен Делидегі совет елшілігіне өтініш жасаған. Өздерін көшіріп алуды, баспана беруді сұраған. Сол кезде Делидегі совет елшілігінде қызмет істеген Төлеген Тәжібаев бұл іске жанын сала кіріскен. Бірақ, Мәскеуден рұқсат болмаған. Қазір ойлап отырсақ, сол бір қысталаң шақта совет дипломатиясы қазақтарға қол ұшын бергенде, осыдан қырық жыл бұрын олар ата-мекендеріне оралған болар еді-ау! Совет елшілігінен беттері қайтқаннан кейін олар Делидегі Түркия елшілігіне кірген. Түрік елшілігі Анкарадағы өкіметімен ақылдасып, Үндістан мен Пәкістанда босып жүрген қазақтарға баспана беру туралы шешім қабылдаған. Бомбейден қазақтарды кемелерге отырғызып, Түркияға әкеткен. Одан бергі қырық жылға жуық уақыт ішінде олар сонда орнығып, ес жиып, етек жапты. Францияда, Германияда жүрген қазақтар – солардың ұрпақтары. Бәрінің де бір ғана арманы бар, ол – Атамекенге қайтып оралу!

– Баспасөз құралдары Монғолиядағы қазақтардың Қостанай, Семей, Талдықорған облыстарына келе бастағандығын хабарлауда. “Көш көлікті болсын!” дейді ғой мұндайда...

– Бұл бір жаңа көштің басы деп ойлаймын. Белгілі демограф-ғалымымыз Мақаш Тәтімов қазақ халқының басынан өткен нәубет кезеңдерді «Ақтабан шұбырынды», «қызылтабан қырғын», «қаратабан құлдық» деп жүйелеп жүр ғой. Ал мынау, шынында, «Майтабан – құтты қадам» десе, дегендей, мәні зор, маңызы өзгеше күш. Монғолиядағы қазақтардың құлшынысы өте құптарлық. Монғол өкіметі де есігін ашып, рұқсатын беріп отыр. Енді мұндайда ешбір экономикалық қиыншылықтарды сылтауратпай, бір дән болса да бөліп жеп, құшақ жая қарсы алуымыз қажет. Көші-қон мәселелеріне бір орталықтан басшылық жасалса дейміз. Миграция жөніндегі заңды кешеуілдетпей қабылдаудың қажеттілігі өткір сезілуде. Қазақ екендігіміз рас болса, талай ағайындар әліптің артын бағып, бақылауда. Ықыласты оятуымыз керек.

Әлі есімізде, 1955 жылы Шыңжаңнан бері қарай өткен 10 мыңдай отбасыны құлазып жатқан Тыңға апармай, Қырғызстанға өткізіп жіберген болатын. Олардың алды 6 айда, соңы 1 жылда Қазақстанға қайта көшіп келді. Бір көшкенде – екі көшті! Мәскеудің бір ұлтты екінші ұлтқа сіңіріп жібермек болған солақай саясаты қайталанбауға тиіс.

Монғолиядан көшіп келген бауырларымызды бытыратпай, бөлшектемей, өз қожалықтары, бірлестіктері болатындай жағдай жасау керек.

– Негізінен мал шаруашылығының қыр-сырын жақсы білетіндіктеріне көңіл бөлу керек шығар?

– Оны да ескеру қажет болар. Бірақ қазақтың маңдайына тек мал бағу ғана жазылып қоймаған шығар. Осы ретте, Түркиядағы қазақтардың бір тілегі ойға оралады. Ыстамбұлда, Анкарада, Парижде тұратын қазақтар, біле-білсек, кәсіптің адамдары. Батыс өнеркәсібінің мектебінен өткендер. Дайын менеджерлер! Ал оларға “ата-мекеніңе келсең колхоз-совхоздан жұмыс тауып береміз” деу қисынсыз. Олар айтады: “Алматының шетінен бір көше беріңдер. Үйлер салайық. Кәсіпорындар ашайық. Сыртқы экономикалық байланыстарға дәнекер болайық. Қазақстан экономикасын кәтерү үшін жұмыс жүргізейік”. Меніңше, осы тілекке құлақ асуға болады.

– Араға 28 жыл салып, өзіңіз туып-өскен Тарбағатай өлкесіне, Үрімжі қаласына барып-қайтқаныңызды білеміз...

– Иә, бұл менің ұзақ күткен сапарым... Тарбағатайдың күнгейін екі ай бойы аралап, жадымда суреті өше бастаған өткен өмірдің жәдігерлерін іздедім. Бұл ұзақ әңгіме...

Жалпы, қазақ халқы социалистік өмірдің советтік, қытайлық, монғолдық – үш бірдей үлгісін де көрді ғой. Үшеуінен де шекесі қызғаны шамалы. Бір байқағаным, Қытайда соңғы онжылдықтағы экономикалық реформаның оң әсері бар екен. Ауыл шаруашылығы жекеменшікке ерте көшті. Игілігін көре бастапты. Ондай жағдайда үгіт-насихаттың да керегі болмай қалатын сияқты. Экономикасын түзеп, еңсе көтеру жағдайы көзге шалынады. Бірақ саудадан сырт қалу, базардан үркектеу ол жақтағы қазақтардың да бойынан байқалады. Атамекенге қосылу – ежелгі армандары. Жерімізбен қосылсақ дейтін үміттері үзілді. Енді біртіндеп көшуді аңсайды. Олар келсе – жақсы малшылар, нағыз диқандар келер еді. Қазақ тілінің қаймағын бұзбай сақтап отырған ұйытқы да солар. Қысқасы, екі елдің арасы жақсара түсуін ғана құптайды, Қазақстанға келуге құштар.

– Сіз соңғы кезде Қабанбай батырдың өмірінен роман жазып жатыр деп естіміз. Қашан бітіресіз? Қашан жарық көрмек?

– XVIII ғасырдағы қазақ ордасы Абылай ханның айналасындағы адамдар, оқиғалар туралы тарихи деректерді бұрыннан жинап жүретінмін. Соның негізінде “Қаракерей Қабанбай” атты роман жазу үстіндемін. Батырдың тойына үлгерсем деп асыққан жоқпын. Жауапты тақырып. Жалпы XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар арасындағы соғыстар, Ақтабан шұбырындыға ұшырау, ата мекенді қан төгіп қорғау, т.б. туралы І.Есенберлиннің, Ә.Әлімжановтың, Ә.Кекілбаевтың, С.Сматаевтың тарихи романдары жарық көргені белгілі. Қазір тарихқа жаңа көзқарас қалыптасуда. Сондықтан бұл тақырыпқа өзгеше қырынан келсем деймін. Мәселен, бұған дейін XVIII ғасырдағы ең негізгі оқиға Қазақстанның Россияға қосылуы деп қаралды да, басқа тарихи оқиғалар ылғи екінші орынға шегерілді, көлеңкеде қалып отырды. Сол кезеңдегі хан, сұлтан, билерге баға бергенде біз күні бүгінге дейін бір ғана өлшеммен қарадық: қазақтардың Россияға қосылуын құптағандар және құптамағандар деп екіге бөліп тастадық. Әбілқайырдың төңірегінен табылғандар көреген, ақылды, халық қамқоры деп есептелді де, келісім-шартқа қол қоймағандарды керітартпа, болашағын болжай алмағандар деп қарадық. Содан, Әбілқайыр сол ғасырдағы басты тұлға деп есептелді. Ал шынтуайтына келгенде, Әбілқайыр – трагедиялық тұлға. Күні кешеге дейін Абылай, Қабанбай, Барақ сұлтанға тарихшылардың қырын қарауының себебі осыдан. Абылай 1740 жылы Әбілмәмбетке ілесіп Россиямен жауласпаймыз, тату көрші қарым-қатынас жасаймыз деп Ор бекінісіне бір-ақ рет барған екен. Бір-ақ рет! Керек десеңіз, өзін хан етіп бекіткен патша грамотасы мен сыйға тартқан қылышын да өзі барып алмаған, әкеліп тапсырған. Қабанбай да сол секілді. Оны төңіректеген елшілер аз болмаған. Бірақ ол ешкімнің алдында ант беріп, бодан боламын деп құран ұстамаған. “Менің міндетім – елімді бодандыққа беру емес, бостандыққа шығару” деген мұратпен өмір сүрген. Өмірінің қырық жылын үздіксіз елін қорғап, кескілескен ұрыс үстінде өткізген жалғыз батыр - Қабанбай! Қазақ жерінің шекарасын сақтап, қазіргі Жетісуды, Жамбыл, Шымкент, Шығыс Қазақстан, Семей өңірлерін жаудан тазартуда Абылайдың сыртқы саясаты орасан зор тарихи мәнге ие. Қабанбай туралы романымның орта тұсына келдім. Бітірген соң, көп ұзамай жарық көріп қалар...

– Қабанбайдың зираты қай жерде? – деген сауал төңірегінде әр түрлі болжамдар бой көрсете бастады. Тарбағатай жерінде, Ақмолада, Талдықорғанда – бірнеше зират Қабанбайдікі деп аталуда. Қайсысы дұрыс?

– Қабанбайдың денесін Сарыбел деген жерге қойған. Ал ондай жер атауы Тарбағатайда, Жоңғар Алатауында, Барлық тауда, яғни, бірнеше жерде кездеседі. Жалпы бұрынғы кезде сүйегі Түркістанға қойылмаған атақты адамдардың зиратын дабыраламайтын болған. Бөгенбайдың өзін алты айдан кейін Түркістанға апарып ғойған. Меніңше, Қабанбайдың сүйегі өзінің туған жерінде – Тарбағатайда не Жоңғар Алатауында жатыр. Ақмолада деу қисынға келмейді...

– Ана тіліміздің бүгіні мен болашағы туралы не ойлайсыз?

– Біраз шаруа қолға алынуға ғой. Қазақша тәрбиелейтін, оқытатын балабақшаларды, мектептерді көбейту керек. Аралас мектеп дейтіндердің мүлде қажеті жоқ. “Су басынан

тұнады” дейтін мақал бар. Жұртшылық ең алдымен Жоғарғы Советке қарайды. Парламентіміз қазақша сөйлемесе – бәрі бекер. Түңілу осыдан басталады. Әсіресе Парламенттегі шалақазақтар қатты ойланса деймін...

– «Тағдыр» романыңызда атақты Әсет туралы да деректер бар. Ол жөнінде жеке туынды жазу ойыңызда болды ма?

– Әсетке түбі бір оралатын шығармын. Алдымен бастаған істі бітірген жөн.

– Шығармашылық жолыңызды өлеңмен бастаған екенсіз. Тұңғыш кітабыңыз – жыр жинағы. Қазір де кейде өлең жазасыз ба? Шығармашылық дағдыңыз жөнінде не айтасыз?

– Жеке бір ғана жанрдың жалынан ұстағанды жөн көремін. Реалистік прозаның жолы ауыр. Тарихи тақырыптар өте көп материал жинауды қажет етеді. Сарыла іздену керек. Негізгі материалдарды басымда пісіріп алмай, үстелге отырмаймын. Бап талғаймын. Бапсыз жазатындарға өз басым сенбеймін. Еш нәрсеге алаңдамай, біржола берілгенді қалаймын. «Тағдырды» жазған кезде екі жыл бойы Жазушылар одағының Шығармашылық үйін қыстадым. Ешқайда шыққан жоқпын. Үзбей, бас алмай, үдемелі жазуды дағдыға айналдырғанмын. Кеңсе жұмыстарын қойғаныма он жыл болды. Бұрын күндіз кеңсе жұмыстарын бітіріп, кешке бала-шаға ұйықтағаннан кейін қаламымды қолыма алатынмын. Қазір шау тарта келе негізінен күндіз жазуға көштім. Уақыттан ұтылмау керек. Кейде, қас қағым сәттің өзі қымбат!

«Алматы ақшамы»,  
1991 ж.

### «ИНТЕРБУК» БАСПАЛДАҚТАРЫ баспагерлерді де, басқаларды да үміттендіреді

Еліміздегі күрделі экономикалық жағдай халық шаруашылығының барлық салаларын ауыр сынақтан өткізуде. Қымбатшылық, нарық қатынастарының күрт өсуі жағасы жайлауда жүретін ағайындардың түн ұйқысын төрт бөлетін болды. Кеше ғана үлкен-кіші, жас-кәрі ақын, жазушыларға құшағы айқара ашық баспалардың да есіктері бүгінде тарс жабық. Бұдан бұрын жоспарда тұрған, өндіріске кеткен кітап қолжазбаларының өзі тығырыққа тіреліп, кешеуілдеп жарық көруде. Ал ертең қалай болмақ? Бұл сауал баспагерлерді де, басқаларды да қатты ойландырады. Енді ескі сүрлеуді шиырлай беруден ештеңе өнбейтіні анық. Соны соқпақтар, жаңа баспалдақтар іздеудің қажеттігі айқын сезілуде.

Осыдан тура бір жарым жыл бұрын іргетасы қаланған совет – югослав бірлескен баспа-полиграфия кәсіпорны «ИНТЕРБУК» – қазіргі күрделі кезеңнің перзенті. «Интербук» бірлескен кәсіпорнының құрылтайшылары қатарында ірі совет баспалары – «Прогресс», «Художественная литература», «Физкультура и спорт», «Недра», «Медицина» және «Жалын» бар. Ал сондай-ақ, Югославия жағынан: «Словениялес торговина» сыртқы сауда бірлестігі, «Сыртқы және ішкі сауда, инженеринг пен консигнация жөніндегі халықаралық кәсіпорын» өндірістік бірлестігі және «Младинска книг-типография» полиграфиялық кәсіпорындар бірлестігі ұйымдасқан.

«Интербуктың» қызметіне «Қалаулы мерзім – қолайлы баға – ерен сапа» дейтін формула тән. Аз уақыт ішінде Бірлескен кәсіпорын өнімдеріне оқырмандар сұранымы арта түскенін байқауға болады. Мәселен, Гюстав Доренің безендіруімен шыққан «Библия» ССРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде Алтын медаль алды, «Романовтардың асатаяғы астындағы Россия» дейтін бірегей басылым, «Құранның» тамаша нұсқасы қолдан қолға өтуде. Алдағы уақытта «Діни-философиялық ойлардың жәдігерлері», «Романтиктер», «Россия монархтарының құпиялары», «Детектив жанрындағы озық үлгілері» және басқа да сериялармен шығатын әдебиеттерге ынта-



ықылас жоғары болуға тиіс. «Өзгеше өнер» дейтін альбомның да сирек басылымдар қатарынан табылатынын аңғаруға болатындай.

Югославияның полиграфиялық кәсіпорындары советтік ұйымдардан алған заказдарын өте жоғары сапамен дайындайды. Полиграфиялық құрал-жабдықтардың жоғары деңгейі, компьютерлерді пайдаланатын өндірістің озық технологиясы, «Гореньский Тиск», «Людска правица» баспаханаларының бірінші класты мамандары атқаратын күрделі де сапалы жұмыстар «Интербук» өнімдеріне қызығушылық оятпай қоймайды. Тек көркем шығармаларға ғана емес, жарнамалық өнімдерге де ерекше көңіл бөлінеді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімдерінің, халық тұтынатын товарлардың түрлі қорапшалары, дорбашалары, орама қағаздары сұранымға сай тез әрі талғамға сай үлгілер бойынша шығарылады.

«Интербук» бүгінгі таңдағы нарық қыспағынан қиналмай шығып, совет-югослав әдебиеттерінің әлемдік рыноктан орын алуын көздейді. Кітап шығару ісінің көкжиегін кеңейтіп, тың, жаңа әдіс-тәсілдерін игеруге ұмтылады.

Жоғарыда «Интербук» құрылтайшылары болып табылатын советтік ірі алты баспаның бірі – одақтас республикалар арасынан жалғыз «Жалын» баспасы екендігін айттық. «Жалынның» шет елдермен, оның ішінде Югославиямен байланысы жылдан-жылға нығайып келеді. Осы баспадан шыққан қазақ ауыз әдебиетінің және қазақ жазушыларының 200-ден астам шығармалары шет ел тілдеріне аударылып, бес мұхиттан асып, алты құрлыққа таралуда. Чехословакияның «Младе лета», «Младе фронта», Германияның «Юнге вельт», «Дер Киндербухверлаг», Болгарияның «Народна младеж», Польшаның «Искры», Югославияның «Младе книга» және басқа баспалармен дәстүрлі мәдени байланыс орнаған. Өз кезегінде «Жалын» да шетелдік әріптестерінің кітаптарын қазақ тілінде аударып шығаруға атсалысып келеді. «Словак халық ертегілері», «Чех прозасы», «Поляк новеллалары», ғылыми-танымдық кітап «Не? Неге? Қалай?» және басқа да ондаған басылымдарды атауға болады. Міне, «Жалынның» «Интербук» құрамына кіруіне осындай алғышарттардың болуы, халықаралық мәдени байланыстарға әуелден-ақ арна салуы, енді сол арнаны уақыт талабына сай кеңейтуге ұмтылыс жасауы да әсер еткені анық. «Интербуктың» құрамына кіру, құрылтайшысы болу қазіргідей аумалы-төкпелі заманда тәуекелдің жел қайығына отырумен бірдей еді. Жуырда «Интербук» бірлескен кәсіпорнының әкімшілігі кезекті мәжілісін Алматыдағы «Достық» үйінде өткізді. Онда Бірлескен кәсіпорын қызметінің 1990 жылғы қорытындылары шығарылды, 1991 жылғы жұмыстарының негізгі бағыттары белгіленді, осы жылдағы мақсатты қаржыландыру бағдарламасы және басқа да бірқатар мәселелер талқыланды. Баспа, полиграфия саласында тың ізденістерге қадам басқан «Интербуктың» кескін-келбетін танып, мақсат-мұраттарына көз жеткізу үшін осы мәжіліске қатысқан басқарма мүшелерінің ой-пікірлерімен оқырмандарымызды хабардар етуді қолай көрдік.

Александр ПЕРШИН, «Интербук» бірлескен кәсіпорны Бас директоры міндетін атқарушы: – «Интербук» – тұрмыс-тіршілігіміздің барлық салаларын қамти бастаған нарық заңы бойынша өмір сүретін кәсіпорын. Ең алдымен экономикалық мәселелерге айрықша назар аударылады. Тіпті, саясаттың өзі қосалқы орында. Біздің Бірлескен кәсіпорынмен Россия, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Эстония және басқа республикалар арасында жақсы қарым-қатынас орнығып келеді. 1990 жылы «Интербук» мемлекеттен бір бума қағаз алған жоқ, полиграфиялық қуат көздерінен де көмек болмады. Соған қарамастан, өз күшімен-ақ, қазіргі ай сайынғы бағаның өсуі жағдайында, тұйыққа тіреліп қалмай, жол таба білді. Әрине, өндірістік шығындарымыз елеулі болғанын жасырмаймыз. Кеңес Одағында «Интербуктың» 16 филиалы жұмыс істейді. Дирекцияның құрамында 10 адам бар (олардың екеуі югославиялық азаматтар). Өткен жылы совет ақшасымен 27 миллион сомның кітаптары сатылды. 15 миллион сом қаржыны өзімізбен қарым-қатынас жасаған кәсіпорындарға бердік. Тапқан таза пайдамыз – 12 миллион сом. «Интербуктың» қысқа мерзім ішіндегі дәл бүгінгі таңдағы, күрделі экономикалық дағдарыстар кезеңіндегі бұл табысын елелулі жетістік деп есептейміз. Миллионер

кәсіпорындарымыз – үшеу. Өзіміздің Жарғы қорымызға 6,5 миллион сом қаржы құйдық. Бұл әу баста Жарғы қорына белгілеген 10 миллион сом қаржыға бір табан жақын қалдық деген сөз. Биыл жыл аяғына дейін табысымыз еселеп артатынына сенімдіміз. Алғашқы қадамымыз бұған толық мүмкіндік бар екенін айғақтайды. Әрине, өткен жылдың қорытындысында валюта бағдарламасында ойлаған межеге қол жеткізе алмадық. Оның есесін биылғы жылдың үлесіне қалдырдық.

Жазылып алдыратын басылымдар қатарына шағын кітапшалар шығаруды да қосып отырмыз. Бұл шетелдік тәжірибеде бар. Бұрынғы қаннен-қаперсіз жүретін, мамыражай уақыт өтті. Енді жоғары талғамның, әр нәрсені сарапқа салып, таразылаудың кезеңі тууда. Жоспарымызды қайта қарап, нарықты жүйенің тосын тосқауылдарына дайын болуымыз керек.

Бағдарламамыздың мүлтіксіз іске асуы директорларымыздың іскерлігіне сын. Біздің болашағымыз үлкен. Директорларымызды осыған кәміл сендіргім келеді. «Интербук» шетелдік рынокқа шығудың тәжірибесін игеру сатысында.

Кристина КОБАЛ, «Горьенкий Тиск» полиграфиялық кәсіпорнының директоры (Югославия): – Біз «Интербуктың» алғашқы қадамына сүйсіне қараймыз. Бірлескен кәсіпорын – шетелдік рынокқа шығудың тиімді тәсілі деп есептеймін. Югославия полиграфиялық индустриясы дамыған ел. Полиграфиялық қуатымыздың 50 проценті сыртқа шығарылатын өнімдерге жұмсалады. Баспа қызметі, сіздердегі сияқты, бұдан екі жыл бұрын ғана бізде де жақсы болатын. Мемлекет көмек берді, баспаларды қаржыландырып тұрды. Енді жағдай күрт өзгерді. Қазір біздің баспагерлер де өз қаржысына күн көреді. Шығын мен пайданы есептеуге көшті. Кітап шығару көлемі айтарлықтай қысқарды. «Интербуктың» құрылтайшысы болып отырған біздің фирмалар тек баспагерлік қызметпен ғана айналыспайды, кітап безендірудің алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, баспагерлік күрделі жұмыстарды сапалы атқарудың жолдарын іздестіреді. Содан соң, баспагерлерді жоғары сұранымға ие әдебиеттер көбірек қызықтырады. Мәселен, Батыс елдерде «Россия» дейтін кітабымыз көп тиражбен таралуда. Баспагерлерімізді жанр қызықтырмайды, шағын кітапшаның ішінде бірнеше жанрдың үлгілері де тоғысуы мүмкін. Алғашқыда кез келген кітапты өте аз тиражбен шығарып байқаймыз. Мәселен, 100–200 дана ғана шығарамыз. Сұраным болған жағдайда, қайтадан көбейтіп басу – біз үшін ең тиімді жол. Сіздер де бірте-бірте осы тәсілге көшесіздер.

Георгий АНЖАПАРИДЗЕ, «Художественная литература» баспасының директоры: – Елімізде әкімшілік-әміршілдік жүйе салтанат құрып тұрған кезде баспагерлік қызметтің өрісі шектеулі еді. Баспа жоспарын жоғарыдағылар қарайды, жоғарыдағыларға нұсқау береді, жоғарыдағыларға жақса ғана жоспарды бекітеді. Бас еркі жоқ баспагерлер беліленген шеңбердің ішінде шыр айналып жүруге ғана мәжбүр болды. Материалдық жағынан мемлекетке тәуелді баспалардың мұндай мүшкіл халін түсінуге болады. Енді сол мемлекеттік баспа жүйесі толық күйреуге ұшырау жағдайында. Қағаз қымбаттады, баспалардың полиграфиялық қуаты әлсіз, технологиясы ескірді. Бәрін өзгертіп, жаңартуға шама жетпейді. Тұйыққа тірелу деген осы. Бұдан шығар жол бар ма? Бар. Ол коммерциялық жол. «Интербуктың» бағдары осыған саяды. Қазіргі кезде шет елдерде де кітап оңайлықпен өтпейтінін көзбен көріп жүрмін. Мәселен, бір кітап 25 доллар тұратынына таңқалуға болмайды. Әрине, удай қымбат. Ал қарапайым оқырманға арзан кітап керек. Олардың мүддесін кім ойламақ? Әрине, баспагер ойлайды. Осыдан келіп коммерциялық бәсеке, күрес басталады. Кімнің кітабы арзан – сол ұтады. Шығыс Еуропа елдеріндегі кейбір баспалар 2-3 бестселлерге «жасыл жарық» жағады да, солардың есебінен басқа кітаптарға өріс ашады. Қалай болғанда да жартасқа соғылмайтын, батпаққа батпайтын аралық жолды таба білу керек. Қазіргі баспа қызметін ұйымдастырудың бар кілттипаны осында жатыр. Күні бүгінге дейін, Совет Одағынан басқа бірде-бір елде поэзия кітаптарынан пайда тапқан ақындар кемде-кем. Белгілі американдық ақын Ален Гинзберг өз қаражаты күнкөріске шаққа жететінін айтқан кезде жағамды ұстағанмын. Жасыратыны жоқ, поэзия кітаптарының тағдыры енді біздің елімізде де өте қиындайды. Амал қанша,

тағы да сол аралық жолды таба алатын баспагерлер табылсын деңіз. «Интербук» қызметі осындай қысыл-таяң кезеңде үміт шамын жаққандай.

Сейдахмет БЕРДІҚҰЛОВ, республикалық «Жалын» баспасының директоры: – Жан-жағына зер салып қарамаған, жатып ішер, жалқау ел болғанымызға жаным күйзеледі. Әлемде болып жатқан әртүрлі оқиғалардың өзіне құлағымыз тосаң. Елең еткізер жаңалықтарға баспасөз құралдары әрқайсысы өз көзқарастарын білдіріп жатса ғой. Жоқ, селт етпейді. СОТА-ның немесе ҚазТАГ-тың хабарларына иек артқан кешегі жайбараттықтың бізге бергені шамалы. Масылдық ойланбауға үйретті. Әлі де содан арыла алмай келеміз.

Қымбатшылық қыспаққа ала бастайтынын, баспалардың бұрынғыша баяу ырғақпен жұмыс істеп, оқырман сұранымына сай шығармалар бере алмайтынын ескергендіктен, «Интербуктың» Совет Одағындағы 6 баспасының бірі болып «Жалын» жаңа бағыт-бағдар ұстануда, «Жалынның» шетелдік байланыстары бұрыннан бар, өз жүйесі бар кәсіпорын деп есептеледі. Көзін тапсақ, мүмкіндіктер мол.

Словенияның Любляно қаласында болғанымда «Библияның» ғажап бір басылымын көрдім. Шығару кестесімен танысқанымда тіпті таңырқадым. Тек қана АҚШ-тың заказы – 1 миллион дана «Библия» Германия, Италия, Франция сияқты елдердің сұранымы өз алдына. Кесте бойынша әр елге әр сғатта қанша өнім шығаруға дейін белгіленген. «Бұл кестенің кейде бұзылуы мүмкін бе?» деп сұраймын ғой. «Кесте бұзылмайды. Бәрі алдын-ала есептелген. Қағаз алатын кәсіпорындармен шартқа отырамыз. Шартты бұзуға ешкімнің хақысы жоқ» дейді ондағы әріптестеріміз. Қарайсыз да қызығасыз. Альпідегі Мари Бор дейтін біздің Талғар шамалас шағын қаланың баспагерлері дүние жүзінің көптеген елдерінен заказ қабылдайды екен. Полиграфиялық қуаты ересен, базасы мықты. Словенияда балалар кітабын алты түрлі бояумен, 17-ақ күнде шығарады! Керемет қой!

Былтыр біз «Интербукпен» барлық мүмкіндіктерді пайдаланып жұмыс істей алмадық. Ағылшын ат бәйгесі сияқты, кедергілерден секірумен-ақ шаршайсың. «Темірді қызған кезде соқ» деген ғой. Ал біз суыған темірді төске салып қойып, ұрғылаймыз келіп... 1988 жылы біздің баспа алғаш рет көтеріңкі бағамен, көп тиражбен М.Булгаковтың «Мастер и Маргарита» кітабын шығардық. Соның төңірегінде қаншама түсінбеушіліктер болды. Ал кітап бір данасы қалмай өтіп кетті. Кітапқұмарларды қуантты. Кейбір шығындарымыздың орнын толтырды. Енді «Интербуктың» аясында «Қазақ ертегілерін» және бес-алты қазақ кітаптарын шығаруды диттеп отырмыз. Біз нарықты экономиканың қатал заңдарынан шеткері қала алмаймыз. Көкжиегі кең дүниежүзілік рынокқа шығуды ойлауымыз керек.

«Жалынның» кітап безендіруші суретшілерінің сәтті ізденістері шетелдік әріптестеріміздің де назарын аударып жүр. Әдетте олар безендіруді өздері жасауға көбірек ыңғай танытады. «Жоқ жомарттың қолын байлайды». Полиграфиялық қуатымыз жөнінен біз Пакистаннан кейінгі 113-ші орында екенбіз. Жоқтан бар жасау жолындағы ізденістеріміз енді түсінікті болар...

Өзіміз бара алмасақ та («Барғызбасаң–барғызбас» дейтін әңгіме бар емес пе) кітаптарымыз әлемнің айтулы жәрмеңкелеріне барып тұрады. Майндағы Франкфуртта былтыр Бүкілдүниежүзілік жәрмеңкеде арнаулы жүлде алдық. Каирде кітаптарымыздың безендірілу сапасы жөнінен белгіленген үш сыйлықтың біреуін иемдендік. Өткен ақпан айында Орта Азия республикаларының баспалары арасында Бас жүлде – үлкен алтын медальді еншіледік. Тағы да сол, әттең, шіркін, кітап шығару технологиясы жетілген, полиграфиялық индустриясы аса қуатты, шын мәнінде өресі биік, өрісі кең баспаға айналсақ деген бір арман бар ақ жалын. «Интербукпен» тағдырлас болуымыздың бір сыры осында. Әзірге оның құрылтайшылары көбеймейді. Не тындыратынымызды уақыт көрсетер.

«Интербук» совет-югослав бірлескен кәсіпорнының басқарма мүшелері, баспа директорлары толғаған әңгіменің түйіні мынадай: кітап шығару ісінде жаңаша ойлау, жаңаша көзқарас және іскер байланыстардың кезеңі туып келеді. «Интербук»

баспалдақтары соның нақты дәлелі. Болашағына баспагерлер де, басқалар да үмітпен қарайды. Қуатты баспалар ғана қанатты қаламгерлерге өріс аша алады емес пе?!.

«Лениншіл жас»,  
1991 ж.

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

*Сонау алыс Американың Вашингтон штатындағы Сиэтл қаласының университетінде биыл тұңғыш рет қазақ тілін үйрететін екі айлық курс ашылып, жұмыс істегенін естігенде, бәлкім, таңғаларсыз. Бұл алып-қашпа сөз емес, іске асқан ақиқат. Егеменді Қазақстанның бүгінгі мен ертеңіне мұхиттың арғы жағындағы елдердің де елеңдеп, ден қоя бастағандығының белгісі бұл. Вашингтон университетінде қазақ тілін жеделдетіп оқытатын екі айлық курстың ашылуына тікелей ұйтқы болған профессор Ильзе Лауде-Циртаутас жақында Алматыға келіп, қазақ тілінің мамандарымен, ғалымдарымен, мәдениет қызметкерлерімен пікір алысты, Сиэтл – Алматы арасындағы мәдени қарым-қатынастарды нығайтудың жолдарын ақылдасты, жалпы түркі тілдерінің, оның бір бұтағы қазақ тілінің бүгінгі және болашақ даму бағдарлары жөнінде ой бөлісті. Біз осы орайда Ильзе ханымға жолығып, әңгімелескен едік. “Мен қазақша сөйлеймін. сұрақтарыңызға, шамам келгенше, қазақша жауап беремін” деді профессор. Бұған қуана келістік.*

– Доктор Ильзе, Сіздің түркі халықтарының тілдерін зерттеуіңізге не себеп болды? Қай жерде білім алдыңыз? Қанша тіл білесіз? Қазақ тілін қалай үйрендіңіз?

– 1943 жылға дейін біз Литваның Вербалес қаласында тұрдық. Ұлтым – литван. Қасіретті соғыс кезінде Балтық бойындағы елдердің миллиондаған адамдары ата қонысынан ауып, тағдыр тәлкегіне түскені белгілі. Біз де бір қаладан екіншісіне өтіп жүріп, ақыры Батыс Германияның Гамбург қаласына табан тіредік. Гамбург университетінде көне түркі тілі бойынша білім алдым. Атақты түрколог Анна Мария Фон Гавеннен оқыдым. Түркі тілдеріне деген махаббатымды оятқан осы кісі. Университетті 1958 жылы бітірдім. Түркі тілдерінен докторлық диссертация жазып, қорғадым. Түрколог-ғалым болған соң, бірер тілдің төңірегінде ғана шектеліп қалу мүмкін емес. Салыстырмалы түрде зерттеу үшін бірнеше тілді меңгеру қажет. Менің ағылшын, неміс тілдерінен басқа, көне түркі, көне ұйыр, өзбек, қазақ, қырғыз, тәжік тілдерін үйренуіме осы себеп. Әр тілді өз бетімше үйренуге тура келді. Ол үшін Орта Азия халықтарының тілі, тарихы, этнографиясы, мәдениеті туралы зерттеу еңбектерді көп оқыдым. Кейіннен Америка Құрама Штаттарына барғаннан кейін, осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымды одан әрі жалғастырдым. Көне түркі тілдері туралы жазған мақалаларым көптеген ғылыми журналдарда жарық көрген. Қазақ тілін үйренумен қатар, зерттеу жұмыстарын да жүргізе бастадым. Мәселен, қазақ тіліндегі одағай сөздердің табиғаты жөнінде арнайы еңбек жазбақпын.

– Вашингтон университетінде Шығыс тілдерінің мамандарын даярлауға ынта-ықылас бұрыннан болған ғой, сірә?

– Әрине. Университетте дүние жүзіндегі көптеген тілдерді үйретуге көптен көңіл бөлінеді. Шығыс тілдері мен мәдениетінің жеке факультеті бар. Осыдан 20 жыл бұрын мен Ташкент қаласында болып, өзбек тілін Вашингтон университетінде оқытудың, мамандар алмасудың жай-жапсарына байланысты келісім-шартқа қатысқан едім. Өзбекстан басшылығынан сол кездің өзінде қолдау тапқан болатынбыз. Ал Алматы мен Сиэтл қалаларының арасында мәдени байланыс орнатуға деген ықыласымыз ол кезде ескерусіз қалғаны, қолдау таппағаны өкінішті еді. Содан бері Вашингтон университеті мен Өзбекстан арасында жүйелі мәдени қарым-қатынас қалыптасты. Университетте

Өзбекстанның атакты жазушыларының, суретшілерінің, киношыларының елеулі еңбектері жүйелі түрде насихатталып, әртүрлі тақырыптарды қамтитын көрмелері ұйымдастырылып тұрады. Ташкент мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттері Вашингтон университетінде болып, біздің мамандар Өзбекстанға келіп, іс-тәжірибе алмасудың дәстүрлі арнасын қалыптастырды. Қазақ тілін оқытуды биыл бірінші рет қолға алдық.

– Енді осыған кеңірек тоқталсаңыз. Қазақ тілі курсының мақсаты неде? Маман-оқытушылар бар ма? Курсқа қатысушылардың ынта-ықыласы қандай дәрежеде болды? Қазақстаннан қандай қолдау, көмек күтесіздер?

– Қазақ тілін жеделдетіп оқытатын екі айлық курста биыл 12 американдық дәріс алды. Бұлар, негізінен, Гарвард, Беркли, Колумбия, Чикаго университеттерінен келген аспиранттар мен докторант-ғалымдар еді. Курстың мақсаты – қазақ тілін үйрету арқылы, Қазақ елінің тарихын, мәдениетін, этнографиясын зерттегісі келетін ғалымдарға бағыт-бағдар беру. Курсқа қатысушылардың әрқайсысы қазақтардың өмірін әр қырынан зерттегісі келетінін байғадық. Бірақ, қай халықтың да тұрмыс тіршілігін, дүние танымын білу үшін ең алдымен тіліне ден қою керек. Қазақ тілін оқытуда маған Қытай Халық Республикасының Шыңжаң аймағынан шақыртқан түрколог-ғалым Әбілахат Ибрагим көп көмек көрсетті. Сондай-ақ, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Рахманкүл Бердібаевты да арнайы шақыртып алған едік. Қазақ әдебиетінің, фольклорының білгір маманы, профессор Р.Бердібаев тек қазақ тілі курсына қатысушыларға ғана емес, Шығыс тілдері мен мәдениеті факультетінің студенттеріне бірнеше мәрте лекция оқыды. Қазақ тілінде өтетін сабақтардың мазмұнын байытуға, әдеби және фольклорлық шығармалардан үзінділер даярлауға, оларды магнитофон таспасына жаздырып пайдалануға, т.б. тікелей нақты көмек берді. Вашингтон университетінде Қазақстаннан келген фольклоршы ғалым тұңғыш рет лекция оқығандықтан, ынта-ықыластың тек студенттер тарапынан ғана емес, оқытушылар тарапынан да жоғары болғанын, қысқа мерзімде тыңдаушылар қазақ әдебиеті, тілі, мәдениеті және өнері тарихынан мол мағлұмат алғанын баса айтқым келеді. Профессор Р.Бердібаев Америкаға құр қол келген жоқ. Қайда барса да өзімен бірге алып келген домбырасын қолынан тастаған жоқ. Лекция оқып тұрып, сөз арасында, қазақ өнеріне қатысты ойларын да өрбітеді. Сондайда ұлттық музыка аспабы – қазақ домбырасы профессордың қолында күмбірлеп күй төгеді. Күй әуені ешбір аудармашысыз-ақ американдықтардың жүрегіне жетіп, қазақ халқының арман-мұңына ортақтастырған сәттер аз болған жоқ. Американдық студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынта-ықыласы жоғары болды. Ал біз өз тарапымыздан ынталандыру шараларын белгілеуді де ұмытқан жоқпыз.

– Сонда қалай ынталандырасыздар?

– Ынталандыру – еңбекті бағалау деген сөз. Мәселен, қазақ тілі курсында оқыған американдықтардың ішінен ең үздік шыққан екеуіне Абай атындағы сыйлық белгіледік. Америкадағы Абай атындағы сыйлық! Қазақ тілін жақсы оқығаны үшін! Біздің университетте бұған қол жеткізу алдағы жылдарда да үлкен абырой саналмақ.

– Жақында Америка сапарынан оралғаннан кейін, профессор Р.Бердібаев “Алматы ақшамы” газетінің тілшісімен сұхбатында Вашингтон университетінде “Алатау” атты ассоциация құрылғандығы жөнінде айтқан еді. Сіз осы “Алатау” ассоциациясының төрағасы болып белгіленіпсіз. Ассоциацияның қызметін Сіз қалай түсіндіресіз?

– Бұл – қазақ тілі курсында оқыған американдықтардың ұсынысымен дүниеге келген қоғам. Оны құру үшін арнайы құрылтай жиналысын өткіздік. Профессор Р.Бердібаев ассоциацияның құрметті президенті болып сайланды. Мен сондағы үйлестіру, ұйымдастыру жұмыстарын атқаратын төрағасымын. Ассоциацияның негізгі мақсаты – Қазақстанмен мәдени байланысты жүйелі түрде жүргізуге ықпал жасау. Яғни, ізгі мақсатқа қызмет етеді.

Қоғамның жұмысы жандану үшін, оған Қазақстан тарапынан да қолдау мен көмек аса қажет. Қазақ кітаптары, әдебиет, тіл, тарих, этнография, өнер оқулықтары мен әртүрлі сөздіктер, күйтабақтар, суретті альбомдар, т.б. жіберілсе дейміз. Алдағы уақытта өзара келісім негізінде қазақ тілі мен әдебиетінің мамандарын да шақырту ойымызда. Студенттер алмасудың тиімді тәжірибесіне де сүйенсек болады. Біздің университетте қазақ тілін білуге деген құштарлық оянған екен, енді оны өрістетуге екі жақ та ат салыссын. Не нәрсені болсын, әуелі бастау қиын. Ал бір басталған шаруа ынта оятқаннан кейін, дөңгеленіп жүре береді. Енді бірнеше жыл өткен соң, Американың көптеген штаттарында “Алатау” ассоциациясының филиалдары жұмыс істеп, қанат жая бастайтынына ешқандай күмәнім жоқ. Бұл ассоциация АҚШ-тағы қазақ танудың алғашқы баспалдағы іспетті. Сиэтл мен Алматы қалаларының арасында мәдени көпір салуды көздейміз. Тек қана әдебиет пен өнердің өкілдерін ғана емес, дәрігерлердің, заң қызметкерлерінің, басқа да мамандық иелерінің өзара іс-тәжірибе алмасулары, барыс-келіс, алыс-беріс арқылы қарым-қатынасты нығайтуға қосар үлестері көбейсе дейміз.

– Сіздер Орта Азия халықтарының тілдері бойынша жеделдетілген курс қай айларда жұмыс жүргізетінін студенттерге алдын-ала хабарлайтын боларсыздар?

– Әрине. Жыл басында, мәселен, өзбек, қазақ, тәжік тілдерін биылғы шілде-тамыз айларында оқытатынымызды хабарлап қойдық. Оқу бағдарламасын жасадық. Оқытушыларды белгіледік. Сондай-ақ Орта Азия республикаларының атақты ғалымдарын шақыратынымызды, олардың кімдер екендігін таныстырып, арнайы буклет шығардық. Мәселен, биылғы жеделдетілген курста Өзбекстанның халық жазушысы Пірімкүл Қадыров, халық шайыры Шүкіролла, атақты суретшісі Шахмамұд Мұхамеджанов, Тәжікстаннан белгілі ақын Базар Сабыр, Қазақстаннан профессор Рахманкүл Бердібаев арнайы лекциялар өткізетінін студенттеріміз алдын-ала білді. Өзбек, қазақ, тәжік тілдерінен сабақ беретін, негізінен өзіміздің оқытушылар. Ал арнайы шақырылған қонақтарымыз қосымша лекциялар оқу арқылы үлестерін қосады.

– Доктор Ильзе, Сіз ұзақ жылдардан бері түркі тілдерін зерттеп жүрсіз. Кейінгі кезде тіл мамандарының арасында Америкадағы үндістердің тілінде қазақ тіліндегі кейбір сөздер ұшырасады деген деректер бар. Бұған не айтасыз?

– Бұл ойланатын дерек. Бәлкім, үндістердің кейбір тайпаларының тілдеріне арнайы зерттеу жүргізу қажет болар. Бұған терең үңілу қажет. Тіпті, бір ғалым осыған бүкіл ғұмырын арнауы арқылы көз жеткізетін ақиқат шығар. Әзірге, құпиясы ашылмаған аралдардың бірі сияқты.

– Сіздің университетте қазақ тілінің оқулығын жазуға, сөздіктерін жасауға талпыныс бар ма?

– Қазақ тілі курсының студенттеріне арналған ауыз әдебиетінің оқулығын жазу, хрестоматиясын құрастыру ойға алған шаруам. Уақыт көрсетер. Ал профессор Буль екеуіміз “Қазақша-ағылшынша сөздік” жасауды қолға алдық. 700-800 сөзді қамтитын шағын сөздік, әсіресе, жеделдетілген курста тіл үйренушілерге арналмақ. Осы келген сапарымда әртүрлі тілашарлар, тілдескіштер, сөздіктер ала қайтпақпын.

– Сіз Литва елінде болып жатқан қазіргі өзгерістерге қалай қарайсыз?

– Тәуелсіз, дербес Литва елін көру марқұм күйеуіміздің де, менің де өмір бойғы арманымыз еді. Сондықтан Литваның қоғамдық-саяси өміріндегі соңғы кездегі жаңалық-өзгерістер, оның тәуелсіз мемлекет болып жариялануы – орындалған арман. Мен Орта Азия мен Қазақстанның да халықтары сондай күнге тезірек жетсе екен деп тілеймін. Адам өмір толқынында бес мұхиттан, алты құрлықтан асып, көз көрмес, құлақ естімес қиян түкпірге кетсе де туған жерін, туған елін есінен ешуақытта шығармайды. Әлдебір көзге көрінбейтін дәнекерлер арқылы ол өзі туған топырақтың тыныс-демін сезініп жүреді. Ана тілімді ұмытқан жоқпын. “Вильнюс университетінің достары” ассоциациясының мүшесімін. Әрине, ұзағ уақыт шетте жүрудің көп нәрсеге көзқарасыңды өзгертуі әбден мүмкін. Бірақ, туған жерің – біреу-ақ.

– Сіз Алматы мен Сиэтл қалаларынан өзара ұқсастық табасыз ба?

– Қалалар да адамдар сияқты. Көшелерінде, үйлерінде, үйлерінің шатырларында ұқсастық болуы мүмкін. Сондай-ақ, ешбір қалада жоқ, тек өзіне тән сәулет өнерінің туындылары әрбір қаланың сәнін келтіреді, ажарын ашады. Оған табиғатпен тамаша үйлесімі қосылса тіпті жақсы. Жақында Қазақстанда болып қайтқан АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкер Алматыны аса әдемі қала деп бағалапты ғой. Алматы – әсем қала. Ал біздің Сиэтл қаласының бір ерекшелігі – Алматы сияқты экологиялық жағынан қорғансыз емес. Алматының табиғатына үлкен қамқорлық керек. Келесі келгенімде қала үстіндегі қара тұман серпіліп, көше жиектеріндегі арықтарда мөлдір бұлақ сылдырап ағып жатқанын көргім келеді.

– Доктор Ильзе, Сіз Алматыда бірнеше күн болдыңыз. Мәдени мекемелерді көріп, қазақ оқырмандарымен таныстыңыз. “Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген мақал бар қазақта. Көңілге түйген кейбір ойларыңызды білсек?

– Өз ойларымды болған жерімде бүкпесіз айттым деп ойлаймын. Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры К.Нәрібаевтан “Сіздер шет елден келген студенттерді қай тілде оқытасыздар?” деп сұрадым. “Орыс тілінде оқытамыз” деп жауап берді. Неге? Сонда олар бірауыз қазақша білмей елдеріне қайтады, елдеріне барған соң, “Қазақтар орысша оқытады” деп айтады ғой. Орысша оқу үшін Мәскеуден, Ленинградтан білім іздемес пе еді? Алматыға келген екен – қазақ тілін үйреніп қайтсын. Шетелдік әрбір студент бір айға 250 доллар төлеп оқиды. Бір жылға, бес жылға қанша төлейтінін есептей беріңіз. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Ө.Сұлтанғазиннің арнайы қабылдауында болдым. Аспиранттар, ғылыми қызметкерлер алмасудың жайын кеңестік. Менің “Вашингтон университетінен келген аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерді қазақтардың арасында тұруға, тілін үйренуге жағдай жасай аласыз ба?” деген сауалыма президент қанағаттанарлық жауап берді. Уағда байластық. Әсіресе, тіл, тарих, математика мамандарын алмасып, қарым-қатынасымызды нығайтуға келістік. Қазақ КСР баспасөз және ақпарат құралдары министрі Қ.Сұлтановтан қазақтардың өмірі, тарихы, этнографиясы мол бояуымен көрінетін “Қыз Жібек” фильмінің көшірмесін алуға көмектесуін өтіндім. Бізге “Қазақфильмнің» соңғы жылдардағы туындысы «Қиян» атты фильм жеткен болатын. Бірақ бұл фильм экзотикалық сарындағы дүние. Қазақтар туралы шетелдіктерге жақсы әсер қалдырады деп айта алмаймын.

Қазір АҚШ-тың баспасөз құралдары Қазақстан Президенті Н.Назарбаев туралы, оның саяси қызметі, қоғамдық қайраткерлігі туралы жиі жазады. Қазақстанға шетелдіктердің назары ауа бастағандығын да байқаймыз. Экономикалық қиындықтардан құтқару үшін де қол ұшын созып, көмек берем деушілер де көптеп табыла бастағанға ұқсайды. Меніңше, шын жанашырлық, нағыз достық тілге, дінге, мәдениетке құрметтен басталуға тиіс. Экономикалық қиындықтарды сонда ғана бірлесіп шешуге болады. Бұл – менің өз ойым.

Ұлттық саз аспаптары музейінде болып, аса бай көне мұраларыңызбен таныстым. Домбыра – қазақтың жаны. Оған қылау түсірмей, қастерлеп ұстау керек. Саз аспаптарына жанашыр көзқарастарыңыз ұнады. Көңіліме келген бір түйткіл: музейдегі экспонаттардың тұсындағы бір орысша, бір қазақша жазу. Меніңше, экспонаттарды таныстыратын жазу не үш тілде (ағылшын, қазақ, орыс), не бір тілде (қазақ) ғана жазылуы керек.

Әңгіменің соңында айтарым, шет елдегі қазақтар сіздердің көңіл-күйлеріңізге, тұрмыс-тіршіліктеріңізге қарайды. Қазақстанның еңсесі биік болса, олар да мақтаныш тұтады, медеу тұтады. өзге халықтармен терезесі тең ел болып, енді шет елдердегі қазақтар үшін де тірлік жасау керек. Тірліктің тұтқасы – бірлікте. Өз басым қазақ тілінің алыс Америкадағы шын жанашырының бірі болып, қолымнан келген көмегімді аямаймын.

– Ақ ниетіңізге көптен-көп рахмет, Ильзе ханым!

«Лениншіл жас»,  
1991 ж.

## **«ЫНТЫМАҚ ШЕҢБЕРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ»**

– дейді Украина Жоғарғы Кеңесінің  
Төрағасы Иван Степанович ПЛЮШ

– Иван Степанович, Консультациялық кеңесте қаралған ең басты мәселе – ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясын құруға Украинаның құлай құптаушылық білдірмеуінің себебі неде? Әлде, бұл бұрынғы ыдыраған Одақтың құрамындағы республикаларды қайтадан бір орталыққа бағындыру ниетінен туған шара деп түсінесіз бе?

– Жалпы, біз тәуелсіз мемлекеттер арасындағы парламенттік байланыстарды нығайтудың қажеттігін айқын сезінеміз. Осы бағыттағы жұмыстарды бүгін емес, кеше қолға алуымыз керек еді. Дегенмен, әлі де кеш емес. Бірақ парламентаралық байланыстарды жүзеге асырудың жалғыз жолы

– Ассамблея құру дегенге асығыстық деп қараймын. Мұндай ұйымдық құрылым құру үшін жан-жақты дайындықпен келу керек. Ең алдымен парламентаралық комитеттер мен комиссиялардың жұмысын жандандыруымыз керек. Бірте-бірте жұмыс формаларын жетілдіре беруге болады ғой. Бұлай деуімнің бір себебі, құрылымына толық көз жеткізбей тұрып, құрып алған Ассамблея барлық үміт-сенімді ақтай ма, ақтамай ма – белгісіз. Сондықтан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер парламент басшыларының бұл кеңесінде Украина өзінің көзқарасын ашық білдірді. Яғни, менің ұсынысым – парламент басшыларының жоғары деңгейдегі тұрақты консультациялық кеңесі түріндегі байланыстарды нығайту. Барлық күрделі мәселелерді әр мемлекеттің Жоғарғы Кеңес Төрағаларының қатысуымен кеңес үстінде ақылдасып, талқылауға болады. Белгілі бір шешімге әр республиканың Жоғарғы Кеңесінің, парламентінің құптауы болған жағдайда ғана келу керек. Ал бұған дейінгі жұмыстарға сарапшылар мен мамандарды қатыстыра отырып, депутаттық комиссиялар мен комитеттерге жүктеу арқылы тиянақтау тиімді. Сонда тағы да бір бюрократтық далиған аппараттың қажеті болмайды. Әр мемлекет өз мүддесі тұрғысынан оңтайлы шешімдер қабылдайды. Біреулер «Европадағыдай» дегенді алға көбірек тартады. Шынында, біздің жөніміз олардан бөлектеу ғой... Кеше ғана империялық құрсаудан шықтық. Ал ынтымақ шеңбермен шектелмейтін ұғым, оның аясы кең болуға тиіс.

– Алдағы уақытта Украинаның тәуелсіз мемлекеттермен арадағы байланысы қалай болмақ?

– Украина бұрынғы Одақ құрамында болған республикалардың барлығымен де екіжақты келісімдер жасады. Бірақ оның орындалмай жатуының объективті себептері бар. Консультациялық кеңестер жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек деуіміздің бір себебі, осы мемлекетаралық уағдаластықтарды жоғалтпауды көздегендіктен.

– Сіз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының болашағы баянды болатынына сенімдісіз бе?

– Әуелден-ақ, бұл жөнінде менің көзқарасым айқын. Бұрынғы Одақ ыдырады. Оның өзі оп-оңай жүзеге аса салған жоқ. Әр республика тәуелсіздік жолына ұмтылған кезде мызғымастай көрінген Орталық күйреді. Бөліну процесі жүрді. Бөлінудің өзі біржолата томаға-тұйық қалуға апарса, әрине, оңайға соқпайды. Республикааралық экономикалық байланыстардың арқауын үзіп алмауды ойластырған кезде ТМД құрылды. Өтпелі кезеңдегі бөліну үшін бірігудің формасы еді бұл. Яғни, бірігу үшін бөліну керек екен. Ал енді жеке мемлекеттің жеке қаржы-кредит жүйесі болуы керектігін, өзінің жеке армиясы болуы керектігін, айқын шекарасы болуы керектігін, өз валютасы болуын, т.б. дәлелдеп жату артық болар еді. Бірақ осының өзіне толық түсіністікпен қарау үшін үлкен ақыл қажет.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.



## «ТУЫСҚАНДЫҚ ТҮРЛАУЛЫ БОЛСЫН»

– дейді Қырғызстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Халық депутаттары кеңестерінің жұмысы, өзін өзі басқаруды дамыту және жариялылық мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы Орман Шаршенұлы ШАРШЕНОВ.

– Орман Шаршенұлы, қалай ойлайсыз, Парламентаралық Ассамблея құруға ТМД-ға мүше мемлекеттер ойланып-толғанып келіп бас қосты ма? Қырғызстан Республикасының ұстанған бағыты айқын ба?

– Ассамблея құру әбден ықтимал жағдайда қолға алынды. Бұл орайда, Украинаның бұрынғы бір орталықтың уыстан шығармайтын, билеп-төстеп, басқару әдісі бел алып кете ме деп қауіптенуі бекер. Бұрын бізде ел басқарудың парламенттік жүйесі болмаған еді ғой. Қазір бұл бар. Ал парламенттік басқару бар жерде өр кеуде өктемдік орнайды деп секемденуге болмайды. Әр республиканың өз Конституциясы, өз заңдары бар. Президенттік билік қалыптасты. Парламенттік жүйе кеңейді. Мұндай жағдайда бірлесуден сақтану: «Сүтке аузы күйген – айранды үрлеп ішеді» дегендей тірлік. Қырғызстанның бағыты айқын.

– Екінші бір түйінді мәселе – банк жүйесіндегі бірыңғай ақша белгісі жөнінде не айтар едіңіз?

– ТМД-ға мүше елдердің өзара экономикалық байланысы үшін бірыңғай ақша белгісінің болуы өте қажет және аса маңызды мәселе. Ол қай үлгіде болса да қабылданып, ортақ айналымға түсуі керек. Сондай-ақ ұлттық валюта жөніндегі көзқарасты бұған қарсы қоюға болмайды: Әр мемлекеттің өз валютасын жасауы бірыңғай ақша белгісін қабылдаумен қатар жүргізіле беруі керек.

– Қайта құру жылдарында ұлтаралық қақтығыстар, жанжалдар жиі төбе көрсетіп кетті. Әсіресе бұл іргелес көрші елдердің арасында, туысқандық байланыстары бар ұлттардың арасында байқалса, екі жаққа да ауыр тиеді ғой. Мәселен, Ош оқиғасының жарасы жазылды ма?

– Ош оқиғасының негізінде ислам фундаментализмі бағытының ықпалы жатыр. Оған дейін-ақ, 1987-1988 жылдары «ФАНОН» дейтін ұйым болды. Ферғана – Әндижан – Наманган – Ош қалаларының атын алған. Бұл территориялық дау-дамайды қозғайтын реакциялық ұйым еді. 25 гектар ғана жер үшін өзбек пен қырғыз ағайындардың арасына от жаққан солар. Исламның жасыл туының астына жиналуды насихаттады. Оның үстіне «Комсомольская правда» газеті отқа май құйып, бұл ауданда қырғыздар 30 процент қана болса да басшы қызметтерде 70 процент, сауда саласында өзбектер 70 процент, ал қырғыздар 30-ақ процент деп ушықтырып, дұрдараздықты өршітті. Бұл дұрыс емес. Ел мен елді ажыратуды ойлайтындар қателеседі. Қырғыз бен өзбек халқы мәселеге бірте-бірте байыптылықпен қарап, тіл табысу, сыйласу жолдарын іздестіруде.

– Қырғызстан өз территориясында неміс аймағын құрғанын білеміз. Бұл қадамға қалай бардыңыздар? Ертеңгі күні немістер қырғыз жерінде автономия сұрап жүрмей ме?

– Бұл мәселеде ешқандай қауіміз жоқ. Қырғыстанда немістер екі ауданның жерінде шоғырланған. Олар мәдени бағытта ұлттық салт-дәстүрлерін дамытуға ниет білдіргенде парламент мұны дұрыс түсініп, Президентіміз өзінің Жарлығымен ондай мүмкіндікке жол ашты. Бішкектің іргесіндегі бір ауданда неміс ұлтының өкілдері өздерінің мәдени орталықтарын ашып, халықтық дәстүр сабақтастығын дамытуға, жаңғыртуға рұқсат алды.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылдары қайда дегенде, назарымызды оңтүстік өлкесіне бұрамыз. Салт-дәстүрлеріміздің де, мәдениетіміз бен тарихымыздың да, өткеніміз бен бүгінгіміздің де, қысқасы, ұлттық ерекшеліктеріміздің айқын бояуларын іздейміз. Қарт Қаратаудың қойнына тыққан шежіресіне үңілсек көне дәуір күмбірлеп тіл қатар еді. Қатпар-қатпар сыр тұнған өлке бұл.

Облыс 1932-1962 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы деп аталған. Арада 30 жыл өткен соң өзінің сол бұрынғы атауына қайта көшті. Қазақстанның төрт бұрышында төрт кіші Қазақстан тұрмаса біздің кейбір көршілеріміз шекараны шатастырып алатын болып жүр емес пе! Ал Шымкент – шаһардың аты, облыс орталығы.

Оқырмандарымызбен ойласуды, ашық пікірлесуді, бүкпесіз сырласуды мақсат тұтқан бұл сапарымызды халық депутаттары облыстық Кеңесіндегі кездесуден бастадық. Облыстық Кеңестің төрағасы Рашид Ыбыраев газет пен оқырмандар арасындағы байланысты нығайтуға ерекше мән беретінін білдірді. Облыс көлемінде 18 газет шығады екен. Үш облыстық газет бар: қазақ, өзбек, орыс тілдерінде. Ұлттық басылымдарға жанашырлықпен қарайтын шақ туды.

Облыстық Кеңес төрағасын қатты толғандыратын бір мәселе – биліктің үшке бөлінуі: Кеңес билігі, әкімшілік билігі, сот билігі. Өзбекстандағы Ташкент облысының әкімі осы үш билікті бір қолда ұстап отырған көрінеді. Қазақта «Би екеу болса, дау төртеу» деген мәтел бар ғой. Ендеше, түсінбеушілік, түсініспеушілік тумау үшін не істеу керек? Бұл мәселені баспасөз де назарында ұстағаны жөн. Ауылдық Кеңестің жағдайы алаңдатады. Оларға аудан әкімшілігі де, аудандық Кеңес те тапсырма-нұсқау береді. Бірақ ауылдық Кеңестің қолында билік жоқ қой. Міне, мәселе қайда. Жергілікті жердегі басқарудың кілтпапанын табу керек.

Облыста биыл астық өнімі әр гектардан 16, 3 центнерден айналыпты. Мақта жинау науқаны 15 шақты күн кешеуілдеп басталатын түрі бар.

Газет көтеріп жүрген көптеген мәселелер туралы ең алдымен облыстық Кеңестегі тұрақты комиссиялардың төрағалары ой бөлісті.

К.Қадырбеков: – Біздің жұмыстың бәрі заңмен байланысты. Ал Жоғарғы Кеңестің сессияларында қабылданған заңдарды ең алдымен «Халық Кеңесінен» оқимыз. Оны талдап, түсініп, таратып оқу керек. Сондықтан газет заңгер мамандарға жиі сөз беріп тұрса. «Жергілікті жерде өзін-өзі басқару туралы» Заңда қаншама қайшылықтар кездеседі. Төменгі буындардың қызметі бұлыңғыр.

Б.Өтепов: – Бәлкім, газет «Заң қалай жүзеге асуда?» дейтін айдармен тұрақты түрде материалдар жариялап тұрса ұтатын шығар. «Заң – замана зердесі» айдары барын білеміз.

Ж.Мырзалиев: – Мың жылдық тарихы бар халықпыз. Дала демократиясы зерттелсе. Бұрынғы және бүгінгі билікті үйлестіруге газет ықпал жасаса.

Ұсыныс, пікір, тілектермен қоса, жылт еткен жаңалықтарға да елеңдеп, құлақ түрдік. Қазақстан үлкен. Оңтүстік өзгешелеу. Өзбекстандағы махаллалық Кеңестердің үлгісін алуға болатын сияқты. Алғабас, Отырар ауданында той, жаназа, дүрдараздық, т.б. бұрынғы дәстүрмен шешіле бастаған көрінеді. Шардара ауданында Ақсақалдар кеңесі құрылыпты. Бұл да оң тәжірибе. Темір ауылдық Кеңесі де осындай халықтық салт-дәстүрге бағынып, іс жүргізбек екен.

Ұлы далада ауылдағы ең үлкен аузы дуалы ақсақалдың айтқаны заң саналған ғой. Бір ауыз сөзге тоқтаған бәрі. Ауылдың ағасы айтты – бітті, мүлтіксіз орындалуы керек. Қазақы мінез-құлық, таным-түсінік соған жақын. Ендеше, дәстүрді жаңғырту жөніндегі ізденістер құпталып, қолдау табуға тиіс.

Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясында болып, әріптестерімізбен пікірлестік. Газеттің бас редакторы Кәрім Үкібаев қағаз тапшылығы, тасымал тауқыметі сияқты жан-жақты қыспаққа түскен жағдайда да мойымай, облыс халқының үні болып отырғандарын айтты. Облыстық газет былтыр 62 мың данамен таралыпты. Қазақтың алтыдан бірі осы өңірде екендігін ескерсек, рухани сұраным да жоғары болатынына ден

қоямыз. Облыстық газеттің жарты жылға жазылу бағасы – 240 сом екен. Қымбат. Халық депутаттары Шымкент қалалық Кеңесінің төрағасы Қуаныш Төлематовты оқырмандарымыз белсенді газет авторы ретінде де біледі. Қалалық Кеңесте болған кездесуде әр аудан 10 мың сомнан ақша бөліп, «Халық кеңесін» әлеуметтік жағынан қорғалуды қажет ететін адамдардың жаздырып алуына мүмкіндік бергелі отырғанын естіп, риза болдық. Қаладағы қазақтар халықтың 31 пайызын құрайды екен. Алға қарай ұмтылыс аңғарылады. Балабақшалар мен қазақ мектептеріне көңіл бөліне бастаған. Қалалық Кеңестегілер газет бетінде халықтық мәселелер ұдайы көрініс тапса деп тілек қосты. Кеңес пен әкімшілік арасындағы кейбір мәселелердің басын ашып алуға баспасөз де көмек берсе дейді олар. Мәселен, «Халық депутаттарының сайлауын өткізу үшін әкімдерден қаражат сұрауымыз қалай?» деген сауал бекерден-бекер қойылып отырмағанын түсінеміз.

Шымкент қорғасын зауытында 5 мыңға жуық жұмысшы еңбек етеді екен, 50 пайызы қазақтар. Зауыттың бас инженері А.Григоренконың айтуына қарағанда, мұнда жұмыс іздеп келетіндер көп те, жұмыстан кеткісі келетіндер жоқ. Сонау 1941-1945 жылдардағы соғыс кезінде майданға 10 қорғасын оқтың 9-ын жөнелткен атақты зауыт осы. Өнім өндірудің көрсеткіштері жоғары. Зауыт жұмысшыларының балалары мектепке дейінгі тәрбиені 6 балабақшада алады. Оның біреуі – қазақ балабақшасы, басқаларында қазақ топтары ашылған. Газет-журналдарды әрбір цех өздеріне жеке жаздырып алатынын, ал еңбек ардагерлеріне зауыт әкімшілігі әрдайым қамқорлық, көмектерін аямайтынын ұқтық. Қазақ жұмысшы кадрларын даярлау мәселесі талай биік мінбелерден талай рет айтылды да ғой. Бұған дейін, тым болмаса, қазақ баласы қазақ балабақшасында тәлім алсыншы деуге мойны жар бермегендер болды. Қазіргі өзгерістердің ұлтымыздың жоғалтқанын табуға жәрдемі болса дейтініміз сондықтан. Республикамыздағы жүздеген зауыттардың қай-қайсысына да барғанда «Қазақтардың жағдайы қалай?» деп қымсына сұраудан арылатын күн жетсе, шіркін.

## **1. ҚАРАТАУДЫҢ ҚАПТАЛЫНДА ҚАЛЫҢ ЕЛ**

Аттың басын Алғабас ауданына бұрдық. 50 мың халқы бар, оның 94 пайызы қазақтар. Өзге ұлттардың бірен-саран өкілдерінің өзі қазақшаға судай. Аудан орталығы Шаян селосының өзінде 7 мыңнан аса адам тұрады. Аудандық Кеңестің төрағасы Елубай Махатов ел, жер тарихына, адамдардың тағдырына елгезек қарайтын азамат екен.

– Алғабас облыстағы Созақ пен Қызылқұмнан кейінгі қойлы аудан, – дейді ол. – Нарыққа еш дайындықсыз қадам басып отырған жайымыз бар. Малдың жайын көбірек ойлағандықтан, көшіп-қонып, қыстау мен жайлау аралығында жүрген малшы ағайындарға оңай болмай тұр. Малшылар бұрын Арыстанды-Қарабастың желі тынбай 10 күн соққанда Сырға дейін түседі екен. Жеріміз жусанды. Кезінде Мыңбұлақ деп аталған. Ну қамыс, қалың тоғай болған бұрын. 1952 жылдан бастап қамысты құрту басталыпты. Қамыс қалмаған соң, қабан қалсын ба? Баяғыда қой отары, сиыр табындарымен қара-құйрықтар суатқа бірге құлайтын деседі. Дуадақты құрықпен ұрып алатын. Ел Шаянның жусанын шауып, отынға пайдаланатын...

Экологиялық жағдай Қазақстанның қай ауданында да онып тұрмағаны белгілі. Бірақ Алғабас пен Созақ сияқты жартылай шөлді, шөлейтті жерді мекендеген аудандар су тапшылығын сезіне бастағанына бүгін ғана сан соққаннан не пайда? Қоғалы көлдер, қом сулар жөнінде, осы өңірдегі нар қамыстар мен арыстан, жолбарыстар туралы аңыз айтқаннан басқа жол қалмағаны ма?

Тек қана алдындағы малға қарап отырған аудан нарық қыспағына тұтқиылдан киліктіау деп мұндағы мамандардың алаңдауын түсінеміз. Елдегі азаматтар осындай кезеңде тұйықтан шығар жол іздеп жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүр. Сондықтан болар, газет бетінде дәл мынау нарықты экономиканың бүгінгі мен болашағы туралы жан-жақты жазылса деген ұсыныстар, тілектер көп.

Аудан халқының әлеуметтік, экономикалық жағдайымен қоса, рухани дүниесін де ойламаса болмайды. Кеңес төрағасы Е.Махатовтың: - Біздің елде «Халық кеңесінің» орны төрде, - дегенін бүкпесіз пікірі деп ұқтық.

– Бұл газеттің мен де бір оқырманымын, – деді ол. – Газеттің ресми орган болуының өзі үлкен жүк. Бізге бағыт-бағдарды біліп отыру үшін қажет. Әсіресе, қазіргі таңда, құқықтық мемлекет құрып жатқан кезде ұлтжанды бағытын жалғастыра берсін. Бұл оңай емес. Ұлттық мүддеге қызмет ету жолындағы ізденістеріңізді құптаймыз. Жекешелендіру, нарық адамдардың жан-дүниесіне, сана-сезіміне қатты әсер етуде. Қазаққа тән жайбасарлықтан қорқамыз. Тағы да тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетпесін деңіз байлығымыз. Түрікменстанның Президенті С.Ниязовтың 10 жылға дейінгі үйді сатпау жөніндегі жарлығы көкейге қонады. Ал Қазақстанның жағдайында осындай тәжірибе ескерілсе қайтер еді? Коммерция мен билікті бөліп тастау керек. Қолында билігі бар адам коммерциямен айналыспағаны жөн. Газеттің бетінде оң тәжірибелер жиі көрінсе дейміз. Кейбір орыс тілінде шығатын газеттер парламентке шабуылдап жүр. Халықтық өкімет – өкілетті орган. Тоталитаризм мен монархияға жол болмауы тиіс.

Біздің ауданда Кеңестөбе деген жер бар. Бұл – тарих. Ал ауылдық Кеңестердің қазіргі халі мүшкіл. Кеңестердің төменгі буынын қорғау жөнінде газетте арнайы мәселе көтерілсе.

С.Бейсебаев, социалистік партияның аудандық жетекшісі: – Ұйымымызда бір мың екі жүздей социалистер есепте тұрады. Баспасөзге жазылуды қолға алып, үйлестіру тобын құрдық. «Халық кеңесіне» партия ұйымдары арқылы жазыламыз. Барлық баспасөз құралдары хандарды, билерді, бектерді жарыса жазып жатыр ғой. Зандар мен жарлықтарға түсініктемелер беріліп тұрса. Әкімдер мен Кеңес төрағалары арасындағы қарым-қатынас жөнінде, қоғамдық ұйымдар, партиялар туралы ескерілсе дейміз.

Ә.Айтбеков, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы: – Газеттің қазіргі беталысы талапқа сай. Ұлттық дәстүрге, салтқа көп орын беріледі. Шарифаттан үзінділер, баталар, бабалар сөзі, тарихи тақырыпқа арналған шығармалар жарияланып тұратыны ұнайды. Әрине, халықтық мәселелерді үнемі қозғау керек. Рушылдық дертін қоздатып жүргендерге тыйым салған жөн. Желтоқсан ызғарына шалдығып, кейіннен ақталған Сәбит Исабеков деген жігіт біздің аудандікі. Халық депутаттары аудандық Кеңесімен келісіп біз оған бір жолғы жәрдем бердік. Басқа жерде қалай? Біздің Алғабас ауданы – республикадағы ылғи қазақтар тұратын, империялық озбыр саясаттың зардабын шеккен, экономикасы мен әлеуметтік жағдайы қиын 30 ауданның бірі. Сондықтан көбірек мұң шақсақ, басқалар дұрыс түсінсін.

С.Дәулетбаев, аудандық газеттің редакторы: – Газет тағдырынан хабардармыз. Қазіргідей қиын кезеңде, әсіресе журналистер қауымына жүктелер міндет ауыр. Халықтың ой-санасының тәрбиешілерінің халі нешік? Шаруашылықтарды аралап жүргенде «Халық кеңесі» туралы пікірлерді жиі естиміз. Бұл – газетті оқиды, оқырмандары бар деген сөз.

Ф.Қадырбаева, «Майбұлақ» совхозының директоры: – Республикалық ресми газетіміз бастаған, көтерген мәселелер баршылық. Мәселен, соңғы кезде көзіміз шалған «Қазақшаң қалай, өзі?» деген айдар өте қажет. Жоғарғы орындар бізге көптеген қаулы-қарарларды әлі күнге дейін орысша жолдайды. Неге? «Соқыр тауыққа бәрі бидай» дейтін шығар. Сессиялар да қазақша өтуі керек. Мәселе көп.

Ауыл шаруашылығының өнімдері өте арзан бағамен сатылады, ал техника өте қымбатқа түсуде. Шопандардың, малшы қауымының мұң-мұқтажы, зары жоғарыға жетпей жатыр. Сессияда айтылған ұсыныс-талаптар жерде қалмаса екен! «Халық кеңесін» совхоз 200 дана жаздырып алады деп сендіреміз.

Ә.Байсеңгіров, еңбек ардагері: – Көп жылдар көмір шахтасында, Байжансай руднигінде істедім. Газет-журнал таратушы да болғанмын. Қазір зейнеткермін. Өткен жылы 11 түрлі газет-журналға жазылған екенмін. Қазір айына 2 мың сом зейнетақы

аламын. Қымбатшылық қысып тұр. Дегенмен, «Халық кеңесіне» ынта-жігеріммен жазылуға ұйғардым.

А.Оразқұлов, «Алғабас» совхозының директоры: – Біздің совхоз территориясындағы Үсіктас деген жерде Қамбар батыр туған екен. Шаян өзені Сырдарияға құятын суы мол өзен еді. Жағасы ну қамыс еді. Су қоймалары салынды да, жер шөлге айналды. 4 мың гектар жерді Қапшағай су қоймасы арқылы суардық деп жүрміз ғой, бірақ соның пайдасынан зияны көп болып шықты... Табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылғанын енді сездік...

Ел қазіргі қиындықтарға төзіп бағуда. Барлық ауыртпалықты совхоздың өзі көтеруге тырысады. Бірақ... 28 пайыз табыс салығы дейтін титықтататын түрі бар. Шымкент бізден 130 шақырым жерде. Совхозда 930 түтін бар. Көмір тасимыз. Автокөлік қиындап барады. Айлық мез емес. Ауыл мұқтажын кім ойлайды осы? Тәртіп азайып барады. Рәкет дейтіндер малшыларға да тиісе бастады. Бір қой базарда 2 мың сом. Оңай олжа ізегендердің жемі болмасақ жарар еді!

Бұдан бір 10-20 жыл бұрын «бізде анау жетіспейді, мынау жоқ» дегенді басшылар көп айтпайтын еді, ал қатардағы еңбекшілердің мұңына ешкім құлақ аспайтын еді. Заман желі қалай-қалай соға бастады өзі. Бұл ел басқарып жүрген азаматтардың бәрін бірдей күстәналау емес. Дегенмен, ойланбасқа шараң қайсы...

Алғабас ауданындағы оқырмандарымызбен жүздесулер көп әсер қалдырды. Шаян селосындағы XIX ғасырдың бірінші жартысында салынған көне мешіт-медресе үйін көріп, ойға қалдық. Садық төре Кенесарыұлы, Майкөт ақын, Мәді төре дәріс алған деседі. Отырардың маңындағы үлкен орталықтың бірі осы Шаян болған шығар, бәлкім. Мешіт – медресе – музей қалпына келтірілуде. Бұл туралы кейінірек кеңірек тоқталармыз. Алда Созақ ауданына апаратын жол созылып жатты.

## 2. СОЗАҚТА КӨНЕ СОҚПАҚ КӨП...

Аудан жұртшылығы ұлы күйші Сүгірдің 110 жылдығын атап өтуге дайындалып жатқан абыр-сабыр кезде келдік. Созақ даласында ең алдымен құлаққа бағзы күйлер сарыны шалынады. Сүгір күйлері. Қаратау шертпелері.

Атақты Шәкең – Шәмші Қалдыаяқов «Теріскей, айналайын, келбетіңнен» деп тамаша әнін арнаған өлке... Келіншектау... Шолақ қорған...

Созақ ауданында 59 мың адам тұрады. 28 ұлттың өкілдері бар десе де, халықтың 97 пайызы қазақтар. 10 шаруашылық бар. Тек «Созақ» совхозының өзінде – 10 мың адам. Тарихы тереңде жатқан ел. Бұрын теріс түсіндіріліп келген «Созақ көтерілісі» өткен мекен. Ауданда 2 мыңнан аса ірі қара, 500 мың қой (қаракөл), 13 мың жылқы, 8 мың түйе өсіріледі. Жайлауға Бетпақдалаға шығады. Бұл да баяғы тізімге енген 30 ауданның бірі...

А.Мырзалиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы: - 10 ауылдық Кеңесте де ардагерлеріміз бар. Тіл тағдыры бізді қатты толғантады. Қазақ тілі шын мәнінде Мемлекеттік тіл болғанын қалар едік. Демократияны әрқалай түсінініп жүрміз. Ру-руға бөлініп, өз батырларын бөліп алып, насихаттау белең алуда. Тәрбие жұмыстары босаңсып барады, тәртіп азайды. Жастарымыздың арасында «Баяғыда фашистер бізді жаулап алғанда жағдайымыз қазіргіден жақсы болар еді» дейтін ұшқары ойлар айтылатын көрінеді. Демократия деген – ауызға келгенді айту емес шығар!

Президентіміздің қазақша сөйлеуін қалаймыз. Басқа тілдерге аудармашы аударсын сөзін. Тіпті, орыс тіліне де!

Қ. Мыңжанов, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы: – Тіл туралы Заңымыз осал. «Қазақ тілі» дейтін не қаржысы, не пәрмені, не күші жоқ «куыршақ» қоғамның қажеті не осы? Кімді алдаймыз? Іс-қағаздарын қазақшаға көшіру жөнінде белгіленген шара да кейін шегеріліп барады. Министрлер Кабинеті қабылдаған қаулы (биыл, тілге қатысты) қайда қалды? Ауданымыздың орталығына кіре берісте қазақтың үш биінің

ұлағатты сөздері тұр. Қолымыздан келгені сол. «Қазақ тілі» қоғамын парламент қамқорлығына алса дейміз. Бәлкім, сонда көзіміз ашылар... Содан соң, газеттеріңізде жарияланған намысты қайрайтын мақалалар орыс тіліне жедел аударылып, жарияланса...

С. Абдуллаев, аудандық су жөніндегі басқарманың бастығы: – «Халық кеңесі» 15-тамызда «Тасөткелдің суына талас», 18-тамызда «Тасөткел бағымыз ба, сорымыз ба?» деп екі рет мәселе көтерді...

1974 жылы Шу өзенінің бойында Тасөткел су қоймасы салынды да, ол Жамбыл облысының қарамағына берілді. Біздің Созақ ауданы 14 жыл одан су ала алмадық. 1987 жылы үлкен мәселе көтеріп, дау туғыздық. Екі облысқа да Тасөткел суын тең бөлуге әрекет жасалды. 1988 жылы су бізге де келе бастаған. Тасөткел – екі облысқа ортақ су қоймасы, Шу – екі республикаға ортақ өзен. Осыны түсіну керек. Газет осы проблеманы қайта қозғап, әділ шешім айтса дейміз. Қазіргі таңда біздің ауданның сумен қамтамасыз етілуі 29 процент қана!

Б. Ботанов, социалистік партияның мүшесі: – Ауылдағылардың айлығы шайлығына жетпей жатыр. Бір қап ұнның құны аспанға шықты. Осы мәселе зерттелсе. 1932 жыл қайталанып жүрмес пе екен, осы?!

Д. Тұрантегі, еңбек ардагері: – Газеттің рухты сезінуі, жырауларды бірінші бетке беруі ұнайды. Ірі-ірі тақырыптар қозғалады. Озық тәжірибе жиі көрініс тапса. Әсіресе, ауыл шаруашылығының мұқтажы, малшылар тұрмысы қиын. Депутаттар назарын осыған бұруға газет көмектессе. Тарихтағы Созақ, Адай, Ырғыз көтерілістеріне қайтадан назар аударылса, архив деректерінің өзін сана сүзгісінен қайтадан өткізу қажет.

Ж. Жылқыбаев, «Жартытөбе» совхозының бас инженері: – Күн сайын газеттің жаңа нөмірлерін асыға күтеміз. Халықтың көзі ояу, құлағы да түрүлі. Бір жақсылық, жаңалық болатындай елеңдейміз!

Бір ұсынысым: «Халық кеңесі» демалыс күндерімізді жұма мен сенбіге ауыстыруға атсалысса екен.

Созақ ауданының әкімі Әбдірахман Омбаев пен халық депутаттары аудандық Кеңесінің төрағасы Досыбай Шерімқұлов тізе қосып, бірлесіп, ақылдасып ел басқарып отырған азаматтар екен. «Басты мақсат – жеке мүддені көздеу емес, халықтық мәселелерді бірлесіп шешуде» деген олардың пікірлеріне ризашылықпен қол қойдық. «Тек қана Кеңеске бұрмай, әкімшілік жұмыстары да газеттеріңізде көрініс тапса екен» деген тілекті де құп алдық. Солай болып та жүр.

Ауданның «Созақ» және «Жартытөбе» совхоздарында болып, оқырмандарымызбен пікірлестік. «Зандар сессияда қабылданғаннан кейін көп кешіктірмей газетте жарияланса», «Зандарды топтап, жеке кітапша түрінде шығару ескерілсе» деген ұсыныс-пікірлер болды. Аудан территориясында мәрмәрдің жақсы қоры бар көрінеді. Түркиядан мамандар келіп жүр. Шарт жасаспақ. Созақ көмірі жөнінде проблема да шешімін табуға керек. Экологиялық жағдай ескерілсе. Созқтың да шет аудан екені рас, бірақ оны оп-оңай тозаққа теңеуге басқалар асықпасын деген пікірдің де жаны бар сияқты. Су проблемасы оң шешімін тапса, аудан экономикасын көтерудің ішкі қайнар-қоры қуатты тәрізді.

Қазақ өзгенің артықшылығын, өзінің кемшілігін де көре алады. Осы Созақта жүргенімізде мынадай бір қанатты сөз құлағымызға шалынды: «Көршіміздің (сірә, өзбектер) баласы түске дейін базарға барып, көшет сатып әкеліп, ауласына отырғызады, ал түстен кейін оған шешесі ешкісін байлайды». Міне, осындай өзгелердің ұсынақтылығынан тағылым алуға қазекем шаршамаса екен дейсіз іштей.

Сапарымыз бұдан соң Ленин ауданында жалғасты.

### **3. «ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ БАСЫНДА КЕМЕ ҚАЛҒАН...»**

Оңтүстік аудандарға ойысқан кезде жер ажары өзгеріп сала береді. Қазығұрт тауының баурайында күз келгені білінбейді. Көк-жасыл дүние. Сабағын майыстырған

түрлі жеміс-жидектердің дәмі тіл үйіреді. Күзгі жиын-терін жұмыстары ғана жаз өтіп кеткенін еске салатындай...

Аудандық Кеңес төрағасы Молдабай Илиясов шаруашылықтың қыр-сырын білетін, ел ішінде беделі бар кісі екені көрініп тұр. Аудан әкімі Ғалымжан Жұмжаевты бұрын облыстық жастар жетекшісі ретінде танытынбыз. Аудан атын «Қазығұрт» деп атау жөніндегі ұсыныстарына жауап күтуде екен.

«Қызылтаң» колхозында Түрквоның (Ташкент) әскери бөлімшесі самолет пен танкінің сынағын жасап, халықты әбігерге түсіріп, тіпті, адамдар оққа ұшып, ойына келгенін істеп жатыр. Бұл туралы «Халық кеңесі» газеті «Мұң-зарын Көктөбенің кім тындайды?» деп мақала жарияланған-тұғын. Мәселе аяқсыз қалмауға тиіс, әрине. Кездесулер аудан активтерімен және «Қызылтаң» колхозының еңбекшілерімен екі жақты да пайдалы болған сияқты. Аудандық Кеңестің мәжіліс залының төріндегі «Сын менен өзара сынды өрістетейік!» деп бадырайтып қойған жазуға көзіміз түскенде жүрегіміз аздап қобалжығандай сезінсек те, әдепті де әділетті ой, пікір, ұсыныстардан соң көңіл жайлағандай. «Өзара сынды өрістетіп» жібермей-ақ ашық пікір алысуға болады екен.

С. Қалшабаев: – Мынадай қиын кезеңде адамдарды имандылыққа, мейірбандылыққа шақырып, дін жолының ақ екендігін түсіндіру артық емес. «Обал болады» деген сөздің мәнін ойланайықшы...

Меніңше, елдегі егесі де, биі де, басшысы да – хан емес, Заң. Заңды Жоғарғы Кеңес қабылдайды, Президент күшіне енгізеді, ал оның жүзеге асуын өкілетті органдар қадағалайды. Тек осыған үйренейік.

Т. Әлкенова, аудандық Кеңес төрағасының орынбасары: – Жерімізге көз алартып жүргендерге батыл тойтарыс беру керек. Бұған «Халық кеңесі» де үн қосып жүргенін құптаймыз. «Хақ» деген газет жазған мәселелер көкейге қонбайды-ақ. Д. Қонаев ақсақал өткен жылдарды еске алып, естелік жазып шығаруда. Бүгінгі күн тақырыбына Димекен неге ашық пікірлерлерін айтпасақ? Әлде, қазіргі заманды түсіну қиын ба?

Ж. Сүйеуов, аудандық «Қазығұрт тынысы» газетінің редакторы: – Депутаттар арасында ел, жер тарихын көпе-көрінеу бұрмалап көрсететіндер бар. Мүмкіндігінше, оларға қолма-қол тойтарыс беріп отырсаңыздар екен.

С. Қалдығараев, журналист: – Өзбекстанда шығатын «Правда Востока», т. б. газеттердің редакторлары – өзбектер. Ал бізде неге орыс тілінде шығатын газеттерге қазақ халқына жаны ашитын, мұңын айтатын, мұқтажын түсінетін қазақтарды редактор қоймасқа? Сонда дүрдараздық оты тұтанбас еді. Сонда қазақ газеттерінде шыққан ел, жер тарихына қатысты елеулі мақалалар орыс тіліндегі газеттерге кедергісіз басылар еді. Солай ғой?!

М. Илиясов, аудандық Кеңес төрағасы: – Жалпы, біз «Халық кеңесіне» де, қазақ тілінде шығатын басқа басылымдарға да жанашыр болып келеміз. Ұлттық намысқа тиетін орыс газеттеріндегі кейбір мақалаларға өткір тойтарыс берулеріңізді күтеміз. Бұл газет тіл, тарих туралы жақсы жазып жүр. Аудан халқына қабылданып жатқан заңдар осы газет арқылы жетеді. Бірақ кешігіп барып қолымызға тиеді. Әрине, заң ескірмейді ғой, бірақ халыққа тез жетуі де ойластырылса. Заңға сүйеніп айтылған сөз өткір.

Бір байқағаным, Негізгі Заңымыздың жобасын талқылауға байланысты газет жақсы жұмыстар жүргізуде. Тіл төңірегіндегі айтыс-тартыста да айқын бағыт ұстап келеді. Біздің ауданда сонау тоқырау жылдарының өзінде іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілген болатын.

Ленин ауданының «Қызылтаң» колхозында көптеген ардагерлермен ой-пікір бөлістік. Колхоз төрағасы Д. Байтұрсынов бастап, ардагерлер А.Мұсабаев, Р. Әйтекенов, Ә. Қуанышев, т. б. көптеген сауалдар қойып, өздерін толғандырып жүрген жайларды қозғады. Мәселен, Қазақ телевизиясының хабарларын көре алмайтын ауылдар Оңтүстік Қазақстан өңірінде де кездесер деп ойламаппыз. «Қызылтаң» – солардың бірі. Оңтүстіктегі азамат Павлодарды қалай қазақшалау керек деп бас ауыртса, бұл да ілгері басқанымыз, бір мәселені 3-4 газет қатар көтерсе де шешімін табуы оңай болмайтынының

себебін сұраған ауыл адамын баспасөз беделі толғандыратынын ұқтық. Қазақтардың той-томалақты түнге қалдырмай, күндіз, демалыс күндерге ыңғайлағаны жөн деген ұсыныс та құлаққа кіреді, құптаушыларын табар, бәлкім.

Мектеп директоры Т. Дәулетовтің халықтық педагогикаға көбірек көңіл бөлінсе деген ойын қолдаймыз, сондай-ақ, алдағы уақытта паспортымызды өзгерткенде «ов, ев»-терден толық құтылып, әр адамның аты-жөнінің алдына руы жазылса деген ұсынысын көпшіліктің назарына ұсына кеткіміз келеді. Бұл ақылдасып шешетін ортақ мәселе.

Өзбекстан тәуелсіздік алғанының бір жылдығын атап өтіп, Президент Жарлығымен бірқатар жеңілдіктер жасапты, біз де сондай күнге жақын қалдық, тәжірибе ескерілсе дейді халық өкілдері.

#### 4. АДЫРЫНДА АДЫРАСПАН ӨСКЕН КЕЛЕС

«Жаңа түскен келіншектей сызылар.

Оңтүстіктің жанға дауа күзі бар.

Өзбек-қазақ әдет-ғұрпы бірегей,

Оңтүстіктің жанға жайлы күзі бар» –

деп ақын Тоқаш Бердияров дәл жырлаған-ау. Келес ауданы – Тоқанның туған жері. Оңтүстік күзінің барлық бояуы да осында. Оған көзіміз жеткендей.

Келес ауданы 1989 жылға дейін үш рет таратылып, үш рет қайта бөлініп шыққан екен. 88 мың халқы бар, 12 ауылдық Кеңеске бөлінген. Мақта, алма, жүзім, басқа да көкөніс түрлері өсіріледі. 1.345 мың гектар жердің 23 мың гектары суармалы.

Аудан орталығы – Абай селосы деп аталады. Кейде келестіктер өздерін абайлықтармыз дейтіні содан. Дәл іргеде «Келес» мақта совхозы орналасқан. Танысуды осы совхоздан бастадық. Ауылдық Кеңес төрағасы Тұрсынбек Бейсенқұлов аз сөзге көп мағына сыйғызып, қысқаша шолу жасады, шаруашылық тынысына: – Совхоздың 3,5 мың гектар суармалы жері бар, 14 мың қой, 1 200 ірі қара өсіріледі. Негізгі кіріс (70-80 пайыз) мақтадан. Биыл мақта жинауды 5-6-шы қазаннан бастамақпыз. 25 центнерден алсақ деп жоспарлап отырмыз. Астықты әр гектардан 22 центнерден алдық. Совхозда 12 мың адам бар. 1 200 зейнеткердің 87-сі соғыс ардагерлері. Совхоздың оларға шөп, астық, жем, көмір, т. б. қажеттеріне көмегі жыл сайын болып тұрады. Суармалы жерді пайдаланатындықтан әр үйелмен өз бау-бақшасында көкөніс өсіреді. Совхозда 13 елді-мекен, 9 фельдшерлік пункт, 6 мектеп, оның бесеуі онжылдық, 3,5 мың бала оқиды. Мәдениет сарайы, екі клуб, екі ауруханасы бар бұл ауыл аудан орталығына 5-ақ шақырым жерде.

Аудандық Кеңес төрағасы Бәйділда Жылқышиев мақталы аудан өміріндегі бір үлкен жаңалық ретінде биыл 400 гектар жерге израильдік жаңа технологиямен мақта өсіріліп жатқанын айтты. Бұл жөнінде газетімізде «Еврейлер де мақта егеді екен» деген тақырыппен материал жарияланған болатын. Бұл жаңа технологияның қыр-сыры сонда баяндалған. Сол мақталық алқапты көзбен көрдік. Қол күшінің 50 пайыз үнемделуі, судың 50 пайыз үнемделуі, сапалылық, т.б. таңдай қақтырғанын жасырмаймыз. Қазір бұл әдісті облыстың Түркістан, Мақтаарал және осы Келес аудандарының шаруашылықтары тұңғыш рет қолдануда.

Өркендеген елдерден үйренеріміз көп қой. Мәселен, Израильде помидорды комбайнмен жинайды екен. Гектарынан 120 тоннадан алады екен. Ал бізде 20-30 тонна үлкен жетістік деп саналады. Салыстыра беріңіз.

Аудан орталығында болған ашық пікір алысуда айтылған кейбір ойларға тоқтала кетейік.

Б.Қырғызәлиев, Қазақстанның халық депутаты: – Бұл ауданның да әлеуметтік-экономикалық жағдайы қиын. Аудан орталығында 15 мың адам тұрады. Аурухана, перзентхана құрылыстары тоқтап қалды. Өндіріс орындары жоқ мұнда. Бір автокомбинатымыз бар еді. 5-6 миллион сом табыс келтіріп отыратын кәсіпорынды Сарыағаш



қаласына аударып салған. Неге? Депутаттық сұрау салдым. Жан басына 2 келіден қант беру мәселесін қадағалау керек. Өзбекстаннан 2 совхозымызды қайтарып алдық. Енді ондағы құрылымдарды тезірек қарау керек. Парламент газетінде көп мәселелер жақсы жазылып жүр. Өзім биыл 1338 сомның газет-журналына жазылдым. Ішінде «Халық кеңесі» де бар.

А.Жиенбеков, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы: – Газет Кеңестің жұмысындағы кемшіліктерді де сын төзіне салып отырса дейміз. Қаржы тапшылығы оңай тимей отыр. Зейнетақы мөлшері төмен. Еңбекақы да мардымсыз. Көмірдің бағасы өсіп еді, көп үйелмендер жылусыз қалатын түрі бар. Осы мәселені облыстық Кеңестің сессиясында қарамақшымыз. Біздіңше, бар қазаққа бір ғана басшының билігі қажет. Бәлкім, сонда жағдай түзелер...

Т.Бейсенқұлов: – Жергілікті Кеңестерді – демократияның бастауыш ұясы ретінде сақтау керек. Салық жүйесін соларға беру керек. Қолымызда ештеме қалмай барады...

Міне, біздің оқырмандарымызды сан алуан мәселелер толғандыратынын байқаймыз. Газет ұжымы алдағы уақытта да олардың өзекжарды ойлары жарыққа шығуына, қиын түйіндер шешімін табуына жанашырлықпен қолғабыс-көмек көрсетеді.

Оңтүстіктегі шуақты күндерден кейінгі байлам осы болды...

\* «Халық Кеңесі» газетінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы күндеріне газеттің бас редакторы Сарбас Ақтаев пен облыстағы тілшісі Ертай Бекқұлов те қатысты.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

## СЕРГЕК САЯСАТ – МЕМЛЕКЕТ МӘРТЕБЕСІ

*Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Төлеутай СҮЛЕЙМЕНОВПЕН сұхбат*

*Қоғам дамуындағы күрделі өзгерістер кезеңі тарихи сананың, ұлттық сананың оянуына елеулі ықпал жасады. Сондай-ақ, бұрын бір ғана идеологияның құрсауынан шыға алмаған саяси сана бостандық алды. Еркін ойлаудың, жаңаша ойлаудың ықпалы сыртқы саясат мәселелерінде де сезіле бастағанын бағамдаймыз. Бұрын тек социалистік идеямен суарылған елдерді ғана танып, солармен ғана достық қарым-қатынастарға көңіл бөліп келсек, енді ірі капиталистік мемлекеттердің өзімен мүдделестік табудамыз. Бұл тек қана экономикалық, мәдени байланыстарды нығайтумен шектелмейтін сияқты. Саяси байланыстардың да аясы кеңейетін тәрізді. Осы орайда Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Төлеутай СҮЛЕЙМЕНОВ бірқатар сауалдарымызға жауап беріп, ой бөліскен еді.*

– Төлеутай Ысқақұлы, қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде, оңымыз бен солымыздыайқын ажыратып, өз мемлекетіміздің мүддесін өзгелермен тең дәрежеде қорғаудың, бұрынғы бір орталыққа бағынған басы- байлылықтан, кіріптарлықтан арылып, шет мемлекеттермен тұрақты саяси байланыс орнатудың кілті қайсы? Қазақстан сыртқы саясат мәселелерінде бағдарламасын айқындап алды ма?

– Күрделі кезеңнің міндеттері де күрделі ғой. Әсіресе, саяси байланыстар мәселесінде тұрақтылық өте-мөте қажет. Қоғамның даму ерекшеліктері саясатқа сәулесін түсірмей тұрмайды. Қоғамдағы өзгерістер кейбір мемлекеттерді тығырыққа тіреп, ішкі қайшылықтары белең алып, сыртқы байланыстарын қиындатып жіберуі де мүмкін. Бұл әсіресе, бұрынғы Одақтың құрамында болған республикалардың қазіргі таңдағы жағдайынан да байқалады.

1991 жылы 16 желтоқсанда біздің республиканың Парламенті «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Заң қабылдады. Онда Қазақстанның халықаралық деңгейдегі алатын орны, өзінің дипломатиялық және елшілік байланыстары болатындығы, халықаралық ұйымдарға кіріп және олардың қызметіне қатыса алатындығы жөнінде анық айтылған. Қазіргі Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ендеше, бұған дейін біздің министрліктің өз бетінше шешім қабылдауына қолбайлау болып келген кедергілер жойылды деген сөз. Сыртқы саясат мәселелерінде біз енді ешкімге де жалтақтамаймыз. Халықаралық байланыстарды біз бұдан былай тең тәуелсіздігімізді мойындау мен құрметтеу, тең праволылығымызды тану мен ішкі істерге араласпау, күш қолданбау, экономикалық және басқа да қысым түрлерін жасамау принциптері негізінде құрамыз. Сыртқы саяси қызметтің бұл шарттары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірінші басшылары қол қойған Алматы Декларациясында да көрініс тапты. Бұл документтің бүкілдүниежүзілік қоғамдастық үшін маңызы өте зор және бұлай деуіміз ешқандай да асыра айтқандық емес. Біздің дұрыс қадам жасағанымыз, бұл ретте мен күні өткен Орталықтың орнына Достастықтың құрылуын айтамын, мынадай фактілер арқылы да дәлелденеді: Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін дәл бүгінгі күнге дейін 70-тен астам мемлекет пен өкімет таныды. 34 мемлекет біздің республикамен дипломатиялық байланыс орнатуға әзір екендігін білдірді. Қазірдің өзінде Қытай, Ұлыбритания, Монғолия, Иран, Жапония, Франция, Корея Халық-Демократиялық және Оңтүстік Корея Республикаларымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату жөніндегі протоколға қол қойылды. Келесі кезекте тағы да бірқатар мемлекеттер бар. Яғни, жетпіс жылдық томағатұйықтықтан кейін Қазақстанның халықаралық қызметінде дербес шешімдер қабылдауына мүмкіндік туды. Біздің республикадағы қоғамдық-саяси ахуалдың біршама тұрақтылығы – шет мемлекеттер мен тұрақты саяси байланыстар орнатуға сөзсіз көмектеседі. Саяси байланыстар кілтпанының кілті де осында. Саяси бағдарымыздың қандай принциптерге негізделетінін жоғарыда айттым.

– Министрліктің қызмет өрісінің кеңеюі оның ішкі құрылымына да өзгерістер әкелген болар?

– Әрине, мемлекет мүддесін көздейтін министрліктің жұмыс ауқымы ұлғайған сайын оның міндеттері де ауырлайды, құрылымында өзгерістер де болады. Қызметкерлеріміздің саны көбеюде, жаңадан бөлімдер ашылуда. Сыртқы саясат және халықаралық ұйымдар бөлімін, келісім-праволық мәселелер бөлімін жаңадан ұйымдастырдық. Сондай-ақ, елшілік бөлімі басқармаға айналдырылды. Осы орайда кадр мәселесі күн тәртібіне өткір қойылуда. Бұрынғы Кеңес Одағында дипломатиялық жұмыстармен айналысатын қызметкерлер даярлайтын бір ғана жоғары оқу орны болғаны белгілі. Ал ондай жоғары оқу орны бізде әлі күнге дейін ашылған жоқ. Білікті мамандар даярлау ісін шұғыл қолға алудың қажеттілігі күн сайын сезілуде.

– Қазіргі территориямыздың тұтастығы мен бөлінбейтіндігі туралы уағдаластықтың беріктігіне сенімдісіз бе? Бұл уағдаластық заңдастырыла ма? Бұрынғы «одақтас» республикалармен шектес шекараларды «шекара қорғаудың халықаралық нормаларына лайық жүйелеп алу керек» деген пікірге қалай қарайсыз?

– ТМД-ға қатысушы мемлекет басшылары Алматы Декларациясына қол қойған кезде территориялық тұтастықтың сақталатындығы туралы және қазіргі шекараның бұзылмайтындығы жөнінде бір-бірімен уағдаласты. Бұл алдағы уақытта да шекара мәселесін реттеудің халықаралық нормаларына сәйкес қабылданатын праволық документтердің негізі болуға тиіс. Шекараға қатысты сөз қай кезде де іргелес көршілерге жайлы тимеген. Тату-тәтті екі елдің шамшылдығын оятатындықтан шекара мәселесінде өте абай болу керек. Әсіресе, бұрынғы КСРО-ның кезінде одақтас республикалар арасындағы шекара бөлісі өте ықтият жүргізілген деп айту қиын. Бұл ретте шыдамсыздық пен қызбалық көрсетіп, «тура» шабуылға шығу да абырой әпермейді. Шекара тек саяси құжаттар да ғана көрсетілуі жеткіліксіз, әрине. Ол заң жүзінде бекітілген документте белгіленуі керек.

Бұл ретте, ешкімнің де шекараны жауып тастап, тұйық шеңбердің ішінде өмір сүргісі келмейтінін түсінгеніміз жөн. Мәселен, ТМД құрамындағы мемлекеттермен біздің толық өзара түсіністікте болатындығымызға сенемін. Бір-бірімізге барыс-келіс визасыз-ақ жүзеге асады деп ойлаймын. Шекараны жауып тастаудың бізге экономикалық жағынан қымбатқа түсетіні өз алдына, саяси жағынан да тиімді емес. Рас, біз жеке мемлекетпіз, бірақ, Достастық елдерімен жақын қарым-қатынаста екендігімізді де ұмытпайық. «Темір перде» тұтып бөлектенудің, оңашаланудың біздің қоғамда орын алған біржақты тәжірибесінен сабақ алсақ та жеткілікті. Ескі тәжірибені қайталаудан ұтарымыз шамалы сияқты.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан қолында ядролық қаруы бар мемлекет ретінде танылуда. Осыған байланысты шет мемлекеттердің алаңдаушылық білдіруінің себебі неде?

– Тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматыдағы кездесуінде ядролық қаруға біріңғай бақылау жасауды қамтамасыз ету жөнінде, оны таратпау туралы, МАГАТЭ нормаларын сақтау, жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау жөнінде Батыс елдерімен ынтымақтастыққа келу туралы мәлімдеме жасалды. Осы айтылғандарды қатаң назарда ұстап, біздің республика төрт ядролық держава басшылары қол қойған ядролық қаруға байланысты бірлескен шаралардың Келісімін берік сақтайды. Сондықтан біз ядролық қаруларды ешкімге сатпаймыз және ешкімнен сатып та алмаймыз. Дегенмен, Қазақстан басшылығының ядролық қаруларды таратпау жөніндегі өз міндеттемелерін орындап келе жатқандығын бірнеше рет мәлімдеуіне қарамастан, шет елдің бұқаралық ақпарат құралдарында біздің республиканың қарудың осы түрлерін саудаға салғандығы жөнінде жалған материалдар төбе көрсетуде. Таяуда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мәлімдеме жасап, мұндай жала жабуды батыл сынға алды. Жала жабу – алаңдаушылық білдірудің емес, аяқтан шалудың белгісі. Тәуелсіздігіміздің туы жоғарылай түскені біреулерге ұнамауы да мүмкін. Мұндайды қазақтар «көре алмаушылық» дейді емес пе.

– Сауда-экономикалық байланыстар саясатқа үнемі тәуелді деп ойлайсыз ба? Сыртқы саясатта экономикалық мүдделестікпен қатар, рухани-мәдени мүдделестіктің арналары қалай салынууда?

– Қай елде болмасын сыртқы саясат мәселесінің тұрақты сипат алуы сауда-экономикалық, мәдени, дипломатиялық, т. б. байланыстармен тығыз бірлікте дамиды. Мүдделестікті тек қана идеяластық деп түсінсек, бұл біржақты көзқарас болмақ. Қазақстан көптеген елдермен сауда-экономикалық байланыстарды бұған дейін де жүргізіп келген болатын. Тәуелсіз мемлекет екендігімізді жалпақ әлемге жария жасағаннан кейін шет ел бизнесмендері республикамызға жан-жақтан ағылуда. Әзірше бұлардың бірқатары тамырымызды басып, бізбен ынтымақтастықтың болашағына барлау жасауда. Өз тараптарынан экономикалық қуатымызға зерттеу жүргізуде. Сондай-ақ, қазірдің өзінде екіжақты сауда өкілдіктерін ашу жөнінде шетелдік әріптестерімізден көптеген ұсыныстар түсті. Түркиямен, Германиямен, Италиямен экономикалық қарым-қатынастар жақсы жолға қойыла бастады. Монғолиямен, Иранмен, Пакистанмен экономикалық байланыстар орнату жөніндегі документтер дайындалуда. Американың іскер тобының өкілдері Қазақстанға үлкен қызығушылықпен қарайды. Жоғарыда аталған елдердің көпшілігімен республикамыздың халық тұтынатын тауарлар шығаратын бірлескен кәсіпорындары бар. Сөз орайында айта кетсек, «Сенім» қазақ-американ бірлескен кәсіпорнын, Австралиямен, Германиямен, Италиямен бірлескен кәсіпорындарымызды осы санаттағы жетістіктеріміз санаймыз. Сарапшылар комиссиясы қазіргі таңда бірнеше сауда өкілдіктерін бірден ашудың жолдарын пысықтауда. Нақты атап айтуға сәл ертерек, екі-үш айдан соң белгілі болады. Дегенмен, Қазақстанның дамыған елдермен екі жақты берік экономикалық қарым-қатынастарды орнықтыру мен дамыту жолындағы іс-тәжірибесі қазірдің өзінде жинақталып қалды. Ендігі міндет, меніңше, көптеген ұсыныстардың ішінен ең тиімдісін таңдап ала білу және кешеуілдетпей әзірлік жұмыстарына кірісу. Экономикалық

мүдделестікпен қатар, мәдени байланыстардың да нығаюына әрдайым көңіл бөлеміз. Бұл – дәстүрлі арна.

– Республика Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында Сіз халықаралық шарттар туралы заңға өзгерістер ұсындыңыз. Сессия ол өзгерістерді бекітті. Осыған тоқтала кетсеңіз.

– Қазақстанның тәуелсіздік алуы дүниежүзілік қоғамдастық алдында республикамызға белгілі бір міндеттер жүктейді, жалпыға ортақ халықаралық хұқтық нормалар мен принциптерді қатаң сақтауды талап етеді. Республиканың ішкі және сыртқы саясатының хұқтық негізі болуы қажет. Мемлекеттік тәуелсіздікті нығайтудың, дүниежүзілік қоғамдастыққа шығудың, халықаралық байланыстарды кеңейтудің басты құралы – халықаралық шарттар екендігі мәлім. Тек шарт негізінде ғана республиканың шет елдермен саяси, экономикалық байланыстары нақты жүзеге аспақ. Сондықтан да біз «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар жасау, орындау және бұзу тәртібі туралы» Заңы осы сессияда қабылдануы керек деп таптық. Заң негізінен халықаралық шарттар жасаудың жалпы нормаларын, оны тіркеудің, жариялаудың және бұзудың тәртібін нақты көрсетеді. Отыз шақты баптан тұрады. Заң жобасын әзірлеу кезінде Республика Жоғарғы Кеңесінің Сыртқы қатынастар және парламентаралық байланыстар жөніндегі комитеті, Қазақстан Сыртқы істер министрлігі халықаралық хұқтың жалпыға ортақ нормалары мен принциптерін, республика заңдарын, Президент жарлықтарын, басқа да нормалық актілерді басшылыққа алды.

Халықаралық шарттар туралы заңға мемлекет мүддесі тұрғысынан бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл заң біздің тәуелсіздігіміздің, демократиялық идеалдарға бой ұрғандығымыздың, халықаралық нормалар мен принциптерді сақтауға дайын екендігіміздің нақты айғағы. Қазақстан беделінің тек қана арта түсуіне қызмет етеді.

– Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуының саяси мәні неде деп ойлайсыз?

– Біріккен Ұлттар Ұйымы – бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, ұлттар арасында достық байланыстарды дамыту мақсатында, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және адамгершілік проблемаларын шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін құрылған халықаралық ұйым. Мұндай беделді ұйымға мүше болу деген сөз – Қазақстанның дүние жүзі қоғамдастығында лайықты орны бар дегенді білдіреді. Әр мемлекеттік қоғамдық-саяси өмірдегі хұқын қорғауға БҰҰ-ның қосып отырған үлесі елеулі.

– Шет елдердегі қазақтардың атамекенге оралуға ыңғайлана бастағаны анық. Алдыңғы көш Монғолиядан бері қарай өтті де. Дегенмен, Көші-қон туралы заңды қабылдау әлі күнге кешігуде. Ал шетелдік қазақтардың Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдауға өтініш-тілек білдіруі қалай?

– Бүгінгі таңда Қазақстан Сыртқы істер министрлігіне шетелдерде тұратын қазақтардан Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға өтініш білдірген хаттар түсе бастады. Олар өздері тұратын мемлекеттің азаматтығын сақтап және соған қоса Қазақстан Республикасының азаматтығын алғысы келеді. Бұл орайда «Қазақстан Республикасының азаматтық туралы» Заңы кезінде республика территориясын еркінен тыс тастап кеткен барлық қазақтардың республикамыздың азаматтығын алуға хұқы бар деп таниды. Шет елдегі қазақтар Қазақстаннан қасіретті зобалаң жылдары еріксіз жер ауғанын ескерсек, бұл шешім әділетті екендігіне дау жоқ. Дегенмен, екі елдің бірдей азаматтығын алу жөніндегі мәселе екі мемлекеттің өзара келісімі негізінде жүзеге асуға тиіс. Бұл жағдай заңдастырылған мемлекеттермен мәмілеге келу оңай, әрине. Ал егер, кейбір шет мемлекеттерде қос елдің азаматтығын қабылдауға болатындығы жөнінде заң жоқ болса, онда олармен келісім жасауға тура келеді. Таяу арада біздің министрлік осындай мемлекетаралық келісім-шарттарды әзірлеуді қолға алмақ. Бұл мәселеге байланысты пікір алмасу Қытай Халық Республикасының, Монғолияның, Түркияның,

Германияның және басқа бірқатар елдердің дипломатиялық өкілдіктері арқылы жүріп жатыр.

Республикамыздан тысқары жерлерде тұратын және Қазақстан Республикасының азаматтығын алғысы келетін азаматтар Қазақстан Сыртқы істер министрлігіне, дипломатиялық өкілдіктерге және консулдық мекемелеріне жазбаша түрде өтініш түсірулері керек. Ал шет мемлекеттерде Қазақстанның дипломатиялық және консулдық мекемелері жұмысын бастағанға дейін біз, келісім арқылы, бұл жұмыстарды Ресей Федерациясының немесе ТМД-ға қатысушы басқа республикалардың дипломатиялық және консулдық мекемелері арқылы жүргізуге қамданудамыз.

– Қазақ тілі – мемлекеттік тіл дегенімізбен, көп мекемелерде әлі күнге дейін бұған салғырт қарау жойылмай келеді. Сыртқы істер министрлігінде іс қағаздары қай тілде жүргізіледі? Министрлік өзінің аудармашы-тілмаш кадрларын қалай даярлайды?

– Министрлікте іс қағаздары екі тілде: мемлекеттік – қазақ тілінде және ресми – орыс тілінде жүргізіледі. Қазақ, орыс және соған қоса шет ел тілдерінің бірін білетін кадрлар табуға көбірек көңіл бөлеміз.

Ал, аудармашыларды біз арнайы даярламаймыз, дегенмен, қызметкерлеріміз шет тілдерін меңгерген мамандар. Әрине, тіл білу бір басқа да, бір тілден екінші тілге аударма жасау – жоғары кәсіби шеберлікті қажет ететін жұмыс. Рас, біздің қызметкерлердің кейбір ресми кездесулерде тілмаш ретінде қатысатын кездері болады, тәп-тәуір тілмаштық тәжірибе жинақтағандары да бар. Алдағы уақытта министрлікте аударма бөлімін ашуды да ойластырудамыз. Сол арқылы жауапты қызметкерлеріміздің мойнындағы ауыр жүкті біршама жеңілдетпекпіз. Өйткені, кейінгі кезде ресми делегациялар бізге өте көп келетін болды да, мұның өзі мамандарды негізгі жұмысынан бөліп, аудармашы-тілмаштықпен айналысуға бөліп әкететін болып жүр. Сондықтан, бұл мәселенің дұрыс шешім табуын қолға аламыз.

– Пекин – Алматы – Ташкент – Тегеран – Анкара темір жолы қашан салынып, іске қосылмақ? Қазақстан азаматтарының шет елдерге бару-келу тәртібінде нендей өзгерістер болады?

– Жоғарыда аталған темір жол байланысын іске қосу мәселесі тек қана аса маңызды экономикалық тиімділігі үшін ғана емес, үлкен саяси маңызы болғандықтан да елеулі болып табылады. «Ұлы Жібек жолын» жаңғырту идеясының ең белсенді жақтаушысы Президент Н. Ә. Назарбаевтың өзі болып отырғандығы да талай нәрсені аңғартса керек. Қаншама қаржы үнемдеудің қажеттігін түсіндіріп жату да артық шығар. Сенімді әрі үнемді транспорт қатынасынсыз Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметін көзге елестетудің өзі қиын. Республика үкіметі темір жол байланысымен қатар, әуе және автомобиль жолдарының, теңіз және өзен қатынасының жобаларын әзірлеуді тиісті министрліктермен ведомстволарға тапсырды және мұны шетелдік әріптестермен бірлесе жүзеге асырудың жолдары қарастырылуда. Елшіліктермен байланысымыз жоғары деңгейде болатынына сенемін. Ал, Қазақстан азаматтарының шет елдерге бару-келу тәртібіне қатысты заң жобасы әзірлену үстінде.

– Қазақстан Евразиядағы саяси жағдайлардың қалыпты болуына елеулі ықпал ете бастады деген қоғамдық пікір бар. Тіпті, мұсылмандар мен христиандардың өзара түсінісуіне де дәнекер болар бірден-бір мемлекет деп қарайды. Ресей алдағы уақытта Ауғанстанмен, Иранмен, Пакистанмен, Қытаймен дипломатиялық қатынастарын тек Қазақстанның көмегімен ғана жүзеге асыруы мүмкін деп болжам айтады саясатшылар. Бұған қалай қарайсыз?

– Сергек саясат – мемлекет мәртебесі. Біз мұны жадымыздан шығармаймыз. Қазақстанның мемлекетаралық роліне, оның саяси үйлестірушілік қызметіне көңіл аударыла бастаса, бұл мемлекетіміздің саяси беделі мен салмағының арта түскенінің белгісі. Республиканың сыртқы саясаттағы ықпалы оның өз ішіндегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына да тәуелді. Қазір біздегі әртүрлі саяси партиялардың Президент

ұстанған бағытты түсініп, қолдауы сондықтан да қажет. Ал оның саясатындағы айқындылық мемлекетаралық байланыстарды нығайтуға септігін тигізуге тиіс.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

## ӨКПЕК ЖЕЛ. ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ. ӨР НАМЫС

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Сафуан Шаймерденов 70 жаста.*

– Сафуан аға, бүгінгі таңдағы болжаусыз оқиғалар, буырқанған қоғамдық-саяси ахуал, ел тағдыры мен ер тағдыры сынға түскен қиын кезең кейде көңілге аландаушылық әкеліп, кейде сенімге сызат түсіріп, кейде қайтадан үміт шырағын жағып, әрі-сәрі күйге түсірді ғой. Әйтеуір бей-жай ғұмыр кешіп жатқан ешкім жоқ сияқты. Қазақ халқының бүгінгі мен болашағы жөнінде толғанған сәттеріңізде тиянақ тұтар тірек табасыз ба?

– Ел тағдыры ең алдымен ер-азаматтардың қолында деп ойлаймын. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатын, атқарып жатқан істерін қабылдаймын әрі құптаймын. Түптеп келгенде, бұл саясат Қазақстан мүддесіне саяды. Тізгін ұстауды жетік меңгерген, болашақты болжай білетін, оң-солын айқын ажырата алатын адам ретінде оған ілтипатым өзгеше. Нұрсұлтан – халқымыздың ұлы перзенті деп білемін.

Қашаннан қазақ – мал баққан халық қой. Оның бір-ақ жауы болған. Ол – жұт. Ал басқыншы жаулармен күресі өз алдына. Жеңілген де, жеңген де. Есесін жібермеген. Ата-бабасынан қалған жерді сойылмен қорғаған. Ал енді ауа райы жайлы болып тұрса, қазақ қамданбаған. Қамсыздығынан талай рет опынса да сол баяғы қалпы. Жұртқа ұшыраса, мыңғыртып мал айдаған байлары бір-ақ күнде жүген-құрық ұстап қала берген.

«Таңдағы тамақ – тәңірден» дейді қазақ. Орыс олай демейді. Ерте қамданады. Қауесет шықса – құлақтары түрулі. Керек нәрсесін дорбалап жинайды. Орыс он жылға сіріңкесін жинайды, бес жылдық азығын әзірлеп қояды. Қазақ өтпейді. Неге? Міне, бұл мінез-құлықтағы, әдет-дағдыдағы айырмашылық. Бұдан біздің ұтылып қалған кездеріміз көп.

Тәуелсіз мемлекет болдық дейміз. Енді сол тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін күрессек екен. Партиялар көбейіп кетті. Кейде солардың бірқатары ұшқары ұсыныстарымен, ұр да жық ұрандарымен көбірек көзге түсуде. «Тезірек жұмақ орнатпады», «орыстарды қумады», «көштің соңында қалды», т.б. деп Президентке мін тағулары – құрғақ байбалам. Мәселен, біз тәуелсіздікке кешігіп қол жеткіздік. Айғайшыларға еріп, асығыстыққа бой алдырғанда ұтылатын едік. Мұны терең бағамдап, түсінген жөн. Ең бастысы – бағытымыз түзу. Анық басып, алысқа баруды көздейтіндігі үшін Нұрсұлтанға тәнтімін. Ұрандатып, ту ұстап, атқа қонумен емес, ақылмен, тіпті амал-айламен мәселені халық мүддесіне бұрып шешетін заман ғой қазір. Н.Назарбаев келелі мәселелерді өткір қозғайды. Бір тілегім: Президент айтқанынан қайтпауы керек, жарлығын орындатуы керек, өте әділ болуы керек. «Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы» белгілі ғой, енді «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» дейтін болайық. Өтпелі кезең қиындықтарына төзсек, алдағы 5-10 жылда іргелі ел болатынымызға күмәнданбаймын.

– Әкімшілік басқарудың бел алғанына қалай қарайсыз? Жеке дара билеп-төстеудің кешегі ащы зардаптары жөнінде ұмыту қиын. «Айттым – бітті, кестім – үзілді» дейтін кезге қайта оралып жүрмейміз бе?

– Халық сайлаған депутаттар әкімдерге жол бере ме деген сөз шықты. Мұның мәнісі бар сияқты. Демократияға жоғары мәдениет арқылы жету керек шығар. Тәртіпке сүйенген тәжірибе жемісті болмақ. Әйтпесе бей-берекеттіктің берері шамалы. Бірде көп

адам жиналған жерде бір қазақ ентелеп, кимелеп, ілгері ұмтыла беріпті. Жанындағылар: «Байқа, алдында құдық бар!» десе, «Көріп тұрмын, көріп тұрмын!» деп, бір кезде әлгі құдыққа құлап кеткен екен... Қысқасы, жығылатын жерімізді білмейміз. Гәп осында.

Соңғы екі-үш жылда көп шаруа тындырылды. Оны жоққа шығаруға болмасы. Өрле бара жатқанда, биікке шыққанына адам байқамауы мүмкін. Ол үшін соңына да біра ауық көз салсын. Сонда көреді: соңында – терең құз, алдында – асқар тау. Жалпы, әлемдік тәжірибеге сүйеніп, заң шығарушы, оның орындаушы және әділ төрелік жасаушы басқару жүйесі бар мемлекетке айналу үшін күрескеніміз дұрыс болар. Сонда билік бір адамның қолындағы қаһарлы қаруға айналмайды.

– Әдебиетке деген көзқарас өзгеріп кетті дейтіндерге не айтасыз? Қоғамдағы қым-қиғаш қайшылықтардың әдебиетке ықпал-әсері қалай болмақ?

– Абайдың заманында әдебиетті тану деген болмаған. Ал бүгін Абайсыз өмір сүре алмаймыз. Оның «Өлген мола, туған жер жібермейді...» дегенін зерделейтін көңіл болды ма? Абай таныған әдебиетті қазақ таныған жоқ ол кезде. Өресі жетсе, Абайдың ұлылығына бүкіл қазақ бас иер еді ғой көзі тірісінде. Қазақ күні кешеге дейін музыка өнерінде бас дауысты бағалаған жоқ. Бас дауысты әнші Мұрат Толыбаевты ешкім түсінбеді, қабылдамады. Ал Ақан Сері, Үкілі Ыбырай, Біржан Салдар тенор дауысты әншілер еді. Бас дауысты өнер деп танымағаны сияқты, қазақтың әдебиетке де көзқарасы әртүрлі. Кешегі бір заманда поэзия, проза, сын жанрларының дәуірлеген кездері болды. Драматургия онша өрістемеді. Меніңше, әдебиетке көзқарас өзгерді. Социалистік реализмнің салқынын Мұхтардан да, Сәбиттен де, Ғабиттен де, т.б. табуға болады. Поэзия да, сын да соның уысында болды. Заманның өзгеруіне байланысты үлкен әдебиеттегі ұлыларымыздың орны да қайта қарала ма деп ойлаймын. Бірақ, әдебиетке БКП(б) Орталық Комитетінің 1946 жылғы аты-шулы қаулысындай қиянат жасаудың бетін әрі қылсын. Анна Ахматова, Михаил Зощенко сияқты ұлыларға күйе жағу арқылы мыңдаған талантты жазушыларды тұсаулап, жолбикелерге өріс ашқанын білеміз. Елуінші жылдардың бас кезінде әдебиет үшін көркем шығармадағы тартыссыздық дейтін дерт қаулады. Бұл қақпанға «Абай жолын» бұрынырақ жазған М.Әуезов түскен жоқ. Жалпы, заман талабы, партия қойған талап дейтіндерге таланты төмендер немесе есептің қулары атын қосып, атағын шығарған ғой. Енді қарап отырсақ, қызыл түс ағарады екен. Тарих пен Уақыт елегіне түспейтін еш нәрсе жоқ тәрізді.

Біле-білсек, Бейімбет Майлин ұлы жазушы ғой. Нағыз айғайдың заманында туып, өмір сүрді, жазды. Және қалай жазған десеңші! Ғабиттің «Бейімбет жау болса, мен де жаумын!» деуінде үлкен мән бар. Әңгімелері, пьесалары өз алдына. Бір ғана «Раушан – коммунист» повесін қайталап оқиықшы. Сондағы өмір, тіршілік суреттері, мінез қақтығыстары терең ойға жетелейді. Бір қарағанда, бұлар айғайсыз дүние. Тіпті, коммунистік идеяға қызмет еткен сияқты. Идея үшін жазылған сияқты көрінуі мүмкін. Сондағы мөрге қатысты дау-дамайды алайық. Демесін Бәкенге келіп, жалған анықтамалыққа мөр басып бер дейді. Мөр Бәкеннің әйелі Раушанның қолында. Ол бермейді. «Әйеліңе сөзің өтпейді» деп қайрайды. Әйелін сабатады. Бәкеннің іштей мүжілуі, Раушанның егіліп жылауы. Басқалардың мүсіркеуі, аяуы, қысастығы, т.б. Міне, өмір шындығы деген осы. Байқасақ, өмір шындығы саясаттан туып, бірақ саясаттан биік тұр. Шеберлік дегеніміз осы. Қоғамдағы өзгерістердің сәулесі әдебиетке де түседі. Бірақ, бояуы бір түсті емес, әр түсті болуға керек.

– Сіздің 1963 жылы жазылған «Мезгіл» повесіңіз ашаршылық апатына арналған алғашқы шығармалардың бірі ғой. Бәлкім, Бейімбеттің «Күлпашынан» кейінгі. Бұл да өмір шындығы. Ал социалистік реализмге бой ұрған кезіңіз болды ма?

– Менің «Қарғаш», «Жыл құсы», «Ит ашуы», «Өмір нұры», «Мәжнүн тал», «Дөкей келе жатыр», «Дала гүлі», т.б. шығармаларымда социалистік реализмнің шартты құрсауы жоқ деп есептеймін. Төрт томдық шығармалар жинағым шыққалы жатыр. Бірде белгілі сыншымызға әзілдеп: «Сіз төрт томдығыңызды құрастырсаңыз түгел соц. реализм туралы болар еді. Біз оған ұрынбаппыз» дедім. «Оның рас» деп күлді.

– Қаһарлы да қасіретті 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін кімнің кім екені танылғандай болды. Сіздің Қазақстан Жазушылар одағының 1987 жылғы 23 мамырдағы Колбиннің қатысуымен өткен пленумда сөйлеген сөзіңіз қалың қазақ оқырмандарына қашан жетеді?

– Ол пленумдағы сөзім «Желтоқсан. 1986»-ның үшінші кітабында толық нұсқасында жарық көрмек.

– Жуырда телевизия хабарларының бірінде Қазақстан халық депутаты Серік Әбдірахманов Желтоқсан ақиқатын тайсалмай айтқан үш адамды білемін деді. Олар – Жұбан Молдағалиев, Салық Зиманов, Сафуан Шаймерденов. Сіздерді отқа түсуден де имендірмеген не күш?

– Өз мүддемізден халықтық мүддені жоғары қоя білгендігіміз шығар. Сол оқиға ұлттық сананың оянуына ықпал етті деп ойлаймын. Сын сағаттарда үш дауыс емес, жиырма дауыс жоғарыға жеткенде Колбинді тайраңдатып қоймас едік қой.

– Пленумда сіз Колбиннің қазақ тілін үйренем деген мәймөңкесін қатты әшкереледіңіз. Одан кейін қазақ және орыс тілдеріне қатар мемлекеттік мәртебе беру керек дейтін науқан басталды. Басқалардан гөрі қазақ тілінің мәртебесі үшін жазушылар белсенді күреске шықты емес пе?

– Қазақстан жазушылары 1988 жылы қараша айында өткен пленумдарында қазақ тілі –мемлекеттік тіл деп қабылдансын, орыс тілі –ұлтаралық қатынастар тілі деп танылсын деп үндеу қабылдаған еді. Бұл шешім баспасөзде бұрмаланып, екеуіне де мемлекеттік мәртебе берілсін деп шықты. Содан соң жазушы Смағұл Елубаев екеуіміз «Қазақ әдебиетіне» әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлеріне қол қойдырып, хат әзірледік. Оған 80-нен астам адам қол қойды. Хат газеттің 1989 жылғы 26 мамырында жарық көрді. Осы хатты әзірлеу барысында да талай азаматтарымызды таныдық, Шындықты айтайыншы, бірақ, біреудің бетіне шыркеу түсірейін, немесе мұқатайық деген ойдан аулақпын. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алуы заңды, орыс тілі ұлтаралық тіл болсын дейтін сол хатқа Әбділда Тәжібаев, Әзілхан Нұршайықов, Ермек Серкебаев, Еркеғали Рахмадиевтар қолдарын қоймады. Әртүрлі сылтау айтылды. «Бұл жолы мені айналып өтсеңдерші...» деді Әбекең. Айналып өтуге болмайтын сын сағаттар еді ғой ол кез. Сол жылдарда айрықша белсенділік танытқан қаламгерлердің бірі – ақын Мұхтар Шаханов. «Наурызды» жаңарған салт-дәстүр мерекесі ретінде тойлауымызға бірінші болып атсалысты. Таудағы демалыс үйінде жатқанымызда Сырбай Мәуленов екеуімізбен келіп ақылдасты. Хатына қол қойдық. Өзбекәлі Жәнібековтің көп көмегі болғанын айтуымыз керек. Сондай-ақ тіл туралы мәселені де журналында батыл қозғады. Ал марқұм Шона Смаханұлы қазақ тілі, қазақ мектебі үшін көп еңбек сіңірді. Міржақып «Оян, қазақ!» демекші, ерте оянған қазақ –осы кісі. XX ғасырдың аяғында халқы үшін қыруар шаруа тындырған адам ретінде тарихымызда қалуға тиіс. Алматыдағы бір мектепке Шонаның атын беру жөнінде қала әкімшілігі шешім қабылдаса артық емес.

– Фазиль Искандердің «Ақын мен мемлекеттің алға қоятын мақсаттары екі басқа, сондықтан оны олар бір-бірінен алысырақ жүріп шешкендері жөн» деген сөзінің астын сызып қойып едім. Қазір, шынында, мемлекет жазушының мүддесін ойлауды мүлде қойған сияқты. Не жазасың, қалай шығарасың – өз шаруаң дейтін сияқты. Баспалардың есігі тарс жабық. Қағаз жоқ, бояу жоқ, т.б. Жазушылар одағының болашағы жөнінде не ойлайсыз?

– Жазушылар одағының жұмысына бұрын да көп араласа бермейтін едім. Қазір тіптен алыстап кеткен сияқтымын. Қырық жылға жуық уақыт аралығында Одақтың әдебиетті насихаттау бюросының қаржысымен бірде-бір рет елге шығып көрмеппін. Әдебиетті шаруашылықпен араластырғым келмеді. Елді аралап, мынадай шығарма жазайын деп жатырмын дабыралауды, мынадай шығармада анандай тықырыпты игермекпін деп жоспарын жұртқа жайып салуды, қысқасы өзіңді өзің насихаттауды түсінбеймін. Жазушылар одағының жұмысына сын айтушылар бұрын да аз болмайтын, қазір де көп. «Ғабит, Ғабидендер жоғары жаққа барса алып шығатын еді. Жұбан беріп



шығады» деген сөз қалған. «Жұбан атқа мінген кезінде әлсіз еді, аттан түскенде күшейді» деп те қағытушылар табылған. Қалдарбек Найманбаевтың алғашқы қадамына Хамит Ерғалиев екеуіміз белсенді қолдау жасаған едік. Қазір оны шығармашылық мәселелерінен гөрі шаруашылық мәселелері көбірек алаңдататынға ұқсайды. Көп хатшылар өз беттерінше түйе айдап жүр. Есіктері ашық тұрады, бірақ бас сұғатын да ешкім жоқ-ау деймін. Бірде Төлен Әбдіков шақырып алып, Ақсақалдар ассоциациясын құрайық, соған атсалысыңыз деді. Жан-жағыма қарап, байқасам, ынта-ықылас төмен сияқты. Содан соң оны да қойдым. Жазушының қолындағы қаламына ешкім де жармаспайды. Бүгінгі де, болашағы да – өз қолында.

– Сіздің шығармаларыңызды, негізінен, сыншы-оқырмандарыңыз лирикалық прозаға жатқызады. Проза мен Поэзияның туыстығын аңғаратын болар. Ал Сөз патшасына өзіңіздің көзқарасыңыз қалай? сіздің Хамаңның – Хамит Ерғалиевтің ақындығына берер бағаңыз – «Бір өлеңнің өмірбаяны» дейтін мақалаңызда тамаша көрінген еді. Төлегенді, Мұқағалиды жиі ауызға аласыз. Сондай-ақ, бірде жезқазғандық Ғалым Жайлыбаевтің «Жылы ағыстар» дейтін өлеңін оқып, қатты риза болғаныңызды көрген едім. Ғалымның жеке өлеңдер жинағы да шыққан жоқ әлі. Кейінгі толқыннан кімді атап айтар едіңіз?

– Қай кезде де әдеби жанрлардың ішінде поэзия алда жүрген. Уақыттың құбылнамасы сияқты. Сондықтан өз басым өлеңнен тіршіліктің тынысын, өмірдің мәнін іздеймін. Мынау аласапыран кезеңнің, адамдардың жан-дүниесіндегі ғаламат өзгерістерді де өлең жолдарынан аңғарғым келеді. Кейінгі кезде ерекше қолтаңбасымен көріне бастаған жас ақыедар бар. Мені солардың ішінде біреуі қайран қалдырды. Табиғи талантымен. Сөзден маржан теретін шеберлігімен. Ол – Гүлнәр Салықбаева.

Өзге халықтар жас талантқа жанашыр болуда да қазақтан озық. Жабыла мақтап, жарыса жариялап жатады. Гүлнәр соған лайық талантты ақын. Ең кереметі – ақындық қуаты. Бөлменің ішіндегі заттардың орналасуын есіктен қарап та суреттеуге болады. Ал есіктен де емес, терезеден де емес, қабырғасынан қарағанда көзге басқа көрініс шалынбақ. Мені Гүлнәрің осындай тосын ойлау жүйесі қызықтырды. Тілді жетік меңгерген. Былтыр «Қазақ әдебиетінде» жарық көрген өлеңдерін оқып отырып, мынадай жолдарын жадымда сақтап қалдым:

«Торғай қонса тоғай біткен қытықшыл,

Ақ қырауын сілкіп тастап күледі» дейді. Бір ғана «қытықшыл» деген сөзді орнын тауып, шебер қолдану арқылы тоғайға жан бітірді. «Теңіздің дәмі – тамшыдан» дегендей, ақындықты да бір ауыз сөзінен тануға болады. Ақын қыздарымыздың бір міні бар. Ол – өзін түсінбейтін адаммен бас қосқаннан кейін, соның шылауында кетеді. Үні естілмей қалады. Осы жағынан абай болса деймін. Мұны айтып отырған себебім: атақты Динаның ұлылығына күйеуінің де қатысы бар екен. Бұла мінезді Дина Құрманғазыға еріп, ел аралап, айлап-жылдап сапарда жүреді екен. Динаның әкесі құдасына «Мен қалыңмал сұрамаймын. Тек қана домбырасына тимендер» деген екен. Күйеуі ақылды кісі болса керек. Әлдекімдердің азғыруына көнбеген. Әйеліне ерік берген, талантына табынған. Мұндай мінез таланттылардың жарына тән болса дейміз ғой баяғы....

– Соңғы сұрағым. Жолсапарда жүргенде көптеген қазақ ақын, жазушыларының туған ауылдарын көріп, жұтаң, жүдеу тұрмыстарын көріп, біртүрлі іштей құлазып қайтып жүреміз. Мәселен, елеусіз, ескерусіз қалған Бейімбеттің аулына ешкім де ат ізін салмайтын тәрізді. Осы туралы ойыңызды айтсаңыз...

– Көп жағдайда «өзі жоқтың – көзі жок». Мен Солтүстік Қазақстанның Жамбыл ауданындағы Жамбыл атындағы совхозында, оның «Амангелді» бөлімшесінде туғанмын. Сол Амангелдіде інім Есмағи қарашаңырақты ұстап отырды. Қазір отбасы сонда. Жамбыл ауданындағы Сәбит атындағы, Ғабит атындағы екі совхоз барын білесін. Аудан олардың тоқсан жылдық тойларын өткізіп, әзірленіп жатыр. Жақында үйімде облыс әкімі В.К.Гартман, аудан әкімі Ш.Смағұлов, совхоз директоры М.Ыдырысов болып,

дастарханымнан дәм татып кетті. Жаз шыға елге келуімді өтінді. Бөлімшемізде соңғы жылдары жаңадан көп үйлер салынды. Жастардың арасында үйсіз жүргендері жоқ. Қазақ бала бақшасы бар. Тері илейтін зауыт салынып, биыл тон шығара бастапты. Көшелеріне құбыр жүргізілген. Совхоз бен бөлімше аралығына (4 шақырым) асфальт жол салынуына септігімді тигіздім деп ойлаймын. Өзің айтқан көп ауылдарға қарағанда Амангелді бөлімшесінің тұрмыс-жағдайы жақсы. Қос қанатында қос көл, Ілия көлінің жел жағынан мешіт салуға қаржы жинап жатыр. Ауыл ажары ел басқарып отырған азаматтарына байланысты ғой. Басқа жерде басқаша болса, ойланғандары жөн...

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

### ӨЗЕННЕН ӨТЕРДЕ ӨТКЕЛ ІЗДЕЙСІҢ...

*Жуырда Республикамыздың Жоғарғы Кеңесінің арнаулы Праламент делегациясы көрші Монғол Халық Республикасына барып қайтқан еді. Осы сапардың мән-жайын білмек оймен Қазақстанның халық депутаты, Жоғарғы Кеңестің Ғылымды және халыққа білім беру ісін дамыту жөніндегі комитетінің төрағасы Оразалы Сәбденұлы СӘБДЕНОВКЕ жолығып, бірнеше сауал қойғанбыз.*

– Оразалы Сәбденұлы, Қазақстанның шет мемлекеттермен қарым-қатынасы жаңа арнада дамуға бет алғаны байқалады. Монғолиямен екі арадағы байланыстарды нығайтудың бұл сапарда көзделген жолдары қайсы?

– Былтыр, жыл аяғына таман, біз МХР-дің Кіші Хурал (Парламент) делегациясын қабылдағанбыз. Парламентаралық байланыстар негізінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері сол жолы да сөз болған. Кіші Хуралдың әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комитеті мен біздің Жоғарғы Кеңестегі Ғылымды және халыққа білім беру ісін дамыту, халық денсаулығын сақтау және оны әлеуметтік қорғау жөніндегі комитеттері арасында тікелей байланыстар орнату діттелген еді. Осыны жан-жақты талқылап, жүзеге асыру мақсатымен наурыз айының орта тұсында Монғолияға сапар шектік. Парламентаралық байланыстар дүниежүзілік тәжірибеде ел мен елдің арасын жақындастырудың, ортақ мүдделердің түйісу нүктелерін дәл табудың бірден бір тиімді тәсілі ретінде танылып отыр.

– Қазақстанның Парламент делегациясын онда қалай қабылдады?

– Саяси тілмен айтқанда, жылы шыраймен қарсы алды. Монғолияның Вице-президенті, МХР Кіші Хуралының (Парламентінің) төрағасы Р.Гончигдорждың, оның орынбасары К.Зардыханның (ұлты – қазақ) қабылдауларында болдық. Әлеуметтік-экономикалық жағдай, ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, т.б. көптеген мәселелер төңірегінде ой бөлістік. Халыққа білім беру, Денсаулық сақтау, Ұлттық дамыту министрліктерінде, Ғылым академиясында, жекелеген институттарында, т.б. болып, пікір алмастық.

– Сонымен, тиісті комитеттер арасындағы тұрақты байланысты орнықтыруға келісім-шарт жасалды ма?

– Әрине. Екіжақты келісім-шартқа қол қойдық. Онда, біріншіден, ынтымақтастықты парламенттік деңгейде дамыту көзделеді. Екіншіден, өзара заңдар алмасу, сол арқылы салыстырып, салғастыру жүзеге аспақ. Үшіншіден, ақпарат алмасуға қол жетпек. Төртіншіден, заңдарымызды өзара сараптан өткізіп тұруға ұйғардық. Парламент жұмысында, іс-тәжірибені жетілдіруде бұл шаралардың екі жаққа да пайдалы екендігі даусыз.

– Парламентаралық байланыстардың негізінде заңдарды сәйкестендіруге, үйлесімді, өміршең болуына көбірек назар аударылатын сияқты. Дипломатиялық жұмыстардың өрістеуіне де ықпалы болар. Монғолия тарапынан мемлекетаралық күрделі қарым-қатынастарға ынта-ықылас қалай?

– Бұл ретте екі үлкен мәселені бөліп айтуымыз керек. Бірі – елшілік ашу мәселесі. Екіншісі – үкіметаралық келісім-шарт жасау. Монғолияның Қазақстандағы елшілігін ашуға олардың әзірленіп жатқанын Монғол-қазақ достық қоғамында болғанда естідік. Бұрын монғол ғарышкері Гурагчаа басқарған «Достық» қоғамы екі ел арасындағы мәдени байланыстарға негіз қалаған болатын. Ал енді үкіметаралық келісім-шартқа келетін болсақ, өткен жылы Монғол үкіметі Қазақстанмен экономикалық және сауда келісімдерін жасасуға ықылас білдіріп, өз ұсыныстарын жіберген болатын. Бұл келісім-шарт жүзеге асқаннан кейін көптеген түйінді мәселелер шешімін таппақ.

– Мәселен?

– Біз алдағы сессияда «Көші-қон туралы» Заң жобасын қараймыз. Былтыр Монғолиядан 13 мыңға жуық қазақтар атамекеніне оралғанын білеміз. Әлі де келетіндер жүктерін буып-түйіп, әзірленуде. Көші-қон кезінде кейбір қиындықтарға ұрынбас үшін екі мемлекеттің де қамқорлығы қажет. Міне, келісім-шарт арқылы осыған нақты көңіл бөлінеді. Экономикалық, сауда-саттық жүйелері ырғақты дамиды. Былайша айтқанда, барыс-келіс, алыс-беріс қоян-қолтық жүзеге асады.

– Өткен жылы Монғолиядан келген қазақтарды «бұлардың ата кәсібі – мал бағу» дейтін сыңаржақ көзқараспен қарсы алған шаруашылық басшылары көптеп кездескенге ұқсайды. Алыстан аңсап келген ағайындар арасында осыған орай өкпе-реніш те туып қалатынын естиміз. Қазақтың маңдайына мал бағуды жазып қойған ба, сонда?

– Бір жақты қарау жөн емес, әрине. Монғолиядағы 130 мың қазақтың 40 проценті Улан-Батор, Қобда, Налайхан, Дархан, т.б. сияқты қалалардағы ғылыми мекемелерде, өндіріс орындарында белгілі бір мамандықтары бойынша еңбек етеді. Ендеше, олардың Қазақстанға келгенде өз кәсіптеріне сай жұмысқа орналасуы керек. Бұған орай, Қазақстан Үкіметі арнайы қаулы қабылдағанын айттым. Тек қана Улан-Батордың өзінде ядролық физика, химия, электроника, техника, математика, т.б. ғылым салаларында ғылыми дәрежесі, лауазым-атағы бар қазақ зиялылары аз емес. Олардың Қазақстанға келгенде қызмет жағы қалай болар екен деп алаңдайтындарын түсінеміз. Білікті мамандарға лайықты қызмет ұсынуымыз керек. Сондай-ақ, қалалардағы өндіріс орындарынан келген жұмысшылардың да қолына шопан таяғын ұстата салғанымыз ыңғайсыз. Бұған алдағы уақытта айрықша мән бермесе болмайды. Мүмкіндігінше, олардың ағайын-туыстарын ажыратпай, тіпті бір бөлімше, совхоз ашып орналастыру жағын ойластырған жөн. Бәріне бірдей мүмкіндік болмас, дегенмен, іргесі сөгілмегені, бытырамағаны тиімді.

– Ал ондағы малшы-шопандардың тұрмыс-тіршілігі қалай екен? Баян-Өлгийде болдыңыздар ма?

– Баян-Өлгийде бола алмадық. Бірақ шопан ауылдарын аралап көрдік. Бұл республикада 25,5 миллионнан астам мал өсіріледі. Малшылардың мұқтажы қай елде де жеткілікті. Дегенмен, мұнда жекешелендіру жұмыстары жедел жүргізілуде екен. Мал шаруашылығының 64 проценті малшылардың жеке меншігіне берілген. Сол арқылы еңбекке көзқарас өзгеруде. Әрі малшылар материалдық жағдайын түзеуге мүмкіндік алады. Әрі пайда көзін молайтады. Бұл тиімді.

– Саяси партиялар көбейген болар?

– Парламенттің өзінде 4 партия тайталас өмір сүруде. Жалпы бұл елде 13 саяси партия жұмыс жүргізетін көрінеді. Халықтық прогресс, демократиялық, социал-демократиялық партиялар беделді саналады. Халықты қайсысы соңынан ертеді, оны уақыт көрсетпек. Ал демократиялық даму жолына көшкен елде осылай болуының оғаштығы жоқ.

– Монғолияның жастары Алматыдағы ҚазМУ, ҚазМПУ, Мемлекеттік консерватория сияқты жоғары оқу орындарында білім ала бастағанына бірнеше жыл болды. Көптеген түлектері Алатаудың төсінде қанат қатайтқанын білеміз. Ендеше бұл бағытта да келешекте өріс кеңейетін болар?

– Қазақстан мен Монғолияның Халыққа білім беру министрліктері арасында ынтымақтастық байланыс күшеймек. Монғолиядан 1990 жылы 27, 1991 жылы 31 студент біздің оқу орныдарымызға қабылданыпты. Біздің техникалық білім беретін оқу

орындарымыз да мамандар даярлауға тілек білдіруде. Аталған министрліктер студенттер алмасудың, ғылыми қызметкерлер, мамандар тәжірибесін ұштаудың жаңа бағдарламасын жасамақ. Мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа көбірек көңіл бөлінді. Алматыдағы эстрада студиясында монғолдық 12 студент білім алуда. Сондай-ақ Консерваторияға, Театр-көркемөнер институтына, хореографиялық училищеге студенттер қабылдау өз шешімін таппақ. ҚазПТИ мен Монғолия техникалық университеті арасында бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу өткен жылдан бастап қолға алынды.

– Қоғамдағы қазіргі күрделі өзгерістерге байланысты, тарихи жадымыздың жаңғыруына орай, көптеген қасаң қағидалардың қабырғасы қаусады ғой. Сондықтан, жаңа көзқараспен қарағанда, екі ел арасындағы қарым-қатынаста да тың сүрлеу, соны арналар көп болуға тиіс. Бұл әуелде ұрымтал ұсыныстарды екшеуді, саралауды қажет ететін шығар?

– Дұрыс айтасыз. Мәселен, біздің парламент «Азаматтық туралы» Заң қабылдады. Онда екі елдің азаматтығын қатар иемденуге болатыны жөнінде бап бар. Монғолия қазақтары үшін бұл тиімді екенін аңғарамыз. Олар мұны құптайды екен. Монғолияның жаңа Конституциясы (үшінші) өмірге келіпті. Осы ретте, олардың алғашқы Конституциясындағы өзекті мәселелерді негіздеуде біздің Тұрар Рысқұловтың да елеулі еңбегі болғанын монғол ағайындар құрметпен еске алатынын білдік.

Жекелеген ұсыныс-тілектер өте көп болды. Мұны екі ел парламенттері де ескеруге тиіс. Жоғарыда айтқанымыздай, мемлекетаралық келісім-шарт негізінде атқарылатын жұмыстар жетерлік. Мәселен, «Достық» қоғамында болғанымызда сондағы бір биржаның бастығы Байырху мырза «Біз Қазақстанмен тұрақты сауда байланыстарын орнықтырғымыз келеді. Биржамыздың айналымында 50 миллион сом қаржысы бар» деді. Мамандығы инженер Ғани Қизат мырза Қазақстаннан банк ашсақ, оның бір бөлімшесі Баян-Өлгийде болса дейді. Жол құрылысы бірлестігінің қызметкері Ташнэм мырза Қазақстан мен Баян-Өлгий арасында жол салуды қолға алсақ дейді. «Азия» өркендеу банкісі бұған көмек бермек екен. Бірқатар ұсыныстар жол қаражаты, алым-салық (кеденде) мөлшері, ішке және сыртқа тауар шығару-әкелу рұқсатын қайта қарау, Қазақстан темекісін Монғолияның қызыл темекісімен баспа-бас алмасу, т.б. көптеген мәселелер төңірегінде қозғалды.

Монғолдар Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының мазары жөнінде сұрады. Бұл мазардың Жезқазған облысындағы Қаракенгір өзенінің бойында тұрғанын біздің көбіміз біле бермеуіміз де мүмкін. Шыңғыс ханның қабірін іздеу жұмыстары Монғолияда ғылыми қосындар арқылы жүргізілуде. Олар Жошы хан мазарын да көзбен көргісі келеді.

– Тарихи мұрағаттар дегеннен шығады, Монғолиядағы қазақтардың ұлы көші атамекендеріне – Қазақстанға қарай бет алғаны анық қой. Осы орайда, бір мәселе алаңдатады: ондағы қазақ тілінде шыққан қаншама кітаптар, газеттер мен журналдар, тарихи құжаттар – мол рухани мұрамызға да иелік жасауымыз керек қой. Бұған әлі көңіл аударыла қоймаған сияқты ма, қалай?

– Бұл мәселе де тек қана Қазақстан мен МХР арасында мемлекетаралық келісім-шарт жасалынғаннан кейін шешімін табуға тиіс.

– Лайым, солай болсын дейік.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

## ҚҰЛАННАН ОЗҒАН ҚҰЛАГЕР

*Қыр астындағы 1993 жылы қазақтың атақты әнші, ақын, композиторы Ақан Сері Қорамсаұлының туғанына 150 жыл толады. Даламыздың даңқты перзенттерінің мерейтойларын атап өтудің танымдық та, тәрбиелік те мәні ерекше. Ендеше, бұған елдік мұраттарымыз тұрғысынан көңіл бөлінгені жөн. Ақан ауылының қазіргі жабырқау*

*күйіне алаңдаушылық білдіруіміздің бір сыры осында. Бұл жөнінде Көкшетау облысы Володар аудандық Кеңесінің төрағасы Болат Ахметжанұлы КӨШІМБАЕВПЕН ой бөліскен едік.*

– Болат Ахметжанұлы, Арқадағы сал-серілік дәстүр-салтының табиғаты жайында кезінде Әлекең – Әлкей Марғұлан «Әнді ерттеп, күйді мінген кемеңгерлер» деп үлкен мақала жазған еді. Онда Ақан серінің сегіз қырлы өнеріне де тоқталады. Ал ел ардағының мерейтойы қарсаңында оның ауылындағы ахуал қалай?

– Біздің ауданда Кеңашы деген ауыл бар. 1961 жылға дейін жеке колхоз болған. Үлкен шаруашылық орталығы еді. Кейін «Шалқар» совхозының бір бөлімшесіне айналды. «Ақан ауылы» деп те атаймыз. Қапталында Қоскөл дейтін айдынына аққу, қаз қонған айна көл құс базары еді бұрын. Оның жағасында Ақан жастық серуенін өткізген, қаршығасы үйрек ілген. Құс атқан. Құлагерін суарған. Кеңашыда бұрын 80 үй болған, қазір 22 үй ғана қалды. Мектебі жоқ. Өндірістік негізі нығайтылмады. Тек 2 мың гектар жерге егін өсіреді. Бригада 600 бас ірі қара ұстайды.

– «Ақан ауылының» бұлайша елеусіз, ескерусіз қалуына, экономикасының дамымай, әлеуметтік жағдайының өркендемеуіне не себеп?

– Қоскөлге уран шахталарынан шыққан сарқынды және тұрмыстық пайдалануынан бөлінген ылас су үздіксіз құйылатын болды. Мұның өзі көлдің көркін кетіріп, шырайын бұзып қана қойған жоқ, жергілікті тұрғындардың оның жағасын мекендеу мүмкіндігін де шектеп тастады. Көлді көз алдымызда құртып тындық. Құс базары да тарқады. Жетім көлге айналды.

– Ал аудан, облыс басшылары тарапынан көлді сақтау үшін неге шара қолданылмады? Әлде, мұны да тоқырау жылдарындағы экологиялық бейберекеттікке жабамыз ба?

– Осыдан төрт-бес жыл бұрын Одақтық бағыныстағы мекемелерге, Машина жасау министрлігіне (кейіннен Атоммаш министрлігі) талап қойдық. Экологиялық тепе-теңдік бұзылғандықтан Қоскөлдің жағасындағы ауылды басқа жерге көшіру жөнінде мәселе көтерілді. Министрлік қаржы бөліп, ауылдың жаңа қонысы белгіленіп, тұрғын үйлер, мектеп, дүкен, дәрігерлік мекеме, т.б. салуға міндеттенген еді. Обалы не, құрылыс басталды да, жеті-сегіз тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыс тарапынан аудандарға арнайы көмек көрсетуді нұсқаған тапсырма да болған. Щучье, Рузаев және біздің Володар аудандары бірігіп үш үй салдық. Әуелгі жобасы бойынша ауылдың ажары ерекше болуға тиіс еді. 64 тұрғын үй, мәдени мекемелер, тұрмыстық қызмет объектілерін салу көзделген. Содан бүгінгі таңда пайдалануға берілгені – 8 үй, шатыры жабылмаған 20 үй. Құрылысқа қажет қаржы бөлінбей қалды да, әрі-сәрі күйде жыл басынан бері жұмыс тоқтады. Бұрынғы одақ ыдырады ғой. ТМД-ның тағдыры не болары белгісіз. Атоммаш министрлігінің ықпалымен Степногорскінің кен химия комбинаты 3 миллион сом қаржы бөлген еді. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында оған үш-ақ үй салатындай ғана шамамыз бар. Басқа құрылыс кешендері қай уақта қолға алынары беймәлім. Әйтеуір, облыс әкімі істі қолға алғалы отыр. Кезінде бұл ауылға «Ақан ауылы» деп жанашырлықпен қарағанда, мұндай халге ұшырамас па едік. Енді енжарлығымыз бен немқұрайдылығымызды ақтаудың жөні қайсы? Жіберген кемшіліктерімізді жасырып, жабудың да реті жоқ сияқты.

– Ал Ақан Серінің мерейтойы жақындап қалғанын тиісті орындарға құлаққағыс жасап, тым болмаса, той қарсаңында ауылдың тұрмыс-тіршілігіне өзгеріс жасауға қамданып, нақты шаралар белгілеуге болмады ма?

– Неге болмасын. Ақан сері – бүкіл қазақтың құланнан озған Құлагері емес пе?! Бірде өзге ұлт өкілдері білгісі келіп: «Ақан кім?» – деп сұрағанда бір қазақ азаматы айтқан екен: «Пушкинді, Чайковскийді, Шалыпинді – осы үшеуін қосып, таланттары тоғысқан тұлғаны көз алдыңызға елестетсеңіз, Ақан – сол!» –деп. әрине, әзілге бұрып айтса да, асырып айтқандай болып көрінсе де, астарында аңғартары бар сөз.

Ал Ақан серінің 150 жылдық мерейтойын ауыл-ауданмен шектемей, республика деңгейінде атап өту жөнінде іс-шаралар беліленген болатын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 23 шілдедегі №287 қаулысы қабылданғанда ел тілегі ескерілген екен деп қуанғанбыз. Онда мерейтойға қатысты іс-шаралар кең қамтылған, тиісті министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің атқаратын жұмыстары нақты атап көрсетілген еді. Мәселен, Ақан сері өміріне арналған фильм түсіру, жеке бір томдық шығармалар жинағын және плакаттар шығару, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы мен Жазушылар одағы бірлесіп, ғылыми-практикалық конференция өткізетіні, әнші, күйшілердің республикалық өнер байқауын ұйымдастыру, Көкшетаудағы мәдени-ағарту училищесін Ақан сері есімімен атау, мәдени орталық ашу, жаңа аудандық кітапхана үйін (50 орындық) пайдалануға беру, Мәдениет үйін қазіргі талапқа сай жөндеуден өткізу, мерейтойға арналған белгі, кітапшалар шығару, Ақанның зиратына ескерткішін, аудан орталығына мүсінін орнату, «Комаров» совхозын Ақан сері атына көшіру, т.б. Бұлардың бәрін бір күнде немесе бір айда апыл-ғұпыл жүзеге асыру мүмкін емес қой. Сондықтан бұдан үш жыл бұрын мәселе қозғалғанына үлкен үміт артқан едік. Әйтеуір, талас-тартыспен совхозға серінің аты берілді. Дегенмен, қаулы негізінен қағаз жүзінде қалып қойғаны өкінішті.

– Ауданның өз күшімен атқарылған, қолға алынған жұмыстар жөнінде не айтар едіңіз?

Бұдан екі жыл бұрын Ақанның тозып, құлап қалған зиратын қалпына келтіріп, кесене тұрғыздық. Мүсінші Т.Досмағанбетов әнші-композитор зиратына қойылатын ескерткіш пен аудан орталығына орнатылатын мүсіннің тәп-тәуір жобасын жасап ұсынған еді. Бұған облыстық Кеңес қолы ұшын беріп, жүзеге асыруға көмектесе алмады. Бәлкім, енді облыс әкімшілігі назарға алар деп үміттенеміз. «Ақан қорын» ашып, шот-есебін республикалық баспасөзде жарияладық. Алайда, оған түскен қаржы мардымсыз. 50-60 мың сом ғана. Алаш азаматтары әлі де болса ойланғаны жөн. «Ақан қоры»: Көкшетау облысы, Володар аудандық агропромбанкі, шот-есебі – 14203, 14229. Өз ортамызда Ақан серіге арналған мәдени кештер өткізіп, танымдық насихат жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

– Мерейтой жақындап қалды. Белгіленген шараларды қолға алуға қозғау салып қоймаса болмайды ғой. Мәселен, бұған арнаулы үкімет комиссиясы құрылып, бақылауына алуы керек емес пе?

– Міне, бізді де осы мәселе қатты толғандырады. Жақында, жаныма Ақанның немерелес туыстары – Еңбек Ері Ұлтай Нұрсейітов пен «Шалқар» совхозының жұмысшысы Жақсылық Раевты ертіп алып, Алматыға келдім. Табан тоздырып, талай министрлік пен мемлекеттік комитеттердің есігін аштық. Қазақстан Министрлер Кабинетінде С.А.Терещенконың өз қабылдауында болдық. Бір қызығы, бұрынғы қаулы жөнінде көптеген министрліктер білмейтін болып шықты. Тіпті, бірінші рет естіп отырмыз, бізге бұл туралы бұрын ешкім ештеңе айтқан жоқ деген мырзалар да табылды. Бәрі ойдағыдай болуға тиіс, тапсырма орындалады деп шығарыпсалма жауаптармен арқамыздан қаққандар да кездесті. Қарап тұрып, қамсыздығымызға қарның ашады. Кейбіреулер кейінгі кезде той көбейіп кетті ғой өзі деп күңкілдейтін сияқты. Кеше тойлап қарық қылғанымыз шамалы еді ғой. Қазіргі мерейтойлардың жөні бөлек. Ұлттық сананың оянуы асылдарымызды ардақ тұтып, алыс-жақын ағайынға тарихымыздың ақтандақтарын ашып көрсетуді діттейді. Бүгінгі ұрпақ Біржанын, Ақанын, Үкілі Ыбырайын білмейтін болса, құрметтеп еске түсірмейтін болса, елдігіміздің құны қайсы. Онда тәуелсіздігіміз туралы жүз қайтара қайталаудан не ұтамыз. Тәуелсіздік елдің тіліне, тарихына қатысты жаңғырулар арқылы көрініс табуы керек қой ең алдымен. Ақан аулында қазақ тілінде білім беретін мектеп аша алмай отырғанымызға ешкімнің қабырғасы қайыспайтынына қалайша күйінбейсіз. Совхоз орталығындағы 600-ден астам отбасы түгелдей дерлік орыстар мен украиндер, ал шағын ауылдың мұң-мұқтажы мүлде бөлек. Тың игеру жылдарындағы жіберілген солақай саясатты түзеуді бүйірдегі бөлімшелерден бастау керек. Міне, Ақан серінің мерейтойы осыған сәл де болса ықпал жасаса деген едік.

Жоғарыда аталған қаулыда 1993 жылы Алматыда, Көкшетауда және Володар ауданының Кеңасшы аулында Ақанды еске түсіру жоғары деңгейде өткізілетіні көзделген. Елеңдеп отырған елге не дейміз енді?

– Аудандарыңызда қазақтардың үлес салмағы қалай? Аудан қашаннан бері Володар деп аталған?

– Ауданымызда 50 мың адам бар. Оның 30 проценті қазақтар. Қалғаны тың игеру жылдары келіп қоныстанғандар. Біздің аудан 1962 жылға дейін Айыртау деп аталған. Облыстың шешімімен-ақ Володарға айналған ғой. Бұрынғы атын қайтару да ескерілуге тиіс.

– Бұған дейін мерейтой өткізу жөнінен аудандағы жұртшылықтың тәжірибесі бар ма еді?

– Тәжірибеміз бар. 1985 жылы Шоқанның 150 жылдық мерейтойын өткіздік. Республиканың көмегі болды. Музейін аштық. Мүсінін қойдық. Шоқан алаңына жақсы үйлер салынды. Шоқан атында Мәдениет сарайы бар. Алматыда, Сырымбетте тойланды. Ал 1990 жылы Үкілі Ыбырайдың туғанына 130 жыл толуын да жақсы атап өткенбіз. Ән мұрасының мерекесі болды. Ақындар айтысын өткіздік. Кейінгі толқын, жас буынға өнеге болатындай істерге әрдайым көңіл бөліп отырамыз. Қазір аудан көлемінде 10-нан аса қазақ мектептері ашылып, ұлтымыздың болашағын ойлай бастадық. «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» дейді ғой халқымыз.

– Ал Ақан серінің 150 жылдығына әзірліктің барысындағы орын алып отырған кемшіліктер жөнінде айтқандарыңыз ел басқарып, тізгін ұстаған азаматтарды ойландыруға тиіс.

– Тағы да қайталап айтқым келеді: мерейтойға байланысты Үкімет комиссиясы тезірек құрылып, іске кірісуі керек.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

## «ӨНЕР САХНАСЫНЫҢ ӨЗ ЗАҢЫ БАР»

*Шығармашылық жолы қазақ театр өнерінің дамуымен тікелей байланысты белгілі мәдениет пен өнер қайраткері, халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, республика Театр қайраткерлері одағының президенті, Алматы театр-көркемөнер институтының профессоры, Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі Әзірбайжан Мәмбетовке 60 жасқа толған мерейтойы қарсаңында жолығып, бәрімізді толғандыратын бірқатар сауалдарға жауап беруін өтінген едік.*

– Әзеке, қазіргі қоғамдағы аласапыран оқиғалар тізбегі, күтпеген бұрылыстар ой-санаға, таным-түсінікке қатты әсер етуде. Өмір сахнасына саясатшылар шығып, бірінен бірі өтетін саяси сынақтың сарбаздары халыққа үйіп-төгіп уәде беруде, заман енді жақсарады деп сендіруде. Лайым, жақсаруына тілектеспіз. Ал өзіңіз 40 жылдай тер төгіп, мәртебесін көтерумен келе жатқан өнер сахнасының жағдайы қалай?

– Өмір сахнасында саясатшылар басты рөлдерді бөлісе алмай жатқаны рас... Ал өнер сахнасының өз заңы бар. Тек қана талант танылуға тиіс. Әлімсақтан солай болған, солай бола бермек.

Дегенмен, қоғамдағы экономикалық дағдарыстар тудырған қиындықтардың құрсауынан шығу оңайға соғар емес. Оның үстіне адамдарда имандылықтың азаюы, қылмыстың көбеюі, рухани дүниенің жұтауы – сорымызға айналғаны анық. Театр қай заманда да қалың қауымның хал-жағдайының, көңіл-күйінің, тыныс-тіршілігінің тамыршысы болған ғой. Өмірдегі шындықтың өнердегі шындыққа ұласуы арқылы ұрпаққа ұлағат айтылған. Қазақ сахна өнері өзінің сол ұлы міндетін қазіргі таңда да атқаруда. Шама-шарқынша. Өнердің өркендеуі, өрістеуі үшін оған тұрақты қамқорлық

керек. Егеменді ел болғанымыздың бір белгісі – ұлттық төл өнерімізді босағада жәутендетпей, төрден орын берейік. Төбемізге көтерейік. Міне, сонда тынысымыз ашылады.

– Қос өкпеден қысқан қымбатшылық күнкөрістің қиындықтары жұртшылықтың назарын театрдан мүлде басқа жаққа бұрып әкеткен жоқ па?

– Жайма базарлар көздің жауын алып, алыпсатарлардың асығы алшысынан түсіп тұрған қазіргі кезде де өнердің, театрдың мәртебесін жоғары қоятын зиялы қауым бар, жанашыр замандастар бар. Бұл сөзіме дәлел ретінде жақында ғана Алматыда сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толуына орай өткізілген театр фестивалін айтар едім. Заңғар суреткердің драмалық шығармаларын («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты». «Ұлпан») төрт қазақ, үш орыс театрлары жарыса қойып өнер сайысына түсті. Төрт күн бойы театрларда бос орын болған жоқ. Үлкен той болды. Жұлделер бөлінді. Іле-шала қазақтың ұлттық театр өнерінің ұстазы Жұмат Шаниннің 100 жылдығына орай Оңтүстік Қазақстан облыстық қазақ драма театры «Арқалық батыр» спектаклін әкеліп қойды. Міне, менің мерейтойым өтуде. Осының өзі театрға деген ықыластың төмендегенін көрсетеді. Әсіресе, мені қуантқаны – әншейінде елеусіз қалатын режиссерлер еңбегінің еленіп-ескеріліп жатқаны. «Режиссура – театрдың тірегі» деп ауызша айтқанымызбен, бұған көп көңіл бөлінбей келгендігі де жасырын емес.

– Сіз өзіңіздің талантты режиссер-шәкірттеріңіз жөнінде не айтасыз?

– Осы театр фестивалінде менің шәкірттерімнің екеуі – Жезқазған облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Жанат Қажиев пен Ақмола облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Жақып Омаров жақсы шеберліктерімен көрініп, мерей өсірді. Жезқазғандық театр ұжымы бас жұлдені иемденді. Режиссурадағы ізденіс те инемен құдық қазғандай, асқан төзімділікті, жанкешті табандылықты қажет етеді. Жылдар бойы жинақталатын тәжірибемен ұшталатын еңбек. Ендеше, шәкірттерімнің осы жолда жемісті жұмыстар тындырып жүргеніне іштей ризамын.

– Сіз сахналаған «Ана – Жер-Ана», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қан мен тер», «Көктөбедегі кездесу», «Ант», «Айман-Шолпан», т. б. көптеген спектакльдер әр жылдардағы қазақ театр өнерінің табысы болып саналады. Қалай ойлайсыз, қоғам өзгерді, идеология өзгерді, бұрынғы қойылымдарыңызды қайта қарап, мүлде басқаша идеяға бұратындары бар ма?

– Мен әуел бастан-ақ өз шығармаларыма өте қатал, сын көзбен қарайтын адаммын. Бірер күндік, кезеңдік, науқандық проблемалармеи алданған жоқпын.

Рас, күні кеше театрда әлеуметтік тапсырыс дейтін болды. Жақсы парторг пен жаман директор немесе жақсы шопан мен жаман зоотехник арасындағы шартты қақтығыс арқау болған спектакльдердің ғұмыры да ұзаққа созылмайтын. Ал М. Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды»,

Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Шекспирдің «Кориолан», Ш. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн», «Ана – Жер-Ана» пьесалары бойынша қойылған спектакльдерім мың құбылған саясаттан биік тұратын мәңгілік тақырыптар деп ойлаймын. Нағыз өнер туындысында ізгілік пен зұлымдықтың, мейірім мен қатыгездіктің, адалдық пен сатқындықтың бітіспес, ымырасыз күресі жатады.

Иранға «Ана – Жер-Ананы» апарып қойғанымызда Толғанайдың (Сәбира Майқанова) көз жасы онда да кәрі-жастың жүректерін қозғады. Адамзатқа ортақ мәселелерді көтерген туындылардың ғұмыры да ұзақ.

– Әзірбайжан Мәдиұлы, биыл сізге Ташкентте өткен халықаралық «Наурыз-92» театр фестивалінде «Театр өнерін дамытудағы аса зор үлесі және «Ғасырдан да ұзақ күн» спектаклінде актерлік ансамбльдік биік үйлесіміне жеткені үшін» деген сыйлық берілді. Сізді еуропалық ыңғайдағы режиссер дейтін пікір бар, осының сыры неде?

– Менің арманым – ұлттық театрымыздың туындыларын әлемдік сахналарға шығару. Дүние жүзінің озық театрларымен шығармашылық байланыстар орнатсақ, шіркін. Чехо-Словакияның ұлттық театрында «Қан мен терді». Вахтангов атындағы Мәскеу театрында «Ғасырдан да ұзақ күнді», Өзбек академиялық драма театрында



«Абайды», Бердақ атындағы Қарақалпақ музыкалы-драма театрында «Ана – Жер-Ананы», т. б. қойып байқадым.

Түркия, Иран, Ауғанстан, Үндістан театрларымен салыстырғанда біздің театрларымыздың қуаты мықты деп ойлаймын. Кеңес өкіметінің бір ерекшелігі – одақтас республикалардың мәдениеті мен өнерін бір-біріне ұластырып, өзара байытып, театрлар арасындағы қарым-қатынасты күшейткен еді. Орыс театрлары шет елдерге шығып жүр. Біздің басқалардан үйренеріміз де көп, үйретеріміз де бар. Режиссуралық ізденістерге шек қойылмауы керек. Ұлттық тамырын да ұмытпасын. Оны жалпыадамзаттық проблемалармен ұштастыра да білсін.

– Соңғы уақытта баршамызды алаңдатып отырған бір мәселе – Негізгі Заңымыздың тағдыры, оның ішінде мемлекеттік тілге қатысты баптың қай нұсқада қабылданатыны. Бұлталақтатып жүріп, бұрынғы таз кепешімізді қайта киеміз бе деген қауіп бар. Қалай ойлайсыз?

– Біз бір тұғырда тұруымыз керек. Ресейде орыс тілін білмеу, Германияда неміс тілін білмеу, Францияда француз тілін білмеу – қалай ақылға сыйымсыз саналса, Қазақстанда қазақ тілін білмеу дәл солай саналуға тиіс. Бірақ шаруа бірте-бірте, араға уақып салып іске асатынын да бағамдауымыз керек. Ал мемлекеттік тілге қосарлап екінші бір тілді тану – мүлде дұрыс емес.

Осы орайда, парламент жөніндегі өз ойымды да айта кетейін. Оның құрамында бұрынғыша ойлайтындар, бүйректен сирақ шығарып жүргендер баршылық. Әсіресе, қазақтың қамын ойлауға келгенде мойны жар бермей, бұра тартып тұратындар бар. Бәлкім, халық қалаулыларын қайта ұсыну керек шығар... Меніңше, ойласатын шаруа.

– Шет елдерден атамекенге ат басын бұрған ағайындардың арасында да қазақ өнерін байытуға үлесін қосатындар бар. Әзірге олардың бәрін малшы, шопан деп қабылдап жатқан сияқтымыз. Бұл жөнінде не дейсіз?

– Шет елдердегі қазақтардың оралуы қиын кезеңмен тұспа-тұс болғанын қарашы. Өркендеп кеттік деп шақырып, келген соң шарасыздан қол жайғанымыз жараспас. Сондықтан еліміздегі қиындықтарды оларға жасырмай айтып, тәуекелдің жел қайығына мініп жеткендерге мемлекеттік жәрдем берілсін. Мамандықтарына сай жұмыстарға орналастырылсын.

– Қазақы салт-дәстүрлерімізді жаңғырту да қолға алына бастады ғой. Ұлттық ерекшелігімізді жоғалтып алудың аз-ақ алдында қалыппыз...

– Иә, сонау жылдары тың игеруге келгендер қазақ дәстүр-салтын үйреніп, игеру жөнінде ойлағанда жоқ. Бірде Анголаға барғанымда жол бойындағы зираттың тұсына қойылған күзетті көріп таңқалдым. Олай-бұлай өткендер зираттың тұсында бір минут аялдауы керек екен. Әйтпесе, күзетте-гілер атады дейді. Дәстүрін сыйлату үшін кейбір елдер осындай шараға дейін барады. Біз таяу арада «Қазақтың дәстүр-салттары» деп аталатын анықтамалық кітап шығаруды қолға алсақ та артық емес. Басқалар да білсін, өзіміз де үйренейік.

– Әйгілі Желтоқсан оқиғасы кезінде жазықсыз жапа шеккендердің бірі сіз болдыңыз. Қиянатқа қалай ұшырағаныңыз туралы баспасөз бетінде айттыңыз. Өнерде әділетсіздік атаулымен күресті насихаттап жүрген жанға бұл ауыр соққы ғой. Сеніміңізге сызат түсірген жоқсыз ба?

– Бәрінен де қыршын жастарымызды ойлап қабырғам қайысады. Қайсар ұрпақ деп жүрміз ғой... Біздің өмір күреспен өтуде. Өмірде де, өнерде де! Бәлкім, сонысымен мағыналы шығар...

– Әңгімеңізге рахмет

«Халық Кеңесі»,  
1992ж.

*Бұл жөнінде Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, экономика ғылымының докторы, профессор Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВТІ әңгімеге тартып, бірнеше сауалдар қойған едік.*

– Кенжеғали Әбенұлы, республикамыздағы үлкен білім ордасының тізгінін қолыңызға ұстап, жаңа жұмысқа кірісіп жатыр екенсіз. Қадамыңыз құтты болсын дейміз алдымен.

– Рахмет!

– Бұл жоғары оқу орнының бағыт-бағдары, өзіндік ерекшеліктері, мамандар даярлаудағы кәсіптік қырлары сізге бұрыннан таныс па? Бұған дейін осы университетпен байланысыңыз қалай еді?

– Жалпы, өзім ҚазМУ-дің түлегімін. 1963 жылы оның экономика факультеті негізінде жеке Халық шаруашылығы институты құрылған еді. Сонда сол институтта оқытушы болып еңбек жолымды бастадым. Бұл үлкен ұжымның өткен өткелдері, тарихы менің көз алдымда сайрап жатыр. Ғылым сапарындағы ізденістерім, шәкірттер тәрбиелеу тәжірибем де осында қа-лыптасқан. Ғылымдағы кандидаттық, докторлық диссертацияларымды осында қызмет істеп жүріп корғадым. Он жыл оқу істері жөніндегі проректор болдым. Яғни, бұл білім ордасының бұрынғы да, қазіргі де бағыт-бағдары, өзге оқу орындарынан өзгешелігі мен ерекшеліктері маған жақсы таныс. Қазіргі таңда, күрделі экономикалық реформаларға қадам басқан шақта, бұл университеттің иығына түскен жүк ауыр, жауапкершілік зор. Өйткені, қоғамды қайта құрудың оны түбегейлі жаңартудың, жаңғыртудың кілті, кіндігі – экономикада. Ал экономикамыздың өркендеуі – білікті мамандарды сапалы даярлауға байланысты.

– Нарықты экономиканың болашағына үмітпен қарасақ та, қазіргі қадамның ауыр екендігін, әсіресе бұған бейімделмеген, бейхабар жұртшылықты әрі-сәрі күйге түсіргенін де байқаймыз. Ал мамандар мұндай қайшылыққа қалай баға береді?

– Мәселе мынада: біз экономикалық дамудың бір түрінен екінші түріне көшу үстіндеміз. Яғни, үлкен жолдың үстінде көлік ауыстырып жатырмыз. Екеуінің арасында орасан алшақтықтар бар. Мақсат-мазмұны да өзгеше. Сондықтан экономиканың жаңа шарттарын тез әрі терең игеру – кезек күттірмейтін міндет. Қазақстандағы барлық оқу орнында да мамандар даярлаудың жаңа жүйесі қалыптасуда. Бірақ физика, математика, биология, химия мамандарын даярлаудың бұрынғы негізіне айрықша нұқсан келген жоқ. Ал экономика ғылымының негізі өзгерді, мазмұны мүлде басқаша болып кетті. Халық шаруашылығында істеп жүрген мамандарымыз, жоғары оқу орындарындағы оқытушыларымыз, әсірелеп айтқанда, нарықты экономиканың әліппесінен бейхабар. Сауат ашуды қолға алуға тура келуде.

– Қазақстандағы жалғыз экономикалық университет болғандықтан, бұл білім ордасына көз тігіп, нарықты экономика мамандарын даярлауды неден бастайды. Нені бірінші кезекте қолға алады деп қарайтындар баршылық болар?

– Олай болуы әбден ретті. Нарықты экономиканың талай-талай заңдары, тәсілдері, шарттары бар. Оны тек теория жүзінде ғана біліп қоймай, тәжірибеде игеру, қалыптастыру қажет. Бұл үшін білімді оқытушылар даярлауды бірінші кезекке қоямыз. Екіншіден, нарықты қатынас негіздерін түсіндіретін оқулықтар жоқ. Бұрын той, капитализм десе – денеміз тітіркенетін. Сондықтан капитализм жағдайындағы экономика жөніндегі оқулықтарды не өзіміз жазбадық, не не шет елдерден аудармадық. Енді мұнышұғыл қолға алмасақ болмайды. Үшіншіден, нарық экономикасының мамандарын даярлау. Бұл – қайта құрудың әкелген талабы. Рас, экономикалық білім ордасы болғандықтан, біздің үлгі беруіміз, басқаларға көмектесуіміз қажет. Қазір халық шаруашылығында жүрген мыңдаған мамандар – бұйрықпен басқа руға иек артқан, әміршіл экономиканың шәкірттері. Оларды қайта даярлау, жаңа эконкмикалық білім беру – күрделі міндет.

– Елімізде экономикалық реформа өте баяу жүруде деген пікірге қалай қарайсыз?

– Меніңше, қиындық нарықты экономиканың тетігін тап басатын білікті мамандардың жетіспеушілігінен тууда. Президенттің, Жоғарғы Кеңестің, депутаттардың тамаша идеяларына, қабылдаған заңдарына жергілікті жерлерде күшті қолдау болуы керек. Ол үшін нарықты экономика негіздерін халық шаруашылығындағы әрбір маман жете білсін, үйренсін, оқысын, игерсін. Міне, нәтиже сонда болады.

Президентіміз Н. Назарбаевты да бұл университеттің бүгіні мен болашағы қатты толғандырады. Білгір мамандар даярлауда, жоғары мектеп жүйесіне күрделі өзгерістер енгізіп, сенім үлесінен шығуға тырысамыз.

– Университеттің оқытушылар құрамындағы жас мамандардың үлес салмағы жөнінде не айтасыз?

– Экономиканың жас мамандары оқытушылар арасында өте аз екен. Мұның бір себебі жалақының төмендігінен. Жас мамандар әр түрлі кооперативтерге, коммерциялық салаларға, мемлекеттік басқару жүйелеріне, банкілерге, т.б. ауысып кеткен. Оларды университетте сабақ беруге тартудың көптеген жолдары бар. Соны қарастырамыз. Мәселен, мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі, бұған қоса әр ұжымның өз мүмкіндіктерін пайдалануын, халық шаруашылығына қажетті тиісті кеңестер беруді ұйымдастырсақ, университет жанынан коммерциялық жүйелерді іске қоссақ, мәселен, бүгін комерциялық банк ашуға нұсқау бердім, аудиторлық фирмаларды қолға алсақ дейміз. Бірте-бірте менеджмент, маркетинг, коммерция, биржа ұғымдары әрбір қарапайым адамның тіл қолданысына и т.н. Бүгінгі студенттердің арасынан болашақта экономика магистрлері шығады. Біздің университет даярлаған мамандар ғылымда да, халық шаруашылығында да ең алдыңғы шепте жүретініне сенімдімін.

– «Ана сүті – бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді», – дейді халқымыз. Экономика ғылымын игеруді қазақиландырып, табиғатымызға бейімдеуді де кешеуілдетпеу керек деп ойлаймыз. Шетелдік экономикаға көбірек ден қоюдамыз ба, қалай өзі?

– Университетте оқу жүйесі қазақ және орыс тілдерінде қатар жүргізіледі. Факультеттерде қазақ топтары бар. Бұрын тек орысша оқытылып келді ғой. Қазір бір тілмен шектеуге болмайды. Шет ел экономикасының мамандарын даярлай бастадық. Нарықты экономиканың білгір маманы болу үшін – ағылшын тілін меңгеру қажеттілік. Жалпы, қазақ жастарының ана тілін бі-луімен қатар, шет тілдерді (ағылшын, неміс, француз) үйренуге деген құлшынысы жоғары. Бұл бізді қуантады. Қазақстан экономикасын өркендетуде ұлттық ерекшелігімізді терең пайымдап, шетелдік озық үлгілерді жетік үйренуді қатар алып жүретін болсақ, тек қана ұтамыз.

«Халық Кеңесі»,  
1992 ж.

## ТІЛ МӘРТЕБЕСІ ЖОҒАРЫ

*Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінің төрағасы  
Сұлтан ОРАЗАЛИНОВПЕН сұхбат*

– Сұлтан Шәріпұлы, Президенттің Жарлығымен Тіл комитетінің құрылуын ел тілегінің ескерілгендігі, халықтық мүддені ойлағандықтан туған шешім деп түсінеміз. Бұл, әсіресе, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жолында өте қажет еді. Енді комитетке жүктелер міндет ауқымды. Істі неден бастайсыздар?

– Әлбетте, ең алдымен әр түрлі ұйымдастыру шаралары, міндет бөлісу, материалдық жағдайларды реттеу, т. б. қолға алынуда. Жақында Министрлер Кабинетінің қаулысымен Тіл комитеті туралы ереже бекітілді. Онда комитеттің басты міндеттері мен құқықтары нақты көрсетілген. Мәселен, Тіл туралы заңды жүзеге асыру, қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000-ыншы жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік

бағдарламасын орындау, тіл саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, оны жүзеге асырудың пәрменді тетіктерін жасау, кілтін табу және ұлт тілдерін жаңғырту мен дамытуға жақсы жағдай туғызу осы комитетке тікелей жүктеледі. Ол үшін комитет өзінің орталық мемлекеттік басқару органы ретіндегі құқығын толық пайдаланады.

Іс тұтқасы білікті мамандардың қолында болғанда ғана мақсат орындалатыны белгілі. Біз де ең алдымен тіл тағдырына жаны ашитын, білгір, іскер мамандарға арқа сүйейміз. Мемлекеттік тілдің және басқа да ұлт тілдерінің даму қозғалысына дәл бақылау жасау, кемшіліктерді көріп, оны түзетуге ықпал ету, кейбір бұра тартқысы келетін сыңаржақ басшылардан заңда белгіленген, сөзсіз атқарылуға тиіс істерді мерзімінде орындауды қатаң талап ету де біздің міндетіміз.

Қыруар жұмыстарды үйлестіріп атқаруы үшін комитетке Үкімет қажетті қаржыны бөліп отыр. Тиісті министрліктер мен ведомстволар қолдау-көмек көрсетуге ықылас білдіруде. Түптің-түбінде илейтініміз бір терінің пұшпағы екендігін түсінген іс басындағы азаматтар қолдан келген көмектерін аямауға тиіс.

Таяу арада комитеттің мекен-жайы анықталса, мүкәмал-мүліктерді түгендеп, мамандарымызды іріктеп орналастырып, содан соң негізгі шаруаларды ыңғайлай бастаймыз.

– Облыстық, қалалық, аудандық тіл комитеттері құрылуда ма?

– Әрине. Біздің жергілікті жерлердегі «көз-құлағымыз» тіл басқармалары (комитет емес) құрылуда. Облыстық тіл басқармаларының бастықтарын өзіміз бекітеміз. Кейбір әкімшіліктердің өздеріне «қолайлы», айтқанда-рынан шықпайтын мамандарға ықыластары ауатынын байқаймыз. Бұған жол беруге болмайды. Тіл тағдырына осы уақытқа дейін салғырт қарап келгеніміз де жетер. Соның кесірінен қазақ тілі күнделікті тұрмыста пайдаланылудан мүлде шеттетілгені, ұмыт қалдырылғаны жанымызды ауыртады-ақ. Енді егемен елдің, тәуелсіз мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаттан кейінгі басты назар аударары – тіл саясаты болуға керек. Бұл Негізгі Заңымызда өте айқын тұжырымдалған. Сондықтан, комитет өзінің жұмысында заңды басшылыққа алады, заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалайды, талап етеді. Облыстық, қалалық, аудандық тіл басқармаларымыз өз құзіретіне кіретін мәселелерді жалтақтамай, мемлекеттік маңызды міндет тұрғысынан қарап, шешуге тиісті.

– Тіл туралы заң қабылданған бері де көп өзгерістер болды. ол заңды қабылдау кезінде мемлекеттік тіл мен орыс тілінің қызметін теңгеріп, жалпақшешейлік көрсетілді. Екі тілдің қоғамдық қатынас құралы ретінде жігінің ажыратылып көрсетілмегендігі кейін байқалды. Ал Конституциямызда мемлекеттік тіл мәртебесі айқын тұжырымдалған. Осыған байланысты Тіл туралы заңның бірқатар баптарын қайта қарау керек шығар?

– Жоғарғы Кеңестің күзгі сессиясына Тіл туралы заңның ескірген баптарын қайта қарау жөнінде ұсыныстарымызды әзірлеп жатырмыз. Заң екіұштылықтан ада болуы қажет. Қоғамдық сананың оянуы көптеген мәселелерге байланысты кешегі көзқарастың аясында қалып қоймай, ұсыныстарды ұштап, тың ойларға өріс ашып, қағидаларды жетілдіріп отыруды қалайды. Біз де сол талаптардың деңгейінен табылуға тиіспіз.

– Мемлекеттік тіліміздің қазіргі таңдағы қолданылу аясы өте тар. Тіпті, кейбір қазақ отбасыларында үй-ішілік қарым-қатынас құралы болудан да шығып қалғаны қатты қынжылтады. Республикамыздағы бірде-бір жоғары оқу орны барлық пәндерді таза қазақ тілінде оқытпайды. Министрліктер мен ведомстволар іс-қағаздарын әлі бұрынғысынша орыс тілінде ғана толтырады. Тіл үйрететін үйірмелер, курстар науқандық сипат қана алғаны белгілі болды. Сонда қазақ тілінің көсегесі қалай көгермек?

– Шіркін, осы сауалдарды қазақпын дейтін әрбір азамат, қызмет баспалдақтарындағы әрбір маман күн сайын өзіне-өзі қойып, он ойланып, жүз толғанса ғой. Әсіресе, науқаншылдықтан таңдайымыз талай күйсе де ескі әдеттен арыла алмай жүрміз. Әйтпесе, ең алдымен заңды сыйлау мәдениетін игерер едік қой. Заң талаптарын бұлжытпай орындауға ұмтылыс жасар едік қой.

Іс қағаздарын қазақша жүргізуге көшудің мемлекеттік бағдарламасы жасалғаны баршаға аян. Дәл бүгіннен бастап жаппай қазақшаға көшесің деген ешкім жоқ. Бірте-бірте, кезең-кезеңімен жүзеге асыру керек. Ол үшін осы бастан дайындық жұмыстарын жүргіз, әзірлен деген сөз. Мәселен, Мәдениет министрлігі іс қағаздарын қазақша жүргізуге алғашқы болып көшті. Басқа министрліктер мен мекемелер осы бастаманы қуаттап, қолдап, оң тәжірибені таратып әкетсеші. Біздің комитет алдағы уақытта бұған дейін жол берілген кемшіліктерді жоюға, заң талаптарын бұрмалау-дың болмауына күш салады. Өз жерінде, өз топырағында еркін тамыр жайып, гүлдеудің орнына, үсікке ұрынып, зардап шеккен қазақ тілінің, тағдырына Қазақстанды мекендейтін басқа ұлт өкілдерінің үлкен түсіністікпен қарағанын қалаймыз. Олар үшін мемлекеттік тілді оқып-үйренуге, білуге және өз ұлтының тілін де дамытуға барлық жағдай жасалады. Қазақ тілінің – мемлекеттік тілдің мәртебесін өз деңгейінде ұстау – ортақ парыз саналуы қажет. осыны өркениетті елдің өркендері жадынан шығармағаны абзал. Мемлекетіміздің әрбір мүшесі үшін қазақ тілі қажеттілікке айналуы керек. Мұрат – сол.

– Мемлекеттік тіл – міндетті тіл. Осыны бұлталақсыз, ашық айтуымыз керек қой.

– Әлбетте. Конституция ережелеріне түсінбестікпен қарайтындар теріс көзқарастан арылғаны жөн. мемлекеттік тілді білу – міндет. Бағдарламаны біртіндеп жүзеге асырамыз. Сол үшін әкімшіліктер, министрліктер, мекемелер біздің комитеттің қойған талаптарына сергек қарап, бірлесіп үйлесімді қызмет етсе дейміз.

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы да тіл тағдырына қатысты біршама жұмыстар атқаруда. «Тіл комитеті құрылды, енді қоғамның қажеті бар ма?» – дейтін сауал да арагидік қылаң беріп қалып жүр. Бұған не айтасыз?

– Ел мүддесі үшін ізгі істердің ұйтқысы бола білген мұндай қоғамдар қанша болса да артық емес. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен тығыз қарым-қатынаста боламыз. Әр кезде де қоғамның өз міндеті бар, ал мемлекеттік комитет – мемлекеттік тұрғыдан мәселе қояды. Бірінің кетігін бірі толтырып, бірінің жұмысына екіншісі ықпал жасауға лайық. Бұл қоғамды комитеттің ең бірінші көмекшісі, әріптесі деп есептейміз. Нақты жоспарлар құрып, әр түрлі шараларды бірігіп атқаратын боламыз. Бәлкім, жаңа мекен-жайымыздан қоғамға да орын бөліп, бірге орналасуға шақырармыз. Тек халық мүддесіне, заңға қайшы әрекеттер жасайтын кейбір қоғамдар мен батыл күресетін боламыз. Қайткенде де тіл мәртебесін жоғары ұстауға барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

– «Сәлем – сөздің анасы» дейтін едік. Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде сәлемдесу рәсімі күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде қашан көрініс табар екен?

– Әрине, біз ешкімге де: «Ертеңнен бастап қазақша сәлемдес», – деп бұйрық бере алмаймыз. Көшеде, қоғамдық орындарда бір-бірімізбен қазақша сөйлесіп, қасымыздағыларға өнеге көрсетейік. Балаларымыз бөтен тілде шүлдірлемей, ана тілін ардақ тұтсын. Басты мұрат – сәлемдесу ғана емес, мемлекеттік тілде еркін сөйлесу екенін басқа ұлттың өкілдеріне жоғары мәдениетпен ұғындырайық.

– Сыртқы істер министрлігінде шет елдермен келіссөздер жүргізілген кезде іс қағаздары, әр түрлі құжаттар тек мемлекеттік тілде толтырылады екен. Басқа министрліктер жөнінде не айтуға болады?

– Көптеген министрліктер мен мекемелер заң талабын ұмытып кетті. Тек орыс тіліне ғана бүйрегі бұрып тұратын басшылар баршылық. Комитет алдағы уақытта Мемлекеттік статистика комитетімен бірлесіп, істің мән-жайына терең талдау жасайтын болады. Бір ғана Сыртқы істер немесе Мәдениет министрліктеріндегі оң өзгерістерді қанағат тұту жеткіліксіз. Қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне еркін аударма жасайтын кадрларды көптеп даярлауға ықпал жасаймыз. Әлі күнге дейін үлкен мәжілістерде ілеспе аударма жасаудың жайы мәз емес. Барлық салаларда да мемлекеттік бағдарламаның мерзімінде жүзеге асуын мұқият бақылауға аламыз. сонда көптеген кемшіліктердің орнын толтырармыз, бәлкім.

– Тіл заңының орындалуы туралы туралы облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктердің есебін тыңдап тұруды ұйымдастыратын боларсыздар. Өйткені сұрау салып, қадағалап, бақылап отырмаса өздігінен қимылдамайтын басшылар баршылық.

– Комитет өзінің басқармалары арқылы әкімшіліктердің, басқа да мемлекеттік басқару органдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың басшыларынан Тіл туралы заңдарды, тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қалай орындап жатқандықтары туралы мәліметтерді, құжаттарды талап ететін болады.

– Тіл комитетіне баспасөз, теледидар мен радио әрдайым көмек берері сөзсіз. Дегенмен, комитеттің өзінің баспасын ашу, газетін шығару да ойластырылатын шығар!

– Газет шығаруды көп кешіктірмей қолға алмақшымыз. Ал «Ана тілі» баспасын келер жылдан бастап комитеттің қарамағына көшіру жөнінде келісімге келдік.

– Жақында газетімізде Білім министрлігінің маманы республикада дәл қазіргі таңда 80-ге жуық гимназия, 63 лицей бүлдіршіндерге есігін айқара ашып отырғанын хабарлады. Бірақ бір өкініштісі, бұлардың көбісінде сабақ орыс тілінде ғана жүргізіледі екен. Сонда баяғы әуенге қайтадан көше бастағанымыз ба?

– Бұл мәселеге ең алдымен сол Білім министрлігіндегі жауапты қызметкерлердің өздері салғырт қарамауы керек. Істің басы-қасында жүріп көз жұмбайлық жасауға болмайды ғой. Алдағы уақытта біздің комитет мұндай фактілерге талдау жасайтындығын еске саламын.

Мемлекеттік тілге мән бергісі келмейтін басшылардан заңды бұрмаламауды біз қатаң талап етеміз. Мәселен, Алматыдағы № 6 автопарктің басшылары, басқа жан таппағандай, қазақ тілін үйретіп жүрген адамды жұмыстан қысқартқан. Ал 1995 жылдан бастап автотранспорт қызметін қазақшаға көшіру жөнінде мемлекеттік бағдарламада нақты көрсетілген. Сонда мұндай әрекеттерге не деп баға беруге болады? Ойланатын мәселе. Мемлекеттік тілге тек қана комитет жанашыр деп арқаны кеңге салуға болмайды.

– Жер-су атауларын, елді мекендердің байырғы аттарын қалпына келтіру жұмыстары жанданды. Ұрпақ санасынан өшіп қалған талай атауларды тірілту де келер күннің еншісінде. Ендеше, Тіл комитеті Ономастика және Терминология комитеттерімен бірлесе жұмыс жүргізетін болар?

– Дәл солай. Тілді тұқыртудың кешегі империялық саясат кезіндегі бір құйтырқы тәсілі – атауларды жергілікті ұлттың тілінде қоймау еді ғой. Шүкіршілік, бұл қиянатқа енді жол берілмейді. Жадымыздан өшкен жер-су атауларын қайтадан жаңғыртып жатырмыз. Тіл тазалығын сақтау жолында жоғарыда аталған комитеттермен тізе қосып жұмыс істейтін боламыз.

– Қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесіне күмәнмен қарап, күнкілдеп теріс пікір таратушылар да кездеседі. Бұған не айтасыз?

– Ең алдымен, кешегі дәуреннің келмеске кеткенін, тарихи жаңа кезеңге қадам басқанымызды түсінген жөн. Тіл саясаты – мемлекеттік мәселе. Тіл беделі де бірте-бірте артатынын, дәрежесі жоғарылайтынын жадымыздан шығармайық. Мәселен, Ресейде орыс тілі тек ХІХ ғасырда ғана ғылым тілі қызметіне кешкен екен. Ендеше біз неге қазақ тілінің болашағына күмәнмен қарауға жол береміз. Бүгінгі таңдағы қазақ тілінің қолданылуы аясының тарылып қалуына тарихи жағдайлар себеп болды. енді сол тілдің қайта өркендеу дәуірі басталғаны тарихи шындық. Әрбір азамат: «Мен мемлекеттік тілді білуге міндеттімін», – дейтін күнге де жетерміз. Қазіргі қыруар жұмыстарымыз сол игілікті іске арналмақ. Етекпен тартып күнкілдеушілер тарих доңғалағын кері айналдыру мүмкін еместігін бағымдасын бір сәт. Солай.

«Халық Кеңесі»,  
1993 ж.

## **ҒЫЛЫМ ОТАУЫ**

*Тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы мықты қалануына экономикалық байлықпен қоса рухани байлықтың да (ғылымның, әдебиеттің, өнердің, т.б.) қосар үлесі сүбелі. Өркениетті елдер мұны жадынан шығармаған, ұмытпаған. Баса назар аударған. Бұл ретте ұлттық ой-сананың, салт-дәстүрдің, мәдениет пен тарихтың құнды шежіресі төл энциклопедиясын шығаруға әр халық та ынталы болары сөзсіз. Осы бір абыройлы міндет-парызды өтеу жолында бұдан 25 жыл бұрын шаңырақ көтерген Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы қыруар жұмыс тындырды. Біз осы орайды белгілі ғалым, Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясының бас редакторы, Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Рымғали Нұрғалиевпен әңгімелескен едік.*

– Реке, Қазақтың ұлттық әмбебап энциклопедиясының 15 томы және басқа да энциклопедиялық туындылар (барлығы 55 том екен) оқырмандарымыздың игілігіне айналғаны шынында да зор ғанибет. Ұлттық ғылымымыздың үлкен жетістігі деп те бағаланатын болар. Өзіңіз басқарып отырған Бас редакцияның бұған дейінгі атқарған қызметіне, тындырған шаруасына, ұжымдық еңбектің нәтижелеріне ширек ғасырлық белесте тұрып, ой көзімен үңілсеңіз...

– Жөн. Жалпы, энциклопедия жасау, оны жүйелеп шығару – ұлттық сананың жетілген, өскен тұсында жүзеге асады. Қазақ энциклопедиясының да алпысыншы жылдардың аяғы, жетпісінші жылдардың басында қолға алынуы тегіннен-тегін емес. Бұл кезең тоталитарлық жүйе қаншалықты дәуірлеп тұрғанымен, Қазақстандағы ұлттық ақыл-ой, сана-сезімнің шамырқанған, буырқанған тұсы болатын. Басқа одақтас республикалар сияқты Қазақстан да ұлттық әмбебап энциклопедиясын жасау ісін қолға алды. Бұған сол кездегі республика үкіметі тарапынан да көп көңіл бөлінді. Қаржы аударылды. Жаңа ұжым құрылды. Игілікті іске жол ашылды. Әдейіет пен өнердің, мәдениет пен ғылымның көрнекті өкілдері ел мүддесі үшін орындалатын күрделі жұмыстың күрмеуін шешуге өз үлестерін қосты. Қазақтың тұңғыш көп томдық әмбебап энциклопедиясын әзірлеп, басып шығару үшін Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының жанынан 1968 жылы қаңтарда Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы құрылған еді. Сөйтіп, республикада энциклопедиялық кітап шығаруға негіз қаланды. Бас редакцияның құрамындағы ғылыми-салалық 11 редакцияда 130 адам болды. 29 ғылыми-салалық алқалар мен ғылыми-кеңесшілер тобында 313 маман-ғалымдар қызмет атқарды. Қазақ энциклопедиясының әр томын әзірлеуге орта есеппен 850-1200 автор қатысыпты. Осыдан-ақ энциклопедияшылардың еңбегі теңіз түбінен маржан теретіндердің бейнетіндей ауыр жұмыс екенін аңғаруға болатын шығар.

Қазақтың тұңғыш әмбебап көп томдық энциклопедиясын әзірлейтін бас редакцияның бас редакторы болып академик М.Қаратаев бекітіліп, белгілі білгір ғалымдар мен мамандар бас қосты. Ұлттық Ғылым академиясының барлық ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындарының оқытушы-ғалымдары да бұл жұмыстан шетқакпай қалған жоқ. Ұжымдық еңбектің нәтижесінде әмбебап энциклопедияның біріншісі томы 1972 жылы жарық көрсе, соңғы он екіншісі томы 1978 жылы оқырмандар қолына тиді. Содан соң бұған қосымша орыс және қазақ тілдерінде энциклопедиялық анықтамалық сөздік және бір томдық «Алфавиттік пән-есім көрсеткіші» шықты. Сонымен он бес томдық тұңғыш Қазақ энциклопедиясын шығару ісі онжылдық ішінде толық жүзеге асты. Ал мұндай энциклопедияны бұрынғы одақтас республикалар ішінде бізден бұрын Ресей мен Украина ғана шығарған еді. Бұдан кейін төрт томдық «Қазақ ССР» қысқаша энциклопедиясы да қазақ және орыс тілдерінде жеке-жеке жарық көрді. Үштомдық балалар энциклопедиясы «Ол кім? Бұл не?», «Қазақша-орысша сөздік», «Қысқаша орысша-қазақша сөздік», «Орысша-қазақша тілашар», «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы, т.б. ғылыми еңбектер жарық көрді. Бұл жиырма бес жылда Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы үлкен жолға шықты, тәжірибе жинақтады.

– Қазақстан ғылымының тарихында бұрын түрен түспеген энциклопедия жасау ісіне белсене атсалысқан ғалымдар мен мамандар көп болғанын айттыңыз. Солардың көшбасындағы көрнекті өкілдерінің қатарында кімдер болған еді?

– Қазақ энциклопедияшыларының сол тұстағы қыруар ізденістері, тарих қатпарларында қалып қойған, өшуге айналған сан алуан деректерді тірілтуі жанкешті еңбек-тұғын.

Ғылымның, мәдениеттің әр саласының мамандары үлкен біліктілікпен қатыспаса қысқа мерзімде ойға алған күрделі де көлемді жұмысты тындыру қиын еді. Бұл ретте елдігіміздің айғағындай, дәлеліндей осы маңызды шежіре үшін жеке шығармашылық шаруаларын былай ысырып қойып, қажет жерінде ақыл-кеңесімен де, қалам қарымымен де көмек берген зиялы қауым өкілдері – асыл ағалардың еңбектері елеулі. Бұлардың қатарында көрнекті жазушылар С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, ғалымдар Ә.Марғұлан, О.Жәутіков, А.Сызғанов, Б.Бірімжанов, А.Нүсіпбеков, актерлер Ш.Айманов, Е.Өмірзақов, суретшілер Қ.Телжанов, С.Мәмбеев, сазгер Л.Хамиди, т.б. болғаны қандай ғанибет. Қазіргідей ғылым мен техниканың өркендеп, дамыған шағында энциклопедия жасау қаншалықты ғұлама болса да бір адамның қолынан келетін шаруа емес. Бұған озық ақыл-ойдың тоғысуы, сан салалы ғылым арналарының басын қосып, қажетті жетістіктерін ашып көрсету қажет болды. Алғашқы қазақ энциклопедияшылары сол міндет биігінен табылды деп айтуымызға әбден болады.

– Энциклопедияның басқа баспа өнімдерінен өзіндік ерекшелігі, әзірлеу барысындағы айырмашылық жөнінде де айта кетсеңіз...

– Әлемдік тәжірибенің көз жеткізгеніндей, энциклопедияға бір күндік, науқандық басылым деп қарауға болмайды. Көпсөзділікті, жеңіл шолуға, атүсті байламға бой алдыруды көтермейді. Әр жерден цитат алу, дәлелденбеген, тексерілмеген фактілерді орынсыз тықпалау қажет емес. Біреулерді орынсыз мақтауды немесе орынсыз даттауды көтермейтін басылым. Әуелгі британ, неміс, француз энциклопедияларына назар аударсаңыз, осындай талап қойылған.

Қысқа, дәл тұжырымдар арқылы мол мағлұмат, айқын ақпарат жеткізілуі керек. Қазақ айтатын «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» табу керек оқырман энциклопедиядан.

– Реке, осы орайда, тіл ұшында тұрған бір сауалды қойғым келеді. «Қазақ совет энциклопедиясы» деп аталатын көп томдық еңбектің коммунистік идеология ықпалына қатты шарпылғаны, компартияның мүддесіне көбірек қызмет ететіні қазір айқын байқалады ғой. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Рас, тұңғыш төл энциклопедиямызды тоқырау деп аталатын кезеңнің мұзы сіресіп жатқан кезде, қызыл саясаттың қылышы қылпып тұрған тұста жасауға тура келді. Әр нәрсеге тек советтік көзқараспен баға берудің салқыны қатты тигенін, ұлттық тарихымызға, салт-дәстүр, наным-сенімімізге қатысты ақтаңдақтардың мол екенін жасырмаймыз. Әсіресе, ХХ ғасырдағы қазақ ұлттық ояну дәуірінің басы болған, ұлттық дамуының негізгі нысанасын белілеген – Алаш қозғалысы, Алаш ұлттық партиясы, Алашорда өкіметі жөнінде, оның ірі қайраткерлері туралы дұрыс баға берілмеді. Жала жабылды, күйе жағылды. Жаңсақ тұжырымдар жасалды. Тіпті, оларды тарихымыздан мүлде сызып тастауға жақын қалдық. Компартияның сойылын соғып, сөзін сөйлеу сол заманға тән ойлау жүйесін, тұйық шеңберді қалыптастырғанын көптеген ғылыми мақалалардан да байқауға болады. Тәуелсіз мемлекет, еркін ел болып, бүкіл тарихымызды қайта жазып жатқан тұста энциклопедия томдарына да көптеген түзетулер, толықтырулар кіргізуге, сөйтіп қайта басып шығаруға тура келеді. Қазіргі өтпелі кезең, өлара шак қиындықтарын артқа тастап, қосымызды түзегеннен кейін бұл шаруа да жедел қолға алынғаны жөн деп ойлаймын. Іргесінде, өз ішінде соғыс өрті тұтанып, шырқы бұзылып жатқан Грузия, Армения, Әзірбайжан сияқты елдердің өзі кеңес дәуірінде шығарған ұлттық төл энциклопедияларын қайта басып шығарудың қамында көрінеді. Бұдан бұрын Президентіміздің қабылдауында болғанымда да бұл мәселеге қатысты ойларымды айтқанмын. Өркениетті елдерде энциклопедия томдары Библия, Құран сияқты



кастерленеді. Әр шаңырақтың төрінде тұратын кітап деп танылған. Біз болашақ ұрпаққа азаттық идеяларына суарылған жаңа төл энциклопедиямызды қалдыруымыз керек. Дамудың жаңа жолына түскен жас мемлекетіміздің ұлттық шежіресі қамқорлыққа алынады деп ойлаймын.

– Ал Қазақ энциклопедиясының басына бұлт үйірілген кездер болды ма?

– Осы орайда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейінгі СОКП Орталық Комитетінің «Қазақ ұлтшылдығы» жөніндегі әйгілі қаулысын айтуға болады. Бұл ұлттық намысымызға тиген, аққа қара күйе жаққан құжат болғаны өз алдына, оның ызғары ұлттық мекемелеріміздің шаңырағын шайқалта жаздады емес пе. Әсіресе, осы кезде кейбір әпербақан шенеуніктер ұлтшылдықтың ұясын іздеп әуре-сарсаңға түсті. Сонда Қазақ энциклопедиясына көз аларта қарап, саусағын шошайтқандар да табылды. «Ұлтшылдыққа» тәрбиелеп отырған энциклопедия томдарын жыртып, өртеп жіберудің аз-ақ алдында қалдық. Құдай сақтап, бір нәубеттен аман-есен шықтық, әйтеуір.

– Нарық қыспағын Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы қалай сезінуде?

– Әрине, басқа да ғылыми мекемелер, баспалар сияқты бідің ұжым да көптеген қиындықтармен бетпе-бет келді. 1986 жылға дейін энциклопедия да үкімет тарапынан бюджет арқылы қаржыланатын мекеме болса, одан кейін өзін-өзі қаржыландыру, шаруашылық есеп дейтін заман ағымына, нарық талабына сай арнаға көшті. Бірақ шыққан кітаптарымыз, бағасын қанша жоғары қойсақ та, өзін-өзі ақтамайтын болды. Тіпті түгел өтіп кеткен күннің өзінде пайда әкелудің орнына тек зиян шектіреді. Сондықтан бәрібір мемлекет көмегіне мұқтаждықты сезінудеміз. Мәселен, «Қазақстанның тарихи және мәдениет ескерткіштері шежіресі» дейтін көлемі 60 баспа табақ кітап дайын тұр. Бұл қазақ даласындағы құнды тарихи және мәдени ескерткіштерге жан-жақты сипаттама беретін 10 томдық бірегей басылымның алғашқы томы. Беташар том халқымыздың материалдық және рухани мәдениетінің ежелгі орталықтарының бірі ретінде төрткүл дүниеге танымал болған аймақ – Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан археологиялық, тарихи, сәулет, және монументальды өнер тарихына қатысты ескерткіштерге арналған. Ежелгі жылнамаларда «ақ өзен үстіндегі қала» деп сипатталатын Испиджап (Сайрам), моңғол басқыншыларына жарты жыл бойы алдырмай, қарсылық көрсеткен қаһарман тұрғындар қаласы Отырар, қазақтың үш жүзінің хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары жоңғар басқыншыларына тойтарыс беруге пәтуаласқан қасиетті төбе Ордабасы шоқысы, атақты әмірші Ақсақ Темірдің жарлығы бойынша бой көтерген киелі ғибадатхана Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, т.б. – көптеген жәдігерліктеріміз жөнінде құнды мәліметтер жинақталған. Керек пе? Керек!

Осыны өз күшімізбен шығара алмай отырмыз. Араға жылдар сала бастаған соң, түсірілгеніне біраз уақыт болған құнды слайды-суреттердің бояуы оңып барады.

Айта берсек, дайын тұрған еңбектеріміз көп. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Негеш» сондай-ақ «Ислам», «Шәкірт», «Ұлан», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті мен өнері», «Өнер», «Математика» энциклопедияларының қай-қайсысы да қыз жасауына қосып беретіндей құнды дүниелер боларына ешкім де күмән келтірмейді...

– «Қазақ энциклопедиясы» көрші Қытай елінде қайта басылып шығады екен дейтін сөз рас па?

– «Қазақ энциклопедиясын» Пекиндегі «Ұлттар» баспасы қайта басып шығарғалы жатыр. Бұл қытай, моңғол, қазақ, ұйғыр, корей, т.б. тілдерде кітап шығаратын үлкен баспа. Солар «Қазақ энциклопедиясының» қазір алты томын басып шығарды.

Осы арада айта кеткен жөн шығар, таяуда Қытай Халық Республикасы Энциклопедиясының бас редакторы бізде қонақта болып қайтты. Біз де оларға барып келдік. Біз олармен бірлесіп қабырғаға ілетін 1994 жылдың күнтізбесін шығарғалы жатырмыз. Қазақ, орыс, ағылшын, қытай – төрт тілде шығатын күнтізбе. Бұл шығармашылық байланыстарымыздың бір ғана мысалы. Әрине, көне қытай елінде энциклопедиялық еңбектер көп болған. Бірақ, еуропалық үлгідегі ғылыми энциклопедияны шығаруды қытайлықтардың қолға алғанына он-он бес-ақ жыл болыпты.

Соған қарамастан олар 74 томдық энциклопедияларын шығарып үлгерді. Жеке баспалары бар. Пекиннің орталығында үлкен көп қабатты үйлері бар. мыңдаған адам қызмет істейді. Бізді олармен салыстыруға келмес. Миллиардтан астам халқы бар мемлекеттің энциклопедияшыларға қамқорлығы кісі қызығарлықтай.

– Ұлы ақын, ойшыл, дана Абайдың туғанына 150 жыл толуын ЮНЕСКО дейгейінде атап өтетін болып, қазақ елінің мәртебесі тағы да өсе түсуде. 1995 жылға дейін «Абай» энциклопедиясын шығаруды жоспарлаған едіңіздер. Бұл энциклопедияның сыр-сипаты қалай? Дайын ба? Қашан шығады? Биыл ақпан айында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті өзінің көшпелі мәжілісін Семейде өткізді ғой. Сол мәжілісте халықаралық бизнес саласында жұмыс жүргізетін бір фирманың директоры «Абай» энциклопедиясына жұмсалатын қаржыны төлеуге әзір екендігін мәлімдеп, жар салған еді. Көмек болды ма?

– Жеке адамға арналған тұңғыш энциклопедиямыз – бір томдық «Абай» энциклопедиясы болмақ. Онда ақынның бай мұрасын талдауға мол орын беріледі. Оның әдеби мұраларына, аудармалары мен қара сөздеріне жеке-жеке мақалалар арналған. Кітапта Абайдың дүниеге көзқарасы, эстетикасы мен поэтикасы, қоғамдық-саяси ой-пікірлері мен көркемдік әдісі туралы зерттеулер де жүйеленеді. «Абай және өнер», «Абай және музыка», «Абай және театр» сияқты бірқатар шолу мақалалар енгізіліп, ақынның әдеби мұраларының қайнарынан тұщынған суретшілер, сазгерлер, режиссерлер мен актерлер, әдебиет пен өнер қайраткерлері туралы деректер бар. Энциклопедияда Абайдың өмірі мен шығармашылығына, оның отбасына, туыстары мен жақындарына, ізбасарлары мен шәкірттеріне қатысты мол мағлұматтар жинақталған. Оны түзуге Қазақстанның көрнекті ғалымдары, әдебиет зерттеушілері, тарихшылары, этнографтары мен өнертанушылары қатысты. Бұл кітап басуға дайын. Республика Үкіметі бөліп отырған арнайы қаржымен шығармақпыз. Ал кейбір фирмалар мен бизнесмендердің уәдесі құрғақ сөз болып қалды. Олардан қаржылай көмек алған жоқпыз.

– Фашизмге қарсы соғыстағы жеңістің елу жылдығы қарсаңында энциклопедия «Зерде» кітабын шығармақшы деп естіген едік. Бұл шаруа аяқсыз қалмай ма?

– Сұрағың орынды. Кешегі 1941-1945 жылдардағы алапат соғыста талай боздақтар майдан даласында қалды. Олардың ерліктерін әспеттеп, есімдерін жадымыздан шығармау – перзеттік парызымыз. Энциклопедия ұжымының соңғы кездегі шұғылданып жатқан бір үлкен жұмысы осы. Қазір Қызылорда, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар облыстарынан дайындалған кітаптар өндіріске жіберуге әзір. Алдағы уақытта басқа облыстар да қамтылады. «Зерде» кітабы да көптомды. Бұған Баспасөз, Қорғаныс министрліктері де көп көңіл бөліп отыр.

– Реке, шет елдерге сапарлап шығып жүрсіз ғой. Жалпы, энциклопедиялық кітаптарға деген сұраным жоғары ма, төмен бе? Болашаққа үмітпен қарайсыз ба?

– Өркениетті, адмыған елдердің бәрінде де энциклопедиялық, анықтамалық кітаптарға сұраным өте жоғары. Ең өтімді тауар осылар. Рас, мұндай кітаптарды дайындауға көп күш жұмсалады. Бағасы да удай болады. Бірақ, керек. «Керек тастың ауырлығы жоқ» деп туристердің өзі түрлі энциклопедиялық әдебиеттерді арқалап жүреді. Қазақ энциклопедияшыларының да еңбегі жанатын күн туады. Болашаққа үмітпен ғана емес, сеніммен қараймын.

«Халық кеңесі»,  
1993 ж.

## АУДАННЫҢ АСТАНАДАҒЫ КҮНДЕРІ

*Ақпан айының 22-23-і күндері Алматыда Қызылорда облысы Қазалы ауданының мәдениеті мен өнерінің күндері өтеді. Осыған орай, Қазалы аудандық Мәдениет бөлімінің меңгерушісі Жетіскен Мәкенәлиевке бірер сауал қойған едік.*

– Жәке, Қазалы ауданы экологиялық жағдайы қиын өңірге орналасқанын, Арал тағдырына қатысты барлық қиындықтардан тысқары қалмайтынын ескерсек, жұртшылықтың көңіл-күйіне мәдениет қызметкерлері қалай ықпал етуде деген сауал тілге алдымен оралады.

– Экологиялық апат пен нарық қыспағына қатар түскен аудан жұртшылығына рухани демеуші болу – мәдениет қызметкерлерінің бүгінгі таңдағы басты міндеті. Біреулер жайлы жер іздеп көшіп, келесісі ертеңгі күніміз не болар екен деп алаңдап отырған шақта замандастарымыздың толқыған көңілдеріне сабыр мен қуат дарытсақ, көзге көрінбейтін бейнеті мол еңбегіміздің қайтқаны. Осыны ойлағандықтан, соңғы жылдары ауданда өткізілетін мәдени шаралардың ауқымы кеңейді., Әсіресе халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды өмірімізге кеңінен енгізуге көңіл бөлінуде. Яғни, шілдехана тойынан бастап адамды ақтық сапарға аттандарғанға дейінгі аралықта басымыздан өткеретін сан түрлі шаралардың ұлағаттыларын ұрпақтарымызға аманат ету парыз. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз жалғасын табу керек. Жыл сайын қыз сыны, жігіт сыны, келіндер сыны, әжелер сыны сияқты байқау-бәсекелер өткізіліп, жадымыздан өше бастаған жөн-жоралғыларды жаңғыртудамыз. Бұл орайда халықтық өнер ұжымдары туралы арнайы сөз қозғар едік. Өткен жылы ғана 30 жылдығын атап өткен аудандық мәдениет үйіндегі халық театрының репертуарында отыздан астам шығарма бар. Ал халық оркестрі облыстық фестивальдердің бірнеше дүркін жүлдегері. Былтыр республика Мәдениет министірлігі коллегиясының қаулысымен Жаңқожа батыр атындағы ауылдың мәдениет үйіндегі драма үйірмесіне халық театры атағы берілді. «Бозкөл» кеңшарының мәдениет үйінің драма үйірмесі мен аудандық мәдениет үйінің «Қорқыт сазы» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблі халықтық атаққа ұсынылды. Термеші-жыршылық дәстүрді дамытуда да жетістіктеріміз бар. Қарасақал Ерімбек, Нұртуған, Мысабай, Төремұрат, Кәрібоз, Жәмет, Дәрікұл, Жаппарберді, Жаңаберген, Ержан сынды жыршы-жыраулар, шайырлар Қазалы, Арал өңірінде дүниеге келіп, өмір сүрген жандар. Бірнеше шаруашылықта термеші-жыршылардың, айтыс ақындарының мектептері ашылып, аталған Сыр сүлейлерінің еңбектері қайта жаңғыртылуда.

– Қысқа жіп күрмеуге келмейтін қазіргідей қиын кезеңде мәдени жұмыстарды өрістетуге қолбайлау көп те шығар. Дегенмен...

– Мәдени жұмыстың бәрі оңайлықпен істеліп жатқан жоқ. Кейде ой жеткен жерге қол жетпей қиналамыз. Себебі, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасы өте төмен. Көзімен көріп, қолымен ұстамаған адам сенбестік танытуы да мүмкін. Айлықтың аздығын, қосалқы бөлшек пен жанармайдың тапшылығын айта-айта тауыстық. Ауылдық клубтар мен мәдениет үйлерінің штаттық кестесінде 1,5 – 2-ақ адам бар. Бұл ұзақ жылдардан бері өзгермей келе жатқан сан. Өзіңіз ойлаңызшы, әр ауылда кемінде 2 – 4 мың халық бар. Осынша елге рухани тәрбие беру, түрлі мәдени шараларды өткізу 1 – 2 адамның қолынан келетін іс пе? Сондықтан Мәдениет министірлігі аудандық мәдениет үйінен бастап, ауылдық клубтар мен мәдениет үйлерінің штаттық құрамын жедел түрде қайта қараудың, көбейтудің жолдарын іздестіргені жөн болар еді.

Осындай қиындыққа төтеп бере отырып, әр ауылда, әр мекеме, оқу орындарында халықтық өнердің мұрагерлерін көбейтуге қол жеткіздік. Бұл еңбегіміз ескеріліп, астанада аудан мәдениеті мен өнерінің күндірін өткізуге мүмкіндік туды.

– Енді астанада өтетін ауданның күндері туралы, оның бағдарламасы жөнінде білсек...

– Алғашқы күні астаналықтарға арнап халық театры «Жаңқожа батыр» спектаклін қояды. Қолөнер шеберлерінің, суретшілердің, фотосуретшілердің көрмесі, сән үлгілері көрсетіледі. Шешендік сөз шеберлерімен, ақындармен кездесу өткізіледі. Мұнымен қатар

Қазалы өңірінен шыққан өнер адамдарының өміріне арналған «Қазыналы Қазалының қасиетті топырағында туғандар» атты тақырыпта көрме ұйымдастырылады. Бұның бәрі Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында өтеді. Ал 23 ақпанда Орталық концерт залында «Қорқыт сазы» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің, «Әуілдек» әзіл-оспақ отауының концертін береміз. Осы концертке қазақ өнерінің абыройын асқақтатып жүрген, астанада тұратын жерлес өнер шеберлері: Роза Бағланова, Мәдина Ералиева, Кеңес Дүйсекеев, Балапан Жұбаева, Нәдия Артықбаева, Сардарбек Қожағұлов та қатысады деп белгілеп отырмыз. Қазір аудан өнерпаздары астана тұрғындарымен кездесуге мұқият әзірленуде.

«Халық кеңесі»,  
1993 ж.

## МҮДДЕ БИІГІНЕН

*Талдықорған облысы, № 209 Алакөл сайлау округінде сайланған Қазақстан халық депутаты Сәкен Иманасовпен сұхбат*

– Сәке, аманат арқалап келіп, Парламенттің қайнаған жұмысына аралаып кеттіңіз. Алғашқы әсер қалай?

– Бір байқағаным, Парламенттегі депутаттардың белсенділігі әр түрлі. Заң жобаларын талқылау барысында білгірлікпен таладу жасайтындар бар да, қосақ арасында жүріп, әйтеуір, сөз қыстырып қалғысы келетіндер бар, тіпті, таңертеңгілік мәжілісте ширақ отырған, әр бапқа елегізіп, ұсыныс-пікір айтып, түзету жасап, қайта-қайта сөз алған депутат кешкі мәжілісте одан да зор мәселе қозғалғанда, немқұрайды дауыс бере салады. Осы дұрыс па екен?

Тағы бір ескеретін жәйт: Дайындалатын заң жобалары тым шұбалаңқы, орағытпа тұстары көп, дәлдік пен нақтылық жетіспей жатады. Бұл депутаттардың қаншама уақытын алып, тіпті, кейде қайта қарауға жіберіледі. Мәселен, архив туралы немесе құқық қорғау органдары туралы – дәл осы мәселені бүге-шігесіне дейін білетін мамандар бар ғой. Мен кез келген депутат барлық заңның баптарына пікір айтуы қажет деп есептемеймін. Әркімнің өзіне оңтайлы тұстары бар, илейтін терінің өзіне тиесілі пұшпағы бар. Ең алдымен соның иін жақсылап қандырсын.

– Жалпы Парламенттегі депутаттарға, әріптестеріңізге көңіліңіз тола ма?

– Парламентте білімді, парасатты депутаттар баршылық. Мәселен, С.Зиманов, С.Сартаев, Ө. Жолдасбеков, Ш.Мұртаза, Б.Қыдырбекұлы, О.Сәбденов сияқты азаматтар депутаттық аманатты абыроймен атқарып жүрген деп ойлаймын.

– Сіз президенттік басқару мен парламенттік басқарудың қайсысына көбірек қоясыз?

– Биліктің халыққа қажет түрін құпатймын. Уақыт көрсетер.

– Парламенттің қазіргі құрамы сан жағынан ықшамданғаны жөн дейтін дейтін пікірге қалай қарайсыз?

– Осы сессияда Мемлекеттік құрылыс және республикадағы Сайлау туралы заң жобаларының топтамасы талқыланбақ. Осы уақытқа дейін Парламент депутаттарының арасында кімнің кім екені белгілі болып қалды ғой. Халық күн сайын сессия тынысын қадағалап отыр. Парламентті ықшамдау оның сапалық құрамын жақсартуға ықпалын тигізбек.

– Осы, облыстың, ауданның әкімдері, төрағалары жарыса депутат болып сайлануына көзқарасыңыз қалай? Онсыз да ауданда, ауылда шешімін күткен шаруалар шаш-етектен ғой.

– Ол рас. Министрлердің депутаттыққа сайланбайтыны сияқты, әкімдер мен төрағалар да өз қызмет алаңынан ұзап кетпегені дұрыс деп білем. Тіпті, қоғамдық

ұйымдардан депутат сайланғанда да бірінші басшысын ұсыну «дәстүрге» айналған. Осы жағы ойландыруы тиіс.

– Сессияда депутаттардың көбісі мемлекеттік тілде сөйлеуге тым енжар. Осының себебі неде деп ойлайсыз?

– Кейбір депутаттардан неге бұлай деп сұрасам: «Бәріне түсінікті болу үшін» деседі. Оу, аударма бар ғой! Сірә, кейбір әріптестеріміз бұрынғы әдеттен арыла алмайтын сияқты. Оларға: «Әдет – әдет емес, жөн – әдет» дегім келеді.

– Қазақ тілінде жаңадан көптеген газет-журналдар шығуда. Қағаз тапшы болып жатқан кезде, осы қалай болар екен деп оқырмандардың өзі жиі сауал тастайды... Өзіңіз де алғашқы нөмірі жақында шығатын «Қазақ мемлекеті» газетінің бас редакторысыз...

– Меніңше, бұрынна бар республикалық газеттердің қай-қайсысы да керек. Ал, Халық конгресі, Социалистік және Азат партияларының жеке-жеке газеттері шығып жатса, бұған да үрке қарамау керек. Бұл партиялардың қайсысы халықтың басым көпшілігін соңынан ертетінін уақыт көрсетер. Жақында «Халық бірлігі» одағын қолдайтынын Президентіміз өз сөзінде айтты. Ал осы партиялардың бағдарламалары, мақсат-мұраты газет арқылы халыққа жететініне аду жоқ. Біздің газетіміз Социалистік партияның демеуімен шығады.

– Сәке, сіз ең алдымен, ақынсыз ғой. Әдебиеттің, өнердің, жалпы мәдениетіміздің болашағы туралы ойлағанда үміт шырағын көресіз бе?

– Нарықты экономика халықтың тұрмыс жағдайын бірте-бірте түзейтініне сенім артуға болады. Ал мемлекет ұлттық әдебиет пен өнерге, жалпы мәдени, рухани құндылықтарымызға қамқорлық жасамайтын болса – халы өте мүшкіл. Осыны қатты ойлануымыз керек.

«Халық кеңесі»,  
1993 ж.

## ЗЕРДЕ ОРДАСЫ

*Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнерінің халық университеті өзінің отызыншы оқу маусымын бастады. Астанадағы зиялы қауымның, пікірлестер мен мұраттастардың бас қосатын бұл зерде ордасы ұлттық санамыздың оянуына, халықтық салт-дәстүрлеріміздің танылуына, мәдени мұрағаттарымызды, рухани құндылықтарымызды құрметтей білуге үйретуде өлшеусіз қызмет атқарып келеді. Біз осы халық университетінің ректоры, Қазақстан Ұлттық ғылыми академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Рахманқұл Бердібаевқа жолығып, бірнеше сауал қойған едік.*

– Рахманқұл аға, халық университетінің дәрістеріне зиялы қауым ерекше ынта-ықылас білдіретініне куә болып келеміз. Қоғамдық негізде, былайша айтақанда, бір сөлкебай ақы алмай, отыз жыл сабақ жүргізу де оңай емес шығар. Әсіресе, нарық заманының көзімен қарағанда... Аз-кем осы өзіңіз басқаратын халық университетінің қалыптасу тарихынан сөз қозғасаңыз...

– Бұл университет Мұханның – Мұхтар Әуезовтің мұражайымен түйдей құрдас. Мұражай ашылғанда, оның кең залында, осыдан отыз жыл бұрын, алғашқы сабағымыз өткен еді. Жыл сайын қазан айынан бастап шілдеге дейін айына екі рет жұртшылықты жинаймыз. Қазір есептеп қарасақ, осы уақыт аралығында 454 дәріс өткізіппіз, оған 50 мыңнан аса адам қатысыпты. Қоғамдық жұмыс. Айлық алмаймыз. Көптеген халық университеттері қоғамдық негізде құрылатындықтан, тым ұзаққа бармай, жұмысын тоқтатып жатады. Біздің ең үлкен табысымыз – осы отыз жыл ішінде көзі ашық қауымның басын қосып, жүйелі түрде әңгіме өткізуге қол жеткіздік. Халықтың ұмытыла бастаған рухани қазынасын жаңғыртып, өзіне қайтаруды басты мақсат тұтамыз. Жұртшылық пікірін ояту, қоғамдық ойға қозғау салу негізгі нысанамыз болды. Университет дәрістерінде тек қана тың тақырыптар қозғалады.

– Әсіресе, халқымыздың тарихына, тағдырына қатысты қозғалатын өткір әңгімелер ешбір жоғары оқу орнында оқытылмайтын еді ғой. Оқытылса, енді ғана қолға алына бастаған болар. Тарихымызды танып-білуге ерекше ден қойған сияқтысыздар?

– Тарихты білу – халықты тану деген сөз. Сондықтан да біз сонау «тоқырау» дейтін кездің өзінде бір жарым ғасыр бұрынғы тарихымыздан бері қарай сүрлеу-соқпақтарды ажыратуға тырыстық. Қазақ топырағында туған байлықтар, рухани қазыналар ұмытылмай, ұрпақ игілігіне жараса деп қамдандық. Әрбір дәрістің аясын, қамту шеңберін кеңейтіп, тек қана қазақ тарихымен байланыстыра қарадық. Қорқыт, Көрұғлы, Алпамыстан бастап басқа халықтарға да ортақ мұралар назардан қағыс қалмаса дедік. Ноғай, татар, ұйғыр мәдениеттеріне де арнап сабақтар өткіздік. Кең ауқым.

– Әлгінде әрбір сабақ тың тақырыпты қозғайды дедіңіз. Ал тың тақырыпты табу және оны игеру үшін білгір маман, білімпаз лектор болуы керек қой. Халық университетінің оқытушылары жөнінде не айтасыз?

– Ең үлкен мәселе осы. Әркім білетінді қайталаудың қажеті жоқ. Осы жағынан алғанда біздің 454 сабағымыз қайталанбайтын 454 кеш. Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның өзі он шақты рет лекция оқыпты. Басқасы басқа, тек соның өзі бір кітап. Ал Ш.Айманов, А.Жұбанов, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов, С.Бегалин, І.Есенберлин, А.Машанов, К.Ақышев, С.Қожықов, Ә.Хайдаров, З.Ахметов, С.Қирабаев, Е.Жақыпов, тағы да басқа көптеген ұлт мәдениеті мен өнерінің көрнекті қайраткерлері ой бөліскен болатын.

– Мазмұнды лекциялар қағазға түсіп, қатталып, қолжазба күйінде сақтаулы ма? Сол оқылған лекцияларды кітап қылып шығаруға болмады ма?

– Барлық сабақтар магнитофон лентасына жазылып алынған. Қолжазбаларды іріктеп, екі том даярланған еді. Қағаз тапшылығынан шығарылуы кейінге шегерілді. Бірақ жекелеген сабақтарымыз түгелдей дерлік радио, теледидар арқылы қалың жұртшылыққа насихатталып отырды. Мәселен, жазушы А.Сейдімбеков пен әнші Ж.Кәрменов жүргізген ән мәдениетімізге арналған сабақтар жұртшылық жадында болар. Мерзімдік басылымдарда да сабақтың болатыны жөнінде және одан кейінгі әсерлер жарияланып тұрады. Бұл халық университетінің тәжірибесі екі рет жеке кітапша болып, республикаға таралды.

– Халық университеті көптеген жыршы-термешілердің де тұсауын кесті емес пе?

– Ол рас. Осыдан біраз жылдар бұрын жыршы-термешілерді жекелеген аймақтарда ғана білетін. Оларды астанаға шақырып, алқалы топтың алдына шығарып, таныстыруға университет дәрістерінің де септігі тигені сөзсіз. Бұрын есімдері белгісіз ондаған жыршы-термешіні таптық. Бұл өнер бүкіл қазақстандық игілікке айналды.

Осындайда ойға оралады, қазақтың ұмытылып кеткен көне музыкалық аспаптары жөнінде зиялы қауым профессор Б.Сарыбаевтың сабағында алғаш рет тындап, зор ынта қойған еді. Әрбір сабақтың соңында талантты әнші, күйші, жыршы-термешілер өнер көрсетеді.

– Ал ақындар айтысы жөнінде не айтуға болады?

– Ақындар айтысының да жандануына әжептәуір үлес қостық. Бұдан 25 жыл бұрын, жаңа айтыс әлі арнасына түспей тұрған кезде арғы-бергіден қозғап, әңгімеге арқау еттік. Мұражай залында кішігірім айтыстарды көп ұйымдастырдық. Айтыс – шындықты айту деген сөз. Ал сонау кезде ақиқатты айту оңай болған жоқ. Ол тек халық университетінің еркін сабақтарының еншісінде еді. 1980 жылғы республикалық үлкен айтысқа дейін тоқтап қалған керуенді жүргізу, бұлақтың көзін ашу қызметін де қоса атқардық.

– Күй табиғатына қатысты да көптеген сабақтар өткізілген деп естиміз...

– Күй өнерінің ішінде шертпе күйдің табиғатын ашуға, халыққа қайта оралуына, кеңінен өрістеуіне жанашырлық көрсеттік деп есептейміз. Қаратаулық дәулескер күйші – домбырашы Төлеген Момбеков бастаған он шақты шертпе күй шеберлерін алғы шепке шығардық. Бұлардың қатарында Жаңаарқадан М.Тілеуханов, Шығыс Түркістаннан келген У.Бекенов, Шұбартаудан Т.Әсемқұлов, т.б. бар. Жүзден астам шертпе күй жазылып

алынды, күйтабаққа түсті, зерттелді. Біз, әйтеуір жоғалған мұраны іздеуші, жоқшы қызметін атқардық. Жалпы халық университеті сабақтарының жыл сайынғы жоспарын біз өзіміз бекітетінбіз. Жоғарыдан нұсқау түспейтін. Кейбір тақырыптарды дәріс үстінде зерек те зерделі тыңдаушыларымыздың өзі ұсынатын. Белгілі бір тақырыптарды соңына түсіп, індете зерттеп жүрген білгір мамандардың есімдері аталатын. Әр сабағымыздың біріне-бірі ұқсамайтыны, алуан қырлылығы осыдан. Демограф М.Тәтімұв, археолог К.Ақышев, антрополог Н.Шаяхметов, т.б. әр саланың ғалымдары сөз алады, ой толғайды, таным көкжиегін кеңейтеді. Көрнекті өнер иелерінің, қаламгерлердің шығармашылық шеберханасының құпия сырлары да талай рет әңгіме арқауына айналды. Кейде бір сабағымыз бір ғылыми конференцияның жүгін арқалап кететін де кездері бар. Мәселен, Орхон-Енисей жазуына ғана арнап екі сабақ өткіздік. Бұл өзі дүние жүзінде ХІХ ғасырдың ең ұлы жаңалығы деп бағаланған ескерткіш. Сол көне түрік жазуының оқылғанына биыл 100 жыл толды. Бұған көңіл бөлмей отырғандар да бар. Жалпы, біз құндылықтарымыздың алтын тізбегін сақтауға, соны ұрпақтар еншісіне қалдыруға міндеттіміз.

– Отызыншы оқу жылында да халық университетінің дәрістері тың мазмұнымен тыңдаушыларын қызықтыратын болар?

– Жаңа оқу жылының жоспары жасалды. «Мұраттастар мәжілісі» деп алғашқы сабағымызды университетіміздің құрылуының отыз жылдығына арнаймыз. Онда да көптеген соны ұсыныс-пікірлер айтылатыны анық. Одан соң жаңағы жоғалып табылған жазу жөнінде. Яссауитану мәселелеріне, бұған дейін көп әңгіме болмай келген діни әдебиеттер туралы. Мағжантандың белгісіз деректері бойынша, Нарманбет ақын мұралары хақында, Ислам дінінің құндылықтары жайында, т.б. келелі әңгімелер өткізілмек. Университет сабағын – пікірлестер мәжілісі, нұрлы ақылдар тоғысы, халықтанудың жаңа парақтарын жазу деп ұққан ләзім.

– Әңгімеңізге рахмет. Зерде ордасының шаңырағы биік болсын деп тілейміз!

«Халық Кеңесі»,  
1993 ж.

## МУЛЬТФИЛЬМ – МӨЛДІР ӨНЕР

*Бұл туралы қазақ мультипликациясының негізін қалаушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, кескіндемеші Әмен ҚАЙДАРОВТЫҢ айтары көп. Жақында Алматыдағы Т. Жүргенов атындағы Театр және кино институтында кино факультеті ашылғандығын, онда мультфильм мамандары даярланатындығын естіп, Әмен ағаға арнайы жолықтық.*

– Әмен аға, сіздің ұзақ жылдардан бергі бір арманыңыз кино білгірлерін, оның ішінде өзіңіз өміріңізді арнаған мультфильм мамандарын Қазақстанның өзінде даярлауға қол жеткізу болса керек. Сол күн туғандай. Кино факультетінде дәріс өткізуге өзіңіз де келісім беріп отыр екенсіз. Осы жөнінде газет оқырмандарына не айтасыз?

– Қазіргі нарық жағдайында ұлттық өнердің тасы өрге домалап тұрмағаны белгілі. Қазақ топырағында мультфильмді дамытудың жолында тер төккенімізге 25 жылдан асты. Мамандарымыз жоқ емес, бар. он шақты режиссер, алпыс шақты өз ісінің шеберлері мультфильмді мың түрлендіруге қабілет-қарымы жететініне шүбә келтірмеймін. Бірақ, қымбатшылық құрық салдырмауда, алыпсатарлық аяқтан шалуда. «Өз күніңді өзің көр!» – дегенді ұлттық өнерге де бағыштағанымыз қалай болар екен? Өнердің өрістеуіне мемлекеттік қамқорлық өте қажет. Дамып келе жатқан мультипликацияны – ұлттық бояуы бар өнердің бір түрін – жоғалтып аламыз ба деген қауіп те оянғанын жасырмаймыз.

«Уолт Дисней қайда?» деп жазды баспасөз. Америкаға бір жақты еліктеудің де жөні жоқ. Онда өнер саудаға түсіп, ақшаға айналады екен. Бұл – қызықтыру өнері, бәсеке белең алады деген сөз. Таза ұлттық нақыштарға мұндайда мән берілмейді. Меніңше, қазақ мультфильмі ұлттық бояумен ерекшеленуі керек.

«Үмітсіз – шайтан» дейді ғой. Үкіметіміздің Театр және кино институтында кино факультетінің ашылуына көрсеткен ықыласы құптарлық. Бұл факультетте кинотанушы-зерттеуші мамандар, мультипликация режиссерлері мен қоюшы – суретшілері даярланады. Қазақ киносының, дүние жүзі киносының тарихынан белгілі өнертанушы-публицист К. Смайылов дәріс оқиды, кинотану ғылымын игеруге шәкірттерді институт проректоры, белгілі киносыншы-ғалым Б. Нөгербеков бастаған ұстаздар баулыса, ал шәкірттеріміз А. Әбділқасымов, Ғ. Бекішов және мен – үшеуіміз мультфильм мамандарын әзірлеуге атсалысамыз.

Бұған дейін Алматы көркем сурет училищесіне үш мәрте студенттер қабылдап, қазіргі «Қазақфильмдегі» негізгі мамандар содан шыққан еді. Ал сексенінші жылдарға дейін бір-екі айлық курстарды ғана (студия жанындағы) қанағат тұтқанбыз. Енді, міне, ұзақ күткен кино факультеті талапкерлерді күтеді.

– Сонда биыл бұл факультетке қанша студент қабылданады? Қабылдау емтихандары кезінде қойылатын негізгі талаптар қандай?

– Биыл факультетке 12 адам қабылдамақпыз. Олар қабілетіне қарай, онжылдық білім негізінде сынақтан өтеді. Ең бастысы суретшілік бейімділігі, табиғи талантының ұшқындары бойында байқалған талапкерлерге жол ашық. Суретшілікпен қоса, актерлік шеберлікті де талап ететін мультипликатор мамандығын игеру оңай емес. Тәп-тәуір суретшінің актерлік шеберлікті де талап ететін мультипликатор мамандығын игеру оңай емес. Тәп-тәуір суретшінің актерлік қыры ашылмаса, не шара, еріксіз қоюшы-суретшілікке бейімделеді. Бұған да қаражаяу студент маңайлай алмайды. Мен мұны баса айтып отырған себебім, қиындықтарымен қорқыту емес, жас талантқа: «Өзіңе өзің сеніп кел!» – дегенді аңғарту үшін.

Факультетте барлығы 21 пән, оның ішінде қазақ мәдениеті мен өнеріне көбірек көңіл бөлінеді. Ұлттық тәрбие басты назарда болады. Оқу мерзімі – төрт жыл. Болашақта бұл факультетті бітірушілер дипломын қысқа-қысқа мультфильмдер жасап қорғайды. Ең бастысы – ана тілін жақсы білетін және суретшілік қабілеті жоғары шәкірт озады. Негізгі талап та сол.

– Түрлі мультфильмдерді көріп отырғанда бәрі де тым қарапайым және оңай сияқты. Кейінгі кезде мультфильмдерді басқа тілдерден қазақшалап та беріп жүр. Ал 10 минуттық фильмді он бес шақты адам бір жыл бойы жасайды дегенді естігенде, сенер-сенбесіңді білмейді екенсіз. Бұл соншалықты қиын өнер болғаны ма?

– Әркім өз мамандығын сүйеді ғой. Мен айтар едім, мультфильм жасау – өнердің өнері деп. Бұл – әрі қиын, әрі мөлдір өнер. Сәбидің санасына жету үшін – сәбидей таза, пәк өнер болуы керек. Әлі есімде, Мәскеуде ВГИК-те оқып жүргенімде, «Союзмультфильмге» барып бегомоттың бір қимылын жасау үшін екі ай жүрдім. Бұл менің осы өнер жолындағы алғашқы қадамым еді. Қиындығын сол кезде сезіндім, бірақ алдыма қойған мақсатымның айқындығы одан да күшті, қызықты еді.

Мультипликация – драматургия мен режиссураның, сурет өнері мен саз өнерінің, актерлік шеберлік пен кинотехниканың, қысқасы, осылардың бәрінің тоғысқан тұсында туады. Ал бұлардың бәрі мәдениеті мен ғылымы, өнері мен техникасы өскен, бай елде ғана гүлденеді. Соған біз енді ғана қол жеткізсек дейміз. Американдық мен жапон мультфильмдері – көз жаулайтыны, көңіл аулайтыны рас. Оларда барлық жағдай жасалған. Мысалы, Уолт Диснейдің студиясында толық метражды фильмдер жасап жүргенде 3 мыңнан астам адам болыпты. Бірде Диснеймен тізе қосып қызмет істеген американдық режиссер Фрэнк Томаспен әңгімелестім. Дисней, негізінен, сценарийді іріктеп, жазып шығады екен. Содан соң, мысалға, сегіз бөлімді фильмді сегіз режиссерге – 10 минуттық фильмнен түсіруге тапсырады. Өзі бас режиссер – негізгі идеяны тұтастырушы. Диснейдің 700-ден астам патенті бар екен. Ал бізде авторлық құқық деген сөз жүзінде ғана...

– Мәселен, сіздің «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильміңіздің өзі ғана дүние жүзінің 48 елінде көрсетіліпті. Одан түскен пайда...



– Оны кезінде Мәскеу шет елдерде сатты ғой. Менің қалтама 1 тиын да түсірген жоқ. Бір доллар да пайда әкелген жоқ. Атағы дардай болғаны рас. Есімізді енді жиып, егеменді ел болып жатырмыз, меніңше, Жоғарғы Кеңес көп кешіктірмей мәдениет туралы заңды қолға алғаны ләзім. Барымызды бағалай білуіміз керек. Мәдениет пен өнерге Үкімет тарапынан нақты көмек, қамқорлық қажет. Әйтпесе, нарық доңғалағының астында тапталып қалу қаупі тууда. Алыстағыны айтпай-ақ, іргемізге көз салсақ та жеткілікті, көңіл құлазығар жайлар көп-ақ. Мына Қазақстан Суретшілер одағының үйі Италияның бір қалталысына жалға беріліп жатыр. Шеберханаларымыз америка елшілігіне жалға берілуде. Оу, сонда, түбінде, қымбат тұтарымыз қолдан сусып шығып кеткен соң қайтеміз? Өнерінің ертеңін ойлаған өсер ел өсте ме екен? Суретшінің көз майын тауысып, жылдап жасайтын туындысының қадірін кім түсінбек? Кім бағаламақ? Қиын сауал...

– Әмен аға, бұл өтпелі қиындықтар шығар деп өзімізді жұбатқан боламыз. өзіңіз сияқты ақсақалдар бас болып қазақ өнерінің қарлығаштарын ұядан ұшыра бергені ғанибет. Өйткені өнер – мәңгілік. Оған ғасырлар куә. Солай емес пе?

– Өнер демекші... Мен саған бір әсерімді айтайын. Бірде теледидардан финнің бір мультфильмін көрдім. Кейіпкерлері – кәдімгі шыны бөтелкелер. Бір қарағанда, аяқ-қолы жоқ бөтелкелерге жан бітіру, қимыл-қозғалысқа түсіріп, ой айту оңай шаруа емес. Оны оңайлататын – өнер! ...Әлдебір қойманың іші толған бөтелкелер. Бір дәу бөшкеден су тамшылап тұр. Бөтелкелер сол тамшылаған суға өшіретке тұрады. Әр түрлі бөтелкелер. Ұзын, қысқа, сопақ, домалақ, сүйір, иір, т. б. Үлкен бөтелке – шешесі, кіші бөтелке – баласы... бір орында тұра алмай тағатсыз, тынымсыз... бірте-бірте бөтелкелердің әрқайсысына жан бітіп, әр түрлі мінез пайда болады. Қарап отырып қайран қалмасқа шараңыз қайсы! Міне, өнердің құдіреті!

– Шынында, осы бір мысалдың өзі мультипликатор болуға құштарлық оятады екен. Аға, сізден сөз соңында сұрайын дегенім, осы «мультфильм» дегенді неге қазақшалап қолданбаймыз?

– Менің ұсынысым – «анимафильм» деп атау. Бұл халықаралық термин. Басқа мамандар, сөз зергерлері, журналистер де ойлана жүрсе деймін. «Қай саусағыңды тістесең де ауырады!» демекші, терминологияның бас қатыратын тұстары жетерлік.

Қайталап айтарым, өнер қуған жастардың талабы оң болсын. Адам алдына үлкен мақсат қойса, ол міндетті түрде орындалады. Бұл менің өмірлік тәжірибеден түйгенім.

«Халық Кеңесі»,  
1993 ж.

## «АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ, АЛМАНИЯ!»

*Таяу арада Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының халық депутаты Сағынбек Тоқабайұлы ТҰРСЫНОВ мырза Германияның Федералдық президенті Рихард фон Вайцеккерге Сенім грамотасын тапсырып қайтқан еді. төменде елшімен болған сұхбат-әңгімені назарларыңызға ұсынып отырмыз.*

– Бұныңыз қалай? – деп кейіде елші сағатына қарап алып, алдында тұрған орта бойлы қарасұр жігітке. – Ертең анау Германияға барған соң да осылайша кешігіп жүресіз бе? Әлде менің әрбір минутым есептеулі екенін білмеймісіз? Бұныңыз болмайды! Енді қайтіп уәделескен уақыттан кешікпеу керек...

Осы жайдың куәсі болған біз де біртүрлі ыңғайсыз күй кештік. «Қызым, саған айтам, келінім, сен тында!» дейтіндей елші. Анау жігітке де осы «жұмсақ ескертпе» өмірлік сабақ болғандай, үнсіз бас изей берді.

«Апырай-ә!?!» – деп бір жағынан қайран қалып тұрмыз. Неміс халқы айтылған уақыт бойынша дәлме-дәл жүреді. Бір минут та кешікпейді деуші еді. елші мырза бұл тәртіпті қалайша тез игеріп алған!?

Біраздан бері елшінің уақыты болмай, бізбен сұхбаттасудың реті келмей жүр еді. Енді бүгін соның сәті түскендей...

– Сағынбек Тоқабайұлы, алдымен сіздің таяуда Германияға Қазақстан Республикасының елшісі болып барып, Сенім грамотасын тапсырып қайтқаныңыз құтты болсын! Біздің газет оқырмандары сіздің елшілік қызметіңіздің алғашқы қадамдары, алған әсерлеріңіз жайында білгісі келеді?

– Тілектеріңізге көп рахмет! Өздеріңіз айтқандай, «алғашқы қадамдарымызды» Германияға бармай тұрып, өз елімізде жүріп-ақ жасауға тура келген. Ресми түрде қызметіме кіріскенге дейін-ақ қат-қабат әзірлік, ұйымдастыру жұмыстарын атқардық. Сырт көзге елшінің сенім Грамотасын тапсырғаннан кейінгі тыныс-тіршілігі бірқалыпты жағдайға көшетін сияқты көрінгенімен, шындығында олай емес. Ежелден аралас-құралас, көршілес жатқан мемлекет болса бір сәрі, тұрмыс-салты мүлдем басқа, бізге беймағлұм елдің ордасының түбінен оңаша отау тігу оңай шаруа болмаса керек-ті. Оның үстіне бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған жас мемлекетіміздің алдында тұрған өтпелі кезеңнің нарық ауыртпашылықтары, қаржы жетіспеушілігі, білікті маман кадрлар тапшылығы тәрізді күрмеуі қиын, күрделі мәселелерді қосыңыздар...

Жалпы алғанда, осындай қиыншылықтарды жете ұғына отырып, елшілік қызметкерлерінің еселі ерік-жігермен, қайтпас қажыр-қайратпен еңбектенуіне тура келеді...

Ал Германия туралы алғашқы әсерлерім жақсы. Бұл елдің геосаяси маңызы жағынан Батыс Еуропадағы ең іргелі де зор мемлекет екенін білесіздер. Бұл жолы елдің тыныс-тіршілігімен біршама танысып қайтсам да, ол жайында кеңірек тоқталуды болашақтың еншісіне қалдыра тұрсақ болмас па екен? Оқырмандарыңыздың алдында қарыздар болып қалмаспыз, әйтеуір...

– Сәке, Сенім грамотасын тапсыру дегеннің не екенінен оқырмандарымыздың аздап та болса хабары бар. Соны сіздің тапсыру рәсіміңіз қалай өтті? Қай тілде, не жайында сөйледіңіз? Өзіңізбен әңгімемізде ел атын біресе – «Алмания», біресе – «Германия» деп отырмыз. Қайсысы дұрыс деп ойлайсыз?

– Дүние жүзінің дипломатиялық үрдісінде шет елдерге қатысты мемлекеттік істерді жүргізу рәсімдерін Мемлекеттік протокол деп атайды. Онда әрбір шараның өткізілетін орны, уақыты минутына дейін нақты көрсетіліп, ол қатаң тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Протокол бойынша белгіленген уақытта мен жатқан қонақүйге жоғары мәртебелі меймандарға арналған президенттік машина келіп тоқтады. Мотоциклшілер эскортының қоршауындағы сол машина мені Президенттің қабылдау сарайына ала жөнелді. Мұнда Құрметті қарауыл сап түзеп тұр екен. Көз алдымызда еліміздің Туы Германияда тұңғыш рет көкке көтеріліп, біздің Мемлекеттік әнұран әуелей шарықтады. Көкіректі бір асқақ сезім биледі. Кейіннен білсем, мұндай құрмет тек аса беделді мемлекеттердің жоғары мәртебелі меймандарына ғана көрсетіледі екен. Әрине, осыншама зор сый-құрметтің бәрі маған емес, біздің елімізге, Президентімізге көрсетілген құрмет деп білемін. Тиісті рәсімдерді сақтай отырып, Германияның Федералдық президенті Рихардфон Вайцеккер мырзаға Сенім грамотасын тапсырдым. Тапсыру сәтінде, әрине, өзіміздің мемлекеттік тілде сөйледім...

Осы арада өзім байқаған бір-екі мәселе туралы айтайын сіздерге. Ол тілге байланысты. Кейінгі кезде шет елдермен тікелей қарым-қатынасымыз ұлғая түскен соң, өзіміздің қазақ жігіттері мен қыздары тілмаштық қызметке жарап жүр. Әйтсе де олардың көпшілігіне тән ортақ кемшілік өздерінің ана тілін жетік білмейтіндігі дер едім. Біздің қазақтың тілі бай ғой, шіркін! Президентімізден бастап, қайсымыздың өз ана тілімізде шетелдіктермен мақалдап, мәтелдеп, тілдің майын тамыза отырып сөйлескісі келмейді дейсіздер?! «Өттең тонның келтесі-ай!» – дейміз осындайда. Дейміз де жас мамандарды тәрбиелеуге көшеміз ғой...

Енді елдің атауы туралы. Бұрынырақта бұл жөнінде білетұғын кісілермен пікірлесіп көргенмін. «Германия» атауы бәрімізге белгілі де, ал, «Алмания» – сол елді

баяғыда мекендеген тайпалардың бірі «алеман» атынан шыққан дейді. Қазір бұл елді ресми түрде «Германия» деп атағанмен қазақ тіліндегі көптеген газет-журналдар, ақпарат құралдары «Алмания» деп айтып та, жазып та жүр. Меніңше, осы соңғы атауы дұрыс қой деймін. Қазақтар ғана емес, түркиялықтар да, ирандықтар да, тағы да басқа шығыс халықтарыда бұл елді «Алмания» деп атайды. Елдің қазақша атауын ресми түрде бекітер кездеосындай пікірлерді ескерген жөн болар...

– Сағынбек Тоқтабайұлы, әу баста сіздің елшілік қызметіне бару ойыңызда болды ма әлде бұны мүлде күтпеп пе едіңіз?

Әкімдік пен дипломатиялық қызметтің айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар ма екен? Қазіргі қызметіңіздің қыр-сырына үңіле түссек...

– Елші болып мүлдем күтпеген жерден тағайындалдым десем – бұным көлгірсу болып табылар еді. Дегенмен, әу баста елші боламын деген үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Талдықорған облысының әкімі болып тұрған кезімде шетелдік елшілермен етене жақын болмасам да, біраз араласқаным бар. Әкім мен елші қызметінің ұқсастықтары мен өзгешіліктері жайында сол тұста біраз ой түйген сияқтымын. Екеуінің ұқсастығы сол: өз елінің, халқының қамы үшін екеуінің де жарғақ құлақтары жастыққа тимейді. Айырмашылығы сол: бірі – ел ішінде жүр де, екіншісі – елдің шетінде, саясат желінің өтінде жүр. Сондықтан да елшінің еңбегі еш, тұзы сор, аты зор да заты бор болып кетуі де кәдік. Қазекем айтқандай, егер «Кісідегінің кілті аспанда» болса, «кілт» үшін аспанға ұшып, жерге қайта түсуге де тура келер...

Қазір саясатшылар дипломатиялық қызметті үлкен саясатқа теліп жүр ғой. Сол үлкен саясатқа үлкен ұстамдылық пен байыптылық, биік парасат пен қайтпас қажыр-қайрат керек алдымен. Қалғаны жүре келе тәжірибе ретінде жинақталатын нәрселер ғой. Тек оқу-үйрену мәселесіне келгенде өзімізде бар нәрсені көзге ілмей жүрміз бе деймін. Дәстүр сабақтастығы деген ұмыт қалып бара жатқандай. Әйтпесе, бәрімізге белгілі бір ғана Абылай ханның заманындағы дипломатиялық саясатты алып қарасақ та көп нәрсеге көз жеткізуге болады. Тарих тек атыс-шабыстардан, соғыстардан ғана тұрмайды ғой. Ендеше, халқымыздың басына мамыражай тыныш заман сол Абылай ханның өзінен бастап атақты би-батырларын, ақын-жырауларын, шешен-көсемдерін қоса алғанда, бір сөзбен айтқанда, мәмілегер-дипломаттарының арқасында орнаған десек асыра айтқандық болмас. Алайда, «Ескі бише отырман бос мақалдап» деп Абай атамыз айтпақшы, қазіргі дипломаттарымыз да солардай болсын демеймін. Жас мемлекетіміз аяғынан қаз тұруы үшін, елімізде береке, бірлік мамыражай тыныштық болуы үшін сол замандардағыдай терең, сындарлы, байсалды саясат жүргізе білсек деймін. Міне, дәстүр сабақтастығы дегеніміз...

– Сәке, екі ел арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар жөнінде айта кетсеңіз? Барыс-келіс, алыс-беріс мәселесі қай деңгейде? Мәдени байланыстарымыз бұрынырақта Гете – Лермонтов – Абай дейтін дәнекерлер бойынша, яғни, Ресей, Мәскеу арқылы жүзеге асырылып келді. Енді қазір мүлдем жаңа арна салып болдық па?

– Бұрынырақта екі ел арасындағы байланыстар болмашы дәрежеде ғана, негізінен, мәдениет, туризм саласында ғана жүргізілсе, енді қазірге қарым-қатынасымыздың өрісі ұлғайып, түрлі саланы қамтып отыр. Әйтпесе экономикалық, іскерлік қарым-қатынасымыз күннен-күнге жанданып, барыс-келіс, алыс-беріс көбейіп келеді.

Германия – қазіргі дүниедегі экономикасы аса күшті дамыған елдердің бірі. Істің көзін таба отырып, неміс кәсіпкерлері мен бизнесмендерін Қазақстан экономикасына күрделі қаржы жұмсауға тарту керек. Сауда-саттық қана емес, өнеркәсіп, энергетика, көлік, құрылыс салаларында да екі жаққа тиімді жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігіміз мол.

Ал енді мәдени байланыстар мәселесіне келер болсақ, кеңес өкіметінің кезінде әлгінде өздеріңіз айтқан схеманың болғаны рас. Әйтсе де қазіргі қарым-қатынасымызда өткеннің бәрін бірдей мансұқ етуге де болмас. Неміс мәдениеті ғана емес, жалпы Еуропа

мәдениеті де кезінде Қазақстан мен Орта Азияға орыс мәдениеті арқылы келді емес пе? Ендеше, қажет жерінде бұрыннан қалыптасқан мәдени «көпірлерді» де пайдалана береміз.

Тікелей байланыстарымыздың нәтижесінде қазіргі мәдени қарым-қатынастарымыз жаңа пішін, тың мазмұнға ие болып отыр. Мәселен, Германияның Гете атындағы институты, ФридрихЭберт қоры сияқты көптеген мәдениет мекемелері мен ұйымдары қазақстандықәріптестерімен байланыс орнатып үлгерді. Алдағы уақытта біздің тарапымыздан да Германияда мәдени шаралар ұйымдастыру ойымызда бар. Оны болашақ көрсетер. «Арық айтып, семіз шық!», – ғой халқымыз...

– Сәке, Германиядағы тұрып жатқан қандас бауырларымыз бен біздің елден сонда көшіп бара жатқан немістердің жағдайлары қалай? Жалпы Қазақстандағы көші-қон мәселесі туралы көзқарасыңыз?

– Германияда, атап айтқанда, оның Мюнхен, Кельнсияқты қалаларында біршама қазақ бауырларымыздың тұратыны рас. Көпшілігі Түркия арқылы уақытша тұруға, жұмыс істеуге барған тәрізді.

«Туған елге қалайда көшемін!» – деп буынып-түйініп отырған қазақты көрмедім әзірге. Соған қарағанда, жағдайлары жаман емес сияқты.

Өзімізден көшіп барып жатқан неміс ағайындардың жағдайы туралы біле алмадым. Менің білерім: олардың осы Қазақстанда да жағдайы жаман бола қойған жоқ қой. Неліктен көшті екен? Туған ел дейтін қасиетті сезім бе әлде оларды көшірген? Қалай десек те неміс-қазақ бірге туған бауырдай болып кеткен-ді. Сондықтан да неміс ағайындар Германияға көшіп барса да қиыншылықта жарты құртты бөлісіп жеген қазақ бауырларын ұмытпайтынына сенемін...

– Сағынбек Тоқабайұлы, сіздің елшілік қызметіңізден басқа да депутаттық қызметіңіз тағы бар. Осының бәріне қалайша үлгересіз және бұлар бір-біріне кедергі келтірмей ме?

– Жоқ, бір-біріне ешқандай да кедергі келтірмейді. Қайта бұл екі қызмет бірін-бірі толықтыра түсе ме деп қалдым. Парламентте осы күні қабылданып жатқан көптеген заңдардың шет елдерге де қатысы бар. Тіпті шет елдерге тікелей қатысы болмаса да, өз халқымның депутат азаматы ретінде әрбір заңның дұрыс қабылдануына атсалысуды перзенттік парызым деп білемін...

– Ұлттық теңгеміз құтты болсын, Сәке! Теңге туралы ойларыңыз...

– Ұзағынан сүйіндірсін! Еліміз қазір басынан тарихи кезеңді кешіп отыр. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір осы бір кезеңнің туарын бәріміз де білгенімізбен, көңіліміз талай мәселеден күпті болатын. Президентіміз бен Үкіметіміз ұрымтал да оңтайлы тарихи сәтті тап басып, тани білді... Ендігі дердегі бәріміздің де азаматтық борышымыз – ұлттық теңгеміздің беделін түсірмей мүмкіндігінше нығайта беру болып табылмақ.

Дүние жүзі елдерінің қазіргі кездегі ұлттық ақшаларын салыстырып қарасаңыз, неміс маркасының америка долларынан кейінгі екінші орынға шыққанын көзіміз көріп отыр. Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніңіз – Германия экономикасының аса зор қарқынмен дамып отырғанының белгісі. Түбінде біздің теңгеміз де марка, доллармен тайталасар-ақ...

– Лайым, айтқаныңыз келсін, Сәке! Енді жеке басыңыз, отбасыңыз жайында айта кетсеңіз. Қол боста немен айналысасыз? Біреулер сізді әдебиетпен өнерге жақын дейді, енді біреулер жазбай жүрген ақын дейді...

– (Осы арада елші бізге қарап жұмсақ жымыып қана қойды). «Қазақта екінің бірі өлең жазады» дейтін сөз бар ғой. Әйтсе де бір-екі ауыз өлең жазғанның бәрін бірдей «ақын» деуге қарсымын. Ақынның ақындығы тек жазған өлеңінен ғана емес, оның істеген ісінен де көрініп тұрады... Өз басым ақын-жазушыларды, өнер адамдарын ерекше құрмет тұтамын. Оны бұрынғы істеген қызметім арқылы ел біледі. Басқа не айтайын?

Жеке басым десеңіздер – алдарыңызда отырмын міне, отбасым десеңіздер: Күләш жеңгелеріңіздің мамандығы – мұғалім, төрт балам бар: Әмина, Арман, Әлия үшеуі мектепте оқиды. Ерлан мектепке дайындалып жүр, міне, осы. (Ол орнынан тұрып кетуге ыңғайланды)!

– Әңгімеңізге көп рахмет, Сәке! Еңбегіңіз жемісті бола берсін!

### Түйін

*Жүзінен парасат пен мейірім шуағы төгіліп тұрған осынау азаматпен сұхбаттасудың өзі бір ганибет. Көкірегі тұнып тұрған шежіре ме деп қалдық. Әттең, ол кісінің уақытының аздығынан сұхбат тізгінін тартыңқырап ұстауға тура келді. Оның үстіне Сағынбек Тоқабайұлы оқырмандарымызбен кейініректе көсіліп отырып жүздесуге уәде берді...*

*Сонау Алманияда еліміздің туын көкке көтеріп жүру сенімі мен бақытына ие болған елші мырза кетіп барады әне. Туыңыз көкке шалқи берсін, Сәке!*

«Халық Кеңесі»,  
1993 ж.

### «АҚАН СЕРІ» РОМАНЫ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

*Белгілі жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәкен ЖҮНІСОВ ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген сазгер, ақын әрі әнші Ақан сері Қорамсаұлының өмірі мен өнерін арқау еткен романның екі кітабын оқырмандар қолына тигізсе, үшінші кітабы жазылу үстінде екен. Біз жазушыдан көпшіліктің көкейіндегі бірнеше сауалға жауап беруді өтінген едік.*

– Сәке, сегіз қырлы серілік дәстүрдің аса көрнекті өкілі – Ақан ғой. Ол туралы жазуға қатардағы қаламгерлердің жүрегі дауалай да бермейтін сияқты. Сіздің бұл тақырыптың жалынан ұстауыңызға не себеп?

– Әрине, әркім әліне қарай жазады. «Мата даңқымен бөз өтеді» демекші, тақырыпты бұлдаушылар да болған. Қазақ «Қолың көтере алмас шоқпарды беліңе байлама» деп те ескерткен ғой. Оны біреу түсінеді, біреу түсінбейді.

Менің бір түсінгенім: Абайды – Мұхтардан басқа, Шоқанды – Сәбиттен басқа, Сұлтанмахмұтты – Диканнан басқа жазушының жазуы екіталай.

Ең алдымен, «Ақан сері – Ақтоқтыны» жазған Ғабеннің – Ғабит Мүсіреповтің алдынан өттім. «Сен жаз!» дей қоймаса да, «жазу керек» дегені есімде.

Ақан туралы сөз қозғайтын адам әуелі ән табиғатын, күй табиғатын, сал-серілік өнердің қыр-сырын терең түйсіну керек. Сері туралы жазатын адамның да бойында сегіз қырлы қасиет болғаны жөн. Бәлкім, мен өз бойымда осы қасиеттер бар екеніне күмәнсіз сенген болармын. Оның үстіне өзім де сол Ақан туған, өскен жерденмін. Содан да болар, Ақан туралы менің қатарымда тек мен ғана жазуым керек деп, бел байладым. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторлығына, партияға өтуден бой тартып, 1970 жылы әуелі Гаграда, содан соң Мәскеуде жатып романның бірінші кітабын бітірдім.

– Тарихи шығарма жазудың талай қиындықтары бар ғой. Сіздің архив ақтарып, ел аралап деректер жинайтын мүмкіндіктеріңіз болды ма?

– Өзіміз білетін, көптеген өркениетті елдерде мұражай, архив, газет-журнал, көне шежіре-жазбалар, т.б. материалдарды жинап, сақтауға өте мұқият қой. Бұл ретте біздің басымыздағы халды Мұхаңнан артық айту мүмкін емес. Абай туралы деректерді қалай жинағанын бейнелеп айтатын сөзі – сөз. Біз де ауыз әдебиетінен қол үзбеген буынбыз. Ақан туралы жазарда менің де ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, өлең жырларды жинауыма тура келді. Оның өзін біреу дұрыс, біреу бұзып айтады. Мен Ақанды көрген екі-үш шалды ғана кездестірдім. Ақанның 1963 жылы шыққан өлеңдер жинағынан шығатын сүрлеу соқпақтарды іздедім. Омбыға қатысты архив деректерін орыс зерттеушілерінің еңбектерінен алдым. Деректерді сөйлеттім. Лобановка деген жерде Сыздық қарияның қолынан Ақанның домбырасын таптым. Құсақ көліне барып, құлазып, жағалауында тұрдым...

Ақан туралы ең бірінші мақала жазған адам – Мағжан Жұмабаев екен. Оны оқу маған ол кезде бұйырмады. Кейіннен ғана сол мақаланың көшірме нұсқасын Хамза Абдуллиннен алдым. Мағжан таныған Ақаннан біз де тым алшақ кетпеген екенбіз.

– Әдебиетте тарихи шығармалардың өзін түрліше жіктеп, жіліктеп, жүйелеп, әр салаға бөліп қарау қалыптасқан. Сіздің «Ақан сері» романыңыз тарихи шығармалардың қай түріне жатады деп ойлайсыз?

– Тарихта болған жеке тұлғалар туралы (мәселен, Абай, Сұлтанмахмұт, т.б.) автобиографиялық романдар бар да, белгілі бір тарихи кезеңдерде өмір сүрген адамдар, олар қатысқан тарихи оқиғалар туралы (мәселен, Ілия Есенберлиннің, Әбіш Кекілбаевтің, Мұхтар Мағауиннің, т.б.) тарихи романдар бар.

– «Ақан серінің» екі кітабында 100-ге жуық кейіпкер кездеседі. Солардың бәрі де өмірде болған адамдар. Тек Біршек деген қасқырды ғана ойдан шығарған екенмін. Сонда бұл да тарихи-автобиографиялық пұшпақты алып жатқан роман. Бірде оқырмандарыммен кездесуде, тарихи шығармалардан мұның артықшылығы – көркем жазылуында, деп күлдіргенім бар. Жалпы, теориялық таразыға салу – келер уақыттың ісі болса керек.

– Жоғарыда Ақан серіні көрген екі-үш шалды ғана жолықтырғаныңызды айттыңыз. Ақанды көрмесе де, Ақанды көрген адамдардың ұрпақтары бар ғой. Олар жеткізетін деректер де құнды емес пе?

– Айтпақшы, Ақанның қартая бастаған шағында жолықтырып, «Үш тоты құс» деп ат қойған, Сырымбетті мекендейтін төрелердің үш қызы жөнінде жұрт біледі. Сол үш тотының бірі Майқақ төренің Үрім деген қызына 84 жасында жолықтым. әжім-әжім жүзінен әлдеқандай сыр оқығым келіп, үңілдім. Ал Ақтоқтының ауылына білетін адамдар арқылы шықтым. Өзер дегенде Ақтоқтының ұлы Жайлау деген кісімен (қазір жоқ, қайтыс болған) сөйлестім.

Ақтоқты туралы деректерді жинай жүріп, ақырында, Ақан ғашық болған сұлудың «Ақан жанға жара салғанмен, тәнге жара салған жоқ» дейтін сөзін тірілттім...

Жақында Ақан тойына қатысты сапармен елге барғанымда романиімдегі Ожан деген серінің баласын іздеп, таптым. 93 жаста екен. Әкесі Ожан сері туралы сұрағанымда мендегі бар барлық дерек дәл келді. Тек бір дерекке күмән келтірген шал: «Ожан – бай болмаған, тек сері болған» дей берді. Мен мұны жетпіс жылдық сананы улаудың салдары шығар деп жорыдым. Өйткені ел ішінде мынадай аңыз тектен-текке айтылмаса керек: Ожан сері өлерінде айтыпты дейді: «Өмірімде сері болдым, өлгенде де сері болып аттанайын, бар малымды жинап, таң атқаннан күн батқанға дейін жұртқа таратыңдар» деп. Туыстары сол өсиетін орындапты. Сонда малы таусылмаған дейді. Ел ішінде «Ожан серінің малы таратуға жеткенде, құдайдың күні батпай, тұра тұруға жетпеді!» деген аңыз қалыпты.

– Сәке, кеше ғана айыптап, кінә таққан талай адамдардың тарихтағы орнын енді басқаша анықтап, ақтап алып жатырмыз. Сондай адамның бірі – Ақанмен дос-жар болған Науан қазірет деседі. Науан бейнесіне қатысты ойларыңызды білсек?

– Ақан мен Науан туралы екі түрлі көзқарас болғаны рас. Науанды көбіне жаман жағынан көрсетіп келгенімізді де жасырып қажеті жоқ. Ғабеннің «Ақан сері – Ақтоқтыдағы» бір тапқырлығы – Науан қазірет есімін ұрпақ жадында қалдыруы. Науанның шын аты – Наурызбай Таласов. Бұхарадан оқыған. Уездің молласы. Ақанмен рулас. Одан үш жас кіші. Екеуі бажа. Қажының қызы Бәтиманы – Науан, Ұрқияны – Ақан алған. (Ақанның бұрынғы Бәтимасы – басқа).

Науан Бұхарадан 9 нарға артып кітап әкелген, медресе ашып, бала оқытқан. Ол кезде шоқындыру өріс ала бастаған ғой. Бірақ Омбыдан бері ол саясаттың өтпеуіне Науан қазіреттің сіңірген еңбегі зор. Омбылық архиерей інжілдің 100 кітабын әкеліп, мынаны халқына тарат деп Науанға тапсырыпты. Науан «халқыммен ақылдасайын» депті. Көкшедегі сегіз болыстың билеушілерін шақырып, інжілді таратуға қарсымыз деген сөздерін алып, інжілді суға лақтыртады.

Жайық Бектұров та жазды бұл жөнінде. Шоқындырудың алдын алуды ойластырып, үш адамды Түркияға аттандырыпты, амал іздеген ғой. Ішінде Ақан бар деседі. Деректер жинастырудамын. Патшаға Түркиядан «бұлардың қалай?» деген хат түсіртсе керек. Науан патша жандайшаптарының қырына ілігіп, 10 жылға сотталып, Енесай бойына жіберіледі. Төрт жылдан соң еліне оралып, 1916 жылы қайтыс болған.

Науанның елі үшін сіңірген ең үлкен қызметі – шоқындырудан аман алып қалғандығы – Мәдениет министрлігінен Науанның осындай жаңа бейнесін көрсететін пьеса жазуға тапсырыс алдым. Жазу ойымда бар.

Ал романымның үшінші кітабындағы Ақан жанынан көрінетін бір үлкен кейіпкерім – Науан, екінші – Сердәлінің баласы Мәмбетәлі.

Ғабеннің пьесасы тарихи емес, көркем туынды ғой. Мәселен, Мұханның «Қаракөзіндегі» Сырым-Ақан. Бұл да көркем туынды болғандықтан, кейіпкерлердің аты өзгертіліп алынған.

– Ақанның бойынан күрескерлік қасиеттерді іздеп көрдіңіз бе?

– Ақан сері де патша жандайшаптарын ұнатпаған. Отарлаушылық ниеттеріне қарсы шығып, беттеріне айтқан. Абай Батыстан үйреніңдер дей келіп, шен-шекпенге құмартпау жөнінде аңғартқан ғой. Ал Ақан жерімізді талап жатыр деп ашық айтқан. Ақаннан Мағжан үйренген деп ойлаймын. Егер Мағжан тірі болса, Ақан туралы романды сол жазуға тиіс еді деп бағамдаймын.

– Сөз арасында, Ақан «Қыз сипаты» деп жазады дедіңіз. Оны неге айттыңыз?

– Оны айтқан себебім: қазір «Қыз сыны» дейтін атауға құлақ үйретіп барамыз. «Аттың сыны» дейтін болушы еді. Ақан «Қыз сипаты» деп қалай әдемі қолданған. Жақында Көкшедегі мерекені осылай деп өткіздірттім.

– Романның үшінші кітабында Ақан серінің басынан өтетін уақиғалар жөнінде не айтуға болады?

– Бұл – Ақанның өмірінің соңғы кезеңі. Ең ауыр кезеңі. Жүйрігінен, құстарынан, тазысынан – барлық қызығынан айырылып, жалғыз қалған тірлігі. Уақиға көп, уайымы одан да көп. Уақыт көрсетер.

– Сәке, Біршек қасқыр романның кілті болғанына ешкімнің де күмәні жоқ. Бастау қиын ба, аяқтау қиын ба?

– Меніңше, бастау да, аяқтау да қиын. Ақан өмірі – өте мазмұнды, бай өмір. Трагедиясының өзі тұңғыық. Тереңіне тартып әкетеді. Әңгіме – қасқырдың арланы, иттің сырттаны, жылқының тұлпары, жігіттің сұлтаны туралы.

Ақанның өлеңдерін қорғаштап, зиратқа апарып тыққан Ыбанның өзі екі баласымен 1932 жылғы аштықтың құрбаны болыпты. Ал атақты байдың қызы Ақтоқты аштан өлді дегенге сеніп көріңіз. әр уақиғаның астарында ашылмаған алапат шындық жатыр.

«Халық Кеңесі»,  
1993 ж.

## ӘУЕ ТОЛҚЫНЫНДА – ӘДІЛЕТ ҮНІ

*Қазақ радиосының бас директоры Әмірхан МЕНДЕКЕМЕН ағымдағы кейбір мәселелер төңірегінде ой бөлісуді жөн көрдік*

– Әмеке, бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде жылдам әрі жыраққа дауысы жететіні радио екендігі белгілі. Қазіргі таңдағы Қазақ радиосының тарататын хабарларды не үшін қызмет етеді? Қайда бағыттайды? Нені ұғындырады?

Қазақ радиосының қазіргі кездегі ең үлкен жұмысы, ең басты қызметі – тәуелсіз мемлекетіміздің тәуелсіз идеологиясын орнықтыруға күш салу болмақ. Бұлай дегенде біреулер: «Ау, біз идеологиядан бас тартқан жоқ па едік? Тағы да әрі тарт, бері тартпен күн кешпекпіз!..» деп күмәндануы мүмкін. Рас, біз марксизмнен, ленинизмнен бас

тарттық. Коммунистік идеологиядан бас тарттық. Бұл дұрыс. Ал бізге ендігі керегі – тәуелсіздік идеологиясы, Қазақстанның тәуелсіздігін баянды ететін баянды идеология.

Идеологиясыз мемлекет болмайды. Идеологиясы мығым мемлекеттер ғана өзгенің шылауында кетпейді. Сырттай қарағанда, АҚШ-та ешқандай идеология жоқ сияқты. Бірақ, бар. Мұны «мемлекеттік патриотизм» немесе «американдық патриотизм» дейді. Неліктен? АҚШ-та да көп ұлт, ұлыс тұрады: ағылшын, швед, неміс, итальян және т.б. Міне, осы ұлт өкілдері: «Біз ана ұлттың өкілі едік, біз мына ұлттың өкілі едік», - деп өздерін жіктеп-жіліктеп жатпайды. Олардың аузынан шығатын ең әуелгі сөз, ең аяулы сөз: «Мен – АҚШ-тың азаматымын». Олар үшін ең қасиетті, ең киелі мекен – АҚШ. Ең қастерлі елтаңба – АҚШ-тыкі. Ең сүйкімді әнұран да АҚШ-тыкі. Дүниенің қай түкпірінде жүрмесін, АҚШ-тың ала байрағын жастанып ұйықтап, АҚШ-тың тілеуін тілеуден жазбайды. Осының өзі-ақ мемлекеттік идеологияның мығым екенін байқатса керек.

Осыған ұқсас, Қазақстанның тілеуін де тек қазақтар ғана емес, осы мемлекетті мекендеп отырған орыстар да, немістер де, украиндар да, кәрістер де, ұйғырлар да тілеуі керек. Тілеуі тиіс. Өйткені біздің бәріміз – Қазақстанның азаматымыз. Қазақстанның шыққан тауы биік болсын, Қазақстанның елтаңбасының еңсесі түспесін деп шын ниетпен, түзу пейілмен адал қызмет істеу – әрбір қазақстандықтың төл борышы. Мемлекеттің алдындағы қарызы.

Қайсыбіріміз Қазақстанды мекендегенмен Мәскеудің тілеуін тілесек, қайсыбіріміз Қазақстанның жұпарын жұтып, суын ішіп жүргенмен баяғы КСРО-ны аңсасақ, онда не болғаны? Мұндай өгейлік, мұндай жатбауырлық кімге керек?..

– «Мәскеу» дегеннен шығады, қазір Қазақ радиосы бойынша берілетін Мәскеу хабарлары едәуір қысқарған сияқты?

– Иә, қысқарды. Әрбір қазақстандық отбасыға радионүкте арқылы беріліп, ең бір кең таралатын аяулы бағдарламамыз – Қазақ радиосының бірінші бағдарламасы. Бұрын (яғни, 70 жыл) осы бағдарламамыз бойынша әр күн сайын 4 сағат Мәскеу хабарлары берілетін. Қазір бұл хабарлар 2,5 сағатқа қысқарды. Күніне 15 минуттан 4 рет әуе толқынына шығатын Мәскеудің соңғы хабарлары сол күйінде әлі де беріледі. Сондай-ақ Мәскеу әзілкештерінің күлдіргі хабар-ошарлары да қысқарған жоқ. Бұлардың жалпы уақыты – 1,5 сағат. Ал сонда әлгі 2,5 сағаттық қысқарған хабарлар қандай хабарлар дейсіз ғой? Ресейлік авторлардың көбіне-көп сырттан тон пішетін, сырттан сәуегейсінетін, жымысқылана отырып шапқа түртетін радиомақалалары, радио-шолулары. Қазақстандағы айрандай ұйып отырған татулыққа қаяу түсіретін, ұлтаралық дүрдараздыққа бастайтын, қай-қайдағыны қоздатып, ұлт пен ұлттың арасына іріткі салатын мұндай хабарлардан іргемізді аулаққа салуды жөн көрдік.

Енді біз қазір қысқарған Мәскеу хабарларының есебінен Қазақ радиосының орыс тіліндегі хабарларын көбейтуге күш салып жатырмыз. Сырттан сәуегейсітетін мәскеулік авторлардан гөрі өзімізге етене жақын, өз мүддемізді білдіретін, әрі республикамыздағы жағдайды жете білетін қазақстандық орыс журналистерін эфирге көптеп тартуды мақсат тұтып отырмыз.

– «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді,» - деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Ұлттық ұйысу, тұтасы, бірігу қасиеттерін қанымызға дарытып, санамызға сіңіріп болмаған сияқтымыз. Бұған ұйытқы болатын ұлт зиялылары жоқ емес. Бар. Сол дәтке қуат. Кейде сөзге құлақ асуды үйренсек екен дегің келеді...

– Ұдайы оралып отыратын, үздіксіз қайыра соғып отыратын тақырыбымыз – ұлттық бірлік, ұлттық ынтымақ мәселесі.

Алтыбақан алауыздықтың азабын әбден тартқан және сол алауыздықтың әсерінен қыршынынан қиылған Қошке Кемеңгеровтің қатты күйзелгенде, иә болмаса қатты күйінгенде айтатын сөзі мынау екен: «Біздің қашан басымыз бірігер екен, осы?...»

Еңіреп өткен есіл ердің кейінгі ұрпаққа аманат етіп кеткен мұндай сұраулы сөзін жиірек қайталап, жиірек еске түсіріп тұруымыз қажет-ақ сияқты. Бұдан ұтпсақ, ұтылмаймыз. Ертеректе үстем тап боп, жұмысшы табы боп айтыстық? Кім ұтты? Бір



қазақтың өзі бірнеше тапқа бөлініп, әлденеше топқа бөлектеніп қырық пышақ болып қидаласты? Кім ұтты? Мұны біз неге айтып отырмыз? Осындай қауіп әлі сейіле қойған жоқ. Мәселен, өзің-ақ байқауыңа болады, дәл қазір қазақтың творчестволық интеллигенциясы мен қазақтың енді-енді әл-қуат жинап, енді-енді байып келе жатқан бизнесмен-кәсіпкерлерінің арасында ынтымақ бар ма? Жоқ. Ауызбірлік бар ма? Жоқ. Бүгінгі күні кез-келген жазушыны, иә болмаса ақынды сөйлетіп көріңізші. «Ойбай, бұлар – алыпсатарлар; бұлар – ақша үшін арын аяққа басқандар», - деп бизнесмендерге, іскер қазақтарға тілінің сұғын қадап тиісе жөнеледі. Ау, ағайын, осы жерде бәріміз бір сәтке ойланайықшы... Қазақтың байлары, яғни адал жолмен мал жиған қазақтың бизнесмендері, қазақтың коммерсанттары, бір сөзбен айтқанда, қазақтың іскер топтары – еліміздің ертені емес пе. Ұлтымыздың арқа сүйейтін тірегі емес пе. Ендеше оларды неге «алыпсатарлар» деп көзге шұқимыз? Олардан неге бойымызды аулаққа саламыз? Асыл перзенттеріміз Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев кезінде қазақтың байларына арқа сүйеген жоқ па еді? Мұны неге ұмытамыз? Ал Тұрар Рысқұлов пен Смағұл Садуақасов қазақтың байларын кәмпескеден аман алып қалуға барын салған жоқ па? Мұның бәрі кім үшін? Не үшін? Ендеше біз де қазақтың кәсіпкерлерінің, яғни, қазақтың байларының көбеюін құптап, қолдап отыруымыз қажет. Байлықты жек көретін, барлықты жек көретін идеологиядан арылуымыз керек. Кедейлік – қорлық, масқара деп түсінуіміз керек.

Өзгелердікіндей швейцар банкісінен емес, қазақтың байының, дәулетті қазақтың қалтасындағы ақша ешқайда кетпейді, сол қазақтың мүддесіне жұмсалады. Қазақ елінің жыртығын жамауға, тесігін бүтіндеуге жұмсалады.

Қазақ тілінің тек қағаз жүзіндегі мемлекеттік тіл емес, іс жүзіндегі мемлекеттік тіл болуы үшін де оған экономикалық тірек керек. Ақша керек. Және сол ақшаның жергілікті халықтың қолына молынан шоғарланғаны керек. Ағылшын тілі қазір дүниенің төрт бұрышында да ешбір шектеусіз, ешбір бөгесіз қолданылады? Неге? Өйткені ағылшын тілі – бизнестің тілі, кәсіпкерлердің тілі, ақшаның тілі, нарықтың тілі. Экономиканың тілі. Қазақтың тілі де республикамызда іс жүзіндегі мемлекеттік тіл болуы үшін ана тіліміздің бизнестің, кәсіпкерліктің тілі болуына баса назар аударуымыз керек. Қазақ тілі қай уақытта бизнестің тілі, қазақ тілі қай уақытта экономиканың тілі бола алады? Қазақ кәсіпкерлері, қазақ бизнесмендері көбейген кезде ғана. Тек сонда ғана! Сондықтан қазақ кәсіпкерлерін, қазақ бизнесмендерін ұдайы қолдап отырғанымыз жөн.

Қазақ радиосының қозғайтын тың мәселелері жетерлік. Проблемалар да шаш-етектен. Сондықтан, Қазақ радиосының жайбарақаттыққа салынуына, қалғып-мүлгуіне қақысы жоқ.

«Халық Кеңесі»,  
1993 ж.

## **«ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАУ ЖОЛЫМЕН ЖҮРІП КЕЛЕМІЗ»**

*Қазіргі күрделі кезеңнің көп қиындықтарын жеңу үшін үлкен ғылымның көмегі аса қажет. Ал санадағы сілкіністердің себеп-салдарлары жөнінде біз не білеміз? Рухани дамудың бүгінгі мен болашағы туралы толғансақ ше? Бұл орайда бірқатар сауалдар төңірегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі комитетінің төрағасы Өмірбек Арысланұлы ЖОЛДАСБЕКОВ ой бөліседі.*

– Өмірбек Арысланұлы ең алдымен, жаңадан құрылып, өзіңіз басқарып отырған комитеттің атқаратын қызметі, жүктелген міндеттер жөнінде айтсаңыз?

– Комитеттің негізгі міндеті ретінде ғылымның тиімділігі мен білімнің сапасын жоғарылатуды, жаңа технологияны өндіріске кеңінен енгізуді, оқушыларды, студенттерді,

мұғалімдерді, инженерлер мен ғалымдарды әлеуметтік тұрғыдан нақты қорғауды қамтамасыз ететін қазіргі заңдарды жетілдіру және жаңа заңдар жасау болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген мектептерде балалардың оқып-жетілуіне ең қарапайым да жағдай жасалынбаған. Олардың көбі дистрофиямен, көз ауруы, т.б. аурулармен ауырады. 1993 жылы республикада 100 мыңнан астам орны бар 525 балабақша жабылды. Өте ауыр материалдық жағдайларына байланысты көптеген мұғалімдер мектептен басқа салаға кетуде. Жалпы білім жүйесіндегі мұндай ауыр жағдай ешқандай экономикалық қиындыққа қарамастан Жоғарғы Кеңестің, үкіметтің және бүкіл жұртшылықтың шұғыл араласуын талап етуде.

Ғылымның тиісті дәрежеде дамуы және жаңа технологияны кеңінен өндіру өндірістің құлдырауын тоқтату мен оны экономикалық дағдарыстан шығарудың тиімді жолы болып табылады. Жақын арада комитет «Ғылыми интеллектуалды меншік туралы» заңның жобасын Жоғарғы Кеңестің сессиясында қарауды жоспарлауда, сонымен қатар «Ғылым мен ғылыми-техникалық саясат туралы», «Жоғары білім беру туралы», «Білім беру туралы» заңдарға өзгерістер енгізіп, Жоғарғы Кеңестің бұрынғы қабылданған заңдарының орындалуына көңіл бөліп бақылауға алуды жоспарлауда.

– Қазақстан ғылымының бүгінгі мен болашағы туралы ой қозғасаңыз. Ғылым кадрларын даярлаудағы қазіргі таңда атқарылып жатқан жұмыстар сізді қанағаттандыра ма? Нарықты экономиканың білгір мамандары – ғалымдар бар ма?

– Білімнің көптеген саласы бойынша республикада қазіргі кезеңде аса көрнекті академиктер А. А. Абдуллин, Ж. С. Ержанов, Б. А. Жұбанов, т.б. басқаратын әлемдік ғылым деңгейінде танымал болған тұтас ғылыми мектептер жұмыс істеуде. Қазақстан ғылымының болашағы, мемлекетіміз үшін өте маңызды жаңа ғылыми бағыттарды (дәстүрлі емес энергия көздері, электроника, информатика, космостық техника және технология, т.б.) игерумен тығыз байланысты. Бүгінге дейін ғылыми негізделген мемлекеттік

бағдарламаның жасалынбауы мамандар мен ғалымдар даярлау жұмыстарындағы басты кемшілік болып табылады.

Қазақстанда нарықты экономикамен жақсы таныс көрнекті ғалымдар бар, бірақ менің ойымша, олар республика ерекшеліктерін ескере отырып, нарықты экономикаға өтудің ғылыми негізделген тұжырымдамасын әлі жасаған жоқ, қателесем, кешірім өтінем. Қазіргі кезде біз бұл бағытта ізденіспен қатар, тәжірибе жинақтау жолымен жүріп келеміз.

– Білім министрлігінің үстіміздегі жылғы 7 қаңтардағы №3 бұйрығы бойынша биыл көптеген жоғары оқу орындарына түсушілер үшін жиынтық сауал-сынақ (тестирование) өткізу белгіленген еді. Бұған комитет қарсы қаулы қабылдапты. Сауал-сынақты сатылап енгізу дегенді қалай түсінуге болады? Жалпы тест жөніндегі өзіңіздің көзқарасыңыз?

– Біздің комитет республикадағы заң шығарушы органның бірден-бір құрылымдық бөлімі болып табылады және өзінің қаулысында министрліктің бұйрығының «Жоғары білім беру туралы» заңына сәйкес келмейтін тұстарын атап көрсетті.

Сауал-сынаққа біртіндеп көшу оқу процесінің үзіліссіздігін қамтамасыз ететін шарттарды сақтау болып табылады. Бұл жұмысты ең әуелі мектептен бастап оқушыларды жүйелі түрде дайындап алған абзал.

Біздің шешімдерімізді жұртшылық зор түсіністікпен қабылдады. Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі комитет биылғы жылы күзде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Жоғары білім беру туралы» заңының орындалуын қараған кезде бұл мәселеге қайта оралуды көздеуде.

Сауал-сынақтың көптеген құптарлық жақтары бар, бірақ оның ең басты кемшілігі «формальды» түрде болуы және нағыз талантты жастарды іздеп табуда, олардың білімінің өркендей түсуіне толық мүмкіндік бермейтіндігі болып табылады.

– Болашақ мамандарды шет елдерде оқытып, даярлау жөніндегі пікіріңіз. Осының қайтарымы жоғары болады деп есептейсіз бе? Неге сол мамандарды өзімізде даярламасқа?

– Мамандарды шет елде даярлауды, қоғамның болашағы үшін және өскелең ұрпақ үшін зор қамқорлық деп түсіну керек. Бірақ та, алдымен мамандарды даярлаудың мемлекеттік бағдарламасын жасау қажет, онда Қазақстанның мүмкіндігін ескере отырып, таяу және алыс шет елдердің жоғары оқу орындарында кімді, қандай мамандыққа даярлаудың қажеттігі толық ескерілуі керек.

– Институттарды университеттерге айналдыру, ғылыми атақтарды өзгертуге ұмтылыс, т.б. нақандық сипат алып бара жатқандай. Бұған қалай қарайсыз?

– Институттарды, әсіресе кадр потенциалы мен материалды-техникалық базасы нашар педагогикалық институттарды университетке айналдыруға, менің өз басым үзілді-кесілді қарсымын. Мен бұған бірнеше дәлелді айғақтар келтірер едім. Тек бір ғана жайды айтайын, бұл халықаралық стандартқа сай білім беретін университеттің дәрежесі мен деңгейінің сөзсіз төмендеуіне әкеліп соғады. Ал университет — «жеке дара» мамандарды даярлайтын жоғары оқу орны, онда үлкен көлемде арнайы курстар оқытылуы, көптеген педагогикалық жоғары оқу орындарының мүмкіндігі келмейтін аса маңызды арнаулы семинарлар жүргізілуі қажет. АҚШ-та педагогикалық жоғары оқу орындары университет құрамына кіретіні белгілі, бірақ ол колледж ретінде саналады.

Ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы айтсақ, әрине, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Аттестациялық комиссиясы және республикадағы диссертация қорғау жөніндегі арнаулы кеңестер өздерінің талаптарын жоғарылатуы қажет.

– Ағарту саласында да ақылы қызмет кең өріс ала ма? Жеке меншік оқу орындары бола ма? Мемлекеттік білім беру жүйесінің болашағы туралы не ойлайсыз?

– Жеке меншік оқу орындары жұмыс істеуге құқылы, бірақ олар өздерінің түлектерін қажетті білімдермен, машықтармен қамтамасыз етуі керек. Ал бұл өте-өте қиын. Мемлекет мемлекеттік жоғары оқу орындарына өте үлкен көңіл бөлуі және жан-жақты қолдау көрсетуі тиіс. Жоғары оқу орнының мемлекет есебінен бітіруші түлектердің жоспар бойынша бөлінген жерлеріне сөзсіз баруына ректорлардың жауапкершілігін арттыру қажет, әйтпесе, жуық арада мектептерде, медициналық, т.б. мекемелерде жұмыс істейтін мамандар қалмайды.

– Әңгімеңізге рахмет!

«Халық Кеңесі»,  
1994 ж.

## ЕСІЛДІҢ БОЙЫ ҚАЛЫҢ ЕЛ

*Жақында Қазақстанның халық жазушысы Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВПЕН бірге Қызылжар өңіріне жол сапарға шыққан едік. Солтүстіктегі қазақ елді мекендеріне ат басын бұрып, облыстың Жамбыл ауданындағы Сәбит ауылын, Ғабит ауылын, Сафуан ағаның өзі туып өскен ауылын көріп, ондағы еңбек адмдарының нарық қыспағы мен қымбатшылық құрсауындағы тыныс-тіршіліктерімен танысып, қайтар жолда облыс әкімі Владимир Карлович Гартманның қабылдауында болып, көкейге біршама ой-пікірлер түйгенбіз.*

– Сафуан аға, Есілдің бойындағы қалың ел қай қиырда жүрсеңіз де сіздің жадыңыздан шықпайтын болар? Өйткені осы жақта сіздің балалық, жастық шақтарыңыз өткен, Есілдің бойындағы моншақтай тізілген қазақ ауылдарын аралай жүріп ел, жер таныдыңыз, кейін өзіңізбен бірге ғұмыр кешетін кейіпкерлеріңізбен кездестіңіз дегендей... Алыстағы ауылдардың қазіргі таңдағы ахуалы туралы не айтасыз?

– Алматыда жүргенде «Шіркін, елге барсам» дейсің... Елдің, жердің амандығын ойлай жүру – әрбір перзенттің парызы. Өз басым жастау кезімде әке-шеше, іні-бауыр, туған-туыстарды сағынып, олардың амандығын білу үшін асығып жететін едім, енді аман

ба, ел іші тыныш па дейтін болдық. Қазіргідей қымбатшылық қабындап, алыпсатарлық асқынып тұрған кезде ауылдағы ағайындарға да оңай еместігі көрініп тұр. Ауылдағы қазақтардың бар байлығы – қолдарындағы малы. Ет пен сүттен тарықпаса екен дейсің. Қара шайға қарап қалғандарды аяйсың. Өзің көрдің ғой, кейбір үйлердің дастарқанында қант, кәмпит дейтін емге жоқ. «Бір келі қантты бір келі етке айырбастап аламыз» дегенді де естідік.

Қазір қай ауылға барсаң да қымбатшылық қамытын киген адамдарды көріп аяйсың. Еңбекақыларын, зейнетақыларын ала алмай, алаңдаған жұрт. Ал соған қарамастан, бау-бақшасын баптап, малын өсіріп, оны базарға апарып сатып, пайда тауып жатқан туысқандар шамалы. Кеңшар тарайды екен, шаруа қожалығын құруға шамамыз жете ме деп уайым соққан жұрт.

– Бір байқағанымыз, солтүстік өңірінде сонау тың игеру жылдарында жаңадан кеңшарлар ашылып, оған сырттан келушілер жаппай қоныстанып жатқанда байырғы елді мекендер «болашағы жоқ» деген сылтаумен назардан тыс қала берген сықылды. Соның нәтижесінде қазақ ауылдары бүйірдегі бөлімшелер болып қана сақталған. Көшелеріне асфальт төселмеген, су құбырлары тартылмаған, жаңа құрылыстар салынбаған осындай ауылдарда ғана қазақтар тұрады. Кейде неге бұлай деп еріксіз ойға шомуға тура келеді?

– Бұған кешегі күннің басқару жүйесіндегі кемшіліктер деп қарауымыз керек. Бірақ сол кезде қазақ ауылдарын таратып, астықты кеңшарларды егіс алқабына айналдырып жібергенде тіпті қиын болатын еді. Қаймағы бұзылмай сақталған қазақ ауылдарын көргенде мен осыған тәуба деймін. Ал әр ауылды көркейту, үлгілі елді мекенге айналдыру әсіресе жергілікті басшылардың іскерлігіне сын. Жамбыл ауданын талай жылдардан бері Шаймұрат Смағұлов деген азамат басқарып келеді. Қазір Қазақстанның халық депутаты. Шаймұрат жаңағы өзің айтқандай елеусіз қалған бір бөлімшені үлкен кеңшарға айналдырды. «Суаткөл» кеңшарының қанат жайып, көркеюіне қосқан үлесі ерекше. Сондай-ақ, менің туып-өскен ауылым «Амангелдіні» өзің көрдің. Қос қапталында қос көлі бар. Елге келген әр сапарымда осы бір кішкентай ауылдың мұң-мұқтажын аудан басшыларына да, «Жамбыл» кеңшарының директоры Мырзахан Ыдырысовқа да құлаққағыс жасай жүремін. Өтініштерімді аяқсыз қалдырған емес.

– Бұл сөзіңізге қарағанда, Сафуан аға, астанада тұратын әрбір зиялы азамат ауылын ұмытпасын, көз қырын сала жүрсін, сонда бүйірдегі бөлімшелерді басқалар да ұмытпайды, өзің де елге келгенде жүзің жарқын деген аңғарту бар сияқты.

– Әрине.

– «Ауылына қарап – азаматын таны» деген сөз бар ғой қазақта. Бұл әсіресе ел басшыларына қарата айтылған сөз сияқты. Өйткені бұл елді кім басқарып отыр деп сұрайтынымыз да сондықтан шығар. Сіз бұдан бес-алты жыл бұрын осындай сапармен келгеніңізде облыстың басшысы Медведевтің қабылдау бөлмесінде қаңтарылып ұзақ күткеніңізді, ақыры әлдебір шаруаларды сылтауратып қабылдамағанын айтқаныңызда қатты таң қалған едім. Бұл өлкеде Сәбеңнен, Ғабеңнен кейін сізді атайды. Құрметтейді. Мақтан тұтады. Ал соған білдей бір облыс басшысының немқұрайды қарауы ақылға сыймайтын іс еді. Осы жолы облыстың әкімі В.К.Гартман сізді жақсы қарсы алды. Әкімнің бөлмесіндегі әңгіменің өзі екі сағатқа созылды. Елдің, жердің жағдайы, адамдардың қиын кезеңдегі ахуалы, түйінді проблемалар шешуін күтетін мәселелер – бәрі де сөз болды...

– Иә, мен бұл елдің жағдайын сонау отызыншы жылдардың орта тұсынан бермен қарай жақсы білемін. Талай басшылар болды ғой. Келген кезде ұлтына қарамаймыз, бәрін бірдей көреміз деп сайрайды да бірте-бірте бүйрегі басқаға бұрып кететініне талай куә болғанбыз. Жетпісінші жылдардың орта тұсында Орталық Комитеттің хатшысы Коломиец солтүстік облыстарды аралағанда жергілікті ұлт өкілдерінен Болатбаев деген жалғыз хатшыны (Сергеев ауданында) жолықтырыпты. Оның өзін көзіне шұқып, жерден алып, жерге салған. Ал Демиденко осы облысты басқарып тұрған оншақты жылдың ішінде аудандардағы он бір хатшыны қазақтардың арасынан шығарды. «Қазақ – қабілетті

халық» деп айтқаны бар. Нанын жеп, суын ішіп отырған халыққа құрмет осындай болуы керек. Бірақ бәрі бұлай болған жоқ. Әлі есімде, Мельник деген бір басшы болды осы облыста. Сол басқарып тұрған тұста Сәбеңмен (Сәбит Мұқановпен) елге келдім. Сәбең біздің үйдегі ақсақалды – менің әкемді жақсы көруші еді. Әңгімелері жараса кететін. Маған «ел ішіндегі жақсы адамдарға жолықтыр, танысайын, білсейін» деді. Содан соң Баян, Сұлу дейтін екі ауыл бар, сол Баян ауылын басқаратын Сексенбай Тұралин деген кісіге ертіп бардым Сәбеңді. Өзі сіңірі шыққан кедей. Алу, беру дегенді білмейді. Басқарып отырған еліне беделді. Адал. Таза. Сәбеңді қуанып, келіп-кетіп жататын өкілдердің біріндей ғана емес, жақсы қабылдады. Қой сойды, бірақ онысы жылтырағы жоқ, тым арық екен. Сірә, тапсырған адамдарының қателігі. Ертеңіне біз жүрейік деп жатқанда кешірім сұрап, қайтадан қой сойып, қайтадан қонақ қылды. Білетін, түсінетін басшы екен деп ой түйгенмін... Бұл – қазақы мінез... Қайтарымызда «Ил-14» дейтін кішкентай самолетті күтіп аэропортта көп отырдық. Сөйтсек, әлгі самолетпен облыстың бірінші хатшысы Мельник келген екен. Сәбең ол кезде Жазушылар одағының бастығы, атақты жазушы. Және осы өңірдің тумасы ғой. Сөйткен Сәбеңнің жанынан әлгі Мельник бас изеп қана өте шыққанын көргенде, мен де не істерге білмегенмін. Жаңағы Мельник өзі ғана кетсе бір сәрі ғой, самолеттің бүкіл экипажын өзімен бірге түскі асқа алып кетіпті де Сәбең күн астында терлеп-тепшіп қала бергені. Мұндай басшы туралы не деуге болады? Кейін сол Мельник Орталық Комитеттің де хатшысы болды. Қайырымы аз, қара басын көп ойлайтын адам еді десетін. Кейін қайтыс болғанда басына туған-туыстарынан да ешкім келмепті ғой...

Басшы адам халық арасынан шыққан беделді азаматтармен жақын жүрсе, халыққа рухани демеуші - өнер адамдарына әрдайым құрмет көрсетсе, одан беделі түспейді ешқашан. В.К.Гартманның бұл облысқа әкім болып келгеніне аз ғана уақыт өтті. Ал сол аз уақыттың ішінде халық ілтипатына бөленетіндей бірқыдыру істер атқарды. Сәбеңнің, Ғабеңнің 90 жылдық мерейтойларын, қазақтың ұлы ақыны Мағжанның жүз жылдығын, менің жетпіс жылдық мерейтойымды жоғары деңгейде өткізуге өз үлесін қосты. Әсіресе, Мағжан тойы ұлт мәртебесін көтерген мереке болды. Мына солтүстік өңірде қазақтардың аз тұратындығын, орыс және басқа да ұлт өкілдерінің жергілікті тұрғындардың өткен тарихынан, салт-дәстүрінен мағлұматы шамалы екендігін ескерсек, бұл тойларды өткізудің қаншалықты мәні мен маңызы барын аңғаруға тиіспіз. Облыс орталығындағы ең үлкен орталық көшеге Мағжан аты берілді. Ескерткіштер тұрғызылды. Осының бәрі оңай жүзеге аса салған шаруалар емес.

– Қазақстанда атағы анау-мынау облысқа татитын аудандар бар. Мәселен, Абай ауданы десек, көз алдымызға әдебиеттің үш алыбы – Абай, Шәкәрім, Мұхтар және одан кейінгі таланттар тобы келе қалады. Сол сияқты осы солтүстіктегі Жамбыл ауданының да орны бөлек. Жұртшылық мұны неге айтып отырғанымды аңғаратын болар. Бірақ соңғы жылдарда ізбасар талантты інілеріңіздің мүлде азайып кеткендігі сізді де ойландыратын болар. Сіз 1990 жылы талантты жазушы ініңіз, өмірден ерте кеткен Ермек Қонарбаевтың «Қас-қағым сәт» дейтін повестер мен әңгімелер жинағын құрастырып, алғысөзін жазып «Жазушы» баспасынан шығардыңыз. Еңбегіңіз елеулі. Жазушылық өнердің болашағы жөнінде не ойлайсыз деген сауал да тіл ұшында тұр...

– Жалпы, Тәңірінің де, Табиғаттың да сыйын тартып алу мүмкін емес. Құнарлы топырақтың жеміс ағаштарының жөні бөлек, әрине. Солтүстік облыстарда сонау тың игеру науқанының көлеңкесінде талай қазақ мектептері жабылып, орысшаға көбірек бойсұнып кеткені рас. Ал мұның өзі кейінгі жылдарда ұлттық өнерге, ұлттық әдебиетке келетін тың күштердің азаюына әкеліп соқты. Кейінгі жылдарда жоғалтқандарымызды тауып, асылдарымызды түгендей бастап едік, нарықты экономиканың қатал қыспағына түсіп, «Аш бала тоқ баламен ойнамайдының» кері келді. Дегенмен, үміт үзуге болмайды. Бұдан бірнеше жыл бұрын «Жазушы» баспасынан 1935-1945 жылдары туған жазушылардың «Жүздесу» дейтін таңдамалы әңгімелер жинағы жарық көрді. Қарап отырып, ойға қалдым. Ойыма Ермек оралды. Егер ол тірі болса, осы жігіттердің

қатарында тұрар еді... Жалпы, талант – Тәңірінің сыйы. Қайталап айтамын. Бірақ оны да танып, баптап, бағалай білгенге не жетсін. Әдебиетіміздің болашағы, жазушылық өнердің ертеңі дегенде ойландыратын проблемалар баршылық.

– Жамбыл ауданындағы Сәбит ауылында – Сәбеңнің, Ғабит ауылында – Ғабеннің музейлері ашылыпты. Пресновта – Иван Шуховтың музейі бар. Амангелді ауылындағы орталау мектепте екі бөлмені сіздің шығармашылығыңызға арнап, музейге айналдырыпты. Осының бәрі ұрпақ тәрбиесі үшін ғой...

– Осындай музейлердің болуы елге келген қонақтардың алдында мерей. Сәбиттің, Ғабиттің музейлерін ашуда аудан әкімі Ш.Смағұловтың тікелей ықпалы болғанын білем. Басқа әкімдерден бір ерекшелігі – әсіре науқаншыл емес, елдің, жердің тарихын зерттеп, зерделей жүреді. «Елім-айдың» тарихын жазды, Толыбай сыншыны, Сегізсеріні зерттеп жүр. Сонымен қатар шаруашылықтың қат-қабат жұмыстары бар. Амангелдіде – цех, Ебейде – ет-консерві заводын, Жекекөлдің орталығынан «Ұлпан» деген дүкен ашты. «Суаткөл» жөнінде жоғарыда айттым. Ел басқарған адамдардан осындай із қалуы керек деп ойлаймын. Амангелдідегі мектептің директоры Қарақат Әлмұрзин мен Арыстан Әкімжанов екеуі ұқыпты ұсталынған екі бөлмені музейге арнапты. Кітапханамнан біршама кітаптар жібердім. Ілтипаттарына рахмет. Кейінгі ұрпақ үшін ықпалы болып жатса қанша музей ашылса да артық емес. Ең бастысы, рухани жан-дүниемізді жұтатып алмайық. Экономикалық қиындықтар бұрын да болған, кейін де болар, бірақ рухани зардаптардан сақтанайық. Сонда ғана қиын өткелдерден аман өтіп, ел боламыз, жұрт боламыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

«Халық Кеңесі»,

1994 ж.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ АЙНАСЫ

*Міне, 1995 жылға баспасөзге жазылу мерзімі де аяқталуға жақындады. Осы орайда, мектеп, білім мекемелерінің, педагогикалық жұмыстардың айнасы «Қазақстан мектебі» мен оның «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика» қосымшаларының Бас редакторы Сайраш ӘБІШҚЫЗЫНА бірнеше сауал қойған едік.*

– Сайраш Әбішқызы, туған Отанымыз тәуелсіздік жолында бастан кешіп отырған экономикалық қиындықтар білім ордаларының, ұстаздар қауымының күнделікті тыныс-тіршілігін айрықша аурылата түскенін Үкімет те, жұртшылық та көріп, біліп отыр. Сіз басқарып отырған «Қазақстан мектебі» журналы редакциясының журналистері ұстаздар қауымының өміріне күнделікті араласып, сырт көзге байқала бермейтін мектепшілік ахуалды тереңірек байқайтын болар. Мұғалімдер қауымының көңіл-күйі, болашаққа көзқарасы жайында қандай ойдасыздар?

– Қоғамдағы қандай өзгерістің болсын мектеп өмірін айналып өтпейтіні қашаннан белгілі. Мектепшілік қиындықтар ғана емес, тұрмыс деңгейі күннен-күнге төмендеп бара жатқан жалпы еңбекші бұқараның оқу-білімге селқос қарай бастағаны мектеп ісін, тіпті, ауырлата түсуде. Қазіргідей экономикалық аса ауыр жағдайда мектеп тек мұғалімдер қауымының күшімен, олардың ұстаздық кәсібіне деген өшпеген жүрек жылуымен, сан ғасыр бойы бодандықтан құтылуды аңсаған Қазақ елінің енді ғана қолы жеткен тәуелсіздігін сақтап қалуға ұмтылған патриотизм қуатымен ғана жұмыс істеп тұр дер едім мен.

Мұғалім болашақ үшін жұмыс істейді. Сондықтан да әр сөзімізде мысалға келтіре беретін өркениетті елдер даму жолында, бірінші кезекте, білім беру ісінің болашағын болжап, әріден ойлайтын жоспар құрып, оның орындалуын қадағалайды. Сексенінші

жылдардың басында ел атаулының алдында келе жатқанын місе тұтпастан Америка мемлекетінің «Америкаға қауіп төнді!» деп жар салып, жиырма жылға жоспарланған білім реформасын жасауға шұғыл кіріскені бәріміздің есімізде. Біздің Қазақстанның өркениет жолында аяғын апыл-тапыл басқан балаңдығы болар – мектеп ісін шындап қолға ала алмай отырғаны.

– Білім ордаларына, мұғалімдер қауымына қиын шақта педагогикалық журналдардың көрсетер көмегі аз болмаса керек...

– Қазақстан Оқу комиссариатының білім кеңесінің қаулысымен 1925 жылы тамыз айында жарық көрген «Жаңа мектеп» журналы алдына қойған мақсатын тұңғыш нөмірінің бас мақаласында: «...қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушыларының күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу» деп айқындапты. 1961 жылдан бері «Қазақстан мектебі» деп аталатын журналдың қазіргі мақсаты да осы. Даму жолы бұралаң, тағдыр тауқыметі мол қазақ мектебі – бүгін таңда кәсіби көмекке айрықша зәру. Еркін даму айдынына бет бұрған Қазақ елінің мектебі де өзіндік жаңаша қалыптасу жолына бағыт алды. Осы жолда көмек көрсету, ақылшы, кеңесші болу – «Қазақстан мектебі» журналының, оның «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика» қосымшаларының биік борышы. Бұл басылымдардың міндет ауқымы кең, тақырып аясы мол. Соның негізгілері – білім беру ісін басқаруды, ұйымдастыруды жетілдіру жолындағы ізденістер, табыстар; педагогика, педагогикалық психология ғылымы зерттеулерінің бағыт-бағдарлары; оқыту, тәрбиелеу ісіндегі тәжірибе тағылымдары; шығармашылық талпыныстар; оқу бағдарламалары мен оқыту мазмұнындағы, оқу жоспарындағы жаңалықтар; теориялық және әдістемелік білім көтеру мәселелері, тағы, тағы.

Байқап отырғаныңыздай, 1925 жылдан бері қазақ тілінде жеке-дара шығып келе жатқан көп салалы «Қазақстан мектебі» журналының педагогикалық кәсіби басылым ретінде арқалап келе жатқан жүгі едәуір ауыр. Орыс тілінде педагогикалық жұмыстың сала-саласы бойынша жиырма шақты журнал бар.

Мұғалімдердің талап-тілегімен «Қазақстан мектебі» журналының әр жылда әр түрлі қосымшалары бірінен кейін бірі дүниеге келді. Оның екеуі – «Бастауыш мектеп», «Отбасы және балабақша» қосымшалары биылғы шілде айынан жеке бөлініп, өз алдарына отау тікті. Бұл – редакция өміріндегі ғана емес, жас Қазақ елінің дамуындағы жақсы жаңалықтардың бірі.

Қазір «Қазақстан мектебі» редакциясы шаңырағынан педагогикалық кәсіби үш журнал шығады: «Қазақстан мектебі», «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика».

– «Қазақстан мектебі» журналының алдағы жылы 70 жылдық мерейтойы да келе жатыр ғой...

– Иә, 1995 жыл – қазақ баспасөзінің қара шаңырақтарының бірінен саналатын «Қазақстан мектебі» журналы оқырмандарының, жанашырларының өміріндегі мерейлі асу кезеңі болмақ. Редакция журналистері 70 жылдық мерейтой дайындығын бастап та кетті. «Жаңа мектеп» журналының 1925 жылдан бері жарық көрген нөмірінің кезең-кезеңімен шолу шежіресі беріле бастады.

Ең басты тілек – 1995 жылы 70 жылдық мерейтойын тойлауға жеткізбей «Қазақстан мектебі» журналын жауып алмасaq болғаны...

– Қазір жазылу барысы қалай?

– Аталып отырған үш басылымның қай-қайсысына болсын жазылу өте нашар болып тұр. Мұғалімдер жалақыларын енді ала бастады. Олар қараша айының қалған күндерінде жазылып үлгерер деген үміт бар. Ал мектеп кітапханаларына жаздырып алудағы жайбарақаттылық алаңдаушылық туғызбай қоймайды. Жер-жердегі білім мекемелері басшылары, оқу орындары жетекшілері бұл мәселеде ширақтық көрсетсе, әлде де біраз іс тындыруға болады.

«Халық Кеңесі»,  
1994 ж.

## ТАРИХИ ТАНЫМ ТАРАЗЫСЫ

(Дөңгелек үстел)

Әділғазы Қайырбеков: – Бұдан 5 ғасырдан астам уақыт бұрын Қазақ ордасының құрылғандығы даусыз. Соны биыл атап өту жөнінде ұсыныс-пікірлер бар. Бұл тек тарихи таным тұрғысынан ғана емес, үлкен саяси, тіпті халықаралық мәні бар оқиға болмақ. Осыған орай, жақында Алматы қалалық әкімшілігі, республикалық «Иман» қоры, «Қазақстан-коммерция» акционерлік қоғамы және «Халық кеңесі» газеті мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің, қалың жұртшылық өкілдерінің қатысуымен тойға әзірлік барысын талқылаған мәжіліс өткізді.

Қазіргі кезде тарихқа жаңа көзқарас қалыптасуда. Қазақстанды егемен ел ретінде әлем жұртшылығы танып жатқан тұста оның мемлекеттігі қалай, қашан қалыптасқан дейтін сауалдар да туындайтыны сөзсіз. Тарихи сананы тұмшалаған бодандық бұғауындағы жылдарда Қазақ елінің өткеніне қатысты деректер көп бұрмаланды. Ақиқат айтылмады. Соның салдарынан бүгінге дейін қазақ мемлекеттігіне күмәнмен қарайтындар, әсіресе, Ресей баспасөзінде, солақай пайымдауларымен шындықты бүркемелейтін пікір туғызып жүр. Бұл ұлтаралық жарасымды бұзуды көздейтін пизғылдың салқыны. Ұзақ даму жолынан өткен, мемлекеттік іргетасы бұдан көп ғасыр бұрын қаланған, отарлық езгінің салдарынан тарих көшіндегі сапары ауыр да азапты болған Қазақияны танып-білу үшін ғасырлар қатпарындағы деректерді тірілту қажет. Қазақ мемлекеттігін нығайтуда өлшеусіз еңбек сіңірген хандар мен билер, батырлар тұлғалары жан-жақты танылуы керек. Бүгінгі және кейінгі ұрпақ санасында елдігіміздің, мемлекеттігіміздің тарихына қатысты бұлыңғыр болжам болмауға тиіс. Тайға таңба басқандай айқын баға беріліп, ақиқат айтылғанда ғана күмәнға орын қалмайды. «Дөңгелек столдың» жұмысына қатысып, онда осы қазақ ордасының қалыптасуының мерейтойын өткізудің мәні мен маңызы, атқарылуға тиіс іс-шаралары жөнінде өз ойларын ортаға салған академик М.Қозыбаев, профессорлар К.Аиубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, жазушы Қ.Салғарин, сәулетші Ш.Уәлиханов, ғалым К.Байпақов, «Иман» қорының вице-президенті Ө.Келебаев, Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш.Омаров және басқалар бұған айрықша көңіл бөлінуге тиіс екендігін баса айтты.

Қазақ мемлекеттігінің негізінің қалануы, шекарасының қалыптасуы және оның біртұтастығы, сол үшін жан аямай күрескен қайраткерлердің ерен еңбегі енді жан-жақты ашылып, олардың тұлғалары айқындалуы керек. Мерейлі тойда ұлы қайраткерлер Керей мен Жәнібектің, Хақназар мен Тәуекелдің, Есім мен Қасымның, Абылай мен Кенесарының, Шоқан мен Абайдың қазақ ұлтының тарих сахнасынан көрінуіне, көрші мемлекеттерге танылуына қатысты ұланғайыр жұмыстары талданумен қоса, олардың шоқтықты тұлғалары да сомдалғаны ләзім.

Бұл ретте «Иман» қорының «Халық кеңесі» газетімен бірлесіп өткен жылдың желтоқсан, үстіміздегі жылдың қаңтар айларында осы басылым бетінде Қазақ мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің тарихи-деректік көркем бейнесін жасауға бәйге жариялауы да осы олқылықтың орнын толтыруға қызмет етпек.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар мерейтойға әзірлік ауқымында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен ғылыми конференция өткізу, мерзімді баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен хандық мемлекеттің қалыптасуының, дамуының негізгі кезеңдерін, этникалық территориясын, тәуелсіз республиканың нығаюының бүгінгі проблемаларын насихаттау; «Иман» қоры мен «Халық кеңесі» жариялаған конкурсты ұйымшылдықпен жүзеге асыру жөнінде бәтуаласты.



*Бұдан соң іле-шала «Дөңгелек үстел» газетіміздің редакциясында жалғасын тапты. Оны газеттің бас редакторы Жұмабек Кенжалин жүргізіп отырды.*

Жұмабек Кенжалин: – Қазақ мемлекеттігінің тарихы, оның зерттелуі, белгілі-белгісіз тұлғалары, қайраткерлері жөнінде оқырмандарымызға байыпты талдаулар арқылы мағлұмат беруге, ұлттық сананың оянуына, ата-бабаларымыздың елеусіз-ескерусіз қалып келген ерліктерін тірілтуге, жаңғыртуға біз мүдделіміз. Бұған дейін де газетіміздің бетінде «Дулығалы дала перзенттері», «Тарихтан – тәбәрік» айдарларымен осы тақырыпқа үн қосып келсек, енді «Иман» қорынан түскен ұсыныс арқылы аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің тарихи-көркем бейнесін жасау жөнінде бәйге жариялап, бұл мәселені қуана құптадық.

Жалпы, тарихты бір адам жасамайды. Бір ғана бәйгенің шартымен де барлық проблеманы шешіп тастауға болмайтыны түсінікті. Ендеше осы тақырып қазақ зиялы қауымын ойландырып, толғандырып, ұрпақ танымын, санасын оятуға септігін тигізіп жатса құба-құп. Бұл жас ұрпақты тарих тағылымымен тәрбиелеу үшін керек. Олардың бойында отаншылдық сезімін қалыптасыру, патриоттық рух дарыту, әрине, оңай шару емес. Мына «Дөңгелек столдың» да міндеті осыдан туындайды деп білемін.

Жанұзақ Қасымбаев: – Қазіргі кезеңдегі республикамыздағы қоғамдық-саяси ахуал мемлекет тағдырына аса сергек қарауды қажет етеді. Өздеріңіз білесіздер, Ресей баспасөзінде кейбір авторлар, сондай-ақ өз ішімізден де шыққан кейбір «интернационалистер» қазақ мемлекеттігіне қатысты әртүрлі пікірлер білдіріп жүр. «Караван» сияқты басылымдар отқа май құйғанды тәуір көретін тәрізді. Шыны керек, бүгінгі жас ұрпақ осы Қазақстан территориясында дербес феодалдық мемлекет болғанын біле бермейді. Теледидар жүргізген сауалнама қорытындысына қарасақ, сұралғандардың 98 проценті тиянақты жауап бере алмаған.

Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуын қалай түсіндіру керек? Қазір республикадағы халықтың 44 проценті қазақтар болып отырған жағдайда, Қазақстанды егемен ел ретінде әлем жұртшылығы, шет мемлекеттер тани бастаған кезде тарихи деректерге сүйеніп, өткеніміз бен бүгініміз арасындағы ұмыт қалған дәстүрлі даму сабақтастығын қалпына келтіруіміз қажет.

Тарихта Рим империясы, Ұлы Карл империясы, Шыңғысхан империясы, Жошының Алтын ордасы, т.б. болғанын білеміз. Империялар тұсында моноүстемдік идеологиясы дәуірлейтіні де шындық. Ресей отаршылдығы тұсында да жеке мемлекеттердің басына бұлт үйірілді. Қазан, Астрахан, Қырым хандықтарын да патшалық Ресей бірте-бірте жаулап алды. Қазақ хандықтары мен Өзбек хандықтары ұлт-азаттық күрестерін ұзақ уақыт тоқтатпай келсе де Ресей империясы бұратана аймақтарына айналдырып жіберді.

Жас ұрпақ осыны біле ме? Мұны бақайшағына дейін шағып түсіндіру – парыз. 1465 жылдары құрылған хандықтардың тарихын түсіндіру, оқулықтарға енгізу қажет. Қазақ феодалдық мемлекетінде этникалық территория (әсіресе, Қасым хандығы кезінде) Атыраудан – Алтайға, Көкшетаудан – Орта Азияға дейінгі аумақты қамтыды.

Тағы бір ескеретін мәселе, қазақтың конституциялық монархиялық құрылтайында барлық мәселелер шешімін тауып отырған. Ұлыстарды билеу формасы тас-түйін. Бас уәзірлер, уәзірлер әртүрлі салаларды (билік, шаруашылық, т.б.) бөліп алып, хан жарлығының мүлтіксіз орындалуын қадағалаған. Мемлекеттік монархиялық құрылымды білмейтіндер мұны мойындағысы келмейді. Бұл ұсақ-түйек емес. Бұлай мойындамаудың өзі білместіктен және білгісі келмеуден туындап жататынын пайымдаған жөн.

Марат Хасанаев: – Тарих көзі – дерек. Жазу пайда болған күннен бастап мұрағат, архив деректері сақтала бастаған. Біздің қолымызда ХҮ – ХҮІ ғасырлардан қалған құжаттар жоқ. Ал соңғы екі жарым – үш ғасырда біздің Ресейден басқа мемлекеттермен қарым-қатынасымыз азайып кеткені белгілі. 1789 жылдан бастап архив ісін орталықтандыру қолға алынды. Алғаш рет Францияда ұлттық мемлекеттік архив пайда болды. Европада архив құру ісі ертерек басталған. ХІХ ғасырдың орта тұсында архив қызметі дұрыс жолға

қойылды. Ал Ресейде сол XIX ғасырда ғана архив ісі қолға алынған. Әсіресе, сарайлық архивтерге көп көңіл бөлінгенін байқаймыз.

Тарихта сарайлық архивтер, көшпелі архивтер дейтін болған. Қазақ хандықтарындағы мұның үлгісі – Бөкей хандығының архиві. 1794 жылы Бөкей хан арнаулы өртенбейтін архив салдырған. Онда 1751 жылдан басталатын құжаттар сақталған. Жәңгір хан өлген соң ол архив жоғалды. Міне, қазақстанда архив ісінің басталғанына 200 жыл толды дегенде біз осыған сүйенеміз.

Тарихқа жаңа көзқарасты қалыптастыру керек. Таптық тұрғыда қарап қазақ мемлекеті қайраткерлерінің тағдырын шешу адастырды. Хандар халық мүддесін ойламады деген жалған пайымдау болып шықты. Хан мен халықты қарсы қойып ақиқатты айта алмаймыз. Ендеше халқы хан көтеріп ардақтаған асыл перзенттер кімдер еді, олар қазақ мемлекеттігінің нығаюына нендей үлес қосты, міне, мәселенің дұрыс қойылысы – осы.

Біз неге өз тарихымызды білмей келдік дегенде бір көкейге түйер мәніс – орыстандырудың оңдырмай опық жегізгені. Алфавиттің үш рет (араб, латын, орыс кирилласы) өзгеруі де ұлттық сананы, тарихи сананы тұмшалап тастады. Бұл жөнінде 1926 жылы Ахмет Байтұрсынов айтқан болатын.

Іргелес Қытай мемлекетінде де құжатқа мұқият қарайды. Олардың архивтерінде де біздің тарихымызға қатысты құнды деректер ғылыми айналымға түспей жатқаны анық. «Сібір қазақтары» дейтін архив деректері де назар аудартады. Оның тарихи негіздері бар.

Қазір архив жөніндегі заң жобасын әзірлеудеміз. Таяу уақытта Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына ұсынамыз. Архив ісі бір жолға қойылғаннан кейін де көптеген мәселелер шешімін табуға тиіс.

Қойшығара Салғарин: – Менің түсінігімде, қазақ мемлекеттігінің тарихын тек 530 жылмен шектемеу керек.

Жұмабек Кенжалин: – Осы ретте қазіргі баспасөзде Қазақстан жөнінде айтқанда «жас мемлекет» деген сөз тіркесі арақидік қолданылып қалып жүр, тіпті беделді мінберлерден де естіліп қалып жатады. Көп ретте бұл мемлекеттілігіміздің тарихын күні кешегі егемендік, тәуелсіздік алған уақытпен сабақтастандырғаннан туған біржақты түсінік. Мемлекеттілік тарихы бір басқа да, сол мемлекеттегі қоғамдық-саяси жүйе сыпаты бір басқа категория ғой. Міне, осы тұсының ара-жігін аша білейік. Егер олай болмаған жағдайда 530 жылдық туралы әңгіме қозғап неміз бар? Сондықтан ежелгі, байырғы қазақ мемлекеті деген тіркестерді, көнерек тарихы бар деген ұғымдарды сіңіре беру керек.

Қойшығара Салғарин: – Ұзақ-сонар тарих көшінде далалық империялардың біресе құрылып, біресе ыдырап отырғанын байқаймыз. Қазіргі қазақтар өніп-өсіп жатқан жерде бөгде біреулер емес, өзіміздің ата бабаларымыз, түрік тектес тайпалар мекендеген. Тайпалар кейде билеуші рудың, кейде оны басқарған көсемдердің атымен аталып кеткен. Тайпалар арасында тығыз қарым-қатынас, байланыс болған. Ел билеу тәртібінде де ертеден келе жатқан дәстүр сабақтастығы сақталатынын да жадымыздан шығармайық. Мәселен, бұған дәлел ретінде Жеті жарғыны алайық. Біздің дәуірден бұрынғы 3-ғасырдағы хуннудың ханы Мөденің Жеті жарғысы арада тоғыз ғасыр өткен соң Түрік мемлекетін құрған Бумын ханның шығарған Жеті жарғысына негіз болмады деп қалай айтасыз. Ал Тәукенің Жеті жарғысы да көктен түспегенін тұспалдау қиын емес. Міне, дәстүр сабақтастығы дегеніміз осы. Меніңше, Алтын ордадан кейінгі ыдыраудың себептері әлі анықталған жоқ. Шыны керек, күні кеше ғалым-тарихшылардың назары басқа жақта болды. Қазіргі ғылым докторларының бәрі кезінде СОКП тарихына қатысты мәселелерге ғана айрықша көңіл аударған еді. Кешегі идеология үшін қызмет етті. Ендеше тарихқа жаңаша көзқарас керек деген пікір өте орынды.

Ең алдымен енді ғалымдар дерек тануға кірісуі керек. Біздің өз сорымыз – хандықтардан шыққан тарихшылар жоқ. Мухамед Хайдар Дулатидің өзі Моғолстанның шежіреші-тарихшысы еді. Тәуекелдің Иван III-ке барған елшілерінің бірі парсы елшісі

екен. Осындай деректерді суыртпақтап тауып, зерттеу қажет. Темір шежірешілері де, Сібір хандығының шежірешілері де тек өз мүдделері тұрғысынан дерек жинап, қалдырған. Ал біз қазақ хандығы қашан құрылғанын дәлелдеу үшін ақ тер, көк тер болуға тура келеді.

Әбілқайыр хандығы екіге бөлінген жоқ. 1456 жылы жоңғардың ханы Әбілқайырды ойсырата жеңді. Халықты хандар ғана емес, кіші хандар – сұлтандар да билеген. М.Хайдар Дулатидың жазуында Керей хан мен Жәнібек сұлтан деп аталады. Яғни бұлар Моғолстанға кірмеген. Бұларды білу керек. Сол тұста 200 мың үй өзбек-қазақ деп аталған. Неліктен? Мұндай-мұндай анықтауды қажет ететін деректер көп-ақ.

Меніңше, қазақ мемлекеттігінің құрылуына 530-540 жыл толды деп кесіп-пішіп айту әзірге асығыстық болатын сияқты. Шыңғыстаудағы Хан тауы сияқты Мойынқұмда да Хан тауы деген жер атауы бар. Оның тарихын да зерттеп, ашу керек. Жәнібек пен Керейдің жайлаған жері де ұланғайыр. Тарихымыздың ұмыт қалған парақтары қайта жазылып жатқан тұста анықтайтын, толықтыратын, дәлелдейтін, екшейтін деректер баршылық.

Өтеген Келебаев: – Ғалымдарымыз бен зерттеушілеріміздің ортақ пікірге келіп, тарихи шежіремізді бір жүйеге түсіруде тіл табысқаны қажет-ақ. Қазақ мемлекеттігі құрылуының 530 жылдығын тойлауды насихаттау «Иман» қорының басты мақсаты болды деп батыл айта аламын. Бұл жөнінде Кляшторныймен де, Сұлтановпен де пікірлестік. Тарих, этнология институты ғалымдарының да ой қорытындылары осыған саяды. Қалай болғанда да 530 жылдық хандық мемлекет тарихын атап өткеннен ұтылмаймыз. Ұлы Абайдың 150 жылдық тойына әлемнің әр түкпірінен келетін қонақтар да қазақтар кім, мемлекеттігі, территориясы қашан, қалай пайда болған дейтін сауалдарына тиянақты жауап алып жатқаны елдігіміздің мәртебесі.

Қазақ елінің тарихи белестерін зерттеу, егемен мемлекеттің көп тілді тұрғындарына тиянақты түсіндіру тек тарихшы ғалымдардың ғана міндеті емес, сонымен қатар өмір шындығы негізінде ақиқатқа көз жеткізу қоғамдағы қауымдардың, әртүрлі қорлардың да абзал ісі деп білеміз. Хандық мемлекеттің тарихына қатысты, бұл тойдың қарсаңында жарияланған бәйгеміздің де нәтижелі болуына үміт артамыз. Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырдан бөлініп шыққандығы туралы т.б. пікірлер талқыға түсер, тұжырымдалар, анықталар. «Иман» қорының мақсаты – мәдени, ағарту жұмыстарын жандандыру.

Сырым, Исатай, Ағыбай т.б. батырлардың суреттерін шығара бастадық. «Иман» қоры Ресейдің бірқатар қалаларындағы архив қорларында бірнеше ғасырлар бойы сақталып, сарғайып, шаң басып жатқан, қазақ мемлекеттігінің белгісіз беттерін ашуға себепші болатын құжаттарды жинастырмақшы. Осы үлкен оқиғаға арналған ғылыми конференция ұйымдастырғанды жөн көреміз және соған атсалысамыз.

Жауғашты Нәбиев: – Ғалымдардың пікірлері іскер адамдарға да көп ой салуда. Біз осынау қиын кезеңде халқымызға, елімізге қолдан келген жәрдемдімізді жасап, оның рухани еңсесі жоғары болса дейміз. Кеше кеңес дәуірінде өмір сүрдік. Өткенімізге қатысты көп шындықтардың бүркемеленіп келгенін енді түсіндік. Өзім жеті жыл Министрлер Советінде бөлім басқардым. Техникалық жоғары білімім бар. Ауылда өстім. Халық эпостарымен сусындадық. Бірақ бір нәрсе жетпей тұратынын іштей сезетінбіз. Ол – өзіміздің ұлтымыздың тегіне, тарихына қатысты мәселелер еді. Енді, міне, алты алашқа айбын болған батырларымыз бен хандарымыз туралы баспасөзден оқи бастадық. Газет бетінде көтеріліп жатқан тарихымызға қатысты мәселелер бізді де толғандырады.

Қазір бизнеспен айналысып жүрміз. Бельгияны бір үлкен фирмасымен келісім жасастық. Атырау мен Ақмолада электр станцияларын салуға шет ел инвесторларын тартып отырмыз. Маңқыстауда салынатын мұнай өңдеу заводын, Павлодар алюминий заводын жаңа технологиямен жабдықтауға, «Боинг» самолетін сатып алуға, т.б. өз үлесімізді қоспақшымыз. 1989 жылдан бері ішкі экономикалық ассоциация құрып, пайдалы жұмыстар жүргізудеміз. Қазақтың талантты жастарын қанаттандыруға септігімізді тигізсек деп, 1990 жылы Қытайда бес бала оқыттық, «Үкілі домбыра» байқауына демеуші болдық. «Бөбек» қорына жәрдем бердік, сондай-ақ осыдан аз уақыт

бұрын халық артисі Хадиша Бөкееваның бенефисін өткізуге қатыстық. Кейбір бизнесмендер айдаладағы Алла Пугачеваны алақанға салғанына мәз, одан да гөрі халқымыздың төл таланттарына бүйрегіміз көп бұратынын жасырмаймыз.

Үлкен мерейтойлар бұрын министрліктерге қаржы бөлініп атқарылатын іс-шаралар еді. Енді бұған бизнеспен айналысып жүрген азаматтардың қолғабысы қажет. Осы тойға байланысты ғалымдардың әртүрлі пікірлері болуы заңды деп ойлаймын. Олар бір мәмілеге келсе, қалғанын қаржы шешеді. Біз «Иман» қорына құрылтайшы болып, көмек берудеміз.

Тарихымызда патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістері аз болмаған ғой. Адайлар көтерілісі, Сырым көтерілісі кезінде Қазақ елінің басқа да пұшпақтарында қандай толқыныстар болғанынан бейхабармыз. Бұл көтерілістер бір-бірімен сабақтасып, жаңғырығып, жалғасын тауып жатқанға ұқсайды. Соңғы кезде білгенім, бір тұста батысқазақстандықтар Тбилиси губерниясына қараған да кезі болыпты. Патшалық империяның «Бөліп ал да билей бер» саясатының салқыны емей, бұл не? Тарихымызды тану – күн тәртібіндегі ең басты мәселелердің бірі болуға тиіс деп ойлаймын.

Марат Шуақәев: – Қазақстан Шығармашылық академиясы да осындай мәселеге айрықша назар аударып отыр. Хандық мемлекет тарихына қатысты шаралардан тысқары қалмаймыз. Тарихымыздағы ақтандақтардың орны толтырылуға тиіс. Арғы тарихымызды анықтаумен қатар, бергі XIX ғасыр басындағы айтылмай келген ақиқаттар жұртшылыққа дұрыс түсіндірілуі керек. Алашорданың арыстары туралы да аз білеміз. Мәселен, Елдес Омаровтың құнды қолжазбалары Мәскеу архивтерінде жатыр. Араб әрпімен жазылған. Тарихымызға қатысты деректерді тірнектеп жинауымыз керек. Ондай деректерді қазақтардың тұрмыс-тіршілігін жақсы білетін өзге ұлт өкілдері де көптеп қалдырғанын жадымыздан шығармайық. Мәселен, Михаил Филиппович Гавриловтың жазбаларына да үңілген артық емес.

Ол жөнінде бұдан көп жыл бұрын Мекемтас Мырзахметов жазған. Мұхтар Әуезовтің хатшысы, Берлинде, Парижде оқыған. Қазақшаға судай. Биыл Міржақып Дулатовтың туғанына 110 жыл толады. Мұны да ұмытпайық.

Той қарсаңында айтарым, хандық мемлекеттің құрылуына 530 жыл толуын жан-жақты насихаттап, атап өткеніміз өте орынды. Осы қарсаңда Қазақстан Шығармашылық академиясы тарихты мамандығы бойынша емес, өз ықыласымен зерттеп жүрген адамдардың жазған мақалаларына жеке бір жүлде тағайындаймыз.

Жанұзақ Қасымбаев: – Мемлекеттігіміздің тарихы хандық дәуірден басталатынына күмән жоқ. Дәл мына жыл деуде салыстырмалы шарттылық болуы да мүмкін. Бірақ ақиқаттың ауылынан алыстамауға тиіс. Егер ғасырлар қатпарына ой көзімен үңілсек, бірде-бір мемлекет өзінің нақты қайдан шыққанын дәлме-дәл түсіндіріп бере алмайды. Мәселен, Ресейді Киев Русінен шықты дейтін болсақ, Киев Русі қайдан шықты?.. Міне, гәп қайда! Сондықтан бір ауызды болып, ортақ пікірге келейік. Бір-екі рет ғылыми конференциялар өткізейік. Жоғары оқу орындарында, Ғылым академиясында, т.б. Құдайға шүкір қолдаушыларымыз бар.

Қойшығара Салғарин: – Бізде бір жетіспейтін нәрсе бар: ол – пікір жарыстыру. Тарихи деректерге байланысты білгеніңді ортаға салып, ортақ мүддеге қызмет еткізуің керек. Пікір жарыстыру деген сөз – білім жарыстыру. Қазақ айтқан ғой: «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады».

Жауғашты Нәбиев: – Мемлекеттік идеология жоқ кезде осындай мәдени, тарихи шаралар бүкіл рухани тәлім-тәрбие жұмыстарымыздың темірқазығы болуы керек деп ойлаймын.

Жұмабек Кенжалин: – Өте дұрыс айттыңыз. Тарихи таным таразысы ақиқат пен жалғанның арасын теңгермеуі тиіс. Егер де ақиқаттың салмағын азайтып, жалғандық таразының басын төмен басып кетсе, онда тарихқа қиянат. Бүгінгі ой-пікірлеріңізді жинақтай келгенде, негізгі бағыт-бағдарымыз, түпкі нысанамыз айқындала түскенін

аңғарамын. Бұл мәселеге тағы да оралармыз. Енді қоғамдық ой-сананың қозғаушыларынан осы тақырыпты тереңдете түсуді қалар едік. Бәйге шартына сай, қазақ мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлері туралы танымдық мазмұны терең туындылар редакцияның хат қоржынына келіп түссе, оны қазылар алқасымен ақылдаса отырып, жариялай бастаймыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді қазақ. Ал тарихтың жүгі – ең ауыр жүк.

«Халық кеңесі»,  
1995 ж.

## БИЛІК ЖӘНЕ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

*Біздің қоғамда биліктің үш тармағы да баспасөз қызметіне арқа сүйеп келгені белгілі. Алдағы уақытта да солай болатын сияқты. Мұның сыры неде? Сипаты қалай? Осы орайда біз Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің баспасөз хатшысы Әміржан ҚОСАНОВҚА жолығып, бірнеше сауал қойған едік.*

– Әміржан Сағидрахманұлы, басқаларды былай қойғанда, кейде, тіпті, журналистердің арасында да мынадай бір сауал төбе көрсетіп қалады: осы қаншама газет-журналдар бар, ал билік тұтқаларына жеке баспасөз қызметінің қажеті қаншалық? Баспасөзге билік жүргізу үшін бе? Әңгімені осыдан бастасақ.

– Меніңше, демократиялық қоғамда баспасөз ешқандай билікке құр қолшапалақтаушы, қолпаштаушы болмауы керек. Қабылданған шешімдерде қате де кетуі мүмкін. Өзгертулер жасауға да тура келер. Сондықтан баспасөз билікке бойын тік ұстап жүруге көмектесуі керек. Рас, газет-журналдар да көп, радио мен телевизия қызметі де бар. Ал Премьер-министрдің баспасөз хатшысы билік пен баспасөз арасындағы дәнекер деп түсінемін. Кейбір ретте қасында жүрген билік иесінің сөзін халыққа жеткізуші, дәл мәлімет беруші деп білген жөн. Билік иелері жеке баспасөз қызметін құрып жатса, осының өзі баспасөзге деген оң көзқарасын байқатады емес пе. Премьер-министрдің баспасөз қызметінде 8 адам бар. Қазір біз апта сайын баспасөз конференциясын өткіземіз. Барлық басылымдардың өкілдерін шақырамыз. Олар Премьер-министрге немесе оның орынбасарларына сан алуан сұрақтар қояды. Одан өздері қорытынды шығарады. Халыққа жеткізеді. Біз оларға олай жаз немесе былай жаз деп ешқандай рецепт ұсынбаймыз. Түсінбеген тұстарын нақтылауға, кейбір деректерді айқындауға, бұрмаланбауына қажетті көмек сұраса, оған әзірміз. Тіпті кейбір мәліметтерді тақырыпты байыта түсу үшін алдын-ала әзірлеп те қоямыз. Бізде 34 үкімет мүшесі бар. Белгілі бір қаулы қабылданғаннан кейін енді осыны сала мамандарының қатысуымен талдайық, сараптайық, халыққа түсінікті тілде дәлелдейік деп баспасөз өкілдерін бас қосуға шақырсақ, мұның несі айып. Бұдан тек қана ұтамыз деп ойлаймын.

– Билік басындағылардың журналистерге деген көзқарастарында өздерінің қызметшілері ретінде қараушылық жойылмай келеді-ау, осы...

– Рас, кейбір, министрліктердің баспасөзге деген біржақты көзқарастарын қайта тәрбиелеу қажет. Бәрі демесек те билік басындағылардың бірқатары газет қызметкерлерін жаршы, хабаршы, жалаң насихатшы деп те ұғады. Газет тек қана товар емес, ұлттық байлық. Ал журналистер қауымы – сол ұлттық байлығымызды жасаушылар. Осы деңгейде ұғындыруымыз керек.

– Бұл үшін журналистердің салалық мамандануы да жоғары дәрежеде болуы қажет қой.

– Әсіресе біздің журналистер эекономикалық білімі жағынан ақсап жататын тұстары көп. Бірде В.Л.Метте өткізген баспасөз конференциясынан кейін сақа журналистеріміздің бірі менен «бонус» дейтін экономикалық терминді түсіндіруімді өтінді. Егер әрбір экономикалық терминге түсініктеме беріп отыратын болсақ, қайтіп алысқа ұзаймыз. Осы ретте Америкада болған сапарымызда «Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі Әкежан

Мағжанұлымен бір жарым сағат әңгімелескеніне куә болғанымды айтайын. Оның экономикалық байланыстарға, экономикалық өрлеу мен дағдарыстарға қатысты өткір сауалдары таңқалдырды. Асылы, журналист экономикалық тақырыптарды жазуды таңдаған екен, онда сол саланың мамандарынан да артық білуге ұмтылуы керек. Әйтпесе тақырыптың иін қандырып ашып, оқушысын иландыра алмайды. Сіздердің «Халық кеңесі» бұрынғы Парламент тынысын беруде жақсы тәжірибе жинақтап қалғаны байқалады.

– Шет елге сапарларыңыздан алған әсерлеріңіз газетімізде жарияланды («Ақылға жүтінген ақшалы АҚШ», 22.04.95.). Бір сұрағымыз АҚШ-тағы, Канададағы журналистердің тірлігі қалай екен? Біздегіден тәуір деседі. Сол рас па?

– АҚШ-та болғанда байқағаным, Мемлекеттік департамент журналистерді маңайына жолатпайды екен. Канадада да келісім, кездесулерге журналистер қатыстырылмады. Баспасөз қызметкерлерімен тілдесіп, пікір алысқан тұстарымыз болды. Газеттер арасында бәсекенің күштілігі, тың деректі алу үшін,оны алғашқы болып газетінде жариялау үшін жанталасады. Оларда бірінші айтылған сөз бағаланады. Қайталағандардың беделі түседі. Біздің кейбір басылымдар бір апта бұрынғы жаңалықты қайта жариялап жатса да қысылмайды. Ал журналистердің тұрмыстық жағдайы біздегіден әлдеқайда тәуір. Қатардағы тілшінің айлық табысы тұрмыс қажеттеріне артығымен жетеді екен. Біздің журналистер үшін бұл – болашақтың еншісінде қалып тұрғаны рас.

– Қасында жүрген адам көбірек байқайды ғой, Әкежан Мағжанұлының жұртқа белгісіз қырлары туралы сөз сабақтауға болатын шығар?

– Әрине, ресми хабарлардан, сөздерден адамның жан-дүниесі көріне бермейді. Тікелей бастығымды мақтағанымды да жұрт біржақты қабылдауы мүмкін. Дегенмен сұраққа жауап берейін. Өз ісін білетін адам. Сенімді жүреді. Белгілі жұмыс жоспары бар. Экономиканы меңгерген. Үкімет басына осындай жан лайық. Жан-жақты білімді. АҚШ-та ірі-ірі ұлттық компаниялардың, ресми орындардың өкілдері алдында қазақ баласы, дала перзенті сөз алғанда өркештеніп тұрғанымызды жасырмаймын. Сонда сөйлеген сөзінде американы, қазақ әдебиеттерінен қатар мысал келтіргеніне куә болдық. Ал шет ел инвесторлары үшін магнит сияқты. АҚШ-тың мемлекет агенттігі – Шет елдердегі жеке инвесторлар корпорациясы (ОПИК) осыдан жарты жыл бұрынғыдан өзгеріп, беті бер қарады. Сенім оятатын қабілеті жоғары. Жаны қазақи. Қарапайым.

– Нарық заңы және баспасөз дейтін бір үлкен тақырып бар.

– Түсіндім. Билік тұтқаларына қатысы бар басылымдарға үкімет көзқарасы түзелуі керек деп ойлаймын. Жағдайларын жақсарту тұрғысында. Сондай-ақ «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» секілді рухани санаға қатысы бар басқа да газет-журналдар, балалар басылымдары қамқорлықсыз қалмауы тиіс. Үкімет қолдауына қоса газеттер өз қамқаракеттерін де ойластыруы керек? Редактор мына нарық заманында тек шығармашылық ұжымның ұйымдастырушысы ғана емес, кәсіпкерлік қырымен көрінетін адам болуы міндет. Журналистер басқалардың басындағы проблемаларды жазудай-ақ жазып келді, ал өз проблемаларын баспасөз бетінде қозғамайды десек те болады. Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі М.Тетчердің баспасөз хатшысы Бернар Ингхэм айтыпты:– Біздің журналистердің бойында «Конан Дойльдің синдромы» бар, – деп. Бұл екіні екіге көбейткенде төрт болады деуден гөрі, жиырма екі болады дегенге бой ұрушылықты тұспалдау, бәлкім, күдік болса керек, сірә. Қазір кімге оңай тиіп тұр дейсіз. Бірақ Президентімізге, билік тұтқасын ұстаған азаматтарымызға көрсетілген сенім ақталсын. Сенім қуат берсін, деп тілейік.

– Журналист Қосановтың қолтаңбасы бұдан бірнеше жыл бұрын «Жүзтаным» телехабарлары арқылы да айқындалды. Ә.Кекілбаевпен, Г.Бельгермен, кеше ғана қайтпас сапарға аттанған, марқұм Мұстафа Өзтүрікпен және басқа да қазақ зиялыларымен жүргізген әңгіме-сұхбаттар жадымызда. Қосановтың құрбы-достары ақын, әнші, сазгер бола ма деп те үміттенетін сияқты еді. Өнердің оты өшіп қалған жоқ па?

– Қолдан келсе, өнердің отын өшірмеуге тырысамыз ғой. «Өлеңді қайтіп қоярсың...». Топтама өлеңдерімді жариялауға дайындап жатырмын. Жиырма шақты әндерім бар. Ғылыми-зерттеумен де айналысып жүрмін. Мұстафа Шоқайдың публицистикасы деген тақырыпты игерсем деймін. Жоспар көп – уақыт жетсе...

«Халық кеңесі»,  
1995 ж.

## ҰЛЫ ТОЙДЫҢ ҰЛАҒАТЫ ДА ҰЛАНҒАЙЫР БОЛМАҚ

*Міне, ұлы Абайдың ұлы тойы басталып та кетті. Тойға ойдағыдай әзірлене алдық па? Даярлығымыз қай дәрежеде? Осы орайда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Абайдың 150 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі Мемлекеттік мерекелік комиссия төрағасының орынбасары Иманғали Нұрғалиұлы ТАСМАҒАМБЕТОВКЕ жолығып, бірер сауал қойған едік.*

– Қадірлі Иманғали Нұрғалиұлы! Ең әуелі тойдың мән-мағынасына, оның ұлағаты мен өнегесіне қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Аша тұяқтан басқаны дәулет, ақ сойылдан басқаны қару санамаған заманда туып, кітапты – қазына, қаламды – қару санаған кім? Абай.

Басынан күнде қиқу кетпеген қазақ ауылында туып, күрсілдеген зеңбірегі мен зіркілдеген бұйрығынан басқа ештеңесін көре алмай отырып, отаршыл Ресейдің ойраншыл ұлықтарының ар жағында да халық бар екенін, ол халықта өз жұртына керекті ілім мен білім бар екенін көріп-білген кім? Абай.

Бір-біріне қамшы сілтеген асау ағайынды бітірудің өзі үлкен күшке түсетін, ру мен рудың, тіпті кісі мен кісінің басы сыйыспай жататын қияс заманда туып, қауым мен қауымды, халық пен халықты, жұмыр жердің жұпарын жұтып, қиырын басып жүрген барша адамзат баласын достыққа, бауырмалдыққа, имандылыққа шақырған кім? Абай.

Ал осыдан кейін таңқалмай көріңізші Абайға!

«Адам баласына адамның баласының бәрі – дос» – дейді тағы да Абай.

– Не үшін десең, дүниеде жүргендегі туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей. Ақыретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың да бәрі бірдей. Бір-біріңе қонақ екенсің, өзің де дүниеге қонақ екенсің, ендеше, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқырарлық қылып көз алартыспақ лайық па?».

Абайға жүгінсек, ынтымақта, бірлікте тұру үшін діннің бөлектігі, тілдің бөлектігі, ұлттың бөлектігі еш бөгет, ешбір кедергі емес екен. Көп тілді, көп дінді, көп ұлтты қазіргі Қазақстан үшін әдейі арнап айтып жатқандай-ақ емес пе!

Ұлыдан – ұлағат, жақсыдан – шарапат. Қазіргідей қиын кезеңде Абай тойы, Абай мерекесі де баршамызға медет беріп, ар жақ, бер жағымызды қымтап, алды-артымызды абайлап, алдағы уақытта қарауыл төбені қайдан іздеу керектігімізге, жүрер жолымыз бен ұстанар бағытымызды нақтылап-нықтап алуға зор ықпал етеді. Қазақ халқын да, бүкіл қазақстандықтарды да ынтымаққа бастайды, бірлікке сілтейді. Ұлтаралық келісімді, халықаралық жарастықты нығайтады.

Абай қай уақытта да өз халқының көзіне тура қарап, оның ерлігімен қоса ездiгiн де, құдіреттілігімен қоса бейшаралығын да бүкпесіз айтты. Ұлы ойшыл ғұмыр бойы өз ұлтының қылығы мен құлығын түзеу үшін күресті. Олай болса, Абайға қайта оралу, Абайды еске түсіру – ұлтымыздың мінез-құлқын жетілдіріп, менталитетін дамытуға көмектеседі. Бүгінгі Абай тойының басты мән-мағынасы да осында.

Ал енді тойдың басты мақсаты қандай? Негізгі идеологиясы неде? Оны Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Абайды таныту арқылы біз әлемге Қазақстанды, қазақ халқын танытамыз».

– Тойдың әзірлігі қалай?

– Шүкір, тойдың әзірлігі аяқталды. Қыруар шаруа атқарылып, қыруар іс тындырылды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тойдың әзірлігін бастан-аяқ өзі бақылап, бастан-аяқ өзі қадағалап отырды.

Түркияда, Францияда, Қытайда, Пәкстанда, Ресейде, Моңғолияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда және өзге де елдерде Абай күндері, Абай апталықтары, Абайға арналған конференциялар өткізілді. Абайды әлем жұртшылығына танытудың, сол арқылы Қазақ елін дүние жүзіне танытудың жаңа дәуірі енді басталғандай.

Жидебайда Абай мен Шәкәрімнің сәулетті кешені бой түзеді. «Міне, біздің Абайдың рухына көрсеткен құрметіміз» деп кімге болса да ұялмай көрсете алатын еңсели ескерткіштерді тұрғызуға көп күш, көп қаражат жұмсалды.

Семейде Абай мұражайы күрделі әрі толық жөндеуден өтті.

Жидебайдағы Абайдың музей-үйіне қосымша құрылыс жүргізілді.

Мерейтой қарсаңында Абайға арналған 64 кітап басылып шықты. Осының ішінде, әсіресе, «Абай» энциклопедиясының жарық көруін мәдени-рухани өміріміздегі орасан зор оқиға десем, артық айтқандығым бола қоймас.

«Абай. Өмір. Уақыт. Өнер» атты көркем альбом мен «Абай елі» альбомының жарық көруін де елеулі жаңалық деп қабылдауымыз керек.

«Қазақкино» компаниясы «Абай» атты екі сериялы көркемфильм түсіріп бітті. Жақында ғана Алматыда бұл фильмнің тұсаукесер рәсімі болып өтті.

Абайдың тойына 30-ға жуық мемлекеттен ресми делегациялар келмек. ЮНЕСКО-ның делегациясын оның Бас директоры Ф.Майор бастап келеді.

Алматы әуежайында қонақтарды күтіп алу мен қабылдау рәсімдері басталып та кетті...

– Ұлы жол мен ұлы тойда айтылған тілектің орны бөлек деп естиміз, осы ұлы той үстінде газетіміздің оқырмандарына не тілек айтар едіңіз?

– Абайдың сөзін әрқайсымыз ана сүтіндей бойымызға да, ойымызға да сіңіріп өсейік. Данышпанның өсиетін, өнегесін өмірімізге серт қылайық.

Әрбір қазаққа, әрбір қазақстандыққа, шама-шарқынша Абайды тану – мұрат, Абай шыққан биікке талпыну – парыз болуы керек. Сол міндеттің үдесіне жетейік.

– Әңгімеңізге рахмет!

«Халық кеңесі»

1995 ж.

## ҚАТПАРЫ ҚАЛЫҢ, ҚАЛТАРЫСЫ КӨП

### «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

*Әділғазы Қайырбеков: – Хандық дәуірдің, Қазақ ордасының, Қазақ мемлекеттігінің тарихы дейтін үлкен тақырыптардың игерілуі жолында әлі де көп тер төгуге тура келеді. Кезінде мүлде «жабулы қазан» күйінде жатқандықтан білгір мамандардың өзі осы бір шырмауықтай шырматылған қиын түйіндерді шешуге келгенде қиналары анық. Дегенмен, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Ұлттық сананың оянуы тарихқа деген көзқарасты түбірінен өзгеріске ұшыратты. Қазақ зиялылары бұл күнде хандар, батырлар, билер жөнінде білік пен таным аясын кеңейтуге атсалысуда. Осы орайда «Халық кеңесі» газеті республикалық «Иман» қорымен бірлесіп Қазақ мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің тарихи-деректі көркем бейнесін жасау жөнінде бәйге жариялаған болатын. Бәйге шарттары газетімізде бірнеше мәрте шықты. Осы мәселені қозғаған алғашқы «Дөңгелек үстел» материалы да («Тарихи таным таразысы», 14 ақпан 1995 жыл) оқырмандар жадында болуға тиіс. Енді, міне, қатпары қалың, қалтарысы көп тарих сабағының тағылымдары тағы да әңгіме арқауына айналып отыр.*

Жұмабек Кенжалин: – Негізгі мақсатымыз – өткенді тірілту, тарих қойнауларынан суыртпақтап сыр тарту, мемлекеттігіміздің іргетасын қалауға, оны нығайтуға өлшеусіз еңбек сіңірген айтулы тұлғалардың көркем бейнесін жасауға ықпал ету. Бәйгенің



шартымен танысқан оқырмандарымыздан да материалдар келіп түсе бастады. Бәйге мерзімін әуелде 1 мамырға дейін деп белгілесек, енді оны 1 қарашаға дейін созуға тура келді. Тарих бір күнде жасалмайды. Зерделеу, зерттеу қажет. Том-том кітап ақтару, сарғайған қолжазбалардан там-тұмдап дерек жинау, ақиқат пен аңыздың ара-жігін ажырата білу керек. Бұл ғалымдарымызға да, тарихқа үңілеп, көркем туындылар жазып жүрген қаламгерлерімізге де сын.

Оқырмандарымыздың назарын қолға алынып, қабырғасын көтерген мәселеден басқа жаққа аударып алмас үшін, араға сәл уақыт салсақ та, бірнеше мақала жарияладық. Бұлардың қатарында Ә. Ғабдулиннің «Саржала батыр», Ә. Нұрмағамбетовтың «Шәкір батыр», Қ. Әбдіғапаровтың «Әбдіғапар хан», Т. Илиясұлының «Хан кененің қазасы», Б.Тоғысбайұлының «Есім хан» атты материалдарын айтуға болады. Артық түсіп, кем соғып жатқан тұстары болуы да мүмкін. Бәйге қорытындысы шығарылған кезде оның бәрі де ескеріледі. Әзірге осылардың өзі атқарылып жатқан жұмыстардың ұшқынын көрсетеді. Басталып – тасталды демес үшін, дүркін-дүркін бас қосып, ақылдасып, пікірлесіп алғанның да артықтығы жоқ. Ел ішінде кеудесі алтын сандық, көкірегі көне шежіреге толы қариялар бар. Хандар мен батырлардың бейнесін ашуға олардың да септігі тиері сөзсіз.

Ө. Келебаев: – Қазақ мемлекеттігінің тарихына қатысты пікірлердің бір арнаға құйылғанын қалаймыз. Тарихшыларымыздың тартынып, терең бара алмай жүрген тұстарын жазушылар толықтыруда. Мемлекеттігіміздің дәл қай жылдан бастау алатыны жөнінде де әрқилы ойлар бар, оны да бір жүйеге түсіру керек. Бұл орайда тарихшы, профессор Жанұзақ Қасымбаевтың бізге белсенді түрде көмек беріп жүргенін айта кеткен жөн. Алдағы қыркүйекте ме, қазанда ма осы тақырыпты жан-жақты қарастыратын халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізсек пе деген ойымыз бар.

М. Мағауин: – Біздің халықтың патша заманынан бастап бой алдырған бір міні – жоғарыдағылар не айтса соны мақұлдауға үйренген. Кеңес өкіметі тұсында бұл жүйеге айналды. Не мәселе көтерілсе – соған үн қосады, соны жазады. Соны дәріптейді тек қана. Ал соның жаман әсері ме, жақсы әсері ме, қазір қазақтың тарихына көзқарас мәселесінде де бұл байқалады. Бұрын бәрі тарихтан қашып еді, енді бүгін бәрі тарихпен айналыспақшы. Кешегі «қызылдардың» бәрі ұлтшыл болып шықты. Түгел патриот, түгел батыр. Асыра сілтеудің тамыры осында. Ғабеңнің «Өмір жорығы» дейтін әңгімесіндегі көкқасқа балық естеріңізде ме. Уылдырық шашу үшін сырқырамадан секіріп өтетін. Ал бір паразит кішкентай балық соның тамағына жабысып өтеді екен... Тарихқа жабысатындар да соның бір түрі. Тарихқа жаппай бет бұрудың жақсы жағымен қоса осындай сақтандыратын да қырлары бар, білмейтіндердің бүлдіретінін айтқым келіп отыр. Баяғыда Мао айтыпты ғой: «Біздің халқымыздың санасы – ақ қағаз» деп. Не жазсақ, солай қалыптасады. Осыдан келіп жалған тарих жазылып жатыр қазір. Толып жатқан болмаған батырлар шықты. Ауыл көлемінде ғана болса, болған шығар. Бұл ұлттық сананы теріс қалыптастырады емес пе. Тарихта бар болған адамдарды білмейді, жоқ адамдарды ойлап табады. Бір ғана мысал келтірейін. ХҮІІІ ғасырдың орта шені мен үшінші ширегіндегі Абылай ханның төңірегіндегі ең атақты батырлар кім еді десеңіз, ең алдымен Қаракерей Қабанбай, содан соң Мүйізді Өтеген. Өтеген – Дулаттың ішінде Қасқарау. «Өтеген батыр» дейтін Жамбылдың жыры бар. Қайта өңделген нұсқасы да белгілі. Сүйінбайдың «Өтеген батыр» деген керемет жыры бар. Аспирант кезімде соны көшіріп жазып алғанмын. Осыдан 4 жыл бұрын «Жұлдызға» шығардым. Сонда мынадай жолдар бар:

«Айналайын Алатау,  
Құс қонбаған басыңа.  
Барабан соғып, балбырап  
Кәпір келер қасыңа.  
Қайран жерім, қош енді!».

Енді бір он жылдан соң біреу тауып алып, «Міне, Өтеген туралы жыр» деп жар салар, бәлкім. Өтеген кім еді? Нағыз халық батыры! Қытайға қарсы, қалмаққа қарсы соғысқан. Ардақталса Өтеген ардақталуға тиіс еді...

Жалпы тарихты зерлесек, ХҮІІІ ғасырдың бас кезінде, отызыншы жылдарда үш адамның аты көбірек аталады. Ұлы жүзден. Олар – Қойайдар (кейде Қодар, Қоадар деп те жазылып жүр). Сатай, Ханкелді. Марқұм Вяткин үлкен ғалым еді ғой. Абылай заманын көп зерттеп, құжаттар жинап, төрт том бастырғаны бар. Соның жазбаларынан кездестірдім. Ал сол Қойайдарды кім біледі? Сатайды кім біледі? Ханкелдіні Райымбек батырдың, әулиенің атасы ретінде ұмытпаған шығар жұрт. Қазақтың ұлы хандары өтті. Әлі күнге дейін тарихта қайсысы қандай орын алғаны белгісіз. Ұлы хандардың бірі – Бұрындық еді. Мен солай деп жаздым. Шамамен 28-30 жыл хандық құрған. Бұрындықтың кезінде қазақтар бүкіл Сырдарияның, Түркістанның бойына орныққан. Бірақ тарихта Бұрындықты мақтамайды ешкім. Кейін Қасым хан ығыстырып шығарған.

Қ.Мырзалиев: – Осы арада тарихты бұрмалау, жалған тарих жасау дейтін ой қылаңытты. Европада бір кезде «Эпосы жоқ ел – ел емес» деген концепция қалыптасты. Эпосы жоқ елдер намыстанатындай көзқарас пайда болған. Содан мынау ағылшын елінде Асиан деген ақынды ойлап тапқан. Кәдімгі Пушкиннің, Лермонтовтың тұсында Асиан деген ақын болды деп есептелген. Лермонтов «К могиле Асиан» деген өлең де жазған. Шын мәнінде ол бір белгісіз ақынның ойдан шығарған, ақыры ағылшындардың миын айналдырып, мойындатып, сендіріп барып, өзінің шын бет-бейнесін ашқан іс-әрекеті еді. Қателессем, құдай кешіре жатар, ал осы постулат орыстардың да жанына қатты батқан. Мынау «Игорь полкы туралы жырдың» осы күнге дейін түпнұсқасы жоқ. Оны ана Мусин-Пушкиннің саяжайында күйіп кеткен деген сөз бар. Өтірік-шыны белгісіз. Өзіміздің Олжастың көп жұрт түсінбейтін, бірақ өте үлкен бір іс тындырғаны анық. Мәскеу архивтерінде отырып, ерінбей-жалықпай, ол жырдың екінші, үшінші, төртінші... көшірмелерін салыстырған ғой. Сонда бірінші өзгерген сөз орысқа түсініксіз, қазаққа түсінікті, яғни түрік сөзі болып шығады. Орыстардың жанын шырқырататын осы салыстыру! Оның арғы астарында не жатқанынан шошынады олар. Жырдың түрік сөздерінен бірте-бірте қалай «тазартылғаны» тайға таңба басқандай. Тарихты әріден бастау үшін ақ қайыңның қабығына жазылған шежірені ойлап табулары да осыған ұқсас.

Біраз жылдар бұрын Қытаймен шекарада әскери міндетін өтеп қайтқан солдаттарға орыс офицерлері адамның қыштан жасалған мүсіндерін жерді терең қаздырып, көмдіріпті. Бұл бәленбай жылдан кейін ашылмақ. Содан соң орыстар бұдан бәленбай ғасыр бұрын Қытаймен іргелес тұрған деп дәлелдеу үшін қажет болар, бәлкім. Жалған тарих жасауға іргетас осылай да қаланады.

С.Жолдасбаев: – Тарих – кең дүние. Бірақ оны бұрмалап, жалған сұрлеулер бойына жетектеп әкетудің зардабын талай тарттық қой. Мен өзім ұстаз-тарихшымын. Шәкірттерімізге қазақтың жаңа тарихын оқыту оңай шаруа емес. 70 жыл бойы оны оқымадық. 1979 жылы «Қазақ тарихын қалай оқытып жүрміз?» деген мақалам үшін әжептәуір қудалау көргенімді де ұмытпаймын. Мына «дөңгелек стол» басындағы әңгіме де, «Халық кеңесі» мен «Иман» қорының бірігіп жариялаған бәйгесі де құптарлық шаруа. Бұған енді тарихшылар, жазушылар ғана емес, салалық мамандар – археолог, антрополог, мүсінші т.б. атсалысқандары жөн.

М.Мағауин: – Жалпы біз қалыптасқан ұғымдардан бойды аулақ салуымыз керек. «Қазақ тарихының әліппесі» атты кітабымда Тәуке хан туралы бірқатар сын пікірлер айтып едім, біреулерге ұнамаған сыңайлы. Өз Тәуке 35 жыл бойы хандық құрды. 1680 жылы таққа отырды. 1681 жылы қалмақ шапты. Төрт жыл бойы үдете соғыс ашып, ақыры Сайрамды алып таныды. Содан соң батыр Қоңтажы Моңғолға қарай кетеді. ІІ ұлысты біріктіріп, хандық құрмақ болады. Қытайға қарсы соғыс ашады. Ал Өз Тәуке содан соң 12 жыл бойы әрекетсіз отырған. Он екі жылдан соң Қоңтажының орнына келген Цеван Рабтанның қазақтарға шабуылы қайта басталады. Өз Тәуке хан тұсында қазақтар жеңілуден көз аспаған. Басқару жүйесін өзгертеді. Тәуке бүкіл қазақ ордасын алтыға

бөледі. Билерге басқартады. Ол билері түгел рушыл болып шығады. Мұндай дәлелдерді, деректерді Әз Тәуке туралы қалыптасқан ұғымға қайшы келеді деп айтпауымыз керек пе? Жоқ. Айтудымыз керек.

Бұған дейін біздің тарихи санамызды орыс зерттеушілері қалыптастырды. Енді жаңа сана, жаңа таным қажет. Тарихқа қатысты. Бұл өте жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Қ.Мырзалиев: – Орыстардың ішінде де парасатты ұлдары, азаматтары болғанын ешкім де жоққа шығармайды. Олардан үйренгеніміз де көп. Мәселен, Алексей Толстой «Бірінші Петрді» жазғанда Кремльдің архивінде отырған. Кремльдің архивіне кірудің өзі оңай болмаған. М.И.Калининмен достығын пайдаланып қана Кремль архивіне бас сұққан. Сонда Бірінші Петрдің маскасын алады. Содан кейін архимандриттің (біздің тілімізбен айтқанда, Кремльдің уағызшысы) маскасын алады. Екеуін салыстырып көрсе бір-бірінен мүлде аумайды. Бірінші Петрдің әкесі ынжық, жасық, болымсыз адам еді деп жазады. Не нағашы жағынан тектілік таба алмайды. Сөйтіп, Бірінші Петр осы архимандриттің баласы деген пікірге келеді.

Елуінші жылдардың орта тұсында шыққан А.Толстойдың «О литературе» деген кітабында бұл дерек бар, кейінгі басылымдарынан алынып тасталған. К.Федин де М.Горький туралы кітап жазған. Ол Горькийдің күнгейі мен көлеңкесін қатар көрсетеді. Орыстар туралы, мұжықтардың тірлігі туралы өте ащы айтылатын тұстары болған. Қызыл империяның кезінде соның бәрі қайшыға түсті деген күннің өзінде, ішінара басылып кетіп отырған. Бірақ ол ойларды кейін К.Фединнің 13 томдығының 10 томын ғана шығарып, қыркып тастады.

Өлгінде Мұхтар айтқандай, қалыптасқан ұғымдардан арылу қажет. «Әз», «Әулие» деген сөздерге жаңа мағына беру арқылы, соған лайық тұлғаларға ғана қолдануды ойластырсақ. Әдепті түрде, ешкімнің намысына тимей-ақ.

Ю.Тыняновтың Грибоедов туралы «Уәзір Мұхтардың өлімі» дейтін романы бар. Соны оқып шыққаннан кейін Горький: «Наверное, наверное он был таким. Даже, если не был, будет таким!» депті. Бұл біздің хандарымыздың, батырларымыздың тарихи көркем бейнесін жасауда ескеретін сөз. Ұзақ тарихымызды он айдың ішінде аударып-төңкеріп, ақ-қарасын айырып тастау қиын. Біздің «Иман» қорының игілікті мұраты – осы бір шара үстінде тарихи тұлғаларымыздың біреуінің, екеуінің бейнесі тірілсе де үлкен олжа. Мәселе, бәйге өткізуде емес, мол сыйлық алуда да емес, ұрпақ үшін пайдалы іс тындыруда болып отыр.

Ж.Кенжалин: – Тарихқа дұрыс көзқарасты қалыптастыру, тарихпен тәрбиелеу жөніндегі ой жосығы қазақ зиялыларын көбірек толғантуы керек деп ойлаймын. Көрнекті қайраткерлеріміздің портреттік бейнелерін жасау, тек өздеріне тән ерекшеліктері көзге ұрып тұратын тұлғаларын сомдау – ұрпақ алдындағы парыз. Соңғы жылдардағы батырларымыздың тойларын өткізу үрдістерінде бір байқағанымыз, ұқсастыққа тым көп ұрынамыз. Батыр болса, басында дулыға, үстінде сауыт, белінде қылыш – бәрі бір қалыптан шыққандай. Суреттерін салса, одан да бір-бірінен аумайтын батырларды көреміз.

«Иман» қорымен бірігіп тарихи-очерктік туындыларға бәйге жариялағандығы бір мақсат – бірде болмаса бірде деректер, шежірелер сөйлеп, көз алдымызға еңсегей бойлы ерлердің түр-тұлғасы, кескін-келбеті келіп тұра қалса деген ой.

М.Мағауин: – Меніңше, портрет шартты нәрсе. Суретшінің талант шеберлігіне де байланысты. Мұхаммед Шайбанидің Бекзат салған бейнесі бар. Тұлымымен. Дәстүрлі сурет. Бабырдың суреті салынған. Мәжит Айтбаевтың 1943 жылғы Берлинде шыққан кітабындағы Абылайдың суреті барша жұртқа белгілі. Бірақ кімнің туындысы, қайдан алынғаны белгісіз.

Хандар немесе батырлар міндетті түрде шал болуы керек пе? Жас кезіндегі бейнесін неге көрмейміз? Жаңа дулыға мен сауыт жөнінде дұрыс ой қозғалды. Кезінде мен бір ғылыми мәжілісте қазақ аламаньының қару-жарағы жөнінде баяндама жасағанмын. Сауыттың, дулығаның, садақтың, жебенің түр-түрі бар. Суретшілеріміз этнографиялық

зерттеулерге үнілсе, зерттесе, зерделесе бір-біріне ұқсатпай-ақ қазақ хандары мен батырларын бейнелер еді.

Қ.Мырзалиев: – кешегі заманда қазақтар «Қай елдің балалсысың?» – деп сұрамаған. Киіміне қарап-ақ таныған ғой. Қару-жарағы өз алдына. Бөркіне, шапанына қарап танитындар да кездеседі. Эстонияда да солай екен. Батырлардың да киім ерекшеліктері ел, жер жағдайына сай түрлі-түрлі болған. Мұндай құнды деректер марқұм академик Ә.Марғұлан архивінде де жатуы мүмкін.

С.Жолдасбаев: – Жалпы хандық дәуірдің, Қазақ мемлекеттігінің тарихын қазбалау үшін жазба деректерге көбірек сүйену керек. Араб, парсы, түрік жазба деректерін тауып, өз тілімізге аудару қажет. Бұдан біраз жыл бұрын Хантау бойында ғылыми экспедицияда болдым. Тарихқа жаңаша көзқарас енді қалыптасып келеді ғой. Аспирант кезімізде әрбір жазғанымызды тексеруден өткізетін. Құлашты кең жаза алмадық...

Қ.Мырзалиев: – Заман әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ адам фанатик болып өмір сүргенде көп шаруа тындырады...

Ж.Нәбиев: – Тарихи деректерді тұмсығымыздың астынан, өз ауылымыздың төңірегінен ғана іздемей, алысқа сапар шексек те артық емес. Рас, қазір қаржы мәселесі, экономикалық қиындықтар аяққа тұсау. Бірақ дүние өзгереді, бірқалыпта тұрмайды. Ертеңді, болашақты да ойлап, Қытай, Араб елдерінен, британ музейінен, т.б. керекті деректерді жинай беру керек.

М.Мағауин: – Дерек дегеннен шығады. 1858 жылы атаман Ермак Сарайшықты шабады (Қазір Жайықтың жағасында орны жатыр). 2 мыңдай ноғайларды, қазақтарды қырып, әйелдерді зорлап, балаларды қылышпен шауып өлтіреді. Бұрын Сарайшықта Алтын Орда хандарының зираты болған. Соны қаздырып, сүйектерді жинап алып өртейді. Бұл зұлымдық әрекет орыс археологтарының жазба деректерінде бар. Бірақ мұны орыс тарихшылары айтпай кетеді. Кеңес дәуірінің тарихшылары ішінде осыны мадақтап жазғандар кездесті.

Осындай сұмдық деректердің өзін жас ұрпаққа бұрмаламай түсіндіру арқылы тарихи сананы оятамыз. Ал бұрмаланған деректер жетерлік.

Әбілқайырды Кіші жүздің ханы деп түсіндіретіндер жаңсақ ақпар береді. Өйткені ол Кіші жүздің және Орта жүздің бір бөлігінің ханы болған. Нұралы хан да солай. Қытайға қарсы, қалмақтарға қарсы соғысқан. Қалмақтарды Еділ бойынан Мойынкүмға дейін қуған. Ұлы хан. Ал тарихта болған ұлы адамдар теріс бағаланбауы керек. Бөкей хан туралы жақсы сөздер неге айтылмайды? Әрі-беріден соң жанын шүберекке түйіп, орыстармен жер үшін күресті. Ал қазаққа ата-бабасының сүйегі жатқан жерден киелі, қасиетті ештеңе де жоқ.

Осы мәжілісте ұлы тұлғалардың көркем бейнесін жасау, кескін-келбеттерін көз алдымызға әкелу жөнінде ойлар айтылды. Меніңше, болашақта кәдімгі қазақтың типтік бейнесін жасап шығару қажет.

Қ.Мырзалиев: – Сонда ол қазақ саған ұқсауы керек пе, әлде маған ұқсау керек пе?

М.Мағауин: – Екеуміздің ортамыздан шығады ғой... Бір қиыны – біздің хандардың тым болмаса сөз-портреттері жоқ...

Қ.Мырзалиев: – Ауыз әдебиетінде болса керек еді ғой...

С.Жолдасбаев: – Жазба деректерде сақталуы әбден мүмкін. Тек, сырттан да іздестіру керек.

Ж.Кенжалин: – Суға су қосылса – көл-дария. Ақылға ақыл қосылса – ой-дария! Бүгінгі бас қосудың мақсаты – Қазақ мемлекеттігінің тарихына қатысты түгелдей тұжырымдап, түйіндерін шешіп тастау емес. Жұртқа ой салу. Пікір тастау. Қарашаның 1-іне дейін ұзартылған бәйгеге қатысуға шақыру еді. Зиялы қауым, зерделі оқырмандарымыз бұған белсенді түрде атсалысады деп ойлаймыз.

«Халық кеңесі»,

1995 ж.

## СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТ

*Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Қасымжомарт  
ТОҚАЕВПЕН сұхбат*

– Қасымжомарт Кемелұлы, Сізді сыртқы саясат ведомствосының басшысы ретінде біздің газетіміз алғашқылардың бірі болып қалың қауымға таныстырған болатын. Министр ретінде, сондай-ақ республикамыздың қатардағы азаматы ретінде сізге өткен жыл несімен қымбат?

– Өтіп бара жатқан жыл Қазақстан дипломатиясы үшін оқиғаларға толы жыл болды. Олардың ішінен қайсы біреуін жеке-дара бөліп атай қою қиын. Әйтсе де Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан БҰҰ-ның 50 жылдығына байланысты Нью-Йоркте өткен мерекелік салтанатты ерекше бөліп атар едім. Бас Ассамблеяның бұл сессиясы әрі той, әрі өткенге қорытынды жасау, әрі ұйымның болашағы туралы ойласу ретінде өтті. Бір сөзбен айтқанда, оның жұмысы Жаңа жыл қарсаңындағы әрбір адамның ой-толғамдарын, арман-мақсатын еске түсіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымының қол жеткізген табыстары да, сәтсіздіктері де, едәуір ойласарлықтай қаржы проблемалары да баршылық. Барлық мемлекеттер – оның ішінде, әрине, Қазақстан да бар, пікірлесе келе бір тоқтамға келеді: қазіргі дүниенің келбеті өзгерді екен, демек, Біріккен Ұлттар Ұйымы да өзгерістерге ұшырауға тиіс.

Тап осы жағдай біздің қоғамымызға да қатысты. Біздің қоғамымызда да кейде адамдар ауырлау қабылдайтын өзгерістер өтіп жатыр. Сондықтан өзгермеуің мүмкін емес – күллі дүние ауысып жатқан да біздің де өзгеруіміз керек. Өйтпеген жағдайда біз тарих жолынан шеткері қалуымыз мүмкін. Тек Қазақстан халықтарының төзімі мен өзара татулығы ғана өзгермей қала берсе екен. Қазіргі кезде адамзат баласының көпшілігіне тап осындай қасиеттер жетіспей отыр. Түптамасынан айрылу қорқынышы мен қарама-қарсы тұрушылыққа ұласып отырған діни және этникалық төзбеушілік нағыз зұлымдықтың өзіне айналып отыр. Сондықтан да Абайдың 150 жылдығын тойлаудың халықаралық кепілі ретінде көрінген ЮНЕСКО-ның алдағы уақытта төзушіліктің он жылдығын жариялауға үндеу тастағаны тегіннен-тегін емес.

– Өзіңізге белгілі себептермен Қазақстанның бүгінгі баспасөзі шет елдерде арнаулы тілшілер ұстай алмай отыр. Біздің республикамыздың шет елдердегі елшіліктерінің қазіргі жай-күйі қалай? Бұл мәселеде оң өзгерістер байқала ма?

– Алдыменен атап айтарым, бұл күндері Қазақстанның шет елдерде 22 елшілігі бар. Келер жылы елшіліктер бұдан да көбейе түспек. Біздің еліміздің сыртқы байланыстарының дами түскенінің және Қазақстанның халықаралық беделінің нығая түскенінің айқын куәсі бола алатын бұл фактілер, әрине, бәрімізді қуантады. Дүниежүзілік қауымдастық Н.Ә.Назарбаевтың көрегендігін ерекше бағалай отырып, біздің шет елдегі инфрақұрылымның кеңейе түскенін тап осылайша қабылдайды. Алайда біздің елшіліктеріміз сан жағынан да, сапа жағынан да бізді толық қанағаттандырады деп айтуымызға әлі ерте. Егер сан жағынан келетін болсақ, бұл Сыртқы істер министрлігінен гөрі негізінен, басқа мекемелерге тәуелдірек болып тұрған қаржы мәселесі, ал олардың жұмыс сапасын толығымен біздің арымызға қалдыралық.

Президент Н.Ә.Назарбаев өткізген және біздің елшіліктеріміздің жұмысындағы едәуір кемшіліктер аталып өткен Қазақстанның сыртқы саясаты мәселелері жөніндегі ақпандағы кеңестен кейін Сыртқы істер министрлігі қызметін жүйеге келтіруде белсене қимылдады. Біздің шет елдердегі өкілдіктерімізбен жұмысқа бұдан әрі қарай да баса назар аударылады. Әйтсе де мұндай кемшіліктердің объективті себептері де бар – ол әзірліктен өткен, білікті кадрдың жетіспеушілігінен туындайды. Қалыптасқан стереотип ұғымға қарсы тағы да қайталап айтамын: өзіңді дипломатпын деп есептеу үшін тек дипломатиялық дәреже алуың ғана жеткіліксіз. Мол тәжірибе, саяси білгірлік және интуиция қажет, сондай-ақ дипломатиялық жұмыстың спецификалық талаптарына көндіге

білуге де қабілетті болуың керек. Сондықтан да біз қазір жоғары білімді әрі сыртқы саясатқа орайлас салада жұмыс тәжірибесі бар адамдар тиісті білім алатын, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері қайта даярлаудан өтетін Дипломатиялық академия құрумен айналысып жатырмыз. Қалай дегенмен де біздің елшіліктеріміз шетелдіктердің Қазақстан туралы көбірек білуі үшін және керісінше, елшіліктеріміз орналасқан елдер туралы біздің де көбірек білуіміз үшін аз жұмыс істеп жатқан жоқ.

Ал енді тілшілерге келетін болсақ, олар біздің өзіндік ақпараттық кеңістігімізді қалыптастыру үшін ауадай қажет. Шет елдерде болып жатқан оқиғалар туралы тек ресейлік және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көзімен қарап-бағалау, әрине, саяси жағынан дұрыс болмас еді. Осы жерде мынаны атап өткім келеді: өздері барған елдер мен аймақтар туралы шынайы ақпарат беріп отыру біздің болашақ меншікті тілшілеріміздің басты міндеті болмақ. Ал шетелдік қауымды Қазақстан туралы хабардар ету бұл біздің елшіліктеріміздің міндеті.

– Қасымжомарт Кемелұлы, Қазақстанның болашағы туралы саяси болжамдарыңыз бен тілектеріңіз жайында айтып берсеңіз.

– Мынандай бір қалжыңға негізделген көзқарас бар: дипломаттардың негізгі жұмысы 5 жылдан кейін не болатынын алдын ала болжап айту, ал осы мерзім өткеннен кейін өзінің айтқаны неліктен болмай қалғандығын бажайлап түсіндіріп беру.

Ал егер қалжыңсыз айтар болсам келер жылы біздің министрлік ТМД елдерімен интеграциялық үрдістердің жалғаса түсіп, біздің дәстүрлі әріптестерімізбен байланыстарымыздың дами беруіне және жаңадан қарым-қатынастар орнатылуына көп күш-жігер жұмсайды. Сондай-ақ Қазақстанның жасасқан халықаралық келісімдерін міндетті түрде жүзеге асыруға да күш саламыз.

Дүние жүзіндегі басшылар тобында жоғары рейтингке ие Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен Қазақстан 1996 жылы да өзінің халықаралық позицияларын нығайта түсетініне кәміл сенемін.

Әрине, тыңнан тауып, елден ерекше еш нәрсе де айта қоймаған болармын, әйтсе де бұл шын жүректен шыққан тілегім. Өзгелер сияқты мен де Қазақстанның тез арада гүлденген мемлекетке айналғанын тілеймін.

Сондай-ақ Жаңа жылда «Халық кеңесі» газетінің барлық қызметкерлері мен оқырмандарына жетістіктер мен бақыт тілегім келеді.

– Рахмет!

«Халық кеңесі»,  
1996

**Қасымжомарт ТОҚАЕВ:**

**«ТУҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ТҮЛҒАСЫ ДА, ТҰҒЫРЫ ДА БИІК»**

*Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Қасымжомарт ТОҚАЕВПЕН еларалық «Қазақ Елі» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары – «Шалқар» қосымшасының редакторы Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВТЫҢ сұхбаты.*

– Қасымжомарт Кемелұлы, бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның еларалық беделінің арта түсуіне сыртқы саясат ведомствосының да сіңіріп отырған еңбегі елеулі. Қазақстан дипломатиясының іргетасы да беки түсуде. Осы орайда Сіз сыртқы саясатымыздың қазіргі бағыт-бағдары және оның ішкі дамуымызға ықпалы жөнінде не айтасыз?

– Қазіргі замандағы кез-келген мемлекет үшін сыртқы саясаттың маңызы ерекше. Оның ықпалы даму жолындағы сол елдің ішкі және сыртқы жағдайларына байланысты әртүрлі деңгейде болуы да мүмкін. Сыртқы саясаттың негізгі қызметі – ішкі саясатты жүргізу үшін қолайлы халықаралық қарым-қатынасқа өріс ашу... Десек те сыртқы саясат қызметінің мәні тек мұнымен шектелмейді. Мәселен, халықаралық сипаттағы геосаяси

катаклизмдер жолындағының бәрін шетке ысырып тастап, алдыңғы шепке шығатын кездері де болады.

90-шы жылдардың басында Қазақстан дәл осындай жағдайға тап болды. Кеңес Одағының ыдырауы, тәуелсіздік алу еліміздің алдына бұрын-соңды бастан кешпеген, мүлде жаңа мәселелер қойып, шешімін табуға жетеледі. Дербес сыртқы саясаттың қалыптасуы іс жүзінде жаңадан, әсіресе, Қазақстан территориясында ядролық қарудың болуына байланысты, алыпсатарлықтың қолайсыз жағдайында басталды. Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты жаңа кітабында сол бір мазасыз айларды, жедел ырғақты халықаралық сапарлар нәтижесінде біздің жас мемлекетіміздің әлемдегі басқа елдермен өзара қарым-қатынасының негізі қаланғанын, Қазақстанның сыртқы саясаттағы өзін-өзі айқындауының және танылуының қалай жүзеге асқанын егжей-тегжейлі баяндайды.

Нәтижесі айқын. Қазақстанды барлық белгілі халықаралық ұйымдар танып-білді, дүние жүзіндегі көптеген елдермен дипломатиялық қарым-қатынасқа және соған негіз қалайтын келісімдерге қол жеткізілді. Ең бастысы, бүгінде Қазақстанның өзіндік халықаралық «бет-бейнесі» айқындалды, бұл оған тек ТМД шеңберінде ғана емес, сондай-ақ әлем деңгейінде ірі халықаралық процестерге белсенді бастаушы болуға көмектеседі. Туған еліміздің тұлғасы да, тұғыры да биік.

Бүгінде біздің ведомствоның алдында тұрған мәселе біршама өзгешелеу. Тұрақтылық пен көршілік қарым-қатынастағы түсіністікке қол жетті, әлемдегі әлеуетті әріптестермен өзара тығыз байланыстың принциптері келісілді, Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш, тұрақты және ынтымақтасуға құшағы ашық ел ретіндегі абыройына ешкім де күмән келтірмейді. Енді бұл қол жеткен жетістіктерді сапалық мазмұнмен, бәрінен де бұрын экономикалық арнада, ірі ынтымақтастықпен, қауымдасумен, ұзақ мерзімдік жобалармен байытқан жөн. сонда ғана бұл жетістіктер өміршең. Осы ретте сыртқы саясат тағы да еліміздің ішкі дамуының бағдаршамы қызметін атқаруы мүмкін. Жақын арада Қазақстанның сыртқы саясатының жаңартылған концепциясы бекітілетін болады. Бұл құжаттың сыртқы елдермен қарым-қатынасымыздың тәртібін айқындайтын үлкен маңызы бар.

– Біз шетел туралы әңгіме қозғаған кезде ойымызға ондағы қазақ диаспорасы оралатыны сөзсіз. «Қандастарымыз қандай күйде жүр екен?» деген сауал тіл ұшында тұрады. Жақында Сіз Қытайда, Иранда болып қайттыңыз. Басқа да қазақ диаспорасы мекендейтін елдерге сапар шегіп жүрсіз. Олардың арман-мұраты, мұң-мұқтажы Сізге жақсы таныс па?

– Бүгінде жер басып жүрген қазақтың әрбір үшіншісі шекараның арғы жағында өмір сүруде. Бұл салыстырудың аңғартары мол. Мұнда мемлекеттік маңызы бар мәселенің қалың қатпары жасырынып жатыр. Ең ірі қазақ диаспорасы Қытайда, Өзбекстан мен Ресейде тұрады – жалпы саны үш миллионнан астам адам. Ондаған мың отандастарымыз Моңғолияда, Түркменстанда, Қырғызстанда, Түркияда, Ауғанстанда және Иранда ғұмыр кешуде.

Бұл елдердегі қазақтардың хал-ахуалы – ұлттық азшылықтың хал-ахуалы. Біз бұл елдерде қазақтарға қатысты құқықтық немесе басқа түрдегі кемсітушілік бар деп мәлімдейтіндей негіз жоқ. Бірақ, бірқатар елдерде біздің отандастарымызға сол мемлекеттер тарапынан айрықша қамқорлықты да байқай алмай отырмыз. Бұл жерде сөз қазақтар тығыз орналасқан жерлердегі білім беру жүйесінде, мәдениеті және тілді сақтауға, әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымдарды дамытуға қатысты. Тіпті Ресей мен Өзбекстанда – біздің ТМД-дағы әріптестерімізде, Иран мен Қытайды айтпаған күннің өзінде, бұл проблемаларға дұрыс назар аудармай отыр. Біз бұл мәселелерді халықаралық байланыстар барысында, оның ішінде жоғары деңгейдегі кездесулерде көтеріп жүрміз. Бірақ бұл – әжептәуір шетін тақырып, асыра сілтеуге болмайды, өйткені әңгіме қазақтар туралы болғанмен, басқа мемлекеттің азаматтары жөнінде екендігін де ұмытпайық.

Дүниежүзілік қалыптасқан тәжірибе бойынша, ешкімге де шетелдердегі қандастарына мәдени-ағарту, гуманитарлық көмектер көрсетуге тыйым салынбайды, мәдени байланыстарды нығайтуға, мамандар даярлауға, білім алуға ықпал жасауға, т. б. қарсылық жоқ. Мәселенің мәнісі елдің қаржылық, материалдық мүмкіндіктеріне байланысты. Қазақстан Германия секілді бай ел емес, әзірге бұл жұмысты онымен салыстырарлық көлемде жүргізе алмайды.

Осы себептен де әзірше тарихи Отанына оралғысы келетіндердің барлығын бірдей көшіріп алуға Қазақстан әзір емес.

– Көші-қон мәселесі – күн тәртібіндегі аса өткір және маңызды мәселелердің бірі. Осыдан аз уақыт бұрын «1996 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы» Президент Жарлығы жарияланды. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, Еңбек министрлігі және Көші-қон департаменті бірлесіп «Көшіп келгендер мен көшіп келетіндер» деген тақырыпта мәжіліс те өткізді. Қысқасы, көші-қонның көптеген проблемалары әлі де шешімін күтуде...

– Жаңағы Жарлықта көрсетілгеніндей, биылғы жылы Қазақстан 4 мың тарихи отанына көшуші репатрианттар отбасын қабылдайды, яғни 20 мыңға жуық адам. Бұл көп пе, аз ба? келгісі келетіндердің санына шақсақ, онда – аз. Ал, бюджетіміздің қазанына үніліп қарасақ ше? Бұл адамдарды Қазақстанға алып келу керек, одан соң тұратын жерлеріне жеткізіп, орналастырып, баспана, жұмыс тауып беріп, балаларына мектептер мен балабақшалардан орын қарастырып, жер бөліп, жеңілдіктерді жабатын қаржы тауып... – қысқасы проблема шаш-етектен. Және оның әрқайсысын шешуге қыруар қаржы қажет. егер мәселеге үңіле қарасақ, онда осыған бөлінген 670 миллион теңгенің ең аз мөлшердегі шаруаларды ғана қамтитынын байқаймыз.

– Сыртқы істер министрлігі республикаға адамдардың келуімен қоса кетуіне де қатысты істермен айналысады емес пе?

– Иә, біздің министрліктің тағы да бір міндеті – консулдық мәселелерді шешу, сыртқа кететін, мүліктерін әкететіндердің халықаралық-құқықтық нормаларды сақтауын қамтамасыз ету. Сонымен бірге, қоныс аудару мәселесінің өте-мөте дипломатиялық аспектісі бар. Өзінің азаматтарының жаппай қоныс аударуын қай ел болсын құптай қоюы қиын. Егер ТМД шеңберінде мекенжай алмастырудың еркін режимі қалыпты түрде жұмыс істеп тұрса, ал, мәселен, қытаймен біздің арамызда көші-қон мәселесін реттеп тұратын келісім әлі жасалған жоқ. Дәл қазіргі уақытта Қытайдан Қазақстанға қазақ ұлты өкілдерінің кетуі мәселесін КХР үкімет орындары жекелеген тәртіппен шешеді. Мынадай позиция ұстанады: КХР үкіметі қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстанға кетуіне кедергі жасамайды, ортақ оның жүзеге асуында өз елдерінің заңдарына қатаң сәйкестік сақталуын қадағалайды.

Өткен жылы дипломатиялық арналар арқылы КХР-дің ұлты қазақ азаматтарының Қазақстанға ерікті түрде қоныс аудару жөніндегі келісім жобасы Қытай жағына тапсырылған болатын, оны олар зерттеуде бұдан басқа Сыртқы істер министрлігі бірқатар қазақстандық ведомствалармен Қытай мен еңбек рестурстарын алмасу жөніндегі келісімгекелудің жолдарын қарастыруда бұл жүзеге асса, Қазақстанда уақытша жұмыс істеуге отандастарымыздың келуіне жол ашылар еді.

– Соңғы төрт-бес жылда Моңғолиядан Қазақстанға 60 мыңдай қазақ көшіп келгенде бөркімізді аспанға атып қуанған едік. Алайда олардың азаматтық алу мәселесі әлі күнге шешілмей отыр. Екі ел Сыртқы істер министрлігі деңгейінде бұл мәселені алдын ала шешуге болмайтын ба еді?

– Бұл ретте, азаматтық беру және оны тіркеу дейтін мәселе Сыртқы істер министрлігінің қарауында да, құзырына да жатпайтынын айтқан жөн. бұл заңдық өреде шешіледі, содан соң Ішкі істер министрлігі құрылымдары арқылы жүзеге асады.

Мынаны атап өткім келеді; 1994 жылы біздің ведомствоның инициативасымен Министрлер Кабинеті Жоғарғы Кеңеске Азаматтық туралы заңға түзетулер мен өзгертулер енгізу жөнінде заң жобасын жіберген болатын. Оның негізгі мазмұны



репатриант қазақтардың азаматтық алуы қарапайым түрде – тәртібімен-ақ жүзеге асса дегенге саятын. Жақында біздің ведомство Үкіметке жолдаған хатында аталмыш заңдық инициативаның қозғалысыз қалмауы қажеттілігіне тағы да назар аудартты.

– Сіз көрші мемлекеттермен шекара мәселесі түбегейлі шешімін тапты деп ойлайсыз ба? Әлде бұл салада да ойланатын тұстар бар ма?

– Екі жақты және көп жақты келісімдерде бұл мәселе әрдайым көрініс тауып – принципті түрде қаралады, ал Қазақстанның құрлықтағы шекарасы жөніндегі мәселе түбегейлі шешімін тапты деуге болады. Ресеймен, Қырғызстанмен және Өзбекстанмен шекара бізге мұраға қалған, бұл – КСРО кезінде белгіленген, бұрынғы әкімшілік шекара. Бұл елдермен қарым-қатынасымызды айқындайтын құжаттарда қазіргі шекараның бұзылмайтындығы, оған тиісуге болмайтындығы бір-біріне территориялық талаптар қойылмайтындығы бекітілген.

Қытаймен де арамызда осыған ұқсас жағдай. Рас, бұл орайда КСРО-дан қалған мұраның салмағы бізге ауырлау тиді: себебі ұзақ жылдар бойы кеңес-қытай шекарасында өрт шығып кету қаупі сақталды. Осыған байланысты Қазақстан мен Қытай бұл арада бұрын қалыптасқан шиеленісті жою үшін, ұзақ уақыт бойы қазақстан-қытай шекарасы жөніндегі арнайы келісімді әзірледі. 1994 жылғы сәуірде Қытай премьері Ли Пэннің келу сапарында бұл келісімге қол қойылды. Біздің елдеріміз арасындағы шекара заңды түрде бекітілді. Келісілмеген екі кішкентай бөлік қана қалды. Ал бұл проблема да біздің Қытаймен келіскеніміздей, алдағы келіссөздер кезінде шешімін таппақ.

Ал енді осыдан аз уақыт бұрын, дипломатия тарихына ешқандай күмәнсіз кіретін уақиға болды. Тұңғыш рет бір-бірімен шекаралас жатқан бес мемлекет ұзындығы 7,5 мың шақырымға созылатын, дүние жүзіндегі ең ұзын шекара бойындағы өзара сенім шаралары жөнінде келісім жасасты. Бұл келісімге бір жағынан – Қытай, ал екінші жағынан – Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мен Тәжікстан қол қойды. Шаңхай кездесуі бүкіл Еуразия құрлығындағы күшті тұрақтандырушы фактор болып табылады.

Осыған қарағанда, егер шекара мәселесінде шешілмеген проблемалар қалған болса, онда ол техникалық ыңғайда ғана болар.

Шешімін таппаған мәселе – Қазақстанның судағы шекарасы. Каспий теңізіндегі шекарасы. Бұл жерде біз күрделі түйіні бар халықаралық-құқықтық проблемаға және экономикалық мүдделерге келіп тірелеміз, соның салдарынан ынталы жақтардың позицияларының жақындауы өте баяу жүруде. Дегенмен, консенсус қашық емес. Каспий бойындағы мемлекеттер соған жақындап келеді. Мұның куәсі ретінде соңғы айларда Қазақстанның Ресеймен және Иранмен Каспий жөнінде бірлескен үндеуге қол қоюын айтсақ болар.

– Дипломатиялық жұмыстарға маман даярлау ісі қалай жүргізілуде? Кейде қарап отырсақ, ауылда өскен, қазақ мектептерінде оқыған жастар бұл мамандықтан шетқақпай қалатын сияқты. Ал шетелдегі біздің кейбір қандастарымыз ондағы елшіліктерде қызмет істейтіндердің арасынан қазақша сөйлейтіндерін таба алмайтындарын айтып шағымданады. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін ойласақ қайтеді?

– Қазақ тілін жетік білу тек дипломатиялық қызметтегілерге ғана қатысты болмаса керек, бұл әзірге мемлекеттік аппараттағылардың, өкінішке қарай, көпшілігіне тән проблема. Елшіліктерге қатысты айтар болсақ, оларды жасақтау кезінде оның қызметкерлерінің ең алдымен баратын елдерінің тілдерін білуіне назар аударылады. Мұндайда шетелдердегі қазақстандық дипломаттарға бәрінен бұрын шетел тілдерін меңгеру қажет. Егер олардың білімдері таяз болса, қазақ тілінде қаншама сайрап тұрғанмен, одан дипломатқа не пайда. Дипломатиялық жұмысқа қабылдаған кезде біз талапкердің біліміне, ой өрісіне, тілдерді білуіне, ғылыми мамандануына, саяси «ысылғандығына», сонымен қатар қазақ тілін қаншалықты білетініне де қараймыз. Туған жері – ауыл ма, яки қала ма, солтүстік пе, яки оңтүстік пе – мәселе онда емес. Бізді кәсіби білігі қызықтырады. Біз тиісті білімі бар адамдарды ғана қабылдаймыз.

Енді біраз жылдардан кейін маман дипломаттар даярлау проблемасы оңай шешіледі, өйткені ҚР Сыртқы істер министрлігі жанынан Жоғары дипломатиялық мектеп ашу жоспарлануда. Бір нәрсеге кепілдік бере аламын: іріктеу жұмыстары қатаң жүргізіледі, ал қазақ тілін білуді хош көретін боламыз.

– Жыл басында Қазақстанның шетелдерде 23 елшілігі бар еді. Оның саны ендігі көбейген болар? Жалпы, Қазақстанның қанша елде елшіліктері жұмыс істейтін болады?

– Биыл Қазақстанның Сауд Арабиясында және Израильде елшіліктері ашылды. Сонда шетелдерде 26 елшілігіміз және 2 бас консулдығымыз бар. Бұдан басқа, бірнеше шетел қалаларында консулдық мекемелеріміз жұмыс істейді. Таяу уақыт аралығында Жапонияда дипломатиялық мекемеімізді ашуды жоспарлаудамыз. Ұзақ мерзімдік жоспарымызда барлық ірі елдерде және әлемнің аймақтарында өзіміздің өкілеттіктерімізді құру көзделген.

– Қазақ баспасөзінің шетелдерде өз тілшілерін ұстауына министрлік тарапынан қандай қолдау, көмек көрсетіледі? Біздің еларалық газеттеріміздің таралуына елшіліктер мен консулдықтар қол ұшын созбай ма? Қытайдағы бір жарым миллион қазақ – қандастарымыз араб әріптеріне негізделген төте жазумен (А. Байтұрсынов негізін салған) шығатын «Шалқар» газетін ала алмайды. Шыға бастағанына бір жылдан асқан еларалық «Қазақ елі» апталығының да алыс, жақын шетелдерге таралуына өріс ашсақ дейміз. Бұған байланысты не айтар едіңіз?

– Менің білуімше, қазақстандық баспасөз үшін шетелдерде тілшілік пункттер ашуға ешкім де ешқандай құқықтық шектеулер жасамайды. Егер газеттің басқа елдерде тілші ұстауға мүмкіндігі болса, оны тек қана құптаймыз. Сыртқы істер министрлігі мұндайда өзінің консулдық қызметі аясына кіретін көмегін беруден аямайды.

Ал енді баспасөз өнімдерін басқа мемлекеттің территориясында тарату дейтін мәселе Сыртқы істер министрлігі мен елшіліктер құзырына кірмейді. Бұл салада біз ұйымдастыру жұмыстарына қолғабыс етуімізге болады: мәселен, қажетті байланыс орнатуға, хат алмасуға ықпал етуге, т. б. КХР азаматтарының Сіздің басылымдарды жаздырып алу мәселесі Қытайдағы тиісті ведомстволардың құзырында. Қазақстан елшілігі дипломатиялық қатынас жөнінде 1961 жылы Вена конвенциясында бекітілген өкілеттік шеңберінде ғана көмек көрсетуге құқысы бар.

– Өзіңіз шетел тілдерінің қайсысын жақсы меңгергенсіз?

– Мен үш тіл – қытай, ағылшын, француз тілдерін білемін.

– ХХІ ғасырдағы Қазақстанды көз алдыңызға қалай елестетесіз? Сіздің болжамыңызды білсек...

– Нақ ХХІ ғасырдан бастап Қазақстан экономикасының күрт жоғарлауының куәсі боламыз. Жүргізіліп жатқан нарық реформалары, бәрінен де бұрын өндірісте, өзінің алғашқы жемістерін бере бастайды. Экономикалық кешенді қайта құру процесі аяқталып, алғашқы мұнай және газ құбырлары іске қосылады. Қазақстан арқылы өтетін трансазия теміржолы барлық қуатымен жұмыс істейді. Интеграциялық процестер, нығайған сауда байланыстары, инвестициялар ағыны – мұның бәрі елдің қауіпсіздігіне қызмет етеді. Сонымен, мен ХХІ ғасырға зор сеніммен және үмітпен қараймын.

– Әңгімеңізге үлкен рахмет.

«Қазақ Елі» – «Шалқар»  
1996 ж.

### **«МЕН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫМЫН!»**

*деп айту – мәртебелі де асқақ отанышылдық сезімді айғақтайды екен! Тәуелсіз мемлекеттің азаматтығын алу мәселесі, оның тоқтатылуы, оған қатысты біз білуге тиісті қағидалар, көші-қон проблемалары және мұның азаматтықпен сабақтастығы, т.б. оқырмандар көкейінде жүрген бірқатар сауалдарға біз Қазақстан Республикасының*

*Президент Әкімшілігі Азаматтық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Қазыбек Елібайұлы ӨТЕТІЛЕУОВПЕН әңгімелескенде жауап тапқандай болдық.*

– Қазыбек мырза, Ата Заңымыздың «Адам және азамат» деп аталатын бөлімінің 10-бабында: – «Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан бірыңғай және тең болып табылады» делінген. Хош делік: ал осы біздің Азаматтығымыз жөнінде өзіңіз не айтасыз?

– Азаматтығымыз жөнінде айтқанда, алдымен тиісті Заңды ауызға аламыз. 1991 жылы желтоқсанның 20-сында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасындағы Азаматтық туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдады. Бұл Заң 1992 жылғы наурыздың 1-інен бастап күшіне енді. Бұған дейін бізде Азаматтық туралы заң болмаған. Кеңес Одағының заңына сүйеніп келдік, Қазақстандағы азаматтық мәселелерін Кремльде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы, кейіннен КСРО Президенті шешіп отырды. Тәуелсіздігімізді жариялап, Азаматтық туралы заңымызды қабылдағаннан кейін ғана теңдік өзімізге тиді ғой.

– Әуелде «қос азаматтық» жөнінде қызылкенірдек болып, бұл дау күні кешеге дейін созылып келді емес пе?

– Иә, бұл мәселе көп талқыланды. 1993 жылғы қаңтардың 28-інде қабылданған Конституцияда қос азаматтық көрсетілген еді. Мәселен, 1 бөлімнің 2-тарауының 4-бабында: «Республика аумағынан лажсыз кеткен республиканың барлық азаматтарының, сондай-ақ басқа мемлекеттерде тұратын қазақтардың басқа мемлекеттердің азаматтығымен қатар, егер бұл өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің заңдарына қайшы келмесе; Қазақстан Республикасының азаматы болу құқығы танылады» делінген. Ал Республикалық референдум нәтижесінде 1995 жылғы тамыздың 30-ында қабылданған жаңа Конституцияда қос азаматтық танылмайды. Сөйтіп, бұл мәселе шешімін тапты деп ойлаймыз.

– Бұрын КСРО құрамында болған, кейіннен тәуелсіздік туын тіккен елдердің ішінде қос азаматтықты қолдап, Ата заңдарына енгізгендер бар ма?

– Ресей Федерациясы мен Түркіменстанның заңдарында қос азаматтықты қолдайды. Белгілі бір шарттар бойынша, тіпті, «құрметті азаматы» дейтін де азаматтық түрі бар. Мәселен, Ресей Президенті Б.Ельцин «Түрікменстанның құрметті азаматы». Қалай түсіну – өз еркінде.

– Азаматтықты қабылдау және одан шығу жөніндегі өтініштерді тек Елбасының өзі қарай ма сонда?

– Азаматтыққа қатысты барлық құжаттар арнаулы комиссияның қарауынан өтеді. Ал азаматтық беру немесе шығару тек Президент Жарлығымен жүзеге асады.

– Осындай Жарлықпен жақында ғана алыс, жақын шетелдерден келген бір топ қандастарымыз Республика азаматтығын алды деп естіген едік. Осы жөнінде білсек...

– Республика Президентінің наурыздың 7-сіндегі Жарлығымен алыс, жақын шетелдерден келіп, өтініш тапсырғандардың ішінен үлкен тобына Қазақстан Республикасының азаматтығы берілді. Бұлардың дені – Ираннан келген қазақтар. Арасында басқа да ұлт өкілдері бар.

– Моңғолиядан келген қазақтардың арасынан азаматтық алғандары жоқ па?

– Бұған дейін еңбек шартымен Қазақстанға 60 мыңдай моңғол азаматтары (қазақтар) келген болатын. Тұңғыш рет Ахмет Хисамийн деген моңғолиялық қандасымыз Қазақстан азаматтығын алып отыр. Ол қазір Талдықорған қаласында тұрады. Музыка маманы, дирижер. Облыстық филармонияда қызмет істейді.

– 60 мыңдай моңғолиялық қазақтардан біреуі ғана – бірінші рет Азаматтық алды дегенді қалай түсінуге болады? Неге біреу – жалғыз?

– Бұл енді көптен бері шешімі табылмай келе жатқан мәселе. Ахмет Хисамийн бұрын Мәскеудегі Чайковский атындағы консерваторияда оқыпты. Одан соң Алматының мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясын бітірген. Моңғол азаматтығынан

Моңғолия Президентінің жарлығымен 1995 жылы жазда шыққан. Сол себепті кедергісіз Қазақстан азаматтығын алып отыр. Ал басқа моңғолиялық қандастарымыз моңғолия азаматтығынан шықпай келуі себепті, республикамыздың азаматтығын ала алмай жүр.

– Моңғолиялық қазақтар бес жылдық еңбек шартымен келгенін білеміз. Бұл мерзім де бітуге таяу. Сонда осы уақытқа дейін бұл мәселенің тиянақты шешілмеуі қалай? 1993 жылы қазан айында Моңғолия Президенті Очирбат пен Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Уланбаторда кездескенде де бұл жөнінде арнайы сөз болған. Екі жақтың жоғары дәрежелі келіссөзі нәтижесінде бұған байланысты маңызды үш түйін түйілген екен: бірінші – бұған дейін Моңғолиядан көшіп келген қазақтарды Моңғолия өз азаматтығынан шығарып, Қазақстан өз азаматтығын беру керек; екінші – егер олардың ішінде еңбек шарты біткен соң, қайтадан Моңғолияға қайтатындар болса, оған Қазақстан жағы еш бөгет қоймай, оралуына көмектесуі керек; үшінші – Моңғолияда қалған қазақтар, қалаулары болса, бөгетсіз Қазақстанға қоныс аудара алады. Екі Елбасы да мәселенің басын ашып алған сияқты еді ғой...

– Бұл мәселеге байланысты түйіндер әлі сол түйілген күйінде тұр. Шешімін табудың жолдары жан-жақты іздестірілуде. Ең соңғы рет таяуда, яғни үстіміздегі жылғы ақпанның 9-ында кездесу өткізіліп, бұл тақырып тағы да талқыланды. Кездесуге Президент әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Моңғолия елшілігі, Еңбек министрлігі Көші-қон департаментінің өкілдері, сондай-ақ Моңғолия Республикасы сыртқы істер министрінің орынбасары Баатар мырза қатысты. Онда Моңғолия азаматтығынан шығарып беру мәселесін тездетуді сұрадық. Соның нәтижесі болар, жақында біздің Сыртқы істер министрлігіне Моңғолия үкіметінен нота келіп түсіпті. Онда жуық арада Моңғолиядан бір топ мамандар келіп, азаматтықтан шығуды жергілікті жерлерде ойласып – пікірлесіп, заңдық тұрғыдан шешуге көмектеседі делінген. Осы топ бұл проблеманың тездетіп шешілуіне ықпалын тигізеді деп сенім артамыз.

– Моңғолиядан көшіп келген қазақтар Моңғолия азаматтығынан шығу үшін өтініштерін қайда тапсырады?

– Өтініштерін Қазақстандағы Моңғолия елшілігіне тапсыруы керек. Бұл өзі сегіз құжаттан тұрады. Бәрі де моңғол тілінде толтырылуы керек. Содан соң мұндағы Моңғолия елшілігі ол құжаттарды Ұланбатырға жібереді. Мәселе онда да тек Президент Жарлығымен шешілмек.

– Жоғарыда наурыздың 7-сіндегі Президент Жарлығымен Қазақстан азаматтығын алғандардың көпшілігі Ираннан келген қандастарымыз дедіңіз. Олардың біздің азаматтығымызды қабылдауда пайдаланатын қандай да бір жеңілдіктері бар ма?

– Заң – ортақ. Талап – жұрттың бәріне бірдей. Бұл жерде айта кетер бір мәселе – Моңғолиядан 1991-1992 жылдары қопарыла көшіп 30 мыңдай адам келгенде оларға бірден азаматтық беріп, қабылдай алмауымыз үлкен сабақ болды. Сөйтіп, Ираннан қазақтар көшіп келгелі жатыр деген хабар жеткенде, біз Иран Сыртқы істер министрлігіне, Көші-қон департаментіне Қазақстанға көшіп келетіндер Иран Ислам Республикасының азаматтығынан біржола шығып, келетін болсын деп талап қойдық. Алдын-ала ескерткеніміздің дұрыстығына енді көз жеткіздік. Ирандық қандастарымыз мұнда келген соң азаматтықты кедергісіз ала бастады.

– Ираннан келген қазақтардың жалпы саны қанша?

– Өткен жылдың қазан айындағы есеп бойынша, 450-дей адам

Ираннан көшіп келген болатын. Бұлар – негізінен, Азамат соғысы, коллективтендіру, 1932-33 жылдардағы және 1937-38 жылдардағы сталиндік зобалаң тұсында атажұрттан ауғандар, солардың ұрпақтары.

– Олар Қазақстанның қай облыстарына қоныстануда?

– Көпшілігі Ақтауда, Маңғыстау облысында. Ата-бабалары мекендеген жерге оралуда.

– Шетелден келген қазақтарды мамандықтары бойынша қызметке алу, жұмысқа орналастыру барысында да біраз олқылықтарға орын берілген тәрізді...

– Бұл ретте кейбір салалық мамандықтарда тіл айырмашылығына байланысты кедергілер кездесуде. Мәселен, ұшқыштар, заң мамандары, әскери қызметкерлер, т.б. Бірақ, ең басты кедергі – Қазақстанның азаматтығын алу үшін басқа елдің азаматтығынан шығып келмеуден туындайды. Ал Қазақстан азаматы болмағандықтан олар референдумға да, сайлауға да қатыспайды, депутаттыққа түсе алмайды, құқық, заң, әскери қызмет, мемлекеттік басқару, т.б. салаларда қызмет істеуіне болмайды.

– Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы Ресей мен Қазақстан арасында Келісім болған екен. Осыны қалай түсіну керек?

– Рас, 1995 жылғы қаңтардың 20-сында «Тұрақты түрде тұру үшін Ресей Федерациясына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының және тұрақты түрде тұру үшін Қазақстан Республикасына келетін Ресей Федерациясы азаматтарының азаматтық алуының оңайлатылған тәртібі туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Келісімге» қол қойылған еді. Бұл Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1995 жылғы ақпанның 28-інде бекітті. Бірақ Ресей Думасы тарапынан қолдау таппады, яғни бекітілген жоқ. Ал Келісім екі жақты бекітуден өткеннен кейін ғана, бекіту құжаттары алмастырылған соң 30 күннен кейін ғана күшіне енеді. Әзірге біржақты қолдау тапқан күйде, күшіне енбей қалып тұр.

– Ал енді Қазақстанда тұратын түптегі ресейліктердің азаматтықты анықтауға берілген мерзімнің 1995 жылғы желтоқсанның 31-інде бітіп кетуіне байланысты әңгіме қозғап жүрулеріне не себеп?

– 1991 жылдың желтоқсанының 20-сында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Азаматтық туралы» заңды енгізу туралы қаулысы шықты. Оның үшінші тармағында, Заң бойынша, Қазақстан Республикасы территориясында тұрақты тұратын әрбір адам 1992 жылғы наурыздың 1-інен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатыны айқын көрсетілген. Ал кімде-кім азаматтық алуға ойланып-толғанса, оны анықтағанға 2 жыл мерзім уақыт берілді. Егер Қазақстан азаматы болғысы келмесе, ол адам ішкі істер органдарына өтініш жазып түсіреді де, республика азаматы болып саналмайтыны жөнінде анықтама алады. Бұл соншалықты қиын шаруа емес-тұғын. Президент ұсынысымен бұл мерзім екі рет ұзартылды. Сөйтіп, бұл азаматтықты анықтауға бөлінген жалпы мерзім – үш жыл 10 ай болды. Аз уақыт дей алмайды ешкім де. Оның үстіне биылғы желтоқсанның 31-інде азаматтарға жеке басының куәлігі мен төлқұжаттар беру аяқталмақ.

Енді азаматтықты анықтау мерзімі өткен жылғы желтоқсанда тоқтатылғандықтан, байырғы тұрғындардың әрбірі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Азаматтықтан шығу үшін бұдан былай тек заң бойынша әрекет жасайды. Өтінішін, құжаттарын тапсырады. Тек Президент Жарлығымен ғана азаматтықтан шыға алады.

– Тағы бір сауал. Жаңа төлқұжатымызға қатысты пікіріңізді де білгім келеді. Төлқұжатымыз талапқа сай ма?

– Қазақстан азаматтарының жаңа төлқұжаты, негізінен, шетелдерге шығуға лайықталып жасалған. Халықаралық қалыпқа сай төлқұжат. Халықаралық ұйымның (ИКАО) сарабынан өткен. Ал енді оны толтырған кезде «-ов» пен «-ованы», «-ев» пен «-еваны» қалай алып тастау керек дейтін мәселе өзіміздің ішкі шаруамыз. Қиын түйіндері көп болса да, әлі де ақылдасып, оңтайлы шешімге келуге болады деп есептеймін. Ең бастысы – «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп айтқан кезде жүзіміз жарқын, көңіліміз ақ болсын.

– Қазақ Елінің азаматы болудың мәні неде деп ойлайсыз?

– Меніңше, азаматтығыңның болуы белгілі бір міндеттер жүктеп, хұқықтық жеңілдіктер беріп қана қоймайды; сонымен бірге ең бастысы – дүниежүзінің қай қиырында, қай түкпірінде жүрсең де өзіңді қорғайтын, қолдайтын мемлекетің бар екендігіне сенімді бекітеді. Тәуелсіз мемлекетіңнің мәртебесі өсіп, туы биікте тұрсын деп тілек қосасың. Сол үшін күресесің, Өзің соның кішкентай ғана бір бөлшегі екенінді сезінген сәтте кеуденді мақтаныш сезімі кернеуге тиіс. Бұл – солай.

## ТӘКЕН МҰРАСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ

*Қазақтың қара сөзінің хас шеберлерінің бірі, көрнекті жазушы Тәкен Әлімқұловты оқырмандарымыз жақсы біледі. Жуырда Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ өңірінде Т.Әлімқұловты және Т.Тоқбергенов, Б.Батырбекова, А.Сүлейменовтерді еске алу күндері өткізілген, енді бұл мәдени шара Алматыда ұйымдастырылмақ. Осы ретте Т.Әлімқұловтың «Өнер» баспасынан 1988 жылы шыққан «Кертолғау» атты кітабының құрастырушысы, қарындасы Патшайым ПӘРІМБЕКОВАҒА бірнеше сауал қойған едік.*

– Сіз Тәкеннің өмірінен деректі хикаят жазып жүр деп естіген едік. Осы жөнінде мағлұмат берсеңіз...

– Иә, жазушы Тәкен Әлімқұловтың өмірі мен шығармашылығы хақында «Талайлы жан» деген деректі хикаят жазып бітіргенмін. Қолжазба көлемі 17 баспа табақ. Ағам аманат еткен әдеби және эпистолярлық мұралар мен өз көрген-білгендерім негізінде жазылған. Мұнда Тәкеннің жастық шағы Қаратау өңірінің шежірелі тарихымен қат-қабат қарастырылады. Ықылас, Сүгір, Ақан, Шәді төре, Оңлыбай ақын, Әлтай әншімен қатар, Мұхтар, Мағжан, Қасым, Ғабит, Сәбит тәрізді ардақты алаш ұлдары туралы да Тәкен архивінен соны деректер келтіремін. Бір өкініштісі, қолжазбаның кітап болып жарық көруі тым ұзаққа созылып барады. Қаржы-қаражат, қағаз тапшылығы, т.б.

– Сіздің қолыңызда Тәкеннің архивтік дүниелері көп пе?

– Тәкен ағам өзіне аманат етіп тапсырған бір чемодан мен портфелін 1989 жылы наурыздың 11-і күні ашып, не бар, не жоғын тізімдеген едім. Ол мынау: 1-папкада – «Ел намысы», «Түтіннің қырсығы» дейтін екі әңгіме, «Барсакелмес» атты хикая, «Шырғалаң» атты естелік болуы керек еді (Автор тізімде көрсеткенмен, «Ел намысы» мен «Түтіннің қырсығы» папкада жоқ болып шықты). 2-папкада – Тәкеннің өз творчествосына қатысты 23 газет-журналдың қиындысы сақталған; 3-папкада – газет-журналдарға шыққан әңгімелері мен өлеңдері (жалпы саны – 47); 4-5 папкаларда – «Түрлі қажетті деректер», 6-папкада өлеңдер мен поэма; 7-папкада – аударылған өлеңдер; 8-папкада «Қорқыт» поэмасының нобайы; 9-папкада қарасөздер, өлеңдер; 10-папкада – орыс тілінде жазылған рецензиялар; 11-папкада – жарияланған мақала һәм публицистика; 12-папкада – деректер, кітаптар; 13-папкада – қолжазбалар, әдеби естеліктер, «Шырғалаң».

– Тәкеннің қолжазбаларын сізге қалдыруының сыры неде?

– Менің қазақ әдебиетіне қатысым Тәкеннің қарындасы болуым арқылы арта түсетін сияқты. Тәкеннің менен басқа туыстарында, отбасы, бала-шағасында әдебиетшілер жоқ. Бәлкім, сондықтан шығар, Тәкен маған қолжазбалары салынған чемоданын сеніп тапсырған еді, «Кертолғауды» құрастырғанда сол мұраны оқырмандарына ұсындым. Енді соның бәрін Орталық мұражайға өткізбекпін.

«Шалқар»,  
1998 ж.

## ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕК СЫРЫ

*Қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит МҰҚАНОВТЫҢ сүйікті жары Мәриям МҰҚАНОВАМЕН сұхбат*

– Апай, «Жамбылдың жасын берсін!» деген бата сөзді талай рет естісек те, сол жасқа жеткендерді көп көре бермеуші едік. Құдайға шүкір! Міне, Сіз алдағы қыркүйектің 15-інде, бұйыртса, 100-ге толасыз! Сәбеннің 100 жылдық мерейтойын 2000 жылы өзіңіз бастан-аяқ өткердіңіз! Ең алдымен, Сіздің 100-ге толатыныңызды «Алматы ақшамы» газеті жұртқа жариялап жіберді. Енді «Жүз жасқа келуіңізбен!» деген құттықтауларды

естігенде, таң қалмаңыз. Біз де сол қуанышты құттықтаумен қоса, өзіңізді аздап әңгімеге тартсақ, көкейде жүрген кейбір сауалдарға жауап алсақ деп едік...

– Баяғыда біреу: «Быламық ішейін деген асым ба еді, тоқсан көрейін деген жасым ба еді?!» деген екен. Сол айтқандай, «жүзге келдіңіз!» деп жұрт қанша желпілдетсе де, сол жүзге қалай жеткенімді өзім де байқамай қалдым, қарағым. Аллам бұйыртқан екен, енді оған да шүкір...

Жамбыл атаның батасын алғандардың бірі – менмін. Сәбитке еріп, ол кісінің үйінде талай рет қонақта болдық. Өз дастарханымнан да дәм татырып, қолымнан шәй бердім. Сол кезде : «Қарағым, Мәриям, дәміңе рахмет! Менің жасымды берсін!» деген сөзі күні бүгінге дейін құлағымда тұр. Қартайған Жәкемізді қызық көріп, қалжың айтып, күліп отырушы ек. «Күлсең кәріге күл!» деген. «Өттең, екі аяғым! Әйтпесе, анау атқа ырғып мініп кете барар ем!» дегенін естігенде, «мына шалдың дәмесін қарай гөр!» деп талай күлгенбіз. Енді соның бәрі басымызға келіп отыр.

– Апай, сіздің төлқұжатыңызда туған жылыңыз 1909 жыл деп жазылған. Өзіңіз 1910 жылғымын дейсіз? Осы қалай?

– Сәбит екеуіміз қосылған кезде нақты жасым 15-те еді. Совет өкіметінің кәметке толмаған қызды алуға болмайды деген пәрменінен қорқып, Сәбит менің жасымды 16-да деп жаздырып алған. Содан былай барлық құжаттарымда 1909 жыл деп жазылған.

– Биыл 8 наурызда Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов ағамыз алғашқы болып өзіңізді «Жүз жасыңызбен» құттықтаған екен...

– Иә, Әзілханға рахмет! Қанша дегенмен де, ескі көз... Сәбитке деген құрметіне ризамын.

– Апай, Сәбеңнің «Өмір мектебінде» Абылай қажының аты аталады. Сәбең екеуіңіздің қосылуыңызға осы кісі себеп болғанын айтып едіңіз...

– Иә, әуелі Алла, сонан соң Абылай қажы атам. Мен Қожахмет деген кісінің жалғыз қызы едім. 4 жасымда отызға да жетпеген әкем соқырішектен қайтыс болады. Артында аңырап әжем Зейнеп, жас шешем қалды. Содан мені «жалғыздың жалғызы» деп еркелетіп, бетімнен қақпай өсірген ғой.

1926 жылы Орынбордағы оқуын бітіріп, елге келген Сәбитке ағайын-туыс, жанашыр адамдары жар болар қыз қарастырады. Сонда осы Абылай қажы: «Біздің ауылда Зейнеп бәйбішенің Мәриям атты немересі бар. Сәбитке сол қыз лайық» депті. Шешем ол кезде басқа бір кісіге тұрмысқа шығып кеткен. Көңгісі келмеген менің туған-туыстарымды да көндірген осы кісі екен. «Заман – Сәбиттердікі! Қызың бақытты болады!» деп әжемді де жұбатыпты. Ағайындар сол сөзге тоқтапты. Әйтпесе, кім білсін, мені жалаңаяқ жалғызбасты жігітке бермей қоюлары да мүмкін еді...

– Сөйткен Сәбеңмен 47 жыл бірге өмір сүрдіңіздер... Жалпы, Сәбең тұрмыста өте жайлы адам болған сияқты ғой... ?

– Сәбитпен бірге өткен ол жылдар – менің ең бақытты кездерім. Маған еш уақытта даусын көтерген кісі емес. «Мәке, Мәке» деп, өмір бойы еркелетумен ғана өтті. Сәбит отбасының тірлігіне араласқан емес. Тек жазуымен ғана айналысты. Тіпті, қолына ақша да ұстамайтын. Бұдыратып әкеліп береді. Қалғанын өзім жайғастырамын. Жалпы, мінезі өте жұмсақ болатын. Балаларға да зекіп, ұрысқан кісі емес. Ал, менің қаталдығымнан олар ығып тұрушы еді. Сәбит барда ақшадан тарыққан кісі емеспіз. Қалай жұмсасаң да жетеді. Алайда, мен сол балаларды да үлде мен бұлдеге орап қойғаным жоқ.

– Әйел адамдар алтын, бриллиант сырғаға құмар ғой. Ал, сізді құлағына ешуақытта сырға тақпаған дейді. Сол рас па?

– Рас. Құлағымды кішкене кезімде әжем теспекші болған екен. Сөйтсе, әкем мені аяп, жылайды деп, кейінге қалдыртыпты.. Ол кісі қайтыс болған соң, әжем: «әкесінің сөзі еді» деп бұл әңгімені мүлде доғарды. Содан ба, құлақ тесу туралы ойлаған емеспін. Кейін қыздарым, келіндерім «тескізейік, бриллиант тағайық» деп еді, өзім келіспедім. Құлаққа жапсырып қоятын қымбат сырғаларым болды. Клипсі деуші ме еді... Ал, негізінен, мен алқа мен сақина тағуды ұнатушы ем. Сәбит туған күніме, әйелдер мейрамына үнемі

қымбат сақина, алқа сыйлайтын. Жақұт, гауһар, алтын алқаларды тақтым. Сақинаның неше түрі болды ғой. Күні кешеге шейін саусағымнан тастамаушы ем. Кәріліктен бе, саусақтарымның еті қашып, сақиналарды тақпағаным екі жылдай болды...

Қазір осы жұрт сағатты көп тақпайды-ау деймін. Бәрі сығырайып, сотовыйларына қарап жатады. Біздің кезімізде әйелдер үшін алтын сағат тағу дәстүр болатын. Олардың да біразының қызығын көрдік...

– «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» демекші, Сәбеңнің сүйікті асы – ет деген едіңіз бір әңгімеңізде. Сіздің дастарханыңыздан өзіміз де талай дәмді ет жедік. Етті баптап ұстау, сақтау дегендерді сіз кімнен үйрендіңіз? Сәбеңе тым жас қосылдыңыз ғой... Оның үстіне 15 жасқа дейін ұл балаша киініп, еркекшора болып өсіпсіз?

– Сәбит екеуіміз қосылып, 1926 жылы Қызылордаға келгенімізде, мен шынында да бала едім. Тамақ істеуді білмейтінімді байқаған Сәбит үйге бір қызметші орыс әйелін алды. Ол тамақтың түр-түрін пісіріп, үйдің ішін жиыстырып, тыным таппайды. Сәбит күні бойы жұмыста. Менің ішім пысады. Содан өзім құралыптас, менен жасы сәл кіші көршінің қыздарымен қуыршақ ойнаймын. Ойнап отырған жерімде ұйықтап қалады екенмін. Ұйықтап қалған жерімнен Сәбит өзі көтеріп апарып төсекке жатқызады екен. Өзім шілбиген арықпын. Ауылда, кең жайлауда, көк шалғында еркін өскен бала едім, қаланың тымырсық ауасы, тамағы да жақпай, біразға шейін жүдеп жүрдім. Сәбит соның бәрін түсініп, жағдайымды жасауға тырысты ғой. Бертін келе тек қазанға ет салуды ғана емес, тамақтың басқа да түрлерін пісіруді, тұшпара, бәліш, шәк-шәк, көксалат жасауды да меңгере бастадық. Ғабит Мүсіреповтің әйелі Хұсни марқұм тамақтың шебері еді. Татар ғой. Қалада өскен. Оқыған. Біраз дүниені содан көріп, жазып алып, үйде пісіріп үйрендім. Ал, ет баптауды әжем Зейнеп үйретті. Ол кісі 1937 жылы қайтыс болды. Кіші балам Ботажанды көріп кетті. Зейнеп әжем өте ақылды, парасатты адам еді. Әйел де болса, сол кісіден ақыл сұрап, жүгініп келіп отырған талай ауыл адамдарын көрдім. Сәбит те әжемді ерекше сыйлайтын.

– «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, күні бүгінге дейін сіз өзіңізді бірқалыпта ұстап келе жатырсыз. Көп нәрсені ұмытпағансыз, жақсы естисіз, жақсы көресіз. Осының сыры неде?

– Бұл алдымен бір Алланың сыйы болар. Денсаулыққа да байланысты. Жас кезімнен тамақты талғап ішіп, ас атаулыға құныққан емеспін. Үнемі қимыл-қозғалыста болдым. Өкіметтің жұмысын істемесем де, ерте тұрып, елдің соңында жаттым. Аз ұйықтадым. Ұдайы сергек жүрдім. Бала тәрбиесі, үй шаруасы, қонақ күту – бәрі де өз мойнымда болды. Сәбитті соның ешқайсысына араластырмайын дедім. Адамның есте ұстау қабілеті жас ұлғайған сайын нашарлайды. Соны болдырмас үшін, қыздарым әртүрлі жадыны жақсартатын дәрумендерді әкеліп беріп жүреді. Әлі күнге шейін теледидарды көзілдіріксіз көремін, «Қазақ радиосын» күнделікті тыңдаймын. Телефонмен сөйлескен адамның даусын да жақсы естимін. Біреулер кәрі адам ғой, нашар еститін шығар деп, айқайлап сөйлесетіндері бар. Оларға ақырын сөйлеп, жауап қатам. «Менің айқайлағаным әбес болды-ау, мына кісінің құлағы тәуір естиді екен ғой» дейтін шығар соңынан ...

– Сәбең 1926-1928 жылдары «Сұлушаш» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелгенде Сұлушаш бейнесін Сізге қарап сипаттаған деседі жұрт.

– Кім білсін, әйтеуір «Сұлушашты» жазып отырып, бірнеше рет шақырып алып, «Мәриям, шашыңды жайып жіберші! Көрейін» дегені бар. Өйткені, шашым өте ұзын еді. «Мәриям, шашыңды қиюшы болма» деп Сәбит қызғыштай қорып өтті.

– Сәбең сізді қызғанушы ма еді?... Әдемі әрі жассыз дегендей...

– Қызғанбаушы ма еді!? Қызғанады ғой. Бірақ оны сыртқа шығарып көрген емес. Менің мінезім, бала кезімнен еркекшора, жалғыз өскендіктен бе, адуындау болды. Анау-мынау адам маған орынсыз қалжыңдап, жеңіл ойын-күлкі көрсеткен емес. Оның үстіне Сәбиттің де беделі зор. Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов сияқты құрдастарының бетін өзім-ақ қайтарып тастаймын. Олар маған батпайтын. «Бұл пәлеге жоламаңдар» деп маңайларына ескертіп отыратын. Оның себебі бар. Жас кезіміз. Жаңа жылдың түнінде бір



топ жазушылар әйелдерімен бір үйде қонақта болдық. Түннің бір уағында сыртқа шықсақ, жер дүние аппақ. Тобықтан келер қар жауып тастаған. Қонақтан көңілді шыққан Ғабиден, Ғабит, Тайыр Жароков т.б. өңкей желігіп алған жігіттер: «мына келіншектерді қарға аунатайық» деп әйелдерге тарпа бас салды емес пе. Алыса-жұлыса кеттік. Әжептәуір қарулы да едім. Бір кезде алдымнан Ғабиден шыға келді. Ұмтыла берген оның сол қолынан шап беріп ұстағанымда, қолыма бас бармағы іліге кетті. Ойланбастан бұрап кеп жібердім. Ғабиденнің жан даусы шықты. Сөйтсем, бармағын шығарып жіберіппін. Сәбит қысылып: «Мәриям, байқамадың ба?» деп қалды. «Сол керек. Маған жолап несі бар» деп мен де қоймаймын. Кейін Ғабиденнің сол бас бармағы шор болып, қисайып бітті. «Міне, көрдіңдер ме? Мынау – Мәриямның ісі. Бұған жолай көрмеңдер!» деп, жұртты күлдіріп отыратын.

Бір жылы қымбат қызыл шифоннан көйлек тіктіріп, қонаққа киіп баруға жиналдым. Мұны көрген Сәбиттің қабағы түсіп, ұнатпай қалды. Ақыры, сол көйлектен құтылуға тырысып, ауылдан келген абысынымның біреуіне кигізіп жібердім. Қызыл киген адам көзге түседі. Жұрт назары ауа береді. Сәбиттің мені қызғанғанын түсіндім. Содан былай қызыл көйлек киген емеспін.

– Өзіңіз ше? Ол кісіні қызғанушы ма едіңіз? Қызғанышыңызды қалай басушы едіңіз? Сәбең саяхаттарда, шығармашылық сапарларда көп жүрді ғой.

– Әрине, қызғанамын. Сәбиттей адамды қызғанбау мүмкін емес. Жұрттың бәрін әңгімесіне ұйытып, өзіне үйіріп отыратын Сәбитке қыз-келіншектердің де көзі түспеді деймісің. Бірақ, Сәбит көңіліме жаман, күдікті ой ұялатып көрген емес. Қайда барса да қасынан тастамай, ертіп жүрді. Курортқа менсіз барып көрген емес. «Мына тұрған Мәскеуге өзің-ақ бара берсеңші» десем де, болмай алып кететін. 1956 жылы Қытайға барғанда ғана үйде қалдым. Шақырту тек Сәбитке ғана болды. Әйтпесе, мені де ерте кететін еді. Баруын барса да, екі күннің бірінде үйге телефон шалады. Ақшаңды үнемде десең де болмайды. «Үйге алаңдаумен жүрдім» дейді. Жалпы, бір-бірімізге қадірлі болдық. Көңіл қалатындай қатты сөз айтыспадық қой. Содан да болар, Сәбит өмірден кеткелі 36 жыл болса да, әлі күнге шейін сағынамын, есімнен еш уақытта шыққан емес.

– Төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірдіңіз. Балаларыңыздың бәрі орысша оқыпты. Ал, біздің білуімізше, Алматыдағы тұңғыш қазақ балабақшасын ашуға Сәбит Мұқанов көп ықпал жасады дегенді замандастары айтады. Сол кездегі қазақ зиялылары сияқты Сәбең де шарасыз халде қалған-ау, шамасы...

Баларыңыздың ішінде Сәбеңнің жолын қуғандары, мұратын ұстанғандары жөнінде айтсаңыз.

– Сәбит тумысынан жалғыз, апа-қарындастары жастайынан шетіней берген. Атамыз Мұқан мен енеміз Балсары жалғыз ұлға зар болып жүргенде көрген баласы ғой. Содан да болар, Сәбит өте балажан еді. Арыстан, Марат, Алтай, Ботажан, екі қыз – Баян мен Жанна да әкелерінің алақанында өсті. Беттерінен қақпады. Бірақ, заманның соққан желіне біз де қарсы тұра алмадық па, бәрі орыс мектебінде оқыды. Мәскеуде, Ленинградта т.б. Ол кезде орысша оқымаған адам дүниеден құр қалады деп ойлайтын бәрі. Бірақ, балаларымыз мүлде орыс боп кеткен жоқ. Үйде қазақша, сыртта орысша сөйледі. Әр қайсысы әр түрлі мамандықты игерді.

Үлкеніміз Арыстаннан кейінгі әкесіне жақындауы Марат болды. «Тентек те болса, осыдан бірдеме шығады» деп отырушы еді Сәбит. Шынында да, Марат әкесінің жолын қуып, қолына қалам ұстады, тарихпен, этнографиямен шұғылданды. Қазақ халқының дәстүрін, салтын, шежіресін, киіз үйін, ішкен тамағына шейін зерттеп, кітаптар жазды. Ғылым докторы болды. Әкесімен көп әңгімелесетін. Ескі қазақ ауылындағы салт-дәстүрлер туралы сұрағыштап, қағазына жазып алып отыратын. Мараттың «Қазақтың киіз үйі» атты кітабы қазір көптеген шетел тілдеріне аударылды дейді.

Әкесінің соңында қалған мұрасын түп-түгел есепке алып, тізбесін жасап, музейге өткізерде Мараттың көп көмегі тиді...

– Апай, өздеріңіз 1965-1973 жылдары тұрған үйді музейге айналдыру туралы ой Сізге қалай келді? Кім көмектесті?

– Сәбит 73 жасында дүниеден өтті ғой. Содан соң көп ойландым. Балалардың бәрі жеке-жеке үй болып, өз түтіндерін түтетіп отыр. Келімді-кетімді кісілер де азайды. Осы үйді музейге берсем деген ойымды ең алғаш құдам Ғабитке айтып ем, ол «...қайтесің, жылы ұяңда отыра бермейсің бе?!» –

деген сыңай танытты. Оған да көңілім көншімеді. Дағарадай алты бөлмелі үйде жалғыз өзім не істеймін?!. Содан Қонаевтың қабылдауына өтініш жасадым. Күн белгіледі. Тілегімді айтып ем, қабыл алды. Содан соң өз жеке киім-кешегімнен басқа заттардың бәрін музейге қалдырып, жаныма немеремді алып, бөлек шықтым.

Ал музейдің ашылуына Қазақ елін ұзақ жылдар басқарған Дінмұхамед Қонаевтың, Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібековтің, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің, музейдің алғашқы директоры Хакім Бекішевтің, т.б. көп көмегі тигенін айтқым келеді.

– Апай, Сәбеңнің жеке кітапханасының – бай кітапхана екендігін келіп көрушілер жиі айтады. Аса сирек басылым – Брокгауз бен Ефронның 86 томдық энциклопедиялық сөздігінің өзі көздің жауын алып тұр. Мына төрт мыңнан аса кітаптар мен қолжазбалар қалай жиналғанына бірден-бір куәгер адам өзіңіз...

– Мәскеуге барсақ та, Тәшкенге барсақ та, тіпті, Қызылжарға жолымыз түскенде де Сәбит ең алдымен кітап дүкендеріне бас сұғатын. Онымен бірге мен де жүремін. Алған кітаптары көбейіп, ең соңында, екі жақтап кітап арқалап қайтамыз. Өмір бойы кітап оқыды, кітап жазды және кітап жинады. Мен білетін Сәбит сол! Мен оның жиған кітаптарын шашау шығармай, сақтауға тырыстым. Музейге өткізгенше, қолды болып кетпесе екен деп, уайым шектім. Осы кітаптардың әр қайсысының беттерінде Сәбиттің қаламының ізі бар. Астын сызып оқитын еді, жарықтық, кітапты. Кейде қызыл, кейде көк, кейде қара қарындашпен қалдырған жазулары кітап беттерінде сайрап жатыр. Сондықтан да маған бұл кітаптар аса қымбат көрінеді.

– Апай, бір күні Қызылордадан бір әйел хабарласты. Екі қабатты ескі үйде тұрамыз дейді. Үйдің қабырғасында «Бұл үйде 1928 жылы Сәбит Мұқанов тұрған» деген такта бар екен. Сол үй жадыңызда бар ма?

– Ой, Алла, үй әлі тұр ма екен?! Сексен жылдан асыпты-ау! Қалай құлап қалмады екен, ә?! Есімде... бәрі есімде... Қызылжардан Қызылордаға көшіп келген соң аз уақыт пәтерде тұрдық та, содан соң өзіміз отау тіккен жеке үйіміз ғой! Иә, екі қабатты сары үй еді... сол үйде Сәкен, Бейімбет ағаларым қолымнан дәм татып еді. Өтіп бара жатқан уақыт-ай! Шіркін, барып, сыртынан сол үйге бір қарасам ғой... Қайран, дүние...

– Сәкен Сейфуллин мен Сәбең ағалы-інілі, мұраттас, мақсаттас, идеялас адамдар болды ғой. Сәкеннің жары Гүлбаһрам мен сіздің 1933 жылы қатар тұрып түскен фотосуреттеріңіз сақталып қалыпты...

– Иә, бұл суретке Мәскеуде, Гүлбаһрам Цветметзолото институтының жұмысшы факультетіне оқуға келгенде түскенбіз. Гүлбаһраммен өмір бойы сыйласып өттік. Сәкеннен айрылған соң бізді арқа тұтты. Қиындыққа қайыспайтын, өр мінезді әйел еді, жарықтық. Бір күні, осы музейге айналған үйде тұратынбыз, біреудің есік алдында әлдене деп айғайлаған дауысын естіп, сыртқа шықсам, Гүлбаһрам келіп тұр екен: – «Мынау не, есігіңнің алды көк мұз. Ойып, тазалап қоймайсың ба? Сәкеннің әйелі Сәбиттің үйінің алдында мұзға тайып жығылып, басын жарып, көшеде өліпті деген атқа қалдырайын деп пе ең?» – дейді бұрқан-тарқан ашуланып. Мен күліп: «Күлеке-ау, келе жатырмын деп, телефон шалғаныңда аяғыңның астына кілем төсеп қоятын едім ғой!» – дегенімде, ол да жадырап, күліп, екеуміз есіктің алдында құшақтасып амандасқан едік. Сыйлас көңіл, сондай...

– Былтыр Ташкентте жол түсіп, Сәбеңнің 35 жыл дәмдес-тұздас болған досы Ғафур Ғұламның музей-үйіне арнайы бардым. Қызы Алмаз басқарады екен. Сізге көп-көп сәлем айтқан болатын. Музейде Сәбеңнің Ғафурға сыйлаған қазақы ұлттық шапаны арнайы жәдігерлік ретінде экспозицияда тұр екен... Суретке түсіріп алдым...

– Өзбек Ғафур Ғұламмен достығы ерекше еді. Түннің бір уағында телефон шырылдаса, «Бұл – Ғафур!» деп атып тұратын. Екеуі ұзақ сөйлесетін. Жиі жолығысатын. Сондағы әңгімелерінің арқауы – әдебиет, жазу өнері, ел бірлігі. Жан досының қазасы ауыр тиді: «Енді маған Ғафурдай дос қайда?!» деп отыратын. Сәбиттің достары көп еді ғой. Ғафурмен достығы бөлек еді... Үйін музейге айналдыруға қызы көп еңбек сіңірді деп естимін. Онысы дұрыс болған екен...

– Апай, заман көп өзгерді ғой. Алаш арыстары ортамызға қайтып оралды. Мұражай қорын Сәбеңнің жеке мұрағатында ұзақ жылдар бойы жабық сақталған Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың т.б. кітаптары толықтырды. Соның бәрін жұртқа көрсетпей, тығып ұстау да оңайға түспеген болар?..

– Сәбит олардың кітаптарын шүберекке орап, жазу столының ең төменгі тартпасында ұстады. Кейде, оңашада, өзімен-өзі отырып, ескі кітаптарды ақтарыстыратынын байқайтынмын. «Мәриям, бұл кітаптарды ешкімге көрсетпе, ешкімге берме!» деп талай айтты. Кейін алашордалықтар да ақталды деген соң жарыққа шығардық қой. Бұлар – аманат арқалаған кітаптар. Жұрт не десе, о десін, Сәбит те солар сияқты елін, халқын, ұлтын, сүйіп өтті! Соған қалтқысыз қызмет етті. Заман ыңғайына жығылса, жығылған шығар. Кім жығылмады заман ыңғайына? Қазір де бәрі заманының сөзін сөйлегісі келеді....

– Сәбең өмірінің соңында «Қазақ қауымы» дейтін ұлт мүддесіне қызмет ететін сүбелі еңбек жазды. «Аққан жұлдызды» аяқтай алмай кетті. Музейде Шоқанның бәкісі тұр...

– Е, иә... Музей 1978 жылы ашылды ғой. Бір күні Шота (қазір Шот-Аман. Ә.Қ.) Уәлиханов келді. Қолында осы Шоқанның бәкісі, Мақының түймелері бар... «Сәбең Шоқанды ұзақ жылдар бойы зерттеді. Көлемді дүние жазуды жоспарлады. «Аққан жұлдыздың» екі кітабын да халық ықыласпен қабылдады... Мынау бәкі – Шоқанның жеке мүлкі. Бабамыздың көзіндей... Сәбеңнің музейінде тұрса деген тілекпен әкелдім. Қабыл алыңыздар!» – деді. Сонымен сол бәкі тұр музейлерінде...

– Апай, сіз адамды бір көргеннен танысыз ба?

– Негізі, адамды бір көргеннен танымын. Киіміне, жүріс-тұрысына да қарайсың ғой, дегенмен, адамның кім екендігін көзі айтып тұрады. Сәбит біреулердің ант-су ішіп берген уәде сөздеріне қатты сенетін, кейде алданып та қалады. Мен сөзге сенбеймін, ал көзге сенемін!..

– Ырымшылсыз ба?

– Қатты ырымшылмын дей алмаймын. Дегенмен, әжемнің тізесінде отырып, жаңа туған Айға қарап: «Ай көрдім, аман көрдім. Жаңа Айда жарылқа, ескі айда есірке!» – деп бет сипарым бар. Үйге келген қонақ қайтарда есік ашпаймын. Кірерде есікті өзім немесе немерелерім ашады ғой, ал қонақ шығарда есікті өзі ашып шығуы керек! Бұл да бала күннен қанға сіңген дағды, әдет, ырым болса керек. Қонағыңа «ал, кете бер!» деп есік ашып тұрғаның ыңғайсыз емес пе?! Қазақ мұны да «күт, берекеге шығатын есікті өзің ашпа!» деп ырымдаса керек...

– Сіздің қолыңызда Сәбеңнің Араб елдерінің біріне барғанда алып келген жайнамаз сақтаулы. «Музейге тапсырам» дегенсіз... Осы «Сәбең Құран сүрелерін жатқа оқитын» дегенді әрегідік естеліктерден оқып қаламыз... Жеке кітап қорынан «Құран» да табылды...

– Е, Сәбит өзі «Өмір мектебінде» ауыл молдасынан оқығанын, сауат ашқанын, «Молда бала» атанғанын жазады ғой. Құранды да сол жас кезінде жаттаса керек. Кейін балшабек болып жүргенде жұрт көзінше оқуға қаймығатын... Бірақ, кейбір қысылтаяң сәттерде шала молдаларды ұялттып, Құран сүрелерін заулата жөнелгеніне өзім де талай куә болдым. Жарықтық, Жамбыл ауруханада әл үстінде жатқанда: «Нұр жауған «Балуан Шолағым», мен жүріп кеткенде алдымен өзің дұға оқы! Молда шақыртып жаназамды шығарт!» деп өсиет айтқан екен. Сәбит Жәкеңнің айтқанын бұлжытпай орындаған. Одан

бұрынырақ, сол Жәкеңмен бірге жайлауда, оңаша үйде, қымыз ішіп, әңгіме соғып бірнеше күн қасында болғаны бар. Содан келгенде маған сыбырлап «Жәкеңмен бірге бес уақ намазға жығылдым!» деген еді. Жүрек түкпірінде Жаратқанның барына, Алланың хақ екендігіне белгісіз бір түйсікпен сенген болар, сірә...

– Сәбең тұңғыш романы «Адасқандарды» 1928 жылы 28 күнде жазып шыққан деген дерек бар...

– «Адасқандарды» оқиғаның ізі суымай жатып-ақ жазғаны есімде. Сұлтанбектің (Бүркіт) сотында қоғамдық айыптаушы болып қатысты, мән-жайға толық қанықты, Сұлтанбектің күнделігін де іске жаратты, Мұстафаны (Мүсәпір) газет қызметкері ретінде біледі, Бәтимамен (Бәтес) сөйлесті – әйтеуір қажет материалдарын да тез жинады, содан соң ыстық-суығы басылмай тұрған оқиғаны бірнеше апта бас көтермей жазып шыққаны есімде. «Адасқандар» кейін «Мөлдір махаббат» болып шықты ғой. Бірақ, көнекөз қариялар «Адасқандарды» көп іздейтін. Ақыры, 100 жылдық тойы қарсаңында «Елорда» баспасынан қайта басылып шықты ғой...

– Сәбеңе киімді де өзіңіз таңдап алып береді екенсіз. Тіпті, қалтасына ақша да салмайды дедіңіз бірде. Соның бәрі тіршіліктің уақ-түйегіне назар аудармайын дегендіктен шығар...

– Сәбит үй шаруасына көңіл бөлмегені сияқты, үстіндегі киіміне де көп назар аудармайтын. Таза болса болды, киіп жүре беретін. Зор денелі кісі болғандықтан, дүкендегі кез-келген киім бойына қона кетпейді. Сондықтан, көбінесе костюм-шалбарларын арнайы тапсырыспен ательеде тіктіретінмін. Кейде бір көйлек немесе аяқ киім алып келіп кигізгенімде: «Мәриям, мынау маған шап-шақ екен. Осы сен менің размерімді қайдан білесің?» деп маз-мәйрам болатын. Ақша санауды білмейтін. Оның қаншасы қайда жұмсалғанын есептеп жатпайтын. Содан да болар, айлығын маған әкеп береді де, керек кезінде қажет мөлшерде ғана сұрап алып жүреді. «Артық ақша қалтаңда жүрсін, керегі болып қалады!» десем де алмайтын. Бір жағы қасында мен жүрген соң алаңдамайтын болар...

– Апай, XX ғасырдағы ақыл-ойдың алыптары Алексей Толстой, Михаил Шолохов, Александр Затаевич, Ғафур Ғұлам, т.б. Сәбеңе құрмет белгісі ретінде кітаптарын қолтаңбаларымен сыйлаған екен. Солар үйлеріңізде болып, өзіңіздің қолыңыздан дәм татқанын да айтқансыз. Алексей Толстой сізбен суретке түсіпті ғой... Сол сурет қайда?..

– Соғыс жылдарында Мәскеуден, Ленинградтан эвакуациямен келген көптеген зиялы қауым өкілдері Алматыны сағалаған ғой. Бірде Алексей Толстойды әйелімен үйге қонаққа шақырдық. Сәбит бәйек болып, қонақтарды күтіп алды. Маған Алексейді «Орыстың үлкен жазушысы, Бірінші Петр патша туралы кітап жазған» деп түсіндіреді. Алдына қойдың басын қойып, қазақы салт-дәстүрмен күттік. Олар қатты риза болды. Дәл кетерде, кім екені есімде жоқ, фотограф жігітті шақырып суретке түстік. Сонда Алексей менің тілерсегіме түскен ұзын шашымды қызықтап, Сәбиттен рұқсат сұрап, менімен суретке түсті. Суретке түсерде менің ұзын шашымды мойнына шарф сияқты орап алды... Оған қарап тұрғандардың бәрі күлісіп, маз болдық. Сол сурет бертінге дейін сақталған. Кейін жоғалтып алдым... Жақсы сурет еді... Бір жерден шығып қалар, бәлкім...

– Халыққа танымал бола бастаған «Жұлдыздар отбасы» журналының оқырмандарына, жалпы әдебиет пен өнерді сүйетін, ұлттық құндылықтарымызды қадірлейтін ұрпаққа нендей тілек айтасыз?

– Ең бірінші айтарым, өткенге топырақ шашпай, бүгінгі асылдарымыздың қадірін түсірмей, ертеңгі ұрпақтың қамын ойлап, өмір сүру керек. Біз өткен ғасырда аштықты да, соғысты да, репрессияны да көрдік қой. Жоғалтқанымыз қаншама... Енді елдің басына сондай нәубет түспесін. Барлық қиындықтан Елбасымыз алып өтетініне мен сенемін. Дағдарыстан да шығармыз. Тыныштық болсын! Ауызбіршілік болсын! Қазақ аман болсын!

– Әңгімеңізге рахмет! Өзіңіз де аман болыңыз!

